

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«ӨРЛЕУ» БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ» АҚ ФИЛИАЛЫ
АТЫРАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ
БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ ИНСТИТУТЫ



**«Ұлттық құндылықтар негізінде білім
беру әдіснамасын жаңарту»
республикалық ғылыми-практикалық
конференция жинағы**

Атырау, 2020

ӘОЖ 37.0
КБЖ 74.00
747

М.А.Ғалымжанова—п.ғ.к., профессор, Халықаралық Ақпараттандыру Академиясының Академигі, «Өрлеу»БАҰО» АҚ филиалы Атырау облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының директоры.

Э.А.Торбекова—магистр,«Өрлеу»БАҰО» АҚ филиалы Атырау облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты «Білім беру процесін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу» кафедрасының меңгерушісі,

Жалпы редакциясын басқарған: Ғалымжанова М.А.—педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, академик

Редакциялық алқа мүшелері: Әлім Г.Ә., Ханалиева К.А., Ермагамбетова А.К., Қаленова Г.С. —магистр

Ұлттық құндылықтар негізінде білім беру әдіснамасын жаңарту: тақырыбындағы республикалық ғылыми-практикалық on-line конференция жинағы/ құраст. Г.С.Қаленова,-Атырау, 2020,- 510 б

ISBN 978-601-7914-88-2

«Өрлеу»БАҰО»АҚ филиалы Атырау облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының Сараптау кеңесінің шешімімен ұсынылды (хаттама №5,20.10.2020ж.)

Жинаққа еліміздің жоғары оқу орындарының оқытушылары, мектепке дейінгі мекеме, жалпы орта білім және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтарының, сонымен қатар «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалдарының профессорлық-оқытушылық құрамы мен қызметкерлерінің іс-тәжірибесі енгізілген.

Жинақ үздіксіз білім беру жүйесінің қызметкерлеріне және көпшілік оқырманға арналған.

Барлық материалдар авторлар ұсынған нұсқада жарияланған.

ISBN 978-601-7914-88-2

©«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы
Атырау облысы бойынша ПҚБАИ,2020

АЛҒЫСӨЗ

ҒАЛЫМЖАНОВА МАРЖАН АНЕСҚЫЗЫ

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы

Атырау облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін

арттыру институтының директоры,

педагогика ғылымдарының кандидаты,

Халықаралық академиясының академигі, профессор

«Өрлеу»біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының филиалы Атырау облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты «Білім беру процесін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу» кафедрасының ұйымдастырған «Ұлттық құндылықтар негізінде білім беру әдіснамасын жаңарту» тақырыбындағы республикалық ғылыми-тәжірибелік online конференциясын жұмысына қатысқандарыңыз үшін алғыс білдіреміз.

Әрбір халықтың, әрбір ұлттың өз мәдениеті, тұрмыс тіршілігі, салт-санасы, әдет-ғұрпы, дәстүрі, тәрбиелеу тәсілі болатынын білгілі.

Әр халықтың ұрпақ тәрбиелеудегі сан ғасырларға созылған өзіндік тарихи тағылымы, ой-пікір қорытындылар түйіні бар. Ал ол жазу-сызудан, оқу құралынан, ауыз әдебиетінен, ұлттық өнер тағылымынан, халықтың дәстүрі мен әдет-ғұрпынан, бір сөзбен айтқанда мәдени мұраларынан өзекті орын алып, көрініс береді. Өткеннің бай рухани мұрасын тал бойына дарытқан озық өнегелі дәстүрсіз, ұрпақтар сабақтастығынсыз тарихи процесті елестету мүмкін емес.

Халық тәрбиесі—ғасырлар бойы сараланып сан сыннан өткен, сол халықтың ой-арманымен, тіршілік тынысымен, шаруашылық кәсібімен, ұлттық тәлім-тәрбие, дәстүрімен тығыз байланыста туып, өсіп-өркендеп, дамып және ұрпақтан ұрпаққа жалғасып жеткен тарихи және мәдени мұрасы.

Күмбірлеген күміс күйімен, сыбызғы, сырнай үнімен асқақтата салған әсем сазды әнімен де ата-бабаларымыз өзінің рухани жан дүниесінің мұң шерін, асқақ арманын келер ұрпақтың зердесіне жеткізіп көкірегіне ұялатқанын ұмытуға болмайды. Еліміздің ежелден дәріптеп, қастерлеп келген рухани-мәдени мұрасының тегін тектеу, болмысын тану, оның асылын тарихтың рухани көш-керуеніне ілестіріп отыру арқылы бүгінгі және болашақ ұрпақ қамын қамдау өскелең өмір талабы болып отыр. Әрбір халық «өз тарихын, философиясын мейлінше және оған белгілі бір көзқараста болмайынша ешқандай мәдениеттің дамуы мүмкін емес». Ұлттық тәрбиенің ұлттық құндылықтардан нәр алатын адамгершілік ұстанымдары мәдени құндылық ретінде ғасырлар қойнауынан нәр алып, мәдениет біткенмен тепе-тең, өзіне байыта, астаса түскен үндестігі, бірлігі, түптеп келгенде, адамдықтың, руханилық пен имандылықтың негізі ретінде мәдениет кеңістігіне жетелеп отырады.

Бүгінгі ұйымдастырылып отырған «Ұлттық құндылықтар негізінде білім беру әдіснамасын жаңарту» тақырыбындағы республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция осынау талап деңгейінен шығу мақсатында өткізілгелі отыр.

Жалпы конференция Қазақстан халқының ұлттық мәдениеті мен құндылықтарын жаңа заман талабына сай насихаттауға бағытталған озық педагогикалық идеяларды іздеу, республикалық деңгейде тиімді және өзекті инновациялық тәжірибені тарату арқылы педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында ұйымдастырылып отыр.

Жоғары оқу орындарының оқытушы-ғалымдары мен қызметкерлері, «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалдарының профессорлық-оқытушылық құрамы мен қызметкерлері, кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдарының, орта білім беру, мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің қызметкерлері қатысып отырған конференция жұмысына барлығы 140 жұмыс түсті.

Конференция мектепке дейінгі ұйымдарындағы білім беру жаңа мазмұны мен технологиялар арқылы ұлттық құндылықтар негізінде оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық-психологиялық аспектілері, білім берудің жаңаруы жағдайындағы ұлттық құндылықтар әдіснамасы, орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында ұлттық құндылықтар арқылы оқушыларды дамыту жолдары және техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі ұлттық құндылықтарды оқу үдерісінде ұйымдастырудың заманауи тәсілдері бағыттары бойынша жүргізілмек.

Конференция жұмысына сәттілік тілеймін.

ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІ – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР БАСТАУЫ

АБДРАХМАНОВА ГУЛЖАХАН ДАУЛБАЕВНА

Ақтөбе облысы

Ойыл ауданы

«Балдырған» МКҚК тәрбиешісі

Өткеннің өнегесі – бүгіннің баға жетпес байлығы

Н.Ә.Назарбаев

Елімізде білім мен ғылымды дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламаның басты мақсаты-жеке бастың қалыптасуы, оның рухани жағынан дамуы бала кезден бастау алады. Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту [1]. Әлемдегі барша халықтың өкілдері-өз бойындағы барлық асыл қасиеттері мен құндылықтарын өскелең ұрпағының санасына сіңіруді ғұмыр бойына мақсат етіп келеді.

«Біздің заманымыз - өткен заманның баласы, келер заманның атасы» - деп, А.Байтұрсынов айтқандай, өскелең ұрпақ тәрбиелеуде аянбай еңбек етіп, әлі де болса кәсіби шындалып, алар асуларым алда деп білемін [2]. Ендеше, бүгінгі білім мен білік бәсекелес, тез өзгеретін әлемде тез бейімделетін заманда ұландарымыздың биіктен көрінуіне күнделікті ісіміздегі жаңашылдығымыз арқылы, жан-жақты берген тәрбиеміз арқылы қол жеткіземіз.

Қазіргі отбасы тәрбиесіндегі басты нысана баламен рухани үндестік пен үйлесімділікке ұмтылу, ата-баба мұрасын сақтауға ұмтылу, халықтың тәлімдік мұрасын сақтауға көңіл бөлу, туыстық, отбасылық қатынастарды бала кезінен қалыптастыру. Адам қарым-қатынас арқылы айналасындағы дүние жайлы мәлімет алады, еңбек пен тұрмыс дағдыларына машықтанады, адамзат жасап шығарған түрлі құндылықтарды меңгереді. Әрине, қарым-қатынас ақпарат алумен ғана шектелмейді, оның шебері аса кең, көп қырлы.

Адам қоғамнан тыс өмір сүре алмайды. Өйткені оның психикасы тек айналасындағылармен қарым-қатынас жасау процесінде ғана қалыптасады. Кез-келген адам дүниеге келісімен екінші бір адаммен қарым-қатынасқа түсуді қажетсінеді. Мәселен, нәрестенің анасымен «тілдесу» қажетін қанағаттандырмау – біртіндеп оның қатаң сезімді, мейірімсіз болып өсуіне, кішкентайынан айналасына деген сезімнің азаюына әкеліп соқтыратыны байқалып жүр [3]. Сөйтіп, басқалармен қарым-қатынасқа түсу–қай жастағыларға болмасын, оған киім-кешек, баспана қалай қажет болса, айналадағы жұртпен араласып, дұрыс қарым-қатынас жасай білу де сондай қажет. Мәселен, адамды қамап, басқалармен араластырмай ұстау – жазаның ең ауыр түрі екендігіне шүбә келтіруге болмайды. Өзгелермен қарым-қатынас жасау-бұл тіршілікке аса маңызды ақпарат алмасу деген сөз.

Ата–бабамыз ұрпағын қайырымды жұртқа қамқор болуға, кемтарларға әрдайым көз қиығын салып, қол ұшын беруге баулыған. Ата – анасының алдында перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеген. Баланы жеті атасын білуге, салт–дәстүрін, әдет-ғұрпын сақтауға үйреткен.

Ұлттық тәрбиенің негізі балаға ананың сүтімен, ана тілімен, бесік жырының әлдиімен беріледі. Ал балабақшада балаға әрбір бүлдіршіннің тілге, ілім–білімге деген жеке дара бейімділігі мен қызығушылығын дамыта отырып, ойлау қабілеттері мен танымдық қажеттіліктерін қалыптастырады. Бірін–бірі қос өзеннің сағасындай толықтырады десе де болғандай. Тәлімгерліктің бұлақ көзі де, тәрбиенің барып құяр арнасы да мектепке дейінгі мекеме - балабақшалар екені белгілі.

Отбасындағы тәрбиенің тиімді болуы ондағы қарым-қатынас түрлерінің орнығуына байланысты. Отбасында түрлі қарым-қатынастар орын алады.

- ынтымақтастық қарым-қатынас, яғни отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынасы түсіністік пен көмекке бағытталған;
- ортақ мүддеге негізделген бірінғай қарым-қатынас;
- өзара жетістікке жетуді көздеген қарым-қатынас;
- бәсекелестік, яғни барлық жағдайда өзінің бәсекеде ұтуын көздеген қарым-қатынас;
- түрлі себептермен туындаған отбасындағы қайшылықты қарым-қатынас [4].

Әр отбасында жоғарыдағыдай түрлі қарым-қатынастың орнығуынан баланың жеке тұлғалық қасиеті қалыптасады. Кейбір отбасында отбасы мүшелерін бетімен жіберіп жатады. Мұндай жағдайда ешқандай қарым-қатынас болмайды. Ал кейбір отбасында бедел орын алған қарым-қатынас орнайды. Оның өзіндік ерекшеліктері бар, онда біреудің басқаларға басымдылық танытуы, бұйыруы баланың тұлғалық қасиетінің дамуына жағымсыз ықпал етеді. Қазіргі кезде заман ағымына қарай, отбасында демократиялық қарым-қатынасқа ұмтылушылық бар, яғни әр отбасы мүшесі тең құқықты қарым-қатынасты орнатуды көздейді.

«Ата-ана–бала» жұбындағы кез келген қарым-қатынас түрінің тәрбиелік маңызы бар. Тұлғаны қалыптастырудың маңызды факторы бола отырып, қарым-қатынас үлкен педагогикалық мүмкіндіктерге ие. Тәрбие мақсатына жету үшін ата-аналар әр түрлі әсерлерге жүгінеді: мадақтау және жазалау. Балаларды саналы түрде мадақтау нәтижесінде баланың тұлға ретінде дамуын жеделдетуге болады. Егерде жазалау қажеттілігі туындаса, онда оны тек қана қажетті жағдайда ғана қолдану керек. Өте қатал жаза нәтижесінде балада қорқыныш немесе өшпенділік болуы мүмкін. Кез келген физикалық әсер нәтижесінде балада өзіне ұнамаған жағдайды күшпен шешуге болады деген ұстанымды туындатады.

Өзіндік бағалауы жоғары жағдайда да адекватсыздық байқалады. Бұл баласын көп мақтап, кішкентай жетістіктері үшін де сыйлық беретін отбасында да кездеседі. Жоғары, бірақ шамадан тыс өзіндік бағалауы жоқ

отбасында балаларға бағытталған көңіл бөлушілік қажетті деңгейдегі талапшылдықпен сәйкес келеді.Өзіндік бағалауы төмен балаларға отбасында шамадан тыс еркіндік ұсынылады, алайда бұл еркіндік ата-ана мен бала арасындағы қатынас бұзылуы нәтижесіндегі бақылаусыздық болып табылады.

Мұндай жағдай ата-аналар тым жоғары талап қойғанда да туындайды. Үрей мен оған байланысты төмен өзіндік бағалаудың өсуі нәтижесінде баланың танымдық жетістіктері төмендеп, сәтсіздік сезімі беки түседі. Өзіне деген сенімсіздік нәтижесінде келесідей ерекшеліктер де туындайды. Ересектердің нұсқауын орындау, үлгі бойынша ғана әрекет ету, өз ойын білдіруге қорқу, білімдер мен әрекет тәсілдерін ресми түрде меңгеру. Өз баласының оқу әрекетінің нәтижелілігінің төмендеуіне көңілі толмаған ересектер қарым-қатынас барысында аса үлкен көңіл бөле отырып, бала бойындағы эмоционалды дискомфортты үдете түседі. Балаға жақын ересек адамдар бала жетістіктерін байқап, оны қателіктері үшін аса қатал жазаламау арқылы оның үрейлілік деңгейін төмендетеді және сол арқылы оқу тапсырмасының сәтті орындалуын қамтамасыз етеді.

Сонымен жоғарыда сипатталған бала тұлғасының негативті қырлары дискомфорттың (жайсыздықтың) салдарынан туындайды. Сондықтан ата-ана мен бала арасындағы терең және үздіксіз қатынас болуы қажет. Бұл тәрбиелеудегі негізгі талап. Қатынасты сақтаудың негізі—бұл бала өміріндегі оқиғалардың барлығына да қызығушылық таныту, оны түсінуге, оның өміріндегі өзгерістерге көңіл бөлу. Балалар мен ата-аналар арасындағы эмоционалды қатынас өзара түсіністік жайлы айтқанда бала мен ересек адамның арасындағы әрекеттестік, диалог жайында ой қозғалады. Зерттелініп отырған жас кезеңінде эмоционалды қатынас, дыбыстық қатынас өте маңызды болып табылады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, ересектердің балалармен қарым-қатынасының мынадай принциптерін көрсете аламыз: баланы қаз қалпында қабылдау;эмпатия-ересек адам бала позициясын қабылдайды, туындаған мәселеге бала көзімен қарайды; конгрэнттілік - болған оқиғаға ересек адамның адекватты қатынасы.

Қорыта келе, отбасында орныққан қарым-қатынас түрі мен қалыптарына сәйкес баланың тұлғалық қасиеттері қаланады. Бала әрқашанда ата-анадан жүрек жылуын, мейірімділікті қажет етеді, ол ата-ананы өмірдің тірегі санайды. Бала үшін ата-ана игілік жасаушы, үлгі-өнеге көрсетуші және ақыл-кеңес айтушы болып танылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, 2020
- 2.Әбішқызы С.,Сарманов Ж.Ұлттық тәрбие—құндылығы мол дүние. 2008.
- 3.«Мәңгілік Ел» мәйегі тарихтың алтын дәйегі», Егемен Қазақстан 2015 12.09.

4.Аверин В.А.Психология детей и подростков.[Балалар мен жасөспірімдер психологиясы]Оқу құралы.2-басылым,қайта құрастырылған СПб.1998.379 б

ВОСПИТАНИЕ ЦЕННОСТЕЙ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

АВЕЛЬЕВА ГҮЛНАР ОРЫНБАСАРОВНА

учитель русского языка и литературы

КГУ «средняя школа №13»

г.Актобе, Актюбинская область

Народ будет мудр в воспитании потомства, заботясь о его здоровье, образовании и мировоззрении...Будет одинаково хорошо владеть казахским, русским и английским языками... Он будет патриотом своей страны, известной и уважаемой во всем мире.

Н.А.Назарбаев

Сегодня мы живем в интересное время, уникальное по своим возможностям.Никогда еще перед школой не стояло столько важных задач. Одной из них является формирование у школьников толерантности в общении и взаимодействии с представителями соседних культур, в мировом пространстве. Согласно основополагающим документам нашего государства «главная цель, стоящая перед учителями и учениками школы, – это развитие поликультурной личности, способной на социальное и профессиональное самоопределение, знающей историю и традиции своего народа, владеющей несколькими языками, способной осуществлять коммуникативно-деятельностные операции на трех языках во всех ситуациях, стремящейся к саморазвитию и самосовершенствованию».

Внимание Лидера нации Н.А.Назарбаева к государственной политике в области языка заслуживает огромнейшего уважения. В нашей республике реализуется уникальный проект, инициированный Главой государства, — триединство языков. «Казахстан должен восприниматься во всем мире как высокообразованная страна,—неоднократно подчёркивал Президент,— население которой пользуется тремя языками. Это: казахский язык—государственный язык, русский язык—как язык межнационального общения и английский язык—язык успешной интеграции в глобальную экономику» [1].А мы с вами пишем замечательные страницы в историю нашего государства, имеющие непреходящее значение для жизни целого общества и будущих поколений.

Большое внимание и в нашей школе уделяется полиязычному образованию,которое рассматривается как действенный инструмент подготовки молодого поколения к жизнедеятельности в условиях взаимосвязанного и взаимозависимого мира. Следовательно, владение казахским, русским и иностранными языками становится в современном

обществе неотъемлемым компонентом личной и профессиональной деятельности человека, его заинтересованности в качестве своего будущего, его поликультурного воспитания [2].

Вижу, насколько сильно желание наших воспитанников изучать языки именно в последние годы. Причем не только на уроках. Учащиеся старших классов, определившись с выбором будущей профессии, уже сегодня понимают значимость знания нескольких языков в жизни.

Что же могу сделать я, учитель русского языка и литературы, для развития полиязычия, для своих учеников? Не так мало, как может показаться на первый взгляд. Приведу примеры из собственного опыта работы.

На уроках русского языка при изучении лексики с 5 по 11 классы можно предлагать учащимся задания: составьте синонимический (антонимический, омонимический) ряд к слову (на выбор учителя), используя, кроме русских, синонимы (антонимы, омонимы) из казахского и английского языка. Причем подобного рода работа на уроках заставляет и самого учителя заняться качеством своего образования: обратиться к словарям, почитать дополнительную литературу, проконсультироваться с коллегами. При работе с частями речи можно проводить аналогии с другими языками, изучаемыми школьниками. При изучении темы «Фразеология» одним из заданий может стать задание привести аналогичный фразеологизм из казахского, английского языков. Такие задания не только развивают речь, мышление, но и языковые знания учеников. Раздел «Лексика»- наиболее интересный в плане использования идеи трехязычия на уроках русского языка. Хочу сказать, что обязательной нормой, можно сказать, правилом хорошего тона, в нашем лицее стало использование терминологии на трех языках на уроках не зависимо от предмета обучения.

На уроках литературы реализовать задачу полиязычия также не сложно. Знакомясь с творчеством У.Шекспира в 8 классе, школьники читали сонеты Шекспира как на русском, так и на английском языках. Слушали сонеты Шекспира на языке оригинала, используя аудио и видео. Это вызывает неподдельный интерес у школьников. Подобные уроки с использованием чтения текстов на русском и казахском языках проходят при изучении творчества И.А.Крылова, А.С.Пушкина, М.Ю.Лермонтова. Непревзойденные переводы Абая, переложения Абаем поэтических строк русских классиков на музыку с удовольствием используем на уроках литературы. Интересны переводы Абая на казахский язык некоторых стихов Шиллера, Гете, Байрона. Это позволяет не только сделать уроки интересными, но и познавательными.

Нельзя удержаться от возможности попытаться сравнить произведение или его отрывок на языке оригинала и в переводном варианте и сделать вывод об их особенностях. Школьники приходят к выводу, что на языке оригинала произведение более эмоционально, образно, красиво, а

переводчик, каким бы гениальным он ни был, вносит что-то свое, личное, в какой-то мере обедняя, изменяя, пусть и незначительно, эмоциональную и содержательную сторону произведения. Это ли не лучший и убедительнейший пример того, что произведения лучше читать на том языке, на котором они созданы. А для этого, в свою очередь, необходимо владеть иностранным языком, для чего и нужно изучать, кроме родного, и другие языки.

Младшие классы прекрасно справляются на уроках словесности с заданиями подобрать аналогичные русским пословицы и поговорки на казахском, английском языках. Это тоже является стимулом к изучению других языков, воспитанию поликультуры.

Интересна мысль, что «у человека сразу два языка, один во рту, другой в мозгу» [3]. Ребенок рождается только с одним языком, тем, что во рту, и с чистым, как лист белой бумаги, мозгом. Язык в мозгу не образуется сам по себе. Его нужно возвращать, начиная с подготовки почвы, посева первых зерен. Что посеешь, то и пожнешь.

Символом языка казахстанского народа мог бы стать змеиный язык. Да, да. Не удивляйтесь. Не случайно змея-символ мудрости. Язык змеи раздвоен. Так же «раздвоено» и назначение языка человека: знать не только свой родной язык, но и любой другой язык, будь то казахский, русский, английский.

Использованная литература:

1. Назарбаев Н.А. Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда//Казахстанская правда. 2012. № 218-219.10.07.
2. Государственная программа развития языков в Республике Казахстан на 2011-2020 годы // edu.gov.kz
3. О единстве языка //e-reading.by>chapter.php

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ-КЕЛЕШЕК ҚОҒАМ ТӘРБИЕСІ

АЖИГАЛИЕВА ЖАНАР ЖАЛГАСОВНА

Атырау қаласы

№26 «Жұлдыз» бөбекжай-бақшасының

бірінші санатты тәрбиешісі

Болашақ ұрпағымызды тәрбиелегенде, оларға жастайынан имандылық пен ұлттық қасиеттерді сіңіре білсек, сонда ғана біз ұлттық рухы дамыған, Отанының гүлденуіне үлес қоса алатын азамат өсіре аламыз

Н.Назарбаев

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты Жолдауы бойынша Президенттің жалпы ұлттық идеясы- болашақ табыстардың негізі екені баса айтылады. Сондай-ақ, ең бастысы- еліміздің рухын көтеретін, ұлы мақсаттарға жеткізетін білімділік пен ұлттық идеясы жарияланған болатын. Ұлттық құндылықтарға әр халықтың ғасырлар бойы жинақтаған

ұлттық, рухани және мәдени құндылықтары жатады. Осы құндылықтарды ұрпағымыздың бойына сіңіріп, оқу-тәрбие үдерісінде ұлтжандылыққа, отаншылдық пен салт-дәстүрімізді құрметтеуге баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеу – ұстаздар алдындағы басты міндет. Ұлтымыздың тұнып тұрған асыл мұра, рухани байлығын оқыту үдерісіне енгізу арқылы қазақ халқының құнды ойларын, даналық пәлсапасын, өмірлік тәжірибесін халық игілігі үшін қолдана алатын жан-жақты дамыған, білімді, өзіндік көзқарасы бар жеке тұлғаны қалыптастырамыз. Ғасырлар шеруінде халқымыздың алақанына салып аялаған баға жетпес рухани мұрасы, даналық дариясы оның әдебиетінен көрініс табады.«Туған тілін сүюден басталатын махаббат, елжандылықтан адамзатты шексіз құрметтеуге дейін өседі. Жасынан туған халқының даналығымен сусындап, оның өсиетінен нәр алып, әдебиетті сүйіп, сол арқылы ұлтжанды азамат болып өсері хақ», - дейді аса көрнекті әдебиеттанушы Ш. Елеукенов. Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы міндет-өзінің өмірін жалғастырушы саналы ұрпақ тәрбиелеу. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу кезек күттірмейтін іс екені сөзсіз. Халық даналығында: «Бір баланы адам етіп өсіргенше, бір шаһар апат болады» - деген сөз бар. Осы салыстырудың өзі-ақ баланың шын мәніндегі Адам болып қалыптасуы қыруар уақыт пен тер төгетін еңбекті қажет ететін аумағы кең , жауапкершілігі мол күрделі іс екенін ұқтырса керек. Жас ұрпақты ұлттық мақтанш пен ұлттық патриотизм рухына қалай тәрбиелесек, еліміздің халқымыздың болашағы, даналығы да солай айқын көрінеді. Даналық білімнен нәр алады. Бүгінгі таңда балаларға әлемдік деңгейде өркениетті негізде білім мен тәрбие беру, ұлттық құндылықтарды олардың бойына сіңіру – ұстаз алдындағы үлкен міндет. Олардың тәрбиелік негіздері атадан балаға ұрпақтан-ұрпаққа ізгі қасиеттер мен сезім ниеттерден тұрады. Ұлттық құндылық белгілі бір бағытты, мақсатты, жүйелі ұлттық көзқарасты, мінез-құлықтағы адамдық тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жүйе.

Олай болса, ұрпақ тәрбиесіндегі құндылықтар негізгі ізгілікті, ақылды адамгершілік, парасаттылық, имандылық мідеттерін ажырата біліп өзіне таңдау жасауы.

Халықта «Балаңды өз тәрбиенмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген мақал бар. Жас ұрпаққа тәрбие мен білім беру саласында халықтық педагогиканы енгізе отырып, қазақ халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, мінез-құлық мәдениетін меңгеруде оқушылардың бойына ұлттық имандылық, адамгершілік, сыпайылық қасиеттерін қалыптастыру. Ұлттық тәрбие біздің ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін асыл қазынамыз.

Ол болашақ ұрпақты өмір сүруге тәрбиелейтін үлкен тәрбие кітабы .Ал тәрбие тамыры тереңде-халық қазынасында ,оның қадір қасиеті мен бітім- болмысында. Бұл қазына ұлттық құндылықтар арқылы бала бойына

сіңетіні даусыз. Қарапайым тілмен айтқанда, ұлттық құндылықтар белгілі бір ұлтқа ұлт азаматына тән зат, адами қадір-қасиет, яғни ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар. Ол-тәрбие мен оқытуға бағытталған мұрағаттар. Кез-келген ұлттың сипаты бес қағидаға келіп тіреледі. Біріншісі–тілі, екіншісі – діні, үшіншісі–дәстүрі, төртіншісі–тарихы, бесінші –атамекені. Құндылықтар – шынайы ғана болады, ол адамға тәуелді емес,дей тұрғанмен ол ең алдымен адам санасында орын алады. Құндылықтарды сезім арқылы қабылдап, ал сана арқылы түсінуге болады, соның нәтижесінде тұлға құндылықты игереді, соған сай әрекет етеді. Өз ұлтын қадірлеп,қастерлеген,ұлт қадірін білген азаматтың бірі Ж.Аймауытов:«Мен халыққа кіндігіммен байланып қалғанмын.Үзу қолымнан келмейді» дейді. Сырым Датұлы: «Мен ағайынды екеуімнің: бірі–өзім,екіншісі–халқым»-дейді.Қазақ халқының осындай дәріптеуге, қастерлеуге,дамытуға тұрарлық ұлттық рухани материалдық құндылықтары туралы ұлағатты,құнды ойларын халық игілігіне келешек ұрпақты ел жұртқа ие болатын азаматтарды тәрбиелеуге неге қолданбасқа? Қазақ халқы баланы жамандықтан жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болуын,сұлу сөз сйқырлы ұн.әдемі өң мен түрлі ләззат ала білетін, һәм байсалды,ойламдышымыр болып өсуінұлт тәрбиесінің негізгі қағидасы етіп ұстаған. Тәрбие бала тумай тұрып, дүниеге келмей тұрып берілуі тиіс. Сондықтан қатардағы пендені нағыз толық қанды тұлғаға айналдыру үшін ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие берудің маңызы зор. **Жеке тұлғаны ұлттық тәрбие арқылы дамыта отырып,нақты әрекет арқылы оқытуда төмендегі құндылықтардың болуы қажет:**

- белсенді қарым-қатынас: бала мен тәрбиешінің әрбір мәселеде өз көзқарастарын білдіріп отыруы;
- өзіндік тәртіп: өзіндік бақылау мен бағалауды шешім қабылдауды үйрену;
- шыдамдылық: әр түрлі пікірлерді қабылдай алу, бір-бірінің пікірлері мен ерекшеліктерін құрметтеу, қабылдау. Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:
- балалардың сана-сезімін қалыптастыру;
- жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;
- жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерін қалыптыру сияқты міндеттерді орындағанда ғана біз мақсатқа жете аламыз.

Бала бойына ұлттық құндылықтарды дамытудағы негізгі құралдарға мыналарды жатқызуға болады:

- топтағы тәрбие сағаттары;
- баспасөз және қабырға газеттері;
- бұқаралық ақпарат құралдары;
- тәрбие шаралары (пікірталас,тәрбие сағаты,кеш, таным-өнеге сағаттары, т.б.)
- саяхат жасау;

- үйірмелерге қатысу.

Жаңа Қазақстан үшін қазақ өркениетін дамыту, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тілін, т.б. ұлттық құндылықтар аясында кеңейту - өзекті мәселенің бірі. Сондықтан алдымызда тұрған үлкен мақсат – ұлттық мұра құндылықтарын қазіргі таңның мәдени жетістіктерімен үйлестіру. Жас ұрпақ тәрбиесінде үйлесімділік заңы салтанат құруы шарт. Яғни ол өзінің өсу, есею кезінде ақ сүт беріп, асыраған ата-анасымен де, көкірек көзін ашқан ұстаздарымен де үйлесім таба білуі тиіс. Сонда ғана тұлға бойында ұлттық рухани қасиеттер бірте-бірте қалыптасары сөзсіз. Тұлға бойындағы рухани құндылықтарды қалыптастырудың көзі, отбасы, әулет, әлеуметтік орта, мемлекет болса, ұлтық құндылық, ұлттық салт-сана, ұлт алдындағы міндет, намыс, ұлттық рух, ұлттық салт-дәстүр, тұлға бойындағы ұлттық құндылықтың жоғары көрсеткіші.

Қорыта айтқанда, бүгінгі күнде жас ұрпақты әдепті де саналы етіп тәрбиелеу үшін ең алдымен тәрбие ережелеріне сүйене отырып, ұлттық дәстүрімізді, әдет-ғұрып, ата-бабаларымыздан қалған насихат-мұраларды жас ұрпақ санасына сіңіре білуіміз қажет. Тәрбиенің көзі ата-бабамыздан қалған мұралар мен дана сөздер десек, біз соларды насихаттайтын жүргізушіміз. Бүкіл қоғам болып қолға алып, мәдениетті, тәрбиелі болып жүруді әрқайсысымыз өзімізден бастасақ, жас ұрпақтың тәрбиесі де өз жемісін берері анық. Ұлттық құндылықтарымыз --ұлтымыздың мәңгілік қорғаушы шамшырағы. Кезінде Алаш ардақтылары ұлттық құндылықтарымызды өз бақытын, өз басының амандығынан жоғары қойып, табандылықпен, жанын салып қорғай білді. ХХ ғасыр ұландары ұлттың алдындағы нағыз тұлғалық парыздарын батырлардай қорғай білді. Тоталитарлық режимнің ауыр сынақтарына төтеп беріп, тілімізді жойылып кету қаупінен жандарын салып қорғады. «Қазақ тілім», «Алашым», «қазағым» деген жандарың тазалығынан айналып кетуге болады. Ал біз, ХХІ ғасырдың жаңа қазақтары, ұлттық құндылықтарымызды қандай дәрежеде қорғай алып жүрміз?

Ұлттық құндылықтарымыздан айырылып, рухани жұтандап бара жатқан жоқпыз ба? Ұлттық санамыз қаншалықты ояу? Алаш ардақтыларындай ұлтымыздың алдындағы адами парызымызды орындап жүрміз бе? Материалдық құндылықтар маңызды ма, әлде ұлттық құндылықтар мәнді ме? Кезіндегі әлемді өзінің батылдығымен, даналығымен, өткір қылыштай от ойнаған көздерінің жалынымен шарпыған Атилла, Томирис ханшайымдардың рухы біздің бойымызда бұғып жатқан жоқ па? Сол рухани қуатымызды, ұлттық құндылықтарымызды оятып, әлемге ұлтымыздың рухани жауһарларын жарқыратып көрсететін уақыт жетті. Ең бастысы осы баға жетпес байлығымыз--ұлттық құндылықтарымызды өгейсітпей, жүрегіміздің түбінде ұлы құрметке лайық деп тауып, жанымыздың шынары, өміріміздің маңызды бөлшегіне айналдырып, қадіріне жетсек болғаны. Адамзатты жаратқан құдірет бары анық, сол құдіреттің арқасында бұл әлемге пейілі дариядай кең, көңілі жас

сәбидей таза, ақылы теңіздей терең қазақ халқы ұлы миссиямен жаратылған ұлы халық.

Әлем – күдіретті күштің туындысы, о баста адаммен бірге пайда болған өзгермейтін, өте құнды қазыналарымыз бар. Қанша ғасыр тезінен өтіп келе жатса да құндылықтар өз құнын ешқашан жоймақ емес. Құндылықтар - адамның бұл әлемде басшылыққа алатын ең сенімді серігі. Адаммен бірге жасап, өмір сүру қағидаларын дұрыс реттей білуге көмектесетін құндылықтардың бұдан кейін де қанша ғасыр өтсе де өзінің бұл өмірдегі маңыздылығы арта бермек.. Ұлттың ұлылығы ата-баба рухын құрметтеу, жүріп өткен тарих белесіндегі шұғылалы шуақты шақтармен қатар, ұлттың басына қара бұлт төнген ауыр кезеңдерді жадында ұстай білу, одан сабақ ала білуден байқалады.«Құндылық» сөзінің түп төркініне мән берер болсақ «құнды» сөзінен шыққан. Құнды деп танитын дүниелер біздің өмірімізде өте көп. Алайда адамдар көбіне құнды дүниелерге материалдық заттарды көбірек құрметтейтін кезеңге аяқ басты. Құнды дүниеміздің ең елеулісі ол – рухани құндылықтарымыз. Өйткені рухани құндылықтарымызды ұлықтау арқылы рухымыз көтеріліп, ата-бабамыздың біздің бойымызға сіңірген игі қасиеттерін санамызда жаңғыртып, жүрегімізде ұйықтап жатқан ұлттық болмысымызды оята білуге септігі тиеді. Рухы биік еелді ешқашан жау ала алмайды. Елдің рухани, имани иммунитеті әлсірегенде халықтың күйрегені. Ұлтымызға қорған болған, жаһандану сияқты алпауыт үдерісте өзіндік келбетімізді сақтап, дариядай толқып жатқан өмір тербелісінде алып елдердің ығында жұтылып кетпей сақтаушы күш–ол ұлттық құндылықтар. Құндылықтар уақыт тезіне төтеп беріп, адам баласының – әлем жаратылғанда бірге пайда болған мәңгілік жасайтын өзгермейтін дүние.«Еліміздің ұйытқысы-әдет-ғұрпымыз»деп қазақ әдебиетінің майталманы Ғабит Мүсірепов айтпақшы,әдет-ғұрып–халықтың ғасырлардан санасына сіңіріп өмір сүру қағидаларын құрайтын жоралғылар, салттар жиынтығы. Салтының салтанаты мен алуан түрлілігімен, өзгешелігімен, тереңдігімен, астарлы ақиқатымен тамсандыратын қазақ халқының дәстүрі ұлттық сипатта ғана емес, әлемдік деңгейде үлгі алуға тұрарлық. Осы баға жетпес құндылықтарымыздан неге алыстап барамыз? Деген өзекті сұрақ мазалайтыны рас. Уақыт – біздің өткен тарихи белестеріміздің, алда жетер биігіміздің куәгері. Салт-дәстүрі бұзылмай, тіліміз шұбарланбай, санамыз жат ағымдардың, шетелдің даңғара әуендерімен уланбай тұрғанда қазақ қандай еді? Намыстың ақ туын желбіретіп, «Жаным арымның садағасы» деген жалынды сөз қазақ жігітінің ұраны болатын, әдет-ғұрып, салт-дәстүр сахналық көрініс қана емес, өміріміздің шынайы бір табиғи көрінісі болатын. Көзбояушылықтан бойын алыс ұстаған халқымыздың салт-дәстүрі терең ғибратты, үлгілі, мағынаға толы.Қазақ халқы – болмысынан өте жүрегі таза, қонақжай, әдептілік пен сыпайылық үлгісін көрсете білген жаны нәзік, терең ойлы, сонымен қатар, жауынгер,батыл, әрі әділетті халық. Заман ағымының өзгеруіне байланысты қазақ халқының қазіргі уақытта өмір салтымыздан ажырап қалған дәстүрлерміз жеткілікті. Әдеп сақтау,

үлкенге құрмет көрсету сияқты әдет-ғұрыптарымыздың әлсіреп бара жатқаны салт-дәстүрімізге деген немқұрайлы қарауымыздың зардабы. Қоғамның құлдырап, ізгілік пен адамгершіліктің қадір-қасиеті төмендеп бара жатқандығы тұрмыс салтымыздан әдет-ғұрпымызды жатсынып бара жатқандығымыздың кесірі емес пе деген сұрақ туындайды. Кез келген ұлт өкілдері әлем сахнасында шынайы ұлттық келбетті сақтап, түр-сипатын ғана емес, рухани қуаты мен ұлттық болмысын заман ағысына қарамастан лайықты деңгейде сақтағысы келсе, салт-дәстүр секілді ұлттық берік қорғанышы болған ұлы байлықты бойынан, өмір салтынан алыстатып алмауы тиіс. Халқымның мол рухани мұрасын кішкентайымнан бойыма сіңіру арқылы ерекше ұлттық рух бойымда тасқындап тұрғандай сезімде боламын. Ұлттық құндылықтар ұлтты құрметтеуден басталады. Өз рухани құндылықтарын терең құрметтей білетін ұлт өзінің әлем картасында қаншалықты маңызды орын алатынын сезіне біледі. Қазақ екендігімізді Наурызда ғана еске алатын жағдайға жеттік. Өскелең ұрпағымыздың жүрегінде ұлттық рух лаулап жанып, жаны мен қанында қазақылықтың лебі есіп тұрса, жаһандану үдерісі біздің ұлтымызға әкелер қаупі жоқ деп айтуға болады. Ұлттық құндылықтар ұлылығымызды сақтап, ұлт ретінде әлем сахнасында абыройлы орын алуымызға тигізер ықпалы зор. Рухы мықты ұлт қана ұлы ұлтқа айнала алады. Әлем жаратылғалы қаншама ұлт дүниеге келіп, бұл жердің бетінен бұрын болмағандай ұшты-күйлі жоқ болып кетті.

Ұлы Абайдың өзі дариядай тасыған даналығымен талайды тамсандырған.

Абайдан бұрын және одан кейін қазақ даласы қаншама таланттарды тудырды. Қазақтың байлығының ең құндысы – осы даналардан қалған асыл мұраларымыз. Бұл мұраларымызда қазақғымыздың асыл тілінің гауһары мен жауһары, құнары мен кемеңгерліктің ең үздік нұсқалры көрініс тапқан.

Асан қайғы, Жиренше

Сөйлеп кеткен қазақ тіл

Әз Жәнібек, Қойлыбай,

Сыйлап өткен ғажап тіл

Ата-анамыз әлдилеп,

Уатқан бізді баба тіл

Сол туған тіл атауы

Ежелгі біздің ҚАЗАҚ ТІЛ

Халық барда тіл мәңгілік өмір сүрмек. Халқы қадіріне жете алмай бұл әлемде өлі тілдер қатарына қосылған қаншама тіл бар. Қазақ тілі біздің қанымызда бүлкілдеп соғып тұрған жүрегіміз іспеттес. «Тіл байлығы, тіл тазалығы – ұлт қасиетінің, салт-санасының негізгі өнеге, нағыз белгісі емес пе Қазақ тілі өзінің таза түрінде бірнеше ғасыр біздің заманымызға дейін өткірлігімен бой балқытып, тамыр шымырлатып, жан-жүйенді жандырып, құлақ құрышын қандырып, ұғымына қонымды, жүрегіне тиімді, ерге, елге медет болып, ер намысын, ел намысын, адамгершілік арын қай майданда, қырғын соғыста қасиетті тудай жоғары көтеріп, текті сезім оятып, туғызып,

адам тілі, жағдайдың көмейіне құм құйып, аузын аштырмай, үнін шығармай қоятын тіл болағн емес пе еді?! Қазақ тілі ешуақытта өзімен көршілес халықтың тілдерінен сорлы болып қатардан қалып, өмір сүрмегендігі, өз сыбағасын ешкімге жебізбегендігі мыңдаған жыл тарихында айқындалған емес пе еді?! Ғажайып кемел тіл. Нұртас Оңдасынов: Қазақ тілі – аса бай тіл, икемді тіл. Орамын бұрамай тауып, қисынын, орайын келтіріп, пайдалансаң, бұл тілмен сурет салуға, тасқашап, ағаш, текемет оюға болады-ау! Бұл тілден май тамады десе де сыяр. Халықтың тіліне, жырына құлақ салсаң, небір алуан шекер балдай атаитын нәріне, әрине, әсте тоймайсың. Ғашықпын қазақ тіліне! Осындай «майса» сұлу тілді қалай өгейсінуге болады» деп қазақтан шыққан хас батыр Бауыржан Момышұлы танданысын осылай білдірген екен. Тілдің терең сырын жанымен сезініп, ұлтының тілін осылай ұлықтамақ керек екен-ау! Тілде халықтың бүкіл болмысы, рухы, ішкі жан-дүниесі көрініс табады деп жатады. Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретінде мәдени тұтастығына ұйытқы болған – оның ғажайып тілі. Тіл – халықтың тағдыры» деп пікір білдірген тұңғыш елбасымыз Н.Назарбаев тілдің ұлт тағыдырына тигізер ықпалының зор екенін жете түсінген. Ұлттық құндылығымызды сақтайтын болсақ, тілімізді терең меңгерейік! Өзге ұлтты тамсандыратындай тіліміздің терең сырын сезіне білейік! Халық әндерінің үлкен қазына екендігі де осы қасиетінде, сол әндерде халық өмірінің сәулесі болуында» деп жазған екен Ахмет Жұбанов. Шындығында қазақтың халық әндерінде ерекше лебіз бен жүрекке тыныштық пен рахат сезім сыйлайтын сиқыр бар. «Туғанда дүние есігін ашады өлең. Өлеңмен жер қойнына кірер денен». Қазақтың ұлттық болмысын ұлы кемеңгеріміз Абай Құнанбаевтай бір ауыз сөзбен шеберлікпен ешкім суреттеп бере алмас. Бала інгәләп дүние есігін ашқаннан әнмен, жырмен сәбиді қарсы алатын қазақ шілдеhana, бесікке салу, тұсауын кесу, сүндетке отырғызу, үйлену салт-жоралғыларын асқан сән-саланатпен әдеппен атқара білген. Қазақ халқы болмысынан әуенге, жырға жаны құмар халық. Қазақ даласы тудырған ерекше дарын – Шәмші Қалдаяқов: «Маған қазақ даласының бәрі ән салып тұрғандай күй кешемін»- деген екен. Қазақ даласы жайлы мынадай аңыз бар. Бір баяғы заманда адамдар өте көңілсіз өмір сүріпті. Ән-күй, әуен деген мүлдем жоқ екен. Жаратушы Иеміз адамдарға «ән-күй құсын» жіберуді ойластырады. Ол құс жер шарын айналып өткенде адамдардың бәрінің көңіліндегі кірбіңдері, жан-дүниесіндегі жаралары әнмен жазылған екен. Сол ән-күй құсы қасиетті қазақ жеріне жақындағанда ерекше жақындап, жер бауырлап, ерекше халыққа өзгеше ілтипат көрсетіп қазақ даласының аспанында қимастықпен ұзақ ұшып жүрген екен деседі. Содан бері қазақ халқының жанына ән мен күй ерекше орнап, қазақтың әуендері әлемді тандандырғаны содан деседі. «Жалпы әлемді аузыңа қарату үшін - рухани ерлік керек., жалпақ әлемге қысылмай, қымтырылмай қарау үшін –рухани байлық керек» деп халық жазушысы Әбіш Кекілбаев айтқандай, рухани байлығы кемерінен асып-төгіліп жатқан рухани қуатты қазаққа аямай-ақ берген ғой шіркін! Қазақ қазіргі заманда рухани ерлік көрсететін шаққа келіп тұр. Рухани

байлық басты орынға еге болатын дәуірге қадам басып келеміз. Бұл дәуірге рухани құндылықтарыңды сайлап, рухани күшінді сарқымай, үлкен жауапкершілікпен адымдайтын ұлы ғасыр. Бұл дәуір қазақтың кемеліне жетіп, гүлдейтін, өркендейтін ғасыры болғай! Ұлтымыздың күре тамырында қаны мен жанында соғып тұрған жүрегі болған ұлттық құндылықтарымыз мәңгілік жасауы әрбір қазақ өкіліне байланысты. Тілін терең сезініп, салт-дәстүрін біліп қана қоймай, берік ұстана білетін, ұлттық құндылықты ұлықтай білетін ұрпағымыз көбейсін! Ұлттық құндылықтарымыздың мәңгілік алау секілді лаулап кеудемізде, жанымызда жанып, жарқырап тұруы үшін күресе білейік! Біз үшін ең маңызды – ұлтымыздың қорғаны болған ұлттық құндылықтарымыз мәңгілік жасасын!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру / Егемен Қазақстан, 12 сәуір 2017.
2. Тілеужан М. Рухани өнегелі тәрбие / Бала тәрбиесі. Алматы, 2006. № 2. 24б.
3. Ахметова М.Т. Адамгершілік-рухани тәрбиенің маңыздылығы // Өзіндік таным. Алматы, № 2. 18б.
4. Хасанұлы Б. Тілдік қатынас негіздері. -Алматы, 2008.
5. Тайшыбаева Г. «Тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін тәрбие жүйесін құру және дамыту» №10, 2012

ОҚУШЫНЫҢ ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТУ ЖОЛЫНДАҒЫ МҰҒАЛІМНІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСЫ

АМАНОВА ГҮЛХАН САБЫРХАНҚЫЗЫ

тренер, «Өрлеу» «БАҰО» АҚ филиалы

Жамбыл облысы бойынша ПҚ БАИ,

Тараз қаласы

Ұлттық рухы асқақ, намысы бекем һәм қуатты ел боламыз десек, бұл ретте өскелең ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән беруіміз керек. «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» демекші, бесік–бала тәрбиесін қолға алу–басты міндетіміз. «Балаға мінез үш алуан адамнан жұғады: бірінші–ата-анасынан, екіншісі–ұстазынан, үшіншісі–құрбысынан». Өйткені «ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің», «Алдыңғы арба дөңгелегі қалай қозғалса, арбаның соңғы дөңгелегі солай қозғалады», «Ағайынға қарап бала өсер, Қарағайға қарап тал өсер». Олай болса, бала тәрбиесінде алдыңғы толқынның кейінгі толқынның алдында жауапкершілігі зор. «Біз қазақ–мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз», дегендей, қазақ халқы басынан сөз асырмаған, ешкімге намысын таптатпай, елдігін сақтаған халық. Осы қасиет сонау ықылым заманнан бесік тәрбиесінің негізіне айналып, жас ұрпақ санасына сіңіріліп отырған. Қазақ тарихында топқа кіріп сөз бастаған билер мен шешендердің, атқа мініп қол бастаған батырлардың барлығы дерлік –

қазақ дәстүріндегі ұлттық тәрбиенің жемісі. Бұрындары қазақ халқы балаға үлгі-өнеге көрсету, тәрбие беру ісін қалай жүзеге асырған? Кешкілік уақыттарда ауыл ақсақалдарының кеңестеріне балалар қатыстырылған. Қазақ балалары түнді-түнге ұрып айтылатын жыр-дастандарды тындаған. Сөйтіп, ұлттық тәрбиеміздің қайнары халық ауыз әдебиеті, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, шешендік сөздер, мақал-мәтелдердің мәнін бала үйден біліп, сол биік санамен кеп ел ісіне араласқан. Жас ұрпақ – ел қорғаны, ұлттың тірегі.

Қазақ жастарының жалынды, намысты, отаншыл болуы үшін, олардың тарихи-діни санасын ояту–осы тұрғыдағы істердің жемісті болуына ықпал етеді. Олай дейтініміз рухы биік қазақ халқы өз хандығын құрғаннан Ресей империясының құрамына кіргенге дейінгі төрт жүзға жуық уақыт ішінде салтанат құрған елдігіне осы отбасы институты арқылы қол жеткізген. Халықтың тұрмыстық тәрбиеге байланысты салт-дәстүр жоралғылары, айталық сәлемдесу, үлкенді сыйлау, қонақ күту, тамақтану, сөйлеу әдебі, киім-киіс, жүріс-тұрыс, отбасынан бастап білім ордаларында жалғасын табар болса, жоғалып бара жатқан ұлттық құндылықтарымыз қайта қалпына келер еді. Сол уақытта қазіргі таңда елдің ішкі тыныштығына қауіп төндіріп жүрген жат ағыммен күрес мәселесі өзінен-өзі күн тәртібінен түсер еді. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін еліміздің барлық өңірлерінде ұлттық тәрбиенің қайнар көзі ретінде арнайы сыныптар ашылып, ұрпақ тәрбиесін жүзеге асыруға белсене араласқаны абзал. Ұлттық рухтың қадір-қасиетін білетін ұрпақ өз ата-бабасының дәстүріне қарсы шықпайтыны ақиқат. Оқушылардың ізденімпаздық дербестігін қалыптастыруда сыныптан тыс жұмыстардың маңызы зор. Сыныптан тыс жұмыстардың маңызды ерекшелігі-оқушылардың шығармашылық мүмкіншіліктерін жетілдіру. Оқушылардың пәнге деген ықыласы артып, қызыға бастаса, онда пәнді меңгеруге деген құштарлық тереңдей түседі. Оқушылардың шығармашылығын дамытудың негізгі жолы - оқушыны өздігінен іздендіру, яғни өз бетімен жұмыс істеу. Бұл бағытта алдымен логикалық ойын дамытатын тапсырмалар арқылы оқушылар сөзжұмбақ, ребус, жұмбақ, мақал-мәтел, қанатты сөздер құрастыруға машықтанады. Берілген тапсырманы түрлендіру бағытында мынадай жұмыс түрлерін жүргізуге болады. Мәтін өңдеу, берілген мәтіннен диалог құру, мәтін бойынша шешендік сөз құрау және өз ойынан еркін тақырыпқа берілген өлең, әңгіме, шығарма жазу. Бұл әдіс оқушының өз бетінше іздене отырып, шығармашылығын шыңдауға баулиды.

Оқушылар әдеби-шығарым тапсырмалар өтілген тақырыптар бойынша жүргізіліп қоймайды. Еркін және тақырыптық шығармалар, түрлі мақалалар, өлең құрастыру және өлең мазмұнын қара сөзбен жаздырту жұмыстары арқылы орындалады. Оқушының көркем шығарманы тұрақты оқуды әдетке айналдыру, ортада сөйлеуі, ұстазбен сырласуы қажетті нәрсе болып табылмақ. Осындай бағыттарда жұмыс істеу арқылы көркемдік шығармашылық қабілеті дамыған тұлғаға қол жеткізе аламыз. Оқушы шығармашылығы практикалық әрекеттер, ізденімпаздылық арқылы дамиды.

Шығармашылыққа үйрететін сабақтар–жаңа технологияларды қолдану болып табылады. Мұндай сабақтарда оқушыға ерекше ахуал, мұғалім мен оқушы арасында ынтымақтастық қатынас сақталады. Мұғалім бақылаушы емес, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетін ұйымдастыратын шығармашылық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана оқушы интелектісінің көзін ашып, шығармашылығын дамытады. Оқушының шығармашылығына бағыт–бағдар беруді ең алғаш білім мазмұнына енгізген М. Жұмабаев болатын. Ол балалардың ойларын дамыту туралы «Ойлау жанның өте бір қиын терең ісі - деп атап көрсете келіп, тәрбиеші баланың ойлап, үйренуіне көп күш жұмсау керектігін ескертеді. Басқа сынып оқушыларымен қазіргі салт-дәстүрлер туралы сұхбат жүргізіп, диктафонға жазыңыз және сараптама жасаңыз; Оқушыны іздендіру үшін сұрақ қоя білуге үйрету арқылы оның саналы ойлауы, жан-жақтылығы, білімі мен біліктілігі қалыптасады. Жаңа білім мазмұнында ұлттық дәстүр мен жалпы адамзаттық құндылықтардың бір-бірімен түйісіп, өзара сабақтасып берілуі де маңызды талаптардың бірінен саналады. Олай болса, тілді оқытуды баланың қарымқатынас жүйесіндегі сөз әдебімен, жазба тіл мәдениетімен, шешендікпен, пікірталас мәдениетімен орайластырудың негізінде жас ұрпақтың бойына халықтық салт-сана мен жаңа деңгейдегі мәдени талаптарды қатар сіңіру, олардың тілдік талғамын қалыптастыруды уақыттың бүгінгі талаптарымен үндестіру, ізгілендіру тамырластығын түсіндіру арқылы да қазақ тілінің қоғамдық-әлеуметтік маңызына көз жеткізіледі.

Соның нәтижесінде оқушының өз тіліне деген құрмет сезімдерін ояту мақсат етіледі. Міне, осы қағидаларды топтастыра отырып, 10, 11-сыныптардағы қазақ тілін оқытудың мақсаты – ана тілінің тарихы мен бүгінгі шешендік өнердің алуан сипаттары туралы мағлұмат негізінде оқушылардың сөз мәдениетін жетілдіру, тілді әлеуметтік қызметіне сай жұмсай білуге үйрету, интеллектуалдық қабілетін арттыру болып айқындалады. Осы мақсатты жүзеге асыру барысында интерактивті әдістер арқылы қол жеткізуге болады. Ондай әдістерге: миға шабуыл, дебат, пікірталас, диалог, т.б. жатады. Диалогтік сөйлеуде оқушылар өз ойын тез жинақтап, екінші бір адамдармен пікір алмасып, ой қорыту жылдамдығын арттыруға үйренеді. Бір-біріне сұрақ қоюға төселеді. Сол арқылы адамның білімі, ой-өрісі оның жауабынан ғана емес, қай нәрсеге сұрақты қалай қоя білуіне де байланысты пайымдайды. Адамның белгілі бір нәрсеге, мәселе жөнінде сұрақ қоя алуы – ойлаудың алғашқы баспалдағы, сұрақ қоя білу – сол мәселені шешудің кілті. Сұрақ–қиялдаудың ең жоғарғы қасиеті. Диалогтік сөйлеудің тағы бір артықшылығы–оған бүкіл топ оқушылар куә болғандықтан, бала өзінің әр сөзіне жауапкершілікпен қарауға тырысады. Қандай мәселе төңірегінде болмасын бұл жарыс оның есінде сақталады. Оқушылардың бірі басым түсуі, екіншісі жеңілуі де мүмкін. Жеңілген оқушы қатесін түсініп, оны толықтыруға үйренеді, әрі өзін-өзі сынап білуге, сынды қабылдауға үйренеді. Қазақ тілінің негізгі

өзекті мәселелерінің бірі—оқушының өзіндік көзқарасына негізделген болғандықтан сөйлеу тілін дамыту болғандықтан, олардың тіл мәдениетін арттырудың бір тиісті жолы – белгілі бір тақырып төңірегіндегі өзара сынға арналған пікір алысуды ұйымдастыру. Заманауи мектептердің мақсаты – жоғары білімді, шығармашыл адамның үйлесімді тұлғаланып, дамуы үшін қолайлы білім беру кеңістігін жасау. Өз білімінің нәтижесінде оқушы бойында сын тұрғысынан ойлау, білімін шығармашылықпен пайдалана білу, зерттеушілік дағдылары, АКТ дағдылары, топта және жеке жұмыс істей білуі, тілдік дағдылары, қойылған міндеттер мен күрделі мәселелерді шеше білу дағдыларын қалыптастырады. Мектеп бағдарламасындағы кіріктірілген пәндерді енгізу оқушының жалпы дамуына және тақырыпты сабақта тереңірек зерттеп, әлем туралы тұтас ұғымының қалыптасуына септігін тигізеді. Дамыған елдердің білім беру жүйесінде кездесіп отырған мынадай тенденцияларды байқауға болады: білім беру философиясы мен әдіснамасының жаңаруы, білім беру мазмұнын құру әдістерінің өзгеруі, білім беру жүйесінде жетілдірілген модельдердің жасалуы, білім беруді басқарудың тиімді жолдарының қарастырылуы, жаңа білім технологияларының енгізілуі, оқушылардың танымдық белсенділігі мен өзіндік ойлауын қамтамасыз ететін дамытушы, сындарлы білім беру моделіне көшу, терең және белсенді кәсіби бағдар берудің ерте жастан басталуы, ұрпаққа азаматтық- патриоттық, рухани-адамгершілік, денсаулық сақтау және экологиялық тәрбие беру, көпмәдениеттілік тәрбие беру ролінің күшейтілуі, білім ұйымдарының оқушыны әлеуметтендірудегі ролінің артуы. Осындай әлемдік білім беру жүйесіне негізделген басым бағыттар ұрпақты озық, саналы, дара тұлға деңгейінде қалыптастырады. Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру—бүгінгі күннің басты талабы. Сонымен қатар, жоспарлы түрде жұмыс істеуге машықтану үшін мәтін бойынша жоспар құру әдетін қолдануға болады. Нәтижесінде оқушы мәтін бөлімдеріне қысқаша тұжырымдама жасап, әрбір оқиғаға ат қойып, өзіндік іздену мен білім дағдысын берік қалыптастырады. Мәтін бойынша түсініксіз сөздер тізбегін жасау, поэзиялық шығармаларды прозаға айналдыру тәсілдері де оқушының жан-жақты дамуына үлкен ықпал етеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық Үшінші (негізгі) деңгей. 2012
2. ҚР орта білім мазмұнын жаңарту еңбегінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. 2016
3. Н.Ә. Назарбаев “Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту— Қазақстан дамуының басты бағыты” атты Жолдауы, 2012.
4. ҚР Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Астана, 2011.

5. ҚР Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Астана, 2010.
6. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі.- Алматы, «Рауан» 1997.
7. Диханбаева Ж. Сын тұрғысынан ойлау мен дамытпалы оқыту», «Дауыс және көрініс» // №3, 2006.
8. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы.- Алматы, 1967.
9. Тұрғынбаева Б.А. Шығармашылық қабілеттер және дамыта оқыту Алматы, 1999.

ВОСПИТАНИЕ ЦЕННОСТЕЙ В УСЛОВИЯХ ОБНОВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ

АЙМБЕТОВ АДІЛЬБЕК КУЖАХМЕТОВИЧ

учитель русского языка и литературы

КГУ «средняя школа №13»

г.Актобе, Актыубинская область

В системе среднего образования Республики Казахстан настало время перемен. В послании народу «Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее» Президент РК Н.А. Назарбаев говорит о необходимости перехода общеобразовательных школ на уровень преподавания в Назарбаев Интеллектуальных школах, что задает вектор дальнейшего развития среднего общего образования [1].

Нация - политическая общность граждан определенного государства. Проживая в Казахстане, будучи его гражданином, человек относит себя к казахскому, русскому, узбекскому, немецкому или другому этносу, но все эти люди вместе составляют казахстанскую нацию [2]. В Концептуальных основах воспитания сформулирована цель воспитания – это формирование всесторонне и гармонично развитой личности на основе общечеловеческих и национальных ценностей [3]. Даны приоритетные направления воспитательной работы, главное из которых - воспитание казахстанского патриотизма и гражданственности.

В основе национальной идеи лежит Независимость. «Независимость - это Великое единство нашего народа с его уникальной историей и культурой, государственным языком и уважением этнических языков всех казахстанцев. Жизненная философия Независимости - Мангілік Ел» [4].

В рамках реализации данной идеи в содержание учебных программ общественно-гуманитарного цикла включен текст выступления Главы государства от 15 декабря 2014 года «Слово о независимости». Изучение предметов должно направлено на формирование духовно-нравственных качеств и патриотических чувств, гражданской ответственности учащихся, развитие национального самосознания и толерантности.

«Мәңгілік Ел» – это национальная идея нашего общекзахстанского дома, мечта наших предков. За годы суверенного развития созданы главные

ценности, которые объединяют всех казахстанцев и составляют фундамент будущего нашей страны. Они взяты не из заоблачных теорий. Эти ценности – опыт Казахского Пути, выдержавший испытание временем.

Во-первых, это Независимость Казахстана и Астана.

Во-вторых, национальное единство, мир и согласие в нашем обществе.

В-третьих, это светское общество и высокая духовность.

В-четвертых, экономический рост на основе индустриализации и инноваций.

В-пятых, это Общество Всеобщего Труда.

В-шестых, общность истории, культуры и языка.

В-седьмых, это национальная безопасность и глобальное участие нашей страны в решении общемировых и региональных проблем.

Благодаря этим ценностям мы всегда побеждали, укрепляли нашу страну, множили наши великие успехи. В этих государствообразующих, общенациональных ценностях заключается идейная основа Нового Казахского Патриотизма».

«Жизнь народа прирастает с каждым следующим его поколением, сказал Президент,- Поэтому нет мечты выше, чем мечта о Вечности Народа. «Мәңгілік Ел» – это идея, которая открывает завтрашний день, выражает веру в будущее, это символ необратимой и прочной стабильности...» [5].

«Мы, граждане Казахстана, исходя из высших интересов общества и государства, связанные одной судьбой и исторической памятью на древней казахской земле, являясь продолжателями славной истории и традиций Ұлы Дала Елі-Страны Великой Преображенной Степи, осуществив мечту многих поколений о Независимости и осознавая свой священный долг перед будущими поколениями, важность мира и согласия, единства и сплоченности, в год 25-летнего юбилея Независимости принимаем настоящий патриотический акт - «Мәңгілік Ел» [5].

Фундамент её должен быть заложен в школе. В рамках реализации этой идеи необходимо целенаправленно вести воспитательную и образовательную работу в школе. Изучение предметов должно быть направлено на формирование духовно - нравственных качеств и патриотических чувств, гражданской ответственности учащихся, развитие национального самосознания и толерантности, укрепление светских ценностей и формирование осознанного неприятия молодежью идеи терроризма и экстремизма, умения общаться в условиях полиэтничного Казахстана. Педагогические усилия должны быть направлены на то, чтобы вырастить человека творческого и талантливого, любящего родных и близких, свой народ, свою Родину, настоящего гражданина своей страны. Для достижения эффективности необходимо не только дать знания и умения, способствующие формированию соответствующих идеалов, принципов и мировоззрения, но и развивать необходимые личностные качества, духовный мир детей и учащейся молодежи, чтобы они стали достойными гражданами своей страны.

Национальная идея «Мәңгілік ел»- это вектор развития казахстанского общества, которым должен руководствоваться современный учитель. Фундамент её должен закладываться в школе. В рамках реализации этой идеи в нашей школе проводится целенаправленная учебная и воспитательная работа. Изучение предметов направленно на формирование духовно- нравственных качеств и патриотических чувств, гражданской ответственности учащихся, развитие национального самосознания и толерантности, укрепление светских ценностей и формирование осознанного неприятия молодёжью идей терроризма и экстремизма, умение общаться в условиях полиэтничного Казахстана. Быть гражданином и патриотом своей Родины- значит, иметь активную гражданскую позицию, грамотно пользоваться своими правами, честно и добросовестно исполнять свои обязанности. Быть трудолюбивым и заботиться о тех, кто нуждается в твоей помощи и защите, ощущать свою ответственность и сопричастность к прошлому, настоящему и будущему своей страны. В условиях обновления содержания образования формирование патриотизма и гражданственности становится обязательным целевым ориентиром в работе каждой образовательной организации.

Список использованной литературы:

1. Назарбаев Н.А. Стратегия «Казахстан - 2050»: новый политический курс состоявшегося государства. Казахстанская правда. № 437-438. 15.12.2012.
2. Воспитание казахстанского патриотизма и гражданственности на основе общенациональной идеи «Мәңгілік ел» / Ж.А. Макатова, А.Д. Танатова, Л.А. Дорожкина. – Алматы: РИПК СО, 2017. –73 стр.
3. Большая актуальная политическая энциклопедия. — М.: Эксмо. А. В. Беляков, О. А. Матвейчев. 2009.
4. Выступление президента Казахстана Н.А. Назарбаева на II конгрессе молодежи Казахстана, Астана, 2002 год.
5. <https://articlekz.com/article/21540> Ценностные основы общенациональной патриотической идеи «МӘНГІЛІК ЕЛ» как фактор укрепления казахстанской идентичности

МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ ТОП ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРІН ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

АЙДЫНҒАЛИ АЙДАНА ҚАЛҚАМАНҚЫЗЫ

Ақтөбе облысы

«№13 орта мектеп» КММ

мектепалды даярлық тобының мұғалімі

Мектепке дейінгі шақ–баланың сезімдік тәжірибесінің орасан зор молайып, ретке келу, қабылдау мен ойлаудың адамға тән формаларын игеру, қиялдың күшті дамуы, ырықты зейін мен мағыналы естің бастамалары қалыптасу кезеңі болып саналады.

Егемен елімізде соңғы жылдар тізбегінде жүргізіліп келе жатқан білім реформасына қатысты түбегейлі бетбұрыстар, атап айтқанда әлемде дамыған мемлекеттердегі білім саясатының негізгі көрсеткіші болып саналатын жаңартылған білім беру мазмұнына өту қарқыны-қоғамдық ортадағы адамдардың ерекше пікірлері мен көзқарастарын қалыптастыруға негіз болды. Көптеген өнеркәсіп орындарының жаңа технологиялық қондырғылармен қайта жабдақталуы –білім сапасының жаңа деңгейге көтерілуіне өзгеше талап қойды. Аса қарқынды белең ала бастаған аталмыш құбылыстарға мемлекет тарапынан терең таңдаунамалар жасалып, ортақ роблеманы бұқара халықпен бірлесе отырып атқару мәселелері жолға қойылуда.

Қазіргі таңдағы мектепалды даярлықтың негізгі мақсаты мектеп жасына дейінгі балалардың жалпы, зияткерлік, дене дамуын, олардың білімді игеруге дайындығын қамтамасыз ету, оқу әрекетін меңгеру үшін балада тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру болып табылады. Мектепалды даярлық алдына қойлатын міндеттер де тәрбиешіден терең педагогикалық-психологиялық біліктілікті талап етеді:

- балаларды мектепте оқуға мақсатты бағытпен және жүйелі дайындау;
- жеке қабілеттері мен дарындылығын дамыту;
- ұлттық, жалпы адами этикалық және мәдени құндылықтарға балаларды баулу, баланың зияткерлігін дамуы;
- рухани-адамгершілік құндылықтарды, отансүйгіштік, төзімділікті қалыптастыру;
- балалардың коммуникативтік және әлеуметтік құзыреттіліктерін қалыптастыру;
- білуге құмарлықты, шығармашылық белсенділік пен бастамашылықты дамыту;
- балалардың денесі мен психикалық саулығын нығайту;
- білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз ету [1].

Мектепалды даярлық білім беру бағдарламасы баланың мектепте білім алу даярлығын (әлеуметтік-психологиялық, тұлғалық, ерік-жігерлік, физикалық және зияткерлік даярлығы) қамти отырып, сондай-ақ баланың коммуникативтік дағдыларының қалыптасуына, танымдық және әлеуметтік мотивтерінің көрінуіне, қызығушылығы мен білім алуға деген құштарлығының дамуына ықпал етеді [2].

Баланың сөздік қорын молайтып, сөз сырына үңілуіне, балаға ана тілін женіл әрі дұрыс меңгеруінің негізін қалау. Ұжым мүшелері жаңашылдық жұмыстарды жүргізу үшін білім беру саласындағы даму стратегиясына баса назар аударып, жаңа технологияларды меңгеруде.

Бағдарлама құрылымы мен мазмұны мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың тәрбиелік, дамытушы, оқытушы міндеттерінің бірлігі мен кіріктірілуі, бірізділігі, жүйелілігі, сабақтастығы сияқты педагогикалық қағидаттар негізінде құрылған.

Барлық іс-шаралар мен сабақтар болашақ бірінші сынып оқушыларын оқытуға емес, олардың белсенділігін, дербестігін, шығармашылық қабілеттерін, танымдық қызығушылығын, құрдастарымен және ересек балалармен қарым-қатынасқа түсе білу біліктерін дамытуға ерекше мән береді.

Мектепалды даярлық топ тәрбиешісі қиындығы да қызығы да мол өнер өлкесінің көш бастаушысы десекте лайықты.

Сол көш бастаушы бала тәрбиесінде «Жеке тұлға» бағытын алып, сол бойынша жұмыс жүргізсе, нәтижесінде бала бойында жағымды тұлғалық қасиеттер қалыптасады.

Сонымен қатар, мектепалды даярлық топтарында өткізілетін сабақтардың үлкен тәрбиелік маңызы бар. Оқыту әдісі дидактикалық негізгі бір құрамды бөлігі және оның мақсаты, мазмұнды әдістері және ұйымдастыру тәсілдерінің біртұтастығы болып табылады.

Бағдарламада «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеуметтік орта» білім беру салалары мазмұнының негізгі аспектілері анықталады. Барлық білім беру салалары бір-бірімен байланысты: бала таниды, тани отырып, білгенін әңгімелеп береді; талқылау және зерттеу барысында құрдастарымен және ересектермен өзара әрекет етеді. Білім беру салаларының өзара байланысы және өзара әрекеттестігі қоршаған ортаның тұтастай бейнесін қалыптастыруды қамтамасыз етеді [3].

Психологиялық-педагогикалық жағдайларға қойылатын талаптар:

- 1) ересектердің балаға құрметпен қарауы, балалардың жағымды өзін-өзі бағалауын, өзінің мүмкіндіктері мен қабілеттеріне сенімділігін қолдау;
- 2) білім беру әрекетінде жұмыстың балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес жұмыс түрлері мен әдістерін қолдану;
- 3) мектепалды даярлық сыныптарының педагогтері, мамандары және ата-аналарының бірлескен әрекеті негізінде әрбір баланың қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне бағытталған білім беру әрекетін құру;
- 4) ересектердің балалардың бір-біріне жағымды, қайырымды қатынастарын, әртүрлі әрекет түрлерінде олардың өзара бірлескен әрекеттерін ересектердің қолдауы;
- 5) дене және психикалық озбырлықтың барлық түрлерінен балаларды қорғау;
- 6) балалардың даму бұзылыстары мен әлеуметтік бейімделуін диагностикалау және түзету үшін қажетті жағдайларды жасау;
- 7) балаларды тәрбиелеуде, олардың денсаулықтарын қорғау мен нығайтуда ата-аналарды қолдау, ата-аналарды білім беру әрекетіне тарту [4].

Педагогикалық процесті ұйымдастыруға тәриеші ретінде төмендегі жағдайларды ескеремін:

- 1) арнайы білімі бар педагог кадрлармен қамтамасыз ету;
- 2) педагог кадрлардың кәсіби шеберліктерін арттыру;
- 3) баланы тәрбиелеу мен дамыту, соның ішінде инклюзивті білім беру мәселелерінде педагогтерге және ата-аналарға кеңес беру;

4) білім беру процесін ұйымдастыру, әдістемелік қамтамасыз етуді қолдау.

Мектепалды даярлық тобында педагогикалық жұмыстарды дәстүрлі емес түрде ұйымдастыру – жұмыс пен кәсіби шеберлік деңгейін арттыруға мүмкіндік туғызады. Баланы ерте жастан білімді өз бетінше меңгеруге және қолдана білуге дағдыландыру аса маңызды болып табылады. Педагог үшін өз бетінше, шығармашылықпен оқу үдерісін оңтайлы және ерекше сипатта ұйымдастыру маңызды болып табылады. Оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың белсенді түрлері: іскерлік ойындар, пікірталастар, білімді бірлесіп игеруге бағытталған тренингтер ұйымдастыру тиімді. Мектепалды даярлық тобындағы оқытудың негізгі түрі ретінде ойын баланы дамыту тұрғысынан оқу қажеттіліктеріне сәйкес құрылымдалған, еркін немесе педагогтің жетекшілігімен болуы мүмкін.

Балада осы жаста қалыптасқан тұлғалық қасиеттер жеке адамның ішкі табиғи жетістігі болады. Қазіргі таңда тәрбиешілер инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып психологиялық білімін ұдайы жетілдіруі шарт.

Мұның бәрі-мектеп өмірінің бастамасы - баладан айталықтай ақыл-ой күшін ғана емес, сонымен қатар үлкен дене төзімділігін де талап ететін ерекше оқу қызметінің бастамасы болғандықтан ерекше маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бабаева Т. И. Бала әлеуметтік қатынастар әлеміне енеді. Санкт-Петербург, 2008.
2. Бадел А. Қазақ этнопедагогикасы – бала дүниетанымын қалыптастыру негізі: әдістемелік құрал. – Астана: Зерде, 2009. – 202 б.
3. Васильева М.А., Гербова В.В., Т.С. Комарова. Программа воспитания и обучения в детском саду [Балабақшада тәрбиелеу және оқыту бағдарламасы]. – М.: Мозаика-Синтез, 2005.
4. Выготский Л.С. Проблема возраста. Вопросы детской психологии [Жас ерекшелігі мәселесі. Бала психологиясының мәселелері]. Санкт-Петербург, 1997.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

АЛДИЯРОВА АЙЗАТ ӘКІМЖАНҚЫЗЫ

Бүгінгі таңда баланы жан-жақты дамытуды көздеу, бала бойындағы шығармашылық қабілетін дамыту, оның дербестігі мен белсенділігіне дұрыс бағыт беру сияқты мәселелерді жан-жақты шешу қажеттілігі ескерілуде.

2018 жылы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – МДТОМЖС) жаңартылып, мектеп жасына дейінгі балалардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар белгіленді. Бұл қазақстандық мектептердің жаңартылған білім мазмұнына көшуімен байланысты жүзеге асырылды. Осыған орай «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» әзірленді. Бағдарламада мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы, ықпалдастығы мен үздіксіздігі принциптері белгіленді. Сонымен қатар балалардың әлеуметтік-психологиялық, тұлғалық, ерік-жігер, физикалық және зияткерлік дайындығы мәселелері қарастырылған. Коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруға, балалардың танымдық және әлеуметтік уәждерін арттыруға, білім алуға қызығушылығын дамытуға баса назар аударылды.

Жаңартылған оқу бағдарламасы педагогтер тәжірибесінің бағыт-бағдарын айқындап, мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту қызметіндегі негізгі бағыттарды ұсынады. Оқу бағдарламасында оқу мақсаттары мен нәтижелеріне жетудегі педагогикалық тәсілдер, педагогикалық тәжірибеге қатысты бірқатар ұсыныстар қамтылған.

Мектепке дейінгі білім беруге арналған үздік жүйелердің тәжірибесі мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуда төмендегі мәселелердің шешуші рөл атқаратынын көрсетеді:

- 1) үйде және мектепке дейінгі мекемеде күн тәртібін сақтау;
- 2) өзі үшін қызықты ойындармен және істермен айналысу;
- 3) қажетті мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру;
- 4) отбасылық дәстүрлерді қалыптастыру және сақтау;
- 5) тұлғаны тәрбиелеудегі біртұтастық (креативтілікті, сыни ойлауды дамыту, коммуникативтілік және командада жұмыс істеу дағдыларын дамыту);
- 6) баланың денсаулығын сақтау, эмоционалдық сезімталдығы мен әсерленгіштігін қадағалау;
- 7) темперамент типі;
- 8) заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны тиімді пайдалану;
- 9) топтағы балалар саны;
- 10) мектепке дейінгі ұйым педагогінің балалардың психологиялық ерекшеліктеріне және ата-аналармен қарым-қатынасқа байланысты мәселелерде құзыреттілігі [1].

Тәрбиешінің басты міндеті осы шығармашылық қабілетті анықтап қана қоймай, оны әрі қарай дамыту. Осыған орай, балалардың шығармашылық қабілетін дамыту ең маңызды мәселелердің бірі болмақ. Ол күнделікті әртүрлі тұрмыстық жағдайда ұйымдастырылған оқу процесінде және дидактикалық ойын барысында өздігінен әртүрлі сөздіктерді қолдануда жүзеге асады. Іздену жұмыстары негізінен бала бойында кіші жастан байқалады. Олар үшін зерттеу қарапайым заттардан басталады.

Қазіргі уақытта баланы мектепке дайындау, белгілі бір дағдыларды игеруге бейімдеу заманымыздың көкейкесті мәселелерінің бірі болып отыр. Мектепке дейінгілердің өз-өзіне қызмет ету дағдыларын меңгеруі – өнегелі, жігерлі, дербестік және табандылық сияқты қасиеттерін тәрбиелеудің тиімді жолы.

Балаларды мектептегі оқуға бейімдеп, жетілдіруде психологиялық-педагогикалық диагностикаға қатысты негізгі жағдайларды белгілі бір қисынға келтіруге болады:

✓ Мектепке жетілдіру мен оқуға бейімдеу барысы деңгейінің өлшемдері, оқу бағдарламасындағы оқыту мен тәрбиелеу мақсаттарымен байланысты болып табылады;

✓ Балаларды мектептегі оқуға және жағдайларға бейімдеуде, педагогтар мен психологтардың психодиагностикалық іс-әрекеттері, бала тұлғасын дамытудың құрамды бөлігі болуы тиіс;

✓ Мектепке жетілдірудегі педагогтар мен психологтардың психодиагностикалық әрекеттерінің ең бірінші міндеті, балалардың мектептегі оқуға бейімделуі, балалар жайлы психологиялық ақпаратты алу болып табылады.

✓ Балаларды мектептегі оқуға және жағдайларға бейімдеуде, педагогтар мен психологтардың психодиагностикалық іс-әрекеттері, бала тұлғасын дамытудың құрамды бөлігі болуы тиіс;

✓ Мектепке жетілдірудегі педагогтар мен психологтардың психодиагностикалық әрекеттерінің ең бірінші міндеті, балалардың мектептегі оқуға бейімделуі, сынып ұжымы немесе балалар жайлы психологиялық ақпаратты алу болып табылады [2].

Мектепке баратын балаларды зерттеу үстінде ғылыми-зерттеу жұмыстарына барлық әдістерді қолдануға болады. Бірақ, кейбіреулері өте күрделі және арнайы бір құралдарды қажет ететіндері де кездеседі. Сондықтан практикада салыстырмалы жеңіл тесттерді сұрақнамаларды, бақылауды, құжаттарды талдауды және психодиагностикалық эксперименттерді қолданады.

Интеллектуалды тестте қоршаған ортаның әсерін ескеру қажет. Көптеген жеке тесттерде, баланың жеке қасиеттерін анықтау үшін қарастырылып зерттелген. Жаңа шарттарға бейімделу тесттің ең қажетті талабы. Белгілі бір жасқа арналған тесттер басқа жастағы балаларға қолдануға болмайды. Балаларды мектептегі жағдайға жетілдіріп, оқуға

бейімделу мәселелеріне байланысты психологтар мен педагогтардың көп жағдайларда ынтымақтастығы көрінеді.

Балалардың бойында ерте жастан дамыту қажет негізгі дағдылармен тығыз байланысты:

- сыни ойлау;
- проблемаларды шығармашылықпен шеше білу;
- сындарлы диалог немесе қарым-қатынас;
- командада жұмыс істеу [3].

Зерттеу барысында танымдық процестерді зерттеуге арналған стандартты әдістер кешенін қолданамын. Ол үшін балабақша психологы ретінде түрлі әңгіме әдістері мен шағын тестік тапсырмалар қолданамын.

Мектепке дейінгі балалық шақта, яғни үш жастан жеті жасқа дейін организмнің қарқынды жетіле бастайды. Өсіп келе жатқан баланың дене мүшелерінің анатомиялық қалыптасуы мен функциялық дамуы қатар жүреді. Скелеттің сүйектеніп, бұлшық еттердің сомдануының, тыныс алу, қан айналу мүшелерінің дамуының үлкен маңызы бар. Үлкен ми сыңарлары қабықтарының реттегіш ролі мен оның ми қабығы астындағы орталықтарды бақылуы арта түседі. Шартты рефлексдердің пайда болу жылдамдығы артып, әсіресе екінші сигнал жүйесі қарқынды дамиды. Дене дамуы баланың дербестігінің арта түсуі үшін, тәрбие мен оқыту процесінде қоғамдық тәжірибенің жаңа формалары игеруі үшін қолайлы жағдайлар жасайды.

Егер сөйлеу, ойлау, қабылдау процестерінің дамуы қалыпты жағдайда жүрмесе баланың ой-өрісінің дамуы да кейін қалады. Бала бұл жаста өзін еркін ұстап, өз бетімен әрекет жасап үйрене алмайды, олардың дамуында жол көрсететін, өмірге бейімделуіне жағдай жасайтын адам болу керек. Қандай адамзат баласы болмасын баланың әлеуметтік жағдайына бейімдейтін, үйрететін ата-анасы болып табылады. Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық процестерінің іргетасы осы жас аралағында қалыптасады.

Бұл жастағы балалардың танымдық процестерін зерделеуді психолог әрекет арқылы жүзеге асырады. Мысалы, өзіне тән ережелері бар ойын ұйымдастырылса, сол ойын үстіндегі балалардың психологиялық ерекшеліктері жазылып, кейін оған мұқият талдау жасалынады.

Бала бірдеңені есте сақтау немесе еске түсіру жөнінде алдына әлі мақсат қояды, ал бұл үшін арнаулы тәсілдерді қолдануды білмейді.

Мектепке дейінгі жас – жадының қарқынды даму жасы. Жады – бала үшін маңызды оқиғалар мен мәліметтерді жаданда қалдырады және сақтайды. Сондай-ақ мектепке дейінгі балалардың ойлау үрдісіне тоқталсақ, ойлау – тіл дамуы және ғылыми ұғымдарды меңгеру бірлігінде дамиды. Баланың сау психикасының ерекшелігі – танымдық белсенділігі.

Ойлау–сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының байланыс қатынастарының адам миында жалпылай және жанама түрде сөз арқылы бейнеленуі. Ақыл-ой жағынан бала қаншалықты пәрменді болса, ол сонша

көп сұрақтар қояды және оның сұрақтары соншалықты алуан түрлі болады. Бала заттың бейнесін ғана емес, оның қимыл-қозғалыстары туралы да ойлайды.

Бұл жастағы балаларға бейнелі ойлау тән. Әрине, ол жекелеген жағдайларға логикалық ойлауды да орындай алады, бірақ та бұл жаста көрнекілікке сүйенген оқыту тиімдірек болады. Мұның өзі осы жастағы балалардың естері еріксіз жақсы дамиды. Ерікті естері жаңа ғана қалыптасады. Сондықтан жақсы қабылдап алған заттардың түсін есінде жақсы сақтайды. Көру және есту елестері көрген нәрселердің мазмұнымен байланысты болады. Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері бала үшін ескеруге ерекше мән беруі қажет.

Мектепке дейінгі білім беру бойынша әлемдегі жетекші мамандардың бірі Тони Бертрамның пікірінше, «Бала үшін» ескеру балалардың келешекте демократиялық әлемнің толыққанды азаматтары болып қалыптасуы үшін ғана емес, балалар қазірдің өзінде қоғам азаматтары ретінде өз ойын еркін айту құқығын бала кезден пайдалана білуге дағдылануы үшін қажет.

2. Бала өзінің тұлға екенін түсінуі және одан әрі дамуға ұмтылуы керек. Мысалы, өздерінің әртүрлі жұмыстары, альбомдары, суреттері мен ойыншықтары қамтылған «сөйлейтін қабырғалар» түрінде.

3. Балалардың бойында қазіргі әлемде қажет болатын шығармашылық қиялды, креативтілікті дамыту қажет, көп жағдайда ересектер (оның ішінде педагогтер) бұл қасиеттерді жоғалтып алған. Балалардың бойында бұл дағдыларды дамыту үшін арнайы жазбалар жүргізуге, балалардың қойған сұрақтары мен қызықты жауаптарының, айрықша ой-пікірлерінің конспектілерін жасауға, оларды мүмкіндіктері мен қажеттіліктері әртүрлі балалардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қолдануға болады [4].

Мектепке даярлық жұмысы балалардың логикалық есін дамытуға ықпал етеді. Осы орайда тәрбиеші педагогтерге психологтың көрсетер қолдауы менкеңестері қажет. Алайда мектепке бару қарсаңында баланың психологиялық даму деңгейінде жеке даралық ерекшеліктер айқындалады. Осы ерекшеліктерді дер кезінде анықтап, сараланған оқытуды жүзеге асырғанда ғана бала мектеп партасынан сескенбей, бейімделуі мен танымдық қызығушылығы артады. Олай болатын болса, балаларға психологиялық қолдау жасауда көзге көріне бермейтін, бірақ үлкен маңыздылыққа ие балабақша психологының рөлі жоғары екендігін айтқым келеді. Осы республикалық конференцияны ұйымдастырушыларға тәжірибе алаңында айтылар идеялар үшін алғысымды білдіремін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Типтік оқу бағдарламасына әдістемелік нұсқаулық. – Астана, 2016 – 185 б.
2. Мектепке дейінгі ұйымдардағы МемСТ талаптарын сақтау бойынша әдістемелік нұсқаулық/ – Астана, 2016 – 30 бет.
3. Мектепке дейінгі ұйымдарда перспективалық жоспар мен циклограмманы құрастыру бойынша әдістемелік нұсқаулық, Астана, 2018 32 б.

4.Чудина Е.Е. Саморегулируемое учение как психолого-дидактическая технология формирования компетенции у обучаемых //психологическая наука и образование, 2004. -№23. –С.5-11.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БОЛАШАҚ КЕПІЛІ

АЛЫПКАШЕВА АЛМА БОЛАТОВНА

Павлодар облысы

Ақсу қаласы

№ 1 қазақ орта мектебінің

бастауыш сынып мұғалімі

Еліміздің ертені бүгінгі ұрпақтың қолында, ал ұрпақтың тағдыры ұстаздың қолында.

Н.Ә.Назарбаев

Қазақстан 2030 стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктірумен сипатталады. Қазіргі таңда қазақ тілі-мемлекеттік тіл, қарым-қатынас тілі–орыс тілі және ағылшын тілі– әлемдік кеңістікті тану тілін оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану-заман талабы болып отыр.

Оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы - заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама.

Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру-бүгінгі күннің басты талабы.

Шындығында мұғалімнің алдында оқушыларға білім мен тәрбие беруде үлкен жауапкершілік тұр. Әрбір оқушыны оқытып тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті жаңашыл мұғалім керек. Жаңа, тез өзгермелі, білімді де білікті, тың серпіліске, өзгеруге дайын және жаңа талап межесінен көріне алатын шығармашыл да кәсіби шебер мұғалімдерді қажет етіп отырғанына көзіміз жетті. Оқушылардың мектепте табысты оқуы ғана емес, өмірде де табысты болуы мұғалімнің қабілетіне, оның құзыреттілігіне байланысты екенін терең түсіндік. Мұғалім оқушылар үшін қандай да бір пән бойынша білім

беретін адам ғана емес, сондай-ақ олардың оқудағы еңбегін қызықты, тиімді ұйымдастыра алатын, оларға үлгі болатын ерекше тұлға болуы керек. Жаңа заман мұғалімнен күнделікті оқушылармен қарым-қатынас барысында әрбір жағдаят үстінде ерекше білім деңгейін көрсетуді және шығармашыл шешім қабылдай алуын талап етіп отыр. Оны қанағаттандыру үшін қазіргі заманның мұғалімі жаңашыл, икемді, өзгерісті тез қабылдай алатын, жан-жақты, жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды меңгерген болуы керек.

Бүгінгі заман талабы әр ұстаздан көп оқығанды сонымен қатар шығармашылықты талап етеді. Ал мұғалім болса өз шәкірт бойынан адами құндылықтарды қабылдап алатын ғылыми бағыт - бағдар көрсетеді. Қазақ зиялыларының бірі Міржақып Дулатұлы: «Мектептегі мақсаты құрғақ білім үйрету ғана емес, біліммен бірге тәрбиені қоса беру», деп жазды. Халқымыз өскелең ұрпақ тәрбиесінде ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани мұралар сабақтастығын сақтауды мақсат тұтқан. Балаға тәрбие-білім беруден артық еш нәрсе жоқ екенін білгеніміз жөн. Тәрбие бар жерде сөзсіз білім де бар, деп саналады. Бүгінгі таңда елімізде білім берудің деңгейі мен сапасына жаңа талаптар қойылып жатыр. Білім беру үдерісін бүгінгі күн талабына сай жаңаша ұйымдастыру ғалымдардан зерттеу кезде замануи талаптарына қарай білім беру технологиялары мен әдістерін, дүниетанымның ұстанымдарын қайта қарастыруды, рухани - адамгершілік құндылықтарға бетбұрыс жасауды талап етіп отыр. Демек, бүгінгі жаңаша білім беру жүйесі жаңа біліммен дағдыны меңгерген, шығармашылық қабілеті жоғары, дербес ізденіс нәтижесінде елеулі мәселелердің шешіміне қол жеткізетін, ойлау қабілетімен ерекшеленетін тұлғаны қалыптастыруды көздейді. Бүгінгі таңда мектептегі оқушы жан - жақты, терең білімді, интеллектуалдық деңгейі жоғары, өз бетімен ізденуге қабілетті етіп қалыптастырудың бірде-бір жолы оқушыны шығармашылыққа жетелеу. Бұл мұғалімнен терең біліктілікті қажет етеді және шығармашылық тұлғаны қалыптастыра алуға септігін тигізеді. Мұғалім-бүгінгі оқушы-ертеңгі қоғамның, елдің тірегін өмірге дайындаушы. Оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз үрдісі. Қазіргі кезде білім берудегі мақсат жан- жақты білімді өмір суруге бейім өзіндік ой талғамы бар, адамгершілігі жоғары қабілетті жеке тұлға қалыптастыру. Бұрын оқытуда оқушылар тек қана тыңдаушы, орындаушы болып келсе, ал қазіргі оқушы өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруде. Оқушы тұлға болып қалыптасуы үшін оның бойында түрлі жағдаятты проблеманы анықтауға, өзіндік тұжырым жасай білуге, өзіндік бағалауға, сыни ақпараттарды өз бетімен табуға, талдауға, логикалық операцияларды қолдана отыра дәлелдеуге, жалпы алғанда жеке адамның құзыреттіліктері қалыптасуы қажет. Бастауышта оқитын әр шәкірт білім алып қана қойма, шығармашылықпен зерттей білуге бағытталған. Жаңартылған білім беру жүйесі бастауыш мектептен бастап дұрыс қалыптасуы керек. Білім саласындағы жауапкершілікті жүзеге асыру үшін, мектеп ордасында әр

мұғалім күнделікті іздену арқылы барлық жаңалықтар мен өзгерістерді сабақ ордасында әр мұғалім күнделікті іздену арқылы барлық жаңалықтар мен өзгерістерді сабақ уақысында енгізіп отырады. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын үренбейінше жан-жақты сауатты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік және көптеген адами қабілетінің қалыптасуына жақсы әсерін тигізеді. Өзін өзі дамытып, оқу тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Әрине жаңа технологияларды қолдана отырып, жаңаша әдіс тәсілдерді сабақта тиімді пайдалану әрбір мұғалімнің шеберлігі. Оқушылардың білім сапасын арттыру мақсатында әрбір сабақта қолданатын оқыту мен оқуда дамытушы әдістерді тиімді қолдану болып табылады. Мысалға келтірсек ЭССЕ, Топтастыр, Пирамида, Құндылық сызығы, Т-кестесі, Sinkuein немесе бес жолды өлең, RAFT Түйін сөз, МСемантикалық карта, бір айналым сұхбат, Ми шабуылы стратегиясының өзіндік ережесін сақтап, дұрыс пайдаланса оқушының стандарты емес шығармашыл ойлауын жақсы дамытады. Ми шабуылы стратегиясының қағидасы қиын емес. Мұғалім топ құрады да, қандай да бір проблеманың шешуін табуды өтінесіз (айтасыз). Барлық оқушылар өз пікірлерін айта бастағанда, ешкім оның ойын бөліп, өз пікірін айта алмайды және бағаланбайды. Іс - тәжірибеден байқағанда бірнеше минут ішінде көптеген пікірлер, яғни шешімдер табуға болады. Бұл жерде пікірдің көптігі мақсат емес, ол тек нақты саналы шешім қабылдауға негіз болады. ДЖИКО әдісі ұжымдық оқыту әдісі. Мақсаты жалпы мәселені алдымен жұпта, сосын ұжымда талқылау. Кубизм әдісі: ойын арқылы оқыту. Кубиктің алты жағына жазылған сөздер бойынша жұмыс жасайды. Қандай да затты жан - жақты талдайды, талқылайды, сол арқылы білімдерін қайталайды, жаңа бідім қосады. 1,2-ші сыныптарда үш жағын ғана пайдалануға болады. Бастауыш сыныптарындам түрлі-түсті Кубикті пайдалануға болады. Венн диаграммасы әдісі. Бұл стратегияның мақсаты салыстыру- пайымдау. Т-кестесі әдісі қарама- қарсы нәрселерді, сөздерді тере білу. Бұл жұмыста салыстыру салыстыра отырып топтастыру сияқты процесстер жүзеге асады. Тірек сөздер әдісі. Мұғалім тірек сөздердің ретін бұзбай әңгіме немесе мәтін құрастырады. Оқушының сөздік қоры, тілі, қиялы дамиды. Бұл әдіс мазмұндама және шығарма жақсы дайындық. БББ немесе маркировка кестесі дейді. «БББ»- білемін, білдім, білгім келеді деген сөзлерден алынған. ЭССЕ немесе ой толғаныс әдісі. Бұл әдістердің қайсысын қолданса да мұғалімнің өз шеберлігіне байланысты. Әр оқушы топпен, жұппен жұмысты оңай қабылдайды. Оқушының сабаққа деген ынтасын арттыру жолдарының бірі сабақ барысында оның практикалық және қолданбалы ролін ашып көрсету болып табылады. Сабақты баланың қызығушылынысыз өткізу мүмкін емес. Сабақта қандай әдіс қолданылса да, алға қойылған мақсат оқу бағдарламасының материалдық мазмұнын бала бойына сіңіру. Қарап тұрсақ, еліміздің ертеңі бүгінгі ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры мұғалімнің қолында. Білім кілті бастауышта, деп

жай айтпаған. Сыныпта шәкірттердердің ойлау қабілеттері әр түрлі болады. Сондықтан сабақта әр сыныптағы оқушының жас ерекшелігіне қарап білім деңгейіне сай сабақтың түрін тауып, сол тақырыпты меңгеруде саралау жұмысын жүргізу керек. Бүгінгі күні оқушылар жаңартылған бағдарлама меңгеріп жатыр. Осы бағдарламаның мәні баланың ықпалды сауаттылығын қалыптастыру, білімге деген құмарлығын арттыру, бастамашылық пен кәсіпкерлікке дайындау. Ұлы ойшыл Абай: «Шын жақсы адам- шын мағынасында талапты, ізденгіш, қоғамға да, өзіне де пайдалы еңбек адамы», -деп айтқан болатын. Еш білім тәрбиесіз алға баса алмайтынын бәріміз білеміз. Халқымызда: «Ақылдыға ерсен адаспайсың», - деген сөзді есте сақтаған жөн. Ертең Қазақстанның атын шығарып, егемен елдің тірегі болатын жас ұрпақтың білімге деген сұранысы жоғары. Заман талабы үдерісіне шығу керек себебі, жаһандану жүріп жатқанда ұлттық мүдде, ұлттық тәрбие мен рухты сақтап қалу үлкен міндет. Ұлттық санасы бар білімді ұрпақ тәрбиелеу арқылы қол жеткізбекпіз сол міндетке. Халқымызда «Білікті бірді, білімді мыңды жығалы», деген ұлағатты сөз бар. Білімнің шындығында, баға жетпес үлкен рухани қару екендігі, тек рухани қару емес, сонымен қатар, аса зор өндіргіш күш енені белшілі. Осы өндіргіштің тілін табатын ұрпақ тәрбиелеу ұстаз парызы. Қарап тұрсақ, оқушыға білім беру күрделі мәселе. Білім беру жүйесінің басты мақсаты ұлттық және адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқудың жаңа технологиясын енгізу, білім беруді ақпараттандыру. Әрбір оқушыға сапалы және терең білім мен іскерліктің болуы талап ету қазір мазмұнының талабы. Тәуелсіз елімізде білім сапасын жетілдіру ең өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Соның ішінде білімнің негізі бастауышта тұжырымдасымен келісерсіздер, деп ойлаймын. Бастауыш сынып оқушысы бұл оқушы тұлғасының қалыптасатын қайталанбайтын кезеңі, деп білуіміз дұрыс болар. Сондықтан да, бастауышты да бастауыш білім үздіксіз берудің алғашқы табалдырығы болып саналады. Жаңартылған білім беру бағдарламасы негізінде оқыту мен оқу тәжірибесіндегі жаңа әдіс тәсілдердің тиімді жақтарын көрсету, оқушылардың алған білімдерін өмірде де пайдалана білу, олардың функционалдық сауаттылығы мен танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, шығармашылығымен айналасуына толықтай жағдай жасауды талап етеді. Жас ұрпаққа, жас буынға жаңаша білім беру жолында түбейгейлі өзгерістер жыл сайын жаңарып жатыр. Ал заман ағымына сәкес білім берудегі жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанды ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады. Еліміздің жарқын болашағын бағыттайтын ұстаздар ортамызда отыр, десем қателеспеймін. Жаңа міндеттердің пайда болуы ақпараттың қарқынды дамуына тәуелді. Ақпаратты үнемі жаңартып отыру керек. Бұл өз бетінше

білім алу жолымен жүзеге асуы мүмкін, ал бұл адамнан танымдық белсенділікті және өзіндікті талап етеді.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2011 жылғы Қазақстан халқына «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» Жолдауында «Өмір бойы білім алу» әрбір қазақстандықтың жеке кредосына айналуы тиіс», деп бекер айтпаған да болар.

Әрине, сапалы білім - ел болашағын айқындайтын басты көрсеткіш болып табылады. Бүгін мектеп партасында отырған бүлдіршіндер ертең ел тағдырын шешетін азаматтар. Олардың сапалы білім алуын бүгін қамтамасыз ету—мұғалімнің басты міндеті. «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттерімен озады», - деп Абай атамыз айтқандай, озық ойлы білімдар адамдар заманның, қоғамның дамуына, өзгеруіне үлесін қосып келеді. Осындай қоғамдық әлеуметтік мәдени өзгерістер, дамулар мектептің оқыту процесіне әсер ететіні сөзсіз. Кез келген оқыту белгілі мөлшерде адамды дамытады. Оқитын пән қаншалықты жаңа, бағалы болса да, мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болсын, мұғалім мен оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді.. Яғни, мұндағы бала өзі ізденуші, бір-біріне үйретуші, ал мұғалім бағыт беруші, нұсқаушы. Жаңа бағдарламаның басты мақсаттарының бірі – баланың оқыта отырып, ой еркіндігін, белсенділігін, ізденімпаздығын қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру.

Әйгілі зерттеуші Л.С.Выготский: «Дәстүрлі оқыту - бала дамуына тек қондырғы болып, дамуға стихиялы әсер етсе, яғни, «дамудың соңында жүрсе», жаңаша оқыту-«дамытуды өзімен бірге ала жүреді», -деген болатын. Сондықтан тек дәстүрлі оқытумен шектеліп қалмай, мұғалім әрқашан ізденісте болып, өзіне және шәкірттеріне тиімді жақтарын қарастырып отыруы тиіс.

Бүгінгі күні барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені, қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Оқушыларды заманауи әдіс-тәсілдермен оқытып, ой-өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Оның үстіне білім берудің жүйесін қарқынды дамытқан бұл үрдістің жалпы білім беретін мектептерге де енгізіле бастауы көңілді қуантады.

Осы бағдарламаны меңгергенде ғана жан-жақты дамыған, болашағы айқын, бағдары анық, бәсекеге қабілетті рухани бай тұлға қалыптастыра алатынымызға сенімім мол. Үнді халқының тарихи тұлғасы Махатма Гандидің «Егер сен болашақтағы өзгерісті байқағың келсе, сол өзгерісті уақытыңда жаса» деген ілімін негізге ала отырып, оқушы бойындағы қабілетті жетілдіріп, оқушыларды болашаққа жетелеп, жақсы істі жалғастыру біздің басты парызымыз деп білемін.

Жаңа бағдарлама бойынша жаңаша көзқарас қалыптасып, білім деңгейі биікке көтеріледі деген сенімдемін.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы- 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», 17.01.2014 .
2. Н.Ә. Назарбаев “Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту–Қазақстан дамуының басты бағыты” атты Жолдауы, 2012.
3. ҚР Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Астана, 2011.
4. ҚР Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Астана, 2010.
5. ҚР «Білім туралы» Заңы, Астана, 2007.
6. «Білім технологиялары» № 3, 2014

ЖАҢАРҒАН БІЛІМ БЕРУ АЯСЫНДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ОҚУШЫ БОЙЫНА ДАРЫТУ

АМРЕНОВА АЯУЛЫМ ТІЛЕУЛЕСҚЫЗЫ

Павлодар облысы

Екібастұз қаласы

№11 жалпы орта білім беру мектебінің

бастауыш сынып мұғалімі

Бүгінгі таңда ХХІ ғасыр табалдырығын еркін аттаған азат ұрпаққа тәлім-тәрбие мен білім беруді жетілдірудің басым бағыттарын айқындап, педагогика ғылымында ұлттық сананы қалыптастыру көкейкесті мәселелердің бірі болып отырғаны анық. Сондықтан келешек ұрпақты ұлттық, халықтық тұрғыдан тәрбиелеу қажет. Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің негізгі бағдарлы идеялары еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2030» халыққа жолдауында былай деп жазылған: «Толық өркениетті ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылғанымыз жөн».

Олай болса, басты мақсат–жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу.

Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:

- оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;
- жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;
- ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеу;

- жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерін қалыптастыру сияқты міндеттерді орындағанда ғана басты мақсатқа жетеміз.

Ұлттық құндылықтар халықтың ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық, рухани және мәдени құндылықтары жатады. Осы құндылықтарды ұрпағымыздың бойына сіңіріп, оқу-тәрбие үдерісінде ұлтжандылыққа, отаншылдық пен салт-дәстүрімізді құрметтеуге баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеу – ұстаздар алдындағы басты міндет. Ұлтымыздың тұнып тұрған асыл мұра, рухани байлығын оқыту үдерісіне енгізу арқылы қазақ халқының құнды ойларын, даналық пәлсапасын, өмірлік тәжірибесін халық игілігі үшін қолдана алатын жан-жақты дамыған, білімді, өзіндік көзқарасы бар жеке тұлғаны қалыптастырамыз. Сондай-ақ ұлттық құндылықтарды оқушы бойына сіңіруде ақын-жазушылар мен еліміздің ұлтжанды азаматтарымен болған кездесулер әсер етеді десек артық болмас.

«Мәңгілік Ел - жалпы Қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы болатын. Ендігі ұрпақ - Мәңгілік Қазақтың Перзенті. Ендеше, Қазақ Елінің ұлттық идеясы- Мәңгілік Ел!» деп Елбасымыз нақты атап өтті. Әлеуметтік маңызы зор құндылықтың мән - мағынасын ұғындыру, баланың санасына, сезіміне, түйсігіне, мінез-құлқына әсер ететіндей дәрежеде жеткізу ұстаздық шеберлікті талап етеді.

Рухани жаңғыру біздің ұлттық санамызда қалыптап, бәсекеге қабілетті болып, кез-келген мәселеге прагматистік тұрғыдан келуді, жалпы алғанда ұлттық бірегейлігімізді сақтай отырып дамуымызды талап етеді. Рухани жаңғырудың ең басты шарты – «білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу» Өйткені, ҚР Президенті «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты Бағдарламалық мақаласында атап көрсеткендей, «табысты болудың ең іргелі басты факторы білім екенін әрқайсысымыз терең түсінуіміз керек... Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді». Бүгінгі жас ұрпақ, болашақ маман.

Адамзат тарихында құндылықтар қалыптасуының негізгі ерте заманнан-ақ ойшылдар мен ғұламалардың назарында болды. Олардың тәрбиелік негіздері атадан балаға ұрпақтан-ұрпаққа ізгі қасиеттер мен сезім ниеттерден тұрады. Ұлттық құндылық белгілі бір бағытты, мақсатты, жүйелі ұлттық көзқарасты, мінез-құлықтағы адамдық тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жүйе.

Білімді жаңартудың мәдени-әлеуметтік маңыздылығы жалпыадамзаттық құндылықтарға басымдылық берілетін бірегей әлемдік қауымдастық құру болып табылады. Өз ойына, сөзіне, іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарайтын, табысты еңбек етуге дайын үйлесімді адамды тәрбиелеу аса маңызды.

Бүгінгі жас ұрпақ – Қазақстанның болашағы десек, яғни, ұлтымыздың тектілігін, дарындылығын, кеңпейілділігін ары қарай дамыта отырып,

қазақтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптары арқылы сол құндылықтарды құрметтеуге, дінін, ділін берік ұстануға тәрбиелеуде және халқымыздың асыл қазыналарын сақтауға, қорғауға үйретуді біз тек сәби кезінде және мектеп кезінде ғана оқытып қоймай, ары қарай жетілдіру негізгі міндетіміз.

Қорыта келе, мен мақаламды ақын Міржақып Дулатовтың «Жалғыз сүйеніш, жалғыз үміт–оқуда. Теңдікке жетсек те, жұрттығымызды сақтасақ та, дүниедегі сыбағалы орнымызды алсақ та, бір ғана оқудың арқасында аламыз. Жақсылыққа бастайтын жарқын жұлдыз– оқу. Надан жұрттың күні –қараң,келешегі–тұман» деген сөздерімен аяқтағым келіп отыр.ХХІ ғасыр–ғылым ғасыры.Мақсатты білім беру–тұлға дамуын жүзеге асыратын мәселе.

Қолданған әдебиеттер:

- 1.Қазақстан Республикасының Президенті–Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2017. 12.04. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы.
- 2.Б.И.Иманбекова, Тәрбиеге жетекші. Алматы, 2004.

ҰЛТТЫҚ ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ-ОРТАҚ ІС

АТАЛЫКОВА РАЙХАН МЕНДІҒАЛИҚЫЗЫ

Атырау қаласы

Ы.Алтынсарин орта мектебінің

жоғарғы санатты педагог-психолог

Педагог-ғалымдар жеткіншектер дүниетанымының диалектикалық бірлікте болатын танымдық, эмоциональдық және ерік-жігер компоненттерінің бар екендігін атап көрсетеді. Қоғамдық өзгерістер кезінде ұлттық психология мен халықтың мінез-құлқы да өзгеріп отырады, өзіндік сипат алады. Қазақ елінің өсіп-өнуімен бірге ондағы халықтардың дүниетанымы да, көзқарастары да, ұстанатын идеялары да үнемі даму мен ұшталу үстінде болуы шарт [115].

Ата-бабадан жеткен даналық сөздер, ұлағатты ойлар, қағидалар өміршеңдігімен құнды. Кезінде қазақ зиялылары А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедұлы, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытовтар өз ұлтының салт-санасын, әдет-ғұрпын, жол-жоралғысын, дәстүрін терең үңіле зерттеп, халықтың ғасырлар бойы жиған мұрасына тәлімдік, танымдық тұрғыдан талдау жасаған. Ж.Аймауытов ұлт тәлімінің діңгегі өз халқын қастерлеу, өткеніне жіті қарау деп бағаласа, М.Дулатов: “Мектепте алған тәлім-тәрбиенің әсерлі, сіңімді болуы қай халықтың болса да, ана тілімен, өз ұлтының тұрмысынан алынған мағлұматтан тұрса, ұрпақ бойына ұлт рухы дариды”, - деп жазған [116. Б. 178].

Ж.Аймауытов адам баласының мәдениет тарихынан өнердің көрнекті орын алып келгеніне, өнерсіз қоғамның дамуы, рухани байлықтың молаюы мүмкін еместігіне тоқталып, ұлт мектептерінде әуелі кескін мен әуез өнерін, яғни сурет салу, ән-күй үйретуге негіз салу керектігін, әрбір

баланың өнерге деген ынтасын қозғап, өнерпаздық қабілетін тәрбиелеу қажеттігін баса айтады. Жазушының халқымыздың психологиялық ерекшеліктері жайындағы пікірлерін айрықша атауға болады. Белгілі бір халықтың немесе ұлттың өзіне тән құлқы, темпераменті, талғамы, әдет-ғұрпы, эмоциясы болатыны белгілі, олар өздерінің бірсыдырғы тұрақтылығымен айрықшаланып, қоғамдық сананың барлық түрлеріне өзінше бояу береді. Ұстаздық етуде, педагогика, психологиядан дәріс беруде де Ж.Аймауытов өз ұлтының салт-анасын үніле зерттеген. Ел ішінде сіңген әдет-дағдыларға сыни тұрғыдан қараған, олардың жөндісі де, жөнсізі де, естісі де, есері де барына көз жеткізген, жөн-жосыққа, адамгершілікке сыйымдыларын, өмір-тіршілігіне тиімділерін заң ретінде пайдалануды атап өткен [117].

А.Байтұрсынов еңбектерінің тағылымдық жақтары, бүгінгі қоғамдағы жеке тұлғаны қалыптастырудың мүмкіндіктері қарастырылды. Сондай-ақ, педагог-ғалымның өмірі арқылы жеке тұлғаны қалыптастырудың психологиялық алғы шарттары айқындалды. “Тұлға мен қоғам”, “Тұлға мен тұлға” арасындағы қатынас, “Тұлға мен дәуір” қос бірлігі мен үндестігі негізінде тәрбие берудің ерекшеліктері қарастырылады [98. 118. 119]. А.К.Байтұрсынов “Сары шымшық” мысалында жастарға адамның кісілік қасиетін көрсететін оның сылдыр сөзі емес, нақты істе тындырымдылығы, парасаттылығы мен саналылығы, ал шамаң, өрең жетпейтін нәрсеге ұмтылудың қажеті шамалы “көрпеңе қарай көсіл” деген халық даналығымен ұштасатын өсиет айтады. Артына қалдырған мұраларына шолу жасай отырып, ақынның негізгі идеясы жастар тәлімін үлгі өнегеге толы ғибрат арқылы жүзеге асыруды мақсат еткенін түсінеміз. А.Байтұрсынов шығармаларының танымдық мәні баланың теңей, салыстыра астарлы сөйлеуге тәрбиелеуді көздейді [120].

М.Дулатов өз еңбектерінде қазақ жастарының есте сақтау, байқампаздық ерекшеліктерін білім беруде негізге алу керектігін нақты мысалдар арқылы баяндаған. Халықтың тұрмыс-тіршілігі, күнкөрісінен құрастырылған есептер, тапсырмалар мен жаттығулардың бала зердесіне қонымды келетініне талдау жасауынан жазушының ұлттық ерекшеліктерді көрегенділікпен бағалауы деп түсінеміз. Тумысынан зерек, қабілеті зор баланың дарындылығын жетілдіру үшін оның психологиялық астарына үңіледі. “Тумысында қанша зеректік болса да, - деп жазды М.Дулатов, - ғылымсыз, тағылымсыз кемеліне жетпейді. Кімде-кім өзінің табиғатында не нәрсеге шеберлігі барлығын сезіп, өз жолына түссе ғана, көзге көрінеді...” [116].

Міне, осы тұрғыдан алғанда, XX-ғасыр басында болған оның түбегейлі өзгерістерді өзінше түсінгісі келген М.Әуезов те шешуші ықпал жасайтын құбылыстарды тануды мақсат тұтты, олардың шешілуіне барынша күш-қайратын жұмсады. Ұлттық түсінік, ұлттық таным, ұлттық даму талаптарынан туындайтын тіл мәселесі, мектептерде әр сатылы білім берумен қамтамасыз ету, ұлттық салт-дәстүрді ақтау, діни сенім-нанымдар,

ақпарат құралдарының ұлттық бояуларының байлығы т.б. мәселелердің дұрыс шешілмеуі түрлі психологиялық себептермен ұлтаралық наразылықтар тудыруы мүмкін екендігін ұлы жазушы бүкіл саналы өмірінде үлкен мінбеден талай айтты.

Этнопсихологиядағы басты өлшем–сол халықтың өзіндік ерекшеліктерін айқындайтын нәрсе, оны ғасырлар бойы дамып, қалыптасқан ортақ рухани тіршілігі (фольклор, дәстүр, салт-сана, тіл, өнер, т.б.) болып саналады. М.Әуезов көп жағдайда оны тек теориялық тұрғыдан зерттеп қоймай, халықтың нақты психологиясымен, салт-санасымен, таным-түсінігімен бірге қарастырды. М.Әуезов “Республиканың жарқын жолы” деген публицистикалық мақаласында ұлттық психологияның қоғамдық өзгерістер кезінде бұрынғы формасын өзгертіп, жаңа мазмұнға, жаңа сапаға көшетіндігін айтады. “...Заттың тәрбиелік, халықаралық жағдайлары, орталардың өзгеруімен қатарласа, ілесе, - деп жазады жазушы, - адамның өз психологиясы, сипат-болмысы да, мазмұн, мүмкіншілігі де мүлде басқа салаға ауысып, өзгере береді” [121]. М.Әуезов жан жүйесі (тану) ғылымы психология саласында арнаулы еңбектер жазбаса да, оны ұлттық психологияны танытуға зор үлес қосқан ойшыл жазушы деуімізге толық дәлел бар.

Халықтың тарихына, мәдениетіне, тағдырына зерек көңіл бөлу, өзінің қаламгерлік борышын биік сезіну М.Әуезовті өмір бойы сан алуан ғылыми ізденістерге ұмтылдырған, оның шығармаларының дүниетанымдық өзектері болғаны байқалады. Солардың бірі – халық дүниетанымының бағыттарын зерттеуде салған дәстүрі. М.Әуезов халық психологиясы, халық дүниетанымы туралы пікірлерін сонау 20-шы жалдардан бастап өзекті мәселе етіп отырған. Оның әдебиеттану саласында жазған еңбектерінің құндылығы сонда, онда халықтың танымы, қабылдау мүмкіндігі халықтық дәстүрлердің, салт-сана, әдет-ғұрыптардың көріністері түрінде жазылған [122].

М.Әуезов ұрпақ танымы мен тәрбиесіндегі халық әдебиетінің орнын ерекше қастерлеген. 20-сыншы жылдардан бастап ауыз әдебиетіне жанашырлықпен қарап, оны таным-тәрбиенің түп қазығы деп түсінген фольклорист-ғалым бұл мәселелерге өмірінің соңғы жылдарына дейін екі қайта оралып, үнемі жетілдіріп отырған. Дәлел ретінде оның “Халық әдебиеті туралы” (1924), “Әдебиет тарихы” (1925-1927), “Жұмбақ туралы” (1938), “Қазақ халқының эпосы мен фольклоры” (1939-1940), “Айтыс өлеңдері” (1948), “Қазақтың ауыз әдебиеті” (1957) сияқты еңбектерін айтсақ та жеткілікті. Тарихымызды, оның ішінде рухани дүниемізді таразыласақ, ұлағатты дәстүрдің, өткеннің парасаттылық, адамгершілік өнегесінің, музыкасы мен ән әлемінің тығыз астасып жатқанын көрер едік.

Адам тарихын неғұрлым көп білген сайын, оның тұңғығына неғұрлым терең сүңгіген сайын ұлт тағдыры, ұлттық бейнесі жайлы көбірек алаңдайды. Бұл заңдылық М.Әуезовке мына ойларды артына

қалдыруды жүктеді: “Ұлт болғымыз келсе, ұлттық бет-бейнемізді сақтағымыз келсе, онда осы бастан ұрпағымыздың қамын ойлайық. Соның жайын ойлайық. Солардың күні ертең кім болып өсерін таразылап көрелік. Жақсы, ақылды ұрпақ қалдырсақ, ұлттың да көсегесі көгеретіні айдай ақиқат”, - деп көрегенділік танытқан [121. Б.338]. Мұхтар Әуезовтың бай рухани қазынасының халық мұраларына, халық өнері мен дәстүрлеріне, тіліне байланысты ойларын түгелдей шолып өту мүмкін емес, сондықтан зерттеу жұмысында оларды тиімді пайдалану, ұрпақтар жадына салу, жастар тәрбиесі мен оқу ісіне қатысты әрбір саналы адамның абыройлы борышы. Өйткені, аға буын ұрпақтар тіл, дәстүр, ұлттық өнер, жалпы таным мен түсінікке қатысты нәрселердің бәрі адам бойына есейгенде емес, ана сүтімен бірге дарығанда ғана көктеп, жапырақ жаятындығын түсінуге тиіспіз.

Бүгінгі таңда Қазақстандағы білім беру саласында жалпы білім берудің мемлекеттік стандарттары қызу талқылануда. Білім берудің базалық компоненттері мен Мемлекеттік стандарт мазмұнында жаңа технологияны ендіру, ал оны толықтыратындар: оқу-тәрбие үрдісін модульдеу жүйесі; білім алудағы диалогтық қатынас, дамыта оқыту мен білім беру жүйесін кіріктіру идеясы негізінде іске асыруға болады. Кіріктірілген білімнің әлем және адам туралы ғылыми дүниетанымдық көзқарасты қалыптастыруға әсері зор. Кіріктірілген технология дегеніміз, бұл- жаңашыл педагогикалық технология [123. 124]. Жаңа педагогикалық технология қатарына ұжымдық ойлау, әрекеті (Вазина К.Я), ұжымдық оқыту тәсілі (В.К.Дьяченко), ұжымдық шығармашылық әрекет (И.П.Иванов), дамыта оқыту технологиялары (В.В.Давыдов, Д.Эльконин, Н.П.Талызина[125], т.б.), саралап, деңгейлеп оқыту (В.В.Фирсов, В.М.Монахов, Ж.А.Караев), проблемалық оқыту технологиялары (М.И.Махмутов) жатқызылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әуезов М. Шығармалардың 20 томдығы. т.20. Алматы, 1985. 440-бет
2. Аймауытов Ж. Шығармалары. Алматы, 1989. 269б.
3. Байтұрсынов А. Шығармалары. Алматы, 1989. 117б.
4. Тайжанов А.М. Әуезов шығармаларындағы дүниетаным өзектері. Алматы, РБК, 1985. 120б. Б.16-20

ЖАУЫРЫНШЫЛЫҚ – КӨШПЕНДІЛЕР ӨНЕРІ

АСАНОВА МАЙРА

Қазақ ауыз әдебиетінде «жауырыншы» деген сөз жиі кездеседі. Үш жүз жылдан астам бодандықта ғұмыр кешу ұлттың көне ғұрпына, әдет-салтына салқынын тигізбей қоймайтыны рас. Отаршылдық жүйенің бұйрығына бағынып, құлмінез болғанымызды қалай жасыра аламыз? «Күштілерім сөз айтса, бас изеймін шыбындап» деп Абай айтқандай, қанымызда жоқ жағымпаздық пен опасыздыққа да ет үйреттік. Соның салдарынан ұлттық дәстүрді ұмытып қала жаздадық емес пе? Тәуелсіздік таңы атып, енді-енді есімізді жинап, етек-жеңімізді қымтап, айналаға күдікпен емес, үмітпен қараған тұста ата-баба дәстүрі жайлы да ойлана бастадық. Тереңдеп үңіле алмаймыз, өйткені, біз өткеніміз жайында көп нәрсе біле бермейміз. Көп нәрсені естен шығардық. Қазіргі таңда оларды қайтадан жаңғырту жөнінде Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы бастамашы болып отырғаны ақиқат. Осы орайда «жауырыншы дегеніміз кім?» деген сұрақтың төңірегінде бас ауыртуға тура келді.

Бәледен сақтайтын тұмар

Бастан кейін тұратын сүйек – жауырынның қасиеті көп. Ертедегі балгерлер «жауырын жағу» немесе «жауырын қарау» арқылы болашақты болжаған. Бал ашуға арналғандарын тіс тигізбей, пышақпен тазалайды. Көне Түркілер киелі деп білген сүйек қазақтар арасында, тіпті, қадірлі. Ықылымда жаңа туған балаға сәуегей болсын деген ырыммен әуелі жауырын сорғызған деген де сөз бар. Оны майлап, нәресте жастығының астына салып қояды екен. Ержеткенше сандықта сақтайды. «Қозы жауырын оқ атпай, атқан оғын жоғалтпай» деп Махамбет ақын тегін айтты дейсіз бе?! Бағзыдағы батырлардың көбінде жауырын қарайтын қасиет болған. Болмағандары жанына жауырыншы, балгерлерін ертіп жүрген. Моңғолдарда мүшенің бұл түрі - аса қадір тұтар нағашыға тартылатын сыйлы жілік. Жиһанкез Гильом де Рубрук өз еңбектерінде Алтын орда ханы Мөңке таң атқанда алғашқы жұмысын «жауырын жағып», бал ашудан бастайтынын жазған. Отқа түскен сүйектің жарықшағына қарап, жорықтың сәтті, сәтсіз болатынын пайымдаса керек. Қазақтар қойдың жауырынын бәле-жаладан сақтайды деп тұмар орнына тоқым арасына тіккен. Айғырдың жалына байлаған. Бала ауырғанда мойнына таққан. Мұның бәрі ертедегі ырым-кәделер. Жауырыны жерге тимеген балуандарды құрметтеген. Жерге тисе, жеңілдіге саналған. Халықтың қу сүйекке құрметі осыдан-ақ байқалады.

Көшпенді халықтарға ғана тән

Жауырыншы — жауырын сүйегіне қарап болашақты болжайтын адам. Бұл жөніндегі деректер қазақ фольклорында, яғни, батырлар жыры мен ертегілерде жиі кездеседі. Жауырынмен болжау үшін адамның тісі тимеген қойдың жауырыны керек делінеді. Жауырын сүйектің етін сылып тастайды, сосын оны кептіреді. Ата бабаларымыз отқа салып қарап отырып, соғыс, жорық нәтижесін болжағаннан кейін аталмыш мақсатта жауға қарсы айла

жасап отырған. Осыған қарай отырып, жауырыншылық тек көшпенді халықтарға ғана тән өнер екенін аңғаруға әбден болады.

Аңыз-әфсаналарға, дерек көздеріне сүйеніп қарап көрсек, жауырыншылықпен көбінесе билер, батырлар айналысқан. Мысалы, Қазтуған жырында Қара Бұқан батыр, қазақ-жоңғар соғыстарына қатысушы Ханкелді батырдың да жауырыншы болғаны айтылады. Соғыс кезінде батырлардың ғана емес, жауырыншылардың өнері мен күші де сынға түскен. Жауырыншылық өнердің соғыспен және әскерилер қауымымен тікелей байланысты. Радлов пен Палластың еңбектерінде де қазақтардың жауырынмен болжам жасайтыны жазылған.

Көне ғұрыптың бірі

Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған мамыражай заманды жауырыншы ақсарбас қойдың ақ жоңқа жауырынын аударып-төңкеріп отырып болжайтын болған. «Жауырынның етегі жалпақ, ойықтау болса малы көп, бай болады, қазан шұңқыры терең болса дастарқаны мол, өмірі жайлы, жылдан аман-есен шығады» деген ұғымдар айтылады. «Қыр сүйегі биік үшкірлеу болса, аты жүйрік, қыр сүйегінің майысқан жері сұқ саусаққа ілініп тоқталса, түйе-сиыр өріске толады» дейді. «Ол доғалдау келсе, дәулеті шалқиды, іргеден құт кетпейді» деп жорыған. Жауырын сүйек қалың болса, қоғам тыныш болады. «Жауырын алақанында алашұбар дақ болса, ел іші ала, кереге басы пәле, жаугершілік болады, қыр сүйек ұзын болса, ғұмыр жасы ұзақ, үрім бұтағы да жетіледі» деп байлам айтып, долбар жасайды. Жалпы, қазақтың қай ырымы да қате кетпейді. Оның бәрі өмір тәжірибесіне сүйеніп негізделген. Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы - дер кезінде шыққан маңызды бағдарламалық құжат. Оны оқып, берілген тапсырмаларды тиянақты жүзеге асырса, ата салтымыздың ұмыт болмайтынына сенімдімін.

Барымтада да қолданыпты

Елдің аузында айтылып жүрген деректер де жоқ емес. Ілгері өткен заманда дәулеті тасыған бір байдың жылқысы қолды болыпты. Бұл хабарды естіген бай ағайын-туған, малшы-жалшыларын, ауылдың батыр-бағланын алып, олардың іздеріне түседі. Барымташылар да әбден әккі екен. Ізден адастырып кетпек болады. Бірақ, ізге түскен қуғыншылар олардың қыр соңынан қалмайды. Ұрылар «Олар біздің соңымыздан неге қалмай келе жатыр» деп ақылдасады. Жылқыны айдап кеткендердің соңынан шыққан топта жауырыншы бар екен. Ол алдыңғы топтың қалай бет алғанын жауырынға қарай отырып, тап басып біліп отырғанға ұқсайды. Дегенмен, оны қасындағы жігіттердің барлығы білмеген. Арасында «Қой, кейін қайтайық. Барымташыларды таба алмаймыз» деген сыпсың сөз де шығады. Сонда әлгі жауырыншы қоржын түбіндегі жауырынға қарап «Жігіттер, айтқандарың рас секілді. Бұлай жүре берсек, оларды қолға түсіре алмаймыз. Олардың арасында жауырыншы бар екен. Сол біздің қай жерде келе жатқанымызды та басып отыр. Сондықтан атты теріс ерттеңдер» деген екен. Бұл бұйрықты жанындағы жігіттер заматында орындайды. Бұның өзі

қарсыласқа қарсы қолданған айла екенінде сөз жоқ. Сол сәтте алдыңғы топтағы жауырыншы «Енді ешқандай алаңдайтын жағдай жоқ секілді. Ешбір қам жемей-ақ қоялық. Менің болжамымша, қуғыншылар әбден сілесі қатқаннан кейін елдеріне қайтқан болуы керек. Ерлері теріс қарап кетіп бара жатыр» деп қашып келе жатқан барымташыларды тыныштандырады. Ұрылар бірнеше күн, бірнеше түн кірпік ілместен келе жатқан жандар ғой. Атсоқты болып, демалып жатқан олар қуғыншылар қолына осылайша оп-оңай түседі.

Жасыбай көлі жайлы аңыз

Мен бұл тақырыпта мынадай аңыз естіп едім. Соны тарқатып айтайын. Жоңғарлармен шайқастың бірінде Жасыбай батыр жаудың беті қайтты деген соң, аттан түсіп, жайбарақат сауытын шешіп, жауырыншысына жауырын қаратқаны сол екен жауырыншы сөйлеп кетіпті: «Тас басында бір батыр, Жайбарақат жатқан ба?!

Түстік жерден қас жауы

Көздеп тұрып атқан ба?»—деп, аузын жиып алғанша, батырдың маңдайына сарт етіп жебе қадалады. Аңдып жүріп, қарсы беттен оқ атқан қалмақтың Домбауыл батыры деседі. Содан бері сол жер «Жасыбай асуы», жанындағы су «Жасыбай көлі» аталады.

P.S. Жауырыншы тұрмақ, жауырын мен жамбас сүйекті ажырата алмайтынымыз – бүгінгінің ащы шындығы. Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында айтылғандай, ұлттық құндылықтарға құрметпен қарау – азаматтық парызымыз.

БАЛА БОЙЫНА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

АУБЕКЕРОВА АЛИЯ ОНГАРГАРОВНА

Атырау облысы

Махамбет ауданы

Алға селосы

«Қарлығаш» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі

Бүгінгі таңда жас ұрпақты тәрбиелеуде бала бойына ұлттық құндылықтарды қалыптастыру өте маңызды. Жас ұрпақты өз халқының тарихын түсіну, салт-дәстүрлерін білу, тіл білімін жетілдіру, адамгершілік қасиетін арттыру қазіргі қоғам талабы. Бала бойына ұлттық құндылықтарды қалыптастыру арқылы еліміздің мықты іргесін ұстап отыратын Отан сүйгіш патриот азаматтарын қалыптастыра аламыз.

Елбасы өз сөзінде: «Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, бола-шақты білімді ұрпақ айқындайды, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаз қолында» деп ерекше айтып кеткен. Яғни, еліміздің болашағы – ұрпақ.

Ұлттық құндылықтар белгілі бір ұлтқа ұлт азаматына тән зат, адами қадір-қасиет, яғни ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани құндылықтар. Ол-тәрбие мен оқытуға бағытталған мұрағаттар. Оларға меймандостық, кісілік, сыйластық, имандылық, кішіпейілділік, салауаттылық, қайырымдылық, ізгілік, еркіндік, өнерпаздық, сыпайылық, мәдениеттілік, шығармашылық, рухани байлық, махаббат сынды қасиеттер жатады. Л.А.Харисова рухани адамгершілік құндылықты рухани мәдениет негізінде зерттей отырып, танымдық мәдениет, адамгершілік мәдениет, ұлттық мәдениет, рухани-әлемдік мәдениет, салауатты өмір сүру мәдениеті, дүниетанымдық мәдениет деп қарастырды.

Ж.Молдабеков өмір сүру, тіршілік ету философиясы адамдықты бағу, адамгершілікті тану, адамзат тіршілігінің мақсатымен жан-жақты үйлесетіндігін атайды. Адамдықтан қанағат тапқан әдепбағуға бейім. Әдепбағудың көне де, қасиетті түрі – тектілік пен шежіре, оның мәнімен есептесу екендігін түсіндіреді

Ұлттық құндылықтарымызды мектепке дейінгі жастан бастап қалыптастырудың маңызы зор. Ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың бағыттары көп. Оларды төмендегідей бағыттарда көрсетуге болады:

- Отанын сүйушілік;
- Отбасылық тәрбие және үлкендерді сыйлау;
- Тіліне деген құрмет;
- Ұлттық ойындар арқылы;
- Ұлттық мерекелер, т.б.

Мектепке дейінгі жастан бастап біздің елдің болашақ азаматы, тұлғасының іргетасын қалау қажет. Балаларда Отаншылдық қасиеттерді тәрбиелеу-баланың өнегелік даму міндеттерінің бірі, ол өзіне жақын адамдарға, мектепке дейінгі білім беру ұйымына, туған еліне деген сүйіспеншілікті дарытуды қамтиды. Отан ұғымында тақырыпта әңгімелеу барысында Қазақстан Республикасының рәміздерімен таныстыра отырып, халқымыздың тарихымен таныстыру, елін, жерін сүйюге тәрбиелеудің маңызы зор. Балаларды патриоттық сезімде тәрбиелеуде Отан туралы, туған жер туралы тақпақ-өлеңдер жаттату, әңгімелеу арқылы бала бойына елге, жерге, Отанға деген сүйіспеншілікті сіңіру болып табылады. Оқу-қызметтері мен ертеңгіліктерді өткізуге тәрбиешілер, ата-аналар белсене қатысып, өз үлестерін қосады.

Рухани-адамгершілік құндылықтар адамдық тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жүйе. Адамның адамгершілік тұрғыдан қалыптасуы рухани-адамгершілік құндылықтар арқылы ұрпақ санасына жол көрсететін қазақ ауыз әдебиеті үлгілерінде, салт-дәстүрлерде сараланып көрсетілген. Мысалы, «Ертөстік» ертегісінде Ертөстіктің ағаларын іздеуі, Ертөстікке қасындағы достарының көмектесуі т.б. Ертегідегі адамгершілік бірліктің негізі– адам өмір сүретін ортада қалыптасатын өмірлік құндылықтар. Мектеп жасына дейінгі балалардың дүниетанымының дамуына бауырмалдық, жолдастық, адамгершілік қасиеттері әсер етеді.

«Үлкенге—құрмет,кішіге—ізет», дегендей үлкендерге «ата, әже, ана, әке, аға, жеңге, әпке,» — десе жасы кішілерді: «іні, қарындас, бауырым т.б», — деп тәрбиелі түрде қарым-қатынаста атайды. Үлкендерге сәлем беріп, орын беру тәрбиенің негізгі бөлігі.

Мектепке дейінгі педагогиканың теориялық және практикалық мақсаты – жас ұрпақтың ой - өрісін, сана сезімін кеңейте отырып, өмірге қажетті білім -дағдыларға үйретеміз. Балалардың тілдерін дамыту, ауызекі сөйлеуге үйрету, үйренгенін күнделікті өмірде пайдалана білуге жаттықтырып отыру ісіне назар аударады. Өйткені, баланың айналадағы өмірді танып, білудегі басты жәрдемшісі– тіл болып табылады. Ал тілдің дамуы оның сана - сезімін, ой-өрісін жетіле түсуіне негіз болады. Тіл–ұлт ерекшеліктерінің бірі, ұлт мәдениетінің бір формасы, тілде әрбір халықтың ұлттық дәстүрінің, сана сезімін, ойлау тәсілінің, мінез- құлқының белгілері бейнеледі. Балалардың тілдерін дамыту барысында тілге деген құрметті қалыптастыра түсу қажет.

Ұлттық ойындар – қазақ халқының ерте заманнан қалыптасқан дәстүрлі ойын- сауықтардың бір түрі. Халқымыз ойындарға тек балаларды алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай, жас ерекшеліктеріне сай оларды көзқарасының, мінез— құлқының қалыптасу құралы деп ерекше бағалаған. Мектеп жасына дейінгі баланы дамытатын, өсіретін, әрі тәрбиелейтін де негізгі іс-әрекет ойын.Ойын арқылы бала қоршаған ортамен, адаммен, олардың еңбегімен, қарым–қатынасымен танысады.Ойын арқылы олардың ой-өрісі дамиды. Қазақтың көне жыр- дастандарында ұлттық ойындар балаларды тәрбиелеуде ерекше орын алғандығы айқын көрінеді. Мәселен «Қобыланды», «Алпамыс»,«Ер Тарғын» сияқты эпостық жырларда елін сүйген батырлардың, жұртшылық сүйіспеншілігіне бөленген ер жігіттердің ең алдымен ұлттық ойындарда сайысқа түсіп, одан кейін көп кісі қатысқан ойын-сауықтарда өздерінің мергендік, палуандық, шабандоздық шеберліктерін көрсеткендері айтылады. Ойын үстінде балалар әртүрлі рөлде жолдастарымен қарым – қатынас жасауға, ойын үстінде ойлана отырып жауап беруге, қиялдауға, елестетуге қабілеттері қалыптасады. Сөздік ойындары балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытады. Ойыншықтарды пайдалана білуге үйренеді.Ұлттық ойындардың мектеп жасына дейінгі балаларға лайықтары «Көкпар», «Орамал алу», «Тақия жасыру», «Алтын қақпа», «Ақ серек-Көк серек», «Айгөлек», «Ақ сандық – Көк сандық», «Ақ сүйек», «Теңге алу» т.б. Ойын баланың көңілін өсіріп, бойын сергітіп қана қоймай, оның өмір құбылыстары жайлы таным-түсінігіне де әсер етеді. Балалар ойын арқылы тез тіл табысып, қарым-қатынас жасауға үйренеді, Ойын үстінде дене қимылы арқылы өзінің денсаулығын нығайтады. Ойындарды күнделікті тұрмысқа пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы орасан зор. Ойын баланың алдынан өмірдің есігін ашып, ұштаса береді

Ұлттық мерекелер—әрбір халықтың осы күні жарқыратып, көрсететін мәдениет мен дәстүрлі ұлттық тағамдары болады. Дәстүр бойынша бұрын

Наурыз мейрамын бүкіл ауыл, ел болып, әсіресе жастар жағы түгелдей таң шапағатын қарсы алудан, тазаланған арықтарға су жіберуден, ағаш отырғазып, гүл егу рәсімін өткізуден бастайтын.

Баланы ұлттық мәдениет пен дәстүрге жақын таныстыру барысында мерекелерді атап өту үлкен рөл атқарады. Мектепке дейінгі ұйымдарда мерекелерді ұйымдастыру барысында балалар олардың ерекшеліктерімен, маңыздылығымен, қоғам өміріндегі айтулы даталармен, ата-бабалар мен қазіргі батырлардың ерлік істерімен танысады. Балалар ұрпақтан-ұрпаққа жеткен материалдық құндылықтарға ұқыпты қарауға, ертегі, аңыздар және ұлттық өнермен танысып, ұлттық әндерді айтуға үйренеді.

Тәрбие процесінде адам мәдени дағдыларды игереді, белгілі бір этникалық топқа қатысады, әлемдегі өз орнын біледі. Халықтардың рухани тәжірибесінің қазынасы бола отырып, этникалық мәдениет адамға жағымды әсер етеді, оның педагогикалық әлеуеті моральдық негіздердің жойылуына қарсы тұрады. Оқу процесінде оның әртүрлі тарихи үлгілерін игеру, нақты өмірде және кәсіби өнердің эстетикалық формаларында пайда болатын этномәдениет диалогын түсіну-мұның бәрі қазіргі дәуірде қажет этностың рухани экологиясының бір түрі бола алады. Этномәдени білім беру қазіргі педагогиканың маңызды бағыттарының біріне айналуда. Оқу процесінде олардың өзіндік ерекшелігі мен олардың жаһандану, интеграция, интернационализация процестерімен байланысын біріктіруге болады. Мәдениетаралық өзара іс-қимыл жағдайында жас ұрпақты толеранттылыққа тәрбиелеудің, шетелдік мәдени құндылықтардың тасымалдаушыларына деген жанашырлықтың маңыздылығы назар аударады.

Ұлттық құндылықтар ата-бабаларымыздың қаншама жылдар бойы жинаған қазынасы, сондықтан, ұлттық құндылықтарды

Қолданылған әдебиеттер:

1. Харисова Л.А. Духовно-нравственное обучение школьников. М.: ВЛАДОС, 2002. - 176 с.
2. Молдабеков Ж. Қазақтану. - Алматы: Қазақ университеті, 2003.- 459 б.
3. Жұмабекова Ф.Н. Мектепке дейінгі педагогика. Астана, 2010.
4. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы. Алматы: Санат, 1991
5. Қалиев С., Молдабеков Ж., Иманбекова Б. “Этнопедагогика” Астана. 2005.
6. Мектеп жасына дейінгі балаларды ұлттық ойындар арқылы тәрбиелеу/
<https://baribar.kz/student/917/mektep-zhasyna-deyingi-balalardy-ultt/>

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ЗАМАНАУИ БІЛІМ НЕГІЗІ

АУЕЛГАЗИНА ТОЛКЫН КУДАЙБЕРГЕНОВНА

«Өрлеу» «БАҰО» АҚ филиалы

*Алматы облысы бойынша педагог қызметкерлердің
біліктілігін арттыру институты
директорының инновациялық білім жөніндегі орынбасары
саяси ғылымдарының докторы, доцент*

Қай кезеңде де жас ұрпаққа білім беру қоғам алдындағы ең жауапты, маңызды іс болған және солай болып қала бермек. Бұл ретте Қазақстан Республикасында заманауи білім беруде әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы қызмет көрсетуге қол жеткізудің маңызы зор. Еліміз өркениетті елдер қатарынан орын алып, бәсекелестікке қабілетті болуы үшін – ең алдымен білім беру үдерісінде жас ұрпақты тәрбиелей отырып, сапалы білім беру ұстанымын жүзеге асыру қажет. «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді» [1].

Осы тұрғыдан алғанда білім беру жүйесінің басты міндеті – өзгермелі қоғамда өздігінен білім алуға, алған білімін өмірлік жағдаяттарға сәйкес қолдана білуге, шығармашылыққа бейім, бәсекеге қабілеті, жеке тұлғаны қалыптастырып, дамыту болып табылады. Бұл бағытта оқушылардың ұжымда, топтарда жұмыс істеу барысында логикалық қабілеттерін, сыни ойлауын, функционалдық сауаттылығын дамытудың маңызы зор.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеттері– ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту; азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу» [2], - деп атап көрсетілген. Сондықтан еліміздегі білім беру мекемелерінің алдында тұрған үлкен мақсат – жас ұрпаққа нәтижеге бағытталған сапалы білім бере отырып, олардың бойына ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар мен халық мұрасын сіңіру болып табылады. Білім мазмұны да, құрылымы да, оқыту технологиялары да сол мақсатқа жетуге бағыт алуы керек.

Қоғамдағы көкейтесті мәселелердің бірі – оқу-тәрбие үдерісінде ұлттық мұра құндылықтарын қазіргі таңның мәдени жетістіктерімен үйлестіру болып саналады. Біз жаңа озық технологиямен, тіпті ғарышты игерумен де ғаламды таңқалдыра алмаймыз. Санаулы жылдардан кейін еліміздегі барлық мектептердің материалдық-техникалық базасы әлемдік стандартқа сай болатынына шүбәміз жоқ. Сонда басқа елдерден немен ерекшеленеміз?

Әрине, ұлттық мәдениетімізбен, әдет-ғұрыптарымызбен, тіліміз, ділімізбен ғана ерекшеленеміз. Демек, жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, ұлттық құндылықтарын, салт-дәстүрін, тілін меңгерген мәдениетті, адами қасиеті мол, шығармашыл тұлға етіп тәрбиелеу – өмір талабы, қоғам қажеттілігі.

Өз кезегінде оқушының білім алу кезінде шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыру үшін төмендегі құндылықтардың тигізетін ықпалы зор. Атап айтсақ:

- зияткерлік-шығармашылық;
- әлеуметтік-қоғамдық;
- әлеуметтік-педагогикалық [3].

Демек, оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруда ұлттық құндылықтарымыз бен төл мәдениетімізді дамытуға ерекше мән беруіміз қажет.

Ұлттық құндылық - белгілі бір бағытты, мақсатты, жүйелі ұлттық көзқарасты, мінез-құлықтағы адамдық тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жүйе.

Ұлттық құндылықтарға белгілі бір ұлтқа тән адами қадір-қасиет, яғни, ғасырлар бойы жинақталған рухани және материалдық құндылықтар жатады. Адамдардың бойында қалыптасқан имандылық қадір-қасиеттер рухани құндылықтарды, ал адамдардың қолымен жасалған тұтыну заттары мен кәсіби материалдық құндылықтарды құрайды. Осылайша, **ғасырлар бойы адамзат жинақтаған өмірлік тәжірибе, тәлім-тәрбие, білім мен өнер ұрпақтан-ұрпаққа мұра ретінде беріліп отырды.**

XXI ғасыр - адамзат санасын жаңа сатыға көтеріп, үлкен жаңалықтар тасқынымен таңғалдырған дәуір болып табылады. Ақпараттық қоғам, технологиялық мәдениет ғасырында ұлттық рух, қазақы құндылықтар еліміздің қоғамдық санасы мен бүкіл болмысының өзегі болуы керек. Құнды дүниеміздің ең елеулісі ол – рухани құндылықтарымыз. Өйткені рухани құндылықтарымызды ұлықтау арқылы рухымыз көтеріліп, ата-бабамыздың біздің бойымызға сіңірген игі қасиеттерін санамызда жаңғыртып, жүрегіміздің түкпірінде сақталған ұлттық болмысымызды оята білуге септігі тиеді. Рухы мықты ұлт қана ұлы ұлтқа айнала алады. Жаһандану заманында өзіндік келбетімізді сақтап, алып елдердің ығында жұтылып кетпей, ұлттық негізімізді сақтаушы күш - ол ұлттық құндылықтар. Қазақ халқының ғасырлар тұңғығынан бері тарихымен біте қайнасып келе жатқан ұрпақ тәрбиелеудегі тәжірибелері - рухани мәдениет, этикалық-эстетикалық құндылықтарды құрайтын ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, әдеби, музыкалық, кәсіби, тұрмыстық фольклорлар мазмұны арқылы жетіп отыр. Бұл ретте ана тілінің қадір-қасиетін терең сезініп, салт-дәстүрін біліп қана қоймай, берік ұстана білетін, ұлттық құндылықтарымызды ұлықтап, әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:

- оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;

- жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;
- ана тілі мен дінімізді, халқымыздың тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларын қастерлеу;
- жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерді қалыптастыру сияқты міндеттерді жүзеге асырғанда ғана басты мақсатқа жетеміз.

Ұлттық құндылықтарымызды қастерлеп, оны келер ұрпақтың санасына сіңіруде оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін оқу үдерісіне енгізудің мәні ерекше. Осы орайда еліміздегі білім беру жүйесіндегі қолданыстағы бағдарламалар мазмұнында ұлттық дәстүр мен жалпыадамзаттық құндылықтардың бір-бірімен түйісіп, өзара сабақтасып берілуі оқушылардың білімімен қатар, функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған. Бұл жайт оқушының өмірлік ұстанымының қалыптасуына ықпалын тигізіп, оны Отанын сүйуге, ұлттық құндылықтарды қадірлеуге және сақтауға, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты білуге баулиды. Демек, оқушы тек қана білім нәрімен сусындамайды, рухани болмысын да қалыптастырады. Мәселен, тілді оқытуда қарым-қатынас жүйесіндегі сөз әдебін, жазба тіл мәдениетін шешендікпен, пікірталас мәдениетімен орайластыру жас ұрпақтың бойына халықтық салт-сана мен мәдени талаптарды қатар сіңіру арқылы жүзеге асырылады.

Қазіргі таңда жас ұрпақты тәрбиелеп, білім беруде ұлттық әдеби мұраларымызды, халық ауыз әдебиетін танып-білуге бейімдеудің мәні зор. Түркі әлеміндегі, соның ішіндегі қазақ даласындағы ойшылдардың мол мұрасын, білім және ғылымға, ұлттық құндылықтарға қатысты көзқарастарын жаңа заманның талаптарына сай зерделеу және болашақ ұрпаққа насихаттау маңызды іс.

Ғұлама ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидің білімнің мәні мен маңызы, оның адамның болмысында алатын орны туралы пайымдаулары қазіргі кезде де ағартушылықтың маңызды тетіктерінің бірі болып отыр. Ол білімге «Білім» деген сөз көп заттарға қолданылады, бірақ теориялық жағынан белгілі бір ізгілік болатын ол білім - болмысы мен өмір сүруі адам творчествосына мүлдем тәуелсіз болатын заттардың болмысы жөнінде жанда пайда болатын анық білім; бұл білім - ол заттардың әрқайсысы не жаратылысында ақыл-парасатқа мәлім бастапқы, ақиқат, қажетті және жалпы (алғы шарттардан) құралған дәлелдемелер бойынша қандай болып шығатыны жайындағы ілім... Шын білім - кейде емес, әрдайым ақиқат, анық болатын білім...», - деген түсініктеме береді [4]. Өз кезегінде XI ғ. әйгілі түрік ойшылы Жүсіп Баласағұн «Құтты білік» шығармасында:

«Білім үйрет сәбиіңе сарыла,
 Уызда ілім, сүттей сіңер қанына!
 Уызда емген білімі, қасиет боп қалады,

Қасиетті кісінің қалмас алмас қамалы!» [5], - деп адам өміріндегі оқудың мәнінің ерекше екендігін өз бәйітіне өзек еткен.

Ойшылдың:

«Ақыл - шырақ, қара түнді ашатын,
Білім - жарық, нұрын саған шашатын.
Ақыл қолдап, біліммен ер жетілер,
Екеуімен қадірі артып, бекінер.
Ақыл қайда болса, ұлылық толады,

Білім кімде болса, сол білікті болады» [5], - тәрізді бәйіттері «Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар» деген халық мақалымен үндес. Яғни, Ж.Баласағұн бұл бәйітінде бала өмірінің алғашқы жылдарынан-ақ адамгершілік негізін қалыптастырып, білім нәрімен сусындатудың орны бөлектігін атап көрсеткен. «Қанша білсең, ізден тағы, тағы да, білікті адам жетер тілек, бағына», - деген ғұлама Ж.Баласағұнның тұжырымы әрқайсымыздың өмірлік қағидамыз болуы тиіс.

Сәйкесінше, ХІХ ғ. ІІ-ші жартысындағы қазақ ағартушысы - Ыбырай Алтынсарин «Өнер, білім - бәрі де, Оқуменен табылған» [6], - деп қалың бұқараны сауатын ашып, білім алуға шақырды.

Ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсарин 1879 жылы Орынбордан шыққан «Қазақ хрестоматиясы» атты оқулығында «Қазақ халқы азбаған, табиғи таза халық. Оның талабы біреу салып берген тар шеңбердің қыспағына сия алмайды: ой-пікірі еркін; оның келешегі үшін оған тек сана-сезім жағынан жалпы білім мен пайдалы өнерді үйрену керек болып отыр», - деп жазған. Алғашқы ұстаз бұл тұжырымында қазақ халқының рухани болмысына, тарихи санасына жоғары баға беріп, аса талантты халық екендігін айқын көрсеткен.

Қазақтың қоғамдық ой-санасының, ұлттық мәдениеті мен әдебиетінің, сондай-ақ, әдеби тілінің даму тарихында Абай Құнанбаевтың алатын орны да, оған сіңірген еңбегі де орасан зор. Ұлы ойшыл әр адамды өз руының, ұлтының тар аясынан шығып, жалпыадамзаттық құндылықтарды игеруге шақырды. Хакім Абай адам мұратын еңбекпен, білім, ғылыммен, ақыл, ой, санамен байланыста қарастырады.

«Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба
Ойнап босқа күлуге,
Сізге ғылым кім берер
Жанбай жатып сөнсеңіз?

Дүние де өзі, мал да өзі,
Ғылымға көңіл бөлсеңіз» [7], - деп өз дәуіріндегі ел-жұртты білім алуға талпыныс жасауға шақырады.

Сонымен қатар, «Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қыл артық білуге.
Артық ғылым кітапта

Ерінбей оқып үйренуге» [8], - деп өз дәуіріндегі ел-жұрттың сауатын ашып, оқу-білімді меңгеруге үндейді. Сауатты, білімді болған кезде ғана

ұлттық мәдениетпен қатар, әлемдік өркениет қазыналарын игеруге мүмкіндік аласың дейді ұлы ойшыл. Сондықтан барлық мал-жан, еңбек білім алуға жұмсалуды қажет. Білімді болған кезде ғана халық өз елін, өз жерін, тілін, мәдениетін және т.б. құқық жолымен қорғап, өзге елдермен тең дәрежеде қарым-қатынас жасауға жағдай туады деп тұжырымдады.

Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойы қарсаңында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласын жариялаған болатын. Президенттің «**Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі**» [9], - деген тұжырымында терең мағына бар. **Осы орайда жас ұрпақтың санасына ұлы Абайдың мол мұрасы мен өсиет-өнегесін сіңіру мен өмірлік азығына айналдырудың маңызы зор.**

Расында да, білімнің қуатына тең келетін басқа идеялық-рухани күш, қуат көзі жоқ екені шындық. Сондықтан да, күллі әлемдік жаңа идеология ең әуелі білімнің теңдессіз күшіне арқа сүйейді. Сол себептен де мемлекетіміздің өркениетке жету жолындағы өр талабына тұғыр боларлықтай ұрпақты тәрбиелеп, оқыту білім беру саласын жаңа сапалық өзгерістер деңгейіне көтеруді талап етіп отыр. Қай сабақ болмасын «мынау оның білімдік жағы, мынау тәрбиелік жағы» деп бөліп жаруға болмайды. Себебі, білім мен тәрбие - әркезде егіз ұрдіс.

Білім беру–қоғамдық құрылымның аса күрделі әлеуметтік-экономикалық саласы. Өз кезегінде Қазақстандағы білім берудің негізгі бағыты-адамды қоғамның ең негізгі құндылығы ретінде тану, оның қоршаған ортадағы орны мен рөліне, әлеуметтік жағдайына, жеке-дара даму ерекшелігіне мән беру, сол арқылы оның рухани жан-дүниесінің баюына, көзқарасының, шығармашылық еркіндігі мен белсенділігінің, кәсіби іскерлігінің қалыптасуына жағдай жасап, мүмкіндік беру болып табылады.

Еліміздегі білім беру ісінің құрылымы мен мазмұнына елеулі өзгерістер енгізілуіне байланысты халықаралық талаптарға сай білім беру жүйесін дамыту міндеті тұр. Бұл міндетті жүзеге асырудың бірден-бір жолы–орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген анағұрлым танымал оқыту әдістемелері арасында сындарлы оқыту теориясына негізделген тәсілді кең қолданған маңызды. Аталған заманауи тәсілдің ең негізгі ерекшелігі – оқушының кез-келген ақпараттарды өздігінен түсініп, өңдеп қолдануына мүмкіндік тудыру және оқушылардың алған білімдерін орынды жерде пайдалана білуіне басты назар аударуы мен ақпараттық технологияларда құзырлылық танытуы болып табылады. Демек, оқу-тәрбие үдерісінде оқушы жаңа мағлұматтарды қабылдап қана қоймай, оны сыни талқылап, ой елегінен өткізеді. Оқушы білімді дайын күйінде мұғалім түсіндірмесінен алмай, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, шығармашылық тапсырмаларды орындау негізінде үйренеді, дүниетанымы кеңейіп, өзіндік пікірі мен көзқарасы қалыптасады.

Оқу-тәрбие үдерісінде мұғалім тек білім көзі ретінде ғана емес, оқу-танымдық әрекеттерінің белсенді ұйымдастырушысы ретінде қызмет етеді. Оқу процесін жандандыру мақсатында мұғалімнің оқытудың әдіс-тәсілдерін таңдап алуы оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырып, олардың ізденуіне, танымын арттыруына мол мүмкіндік береді. Сабақ кезінде оқушы мен мұғалімнің арасында бірегей байланыс бекіп, білім алушы жеке ізденуге, саралап нақты шешім қабылдауға, сыни ойлауға, тұжырымын дәлелдеуге, белсенділікке ұмтылуы тиіс. Осылайша, оқушы коммуникативті қарым-қатынасқа түсіп, барлық білгені мен түйгенін санасынан өткізіп, топ құрамында немесе жұптық негізде және жеке орындаған жұмысы арқылы шығармашылық қабілетін арттырады.

Заман талабына сай оқу үдерісін ұйымдастыруда оқушыны өнімді әрекетке баулу арқылы оның өз мүмкіндігін сезінуге, ашуға, өз бетімен білімін толықтыруға үйрету, қабілетті балалардың танымдық мүмкіндіктеріне сай сұранысын қанағаттандыру аса қажетті жайт. Осыған байланысты баланы ғылыми-зерттеу әрекетіне дайындау, оның зерттеушілік ізденіс білігі мен дағдыларын қалыптастыру қазіргі білім беру ісінің маңызды міндеті болып есептеледі. Яғни, ХХІ ғасырдың түлегі – жаратылыстану мен гуманитарлық ғылымдар бойынша ой-өрісі кең, жандүниесі бай, ұлттық менталитеті жоғары, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасай алатын, басқаның пікірімен санасатын, кез келген ситуациядан шығудың жолын таба алатын, жауапкершілік сезімі жоғары, қоғамда белгілі бір рөл атқаратын, қайталанбайтын дара тұлға болуы тиіс.

Уақыт алға озып, заман өзгергенімен, әр ұлт, әр мемлекет әлімсақтан бойына сіңген өзіндік бет-бейнесі мен ұлттық дүниетанымын сақтап қалып, болмыс-бітімімен астасқан ұлтқа тән қасиеттерінен айнымау керек. Сондықтан өзгеріске ұшырап жатқан дүбірлі дүниеде жаһандану көшіне ілесе отырып, өткенімізге жан бітіріп, ұлттық құндылықтарымыз бен төл мәдениетімізді дамытуға ерекше мән беруіміз қажет.

Өз кезегінде ұлы орыс жазушысы Л.Н.Толстой «Өткенді жақсы білмейінше, келешекке сапар шегу – айсыз қараңғыда сүрлеу соқпақ іздеумен пара-пар», - деп ескерткен екен. Демек, халқымыздың ұлттық дәстүрлері мен тағылымдарын оқып-үйреніп, өнеге тұтпай тұрып, жастарды ізгілік пен парасаттылыққа баулу мүмкін емес. Ендігі жерде ұлттық болмысымыздың тарихи негізі болып табылатын әл-Фарабидің «белсенді санасын», Ж.Баласағұнның, А.Йүгінекидің, А.Яссауидің «көңіл көзін», ұлы Абайдың «нұрлы ақылын (таза жүрек)», Ш.Құдайбердіұлының «жүрек көзін» әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату біздің ұлттық жаңғыруымыздың басты мұратына айналуы керек.

Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтің «Ел боламын десең - бесігіңді түзе» деген даналық тұжырымының маңызы зор. Ендеше, біз болашақ ұрпақтың елдік рухы мықты болсын десек, енді ғана ұлттық болмысымызды сезініп келе жатқан кезеңде халқымыздың тұнып тұрған рухани мәдениет уызына өскелең ұрпақты жарытып, өсіруге тиіспіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy
2. Қазақстан Республикасының «Білім» туралы Заңы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
3. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар мен педагогтердің жаңашыл тәсілдері негізінде тәрбие жүйесін жаңарту жолдары. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 24-б.
4. Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері // әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. - Алматы: Ғылым, 1975. - 220-б.
5. Баласағұн Ж. Құтты білік. - Алматы: Жазушы, 1986. 83,75, 76, 63, 175-бб.
6. Алтынсарин Ы. Өнер-білім бар жұрттар. - Алматы: Жалын, 1991. -13-б.
7. Абай. Өлеңдер. - Алматы: Жазушы, 1977. – 33-б.
8. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. I-т. - Алматы: Ғылым, 1977. - 74-б.
9. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы // <https://www.akorda.kz/kz/events/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-abai-zhane-hhi-gasyrdagy-kazakstan-atty-makalasy>

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ БІЛІМ БЕРУ ӘДІСНАМАСЫН ЖАҢАРТУ

АХМАДИНОВА АҚТОТЫ СЕРІКҚЫЗЫ

Маңғыстау облысы

Жаңаөзен қаласы

№21 орта мектептің

ағылшын тілі пәні мұғалімі

ХХІ ғасырдағы қазақстандық білім заманауи өркениетке тән, «ақпараттық» технологиялардан бастау алған, жаңашылдық заманның пайда болу кезеңінде келе жатыр. Мектептің білім беру процесінде ұлттық құндылықтардың басты сипатын жоғалтпастан, әлемдік, жаһандық білім беру жүйесіне ену мақсаты қойылды. Процесс барысында реформаға сәйкес білім беруді өнегелендіруге, оқытудың жаңашылдығына қол жеткізілді, баланың емін-еркін, жауапты азат тұлға ретінде дамуына жағдай тудыруға күш салынып жатыр.

Елбасымыздың «Интеллектуалды ұлт – 2020» ұлттық жобасындағы бағыттар жастардың рухани және адамгершілік тәрбиесіне, ізеттілік, мақсат қоюшылықпен алға ұмтылу, ізденімпаздық пен еңбексүйгіштік сияқты қасиеттер жатқан құндылықтар жүйесін қалыптастыру атап көрсетілген болатын. Қазақ зиялылары Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев, Ыбырай

Алтынсарин өз зерттеулерінде сол замандағы ұлт жағдайын жасауды, рухани жаңартуды, әлемдік өркениет биіктеріне тарту үшін не істеу керектігі туралы мәселелерді маңызды деп санады.

Біздің елімізде жеке тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің мүддесін қорғауға бағытталған тәрбие жүйесі дамуының жаңа кезеңіне аяқ басып келеді. Қазіргі қоғамдағы оң өзгерістер білім беру ұйымдары қызметінің тәрбие жүйесінде көрініс тапты. Сонымен қатар, білім алушылардың тәрбиесі олардың табысқа жетуіне және әлеуметтенуіне ықпал етеді, оқудағы проблеманы шешуге бағдарланған.

Қазіргі кездегі діни экстремизм де жастардың ойын түрлі бағыттарға бұруда. Осы мәселе тарапынан да оқу процесінің дамуына көптеген кедергі келтіріледі. Осыған орай біздің еліміз білім беру саясатында балалар мен жастар ортасындағы тәрбиенің өзектілігін алға тартады. Тұлғаны өз елінің азаматы ретінде тәрбиелеуге бағытталған мемлекетіміздің бағдарламаларын іске асыру үшін, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде тәрбие жүйесін жаңарту жолдарын іздестіру маңызды рөл ойнайды. Балалар мен жасөспірімдерге тәрбие беру мен оқытуға қатысты барлық мемлекеттік ұйымдар қазіргі таңда көптеген өзекті мәселелермен күресіп келеді.

Баланы белгілі бір адамгершілік бағдарларына бағыттауға көмектесетін, қазіргі кезде әдістемелік құралдар өте көп. Жыл сайын ақпараттық технологиялармен қатар, педагогика ғылымы да дамып келеді. Сол себепті де жалпы адамзаттың және ұлттың құндылықтарын, жаңашыл педагогикалық ұсынымдар негізінде тәрбие жүйесін жаңарту жолдарын әзірлеу маңызды да қажет.

Ұлттық құндылықтар – ұлт қорғаны

Қазіргі жағдайда білім беруді жаңартудағы тәрбие мәселелерін басты назарда ұстау қажеттілік тудырып отыр. Біздің құндылықтарымыз санатты тұлғаны, адамгершілік пен ізеттілікті рухани жағынан қалыптастыруда. Құндылықтар дегеніміз қоғамдық маңызы зор материалдық, әлеуметтік нысандар. Бұл мәдениет пен заманауи адамдар үшін іргелі, жалпыадамзаттық бағдарлар мен нормалар, моральдық құндылықтар ұлтымыздың қорғанына айналды.

Жалпыадамзаттық құндылықтарды зерттеудің көптүрлі тәсілдері олардың түрлі өлшемдер бойынша жіктелуінің көптүрлілігін туындатады. А.О.Бороноев және А.О.Смирнов топтарға бөлінген ең көп түрлі құндылықтар жиынтығын жариялады: «Отандастарымыздың, руластарымыздың бізді тұлға ретінде мойындауы біздің құндылық тасымалдаушысы екенін растауымен түйіндеседі. Олар бес топқа бөлінеді: әлеуметтік мақсатты (Қасиеттілік, Руханилық, Білім, Шеберлік, Іс, Мәртебе, Билік, Байлық); әлеуметтік аспаптық (Құқық, Бостандық, Әділдік, Ынтымақтастық, Рақымшылдық); дербес-аспаптық (Өмір, Денсаулық, Күш, Елтілік, Әдемілік, Ақыл; субъективті мақсатты (Зат, Энергия, Кеңістік); жалпыадамзаттық (Ойшыл рух, Қоғам, Адам)» [1].

Г.А. Омарованың пікірінше, жалпыадамзаттық құндылықтар – бұл трансцендентті, тарихи шектен шықпайтын табиғаты бар бітпейтін этикалық құндылықтар, біртұтас рухани шынайылықтың түрлі қырлары және сол себепті әлеуметтік, саяси, ұлттық, ғылыми, тұлғалық және басқа құндылықтардың өзгермелі жүйесінің инварианты болады. Мысалы, бұған шынайы махаббат, парызын риясыз орындау, қалтқысыздық, шыншылдық, күш жұмсамау, ішкі әлем және тыныштық, мейірімділік, жақсылық, обал-сауапты ескеру және т.б. жатады [2].

Қоғамдық қарым-қатынастың екі нұсқасы туралы түсінік жалпыадамзаттық құндылықтарды түсінумен тікелей байланыста: «Қоғамның екі түсінігі бар: қоғам не табиғат сияқты түсіндіріледі, немесе рух сияқты түсіндіріледі. Егер қоғам табиғат болса, онда күштінің әлсізге зорлық жүргізуі, күштілер мен бейімделушілерді іріктеу, құдіреттілік еркі, адамның адамға үстемдік жүргізуі, құлдық пен теңсіздік, адам адамға қасқыр деген пікір ақталады. Егер қоғам рух болса, адамның жоғары құндылығы, адам құқығы, бостандығы, теңдігі және туыстығы бекиді (Н.Бердяев) [3].

Алайда, ұлы Абай жазғандай, «Махаббатсыз дүние бос». Махаббат – әлемдік мәдениет пен өнердегі іргелі тақырыптардың және ортақ тақырыптардың бірі. В.С. Соловьев махаббатты рухтанған бір тірі жанның басқаға онымен және бір-бірімен өзара өмірді толықтыру үшін ұмтылысы ретінде анықтайды және оның үш түрін көрсетеді [4]:

1. Аларынан берері көп махаббат, немесе кемімелі махаббат – бұл түріне ата-ана махаббатын, көп жағдайда ананың балаларына махаббатын жатқызады. адамдағы бұл махаббат, немесе үлкендердің кішілерге қамқорлығы, күштілердің әлсіздерді қорғауы біртіндеп ұлттық-мемлекеттік тұрмыс жолына қойылады.

2. Берерінен алары көп махаббат, немесе үдемелі махаббат – бұл түріне балалардың ата-анаға махаббатын, сол сияқты жан-жануарлардың өз асыраушысын жақсы көруі, әсіресе үй жануарының адамға адалдығын жатқызады. Оның ойынша, адамда бұл махаббат дүниеден озған атабабаларына, сонан соң болмыстың анағұрлым ортақ және болар-болмас 7 себептеріне де таралуы мүмкін және адамзаттың барлық діни дамуының түбірі болады.

3. Тең дәрежеде беретін де алатын да махаббат, немесе жыныстық махаббат – бұл түріне ерлі-зайыптылардың бір-біріне деген махаббаты жатады. Адамда мұндай махаббат өмірдегі өзара толық түріне жетуі мүмкін және осы арқылы жалқылық бастау мен қоғамдық жалпылық арасындағы тамаша қарымқатынастың жоғары символы болады.

Бақытқа екі жолмен баруға болады. Біріншісі – сыртқы жол. Жақсы үй, жақсы киім, ұнайтын дос таба отыра, адам қандай да бір деңгейде бақыт пен қанағаттанушылық алады. Екінші жол – бұл рухани даму жолы, ол ішкі бақытқа қол жеткізуге мүмкіндік береді. Алайда бұл екі тәсіл тең емес. Сыртқы бақыт ішкі бақытсыз ұзаққа созыла алмайды. Егер өмір қара түсте

көрінсе, жүрегіңіз бірдеңені қаламаса, қандай сән-салтанат қоршаған күнде де сіз бақытты бола алмайсыз. Егер сіз іштей жан тыныштығына қол жеткізсеңіз, кез келген қиын жағдайда да бақытты бола аласыз. (Далай-лама XIV) [5].

Ұлттық құндылықтар дегеніміз қандай да бір этникалық қауым өкілдерінің өзіндік тарихи көрінісі бар рухани мұраттарының жиынтығы болып табылады. Барлық қазақтар үшін ең ұлы құндылық, елдің әрбір азаматының оны көзінің қарашығындай сақтаудағы борышы және намысы—тәуелсіздік. Біз тәуелсіздігімізді сонау 1991 жылдың 16 желтоқсанында алғаннан бастап, саяси көзқарасымыз ұлттық факторлардың көмегімен дамып келеді.

«Патриот болу—бұл Қазақстанды өз жүрегіңде ұялату» деген елбасымыз. Патриотты тәрбие баланы тал бесіктен бастап қанмен сіңетін маңызына ие. Ол өз Отанына деген сүйіспеншілігі, бейбітшілікке ұмтылуы болып табылады.

Білім беру құндылығы – қоғам мәселесі

Қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайларда білім берудің ұлттық жүйесін реформалау ерекше маңызға ие болып келеді. Дүние жүзінде ұлттық білім беруді дамыту проблемаларына қызығушылық артып келеді, ол көбіне ұлттық өзіндік сананың заманауи жандануымен байланысты.

Білім беру құндылықтары, сонымен қатар білім беру, оқыту және тәрбиелеу процесіне жататындар, қоғамның өзгерісімен қалыптасады, үнемі прогрессивті және тұлғаға бағдарланады. Заманауи тұлға білім беру, оқыту, тәрбиелеу, өзіндік тәрбие процесінде қалыптасады, ал осы инновациялық кешенді процесс білім берудің бірқатар жаңа құндылықтарын талап етеді. Білім берудегі жаңалық дегеніміз – өзіндік құндылықты, оның қайталанбас даралығын, өзгермейтін бейімділігі мен тағайындалуын тануы үшін қажет психологиялық педагогикалық жағдай жасау.

Бала дамуында отбасындағы тәрбие жүйесі үлкен және бірінші кезекті маңызға ие. Отбасыда алғашқы тәрбие ұйымдарының жүйелері пайда болады. Олардың дұрыс және тұрақты болуының маңызы зор болып табылады. Ең жақын қоғам—бұл тұлға уақытының көп бөлігін өткізетін қоғам. Ерте балалық шақта – бұл отбасы.

Сол себепті отбасы тәрбие жүйесінің бастауы ретінде қызығушылық тудырады. Еуропада дүниежүзі бойынша адамды тәрбиелеу жүйесінің діни, әсіресе, христиандық дәстүрінің зор ықпалды болып келеді, ол бала туылғаннан қалыптасады және отбасылық бастаулармен күшті нығайтылады. Ал біздің ислам дініміз имани тұрғыда балаға тамырлы тәрбие болып қалыптасады. Әрбір тәрбие жүйесінде уақыт пен әлеуметтік-саяси құрылымның, қоғамдық қатынастардың белгісі болатынын атап көрсету қажет. Олар ұсынып отырған мақсаттар мен міндеттерден осы дәуір адамының мұраты көрінеді. Осыған орай бізге жеткен дәстүрлердің бастауын түсіну керек!

Білім берудегі жаңашылдық теориясы

Еліміздегі басты бағыттардың бірі білім беру жүйесін дамытуға бағытталып келеді. Міне, сол себепті адамның тұлға ретінде қалыптасуы қоғамнан тәрбие жүйесін жаңартуды, жетілдіруді және тоқырап қалған немесе стихиялы түрде қалыптасқан формаларын жеңуді талап етеді.

Тәрбие процесі – бұл балалардың әлеуметтік болмыстың қолдағы бар түрлеріне бейімделуі болып табылады. Сонымен, оқушыларды дамыту негізінде жатқан басты әлеуметтік-педагогикалық қасиеттерге белсенділік, өзін жүзеге асыруға және қоғамның мұраттарын саналы қабылдауға ұмтылысы, олардың осы адам үшін жеке құндылықтар, сенім, қажеттіліктеріне айналуы жатады. Педагогикалық және әдістемелік әдебиеттер талдауы, мектеп мұғалімдерінің жұмысын бақылау оқу-танымдық қызметте тұлға, азамат тәрбиесіне, оның тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға жеткілікті көңіл бөлінбейтінін көрсетті. Нәтижесінде мұғалімдердің оқытудың тәрбиелік қызметін іске асыру даярлығы төмен деңгейде қалады.

Тәрбие–тұлғаның азаматтық-патриоттық, рухани-адамгершілік позициясының қалыптасуы, оның азаматтық құзыреттілігі және үздіксіз білім беру контекстінде қоғамдық-пайдалы қызмет тәжірибесін алу үшін жағдай жасауды білдіреді. Тәрбиені жеке оқу пәндері арқылы іске асыру мүмкін емес. Бұл–оқу орнының оқу, сондай-ақ оқудан тыс салаларын қамтитын және бірінші кезекте оқытудың практикаға бағдарланған және интерактивті әдістерін қолдануды болжайтын біртұтас жүйе.

Тұлғаны қалыптастырудағы басты құндылықтардың бірі – өз елі, тарихы, халқы үшін мақтаныш сезімі. Өз халқының тарихын, салтын, әдет-ғұрпын білетін, өз Отанын құрметтейтін және сүйетін, ол үшін жауапкершілікті сезінетін тұлғаның патриоттық тәрбиесі ұлттық тәрбиенің өзегі болып табылады. Патриотты тәрбиелеу ісі өз мәні бойынша адамгершілікті, себебі оның негізінде махаббат және құрмет – адамның балалық шағында басталып өмір бойы қалыптасатын құндылықтар бар.

Еліміздегі тәрбиелеу жүйесін жаңарту мектептердегі тәрбиелеу процестеріндегі артықшылықтар мен білім беру ұйымдарының күнделікті дамуда. Тәуелсіз елімізде өскелең ұрпақты тәрбиелеуде көптеген жана технологияларды пайдаланып, балаларды қызықтыруға барымызды салып жатырмыз. Бұл менің мұғалім ретінде негізгі басты мақсаттарымның бірі деп санаймын.

Мектептегі инновациялық тәрбие жұмысы күн санап дамып, тәрбие беру процесіндегі жаңалықтар артып келеді. Тәрбиедегі жаңалықтар – тәрбие жүйесіне жана элементтер енгізетін, оның бір күйден басқа, анағұрлым жетілген сапалы жағдайдағы күйге өтуіне ықпал ететін мақсатты өзгерістер. Қазіргі кезде республика мектептерінде мұғалімдер мен оқушылар шығармашылығының табысты тәжірибесі бар, ол тәрбиенің әртүрлі инновациялық жүйекұраушы түрлерінің, көбі дәстүрлі болған жиынтығынан тұрады. Өскелең ұрпақ тәрбиелеуде білім беру ұйымдарында қазақ халқының ұлттық құндылықтары, қазақстандық және

жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген тәрбиенің құқықтық, ғылыми-әдістемелік, ұйымдастыру-кадрлық базасы қамтылған тәрбие жүйесін құру қажет. Бұл орайда білім беру ұйымдарында өскелең ұрпақты тәрбиелеудің негізгі бағыттарын Қазақстан Республикасының ұлттық басымдықтары контекстінде жаңарту аса маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1.Общечеловеческие ценности //Электронный ресурс. <https://www.monographies.ru/ru/book/section?id=3260>
- 2.Омарова, Г.А. Духовно-нравственное воспитание студентов вузов на основе общечеловеческих ценностей. Автореф. дис... канд. пед. наук. – Алматы, 2010. – 25 с.
- 3.Общечеловеческие ценности //Электронный ресурс. – Режим доступа: http://dic.academic.ru/dic.nsf/dic_new.
4. Вл. Соловьев: Любовь // Энциклопедический словарь Брокгауза и Ефрона: В 86 томах (82 т. и 4 доп.). – СПб., 1890-1907.
- 5.Далай-лама XIV. Искусство быть счастливым. – 1999 //Электронный ресурс. – Режим доступа: <http://ru.wikipedia.org/wiki/>.

ПРОБЛЕМЫ ЭКОНОМИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ В ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ НАУКЕ. СИСТЕМНО-КАТЕГОРИАЛЬНЫЙ АНАЛИЗ

АХМЕТОВ АКЫЛБЕК КАБИЕВИЧ
АХМЕТОВА ГУЛМИРА АКЫЛБЕКОВНА

Атырауский Инженерно-гуманитарный институт

Необходимость характеристики категориального аппарата периодически актуализируется в педагогической науке при разработке той или иной проблематики, при переходе общества на новые рыночные отношения, вследствие усложнения теории, появления новых отраслей, открытия неизвестных ранее закономерностей. Ученые, разрабатывающие методологические основы педагогики (Ф.А. Фрадкин и др.), отмечают, что нечеткость категориального аппарата является одной из причин снижения эффективности педагогических исследований, делает некорректным сравнение и сопоставление полученных результатов, становится серьезным препятствием для дальнейшего развития науки, понижает ее престиж, исключается возможность эффективно управлять объектом воздействия.

Научные педагогические понятия объективно являются ступеньками, узловыми точками познания мира, характеризуются глубиной, сущностным характером отображения явлений, широтой обобщения. Они должны отвечать уровню современной практики и отражать объект в соответствии с достигнутым в науке уровнем развития системы определенных знаний.

Различия в содержании и интерпретации понятий, отмечает В.Е. Гмурман, имеют место во всех науках и обусловлены рядом факторов, в частности исторических, так как изменение и усложнение практики вызывает потребность "снятия" этих тенденций и отображения их в понятиях за счет введения новых или корректировки содержания традиционных категорий /1/.

Значительное влияние на интерпретацию понятий оказывают теоретические школы, которые, разрабатывая авторские схемы, выделяют в понятиях стороны, подчеркивающие концептуально значимые компоненты явлений. П.В. Копнин установил зависимость между уровнем развития науки и глубиной категоризации, связанности, гибкости, отточенности используемых понятий. Чем более развита система определенной науки, тем она точнее, адекватнее отражает свой предмет, больше выражает существенных отношений в предмете, обеспечивает гибкость и открытый характер понятий /2/. Однако на практике зачастую обнаруживается рассогласование в понимании и интерпретации одних и тех же понятий разными авторами.

Приходится констатировать, что в научно-педагогической литературе сложились несколько упрощенные представления о содержании экономического воспитания и практике его осуществления. Во-первых, отсутствует анализ понятийного аппарата, раскрывающего сущность экономического воспитания. Во-вторых, нет ясного представления о месте и роли экономического воспитания в комплексе основных направлений воспитания личности, формирования экономической культуры в системе мировоззренческой культуры человека. В-третьих, нередко содержание экономического воспитания сводится лишь к усвоению элементов экономических знаний. Все это приводит к смещению акцентов в воспитательном процессе, затрудняет достижение желаемого результата.

Исходя из этого, в качестве одной из теоретических задач нашего исследования мы определили системно-категориальный анализ теории экономического воспитания. К числу наиболее широко представленных в научной литературе понятий относятся следующие: экономическое воспитание, экономическое образование, экономическое сознание, экономическое мышление, экономическая деятельность, экономическая культура, экономические качества, экономические знания, экономические умения, экономический опыт, экономическое поведение, экономические потребности, экономические мотивы, экономические интересы.

Наиболее общим, как уже отмечалось, является термин "*экономическое воспитание*". Ниже мы приводим определения разных исследователей, характеризующие различные взгляды на эту категорию и обосновываем наш подход.

Экономическое воспитание рассматривается исследователями как часть общего воспитания. Оно характеризуется как воздействие на сознание людей с тем, чтобы каждый человек активно, творчески, квалифицированно

участвовал в коллективном труде, по-хозяйски относился ко всему общественному, вырабатывал в себе экономические качества.

В теоретическом плане экономическое воспитание определяется как процесс подготовки человека к активной общественно полезной трудовой деятельности на основе познания законов экономического развития. Экономическое воспитание - необходимое условие осознанного включения членов общества в общественный трудовой процесс и активного участия в его поступательном развитии.

Экономическое воспитание в широком смысле - это целенаправленное участие в нем всех слоев общественности, претворение в жизнь экономических отношений, всемерное использование в воспитательных целях прессы, радио, телевидения, кино и театрального искусства. Оно предполагает формирование у членов общества знаний, умений и навыков, потребностей и интересов, стиля мышления,

поведения и деятельности, которые соответствуют принципам и нормам доминирующего типа хозяйствования. В процессе экономического воспитания, как отмечают исследователи, вырабатываются такие качества личности, как бережливость, дисциплинированность, деловитость, организованность, ответственность, предприимчивость и др.

Экономическое воспитание с необходимостью охватывает и формирование экономического поведения. Под этим термином понимается совокупность поступков человека, выражающих его соотношение с внешней экономической средой, систему экономических действий личности, сознательной, воспитанной экономически. Социально такое поведение обусловлено целесообразной экономической деятельностью в быту, в школе, в обществе в целом, в процессе хозяйственно-бытового, общественно полезного, производительного труда. Решающим в поведении, о котором идет речь, является характер мировоззрения личности, обуславливающего направленность, последовательность и общественно-экономическую значимость этого поведения. В нем должны найти свое воплощение основные экономические качества личности.

Н.И. Клепач, В.Д. Попов и Л.Е. Эпштейн сущность экономического воспитания определяют как систематическое, целенаправленное воздействие общества на человека в интересах формирования знаний, умений и навыков, потребностей и интересов и других социально-психологических качеств, а главное - образ мышления и деятельности, соответствующих природе существующего производства, целям, принципам и нормам хозяйствования, общественной морали. Это процесс становления каждого члена общества как хозяина коллектива, на деле укрепляющего общественную собственность, рационально использующего народное достояние человека, который

последовательно руководствуется в своей деятельности общественными интересами, экономической политикой государства.

В.Г. Игнатов считает, что экономическое воспитание - это целенаправленное и планомерно организованное воздействие на членов общества для выработки у них современного экономического мышления и умений, навыков и потребности действовать в соответствии с учетом объективных экономических условий и законов, принципов и норм хозяйствования в целях наиболее полного осознания и обеспечения индивидуальных, коллективных и общенародных интересов при ведущей роли последних.

В. Анин придерживается мнения, что экономическое воспитание предполагает выработку у людей государственного подхода к делу, умения экономически грамотно мыслить, давать правильную экономическую оценку тому или иному общественному явлению внутренней и международной жизни, техническому нововведению, общественной значимости выбранной профессии, своего личного труда и т.п.

Экономическое воспитание, подчеркивает Н.А. Хроменков, способствует формированию у учащихся дисциплинированности, исполнительности, деловитости, бережливости, чувства хозяина. Оно учит жить и трудиться в коллективе, повышать эффективность труда и качество работы, соизмерять личные потребности с экономическими возможностями, личные интересы с коллективными и общенародными, проявлять нетерпимость к потребительству.

Анализ становления и развития экономического воспитания в советской школе и в советской педагогике позволил увидеть в произведениях выдающихся педагогов и организаторов образования А.В. Луначарского, Н.К. Крупской, А.С. Макаренко, В.А. Сухомлинского, С.И. Шацкого и других творческое развитие учения о

воспитании подрастающего поколения и ее составной части - экономического воспитания, почерпнуть немало ценного из поучительного опыта его постановки, накопленного в современной школе и педагогике, определить сущность и особенности экономического воспитания учащихся на современном этапе социально-экономического развития общества.

Экономическое воспитание есть систематический, целеустремленный, планомерный, совместно организованный педагогический процесс, предусматривающий подготовку выпускников к экономической деятельности в различных сферах народного хозяйства. Данный процесс предполагает выработку умения экономически грамотно мыслить, правильно, с точки зрения экономики, оценивать то или иное общественное явление внутренней и международной жизни; способствует приобщению к систематическому общественно полезному, производительному, эффективному и качественному труду, к анализу его результатов, поискам наиболее рациональных форм организации своей и коллективной деятельности. В ходе рассматриваемого процесса воспитывается сознательное отношение к продуктам труда, материальным ценностям, прививаются навыки рационального использования времени, соизмерения

своих потребностей с экономическими возможностями их удовлетворения, формируются и укрепляются экономическое сознание и поведение, экономические интересы, стимулы и мотивы эффективной экономической деятельности, приобретаются такие качества, как экономическая расчетливость, деловитость, организованность, дисциплинированность, чувство ответственности, предприимчивость.

Таким образом, экономическое воспитание рассматривается исследователями многопланово:

- как воздействие на сознание людей с ориентацией на экономику;
- как процесс экономической подготовки человека;
- как целенаправленное участие в экономической жизни;
- как совокупность способов производственной деятельности;
- как систематическое, целенаправленное воздействие на потенциальных субъектов производства;
- как процесс формирования экономических качеств личности;
- как процесс подготовки к экономической деятельности и т.д.

Каждое из представленных определений экономического воспитания раскрывает одну из граней этого сложного воспитательного процесса. За последние годы в педагогике накоплен новый научный материал, позволяющий конкретизировать и полнее трактовать характер воспитательного процесса. Так, педагогическое воздействие мыслится как процесс организации и вовлечения личности в разнообразную деятельность: учебную, трудовую, творческую, прогностическую, оценочную, совместную, игровую и т.д. Воздействие должно не столько побуждать школьников к той или иной деятельности, сколько возбуждать внутреннее стремление и интерес к ней. Более того, сейчас общепризнанным является положение о том, что воспитательное воздействие оказывает надлежащий педагогический эффект лишь в том случае, когда оно вызывает у воспитуемой личности положительное отношение к деятельности и стремление к дальнейшему саморазвитию. Признание личности не только в качестве объекта, но и активного субъекта воспитания приводит к выводу, что развитие личности происходит не по бихевиористской формуле "стимул - реакция", а мыслится в известной мере как процесс внутреннего поступательного самодвижения. Сущность его заключается в том, что внешние педагогические воздействия, преломляясь через внутреннее

восприятие развивающейся личности, вызывают у последней осознание и переживание "разрыва" между достигнутым и необходимым уровнем в работе над собой.

В конечном счете глубинная сущность экономического воспитания заключается в переводе разнообразных влияний в фактор индивидуального личностного развития.

Исходя из этого, мы рассматриваем экономическое воспитание не как прямое воздействие, а социальное взаимодействие субъектов

воспитательного процесса, направленное на формирование экономической культуры личности.

Экономическое воспитание личности неразрывно связано с экономическим образованием. Процессы эти едины, но не тождественны. Единство воспитания и образования заключается прежде всего в общности их целей. И то, и другое направлено на формирование всесторонне развитой личности. Экономическое образование всегда выполняет воспитательные функции, а экономическое воспитание - функции познания экономической жизни.

Под *экономическим образованием* следует понимать раскрытие основного содержания экономических понятий, категорий, законов развития производства, экономической политики государства в условиях рыночной модели экономики; выработку умения анализировать экономические процессы и явления; знания роли и значения труда на новом этапе развития общества; усвоение личностью экономических знаний, умений и навыков для расширения политехнического и экономического кругозора.

Таким образом, экономическое образование рассматривается традиционно как процесс вооружения личности экономическими знаниями, как элемент процесса развития познавательной способности человека, как процесс выработки умения оперировать готовыми знаниями, фактами и применять их в повседневной жизни. Как видим, экономическое образование в основном предполагает овладение экономическими знаниями и способами экономической деятельности. Однако современный уровень научно-педагогических знаний относительно категории "образование" предполагает ее рассмотрение не только как знаний и способов поведения, но и как опыта творческой, поисковой деятельности и опыта ценностного отношения к объектам или средствам деятельности человека (И.Я. Лернер).

Это методическое положение теории образования позволило нам сформулировать определение экономического образования как системы экономических знаний, способов экономической деятельности, реализации творческо-поисковой активности, эмоционально- ценностного отношения человека к познанию экономических явлений.

Использованная литература:

- 1.В.Е.Гмурман.Основные понятия (категории)педагогической науки /Общие основы педагогики/. - М., 1967).
- 2.П.В.Копнин. Диалектика как логика и теория познания. - М., 1973

**ФИЗИКА САБАҚТАРЫНДАҒЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУ МЕН
КЕРІ БАЙЛАНЫСТЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ДАМУҒА ЫҚПАЛЫ**

АЯЗБАЕВА ЖАНАТ ЗАЙДУЛЛАЕВНА

Ақтөбе қаласы

«№13 орта мектеп» КММ

физика пәні мұғалімі

Критерийлер арқылы бағалау оқушыларды оқу тапсырмаларын барынша сапалы орындауға ынталандырады, білімін тереңдетіп, кеңейтеді, оқушылардың ойлау қабілетінің деңгейін көтереді және олардың психикалық үдерісіне ықпал етеді.

Бұған қол жеткізуде әрбір мұғалім базалық дағдыларды игертуден бастайды, ол жаңарту үрдісінің әлеуметтік аспектілерін көрсетеді. Қалыптастырушы бағалауды оңтайлы жүргізу үшін білім алушылардың оңтайлы білім алуына қажетті қолайлы атмосфера туғызу да өте маңызды болып табылады.

Бұл міндеттерді жүзеге асыру оқытудың мазмұндық болмысын жаңа әдістемелік тұрғыдан негіздеуді талап етеді.

Осы орайда қазіргі кезеңде жүзеге асырылып жатқан бағдарламалардың негізгі мақсаты- жылдам өзгеріп жатқан әлемде өзіне сенімді және табысты болуға мүмкіндік беретін дағдылары мен түсініктерін дамытуға, өмірлік жағдайларда өз білімдерін қолдануға ықпалын тигізетін сыни тұрғыдан ойлауға үйретуді қамтиды [1, 15 б].

Себебі, әрбір оқушының қайталанбас дарынын дәл басып табу, ашу, жетілдіру мен дамыту, қастерлеу бұл – рухани жаңғыру жағдайында тұлғалық жетілу арқылы адамзаттық өркендеудің жоғары деңгейіне дейін көтеру деген сөз деп атап көрсетеді. Оқу бағдарламаларында көрсетілген білім мазмұны анықталатын және білім салалары бойынша әрі қызмет аспектілерін көрсететін күтілетін нәтижелерге көңіл аударатын оқу мен оқыту үрдісін дәстүрлі ұйымдастырудан бас тарту көзделеді, яғни оқушылар ақпаратты игеріп қана қоюмен шектелмей, өзіндік талдауға негізделген оқытуға мән берілуі тиіс [3].

Қалыптастырушы бағалау оқудың бір бөлігі болып табылады және оқу үдерісінің өн бойында жүргізіледі. Қалыптастырушы бағалау арқылы мұғалім:

- оқушының оқуда қаншалықты «ілгерілегенін» айқындай алады, өзінің оқыту әдіс-тәсілдеріне өзгеріс енгізу қажеттілігін талдайды;
- қандай бағалау тәсілдері оқудың жақсы жүзеге асып жатқанын анықтауға мүмкіндік беретінін шешеді;
- қолданылған бағалау әдістерінің тиімділігін зерттейді және салыстырады;
- оқушылардың оқуы жайында барынша мол ақпарат алады, мысалы, ауызша сауалнамалар, оқушылардың топтық әрекеттері, тапсырманы өз бетінше орындау, тақырыптық зерттеулер, рөлдік ойындар ұйымдастыру және қадағалау арқылы ақпарат алады [3].

Қалыптастырушы бағалау кезінде мұғалім оқушылардың санын және кері байланысты неше рет беру керектігін өзі анықтайды.

Қалыптастырушы бағалау үдерісі төрт кезеңнен тұрады:

- 1) Қалыптастырушы бағалауды ұйымдастыру және жоспарлау;
- 2) Қалыптастырушы бағалау әдістерін таңдау және қолдану;
- 3) Кері байланыс беру;
- 4) Қалыптастырушы бағалауға талдау жасау.

Мұғалім қалыптастырушы бағалауды жоспарлағанда оқу бағдарламасына, оқу жоспарына қарап оқу мақсатын анықтайды. Оқу мақсатына сай критерий құрылады. Тапсырманы орындау алгоритмі дескриптор ретінде рәсімделеді. Тапсырма нәтижесіне сәйкес жүйелі кері байланыс беріліп, нәтиже талданады.

Бұл бағалаудың барлық элементтерінің арасында теориялық негіздеме және өзара байланыс болуын қажет етеді (оқу мақсаттары, түрлері, құралдары және бағалау нәтижелері), бұл тәсілдің практикалық маңызы мен төмендегідей артықшылықтарын көрсетеді:

- оқушының жеке тұлғасы емес, оның орындаған жұмысы бағаланады;
- оқушының жұмысы оларға алдын ала белгілі бағалау критерийлері бойынша бағаланады;
- баға оқушылардың нені оқығанына қарай қойылады, себебі бағалау критерийлері нақты оқу мақсаттарын сипаттайды;
- баға қоюдың нақты алгоритмі оқушыға белгілі, соған сәйкес оқушы өзінің оқу үлгерімін өзі анықтап, ата-анасына хабарлай алады;
- оқушылардың өзін-өзі бағалауға және оқуға деген ынтасы артады. Сабақтағы қалыптастырушы бағалау тәсілдері әрбір оқушыны жасына да, мүмкіндігіне да қарамастан тұлға ретінде қабылдауға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Әр сабақтағы оқыту мақсаты оқушы үшін таныс болуы шарт, міне, білім мазмұнын жаңартудың негізгі ерекшелігінің мәні осында.

Сабақтағы қалыптастырушы бағалау үш жұмыс формасын қамтиды: ол мұғалімнің бағалауы, оқушының өзін-өзі бағалауы және оқушылардың бір-бірін бағалауы. Мұғалім қалыптастырушы бағалау арқылы оқушының қаншалықты бейімделгенін, тақырыпты түсінгенін, білік пен дағдыны қолданатынын, оқу мақсатына жеткендігін бақылай алады.

Физика, математика және информатика пәндері бойынша оқушылардың ақпаратты өздігінен алу, талдау және тиімді қолдану дағдысын қалыптастыру оқушыдан тиянақты базалық білімді, функционалдық сауаттылықты, білімді тәжірибеде қолдану дағдыларын талап етеді.

Өйткені, қалыптастырушы бағалау тапсырмалары арқылы оқушының өзін-өзі реттеуіне және ынталануына жағдай туғызылады. Оқушылар өздерінің сыныптастарын және өздерін белсенді түрде бағалауға қатыстырылуы шарт. Оқушы объективті болу үшін мұғалім сұрақтар арқылы көмектеседі.

Өзара бағалауда оқушылар бір-біріне көмектеседі, жетілдіреді, ынталандырады. Өзара бағалау ол коммуникация, жауапкершілік деңгейін арттырады. Өзара бағалауда мұғалім жетекші, нұсқаушы, қадағалаушы рөлін атқарады.

Үшінші кезең - кері байланыс - басқалардың әрекетіне айтылған пікір. Сабақтағы кері байланыстың мақсаты – жетістіктер мен даму туралы хабарлама беру. Кері байланыс сабақтың әр кезінде үздіксіз қолданылатын әрекет. Нәтижесі – оқу үдерісін дер кезінде түзетуге, жұмысты одан әрі жоспарлауға мүмкіндік береді. Кері байланысты мұғалім оқушыға, оқушы өзіне және сыныптасына бере алады. Кері байланыс принциптері - дер кезінде беру, оң нәтижеге бағытталған пікір білдіру.

Қалыптастырушы бағалауда нәтижесін талдауда білім алушылар қиыншылықтар туралы ақпарат алып оның шешу жолдарын қарастырады. Қалыптастырушы бағалау оқушылардың оқуда жетістіктерге жетуіне және алға ілгерілеуіне тікелей ықпал ететін және оқушы мен мұғалімнің арасындағы кері байланысты қамтамасыз ететін оқыту мен оқудың бөлінбейтін құрамдас бөлігі болып табылады.

Қалыптастырушы бағалау мұғалім қызметінің алгоритмі мен ол алгоритмді жүзеге асыру ресурстарының бірлігінен тұрады.

Ұстаз оқушыға олардың деңгейіне сай тапсырмалар беріп, қолдау көрсетуге соның ішінде қажетті түйінді қасиеттерді сенімділік, қамқорлық, өзара қолдау, шынайылық, адалдық танытуға дайын болады. Сонымен қатар, мұғалім оқушыларға бағалау критерийлерін анықтауды да үйретуі керек. «Өзің үйретпеген нәрсені бағалау әділетсіз болады» зерттеуші Дайана Хесс айтқандай оқушылар нақты критерийлер бойынша тапсырма орындауға дағдылануы олардың оқу жетістіктеріне оң ықпалын тигізеді. Бағалау критерийлері мен әдістерін белгілеуге, бағалау үдерісіне оқушылардың өздерін де қатыстыру керек. Мұндай ұстаным бағалауды оқушылар үшін өзіне түсінікті, демократиялық және әділ үдеріске айналдырады.

Қалыптастырушы бағалауды сабақта қолдану мұғалім мен оқушы арасындағы сыртқы кері байланыстың ішкі кері байланысқа өтуіне септігін тигізеді. Мұғалім қалыптастырушы бағалау әрекеті арқылы пәнді меңгерудің мақсатын нақты анықтауға жағдай туғызылады. Оқушылардың оқудағы белсенділігі оқуға қажетті білім, білік, дағдыны саналы меңгеруінен, оны тәжірибеде пайдалана алуынан көрінеді. Мысалы, математика, физика, информатика пәндері бойынша қалыптастырушы бағалау тапсырмаларында бағыттас пәндердің ескерілуі маңызды. Жалпы түсінік қалыптастыру мен дұрыс шешім қабылдауда бір-бірімен байланысты барлық пәндер қатар маңызды. Күнделікті бағалауда олардың біреуінің ескерілмеуі пән бойынша оқушының оқу жетістігі туралы дұрыс қорытынды жасауға мүмкіндік бермейді.

Мұғалімнің оқу мен оқытуға көзқарасының түпкілікті өзгерісі, өзіндік жаңашылдық ұстанымы бүгінгі білім алушыны да өзін-өзі реттеу негізінде өз бетімен білім алуға құштарлығын қалыптастырады. Оқушылардың сыни ойлауын дамыту үшін аталған пәнде бойынша есептермен, жабық тапсырмалармен қатар ашық сұрақтардың да рөлі жоғары. Дұрыс құрастырылған ашық сұрақтар оқушының ұстанымы мен құндылықтарын анықтауда, дұрыс ой тұжырымдап, өз ойын дәйекті жеткізе білуін бағалауда

тиімді болып саналады. Ашық тапсырмалар жоғары деңгейлі танымдық дағдыларды тексеруге, дәлелдер келтіре алуға, жеке көзқарасын білдіруге, сыни ойлай алуға және т.б. арналған. Ашық тапсырмалардың жауабы ұзақтығына (көлеміне) қарай ерекшеленуі, бір немесе бірнеше сөздерден (қысқа жауап) толық дәлелді пайымдауларға (толық жауап) дейін болуы мүмкін. Сонымен қатар мұғалім оқушының пәндік білімінің деңгейін, пәннің тілі мен мазмұнының тереңдігін бағалай алады.

Оқушыны дамытуда қалыптастырушы бағалаудың мәні зор, сондықтан ол оқу үдерісіне қатысушылардың барлығына түсінікті және анық, оқушыны жетістіктерге ынталандыратын сипатта болуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1.Құракбаев К.С., Омарбекова А.К. Совершенствование национальной системы оценивания учебных достижений учащихся в контексте системы критериального оценивания [Критериалды бағалау контекстінде оқушылардың білімін бағалаудың ұлттық жүйесін жетілдіру]// KazNU Bulletin. «Pedagogikal science» series № 1(44), 2015.

2.Негізгі орта және жалпы орта білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық: Оқу-әдістемелік құрал /«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ /О.И.Можаева, А.С.Шилибекова, Д.Б.Зиеденованың редакциясымен. - Астана, 2016. - 55 б.

3.Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін енгізудің әдіснамалық және оқу-әдістемелік негіздері. Әдістемелік құрал. –Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 58 б.

ҰЛТТЫҚ МҰРАНЫ АРДАҚТАЙТЫН ТҰЛҒА ТӘРБИЕЛЕЙМІЗ

ӘКІМЖАНОВА ҚҰРАЛАЙ ҚАЙЫРБАЙҚЫЗЫ

Ақтөбе қаласы

«№13 орта мектеп» КММ

математика пәні мұғалімі

Ұрпақ тәрбиесі — ертең елдің игілігіне қызмет ететін жастар тәрбиесі. Болашақ қоғам иелерін жан-жақты, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу — біздің борышымыз болып табылады.

Егемен еліміздің идеялық мақсат-мұраты Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» бағдарламасында көрсетілгендей... қазақстандық патриотизмге негізделуі керек». Ал патриотизм туған халқының асыл мұрасына деген құрметтен, тарихы мен тіліне деген сүйіспеншіліктен басталады [1].

Ел ертеңі-білімді де тәрбиелі ұрпақ. Ұрпағымыз тәрбиелі, білімді, саналы болған жағдайда ғана еліміз көркейіп, «Мәңгілік ел» мұратына ұласпақ.

Жауапкершілігі мол тәрбие жұмысы терең тамырымыз – қазақ халқының ұлттық мұрасына негізделуі керек. Халықтық педагогика отбасы

тәрбиесінен бастау алады. «Отан отбасынан басталады» дейді дана халқымыз. Отбасындағы тағылымнан мөлдір тұма бұлақтай бастау алған, ел-жұрт, ауыл-аймақ, тіпті бүкіл халықтық қарым қатынастан берік орын алған тәлім-тәрбиенің түрі. Демек, халық педагогикасы қоғам дамуының барлық сатыларынан өтіп, тәжірибеде жүйеленіп, ғылыми педагогикалық дәрежеге жеткенше ұрпақ тәрбиесінің қайнар көзі, алтын діңгегі болып келгені анық.

Бабаларымыз тәрбие тағылымын бір буыннан екінші буынға толқындай ауыстырып мирас еткен аса бай ауыз әдебиетіне шоғырландырған. Кең байтақ даласындай кең пейілді қазақта тіл жүйрік! Халқымыз тілдің ықпалды құдіретіне сенген. Сол себепті «Ұлы сөзден ұлағат» демекші, халық педагогикасының нәрімен суарылып, өзінің тәрбиелік нәрін күні бүгінге дейін жоғалтпай келе жатқан киелі мұра – фольклор болып табылады. Сан алуан түрлерімен ерекшеленетін бұл бай мұра бала іңгәлап дүниеге келгеннен бастап ғұмыр бойына жалғасып, адам өмірімен қоса өріліп отырады. Оның тәрбиелік мәні де орасан зор.

«Туғанда дүние есігін ашады өлең, Өлеңмен жер қойнына кірер денен» деп хакім Абай жырлағандай, халықтың тұрмыс-салт жырлары бай салт-дәстүрімен қамшының қос өріміндей өріліп, халқымыздың күнделікті тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланыста, ата-бабаларымыздың әр нәрсеге үлкен мән бере қарағандығының, даналығының көрінісі болғаны сөзсіз. Әдеп пен салт-сана сабақтастығы демекші, қадым замандардан бастау алатын мақал-мәтел, шешендік сөздер сияқты асыл сөздерді исі қазақтың бар ұрпағы бесік жырымен естіп, зердесіне құйған.

Әр халықтың мақал-мәтелі-сол халықтың өзі жасаған логикалық формуласы, ережесі, өмір сүру қағидасы. «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні»-мақал-мәтелдер халық тәжірибесінің, дүниетанымының талай ғасыр сүзгісінен өтіп, әбден еленіп, екшелген түрі. Сан түрлі тақырыпты мақал-мәтелдерді оқу-тәрбие үдерісінде кеңінен пайдалану, мән-мағңынасын ашып, талдату жас ұрпақтың көкірек көзін ашып, халықтың талай уақыт тезінен үзілмей келе жатқан тәрбиесінің маңыздылығын түйсіну болып табылады.

Халық ертегілері, жырлары, шешендік сөздері мен аңыздары, жұмбақтары мен жаңылтпаштары жас ұрпақ тәрбиесінде кеңінен көрініс табуы қажет.

Ұлттық тәрбиенің басты ерекшеліктерінің бірі – халқымыздың қайырымдылық қасиетіне байланысты. Ата-бабамыз ұрпағын қайырымды, жұртқа қамқор болуға, мұқтаж жандарға әрдайым көз қиығын салып, қол ұшын беруге баулыған. Ата-анасының алдында перзенттік парызын өтеуге, имандылыққа тәрбиелеген. Халқымыз өскелең ұрпақты жеті атасын білуге, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын сақтауға үйреткен.

Қазақ халқының адами қасиеттері имандылық, қонақжайлық, батылдық, төзімділік қасиеттері тарих парағымен дәлелденеді. Халық педагогикасы – қазақ халқының сан ғасырдан бері баланы бағып-қағып,

өсіріп, өнегелі азамат етіп шығару жөніндегі жинақталған тәжірибесі. Халқымыздың тәлім-тәрбиелік мәдениетінің бастауы, түп-төркіндері сонау есте жоқ ескі замандарда жатыр. Қазақтың бай ауыз әдебиетінен, сонау Орхан-Енесейден басталатын көне түркі ескерткіштерінен, тарихи жазба мұралар мен осы күнге дейін тұрмыс-тіршілігіміздің орын алып келе жатқан салт-дәстүрлерімізден табамыз. «Атадан бала тусайшы, ата жолын кусайшы» деп, атадан-бала мұра болып келе жатқан жақсы қасиеттерді келер ұрпақтың бойына сіңіріп, ізгілікке тәрбиелеуді армандаған [2].

Тәрбиенің іргетасы қаланатын жері отбасы мен тұрмыс. Ғалым Ш. Ахметовтың зерттеулері бойынша отбасы тәрбиесі алдымен әдептілікке үйретуді көздеген, әке-шеше баласына «әдепті бол» дегенді басты міндет етіп қойған. Екіншіден, олар қайырымды, иманды, мейірімді болуға тәрбиелеген. Үшіншіден, тіл алғыш болуға баулыған. Төртіншіден, адал, шыншыл болуға үйреткен. Бесіншіден, өнегелі ұстаз бен көпті көрген қарияның сөзін тыңдап бойларына біртіндеп сіңіре берген. Алтыншыдан, үлкенді, ата-ананы сыйлап құрметтеуге үйретуді ең басты міндет етіп қойған. Жетіншіден, кісі айыбын бетіне баспай, біреуге орынсыз тіл тигізбейтін әдепті азамат бол деп үйреткен. Сегізіншіден, ел қорғаған батыр бол, халық алдында қызмет ет, бар өнеріңді соған жұмса дегенді ерінбей-жалықпай айтып қана қоймай, жеке өнегелер арқылы көрсетіп отырған [3].

Ұлтымыздың тұрмыс–салтынан, тыныс- тіршілігінен туған әдет-ғұрып, дәстүрлері ғасырлар бойы қалыптасып, адамгершілік, тазалық, тәрбие қағидалары іспетті. Олар уақыт өткен сайын жаңғырып, жана қырынан ашылып, жас ұрпақ үшін ғибраты молая бермек.

Халық педагогикасының негізгі мақсаты – өзінің бай тәжірибесіне сүйене отырып, келер ұрпақты өнер-білім меңгеруге, еңбек етуге, ауыл-аймақтың, өз Отанның ар-намысын қорғауға, адамгершілік қасиеттерге баулу болып табылады. «Болашақ бүгіннен басталады» демекші, сол болашақтың адамдары қай жағынаң болса да тамаша адам болуы тиіс.

Қазіргі кезде республикамыздың егемендігі мен бейбітшілігін сақтауда «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы негізінде тұлғаның патриоттық құндылықтарын дамыту арқылы Қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға үлкен мән беріліп отырғандығы Қазақстан Республикасында, Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік «Білім» бағдарламасында, Қазақстан Республикасы Президентінің жолдауларында, Қазақстан Республикасы тарихи сананы қалыптастыру, Қазақстан Республикасы мәдени-этникалық білім беру тұжырымдамаларында, «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында», «Бала құқығы туралы декларацияда» және үкімет құжаттарында, ғылыми-зерттеу жұмыстары мен басылым беттерінде айқын аңғарылады.

Ендігі дйттегеніміз–а) мемлекеттік қыз-мет пен қоғамдық қозғалыстардың шешуші бағыттарын бір-бірімен ұштастыра жаңғырту талабынан ауытқымау; ә) алдағы көптеген жетістіктердің демеуші бастауы

мен карқынын бір-бірімен сәтті үйлестіру; б) қолға алған әр істің нәтижесін нақтылау; в) озық тәжірибені ұрпаққа үйретуді тездету [4].

Ұлттық идеяның негізгі мәні - мәңгілік мақсат-мұраттарымыз бен мәдени-рухани құндылықтарымызға негізделген, мемлекет құрушы қазақ халқы мен өзге де ұлттардың ұлттық идеяларын бір арнаға тоғыстыратын идеология арқылы қалыптастырылатын қазақтың ұлттық мемлекеті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030. – Алматы: Білім, 1997. – 265 б.
2. Ақылдың кені. Құрастырған Қ. Жарықбаев. Алматы 1991.
3. Мектептің тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі. Алматы-1999.
4. Ы. Алтынсарин атындағы қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті.
4. <http://aqiqat.kazgazeta.kz/news/8418>

РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ САПАСЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

ӘШІМ НҰРГҮЛ ХАСЕНҚЫЗЫ

Павлодар облысы

Баянауыл ауданы

«Баянауыл ауданы білім беру бөлімінің

Ш. Айманов атындағы ЖОББМИ» КММ

бастауыш сынап мұғалімі

XXI ғасырдың табалдырығын аттаған еліміз әлемнің дамыған елдерінің қауымдастығына кіруге бет алды. Сондықтан еліміздің туын биікке көтерер білімді, білікті, адамгершілігі жоғары ұрпақ тәрбиелеу біздің алдымыздағы ең басты міндет.

«Біз тұрғызатын қоғамдарды бағалайтын, белсенді, жоғары моральді, әдепті және рухани байлығы мол адамдардан тұру керек» - дейді Елбасы Н.Ә. Назарбаев.

Рухани тәрбие адамның ізгілік ұстанымдарын тәрбиелейді. Жеке тұлғаның ақыл-ойы мен іс-әрекеттерін жүрек арқылы ізгілік мұраттарға бағыттап, өмір даналығын түсінуге рухани көзқарас қалыптастырады.

Шығыс ғұламалары Омар Хайям: «Адамдардың пайдалысы- адамдарға пайда келтіргендер» десе, Рудаки бұл ойды одан әрі нақтылай түседі: «Өмір-теңіз, жүзем онда деменіз, ізгіліктен жасалмаса кемеңіз». Демек, әлемдегі қайғы-қасіреттердің болу себебі адам өмірінде адамгершілік құндылықтардың және арман-мұратының болмауынан екен.

Сондықтан да ізгіліктің ең үлкені - адамдарға жақсылық жасау деп түсінсек, мұның өзі адамның бойында ізгіліктің болуынан бастау алады екен. Біреулер қоғамда көп ғылымның, біреулер үлкен байлықтың иесі болар. Бірақ та адамда адамгершілік қасиеттер болмаса, бұл жеткен жетістіктері жалаң, жадағай болып шығады. Қазіргі мектептердің

міндеттерінің бірі - кез келген жасөспірімге білімді меңгерту ғана емес, оның рухани - адамгершілік қасиеттерін танып, ішкі жан дүниесіне әсер ету арқылы жас ұрпақтың өзін-өзі дамытуына жол көрсетуде.

Рухани-адамгершілік тәрбие дұрыс дағдылар мен әртүрлі жағдайларда өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдағы қарым - қатынас мәдениетінің тұрақтылығы. Рухани-адамгершілікке тәрбиелеу дегеніміз оқушы өміріндегі орнын, жауапкершілігін түсініп, өзін-өзі жетілдіріп, айнала қоршаған адамдар мен кез-келген затқа, жан-жануарларға және экологияға жақсылық тілеп, қайырымдылық жасауға тәрбиелеу. Сондықтан рухани-адамгершілік білімі жеке тұлғаны қалыптастырудың негізі болып табылады. Жоғары ізгілік мұраттардың ең құндысы-руханилық. Өзін-өзі жетілдіретін тұлға үнемі ізгілік ұстанымдарын өз бойында шындап, жетілдіруге ұмтылады. Тұлғаның руханилық санасы - өмірдің мәнін, өз тағдырын халықтың тағдырымен ортақ деп түсіну қабілетін дамыту, жақын адамдарының алдындағы жауапкершілігін сезіну, өзінің жеке басына тән азаматтық және адамгершілік парызын орындау.

Жас ұрпаққа рухани тәрбие мен білім беру адам дамуының рухани үйлесімділігін, өмірдің құндылықтарын түсінуге, өзін қоршаған ортамен үйлесімділікте ұстай білуі, жердегі тіршілікті сақтау үшін өзінің қажеттілігін түсінуді қамтамасыз ету.

Рухани құндылықтар қоғам талабына сай өзгерістерге ұшырап (мысалы, ұжымдық үдеріс қауымдастық пен жеке тұлғалылыққа алмасты, ұлттық, қоғамдық құндылықтардан гөрі жеке құндылықтар басымдылық таныта бастады), жаңа нарықтық қоғам салты пайда болды. Бұл жағдайлар азаматтарымыздың арасында ізгілік, әділдік, өзара көмек, төзімділік сияқты қарымқатынастар орнатуына ықпал ететін құндылықтар мен әр жеке тұлғаның шығармашылық мүмкіндіктерінің ашылуы мен оларды жүзеге асыруға түрткі болатын құндылықтарды зерттеу қажеттіліктерін туғызды. Осындай жағдайларда қоғамдық мұраттар мен адамдардың тәлімдік үдерістері өзгерді, сондықтан да білім мазмұнын түбегейлі жаңғырту, әдістерді жаңарту және жастарды оқыту және тәрбие беру технологияларын жетілдіру қажеттілігі туындады. Әр адам өз бойындағы қабілеттерін толық жүзеге асырып, өз мемлекетімізге ғана емес, бүкіл адамзат иігілігіне пайда келтіре алатындай болуы керек. Баланың бойындағы қабілеттерін ашып, оның өз жан-дүниесіне үніліп, өз болашағына деген сенімін ояту, өзін-өзі құрметтеп, өз ар-ұжданымен өмір сүруі қандай маңызды десеңізші! Яғни, өздерінің дене және рухани күштерін жете бағалайтын, өз тілегі мен сезімін қажетті арнаға бұра алатын, өзіне талап қоя алатын, өз күшіне, өз қабілетіне, өмірлік мақсаты мен міндетіне жету жолындағы мүмкіндігіне сенімді, Отанын, елін-жерін сүйетін, рухани-адамгершілік құндылықтары қалыптасқан толық адамды тәрбиелеу болып табылады. Басты ерекшелігі сонда- адами құндылықтарды оқытуға бағытталған. Ал «адами құндылықтарды шынайы оқыту дегеніміз бұл қағидалар практикада, күнделікті өмірде қолданылады дегенді білдіреді. Білім берудің шынайы

мақсаты адам баласына тән қабілеттердің көрініп, ашылуы болып табылады». Оқушыларға рухани-адамгершілік білім беруді мақсат еткен жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды негіз етеді. Жоғары рухани құндылықтар: махаббат, жақсылық, өмір мәні, ақиқат, еркіндік, сұлулық, адамның өзіндік құндылығы, лайықты өмір сүру, жалпы адамгершілік және т.б. Осы құндылықтардың мәні не, маңызы қандай, мақсаты неде дегенге келетін болсақ, құндылықтардың әрқайсысы адам баласының өмірлік ұстанымына тікелей әсер-ықпал етіп, жеке тұлғаның бағыттылығын, оның сенімдерін, дүниеге көзқарасын, идеалдарын, ұмтылыстарын, өмір сүру түрін еркін таңдай алуын өз бетінше іске асырып, жеке тұлғаның әлеуетін барынша ашуға мүмкіндік береді. Ұлттық құндылықтар: ұлттың тілі, діні, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, тарихы, мәдениеті, өнері, әдебиеті, музыкасы, ата-мұрасы және т.б. Еліміздің білім беру жүйесінде жас ұрпақты ұлттық құндылықтар негізінде руханилық пен адамгершілікке бағдарлап білім-тәрбие беру ісі өткір мәселе саналады. Осы тұрғыда ұлттық құндылықтарды дәріптеуді, оны білім мазмұнына енгізу арқылы ұлттық тәрбие беруді, оны үздіксіз білім берудің көзіне айналдыруды, оның тереңдігі мен рухани шындығын балалық кезден бастап сіңіруді мұрат етіп отыр. Бұл орайда мазмұны арқылы ұлттық тәрбие беру желісі нені тұтқа етеді деген мәселеге келсек, мұндағы басты құрал оқу материалдары, яғни тақырыбы мен мазмұны жағынан бала рухын тербететін, жанын елжірететін, масаттандыратын, табындыратын, әсемдік сезімін, ар-намыс сезімін оятатын, білуге құмарлыққа, ақ көңілділікке, ерлікті көксеуге, күшқайратты шыңдауға ұмтылдыратын - нағыз ұлттық, қазақша ойлайтын, қазақша сөйлейтін, тілеуі, қалауы, арманы қазақша болатын, өз бойынан ата-бабасының қаны мен рухын сезінетін, өз халқының би, батыр, шешен, даналарының өнеге-үлгісін ұстанатын, елінің тағдырына, тарихына жаны тебіренетін -көркем шығармалар, адамгершілік бастаулары, әдептілік қағидалары, өсиет әңгімелері, шешендік сөздері және т.б. Міне, осындай қуат бойына дарыған жас ұлан келешекте бәсекеге қабілетті болатыны сенімді Сабақта міндетті түрде орындалатын сабақтың әдіс-тәсілдері: олар - «Шаттық шеңбері», «Әңгімелесейік», «Дәйексөз», «Жана ақпарат», «Шығармашылық жұмыс», «Өзіммен-өзім», «Тыныштық сәті», «Дәптермен жұмыс», «Сергіту сәті», «Жағдаяттарды талдау», «Сахналау», «Ойын жаттығу», «Жүректен-жүрекке». Сабақтың басталуының өзі ерекше, біріншіден оқушыға еркіндік беріледі. Ол өзін-өзі еркін ұстауға үйренеді, пікірі дұрыс, бұрыстығын өзара пікірталас кезінде ғана түсінеді. Пікірталас кезінде барлық пікір қабылданады, құрметтеледі. Мәтінді талдау арқылы көзделген мақсатқа жету, көптеген әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асырылады. Пікірталас, топтық, жұптық, белсенді жеке жұмыс түрінде болуы мүмкін.Бастауыш сыныптарда ойын түрінде, сахналау түрінде, іштей елестету, тыныштық сәтінде әр жеке тұлғаға өзінің ішкі әлемін түсінуге мүмкіндік беріледі. Дәйексөз - сабақтың ең негізгі түйінін шешетін кезең.

Сабактың қорытынды бөлігі «Жүректен-жүрекке» ойға жетелейді. «Мен бүгін не ұқтым?»-осы қорытынды бөлігінде айтылған ой түйіні арқылы тақырыптың балаға қалай әсер еткенін бақылауға мүмкіндік болады. Шеңбер құра отырып ой жалғастырады, бірін-бірі толықтырады, бір-біріне ұқсамайтын жаңа ой айтуға талпынады, ізденеді, осылайша әр оқушыда дербес әрекет дағдысы қалыптасады, дамиды. Адамның адамгершілік негіздері болмаса, ол еркінен, өмірлік бағдарынан тез айырылып, тағдырдың ойыншығына немесе қылмыс әлемінің құрбанына айналады. Әсіресе балалар мен жасөспірімдер кері жолға бейім болады. Әрине әр адам өз өмірінің қожасы және ол өз өмір жолын өзі таңдайды, басқа адамдармен қарым-қатынас жасайды, қателіктерге бой алдырады. Сені қоршап тұрған жағдайды өзгертуге болады, бірақ өзіңнің ішкі әлеміңнен қашып құтыла алмайсың. Сонымен қатар, егер адамның жаны немесе рухы сырқат болса, онда ешқашан сау бола алмайды. Сондықтан адамның қандай рухани құндылықтарды игергені өте маңызды. Адамгершілік тәрбиесі оқу тәрбие үрдісінің барлық саласында, оқыту, білім беру және еңбекке баулу үрдісінде жүзеге асады. Тәрбиелі болу үшін адамгершілік қасиеттерді жатқа білу жеткіліксіз, оның терең ой елегінен өткізу, бастан кешіру, мінез-құлыққа бекіту керек. Тәрбие ісі нақты кезеңнің ерекшеліктерін сақтай отырып, болашаққа бағдар береді, жеке тұлғаны соған дайындайды. Жеке тұлғаның адамгершілік құндылықтары өмірге келген күнінен басталады. Мектепке дейінгі жаста балалардың бастапқы адамгершілік қасиеттері мен ұғымдары, мінез-құлықтың қарапайым дағдылары қалыптасады. Баланың мектеп жасына дейінгі қалыптасқан мінез-құлықтары болашақта ересек қоғамда және құрбы-құрдастарымен қарым-қатынасқа түскенде көріне бастайды. Бастауыш сыныпта адамгершілік көзқарастардың, мінез-құлықтардың, сезім мен сананың жаңа түрлері одан әрі дамытылады. Мектеп оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеу - ең алдымен оқыту үрдісінде қалыптасады. Әр түрлі пәндерді оқыту кезінде бастауыш сынып оқушыларының достық, жолдастық, өмірге деген белсенді көзқарас, Отан туралы ұғымдары қалыптасып дамиды. Үлкенді сыйлау, кішіге ізет көрсету, ата-аналарды қадірлеу, еңбектенуге үйренеді. Бұл жаста балалар сапалы тәртіпке, жолдастық өзара көмекке, адамның көңіл-күйін түсіне білуге дағдыланады. Олар мектептегі оқу әрекетіне деген өзіндік қатынастарын, отбасында, қоғамда өзін-өзін ұстауды біледі. Соның нәтижесінде бастауыш сынып оқушыларында дербес және қоғамдық мінез-құлық, адамгершілік қарым-қатынасы дамиды, оқушылары өздерін ересектер қатарына қосып, өз бетімен тіршілік етемін деп қиял жетегімен кетеді. Бұл жастағы оқушылардың дамуына ұйымшылдық, тәртіптілік, қамқорлық, құнттылық, т.б. қасиеттер әсер етеді, ғылымға, мамандықтаңдауға ынталары артады. Бұлар әділеттілік, борыш, ар-намыс, ұят, адалдық сынды моральдық ерекшеліктерге көңіл бөледі. Олар үлкендермен қарым-қатынас жасауда өзін-өзін тәрбиелеуді қажет етеді.

Сондықтан бұл жаста көбірек ерік берген жөн. Өскелең ұрпақтың адамгершілік тәрбиесін іске асыруда қоршаған ортаның ықпалы орасан зор.

Мектеп оқушыларына тәрбие беру тек жеке пәндерде ғана емес, сыныптан тыс іс- шараларда, үйірме жұмыстарында рухани құндылықтарға баулуға болады. Мұндай жұмыс түрлеріне сынып жетекшінің эстетикалық әңгімесі, түрлі ой жарыстары, пікір таластарын жатқызуға болады. Жасөсірімдерді адамгершілікке тәрбиелеуде өмірде кездесетін түрлі жағымсыз жағдаяттардан сақтану мәселесі де ескерілуі қажет. Көбіне көптеген отбасыларда күнделікті тірлік қамымен балалардың рухани қажеттіліктері ескерілмей, екінші орынға жылжиды. Бала дұрыс, адамгершілік іс- әрекеттерді, салауатты өмір салтын, жақсы мен жаманды айыра білу, өзін - өзі жетілдіруге деген ынтасын қалыптастыруы керек, қажет кезде өз бетімен шешім қабылдап, дұрыс таңдау жасауы үшін кішкентайынан өз дегенін іске асыруға баулу керек. Ал бұл дағдылардың барлығы жанұяда қалыптасады. Балаларды адамгершілікке тәрбиелеуде ата-ананы оқу-тәрбие үрдісіне қатыстыру, олармен тығыз байланыс орнату мәселесі негізгі мәселе болуы тиіс. В.А. Сухомлинский: «Егер баланы тәрбиелеген дәрежеге жеткізудің сәті түссе, адамгершілік тәрбие жеке адамды жетілдіруге тиімді ықпал жасайды» дей отырып, «Егер біз балаға қуаныш пен бақыт бере алсақ, ол бала дәл сондай бола алады», - деген болатын.

Рухани дүниесі бай, қажеттіліктері мен қызығушылықтары, талғамы, ой-өрісі кең адамдарды толық қалыптасқан, мінезі тұрақты адам дейміз. Мінездің тұрақтылығы адамның рухани адамгершілік түсініктерінен туындайды. Ендеше, оқушыларды рухани-адамгершілік тәрбиесі арқылы толыққанды жетілген азамат етіп тәрбиелеу-қоғамымыздың басты мақсаты. Рухани адамгершілік тәрбиесінде мұғалім оқушыны тұлға ретінде танып біліп қана қоймай, оның дамуында кешегіні, бүгінгіні, болашақты көре білуі қажет. Түйіндей келе, адамгершілік тәрбиесі-бұл адамның туғаннан басталатын және өмір бойы жалғасатын, адамдардың мінез-құлық нормаларын игеруіне бағытталған үздіксіз үрдіс. Оның мазмұны оқушының жеке тұлғалық қасиеттерінің қалыптасу шеңберінде дамиды. Сондықтан оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда оқушылардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескеру маңызды орын алмақ.

БАЛА ТІЛІН ДАМЫТУДА, ОЙ-ӨРІСІН КЕҢЕЙТУДЕ

ХАЛЫҚ-АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

БАЙДОСОВА ГУЛЬМИРА МЕНДИГАЛИЕВНА БАҚТЫҒАЛИЕВА МЕЙРАМГҮЛ ҚОЗЫ-КӨРПЕШҚЫЗЫ

Атырау қаласы

№26«Жұлдыз» бөбекжай-бақшасының

тәрбиешілері

"Қазақстанның отаншылдық сезімін тәрбиелеу білім берудің мектепке дейінгі жүйесінен жоғарғы оқу орындарына дейінгі орталықтарда барлық ұйымдарда көкейкесті болып табылады. Балаларды Отанды, туған жерді,өзінің халқын сүюге тәрбиелеу-мұғалімнің аса маңызды, аса жауапты да қадірменді парызы.

Н. Назарбаев

Еліміздің дербес, толық қанды ел, егеменді мемлекет болуы, халқымыздың ертеден бергі еркіндік үшін, туған жері–Отаны үшін күресінің жемісі. Бүгінгі таңдағы еліміздің әлемдік өркениет шеңберінде өз орны мен статусын алуға ұмтылысы заңды құбылыс. Өйткені, әр елдің, халықтың өзіндік болмысына тән мақсат–мұраты бар.Мұрат–алға жетелейтін, болашақтан қол бұлғап шақыратын, халықтың арманы, мақсаты. Ал мақсат немесе мұрат – ол, болашақта қол жеткізуге жетелейтін қоғамдық-рухани сананың көрсеткіші - идеал. Біздің дана халқымыз қай кезеңде де ұрпақ тәрбиесіне ұлт болашағы деп қарап, үлкен көңіл бөлген. Жаһандану үрдісіне еркін енген осы заманда тек ұлттық тәрбие алған ұрпақ қана дені сау, білімді, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өсетінін түсінетін уақыт әлдеқашан жетті. Сондықтан, мына біздер, әсіресе ұстаздар қауымы ұлттық тәрбие - ел болышағы деп қарауымыз шарт. Олай болса, біздің ұлт болып қалыптасып, ұлт ретінде сақталып қалуымыз үшін де біздің халқымыздың жоғын жоқтап, мүддесін қорғайтын ұрпақ тәрбиелеуіміз басты міндеттердің бірі. «Тәрбие тал бесіктен басталады» деген дана халқымыз. Демек, баланың қоғамға өзіндік пайдасын тигізер тұлға болып дамып жетілуіне бірден-бір ықпал ететін орын балабақша. Тек қана отбасындағы тәрбие баланың жан-жақғы дамыған тұлға ретінде қалыптасуына аздық етеді. Сондықтан бала дамуының негізгі баспалдағы деп, біз ең алдымен балабақшадағы тәрбиені қалыптастыруымыз қажет. Осы арада «балабақшадағы ұлттық тәрбиені неден бастауымыз керек?» деген сұрақ туындайды. Біздің халқымызда атадан балаға мирас болып қалған мұралар сан алуан. Солырдың ішінде балалардың жасына сай қажеттілігіне жауап бере алатын бірден-бір тәрбие құралы-ұлттық ойындар. Ойын тіршіліктің нышаны еңбекке бейімделудің белгісі, дене шынықтыру мен сергудің құралы. Қазақ халқы әрдайым «ойын баласы» деп, жас баланың ойнауына мүмкіндік туғызып отыр. Әрбір ойынның тәрбиелік мақсаттары болады. Қазақтың «Ақсерек-Көксерек», «Ақсүйек», «Орамал

тастамақ», «Шілік», «Арқан тартыс», сияқты ұлттық ойындары қайрат пен жігерді, байқампаздық пен сезімталдықты дамытса, «тоғыз құмалақ» ойынын ойлау қабілетін арттырады. «Бірінші байлық - денсаулық» дейді халық, ал ойын денсаулықтың кепілі. Сондықтан ертемен тұрып шынығу, сергу — ойынның бастама негіздері. Ойын неғұрлым көңілді өту үшін, ойын өлеңдерін жатқа білген дұрыс. Мысалы «Қуырмаш» ойынындағы: Мына жерде - қант бар, Мына жерде - жент бар, Мына жерде - қатық бар, Мына жерде - қытық бар, - деп қытықтай ойнау баланы сөзсіз күлдіреді. «Ақсерек-Көксерек» ойынындағы Бізге сұлу қыз керек! Сіздей сұлу қыз керек! Бізге күшті ер керек! Өзің керек-Еркөбек!-деген өлең ойнаушыны ынталандырады. Ойын - халықтың баланы әдептілікке баулитын тәрбиелік тәрбиелік құралы. Сондықтан әрбір ойынның тәртіппен ойнауға үйрету қажет. Ойынға тек ойын деп қарамай халықтың асыл қазынасы, бір жүйеге келтірілген тамаша тәрбие құралы деп қараған орынды. Осы тұрғыдан, Қазақстан халқының мұраты: еркін халық болу; өзгелермен терезесі тең мемлекет болу; өз ішінде береке-бірлік пен ынтымақ орнаған халық болу. Бұл мұратты жүзеге асырудың негізгі шарты – әрбір Қазақстан азаматының қатардағы қоғам мүшесі деңгейінен мемлекеттің саналы әрі белсенді азаматы әрі өз Отанының, халқының нағыз патриоты дәрежесіне көтерілу. Қазақстанда тұратын әрбір азамат өзінің елін, жерін құрметтеп сүйюді балабақшаның қабырғасынан бастап үйренуі керек. Осы мақсатқа жету үшін, біздің алдымызда тұрған басты міндет – Тәуелсіз Қазақстанның әр баласының жүрегіне Отанына, жеріне, еліне деген ыстық сезім, шынайы сүйіспеншілік ұялату. Отансүйгіштік және рухани – адамгершілік тәрбие мектепке дейінгі білім беру сапасын көтерудің кепілі-жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпақты тәрбиелей отырып халқымыз «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтпаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар үлкен роль атқарады. Рухани – адамгершілік тәрбие – екі жақты процесс.

Тәрбиенің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар – ождананы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу.

Рухани адамгершілік тәрбие – бұл дұрыс дағдылар мен өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдағы қарым-қатынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырады. Балабақша қабырғасынан бастап, отан, ел, жер ұғымының киелілігін білу, ұлттық құндылықтардың оның ішінде салт-дәстүр, менталитет, тарихтың маңызын бойына сіңіріп өсіру ең басты қағидат болуы қажет. М.Шаханов айтқандай төрт ана үшін күресуге белді бекем буған ұрпақ елі үшін аянбайды. Қазіргі кездегі күрделі мәселенің бірі болып отырған ана тілі де бала үшін асыл қасиет екенін ұқтыру баршамыздың міндетіміз. Елбасы айтқан ана тіліміз Мәңгілік елдің мәңгілік тіліне айналуы үшін бірқатар маңызды іс-шараларды жүзеге асырып, соның

нақты нәтижесінен қорытынды шығаруымыз қажет. Қазіргі таңда мектепке дейінгі тәрбие саласында оқу тәрбие жұмысында көптеген жаңа инновациялар пайдалануда. Жаңа инновация үдерісінің негізгі үш бағыты бар:

- басқару әрекетіндегі инновациялар
- педагог кадрлармен жұмыстағы инновациялар
- білім беру мазмұнындағы инновациялар

Туған жерге деген сүйіспеншілік Туған елге– Қазақстанға деген патриоттық сезімге ұласады. Мектеп жасына дейінгі балаларды Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеудің маңызы зор. Қазақстандық патриотизмнің қайнар көзі – халықтың береке-бірлігінде, ынтымағында, ұлан-байтақ жерінің бір тұтастығында. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті, елбасымыз Н.Ә. Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынды. «Оның ауқымы ізінше оп-оңай кеңейіп, «Туған елге» ұласады»- деп атап айтты елбасымыз. «Туған жер» ұлттық идеясын енгізу жұмыстары мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын жаңарту аясында да жүргізілуде. Қазақстанда тұратын әрбір азамат өзінің елін, жерін құрметтеп сүйюді балабақшаның қабырғасынан бастап үйренуі керек. Осы мақсатқа жету үшін, біздің алдымызда тұрған басты міндет – Тәуелсіз Қазақстанның әр баласының жүрегіне Отанына, жеріне, еліне деген ыстық сезім, шынайы сүйіспеншілік ұялату. «Біздің мақсатымыз айқын бағытымыз белгілі, ол–әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу. Ал рухани жаңғыру мен жаңаруда білім берудің орны ерекше. Ең бастысы –бағыт-бағдарымыз анық, жолымыз жарқын болса екен. Білім беруге қойылып отырған жаңа талаптарды орындауда көптеген жұмыстар жүргізіліп, еліміздің жастарының үш тілде білім алуына, жаңа технологияларды игеріп, білім беру жүйесіне енгізуде көптеген жұмыстар атқарылуда. «Үш тілде білім беру», бағдарламаларын жүзеге асыру маңызды. Дегенмен, ең бастысы жаһандық өзгерістер кезеңінде біз ұлттық ерекшелігімізді, құндылығымызды сақтай білуіміз керек. ХХІ ғасырдағы рухани жаңғырудың мәні осыда болмақ. Мәңгілік Ел – бұл ертеңгі күнге есік ашатын, болашаққа сенімді арттыратын идея, бұл – кері қайтпайтын және берік тұрақтылықтың символы...», -деді Елбасы Н. Назарбаев. Осы тұғырлы идеяны қалыптастыру үшін ең алдымен ұлағатты тәрбие мен сапалы білімнің қажеттілігі анық көрсетілген. Мектепке дейінгі білім беруде жас ұрпақтың бойына сіңіретін тәрбие ең алдымен ұлттық құндылықтарға негізделіп жүргізілген абзал. Оның ішіне рухани-адамгершілік қасиеттері мен отаншылдық сезімнің ұдайы дамып отыру бағытындағы іс-әрекеттер кіріктірілуі тиіс.

Халқымыз «баланы ойын өсіреді» деген сөзі тегін айтылмаса керек. Бала ойнап жүріп, ойланады, жүйкесі тынығады, ойы сергиді, денесі шымырланады. Өздерінің құрбы-құрдастарымен жақсы араласуды үйренеді.

Сан алуан ойындар баланың дене тәрбиесін дамытып, жас жеткіншектің бойына адамгершілік, сүйіспеншілік, кішіге көмек, үлкенге құрмет көрсете білуге, қиыншылықтан қорықпауға, мақсатқа жетуде төзімділікті ұлғайтуға тәрбиелеуде ерекше мәні бар. Ең бастысы, ойын баланы жан-жақты, тез ойланып шешім қабылдауға, ойын шыншыл ойнауға кешірімді, жанашырлыққа тәрбиелейтіні анық. Елбасымыз рухани қазыналарымызды қастерлеу, оны келер ұрпақтың еншісі етудің оңтайлы кезеңі туғанына үлкен көңіл бөледі. Әдеби шығарманың көркемдік өресін көрсететін құралдың бірі- оның тілі.

Тіл арқылы ақын-жазушының көркем-ойын ұғынады, одан эстетикалық тәрбие алады. Сонымен бірге бала ана тілінің құдіретіне, рухани күшіне тәнті болады деп барлық педагогтарға сенім артады. Болашақтың базары да, келешектің — кемеңгері де балалар емес пе? Саналы, өскелең ұрпақ тәрбиелеу-әрбір тәрбиешінің міндеті. Баланың ой-өрісін дамытуға, олардың қиялына қанат бітіріп, тіл байлықтарының молаюына балабақша тәрбиешілерінің сіңіретін еңбегі орасан зор. Бала тәрбиесі отбасынан бастау алды десек те, ғылымға негізделген әдіс – тәсілмен берілетін тәлім – тәрбие ісі көбінесе балабақшадан басталып, жан-жақты педагогикалық өрісін табады. Жаңа стандарттың жалпы ережесінде педагогикалық процестің жаңашылдығын қамтамасыз ету көзделген. Осы стандартқа сай балабақшада тәрбиелеп оқытудың басты құралы–бағдарламалар жаңартылып, оқу-тәрбие жұмысының мазмұнына елеулі өзгерістер әкелді. Осы өзгерістерге орай ересектер тобында оқытуды жетілдіру әр педагогтан оқыту ісін оңтайландыру жолдарын тәжірибеге енгізуді талап етеді. Әсіресе балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы ізгілікті әсер етіп, мағынасы өшпейтін із қалдырады. Қазақ халқының бай салт-дәстүрі мен әдебиетінің келер ұрпаққа берер тәрбиесі көп. Соның ішінде халық ауыз әдебиетінің маңызы ерекше. Жазу-сызу болмаған кезде халықтың ой-арманынан шыққан әңгімелер, жұмбақтап айтқан сырлары, тілдерін ұштаған жаңылтпаштар, өткір тіл, ұшқыр ойдан шыққан мақал-мәтелдер, қиял ғажайып ертегілер, т.б. баланың тілін, ой-өрісін дамытуда ерекше роль атқарады. Балалар ертегі тыңдап, бір-біріне жұмбақ жасырғандығы жаңылып жаңылтпаш айтқанды, тұрмыс-салт жырларын тыңдағанды ұнатады. Халық ауыз әдебиетінің салалары көп. Олар: ертегілер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, т.б. Осы салаларды балалардың жас ерекшеліктеріне қарай және оларды жалықтырып алмайтындай етіп, сана-сезіміне әсер ету арқылы қызықтыра отырып, бойларына сіңіру әрі олардың тілдерін дамыту үлкен жауапкершілікті талап етері хақ. Өйткені сәби жастан бастап балаларға ертегі тыңдатып, халық ауыз әдебиетімен сусындату келешек ұрпақтың ойының ұшқырлығына, тілінің байлығына, сана-сезімінің өсіп дамуына көп әсерін тигізеді. Мақал-мәтелдер, ойға түрткі салатын сыр сандықты жұмбақтар, қиыннан қиыстырылған жаңылтпаштар-бәрі де балабақшада бала тілінің дамуына әсері мол. Жас ұрпақты тәрбиелей отырып – баланың

тілін, шығармашылық қабілеттерін дамыту бағытындағы жұмыстармен қатар экологиялық мәдениеттің алғашқы түсініктерін қалыптастыру, оларды терең меңгеруіне, ойлауына мүмкіндік беру бүгінгі өсіп келе жатқан бүлдіршіндердің ертеңгі болашағын айқындауда, тәрбиешілердің өз ісінің жеткілікті нәтижесін бағамдауы тиімді екені сөзсіз. Қорыта айтқанда, болашақ ұрпақ өз елінің, отанының табиғатын сүйіп өсетін ұрпақ болары анық. «Адамдардың табиғатсыз күні жоқ, мұны айтуға табиғаттың тілі жоқ» осы айтылған нақыл сөзді өз жұмысымызда бастау етіп келеміз.

Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт дәстүрін, тілін, адамзаттық мәдениетті, адами қасиетті терең түсінетін шығармашыл тұлға етіп тәрбиелеу – өмір талабы, қоғам қажеттілігі. Сондықтан да ұлттық тәрбие -ел болашағы. Қазақ халқының ғасырлар бойы ұрпақ тәрбиелеудегі тәжірибелері бізге рухани, мәдениет, этикалық, эстетикалық құндылықтарын құрайтын ұлттық әдет ғұрып, салт--дәстүрлер, әдеби, музыкалық, кәсіби, тұрмыстық фольклорлар мазмұны арқылы жетіп отыр. Адамның өз халқына деген сүйіспеншілігі, өзінің туған жеріне, өз халқы өмір сүретін ортаға деген сезіммен ұласып жату керек. В.Сухомлинский:–Егер баланы тәрбиелеген дәрежеге жеткізудің сәті түссе, адамгершілік тәрбие жеке адамды жетілдіруге тиімді ықпал жасайды, дей отырып,– Егер біз балаға қуаныш пен бақыт бере алсақ, ол бала дәл сондай бола алады,- деген болатын. Рухани дүниесі бай, қажеттіліктері мен қызығушылықтары, талғамы, ой-өрісі кең адамдарды толық қалыптасқан, мінезі тұрақты адам дейміз. Мінездің тұрақтылығы адамның рухани-адамгершілік түсініктерінен туындайды. Түйіндей келе, адамгершілік тәрбиесі – бұл адамның туғаннан басталатын және өмір бойы жалғасатын, адамдардың мінез- құлық нормаларын игеруіне бағытталған үздіксіз үрдіс. Оның мазмұны оқушының жеке тұлғалық қасиеттерінің қалыптасу шеңберінде дамиды. Оқу тәрбие жұмысын ұйымдастыруда оқушылардың жеке тұлғалық ерекшеліктері. Әлемнің тұтастығын, адамның, қоғамның және табиғаттың бірлігі және өзара тәуелділігі; адамның, оның өмірінің және абыройы мен қадір-қасиетін, құқықтары мен бостандықтарының құндылықтарын, жалпы адамзаттық құндылықтарға жақындығын көрсетуді; қоғамдағы өзінің орны және неге арналғандығын, өзін-өзі мейлінше толық шығармашылық жүзеге асыру қажеттілігі; өмірдегі адами қарым-қатынастар құндылығын (отбасы, махаббат, достық) терең үйретіп, олардың танымдық белсенділігін, адамгершілік сапаларын дамытуға негіз болады. Халықтық әдет ғұрып, салт санасының байлығы, патриоттық сезім Отанға деген сүйіспеншілігін қалыптастырады. Ата бабаларымыздың асыл мұрасына деген ұлттық рух, мақтаныш, намыс, ана тілі мен ұлттық мәдениетін қалыптастыру сезімін ояту –баршамыздың парызымыз. Қорыта айтқанда, тәуелсіз еліміздің төл перзенттері рухани-адамгершілік құндылықтарды меңгерген, әлеуметтік мәселелердің шешімін табуда құзыреттілік таныта алатын, бәсекелестікке қабілетті, жан мен тән үйлесімдігін сезіне алатын саламатты тұлға болып

қалыптасуы тиіс. Осындай ізгі мақсатқа құрылған игі істің болашағы да зор болары сөзсіз. “Туған жер” бағдарламасы жалпыұлттық патриотизмнің нағыз өзегіне айналады. Ұрпағымыз білімді, тәрбиелі, саналы болған жағдайда ғана еліміз көркейіп, гүлдене түсері сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.[Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»-Егемен Қазақстан газеті-5.10.2018]
- 2.Б.Баймұратова – Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту методикасы – Алматы «Рауан» 1991.
- 3.Сейтбеков С. «Имандылық негіздері»Алматы, Қаскелен-Б 2008 -376б
4. «Бала мен балабақша» журналы № 11, 2011.
- 5.Мен – Адаммын, жеке тұлғаның рухани-адамгершілігін дамыту, Игенбаева. Б. Қ. Алматы – 2000

ЖАЛПЫ АДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ БІР БӨЛІГІ - ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

БАЙТЕНОВА ГУЛЬБАКИРА АЗИМБАЕВНА

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы

Жамбыл облысы бойынша ПҚБАИ,

*Инновациялық білім беру және ақпараттық технологиялар
кафедрасының аға оқытушысы*

Әрбір халықтың мәдени дамуының шыңына жетіп, өркениетті елге айналуы халықтың табиғи қасиеттерімен, даналығымен және ұлттық ерекшеліктерімен тығыз байланысты болмақ. Тәрбие негізі— ұлттық үрдісте. Халқымыздың мәдениеті ұлттық ерекшелігімен қасиетті де қадірлі. Қазақ халқының тәрбиелік және тәлімдік ой-пікірлері мен жол-жораларының маңыздылығы, яғни қазақ халқының өміріндегі үлкенді сыйлау мен қонақ күтуі, мерекелерін өткізудегі өзіндік ерекшеліктері мен қалыптасқан жүйесі, өсиет айту, туыстық қарым-қатынастар; қонақжайлылық, тектілік.

Тәрбие мақсаттарының бірі—адамды, ұлтты зиялы, мәдениетті, бақытты етіп баулу. М.Жұмабаев тәрбиенің мақсатын: «Тәрбиеден мақсұт адамды һәм сол адамның, ұлттың, асса, барлық адамзат дүниесін бақытты қылу. Ұлт мүшесі—әрбір адам бақытты болса, ұлт бақытты, адамзат дүниесінің мүшесі—әрбір ұлт бақытты болса, адамзат дүниесі бақытты. Қысқасын айтқанда, тәрбиеден мақсұт – адам деген атты құр жала қылып жапсырмай, шын мағынасымен адам қылып шығару» [2;14 б.] – деп атап көрсетеді. Егер мәдениет адамды қалыптастыру, жетілдіру болып табылса, ал өркениет қоғамның даму деңгейін көрсетеді. Тәрбиенің басты мақсаттарының бірі – адамды сәби кезінен қоғамның тыныс-тіршілігімен тыныстатып, дүниеге құнды көзқарасын жетілдіруде адамгершілік, эстетикалық, азаматтық, саяси санасын қалыптастыру. Тәрбие білім берумен тығыз байланыста болу керек. Өскелең ұрпақты тәрбиелеуде басты ұстанар бағыт – ұлттық құндылықтар.

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа отансүйгіштік және адамгершілік, рухани тәрбие - мектеп табалдырығындағы білім беру сапасын көтерудің кепілі екендігі мәлім. Осындай асыл қасиеттерді қалыптастыру үшін тарихымызды, Қазақстан халқының тарихын білуіміз керек және де өсіп келе жатқан ұрпаққа үйретуіміз керек. Одан кейінгі мәселе өз тілімізді – туған халқымыздың тілін жетік білу, оны құрметтеу. Ата-бамыздан мұра болып келе жатқан салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарды білу сақтау, дамыту және ұлттық қадір-қасиетімізді арттыру. Міне, осындай қасиеттерді ұрпақ бойын сіндіру, адамгершілік қасиеттерін дамыту, отанға деген сүйіспеншілігін қалыптастыру. Ұрпақ тәрбиесінде ұлттық құндылықтардың өз алар орны бар екенін ұмытпауымыз қажет. Халқымыз салт-дәстүрге бай. Ұлт пен ұлттың бір-бірінен айырмашылығын осы байлыққа қарап ажыратуға болады. «Дәстүрдің озығы бар, дәурені өткен тозығы бар», - деген сөз бар халқымызда. Заман дамыған сайын, ұлттық дәстүр де жаңаша сипат табады. Әр ұрпақ атадан қалған малды емес, сөзді, дәстүрді қадірлеп, оны ары қарай жаңаша үлгіде көрсете білсе. Халқымыз үшін ең маңызды құндылық, әрине, ұшы-қиыры жоқ ұлан-байтақ жеріміз, көрсе көз сүйсінер табиғатымыз. Осы қасиетті мекенді қорғап қалу үшін біздің ата-бабаларымыз қаншама қан мен тер төккені баршамызға мәлім. Ата -бабаларымыз найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен еліміз егемендігін алып, ұрпақ тәуелсіз, тіліміз шұбарланбауы үшін қаншама қиындықтарды бастан өткерді. Қазіргі күн – біздің басымызға бақ қонған күн. Тәуелсіздіктің арқасында қазақ халқы көптеген елеулі істерге қол жеткізді. Тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі – ұрпақтың рухани байлығы, мәдениеті, саналы ұлттық ойлау қабілеті мен біліміне байланысты. Өйткені әрбір халық ұрпағымен көктеп, өркен жаяды. Әрбір мемлекет рухы таза, санасы биік білімді де, білікті ұрпағынан қуат алады. Ол өзінің әрбір жаңа буын жас ұрпағы жетілген сайын дамудың жаңа биіктеріне көтеріледі. Ал бүгінгі қоғам алдында тұрған ең жауапты міндет – еңселі еліміздің кірпіші боп қаланатын әрбір қоғам мүшелерін, яғни жас ұрпақты адамгершілік қасиетке тәрбиелеу, тиянақты білім беру. Адам бойында адамгершілік құндылықтар болмаса, олардың орнын ешқандай терең білім толтыра алмайтынын өмірдің өзі дәлелдеуде. Өзгермелі дүниеде өзгермейтін бір ғана нәрсе болса, бұл – ұлттық құндылық. Құндылықтар жүйесі адамның күнделікті қоғамдық не жеке тұрмыстық бағдарында, оның айналасындағы заттар мен құбылыстарға қарым-қатынасының орнауы. Ұлттық құндылықтар – олардың тарихи өзіндік ерекшелігі Отан, тіл, тарих, өнер, әдебиет және тағы басқалар сияқты көрініс тапқан қандай да бір этностық қауымдастық өкілдерінің рухани идеалдарының жиынтығы. Жалпыадамзаттық құндылықтар ұлттық құндылықтарға да тән орнықтылық және тұрақтылықпен сипатталады. Ұлттық құндылықтар – бұл біртұтас бір жүйе. Ұлттық құндылықтарға халықтың туған тілі, ділі, мәдениеті, әдебиеті, салт-дәстүрі жатады. Құндылықтар қоғамды реттеу кезінде дәстүрлер мен ғұрыптар жүйесін, қоғамға аса маңызды адамдық нормалар мен құқықтарды

өзіне бағындыра білетін, ыңғайлайтын деңгейге ие болады. Кез келген құндылық философиялық категория ретінде болмыстың адам өміріне, мүддесіне қатысты дұрыс, жағымды жақтарын білдіреді. Әр ұлттың ұрпақтары сақтап, заманына қарай дамытып отырулары керек. Егер халық өздерінің ұлттық құндылықтарын жоғалтып алса, ол халық—«ұлт» деп саналмайды. Сондықтан әр ұлт өздерінің ұлттық құндылықтарын сақтауға тырысады, әрі қорғайды. Қазақ халқы да өзінің ұлттық құндылықтарын сақтауы керек. Бүкіл адамзат тегіне тән, жалпы белгілермен қатар, оның өзгелерден ерекшеленетін өздеріне тән қасиеттері бар. Әлем әрқашан түрлі дауыстар, түрлі үндерден тұрады. Бір-біріне даралығы жағынан ұқсамайды әр адамның бойы, түрі, салмағы, дене бітімі, әлеуметтік дамуының интеллектуалдық деңгейі, психологиялық қатпары, рухани мәдениеттің әр түрлі-деңгейі сияқты ерекшеліктер болып табылады. Адам дүниедегі ең басты құндылық. Құндылықтар оның қоршаған дүниеге қатысты ұстанымдары мен қатынасын қалыптастыру, күрделі әрі өзгермелі әлемде бағыт-бағдарын айқындауға әсер етеді. Тек тарихи дамудың белгілі бір кезеңінде адами әрекет құндылықтар арқылы реттеліп отырады. Мәдениет пен құндылық ажырамас бірлікте болады, құндылық мәдениет болмысының құрамдас бөлігі болып табылады. Құндылықтар қоғам үшін ең маңызды деген әдет-ғұрып, нормалар мен мағыналар қызметін өзіне бағындыра отырып, оны реттейді. Қазақ қоғамының өмір сүру салтында құндылықтарды жоғары бағалау, жас ұрпақты соған баулу дәстүрге айналған. Тұлғаның рухани өлшемі адамгершілік қасиеттермен анықталады және ол адам тұлғасының даму-деңгейінің көрсеткіші болып табылады. Кең мағынасында алсақ, құндылықтар әлемі-мәдениет әлемі. Адам әрқашан кез-келген құбылысқа немесе объектіге өзінің бағасын береді. Бір затты немесе құбылысты бағалау сана жұмысын талап етеді. Адамның шындыққа құндылықты қатынасы тек сананың негізінде ғана мүмкін болады. Қазақ қоғамының өмір сүру салтында құндылықтарды жоғары бағалау, жас ұрпақты соған баулу дәстүрге айналған. Тұлғаның рухани өлшемі адамгершілік қасиеттері мен анықталады және ол адам тұлғасының даму-деңгейінің көрсеткіші болып табылады. Қазіргі уақытта қазақ халқының ұлттық мәдениетінің қайта өркендеу жағдайында жеткіншек ұрпақты ұлттық дәстүрлерде тәрбиелеудің маңыздылығы зор. Жеткіншек ұрпақтың өз халқының рухани қазынасымен, оның ұлттық мәдениетімен, әдет-ғұрып дәстүрлерімен неғұрлым тереңірек танысу қажеттігі бірінші орында тұр. Өйткені, мұндай негіздерді білмей, өз халқының ұлттық ерекшеліктерін сезбей, басқа халықтың өзіне тән ерекшеліктерімен салыстырмай, бағаламай өз рухани байлығын арттыра түсу мүмкін емес. Қай заманда болсын жас ұрпақтың өнеге тұтар өзіндік ұлттық тәлім - тәрбиесі болатындығы белгілі жайт. Халқымыздың тәлім-тәрбиелік мәдениетінің бастауы, түп төркіндері сонау есте жоқ, ескі замандардан жеткен салт-дәстүрлерімізде жатыр. Баланды өз тәрбиемен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле,-деп бабаларымыз

айтқандай халық педагогикасы баланың тәрбиесі туып-өскен ортасына, ата-ананың, отбасы үлкендерінің, ұстазының үлгісіне байланысты. Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «Біз құрап жатқан қоғамның ең жоғарғы құндылығы – адам, бүкіл өзгерістердің бәрі сол үшін, соның игілігі үшін жасалып жатыр», - деген. Сондықтан да оқушының өз өмір жолын таңдай білу қабілетін дамытуда, ер бала мен қыз баланың өмірлік ұстанымын, табиғи міндеттерін түсіндіруде, өз өміріне ойлы көзбен қарап, адам өмірі ең жоғары құндылық екенін санаға сіңіруде ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие берудің маңызы зор. Оқушы санасына ұлттық құндылықтарды сіңірудің тағы бір жолы – халық ауыз әдебиетінде жатқандығы белгілі. Өйткені жасынан ертегі, жаңылтпаштар, жұмбақтар, мақал-мәтелдер, аңыз әңгімелер, шешендік сөздер мен батырлар жырларын, жыраулар шығармаларын оқып, жаттап, маңызды да, құнды тұнығына қанып өскен баланың бойында еліне, жеріне, халқына адамзатқа деген сүйіспеншілігі арта отырып, ұлтжанды, намысқой, арлы азамат боп қалыптасады.

Өскелең ұрпақтың ХХІ ғасырдағы қазақ ұрпағының міндеті экономикамызды дамыта отырып, әлемдік қауымдастыққа кірігу. «Мәңгілік ел» болып қалу үшін ұлттық құндылықтарды сақтау білуіміз керек. Себебі ұлттық құндылық – ұлттың тірегі.

Қазіргі кезде қазақ халқының дәстүрі, тарихы және мәдени құндылықтары туралы қоғамның әр түрлі топтарына ақпараттық-түсіндіру мен ағартушылық іс-шаралар өткізілуде. Осындай іс-шаралар дәстүрлі құндылықтарды жастардың бойына сіңіруге және кеңінен дәріптеуге негізделді. Еліміздегі бүгінгі оқушылар нарықтық реформа және өзгеден қоғамдық қатынастар жағдайында өскен ұрпақ. Ұлттық құндылықтар бұл жастардың құндылық бағыттылығына қалай да болса бір әсерін тигізеді. Қазіргі ұстазға қойылған негізгі талап бала санасында қай кезде де сапалы білім алдыңғы қатарлы әлеуметтік құндылық болып есептелетінін сезіндіру. Сапалы білім алу мен ұлттық құндылықтарды сіңіру арқылы ғана өзгеріп жатқан өмір жағдайларына дағдыландыру. «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан» деп халқымыздың ұлы ақыны Абай атамыз айтқандай адам өз өмірін ақ ниетпен адал істерге бағыттап, рухани адамгершілік құндылықтарды өзіне мұрат еткенде ғана оның өмірі үлкен мәнге, терең мазмұнға ие болып, өз орнын табады. Абай шығармашылығы ұлттық приоритеттерді адамзаттық құндылықтармен үйлестіру принципін өмірге енгізудің маңыздылығы барынша өткір сезіліп отырған біздің бүгінгі уақытымызбен үндес. Негізінен алғанда азаматтық және ұлттық құндылықтар адамға қажетті яғни керекті рухани байлық. Ата-бабаларымыздан қалған қасиет пен құрмет, тіл мен дін, ел мен жер – бәрі біздің рухани байлықтарымыз. Осы рухани байлықты жете білген, бойына сіңірген зердесіне құя білген ұрпақ үнемі жақсылыққа, игілікке, ізденімпаздыққа ұмтылады. Өз тарихын терең ұғынып, ұлттық құндылықтарын шын бағалай білетін халықтың ғана болашағы мәңгі

болмақ. Бүгінгі алпауыт жаһандану дәуірінде кез-келген ұлтты сақтап қалатын дүниелер-сол ұлттың төл тарихы, мәдениеті мен тілі екені анық.Еліміздің ертеңі,әрқайсымыздың өмір жалғасымыз болып табылатын жас ұрпақты ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу - аса өзекті мәселе.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.«Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы – 2018. 11.01.
- 2.Абайды оқы, таңырқа....- Алматы,Ана тілі,1993.
- 3.«Тәрбие теориясы мен әдістемесі»- Әбенбаев С,Алматы – Дарын, 2004.
- 4.«Дәстүр» ұлттық-этнографиялық журнал-2017.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ БАСТАУЫШ КЛАСС ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ДАМУ

БАЗАРҒАЛИЕВА ҒАЛИЯ ЕНСЕПОВНА

Ақтөбе облысы

«№13 орта мектеп» КММ

бастауыш сынып мұғалімі

"Білім - біліктілікке жеткізер баспалдақ, ал біліктілік сол білімді іске асыра білу дағдысы"

А. Байтұрсынов

Ел президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында айтылғандай "Ішкі саяси тұтастық пен қоғамның топтасуы саяси, идеологиялық, діни, этникалық немесе таптық мүдделерді біріктіруге бағытталған ұлттық салт-дәстүрлер мен ұлттық мәдениетті насихаттауға байланысты" деп қарауға тура келеді. Осы мақсатта Қазақстан Республикасының азаматын қалыптастыру, оның тез өзгеріп отыратын әлемде табысты білім алуға деген сұранысын қалыптастыру, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу және оқыту басты мақсат болып отыр. Адамзат баласының ежелден келе жатқан ортақ мүддесінің бірі – ұрпақ тәрбиесі. Ұлттық құндылыққа негізделген, тұлғаның ұлттық санасын қалыптастыруға, оның ұлттық сезімі арқылы рухын оятуға бағытталған қуат, ол тұлғаның этнос субъектісі. Өйткені, тек бәсекеге қабілетті азаматтар ғана Отанымыздың тұрақты дамуына бәсекеге қабілеттілігіне өз үлесін қоса алады.

Қай халықтың болмасын ұлт болып қалыптасуы үшін қажетті факторлар: оның құрамына енген адамдар тобының материалдық тұрмыс жағдайларының, территориясы мен экономикалық өмірінің, тілі мен мәдениетінің, әлеуметтік психологиядағы сол ұлтқа тән кейбір этникалық ерекшелігінің ортақтастығы болып табылады.

Оқушының азаматтық тұлғасы мен отаншылдық асқақ сезімдері тек қана білім мен тәрбие барысында қалыптасады. Бұл ретте, Отан, ел-жұрт, төлтума мәдениет, салт-дәстүр, моральдық-этикалық нормалар туралы білім мен біліктің қайнар көзі қоғамдық ғылым пәндерінде екені, әсіресе, сол пәндердің қазақ тілді мәтіндерінде екені басы ашық ақиқат [1].

Білім мен ғылымды дамытпай, мемлекетті алға сүйреу мүмкін емес. Әсіресе, қазіргі әлемдік жаһандану кезеңінде жастарға берілер білімнің мазмұнының ұлттық құндылықтарға, мәдениетаралық түсінік-пайымға, ақпараттық жетістіктерге, сонымен бірге, әрине, халықаралық тілдерді меңгеру үрдісіне де қатысы орасан.

Шығармашылық тұрғыдан ойлайтын, ой-өрісі, дүниетанымы дамыған, Қазақстан қоғамының әлеуметтік-экономикалық, рухани қалыптасуының жаңа міндеттерін іс жүзінде асыруға дайын жас ұрпақты тәрбиелеудің негізгі факторларының бірі-мектепте ұлттық тәрбие негізінде тұлға шығармашылығын болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда тұлға бойындағы жеке тұлғалық ерекшеліктерін зерттеп, оларды өнегелі тәрбиелеу білім беру мәселесінде маңызды болып отыр. Оны шешуге мектеп психологының қосатын үлесі өте үлкен. Өйткені жеке тұлғаның барлық қабілеттері мен мүмкіндіктерін ашу, оларды салауатты өмір салтына үйретіп, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру үшін тұлғаның психологиялық даму барысында орын алатын көптеген ауытқулардың алдын алып, даму қайшылықтарынан өтуге психолог көмек көрсетуі тиіс. Л.С. Выготский бастаған маңызды фактор болып адамның қоршаған ортаға бейімделу қажеттілігі: «Шығармашылық негізінде бейімделмеу жатады ал одан қажеттілік, ұмтылыс және армандау туындайды» [2].

Ағартушы Ы. Алтынсарин «Табиғи ақыл өзін қоршағанды ғана құшағына ала алса, оны дамытып, өзі көрмегенді де танып білуге мүмкіндік жасайтын тек қана өркениетке жетелейтін озық білім» дейді. Ш. Уалиханов шығармаларында жеке тұлға тәрбиесіндегі білім мен тәрбиенің шешуші рөлі көрсетілген. Оның жалпы қазақ халқының ақыл-ой қабілеттілігі жөніндегі пікірі мынандай: «Қазақтар табиғатынан ақыл-ой жүйріктігімен, таңқаларлық көңілшектілігімен ерекшеленеді». Ш. Уалиханов тәрбиеге үлкен маңыз бере отырып, адам қабілетінің дамуына оның табиғи бейімділігінің мәні зор екендігін алға тартады. А. Құнанбаев адамды қоршаған орта-табиғаттың бір бөлігі дей келе, табиғаттың адам баласына берген керемет сыйы-туылғаннан бастап білуге, түсінуге деген ұмтылысы деп есептейді. Бірақ, бала өсе келе осы қасиетті біртіндеп жоғалта береді. Ақын және шығармашыл болуы тиіс. Жеке тұлғаның рухани өсуі дегеніміз-кісілік қасиетін, шығармашылық қасиетін, дүниетанымын кеңейту. Жеке тұлғаның ерекшелігі-біреулер айналадағы құбылысқа таңдана, тамашалай қарайды, ал енді біреулер-сын көзімен қарап, ой қорытуы, сыни пікірлер айтуы мүмкін. Таңдана, тамашалай қараған баладан шығармашылық қасиетті тани білу мұғалім парызы [3].

Зерттеулер бойынша әрбір жаста шығармашылыққа баулуға өзек болардай өзіндік қабілет, бейімділік болады дегенді айтады. Шығармашылық тұлғаны тәрбиелеу қоғам үшін бүгінгі күні өте қажет, себебі дарынды адам басқа адамдарға қарағанда көп пайда алып келеді. спортқа бейімділік түрінде көптеп көрінеді. Бала қиялы жеткілікті дамытылса, мектептегі оқыту табысты болмақ. Қиял өз бетінше дамымайды, оны дамыту үшін белгілі бір жағдайлар, атап айтқанда, дұрыс ұйымдастырылған педагогикалық нұсқаулық пен оңтайлы әдістердің тиімді таңдалуы талап етіледі [4].

Сондықтан баланы сәби кезінен бастап мектеп бітіргенге дейін үзбей, жүйелі түрде шығармашылыққа баулып, ақыл-ойын, икемділігін дамыту қажет. «Тұлғаның қалыптасуы» ұғымына баланың қоғамда өздігінен өмір сүруге қабілеттілігі,өзінің тағдырына өзі үкім ете білуі және өзінің мінез-құлқын жөнге сала білуі,сондай-ақ әлем мен өзінің қарым-қатынасын түсіне білу қабілетін меңгерген және құндылық атаулыны тұрақты таңдай алатын деген сияқты дамудың шартты түрдегі жетістіктері енеді.

Бастауыш мектеп – оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды қайталанбас кезең. Сондықтан бастауыш білім – үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы, қиын да жауапты жұмыс. Бастауыш сатыда оқушының оқу және жазу, математикалық сауаттылығын қалыптастырумен шектелмей, «білім мен тәрбие - егіз» деген ұғымды ескеретін болсақ, сол ұлттық құндылықтар негізінде рухани-адамгершілік тәрбиені де бойына сіңіруіміз керек. Бастауыш мектеп балаға белгілі бір білім беріп қана қоймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлеу, оқу және қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыру, жағдайларды объективті түрде бақылап, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді.Дамыта оқытудың да басты мақсаты – баланы оқыта отырып, оны шығармашылық бағытта жан – жақты дамыту.

Зерттеулерге сай бастауыш класс оқушыларының да шығармашылық мүмкіндігі зор, шығармашылықпен айналысуға икемді жас деуге болады. Ал, жыл өткен сайын оқушылардың шығармашылықпен белсенді және тұрақты айналысу деңгейі артады. Қандай да бір бала іс-әрекеттің кең спектрінде ерекше табысқа ие бола алады, өйткені баланың психикалық мүмкіндіктері оның жас ерекшелігінің әртүрлі кезеңдерінде өте икемді. Ол үшін мұғалімдер осы мәселе жөнінде оқушыларға тәрбие сағаттары арқылы дарытуды теориялы білімдерінен және педагогикалық тәжірибелерінен бастап қолға алған жөн. Бүгінгі оқушы – ертеңгі ел азаматы. Әр оқушыны «біздің болашағымыз» деп қарау негізгі міндеттердің бірі. Сол үшін әр баланы қайталанбас тұлға ретінде қарап, оның тамаша қасиеттерін бағалай отырып,оның бойындағы шығармашылық көзін ашатын тапсырмаларды оқу мақсатына сай таңдауымыз да маңызды.

Сабақ үстінде берілген тәрбиелік ісіміз оңға басып, оқушының салт-дәстүр, ұлттық құндылықтарымыз жайында алатын білімі арта түсетіні

даусыз. Оқушылардың халқымыздың салт-дәстүрге деген адамгершілік, салауаттылық өмір салтының қалыптасуына, халық қазынасына деген сүйспеншіліктерін арттыру мақсатында осы әдістерді қолданамын.

Бойына ұлттық дарыған жас ұрпақ қана елінің патриоты болып, отанына адал қызмет ете алады. Ұлттық құндылықтар мазмұнына - патриоттық тәрбие, ұлттық намыс, ар, жігер, ынты, адамгершілік, әдептілік, ұлттық рух, имандылық жатқанына ерекше мән беріп, осындай ұлттық салт-дәстүрлерді, рухани құндылықтарды игереді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Педагогика. Ш. Х. Құрманалина. Б. Ж. Мұқанова. Ә. У. Ғалымова. Р. К. Ілиясова. - Астана 2007.
2. Артемьева Т.И. Проблема способностей: личностный аспект // Психологический журнал. - 1984. - Т. 5, № 3.
3. Бастауыш мектеп журналы №5, 2008
4. Азарова Л.Н. Как развивать творческую индивидуальность младших школьников. // Журнал практического психолога. - 1998. - №4. - с.83.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚҚА БАУЛУ

БАЗАРБАЕВА ЖАНАРГУЛЬ БАХЫТКАЛИЕВНА

Ақтөбе облысы
Қарғалы ауданы
№1 Бадамша орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

БАЗАРБАЕВА ЖАНИЯ САДУОКАСОВНА

Ақтөбе қаласы
Благодар орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында, «Ұлы даланың жеті қыры» және т.б. жобалардың шеңберінде – тәрбие жұмыстары жүргізіліп, өз елінің азаматы, патриотын тәрбиелеу болса, осыған сәйкес қазақстандық патриотизм-жастардың тәрбиелік деңгейін бағалаудағы көрсеткіш екіндігі ескертіледі [1].

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері білім беру жүйесінің, әсіресе, мектепке дейінгі, жалпы орта, кәсіптік және қосымша білім берудің барлық көпқырлылық процесін жетілдіруге, тәрбиелеу мақсаттарына жетудің жоғары өнімділігіне, отбасы мен азаматтық қоғамның жауапкершілігін арттыру және оларды белсенді жүзеге асыру бойынша мемлекеттің өзектілендірілген сұранысына негізделеді.

Осы құжаттың «Қазіргі тәрбие тұжырымдамасы» бөлімінде «Бала тұлғасын қалыптастырудың жүйелік-рөлдік теориясының тұжырымдамасы. Тұжырымдаманың негізгі идеясы: жеке тұлғаны қалыптастыру әлеуметтік құндылықтардың арқасында жүзеге асады. Әлеуметтік құндылықтар - бұл алдыңғы ұрпақтың тәжірибесінен алынған өмірдің ақиқаты» деп атап көрсетілген. Өркениетті елдерде өздерінің көрнекті оқығандарын, ғалымдарын, қалам және қылқалам шеберлерін, бір сөзбен айтқанда, мәдениет қайраткерлерін қадірлеп, оларды материалдық және моральдық жағынан қолдаудың бай дәстүрі қалыптасқан. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезіннен бастау керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады.

Тәрбие тұжырымдамасының басты мазмұнын құрайтын бағыттары:

- Баланы әлеуметтендірудің педагогикалық компонент ретіндегі тәрбие тұжырымдамасы.

- Лайықты адамға сай өмір салтын қалыптастыру тұжырымдамасы.

- Баланы мәдениетті тұлға ретінде тәрбиелеу тұжырымдамасы.

- Баланың және оның даму процесіне педагогикалық қолдау көрсету тұжырымдамасы.

- Оқушылардың өзін-өзі тәрбиелеу тұжырымдамасы.

- Оқушы жастардың ұлттық сана-сезімін дамыту тұжырымдамасы.

Адам қоғамда өмір сүре отырып, түрлі қарым-қатынасқа түседі. Өзін-өзі басқаруы, өзіне және ісіне жауапкершілік алуы осындай қарым-қатынаста адамның мәдениетін көрсетеді. Адам қоғамда өмір сүре отырып, түрлі қарым-қатынасқа түседі. Өзін-өзі басқаруы, өзіне және ісіне жауапкершілік алуы осындай қарым-қатынаста адамның мәдениетін көрсетеді. Ұлттың бүгінгі де, болашағы да тәрбиелі ұрпаққа байланысты. Ұлтымызға тән асыл қасиеттерді бүгінгі жастарымыз ана сүтімен толықтай бойға дарытып, сүйекке сіңіре алмай отыр. Түрі қазақ, түсінігі басқа осынау ұрпақ кесірінен қазақ халқы бұрын-соңды болмаған рухани құлдырауға ұшырады.

Үлкендерге, отбасылық дәстүрлерге, туған тілге, халықтық әндерге, билерге, әдет-ғұрыптарға құрметпен қарауды тәрбиелеудің ең маңызды шарты ересек адамдардың ұлттық мәдениетке көзқарасының үлгілері болып табылады. Қазақ халқының құндылықтарының басқа халықтарға ұқсамайтын өзіне тән мән мазмұны, ерекшеліктері бар. Ұлағатты ата – бабаларымыз ғасырлар бойы ұрпағын бар жақсы қасиеттерге баулып, оның әдепті, ар-ұятты, мейірімді, адамгершілігі мол болуын тілеп отырған. «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды, естіп көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді, тәрбиелі болады», - деп, Абай айтқандай, оқу процесі кезінде

адамгершілікке тәрбиелеу мақсаты әр уақытта күні бүгінге дейін күн тәртібінен түскен емес [2].

Қазіргі жаһандану жағдайында өз ұлттық құндылықтарын сақтап, оны дамыта білген ел ғана өркениетті елдер қатарынан лайықты орын алады. Рухани байлығы мол қазақ халқының өрелі өскелең мәдениетінің түп төркіні сонау Орхон-Енесей, ежелгі түрік жазбаларынан бастау алады. Төрткүл дүние мойындаған ғұлама бабамыз әл-Фарабиден бастап түркі тілдес халықтарға орасан мол мұра қалдырған ойшылдар Ж.Баласағұн, М.Қашқари, А.Иассауи еңбектері және Алтын Орда дәуірінің даналары Хорезми, Сараи, Дулати, Жалайри т.б. шығармалары қазіргі ұрпақ үшін таптырмас теңдесі жоқ асыл қазыналар екендігі баршамызға белгілі [3].

Ұлттың ұлылығының ең елеулі өлшеуіші – тілі, тарихы, әдебиеті. Қазақ кашанда тілінің көркемдігімен, байлығымен, тарихының тағылымды оқиғаларымен, теңіздей терең, көркем әдебиетімен өзгеше құрметтеуге лайық ұлт. Қазақ әдебиеті рухани-эстетикалық құндылық тұрғысынан қарастырылады және ондағы мәңгілік құндылықтар мен өтпелі дүниелерге шынайы баға берілуі, әдеби процестің өз кезеңіндегі үрдістер сараланады. Қазақ әдебиетінің осындай асыл қазыналарын ұрпақ үніне жалғастыруда әдеби білім беру сапасының орны ерекше. Ұлы Абайдың өзі дариядай тасыған даналығымен талайды тамсандырған. Абайдан бұрын және одан кейін қазақ даласы қаншама таланттарды тудырды. Қазақтың байлығының ең құндысы—осы даналардан қалған асыл мұраларымыз. Бұл мұраларымызда қазақғымыздың асыл тілінің гауһары мен жауһары, құнары мен кемеңгерліктің ең үздік нұсқалры көрініс тапқан.

Ал білім сапасы түпкі нәтижемен өлшенетіндіктен әдеби білім мазмұнын жетілдіру әлемдік кеңістіктегі деңгейге сәйкес келуі керек. Мектепте ұлттық мұраларымызды пәндердің мазмұнына оңтайлы ендіре отырып, болашақ ұрпақтың бойына сіңіру бүгінгі күннің өзекті мәселесінің бірі. Қ. Бітібаеваның «Мектепте Абай шығармаларын оқыту» еңбегінде көркем мәтінді оқудың үш түрі ұсынылады:

1. Сыныпта оқып талдауға арналған;
2. Сыныптан тыс оқып, талдауға бағытталған;
3. Өз беттерімен, өз қалауларымен оқып, талдауға арналған.

Мұндай мақсатқа бағытталған педагогтық жұмыс еңбек сүйгіштікке, ізгілікке, ұжымдық пен патриотизм бастамасына тәрбиелеуге, көп дүниені өз қолымен жасай алуды және жасалған дүниеге қуана білуді дамытуға, үлкендер еңбегінің нәтижесін бағалауға тәрбиелеуге мүмкіндік жасайды [4].

Балаларда ортақ пайдалы жұмысты істеуге тырысу, бірге ойнау, бір нәрсемен шұғылдану, ортақ мақсат қою және оны жүзеге асыру ісіне өздері қатысуға талпыныс пайда болады. Мұның бәрі де баланың жеке басының қоғамдық бағытын анықтайды, оның өмірге белсенді ұстанымын бірте-бірте қалыптастырады. Ұлтымыздың күре тамырында қаны мен жанында соғып тұрған жүрегі болған ұлттық құндылықтарымыз мәңгілік жасауы әрбір қазақ өкіліне байланысты. Тілін терең сезініп, салт-дәстүрін біліп қана

коймай, берік ұстана білетін, ұлттық құндылықты ұлықтай алатын ұрпақты тәрбиелеу ұстаздар еншісінде.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы..
2. Бітібаева Қ. Мектепте Абай шығармаларын оқыту. – Алматы: Атамұра.
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық (екінші басылым) «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015
4. Беляев И.А.Ценностное содержание целостного мироотношения / И. А. Беляев // Вестник Оренбургского государственного университета. 2004. № 2. С. 9-13.

ҰЛТТЫҚ САНА МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДАМУ МҮМКІНДІКТЕРІ

БАЛАПАНОВА ЖАҢЫЛ ТЕМІРҚЫЗЫ, САРСЕКЕНОВА АЙСҰЛУ БАҒЫТҚЫЗЫ

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы

*Атырау облысы бойынша ПҚБАИ
қызметкерлері*

Мектептегі білім беру міндеттерінің негізгілерінің бірі – оқушыны шынайы әлем жағдайындағы өмірге дайындау.

Заман талабына сай білім беру жүйесі алдында оқушыны ойлануға үйрету, қай жаста болмасын алдынан шығатын түрлі проблеманы шешуге қажетті әрекет тәсілдерін үйрету, еліміздің білім жүйесінде оқыту үрдісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнымен қамтамасыз ету міндеті тұр.

Әдетте «қоғам мен мектеп» деген тіркесте-отбасы, баланың денсаулығы мен әлеуметтік ахуалы, оның өз өмірінде басшылыққа алатын адамгершілік құндылықтарда жатыр.

Білім беру үрдісін жанаша ұйымдастыру оның философиялық, психологиялық-педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді. Бүгінгі философтар мен педагог – ғалымдар білім беру саласында жаңа оқыту технологиялары мен әдістерін енгізумен шектелмей, білім берудегі дүниетанымдық ұстанымдарды қайта қарау, философиялық материализмнен руханилық, гуманистік ұстанымдарға бетбұрыс жасау қажеттігін дәлелдеуде.

XXI ғасырда әлемдік дамудағы шапшаңдықты ұлғайтқан уақыттың өзектілігі сезіледі.

Құндылықтық-бағдарлы тәрбие жүйесін жасау үшін ең бірінші мақсатты нақтылап, тұлғаның жеке бастық қасиеттерін:

- әлеуметтік;
- адамгершілік;

- жауапкершілік;

- дербестік тәрізді қасиеттерін дамыту қажет. Жас ұрпақтың жеке басының моральдық санасы мен құндылығы, ата-бабаларымыздан келе жатырған ұлттық сана сезім арқылы әдет ғұрып, дәстүрді сақтау мәселесі көзделуде. Дәстүрлердің ескісі де, жаңасы да бұрын болмаған өзгерістерге ұшырауда. Бірақ олардағы басты нәрсе— өтіп бара жатқан ұрпақ пен келер ұрпақ арасындағы жанды байланыстың сақталуы. Қазіргі тәрбиенің мәні халықтардың прогрессия ізгілікті дәстүрлерін қайта жандандыру арқылы ұрпақтардың саналы адамгершілігін нығайту болып табылады.

Көп жылдар ұстаздық еңбек ете жүріп, байқағаным бала тәрбиесінде моральдық ұлттық сана–адамның санасында адамгершілік принциптерінің болуы, адамдар арасындағы өзара қарым-қатынасты және қоғамға қатынасты реттейтін мінез-құлық нормасы отбасында қалыптасуы қажет.

Әлеуметтік құнды сапалық қасиеттерді тәрбиелеу білім беру және іскерлік дағдыны жетілдірумен қатар жүреді.

«Адамға өткен дәуір бәрі—сабақ» дегендей, бабалар тәжірибесінен сұрыпталған ой-пікірлер кейінгі ұрпаққа аса қымбат.

Мақал-мәтелдер ойды қысқа қайырып, ұтымды жеткізетін, халық ойы мен өмір тәжірибесінің қорытындысы іспеттес сөздер. Тыйым сөздер мен тәрбиелік нақыл сөздер халқымыздың ұлттық әдеп-әдет этикасының бір тармағы ретінде бүгінгі күнге дейін жеткен. Олар – халықтың терең философиялық ойын, ғасырлар бойы жинақталған тәжірибенің сұрыпталған тұжырымы, негізгі қағидалары іспеттес.

Тарихы талай ғасырға тереңдейтін, қысқа да нұсқа асыл мұра–халықтың моральдық кодексі ретінде болашақ мұғалімнің ақыл-ойын дамытып, қызмет етуге қажетті ой-өрісін, сана-сезімін, түйсігін дамытады. Тұлғалық ерекшеліктерін дамытып, адамгершілік мінез-құлықтың нақты ережелерін құруға мүмкіндік береді; өзін-өзі басқара білуге, қызмет барысында парыздылық ұстанымдарға жүгінуге жетелейді.

Өз тәжірибемде көз жеткізгенім әр отбасы мүшесі кішкентай кезінен отбасында берілген саналы тәрбиені, аталы сөздердің орынды айтылуы, ұрпақтың сана саңылауын ашып, ұлттық тәрбиелік құндылық ретінде түсініп, дұрыс қабылдайды. Бұл оның өз халқының моральдық құндылықтары мен моральдық санасы түсініктерінің отбасынан дәстүрлі қалыптасқан тәрбиесі, дағдысы, тәртібінен көрінеді. Есейе келе, өмір елегінен өткізіп, саналы ғұмыр кешуіне септігін тигізеді.

Сана-жеке адамға тән қасиет. Педагогтардың кәсіби моралінің мазмұнын анықтауда табиғи түрде осы салада жинақталған халқымыздың мол тәжірибесіне, педагогикалық бай мұрасына арқа сүйейтініміз белгілі.

Жалпы адамгершілік құндылықтардың мәні мен мазмұндары көне заманнан бүгінгі күнге дейін философтар, психологтар, педагогтар мен әлеуметтанушылар, мәдениеттанушылардың зерделерінен орын алып, қоғам ерекшеліктері мен сұраныстарына орай талданып, жүйеленіп келеді. Жалпыадамзаттық құндылықтар әрбір адамның ақыл-ой байлығының

тікелей көрсеткіші. Құндылықтың мәні мен табиғаты, оның адам мен қоғам тіршіліктеріндегі алатын орны, жас ұрпақты тәрбиелеудегі ықпалы толғандырып келеді. Құндылық деген ұғым философиядағы, қоғамтанудағы және педагогикадағы негізгі құбылыстардың бірі болып табылады. Философияда құндылық қоршаған дүниедегі объектілердің әлеуметтік ерекшеліктерін, олардың адам мен қоғам үшін, қоғамдық өмір мен табиғаттағы құбылыстардың мәнін (игілік, жақсылық пен жамандық) түсіндіру үшін қолданылады. Жалпыадамзаттық құндылықтардан философтар, прогресшіл ойшылдар мен педагогтар адамның құқығын, оның бостандығын және соған сәйкес келетін тәрбие мен білімді бөліп қарастырған.

Кез келген халықтың өмірінде жалпыадамзаттық құндылықтардың орнығуы қоғамның тарихи дамуының заңды нәтижесі болып табылады. Мамандар оқушылардың рухани-адамгершілік тұлғасын қалыптастыру ісі оларға адамзат баласының қолы жеткен қоғамдық-тарихи тәжірибесін игерту және тұтастай алғанда әлеуметтік-этикалық нормалар мен жалпыадамзаттық ізгіліктерді қатар игертуге болатынын дәлелдеп берді.

Бұл өлшемдер халықтық дәстүрлерде, адамгершілік уағыздарда, діни мәдениетте нақты жазылып қойылған және әлеуметтік ойдың тәуір белгілері, тұлғаның қасиеттері, адамгершілік үлгілері шоғырландырылған күйде әдептіліктің қоғамда қабылданған үлгісі ретінде көрінеді.

Кез келген халықтың адамгершілік-рухани өмірінің барлық кезеңінде халықтық педагогика үлгілері бай және сан алуан, өйткені ол сан түрлі этникалық ұлыстардың мыңдаған жылғы тәжірибесімен жасалған педагогикалық мәдениеттің ажырамас бөлігі болып табылады.

Жалпыәлемдік құндылықтар—түрлі халықтың, түрлі діннің, түрлі дәуірдің рухани мақсаттарын жақындастыратын, туыс ететін құбылыс. Сол себепті де ол жалпыадамзаттық деп аталады, өйткені олар біртіндеп жинақталды және XX ғасырдың соңында Халықаралық топ алғашқы рет дүниежүзілік тарихта адамның құқықтары туралы халықаралық негізге алынатын құжаттар жасады.

Қазіргі кезеңдегі басты тұлға, басты капитал жасампаздықтың иесі, гуманистік бағыттағы жан, ең маңызды құндылық иесі-Адам екендігі даусыз.

Тәрбиедегі басты мәселе-тұлғаның тұлға аралық қатынасын дамыту, өз құрбы-құрдастарымен, отбасы мүшелерімен қарым-қатынасын жасай білу, ол үшін өзге адамдарды түсінуі, қабылдауы, әр адамның құндылығын және даралық ерекшелігін жасына, ұлтына қарамастан саналы түсіне білуі, өзіне сын көзбен қарап, өзінің көңіл-күйін, атқарған іс-әрекетінің есебін түсініп, істеген ісінің нәтижесіне өзіндік баға беруі тиіс.

Еліміздің білім беру жүйесін жетілдіруде көзделіп отырған мақсаттардың ең негізгісі-әрбір жеке тұлғаға ұлттық тәрбие мен білім алудың өмірлік жолын еркін таңдауына мүмкіндік туғызу. «Тәрбие дегеніміздің өзі, ең алдымен, баланың сезімін оятып, әсершілдігін дамыту.

Сындарлы ойлайтын, өз мүмкіндіктеріне сенімді, әр түрлі әлеуметтік және өндірістік проблемаларды өз бетінше шешуге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру үшін оқытудың сапасын жетілдіру аса маңызды мәселе болып табылады. Осы мақсатта оқушыны білім негіздерін өз еркімен үйренетін, іс-әрекет мақсатын, міндетін, түрін, тәсілін және жағдайын өзінше түсініп, алған білімін өмірде қолдана алатындай жағдайға жеткізуіміз керек.

Қазақстандық қоғамның «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын жүзеге асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамасында «Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы—2050: «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына Жолдауында атап көрсетілгендей, егеменді дамудың 22 жылында барша қазақстандықтарды біріктіретін, ел болашағының іргетасын қалаған басты құндылықтар жасалды.

Жолдауда бұл құндылықтар аталған: Қазақстанның тәуелсіздігі және Астанасы; қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім; зайырлы қоғам және жоғары руханият; индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім; Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы; тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы; еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы.

Қазақстандық қоғамның Мәңгілік елге бағытталуы жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері жас ұрпақты тәуелсіз Қазақстанның даму тарихының субъектісі ретінде, өзгерістердің бірыңғай маңызды факторы ретінде, жаңа идеялар мен бағдарламаларды тасымалдаушы ретінде, ерекше түрдегі әлеуметтік құндылық ретінде қабылдау миссиясын атқарады» делінген.

Мәңгілік Ел отандастардың бірегей тарихи мақсаты мен қаһармандық ұраны десек қателеспейміз. Аталған идея қазақ елінің ғасырлар бойы армандаған мақсаты ғана емес, Тәуелсіздік жолындағы жанқиярлық еңбегі мен тынымсыз шығармашылығының нәтижелері арқылы қол жеткен асу. «Мәңгілік ел» ұғымын тереңнен түсіндіру, тарихи негіздерін көрсету мәселелері маңызды болып табылады.

Қазақтың ұлттық идеясы—«Қазақ мемлекеті» ұғымын сөз етті. Бұл көптен күткен, көптің көңілін күпті еткен мәселе. 1991 жылғы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» ҚР Конституциялық заңының VI тарау 15-бабында айтылған «ұлттық мемлекет» ұғымы одан кейінгі бірде-бір тарихи құжатта айтылмаған еді. Сол себепті де бұл құжатта «Қазақ мемлекеті» ұғымының қайта жаңғыруы – халыққа қанат бітіріп, бұл бағдарламаның негізгі ерекшелігі де осында.

Бұл туралы ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың: «Біз үшін ортақ тағдыр – бұл біздің Мәңгілік Ел, лайықты әрі ұлы Қазақстан! Мәңгілік Ел – жалпықазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы», – еген қанатты сөзі күллі түркі халықтарын бір серпілтіп, ертеңге деген сенім ұялатқаны жасырын емес. Елбасы және бір

сөзінде: «Мәңгілік Ел–ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы...

Мен қоғамда «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауал жиі талқыға түсетінін көріп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік Ел идеясы.

Тәуелсіздікпен бірге халқымыз Мәңгілік Мұраттарына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі – Мәңгілік Елордамызды тұрғыздық.

Қазақтың Мәңгілік Ғұмыры ұрпақтың Мәңгілік Болашағын баянды етуге арналады.

Ендігі ұрпақ– Мәңгілік Қазақтың Перзенті. Қазақ Елінің Ұлттық Идеясы – Мәңгілік Ел!

Мен Мәңгілік Ел ұғымын ұлтымыздың ұлы бағдары – «Қазақстан-2050» Стратегиясының түп қазығы етіп алдым», – деп ерекше атап өтті.

Мәңгі ел құндылығы бүгін мемлекетіміздің ұлттық идеясына айналды.

Білімді, білікті, ұшқыр ойлы, саналы, өз елінің патриот жастары бар міндетті жүрегімен сезінсе екен. Әлемнің дамыған 30 елінің қатарына ену – Қазақстан жастарына жүктелген зор міндет деп санаймыз.

Қазіргі заманауи ұлттық идеяны мектепке дейінгі білім беруде, балабақшаларда тәрбиеленіп жатқан бүлдіршіндерге, оқушыларға, студенттерге, жастар санасына жеткізілуде біршама істер атқарылуда. Әрине қазіргі жас ұрпақтың санасына, өмір салтына сіңген құндылық «Мәңгілік Ел» орнатудың қозғаушы күші боларына сеніміміз мол.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. Алматы, «Жібек жолы» баспа үйі, 2010.
2. Зиябек Қабылдинов. Астана ақшамы, Тегі асыл ел тарихын түгендейді, 10.02.2014.
3. «АСЫЛ МҰРА» түркі антологиясы. — Астана: Сарыарқа, 2012. — 568 б.
4. Ханкелді Әбжанов, Зардыхан Қинаятұлы, Дихан Қамзабекұлы, Гүлшат Нұрымбетова, Абдулкадыр Ювалы. Түркі әлемінің көшбасшылары: өткені мен бүгіні. I кітап. Ұжымдық монография. — Астана, «Сарыарқа» баспасы, 2011. — 456 бет. "Мәңгілік ел" - Халықаралық ғылыми-көпшілік журналы, Бижанов А.С., студент, ғылыми жетекші: А.Ф. Ибраева т.ғ.д., профессор Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.
5. Интернет дерек көзі <http://e-history.kz/kz/contents/view/2416>
© e-history.kz

ГЕОГРАФИЯЛЫҚ КОМПОНЕНТ АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚҚА БАУЛУ ТӘЖІРИБЕМНЕН

БАЛГАЗИЕВА ДИНА КАДЫРОВНА

Ақтөбе қаласы

«№13 орта мектеп» КММ

география пәні мұғалімі

Жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене бітімі және рухани дамыған азаматын қалыптастыру, тез өзгертін әлемде оның табысты болуын қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттілігін қанағаттандыру, еліміздің экономикалық әл-ауқаты үшін бәсекеге қабілетті адами капиталды дамыту болып табылады деп білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында көрсетілген.

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық бағыттарына сәйкес білім беру жүйесін дамыта отырып, әлемдік білім кеңістігіне ықпалдастырудағы негізгі бағдар – адамды қоғамның ең маңызды құндылығы ретінде танып, оның рухани жан-дүниесінің дамуына, көзқарастары мен шығармашылық әлеуетінің, танымдық біліктілігі мен мәдени құндылықтарының жоғары деңгейде дамуына, жеке тұлғасының қалыптасуына жағдай жасау [1].

Жаңартылған мазмұн оқыту жүйесіне жаңаша педагогикалық-психологиялық шарттар қояды. Мазмұн жаңартылған бағдарлама жаңаша білім беріп қана қоймай, кәсіби қызметіме тың серпіліс әкелуді, мұғалім ретінде біздің бақылаушы, зерттеуші және дамыту жұмысының көшбасшысы болуымызды талап етеді. Назарларыңызға ұсынатын сабағымның тақырыбы: «Еуразия материгі» деп аталды. Мақсатым: «Еуразия материгімен таныстыру. Зерттеу жүргізу дағдысын дамыту. Оқушыларымды жүйелі сөйлей білуге үйрету» болды. Күтілетін нәтиже: оқушылар Еуразия материгімен танысады, зерттеу жүргізу дағдысы дамиды, жүйелі сөйлей білуге үйренеді.

Түйінді идея: үйренуді үйрету теориясы - жан-жақты жеке тұлғаны қалыптастырудың тиімді тәсілі. Себебі, бағдарламада оқушылар қалай оқу керектігін үйреніп, соның нәтижесінде еркін, өзіндік дәлел-уәждерін нанымды жекізе білетін, ынталы, сенімді, сыни пікір көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларда құзырлылық танытатын оқушы ретінде қалыптасады деп көрсеткен.

Жаңа сабақты бастамас бұрын ең әуелі ұйымдастыру бөлімінен бастадым. Оқушылардың сабаққа дайындығын, құралдарын тексеріп, сабақта жоқ оқушыларды түгелдедім. Содан соң оқушылардың көңіл-күйін анықтау мақсатында смайликтер таратылып берілді. Оқушылар ашық журналға белгі қойды. Бұдан барлық оқушылардың көңіл-күйлері ерекше екендігін байқадым. Осылайша сабаққа кіріспе ретінде алдымен үш топқа әр түсті карталарды үлестірдім, картада бейнеленген суреттер бойынша балалар бір-бірімен амандасып шықты. Бұл жерде оқушылар арасында ынтымақтастық орта қалыптасқандығын байқадым. Үй тапсырмасы «Өрмекшінің торы» тәсілі бойынша тексерілді. Бұрын-соңды қолданылмаған тәсіл болғандықтан оқушылар басында сәл тосырқап қалды.

Осы тапсырма арқылы үй тапсырмасын тексеріп қана қоймай, олардың санасында сыни пікірдің қалыптасуын көздедім. Себебі, бағдарламада сыни тұрғыдан ойлау – бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға талдауға және синтездеуге бағытталған пәндік шешім болашақта әрекет жасауға негіз болады деп атап өтілген.

Жаңа сабаққа қызығушылық туғызу үшін пазл әдіс бойынша топқа бөліп алдым. Бірінші топқа Челюскин мүйісі, Пиай мүйісі, Рока мүйісі, Дежнев мүйісі деген тіркестер, ал екінші топқа Еуразия материгін зерттеген ғалымдар аты жазылған парақшалар таратылды. Ұсынылған пазлдар бойынша сұрақтар қойылды. Сұрақ қою – маңызды дағдылардың бірі болып табылады, себебі сұрақ дұрыс қойылған жағдайда сабақ берудің тиімді құралына айналады және оқушылардың оқуына қолдау көрсетіп, оны жақсарту және кеңейте алатындығын пайымдауға сүйене отырып, оқушыларға түрткі сұрақтар қойған кезде олардың өткен материалды қаншалықты білетіндігін байқадым.

Сабақтың тұсаукесер бөлімін «Зерттеу жүргізу» стратегиясы арқылы жалғастырдым. Осы стратегияны қолдану кезінде оқушы түгелдей әрекетке қатысады, өз бетінше зерттеуге талпынады, өз пікірін сыртқа шығаруға әрекет барысында өзіне деген сенім пайда болады деп ойлады. Нәтижесі қалай болды? Оқушылар «Еуразияны зерттеген ғалымдар» деген тақырыпта ізденіс жұмысын жүргізді. Оқушылар ақпаратты алдымен оқулықтан, одан соң ұялы телефондарынан іздестірді. Топтар берілген бес минуттың ішінде мардымды мағлұмат жинай алмады. Ұялы телефондағы ғаламтор материалдары орыс тілінде болды. Осы орайда өзімнің кластың мүмкіндігін ескермегенімді білдім, оқушыларға тапсырманы орындауда қолдау көрсететін көпіршенің қажеттігін түсіндім. Зерттеу жұмыстарының нәтижесін бейнелі түрде көрсетуі үшін топтарға көзбен көретін айғақтар (зерттеушілердің суреттері мен зерттелу аймақтарының бейнелерін) ұсындым. Осы суреттерді жіктеген оқушылар алғашқыда жеке-дара жауап беріп, өз пікірлерін ғана жеткізді, кейін бір-біріне түсіндірді. Осы орайда, Хаген мен Хейл (1973) «Балалардың назарын аудару үшін олар білетін ақпаратпен байланысты жаңа ақпарат алу мүмкіндігін қамтуға болады» дегеніне сүйеніп, кез-келген тақырыпты түсіндірерде көзбен көретін суретті ақпаратпен, өмірмен байланыстырған оқушының тез түсінуіне ықпалы зор екенін басшылыққа алдым. Тапсырманы орындау барысында Лев Выготский атап көрсеткеніндей «Жақын арадағы даму аймағында» жұмыс істеген топ мүшелерінің когнитивті дамуы жақсарды.

Александр (2008) диалог түрінде оқыту оқушыларды ынталандыру және дамыту үшін әңгіме күшін қолдануға мүмкіндік береді деп санайды. Оқушыларға әртүрлі және кеңейтілген сыныпта жүргізілген диалогтерге қатысу мүмкіндіктері берілгенде, олар өзіндік жеке түсініктерінің өрісін зерттей алады. Бұл мүмкіндіктер тілдің білімді жетілдіру тәсілі екендігін көрсетті. Оған Мерсердің 2005 жылы ұсынған зерттеулер нәтижесі дәлел

бола алады: ол құрдастар тобындағы өзара қарым – қатынас оқуда маңызды рөл атқаратынын көрсетті [2]. Оқушылар жұпта немесе топтарда жұмыс істегенде, олар «мұғалім - оқушы» сұхбаты түріндегі өзара іс-қимылға қарағанда мейлінше «симметриялы» болып табылатын өзара іс-қимылға тартылады дегендей, осы тұжырымдаманы басшылыққа ала отырып, «джигсо» әдісі бойынша оқушылар жұпта, топта зерттеушілер туралы мысалдарды бір-біріне түсіндіргенде бірлесіп жұмыс жасағандығы, сыныптастарының ойын тыңдап, ұйымшылдықта жұмыс жасай алатындығын аңғардым. Осылайша оқу пирамидасында көрсеткендей оқушылардың өзі оқығаннан гөрі сыныптастарының бір-біріне түсіндіргенде білімнің 90 пайызы есте сақталатынына көз жеткіздім.

Сабақтың негізгі бөлімінде “Эстафета” стратегиясын тиімді қолдандым. Өйткені жасөспірімдік шақтағы балалар болғандықтан сынып оқушылары жылдам шаршайды, эмоциялық көңіл-күйлері өзгермелі болып келетіндіктен сайыс ретінде жаңа тақырыпқа шолу жүргізуді жөн санадым. Ол үшін нөмірленген үш парақ дайындап, оларды әр топқа бердім. Неғұрлым нақты, анық жауап берген топтарды анықтап, жеңімпаздарды белгіледім. Осы эстафеталық блиц сұрақтар балалардың тақырыпқа деген қызығушылығын одан әрі арттырды, Еуразия материгі туралы білімдерін тереңдетумен қатар, сайысқа қатысып оқушыларым жақсылап сергіп алды, жаңа тақырыппен осылайша ішінара танысты. Электронды оқулықтан «Еуразия материгі» туралы танысып, өздерінің түсінбеген екі сұрағын дәптерлеріне жазып, сыныпта талқылады. Жаңа материалды қолдану кезінде географиялық сызбаларды логикалық тапсырма ретінде және реттік санмен белгіленген нысандарды салыстыра отырып, ерекшеліктерін анықтату кезінде балалардың логикалық ойлауы дамып, сын тұрғысынан ойлауы қалыптасты. Осылайша, оқушыда жауапкершілік сезімі пайда болады, болжам жасайды, әрекетке қатыспаған оқушы қалмайды. Өз ойларын түрлі әдістермен жеткізу мүмкіндігі, суреттер салып, өз беттерінше дәлелдемелер келтіру оқушылардың сабаққа ынтасын арттырды. Мен бұл сабақта дараланған оқушыларды өз топтарындағы басқа достарына көмектестіре отырып, сабақтың мақсатына жетуді көздедім. Нәтижесінде балалардың бір-біріне деген ықыласы артып, достығы нығая түсті.

Бірақ мен балалардың барлығы дерлік тақырыпты қай деңгейде түсінді соны білгім келді. Себебі, әр сабақта оқушыларға оқу үдерісінің барлық аспектілеріне белсенді қатысу керек, олар өздерінің болжамдары мен сұрақтарын құрастырады, бір-біріне кеңес береді, өз алдына мақсат қояды, алынған нәтижелерді қадағалайды, идеядармен эксперимент жасайды және кателер оқудың ажырамыс бөлігі екенін түсіне отырып, тәуекелге барады деп атап көрсеткен. Ол үшін «Негізгі идеяны суреттеу» стратегиясы бойынша проблемалық сұрақ қойдым. Сұрақтарға әр топтан бір оқушыдан жауап берді. Жауапты тақтадағы дұрыс жауаптар көрсетілген үлгілер бойынша бағаладым. Барлық оқушының түсіну деңгейін бір мезетте айқындау үшін «Бағдаршам» әдісін қолдандым. Осы кезеңде ақпараттық-

коммуникациялық технологиялар мүмкіндігін пайдаландым, интерактивті тақтадан эталонды көрсеттім. Өйткені, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар оқушыларға ғылыми ұғымдарды түсіндіруді және олардың қабылдауын, түсінуін жетілдіруге мүмкіндік беріп, мұғалімдерге сабақ беруде көмектесетін маңызды құрал болып отыр.

Бағалау мақсаты әр мұғалімнің бағалауды (тестілеуде) қандай мақсатта және кім үшін (сыныпта тестілеу жүргізу сияқты), қалай өткізуі керек екендігі туралы түсінігіне негізделеді. Оқушылар өздерінің сыныптастарын және өздерін бағалауға тартуы мүмкін және мұғалімдер бағалауды белсенді жүргізген кезде, оқушылар белсенді қатысуы керек.

Сабақ барысында оқушылар зерттеу жұмысын критерий бойынша бағалау арқылы, эстафета ойынын эталон негізінде бағдарлам тәсілі арқылы, бір сөзбен тұжырым стратегиясын «Екі жұлдыз, бір тілек» арқылы бағалады. Сабақ соңында із арқылы бейнеленген қабырға материалына белгілер қойылып, білім кілтіне ұмтылған балалар атап өтілді.

Әрбір сабақта оқушыларға сұрақтар қою арқылы, тақырып бойынша өз ойларын айтуға мүмкіндік бердім. Өзара талқылау арқылы, түрлі ойлардың болатындығын, бір - бірінің түсінуіне көмектесетінін көрсетті. Диалогтік тәсілдің оқушылардың ашылуына, ойын жеткізуіне, сөздік қорының молаюына көмектесетінін түсіндім, оқушылардың қандай деңгейде екенін түсінуге көмектеседі. Оқушылар бұл тапсырмаларды орындау барысында, үш рет шапалақтап бағаланып отырды, сол үшін қуанышты күйде отырды.

Оқушыларға достары және өзімнің тарапымнан қолдау көрсетіліп отырдым. Олардың еңбегі әрдайым формативті түрде бағаланып, көңілін көтеретіндей мақтау сөздер айтылып отырды. Себебі сыныптағы бағалау Александер (2011) айтқандай, тек қана техникалық тәсіл емес [3]. Мен өз сабағымда формативтік бағалауды оқыту үшін бағалау ретінде қолданудың өте маңызды екендігіне көз жеткіздім. Сабақты оқушылардың өздеріне бағалаттым.

Бағдарламаның модульдерін тәжірибе жүзінде қолдану барысында көптеген жетістіктерге қол жеткіздім. Дәстүрлі оқыту барысында көбіне жауап беру жылдамдығына көп көңіл бөлмейміз, жауап беурге кететін уақытты өлшемейміз. Ал, сындарлы оқыту бағдарламасы арқылы нақты теорияға сүйеніп, әр қадамымызды реттеуге болады және жаңа технологияны кеңірек қолдануға мүмкіндік береді. Сабақта бағдарламаның барлық модульдері тиімді пайдаланылды. Өздеріне сенімсіздік білдіріп, немқұрайлы отыратын оқушылар да психологиялық жаңғымды орта ерекшеліктерін сезініп, өз ойларын аз да болса жүйелеп, еркін айта бастады.

Менің тәжірибеме, өткізген сабақтарыма өзгеріс әкелген мазмұны жаңартылған бағдарлама жаңашылдыққа бастау болады деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.«Жаңартылған білім беру мазмұны аясында критериалды бағалауды жоспарлау және ұйымдастыру» 2017.

2.Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау басшылығы Астана 2016.

3.Мұғалімге арналған нұсқаулық (екінші басылым) «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР- ҰЛЫ ДАЛА МЕКТЕБІ МЕН ЗАМАНАУИ БІЛІМНІҢ АЛТЫН КӨПІРІ

БАХТЫГЕРЕЕВА ТОТЫ МЕНДЫХАНОВНА

Атырау облысы

Құрманғазы аудандық білім бөлімінің

әдістемелік кабинет меңгерушісі,

жоғары санатты биология пәні мұғалімі

Хакім Абай Құнанбайұлы өзінің отыз тоғызыншы қара сөзінде « Рас, бұрынғы біздің ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан білімі, күтімі, сыпайылығы, тазалығы төмен болған. Бірақ бұл замандағылардан артық екі мінез бар екен. Ендігі жұрт ата-бабаларымыздың мінді ісін бір-бірлеп тастап келеміз, әлгі екі ғана тәуір ісін біржола жоғалтып алдық... » -деген екен. [1] Болашақ ұрпағымыз үшін ұлы дала мектебінен жеткен асыл мұраларымыздың жоғалмай, өміршең болуы мектептегі оқу-тәрбие үрдісінің ұлттық құндылықтарымызға негізделген жүйелі әдіснамалар арқылы жүзеге асырылуына тікелей байланысты. Себебі оқушыларымыздың ұлттық құндылықтарымызды жай ғана кітап бетінен оқитын тарихи, мәдени құндылық ретінде емес, өз бойынан табылатын нағыз ұлттық мәдениеттің, ұлттық болмыстың көрсеткіші екендігін жүрегімен сезініп, санасымен ұғынуларына және әрбір іс-әрекеттерінен көрінуіне септігін тигізетін ортақ құралдың болуы маңызды. Халқымыз ұрпағын ерте жастан туған жер, атамекен табиғатын қорғауды, қоршаған ортаға зиянын тигізбеуді үйретіп, баланың адамгершілік тәрбиесіне ерекше мән берген. Халқымызбен жасасып келген ырымдар мен тыйым сөздер, салт-дәстүрлер, **әдет-ғұрыптар** бүгінгі пайымдаумен айтар болсақ **мәдениеті**, экологиялық, **гигиеналық т.б.** білім мен тәрбиені көздеген. Ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан тыйым сөздер мен ырымдар, таным-талғамдары, өнегелі өсиеттері, салт-дәстүрлері техника мен технологияның дамыған заманында өмір сүріп отырған біздің өмірімізден орын алуы дәлел. Бүгінде тәрбиелік маңызы зор ұлттық құндылықтарды сақтау, қорғау және жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адами құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының біріне айналды. Мемлекеттік саясаттың басым бағыттарын нәтижелі іске асыруда әрбір пән мұғалімі ұлы дала мектебінің тәжірибесін өз тәжірибесіне жүйелі түрде енгізсе және бұл науқандық емес, күнделікті сабағының ажырамас бөліміне айналдырса текті халықтың ұрпағы өзінің ұлттық жауһарларын бойына сіңіріп өсетіндігіне сенімдімін. Ісіміздің сәтті де, нәтижелі болуы өз

кезегінде біздердің, яғни мұғалімдердің өне бойынан көрініс табатын шынайылығы мен нағыз азаматтық қасиеттердің, өз еліне, халқына жанашыр бола білу ерекшеліктерінің сөзінен емес, ісінен көрінетін болмысы арқылы өскелең ұрпаққа үлгі бола білу сырында жатыр. Жауапты іс жүгін арқалаған ұстаздың бірі ретінде өз тәжірибемнен орын алған ұлттық құндылықтарымызды биология сабақтарында үйлесімді қолдану жолдарын ұсынып отырмын. Оқушылар биология сабағында жана тақырыптарды өту барысында ғылыми деректермен танысып қоймай, тақырыпқа сай таңдалған ұлттық құндылықтарымыздың арасындағы үндестікті, байланысты іздестіреді, зерделейді, сәйкестендіреді және қорытынды жасайды. Өздерінің пайымдауларын диалогқа түсу арқылы тұжырымдай отырып халқымыздың қазіргідей білімі мен ғылыми атағы болмаса да, қаншама ғасыр бұрын қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан рухани мұрамыздың ғылыми тұрғыдан дәлелденген шындық екендігіне көз жеткізеді. Бұл бір ғана биология сабағындағы жұмыс, басқа да пәндерден құнды ақпараттармен жұмыстар жүргізілер болса, өмірлік сабақ алып қана қоймай, өз ұлтына деген мақтаныш сезімі бар ұлтының жанашыр ұрпағы болары сөзсіз. Оқу мен тәрбие егіз деген ойтұжырым осыдан шықса керек. Ұлттық құндылықтарымызды ғылыми ақпараттармен үйлесімді меңгерту арқылы сабақтың оқыту мақсатымен қоса тәрбиелік, дамытушылық міндеттерін орындауға қол жеткізе аламыз. Әрине сабақ тек ақпараттармен танысу жұмысымен шектелмейді, бұл әр ұстаздың шығармашылық шабытына байланысты. Сабақта динамикалық немесе ауыспалы жұп, В.Ф.Шаталовтың тізбек және десант, дебат, диалогтық оқыту т.б. әдіс-тәсілдермен түрлендіруге болады. Әрбір сабақ дидактикалық принциптерге негізделі отырып жоспарланады. Сабақтарымыздағы жүйелілік пен бірізділік принципінде пәнаралық интеграциялар, теория мен тәжірибенің байланыстылығы принципі бойынша сабақтағы бейтаныс немесе жаңа ақпараттарды өмірмен байланыстырып оқушыға жақын тәжірибелер арқылы меңгерту. Сәйкестік принципі бойынша білім білік дағды деңгейлері, жас ерекшеліктері ескеріледі. Бұл өз кезегінде оқушылардың жалығуының алдын алып, саналы түрде жаңа сабақты меңгеруде ішкі уәж бен сыртқы уәждерінің үйлесімділігіне қол жеткізуге мүмкіндік берді.

8-сынып 5-бөлім. Заттардың тасымалдануы.

Сабақтың тақырыбы. Қан тамырлары жүйесінің түрлері және қан айналым шеңберлері. [2] Сабақта қолданылған ұлттық құндылық
Абайдың 14 қара сөзі.

Сабақта жүректің тынымсыз жұмысы адам ағзасында тоқтаусыз қан айналымын бүкіл өмір бойына қамтамасыз ететіндігі жайында ғылыми дәлелденген ақпараттарды талқылау барысында Абайдың 14 қара сөзіндегі жүрек жайындағы ойымен ұштастырдым. Жүректегі екі түрлі қан ешқашан *араласпайтындықтан* ағзаға таза қан таралып, тұрақты жұмыс жасайды. Абайдың айтып отырған жүрек ісі адал ниетті адамдардан тарайтын адами

қасиеттер. Адал жүректі адам ешқашан жамандықты қолдамайды, өз ісіне *араластырмайды*. Осы екі аралықтағы үндестіктің сыры неде? -деген сауалға жүректің тұрақты жұмыс жасауы ағзаның өміршеңдігін қамтамасыз етсе, жүрегі мейірімді адамдар әлемдегі тұрақтылықты қамтамасыз ететіндігіне ерекше мән берілді. Әрбір адам өзінің ағзасының біртұтас, ешбір ауырусыз болғанын қаншалықты қаласа, өзі өмір сүріп отырған ортасының да соншалықты жақсылыққа толы болуына жауапты екендігін, кез-келген істі жүрек қалауымен жасаса жалған болмайды.

14 қара сөз	Үндестік	Адам жүрегінің қызметі
Тірі адамның жүректен аяулы жері бола ма?... Рақымдылық, мейірбандылық, әртүрлі істе адам баласын өз бауырым деп өзіне ойлағандай оларға да болса игі еді демек, бұлар-жүрек ісі. Асықтық та - жүректің ісі. Тіл жүректің айтқанына көнсе жалған шықпайды. Амалдың тілін алса, жүрек ұмыт қалады. Қазақтың "жүректісі" мақтауға сыймайды... Қазақ та адам баласы ғой, көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылды сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулылықтың жоқтығынан азады.	Адамның игі қасиеті жүректен шығады, жақсылыққа куанады, жамандықтан жиренеді. Ақиқат тапқан жүрек алдамайды, адамға <i>күш береді</i> , адалдықтан айнымайды. Жүрек – ағзаға <i>қуат беруші</i> , қоректендіруші орталық мүше. Тән мен жанның тұтастығы, тазалығы. Жүрек- ағзаның өміршеңдігін, мейірімді адам әлемдегі тұрақтылық қамтамасыз етеді.	Жүректің негізгі қызметі – қан тамырлары арқылы адам ағзасындағы мүшелер мен тіндерге оттегі мен қоректік заттарды жеткізу және олардан керексіз заттарды (көмір қышқылын, белок қалдықтарын, т.б.) шығару. Жүрек үздіксіз жиырылып, босансу арқылы қанның қан тамырлары арқылы қозғалысын қамтамасыз етеді. Қан ағза арқылы үздіксіз ағады. Жүректі оң және сол жақ жартыға бөліп тұратын перде болғандықтан артериялық және веналық қандар араласпайды. Жүректің толық жиырылып, босануы 0,8 секунд уақытты қамтиды. Сондықтан жүрек минутына 65-75 рет соғады.

8-сынып 7-бөлім. Бөліп шығару. Сабақтың тақырыбы. Шығару жүйесі мүшелерінің құрылысы. Сабақта қолданылған ұлттық құндылық баланы бесікке бөлеу. Сабақта «*динамикалық жұп*» әдісі арқылы оқушылар: 1) бесікке бөлеу жайында өздерінің отбасында көргендерін жұпта талқылайды, қосымша ақпараттар арқылы білімдерін толықтырады. 2) шығару жүйесі мүшелерінің құрылысын талқылайды. 3) Зәрдің шығарылуы туралы пікір алмасады. Белгілі бір уақытта жұптағы оқушылар өзара ауысып, 3 түрлі ақпаратты өзара талқылау арқылы меңгереді.

Баланы бесікке бөлеу	Үндестік	Зәрдің шығарылуы
Бесіктің құрылымы баланың гигиеналық тазалығын қамтамасыз етеді, өйткені арнайы қойылатын шүмек пен	Шамамен 2 жастан бастап зәр шығару үлкен ми сыңарлары қыртысының бақылауында болады. Сол кезде зәр шығару саналы түрде жүзеге асады.	Бөліп шығару мүшелері арқылы судың, тұздар мен құрамында азот бар зиянды заттардың артық мөлшері шығарылады. Зәр қуықта жиналады. Қуық толған

түбек баланың дәретін жаймай, таза және ұйқысының тыныш болуына жағдай жасайды. Сәбидің бойы талдай түзу қалыптасады, тоңбайды, суық тимейді. [4]	Халқымыз баланы бесікке белгілі бір жас ерекшелігіне дейін бөлеген. Гигиеналық тазалық.	кезде рецепторлардан зәр шығару рефлексінің орталығы жұлынның сегізкөз бөліміне сигнал беріледі. Бөліп шығарудың орталық мүшесі-бүйрек. Қуыққа шамамен 500мл. зәр сыяды.
--	---	--

9-сынып биология 3-бөлім.Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері.

Сабақтың тақырыбы. Пайдалы қазбаларды өндірудің және қайта өңдеудің қоршаған орта мен адам денсаулығына әсері.

Сабақта қолданылған ұлттық құндылық Абайдың 37 қара сөзі.

Қазақ әдебиеті пәнімен интеграцияланған сабақта оқушылардың танымын кеңейту арқылы, ғылымның өзара байланыстылығын, біртұтастығын, халқымыздың біртуар ұлының қара сөзінің мазмұнының тереңдігін ұғынады.

37 қара сөз	Үндестік	Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері
Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес. Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың, адамдықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, алланың сүйген құлының бірі боласың. Дүние - үлкен көл, заман-соққан жел, алдыңғы толқын-ағалар, артқы толқын-інілер...	Жеке бастың пайдасы үшін өмір сүрмеу. Әрбір істі адамгершілік көзқараспен жасау. Қоршаған ортаға кері әсерін тигізбей, өз қажеттіліктерін ала отырып, болашақ үшін ортаның тазалығын сақтауда жаңа технологиялар енгізу.	<p>Пайдалы қазбаларды өндіру және өңдеу адам денсаулығына жағымсыз әсер етеді. Адам пайдаланатын сулардың, ауаның, топырақтың улануы және түрлі апаттардың көрініс табуы. Кез келген өндірістік немесе технологиялық қалдықтардың санының артуы қоршаған ортаға зиянын тигізуде.</p> <p>Табиғи жағдай өздігінен ұзақ жылдар бойына қалпына келмейді, сондықтан рекультивация жұмыстарын жүргізіп, қалпына келтіру. Заманауи ғылыми зерттеулер жүргізу: зиянды шығындылардың мөлшерін азайту. Зиянды қалдықтарды жоюға қабілетті бұзушыағзалардың селекциясын ойлғап табу.</p>

9-сынып. 12-бөлім. Тұқымқуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары.

Сабақтың тақырыбы. Адамның тұқымқуалайтын ауруларының алдын алу. Генеологиялық шежіре құрастыру. [3]

Сабақта қолданылған ұлттық құндылық жеті ата.

Жаңа сабақты меңгерту барысында генеологиялық шежіре туралы түсінік бере отырып халқымыздың жеті ата дәстүріне кеңінен тоқталдым. Жеті атасын білу - ұлттың болашағына ықпал ететін қозғаушы күш екенін ғылыми дәлелдермен ұғындыру мүмкіндігіне қол жеткіздім. Бірде, Жәнібек ханның кеңесшісі Жиренше шешен науқастанып, төсек тартып қалады. Өтебойдақ есімді емші Жиреншені аяғынан тұрғызыпты. Жиреншенің «қандай ауруды емдеу қиын», - деген сұрағына «тұқым қуалайтын ауруды емдеу қиынның қиыны», - деген екен. «Ал, оның алдын алуға бола ма», - деген сауалына Өтебойдақ емші: «жеті атаға дейін қыз алыспау қажет» деп жауап қатса керек. Емшінің айтқанын Жәнібек хан жадына тоқып, жанын салып халқына жеті атаға дейін үйленуге тыйым беріпті. Содан бері қазақ патшалары осы тыйымды өз жарлық- заңдарында мықтап берік ұстанған. Жеті атасын білу қанның тазалығы мен ұрпағының денсаулығы, ер жігіттің өзінің тегіне, болашағына аса бір құрметпен қарауды үйретеді. Бұл баланы тәрбиелеудегі дала мектебінің жетістігі. Осы дала мектебінің арқасында елін, жерін, туғанын сүйер ержүрек батырлар, өткір тілді жыршы, жырауларымыз тәрбиеленді.

Медициналық дәлел. Қазақ бойынан көрінетін қадір-қасиеттің бәрі сол жеті атадан қыз алыспау тыйымын мүлтіксіз орындағаннан бүгінге дейін жеткенін жаһанның ғалымдары да дәлелдеп жатыр. Генетиктердің пайымынша жеті ұрпаққа дейін ақуыз жасаушы амино қышқылдардың сәйкестігі дәл келеді екен. Соның салдарынан адамның жетінші ұрпағына дейін тұқым қуалаушылық сақталады. [5]

Генеологиялық шежіре мен қазақ халқының жеті ата шежіресінің үндестігі.		
Жеті ата шежіресі	Үндестік	Генеологиялық шежіре
Жеті атасын білу қанның тазалығы мен ұрпағының денсаулығы, ер жігіттің өзінің тегіне, болашағына аса бір құрметпен қарауды үйретеді.	Тұқым қуалайтын аурулардың алдын алу. Болашақ ұрпақтың салауаттылығы, қанның тазалығы.	Шежіре құрастыру арқылы дәрігер-генетиктер талдап, болашақ ұрпақтарға қатысты болжам жасайды.
<ol style="list-style-type: none"> 1. Бала 2. Немере 3. Шөбере 4. Шөпшек 5. Немене 6. Туажат (кейде некеге рұқсат) 7. Жүрежат (некеге рұқсат) Жүрежат – адамның өзінен санағанда жетінші буыннан қосылатын туысы. Қазақ халқының дәстүрлі әдет-ғұрпы бойынша Жүрежаттың балалары бір-бірімен қыз алысып, құдандалы бола алады.		ДНҚ– тірі <u>ағзадағы генетикалық</u> ақпараттың <u>ұрпақтан-ұрпаққа</u> берілуін, сақталуын, дамуы мен қызметін қамтамасыз етуіне жауапты <u>нуклеин қышқылының</u> бірі. <u>Жасушадағы</u> қажетті ақпаратты сақтайды. ДНҚ-ға талдау жасау арқылы баланың ата-анасын дәл анықтап табуға болады.

9-сынып 13-бөлім. Микробиология және биотехнология.

Сабақтың тақырыбы. Биотехнологиялық өндірістің жалпы сызбасы.

Сабақта қолданылған ұлттық құндылық Абайдың 15 қара сөзі.

Заманауи микробиологиялық өнеркәсіп индустриялық негізде биологиялық белсенді заттар өндіру үшін микробтық синтез үдерістерін қолдану болашағы бар биотехнологияның іргетасы болып табылатындығын оның қарқынды дамуы дәлел. Осыдан 175 жыл бұрын өмір сүрген Абай Құнанбайұлы өзінің 15 қара сөзінде адамның ақылдылығын ерекше атап, ізденіс көңіл толатын іске жетелейтіндігін атап өткендігін сабақта оқушылардың назарын ерекше аударып, заманауи жетістіктердің барлығы адам баласының ақылды ізденісінің нәтижесі екендігі туралы ой түйіндеу.

15 қара сөз	Үндестік	Биотехнологиялық өндіріс
Ақылды кісі мен ақылсыз кісінің, менің білуімше, бір белгілі парқын көрдім. Әуелі-пенде адам болып жаратылған соң, дүниеде ешбір нәрсені қызық көрмей жүре алмайды. Сол қызықты нәрсесін іздеген кезі өмірінің ең қызықты уақыты болып ойында қалады. Сонда есті адам орынды іске қызығып, құмарланып іздейді екен-дағы, күніне айтса құлақ, ойланса көңіл сүйсінгендей болады екен...	Адамның алғаш қызығушылығынан бастау алатын әрбір іс-әрекеттер, адам өміріне жаңалықтар әкеліп, пайдасына қызмет етеді. Түрлі технологиялар адам ойының шығармашылық шексіздігінің жемісі.	Биотехнологияны жануарлар селекциясында қолдану өте құнды даралардан ұрпақтар санын күрт арттыруға мүмкіндік берді. Бактериялар металлургияда қолдау тапты. Металдар биотехнологиясы арқылы адамзат жыл сайын жүздеген тонна мыс алады. Инсулин өндіру. Тыңайтқыштар, бактериялық препараттар.

Қазақ халқының ұлттық құндылықтары – бүгінгі күннің баға жетпес мол мұрасы. Ол мұра – халық пайда болғалы онымен бірге жасасып, бірге дамыған құнды дүниелер. Қазірдің өзінде ауылдық жерлерде, ата-әжелеріміз бар қазақы отбасыларында обал болады, малды теппе, көкті жұлма жаман болады деген тыйымдарды естиміз. Көненің көзі болған осындай қарияларымыздан ұлттық болмысымыздың желі еседі. Уақыт өте келе сөзімнің басында тоқталып өткен Хакім Абайдың айтқанындай біржола жоғалтып алмаудың жолында ортақ мақсатта еңбек етіп, ұлы дала мектебі мен заманауи білімнің алтын діңгегі ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу жолында ұстаздар қатарының артатынына сенемін.

Пайдаланылаған әдебиеттер:

1. Абай. Қара сөздер. [1]

2. Биология 8-сынып. Алматы. Атамұра-2018 [2]
3. Биология 9-сынып. Алматы. Атамұра-2019 [3]
4. <https://sputnik.kz/society> [4]
5. <https://kk.wikipedia.org/wiki/> [5]

ДУХОВНО-ПРАВСТВЕННОЕ ВОСПИТАНИЕ ЛИЧНОСТИ НА УРОКАХ ЛИТЕРАТУРЫ

БЕКМУРАТОВА ЛАРИСА АЙСАУЛИЕВНА

учитель-модератор

Международной школы «Акбобек»

г.Актобе

«Нравственная сила, как и мысль, безгранична», - утверждал О. Бальзак.

Что такое нравственность? Нравственность – это правила, определяющие поведение, духовные и душевные качества, необходимые человеку в обществе, а также выполнение этих правил. Нравственные ценности – это набор ценностных установок, которые в будущем становятся нравственными правилами поведения. Благодаря этим установкам мы стремимся к добру, проявляем любовь к людям, природе, Родине, своему народу. Главная ценность – это личность, со своим внутренним миром, интересами, потребностями, способностями, возможностями и особенностями. Становление человека предполагает не только развитие его умственных возможностей, но и усвоение системы общечеловеческих ценностей, составляющих основу его культуры.

Бесспорно, знание родного, русского и других иностранных языков, умение пользоваться "золотыми" фондами, содержащими добрые традиции, моральные ценности, высокие идеи, благородство; знание пословиц, поговорок, чтение лучших произведений классической и современной казахской, русской литературы, позволит обогащать мир детей и взрослых, поможет противостоять им духовному тлену, нравственному распаду.

В Государственных образовательных стандартах основного, среднего общего образования по русскому языку и литературе значительно усилена духовно-нравственная функция предметов и определены цели изучения русского языка и литературы: воспитание духовно-нравственной личности, формирование духовного мировоззрения, гражданского сознания, чувства патриотизма, любви и уважения к литературным ценностям, отечественной культуры.

Цель духовно-нравственного воспитания – научить ребенка любить, быть ему примером, словом и делом постигать глубину и полноту общечеловеческих ценностей.

Современному педагогу необходимо сформировать в своих учащихся целостное мировоззрение, целостную картину мира, которая представлена в изучаемом произведении, дать возможность обучаемым расширить границы известных им понятий, обострить читательское восприятие.

Как известно, уроки русского языка и литературы – это всегда уроки добра, нравственности и красоты. На уроках русского языка используется языковой материал с ярко выраженной нравственной окраской. Это тексты, в которых идет речь о доброте, человечности, милосердии, совести, о любви к Родине, которые побуждают обучающихся не только думать, но и формировать возвышенные благодетельные позиции.

К.Д. Ушинский писал «...то литературное произведение нравственно, которое заставляет дитя полюбить нравственный поступок, нравственное чувство, нравственную мысль, выраженную в этом произведении». Художественное слово воздействует не только на сознание, но и на чувства и поступки детей. Слово может окрылить ребёнка, вызвать желание стать лучше, сделать что-то хорошее, помочь осознать человеческие отношения, познакомиться с нормами поведения.

Уроки литературы предоставляют огромные возможности для формирования личности ученика. Литература, как учебный предмет, призвана сформировать у учащихся две обратимые способности: самостоятельно по мотивам интереса постигать социально-нравственную и эстетическую ценность произведения и сквозь призму литературы понимать сложный, противоречивый мир окружающей действительности. Именно новый тип обучения, проблемный, имеет богатые возможности для развития школьников.

Важно правильно организовать и содержательно наполнить уроки, чтобы они оказали свое благотворное влияние на разум и душу ученика, заставили его о многом задуматься, научили ставить вопросы и искать на них ответы.

Например, читая произведение Г. К. Бельгера «Дедушка Сергали», учащиеся 10 классов смогут вобрать в себя ценнейшие качества человека, впитывая в себя мудрые изречения героя-инородца, его философское размышление об аульных стариках непременно станет основой для становления достойного, благородного гражданина своей страны. Сам пример Бельгера, который был настоящим «аксакалом» в Казахстане, пользовался непререкаемым авторитетом среди казахов, которые с любовью называли его «Гер-ага», его любовь к своей малой родине до конца жизни – образец духовно богатого, нравственного, наделенного высокими гуманистическими идеями, человека.

Действительно, жить достойно в обществе может только духовно-нравственный человек. Воспитание благородного, соответствующего этическим нормам, тесно и неразрывно связано с развитием самосознания учащихся, сознанием ими своих национальных корней, потребности любви к Родине и народу.

Принцип Д.С.Лихачева: «Воспитание любви к родному краю, к родной культуре, к родному селу или городу, к родной речи - задача первостепенной важности, и нет необходимости это доказывать. Но как воспитать эту любовь? Она начинается с малого - с любви к своей семье, к своему жилищу, к своей школе. Постепенно расширяясь, эта любовь к родному переходит в любовь к своей стране – к ее истории, ее прошлому, а затем ко всему человеческому, к человеческой культуре».

Известно, что не только педагогам, но и родителям необходимо закладывать моральные основы человеческой личности в детях ещё в раннем возрасте. Сегодня многие родители больше озабочены карьерой и материальным достатком, чем нравственно – духовным воспитанием детей. Конечно, подобная смена приоритетов во многом обусловлена реалиями современной жизни, но это не оправдывает родителей, не уделяющих должного внимания развитию в детях высоких моральных качеств. Если первоначальный нравственный опыт ребёнка окажется негативным, то исправить ситуацию впоследствии будет очень сложно. Поэтому, отношение родителей друг к другу и к детям – главные факторы дальнейшей добропорядочной жизни их детей.

Учась в школе, уже в младших классах дети работают над распознаванием добра и зла, лицемерия и искренности, правдивости и лжи, вражеских и дружеских отношений. Например, при изучении басни «Ворона и лисица» И.Крылова дети определяют проблему общества, которая была актуальна в эпоху писателя, которая актуальна и сейчас: способность людей поддаваться лести. Крылов с глубины веков преподает урок: хитрость и лесть легко способны закружить голову любому. Затуманенный разум может оказаться во власти хитрого манипулятора и льстеца. Сколько сейчас людей, которые обманым путем присваивают деньги других и скрываются? Лстить, безусловно, плохо, однако часто льстецы побеждают. Как выработать в себе качество твердости, аналитическое мышление, способность распознавать правду и ложь и принимать правильное решение?

Необходимо посеять в душах детей крылатое выражение А.С.Пушкина: «Береги честь смолоду» из повести «Капитанская дочка». Именно обучение анализу поступков героев способствует саморазвитию учащихся. Используя понятия «мотив поступка», «цель жизни», школьники проводят параллель от литературы к жизни и, таким образом, на уроках литературы они создают модель своего будущего.

В процессе восприятия художественного произведения школьник имеет возможность усваивать сложные мировоззренческие понятия о месте человека в жизни, о его целях и устремлениях, убеждаться в истинности тех или иных нравственных ориентиров, получать опыт нравственной оценки, опираясь на произведения русской литературы.

Наша задача – дать подрастающему поколению полноценное духовно – нравственное воспитание, защитить их от мира насилия, сделать наших детей невосприимчивыми к злу и способными творить добро.

Следует помнить, что воспитательные возможности уроков литературы увеличиваются пропорционально тому, насколько учитель способствует организации и развитию реального жизненного, духовно-нравственного опыта школьников на основе чтения, обучения, деятельности, творчества во взаимодействии и координации усилий с учителями других учебных предметов, родителями, общественными, культурно-просветительскими организациями, учреждениями дополнительного образования.

Список литературы:

- 1.Бондаревская Е. В, Бермус Г. А. Теория и практика личностно-ориентированного образования // Педагогика -1996г , №5, с 72-80
- 2.Видякова З.В. Педагогика Константина Дмитриевича Ушинского -Липецк-2003, 80с
- 3.Гармаев А. Этапы нравственного развития ребенка -М , 1998, с 31
- 4.Дробницкий О. Г. Проблемы нравственности -М , 1997, 333с
- 5.Маранцман В.Г.Труд читателя:От восприятия литературного произведения к анализу. Книга для учащихся старших классов средней школы. М., Просвещение, 1986.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

БЕКТЕМИСОВА НУРГУЛЬ ЖАНЫСБЕКОВНА

Алматы қаласы

*Бәбек «Өзін-өзі тану» Адамның Үйлесімді Дамуы
гуманитарлық колледжінің
Педагогика пәні оқытушысы*

«Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деп М.Әуезов атамыз айтпақшы, қай заманда болмасын, ұрпақ тәрбиесі жас кезеңнен басталып, ел болудың діңгегі- болашақ ел тұтқасы боларлық балаларымыздың бала кезеңінде алған тәрбиесінен бастау алмақ. Адамзат алдында тұратын ұлы міндет - өзінің өмірін жалғастырушы саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі - ұлт болашағы, келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу

кезек күттірмейтін іс екені сөзсіз. Бүгінгі таңда балаға әлемдік деңгейде өркениетті негізде білім мен тәрбие беру, ұлттық құндылықтарды олардың бойына сіңіру – тәрбиешілер мен ұстаздар алдындағы үлкен міндет болып табылады. Адамзат тарихында құндылықтар қалыптасуының негізгі ерте заманнан-ақ ойшылдар мен ғұламалардың назарында болды. Олардың тәрбиелік негіздері атадан балаға ұрпақтан-ұрпаққа ізгі қасиеттер мен сезім ниеттерден тұрады. Қазақ халқының ғасырлар тұңғығынан бері тарихымен біте қайнасып келе жатқан ұрпақ тәрбиелеудегі тәжірибелері бізге сол рухани мәдениет, этикалық, эстетикалық құндылықтарын құрайтын ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, әдеби, музыкалық, кәсіби, тұрмыстық фольклорлар мазмұны арқылы жетіп отыр. Сонымен бірге ұрпақ тәрбиесіне, жалпы халықтың рухани дамуына байланысты ұлттық тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерді: Қорқыт ата, Әл-Фараби, Қожа Ахмет Иассауи, Мұхамед Хайдар Дулати, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Асанқайғы, т.б. ақын-жырауларының мұраларынан, билер мен шешендердің тәлімдік сөздерінен көреміз. Әр адам өзінің ұлттық тамырын, әдет-ғұрпын, мәдениетін түсіне алады. Өз халқына деген сүйіспеншілігі, өзінің туған жеріне өз халқы өмірсүретін ортаға деген сезіммен ұласып жату керек. Халықтық әдет-ғұрып, салт-санасының байлығы, патриоттық сезім Отанға деген сүйіспеншілігін қалыптастырады. Ұлттық тәрбие қазір елімізде орын алып отырған көптеген мәселелерді: ана тілін, ата тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін жастар, тастанды жетім балалар, «қиын» балалар, қарттар үйлеріндегі әжелер мен аталар, нашақорлыққа салынған жастар, тағы басқаларды бірте-бірте жоюдың және олардың алдын-алып, болдырмаудың негізгі жолы. Ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Сондықтан да ұлттық тәрбие – ел болашағы. Ұлттық құндылық белгілі бір бағытты, мақсатты, жүйелі ұлттық көзқарасты, мінез-құлықтағы адамдық тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жүйе. Олай болса, ұрпақ тәрбиесіндегі құндылықтар негізгі ізгілікті, ақылды адамгершілік, парасаттылық, имандылық міндеттерін ажырата біліп өзіне таңдау жасауы. Халықта «Балаңды өз тәрбиенмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген мақал бар. Жас ұрпаққа тәрбие мен білім беру саласында халықтық педагогиканы енгізе отырып, қазақ халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, мінез-құлық мәдениетін меңгеруде оқушылардың бойына ұлттық имандылық, адамгершілік, сыпайылық қасиеттерін қалыптастыру. Ұлттық тәрбие біздің ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін асыл қазынамыз. Ол болашақ ұрпақты өмір сүруге тәрбиелейтін үлкен тәрбие кітабы. Ал тәрбие тамыры тереңде-халық қазынасында, оның қадір қасиеті мен бітім-болмысында. Бұл қазына ұлттық құндылықтар арқылы бала бойына сіңетіні даусыз. Ұлттық құндылықтар дегеніміз не? Қарапайым тілмен айтқанда, ұлттық құндылықтар белгілі бір ұлтқа ұлт азаматына тән зат, адами қадір-қасиет, яғни ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар. Ол-тәрбие мен оқытуға бағытталған мұрағаттар. Оларға

меймандостық, кісілік, сыйластық, имандылық, кішіпейілділік, салауаттылық, қайырымдылық, ізгілік, еркіндік, өнерпаздық, сыпайылық, мәдениеттілік, шығармашылық, рухани байлық, махаббат сынды қасиеттер жатады. Кез-келген ұлттың сипаты бес қағидаға келіп тіреледі. Біріншісі – тілі, екіншісі–діні, үшіншісі–дәстүрі, төртіншісі–тарихы, бесіншісі– атамекені. Құндылықтар – шынайы ғана болады, ол адамға тәуелді емес, дей тұрғанмен ол ең алдымен адам санасында орын алады. Құндылықтарды сезім арқылы қабылдап, ал сана арқылы түсінуге болады, соның нәтижесінде тұлға құндылықты игереді, соған сай әрекет етеді. Осының барлығын бала жасынан бойларына сіңіре білсек, нұр үстіне нұр болар еді. Ж.Баласағұн өз еңбегінде «Адам тәрбиесінің тоқсан пайызы, бес жасқа дейінгі кезеңде балаға берілген тәрбиеден көрінеді» деген. Бұдан ой тұжырымдасақ, мектепке дейінгі кезеңнен бастап, тәрбиенің негізі ұлттық құндылықтарымыз арқылы тәрбие беру-ұлт болашағының жарқын ететіндігін көрсетеді. Олай болса, басты мақсат – жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып жастайынан тәрбиелеу.

Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:

- баланың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;
- жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;
- ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеу;
- жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерін қалыптастыру сияқты міндеттерді орындағанда ғана басты мақсатқа жетеміз.

Кез келген ұлттың ұлт болып қалыптасып дамуы үшін оның ұлттық санасы, ұлттық құндылығы болуы керек. Сондықтан ұрпағымыздың ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп, ел қамын ойлайтын азамат етіп тәрбиелеуіміз керек. Ұлттық тәлім тәрбиенің іргетасы - бірінші ұлттық тәрбиенің ошағы отбасында, екіншіден балабақшада болғандықтан, ата-анамен де баламен де бірігіп жұмыс атқару – біздің басты міндетіміз. Халқымыздың тілін, тарихын, ұлттық дәстүрін, ата салтын ұмыта бастаған бүгінгі ұрпақты тәрбиелеуге ат салысу жалпы ұлтымыздың міндеті.

Өз ұлтын қадірлеп, қастерлеген, ұлт қадірін білген азаматтың бірі Ж.Аймауытов: «Мен халыққа кіндігіммен байланып қалғанмын. Оны үзе алмаймын. Ұзу қолымнан келмейді» дейді. Сырым Датұлы: «Мен ағайынды екеумін: бірі– өзім, екіншісі – халқым»-дейді. Қазақ халқының осындай дәріптеуге, қастерлеуге, дамытуға тұрарлық ұлттық рухани материалдық құндылықтары туралы ұлағатты, құнды ойларын халық игілігіне келешек ұрпақты ел жұртқа ие болатын азаматтарды тәрбиелеуге неге қолданбасқа? Қазақ халқы баланы жамандықтан жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болуын, сұлу сөз сыйқырлы үн, әдемі өң мен түрлі ләззат

ала білетін, байсалды, ойламды, шымыр болып өсуін ұлт тәрбиесінің негізгі қағидасы етіп ұстаған. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев:—«Болашақ ұрпағымызды тәрбиелегенде оларға жастайынан имандылық пен ұлттық қасиеттерді сіңіре білсек, сонда ғана біз ұлттық рухы дамыған, Отанының гүлденуіне үлес қоса алатын азамат өсіре аламыз» деген болатын. Ұрпақ тәрбиесі-адамзат баласының асыл мұраты. Сондықтан қатардағы пендені нағыз толық қанды тұлғаға айналдыру үшін ұлттық құндылықтар арқылы бала кезең жастайынан тәрбие берудің маңызы зор.

Әдебиет:

1. Ш.Елеукенов, Замандас парасаты. Әдеби сын. Алматы: Санат, 1977 .
2. Ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудағы сынып жетекшінің орны.
3. Бастауыш мектеп журналы/ республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журнал/ №7, 20

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР— ТӘРБИЕ НЕГІЗІ

БЕКТҰРҒАНҚЫЗЫ АРМАНГҮЛ

Атырау облысы

Құрманғазы ауданы

Нұржау жалпы орта мектебінің

химия пәнінің мұғалімі

Адамзат баласы қай заманда болмасын алдында тұратын ұлы міндеттердің бірі -өзінің өмірін жалғастырушы саналы ұрпақты тәрбиелеу болып табылады. Ұрпақтың тәрбиесі - ұлттың келешегі, болашақ қоғам тәрбиесі. Сол қоғамның келшегін жан-жақты жетілген, ақыл парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу кезек күттірмейтін мәселелердің бірі екені сөзсіз. Атақты ойшыл Әбу Насыр әл Фараби: «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген болатын. Осы даналықтан-ақ, адамзат баласына ең бірінші тәрбие керек екенін анық көрсетіліп, айқындалып тұр. Бұған мысал ретінде адамзат тарихындағы ұлы жаулап алушылардың миға сымайтын әрекеттерін атап көрсетсек болады. Сонымен қатар, даңқты қолбасшы, әскери қайраткер, жазушы, Кеңес Одағының Батыры, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Бауыржан Момышұлының «Батырлық – табиғат сыйы емес, бұл патриоттық борышыңды орындау үшін өзіңді-өзің қауіпке қарсы саналы түрде зорлап көндірудің нәтижесі. Мұндайда адам өз достарымен тек игілікті ғана емес, сонымен бірге қатерді де бөлісе отырып, жауды жою арқылы өзін және отандастарын қауіпсіздендіруге тырысады. Өзінің азаматтық ары мен намысын ездiктен, масқаралықтан қорғайды, өз бойындағы осындай асыл қасиеттерін ашып көрсете түседі» -деген сөздерінде Отанға деген сүйіспеншілік бәрінен биік тұратынын, ол әрбір ұлттың бойынан табылуы қажет екенін атап көрсетеді. Жас ұрпақты ұлттық мақтаныш пен ұлттық

патриотизм рухына қалай тәрбиелесек, еліміздің халқымыздың болашағы, даналығы да солай айқын көрінеді. Қарастыратын болсақ, тәрбиенің негізгі түп тамыры – ұлттық үрдісте. Халқымыздың мәдениеті ұлттық ерекшелігімен қасиетті де қадірлі. Жаңа ғасыр бастауында әлемдік мәдени сұхбат пен өркениеттердің ұлы тоғысуы дүниежүзілік даму процесінің ең басты критерийлеріне айналып отырғанда, ұлттық идеяны әлемдік өркениетпен өзара үйлестіру мәселесі заман ағымына сай туындаған өзекті мәселе ретінде күн тәртібіне қойылып отыр. Сондықтан мәдени дамудың шыңына жетіп, өркениетті елге айналу халқымыздың табиғи қасиеттеріне, күш-қуатына, менталитетіне, даналығына, көрегендігіне, қабілетіне және т.б. ұлттық ерекшеліктерімен тығыз байланысты болмақ.

Даналық білімнен нәр алады. Даналыққа апаратын жол ұзақ әрі қиын. Сондықтан жастарға басты қиындықтарды көре білетін, әлеуметтік ақыл-ойға сәтті кіруге көмектесетін жақсы жолбасшы керек. Ғалымның ісі – ғалымдағы заңдылықтарды ашып, оны сөзбен формулаға айналдыру. Әдіскердің міндеті – ғалымның ашқан жаңалығын білімге айналдырудың құралын табу. Педагогтың міндеті - ғалым мен әдіскердің міндетін кең көлемде қоса отырып, оқушының тұтас ойлау қабілетін қалыптастыру.

Бүгінгі таңда оқушыларға әлемдік деңгейде өркениетті негізде білім мен тәрбие беру, ұлттық құндылықтарды олардың бойына сіңіру – ұстаз алдындағы үлкен міндет. Адамзат тарихында құндылықтар қалыптасуының негізгі ерте заманнан-ақ ойшылдар мен ғұламалардың назарында болды. Олардың тәрбиелік негіздері атадан балаға ұрпақтан-ұрпаққа ізгі қасиеттер мен сезім ниеттерден тұрады. Ұлттық құндылық белгілі бір бағытты, мақсатты, жүйелі ұлттық көзқарасты, мінез-құлықтағы адамдық тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жүйе. Олай болса, ұрпақ тәрбиесіндегі құндылықтар негізгі ізгілікті, ақылды адамгершілік, парасаттылық, имандылық міндеттерін ажырата біліп өзіне таңдау жасауы. Халықта «Балаңды өз тәрбиенмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген мақал бар. Жас ұрпаққа тәрбие мен білім беру саласында халықтық педагогиканы енгізе отырып, қазақ халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, мінез-құлық мәдениетін меңгеруде оқушылардың бойына ұлттық имандылық, адамгершілік, сыпайылық қасиеттерін қалыптастыру [1].

Ұлттық тәрбие біздің ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін асыл қазынамыз. Ол болашақ болашақ ұрпақты өмір сүруге тәрбиелейтін үлкен тәрбие кітабы. Ал тәрбие тамыры тереңде-халық қазынасында, оның қадір қасиеті мен бітім- болмысында. Бұл қазына ұлттық құндылықтар арқылы бала бойына сіңетіні даусыз. Ұлттық құндылықтар дегеніміз не? Қарапайым тілмен айтқанда, ұлттық құндылықтар белгілі бір ұлтқа ұлт азаматына тән зат, адами қадір-қасиет, яғни ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар. Ол-тәрбие мен оқытуға бағытталған мұрағаттар. Оларға меймандостық, кісілік, сыйластық, имандылық, кішіпейілділік, салауаттылық, қайырымдылық, ізгілік, еркіндік, өнерпаздық, сыпайылық, мәдениеттілік, шығармашылық, рухани байлық, махаббат

сынды қасиеттер жатады. Кез-келген ұлттың сипаты бес қағидаға келіп тіреледі. Біріншісі –тілі, екіншісі –діні, үшіншісі-дәстүрі, төртіншісі–тарихы, бесінші-атамекені. Құндылықтар –шынайы ғана болады,ол адамға тәуелді емес,дей тұрғанмен ол ең алдымен адам санасында орын алады.Құндылықтарды сезім арқылы қабылдап, ал сана арқылы түсінуге болады, соның нәтижесінде тұлға құндылықты игереді,соған сай әрекет етеді. Өз ұлтын қадірлеп, қастерлеген, ұлт қадірін білген азаматтың бірі Ж.Аймауытов: «Мен халыққа кіндігіммен байланып қалғанмын. Оны үзе алмаймын. Үзу қолымнан келмейді» дейді. Сырым Датұлы: «Мен ағайынды екеумін: бірі-өзім,екіншісі– халқым»-дейді. Қазақ халқының осындай дәріптеуге, қастерлеуге, дамытуға тұрарлық ұлттық рухани материалдық құндылықтары туралы ұлағатты, құнды ойларын халық игілігіне келешек ұрпақты ел жұртқа ие болатын азаматтарды тәрбиелеуге неге қолданбасқа? Қазақ халқы баланыжамандықтан жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратынқұлықты болуын,сұлу сөз сйқырлы үн.әдемі өң мен түрлі ләззат ала білетін, һәм байсалды ,ойламдышымыр болып өсуінұлт тәрбиесінің негізгі қағидасы етіп ұстаған. Ұрпақ тәрбиесіне кешігу дегеніміз мертігумен бірдей.Тәрбие бала тумай тұрып, дүниеге келмей тұрып берілуі тиіс. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев:-Болашақ ұрпағымызды тәрбиелегенде ,оларға жастайынан имандылық пен ұлттық қасиеттерді сіңіре білсек,сонда ғана біз ұлттық рухы дамыған, Отанының гүлденуіне үлес қоса алатын азамат өсіре аламыз деген болатын-деген болатын. Сондықтан қатардағы пендені нағыз толық қанды тұлғаға айналдыру үшін ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие берудің маңызы зор . Жеке тұлғаны ұлттық тәрбие арқылы дамыта отырып, нақты әрекет арқылы оқытуда төмендегі құндылықтардың болуы қажет:

- белсенді қарым-қатынас: оқушы мен мұғалімнің әрбір мәселеде өз көзқарастарын білдіріп отыруы;
- индивиттік: мұғалімнің әр жеке оқушының ерекшелігін дамыту, қоғам алдындағы жауапкершілігінің болуы;
- өзіндік тәртіп: өзіндік бақылау мен бағалауды шешім қабылдауды үйрену;
- шыдамдылық: әр түрлі пікірлкрді қабылдай алу, бір-бірінің пікірлері мен ерекшеліктерін құрметтеу, қабылдау. Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:
- оқушылдардың сана-сезімін қалыптастыру;
- жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;
- ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәден етін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеу;
- жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездері қалыптыру сияқты міндеттерді орындағанда ғана біз мақсатқа жете аламыз. Бала бойына ұлттық құндылықтарды дамытудағы негізгі құралдарға мыналарды жатқызуға болады:
- сыныптағы тәрбие сағаттары;

- баспасөз және қабырға газеттері;
- бұқаралық ақпарат құралдары;
- тәрбие шаралары (пікірталас, тәрбие сағаты, кеш, дәріс, таным-өнеге сағаттары, т.б.)
- кітап оқу;
- мектептен тыс және сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру;
- шығармашылық жобалар қорғау;
- қоғамдық ұйымдармен байланыс жасау;
- саяхат жасау;
- үйірмелерге қатысу.

Жаңа Қазақстан үшін қазақ өркениетін дамыту, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тілін, т.б. ұлттық құндылықтар аясында кеңейту - өзекті мәселенің бірі. Сондықтан алдымызда тұрған үлкен мақсат-ұлттық мұра құндылықтарын қазіргі таңның мәдени жетістітерімен үйлестіру. Жас ұрпақ тәрбиесінде үйлесімділік заңы салтанат құруы шарт. Яғни ол өзінің өсу, есею кезінде ақ сүт беріп асыраған ата-анасымен де, көкірек көзін ашқан ұстаздарымен де үйлесім таба білуі тиіс. Сонда ғана тұлға бойында ұлттық рухани қасиеттер бірте-бірте қалыптасары сөзсіз. Тұлға бойындағы рухани құндылықтарды қалыптастырудың көзі, отбасы, әулет, әлеуметтік орта, мемлекет болса, ұлттық құндылық қазақ патриотизм ұлттық салт-сана, ұлт алдындағы міндет, парыз, намыс, ұлттық рух, ұлттық салт-дәстүр, тұлға бойындағы ұлттық құндылықтың жоғары көрсеткіші. Тәрбиенің негізі болып саналатын адамзаттық құндылықтардың бірі тәрбиенің басқа адамға деген қажеттілігі, басқа адамиарды сүйе білу қажетті болып табылады [2].

Қорыта айтқанда, бүгінгі күнде жастарды әдепті де саналы етіп тәрбиелеу үшін ең алдымен тәрбие ережелеріне сүйене отырып, ұлттық дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды, дінімізді, ата-бабаларымыздан қалған насихат-мұраларды жастардың санасына сіңіре білуіміз қажет. Тәрбиенің көзі ата-бабамыздан қалған мұралар мен дана сөздер десек, біз соларды насихаттайтын жүргізушіміз. Бүкіл қоғам болып қолға алып, мәдениетті, тәрбиелі болып жүруді әрқайсысымыз өзімізден бастасақ, жас ұрпақтың тәрбиесі де өз жемісін берері анық.

Қолданылған әдебиеттердің библиографиялық тізімі:

1. Ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудағы сынып жетекшінің орны.
2. Сынып жетекшінің анықтамалығы/ №1(01) 2009.
3. Әдеп және жантану/ хрестоматия/ Атамұра Алматы, 1996.

ВОСПИТАНИЕ КУЛЬТУРЫ ПОВЕДЕНИЯ У ДЕТЕЙ СТАРШЕГО ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА: К ПРОБЛЕМАТИКЕ ВОПРОСА

БЕРЁЗКИНА ВАЛЕРИЯ СЕРГЕЕВНА

*4 курс, гр. 17ПО(ба)ДО, психолого-педагогический факультет
Орский гуманитарно-технологический институт (филиал) ОГУ,*

Россия, г. Орск

ЧИКОВА ИРИНА ВЯЧЕСЛАВОВНА

*Науч. руководители: к.п.н., доцент, ведущий научный сотрудник
научно-исследовательской лаборатории*

*к.п.н., доцент, заведующий кафедрой дошкольного и начального образования
Т.В. Диль-Илларионова*

*Орский гуманитарно-технологический институт (филиал) ОГУ,
Россия, г. Орск*

В эпоху современности возникает острая потребность в людях с высоким уровнем нравственного воспитания и образования, способных разбираться в социальных и экономических проблемах. По этой причине, встает актуальная задача воспитания культуры поведения у детей с ранних лет [1].

Дошкольное детство – короткий, но важный период утверждения личности. В эти годы ребенок получает начальные знания об окружающем мире, у него начинает формироваться определенное отношение к людям, к труду, вырабатываются навыки и привычки правильного поведения, складывается характер [2].

Уже у младших дошкольников в различных играх и наблюдениях, в процессе труда по самообслуживанию и воспитания несложных поручений необходимо формировать навыки вежливого отношения с близкими для ребенка взрослыми и сверстниками, бережного отношения к игрушкам и вещам, которыми все пользуются.

Понятие «культура поведения дошкольника» можно определить, как общность полезных для общества устойчивых форм ежедневного поведения в быту, в общении, в различных видах деятельности [2].

Вопросы нравственного воспитания и культуры поведения детей были изучены отечественными педагогами Л.Н. Толстым, К.Д. Ушинским, Ю.К. Бабанским, Б.Т. Лихачевым, также представлены в практико-ориентированных вариантах исследований Т.С. Яковенко, О.В. Защириной, Л.Ф. Островской, С.В. Петериной, И.Н. Курочкиной, Т.В. Ерофеевой.

В работах выше указанных ученых и педагогов можно выделить общую деталь – обозначение воспитания культуры поведения детей в зависимости от множества факторов, начиная с умелой организации деятельности детей во всех сферах и заканчивая правильным сочетанием этой работы с воспитательными и образовательными методами.

В этой связи, Л.Н. Толстой считал, что «из всех наук, которые должен знать человек, главнейшая есть наука о том, как жить, делая как можно меньше зла и как можно добра» [3].

К.Д. Ушинский, в свою очередь, писал: «Одними моральными наставлениями нельзя образовать сердце и волю ребенка». Для воспитания

культуры поведения в семье и детском саду нужно создавать условия для деятельного проявления ребенком его чувств и мыслей» [4].

Культуру воспитания в общем педагогическом процессе в дошкольном учреждении рассматривал Б.Т. Лихачев. Он считал, что оптимальным условием эффективного воспитания культуры является использование определенной системы, компонентами которой являются средства, методы, формы и т.д. [5, с. 123].

Наиболее закономерную и разумную характеристику роли воспитания культуры поведения в развитии личности представила С.В. Петерина [2]. По ее мнению, культуру поведения дошкольника логичнее определить, как «совокупность устойчивых форм поведения в различных видах деятельности и общении, а культура поведения сама по себе сводится к формальному соблюдению этикета» [2].

Как показали исследования С.Н. Николаевой, эффективность воспитания культуры поведения в основном зависит:

- от правильной организации коллективной деятельности детей,
- от ее сочетания с методами убеждения,
- накопления положительного морального и социально-эмоционального опыта [6, С. 111].

Итак, соблюдать основные порядки и правила человеческого сосуществования и взаимодействия, а также уметь поддерживать подобающий тон в общении с окружающими – значит быть культурным человеком.

Еще один представитель научной философии и педагогической мысли, В.Г. Белинский говорил о важности воспитания культуры поведения следующее: «Не упускайте из вида ни одной стороны воспитания: говорите детям и об опрятности, о внешней чистоте, о благородстве и достоинстве манер и обращения с людьми; но выводите необходимости всего этого из общего и из высшего источника - не из условных требований общественного знания или сословия, но из весомости человеческого знания, не из условных требований общественного знания или сословия, не из условных понятий о приличии, но из вечных понятий о достоинстве человеческом» [7, С.63].

Из высказывания педагога можно выделить главное, а именно, что культура поведения охватывает все без исключения аспекты жизни ребенка.

Стоит подчеркнуть, что эффективным будет не то воспитание, при котором ребенку закладываются навязанные условности, а то, что будет основываться на привитии высших понятий о человеческом достоинстве [5; 8].

Содержание работы по воспитанию культуры поведения уточняется в правилах поведения С.А. Козловой и Т.А. Куликовой. В рамках культуры поведения, данные исследователи выделяют понятия «нравственное правило» и «нравственная норма», считаемые в педагогике полярными [9, С.60].

И правило, и норма - это установленный порядок действий. Однако правило имеет частный и более узкий смысл. Оно может относиться к определенной ситуации, к определенному предмету: правило пользования предметом, правило поведения за столом и др.

Норма же носит более обобщенный характер, и характеризует общую направленность отношений и поведения.

Таким образом, резюмируя отметим, что культура поведения детей дошкольного возраста включает следующие компоненты:

- культуру деятельности,
- культуру общения,
- культурно-гигиенические навыки и привычки [9].

Немного расшифруем обозначенное выше.

Культура деятельности прослеживается в поведении ребенка на занятиях, в играх, во время выполнения трудовых поручений. Формирование культуры деятельности подразумевает:

- работу над умением содержать в порядке игровое, или трудовое место;
- развитие привычки доводить до конца начатое дело;
- воспитание бережного отношения к игрушкам и личным вещам.

Второй компонент - культура общения предполагает соблюдение ребенком норм и правил общения с взрослыми и сверстниками, с использованием подходящего словарного запаса и форм обращения, а также вежливое поведение в быту и общественных местах. Также здесь подразумевается умение избегать неуместные для обстановки действия, жесты и слова.

Третий компонент - культурно-гигиенические навыки начинают формироваться с ранних лет жизни ребенка и подразумевают способность содержать в чистоте своё тело, одежду и обувь, а также владение культурой еды.

Психолого-педагогическая литература предлагает различные средства воспитания у дошкольников культуры поведения. Среди них можно перечислить следующие:

- художественная литература,
- труд,
- природа,
- игры [10-11].

В частности, В.Г. Нечаева и Р.С. Буре предлагают воспитывать культуру поведения посредством трудовой деятельности.

Е.А. Алябьева и С.В. Петерина считают значимым средством игровую деятельность.

Нравственное воспитание ребенка, конечно же, следует начинать с самого раннего возраста и осуществлять постоянно и систематически.

Основная задача нравственного воспитания дошкольников на этом этапе состоит, прежде всего, в закреплении, углублении и расширении всего того, что они приобрели за весь предшествующий период.

В повседневной педагогической практике педагог должен стремиться, чтобы моральные чувства ребенка становились более глубокими, и их проявление в отношениях к людям, их деятельности, к родной стране – более устойчивыми и организованными.

Воспитать человека, говорили ученые, это значит воспитать у него перспективные пути.

Список литературы

1. Лазуренко, С. Как формировать у ребенка раннего возраста культуру поведения / С. Лазуренко // Дошкольное воспитание, 2011. - N 10. - С. 78-84.
2. Петерина, С.В. Воспитание культуры поведения у детей дошкольного возраста: Кн. для воспитателя дет.сада / Петерина С.В.. - М.: Просвещение, 1986.
3. Ешкина, Н.И. Мысли о воспитании, образовании и обучении в произведениях Л.Н. Толстого / Н.И. Ешкина // Гуманитарные ведомости ТГПУ им. Л.Н. Толстого, 2012. - № 3. – С.50-52.
4. Кондукторова, Н.В. Педагогические идеи К.Д. Ушинского в современной системе образования /К.Д. Ушинский // Образование и воспитание, 2016. - №5. - С. 3-6. – Режим доступа: <https://moluch.ru/th/4/archive/48/1621/> (дата обращения: 09.11.2020).
5. Анохина, Е.Ю. Духовно-нравственное воспитание детей младшего школьного возраста: учебно-методическое пособие / Е.Ю. Анохина. - Орск: Изд-во ОГТИ (филиала) ОГУ, 2014. - 207 с.
6. Залкинд, Э. Природа как средство эстетического и нравственного воспитания детей / Э. Залкинд // Дошкольное воспитание, 2010. - N 1. - С. 110-114.
7. Шемшурина, А.И. Ценностно-смысловая основа воспитания: мыслители прошлого и современность / А.И. Шемшурина // Воспитание школьников, 2011. - N 5. - С. 60-66.
8. Калмыкова, М. Коррекция и реабилитация детей и подростков через духовно-нравственную культуру русского народа / М. Калмыкова // Беспризорник, 2010. - N 1. - С. 11-20.
9. Сидорова, А.Н. Структурные компоненты содержания духовно-нравственного воспитания детей старшего дошкольного возраста / А.Н. Сидорова // Начальная школа плюс До и После, 2010. - N 1. - С. 59-61.
10. Гафаров, Р.М. Современные проблемы нравственного воспитания / Р.М. Гафаров // Воспитание школьников, 2010. - N 9. - С. 3-7.
11. Андрейчикова, В.И. Роль фольклора в духовно-нравственном воспитании обучающихся / В.И. Андрейчикова // Дополнительное образование и воспитание, 2012. - N 12. - С. 15-16.

ТАРИХ ПӘНІ БОЙЫНША САБАҚТЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫН АРТТЫРУ

БИСЕНБИНА ДИНАРА МОЛДАБЕКОВНА

Ақтөбе қаласы

«№13 орта мектеп» КММ

тарих пәні мұғалімі

Қазақстан Республикасының «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасында білімге ерекше көңіл бөлінгендігі белгілі. Ол бүгінгі өскелең өмірдің талаптарына сай маңыздылығымен ерекшелінеді.

Қазақстан Республикасының әлемдік үздік үлгіге сәйкес инновациялық білім кеңістігіне енуді мақсат етуі, дамудың озық деп танылған жобаларын тәжірибеге енгізуі нәтижесінде қазақстандық білім беру стратегиясы мен бағыттарын жанартудың қажеттілігі күннен-күнге айқындала түсуде [1].

Адам капиталына инвестиция бөлу өзгермелі өмірге бейімделе алатын техникалық дамушы, өндіруші жұмыс күшін, кәсіби білікті мамандарды қалыптастыру үшін өте қажет. Болашақтың табысты экономикасы адам капиталы мен педагогикалық шеберліктің қалыптасуына байланысты.

Жалпы және кәсіби мәдениеті жоғары деңгейдегі, әдіснама және педагогика саласы бойынша іргелі білімі бар, білім берудегі педагогикалық проблемаларды жүйелі көре алатын құзыретті педагог іс-әрекетте өзіндік шығармашылық стилін қалыптастыру мен жетілдіруге бағытталады. Оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз жүзеге асырылғанда ғана жан-жақты тұлғаны тәрбиелей аламыз. Жаңа күн жаңалыққа, әр сабағымыз өзгеріске толы бүгінгі жауапты кезеңде замана көшінен қалмай уақыт талабына сай ертеңгі болашақ ұрпақты білімді етіп тәрбиелеу ұстаздарға жаңаша міндеттерді жүктейді.

Мұғалімнің өз жұмыстарына талдау жасап, өзіндік есеп беріп отыруы - іс-әрекетінің айнасы іспеттес көрінеді, айнаға қараған сайын сыртқы бейнеңнің жағымсыз жағын көріп түзетсең, ісіңе талдау жасау арқылы, ісіңе, өзіңе есеп бересің, ал оқи отырып қателеріңді түсініп, келесі әрекеттеріңді ойластыра бастайсың.

«Қашанда бір істі істегіңіз келсе, ол іске әуелі ақылыңызды, одан соң қолыңызды жұмылдырыңыз, егер де ақылыңыз дұрыстаса, көзіңіз көріп, жөнін тауып мақұл көрсе, тіліңіз бен қолыңызға ерік береніз» деп қазақтың алғаш әліппесін жасаған Ұлы ұстаз Ы. Алтынсарин бізге мұра еткендей, оқушының сыни ойлауын дамыту үшін оқытудағы жаңа тәсілдерді өз сабақтарыма ыңғайлап, қолдану педагогика мен психология саласындағы тың тәжірибені игеруіме септігін тигізді.

Ізденіс жұмыстарым жаңаша білім беріп қана қоймай, кәсіби қызметіме тың серпіліс әкелуді, мұғалім ретінде біздің бақылаушы, зерттеуші және дамыту жұмысының көшбасшысы болуымызды талап етеді. Сыни ойлауды дамытып, оқушының сындарлы пікір қалыптастыруы, сол

арқылы проблеманы өз бетінше шешуі– 21 ғасыр дағдылары қатарына жатқызылады.

Мазмұны жаңартылған бағдарламалардың негізгі мақсаты – оқушылардың алатын білімін сапалы ету, оның толық қанды жеке тұлға болып қалыптасуына негіз алу.

Инновациялық технологияларды меңгеру педагогтың интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, шығармашылық, зерттеушілік т.б. қасиеттерінің қалыптасуына оң әсерін тигізеді, әр педагог өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Қазіргі заманғы педагогтардың инновациялық технологияларды білуі уақыт талабы.

Себебі, жаңаша білім мазмұны жағдайында сыни тұрғыдан ойлау – бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға талдауға және синтездеуге бағытталған пәндік шешім болашақта әрекет жасауға негіз болады деп атап өтілген.

Жаңа сабаққа қызығушылық туғызу үшін сұрақтың бірнеше түрі пайдаланылып, Блум таксономиясы негізінде ойлаудың жоғары деңгейін дамыту көзделеді. Сұрақ қою–маңызды дағдылардың бірі болып табылады, себебі сұрақ дұрыс қойылған жағдайда сабақ берудің тиімді құралына айналады және оқушылардың оқуына қолдау көрсетіп, оны жақсарта және кеңейте алатындығын пайымдауға сүйене отырып, оқушыларға түрткі сұрақтар қойған кезде олардың өткен материалды қаншалықты білетіндігін байқадым.

Сабақтың тұсаукесер бөлімін «Зерттеу жүргізу» стратегиясы арқылы жалғастыруда маңызды. Осы стратегияны қолдану кезінде оқушы түгелдей әрекетке қатысады, өз бетінше зерттеуге талпынады, өз пікірін сыртқа шығаруға әрекет барысында өзіне деген сенім пайда болады деп ойлаймын. Зерттеу жұмыстарының нәтижесін бейнелі түрде көрсетуі үшін топтарға көзбен көретін айғақтар (зерттеушілердің суреттері мен зерттелу аймақтарының бейнелерін) ұсындым. Осы суреттерді жіктеген оқушылар алғашқыда жеке-дара жауап беріп, өз пікірлерін ғана жеткізді, кейін бір-біріне түсіндірді. Осы орайда, Хаген мен Хейл (1973) «Балалардың назарын аудару үшін олар білетін ақпаратпен байланысты жаңа ақпарат алу мүмкіндігін қамтуға болады» дегеніне сүйеніп, кез-келген тақырыпты түсіндірерде көзбен көретін суретті ақпаратпен, өмірмен байланыстырған оқушының тез түсінуіне ықпалы зор екенін басшылыққа алдым. Тапсырманы орындау барысында Лев Выготский атап көрсеткеніндей «Жақын арадағы даму аймағында» жұмыс істеген топ мүшелерінің когнитивті дамуы жақсарды [2].

Александр диалог түрінде оқыту оқушыларды ынталандыру және дамыту үшін әңгіме күшін қолдануға мүмкіндік береді деп санайды. Оқушыларға әртүрлі және кеңейтілген сыныпта жүргізілген диалогтерге қатысу мүмкіндіктері берілгенде, олар өзіндік жеке түсініктерінің өрісін зерттей алады. Бұл мүмкіндіктер тілдің білімді жетілдіру тәсілі екендігін көрсетті. Оған Мерсердің 2005 жылы ұсынған зерттеулер нәтижесі дәлел

бола алады: ол құрдастар тобындағы өзара қарым–қатынас оқуда маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Оқушылар жұпта немесе топтарда жұмыс істегенде, олар «мұғалім-оқушы» сұхбаты түріндегі өзара іс-қимылға қарағанда мейлінше «симметриялы» болып табылатын өзара іс-қимылға тартылады (мұғалімге арналған нұсқаулық,29-бет) дегендей, осы тұжырымдаманы басшылыққа ала отырып, «джигсо» әдісі бойынша оқушылар жұпта,топта зерттеушілер туралы мысалдарды бір-біріне түсіндіргенде бірлесіп жұмыс жасағандығы, сыныптастарының ойын тыңдап, ұйымшылдықта жұмыс жасай алатындығын аңғардым. Осылайша оқу пирамидасында көрсеткендей оқушылардың өзі оқығаннан гөрі сыныптастарының бір-біріне түсіндіргенде білімнің 90 пайызы есте сақталатынына көз жеткіздім.

Жаңа материалды қолдану кезінде тарихи сызбаларды логикалық тапсырма ретінде және реттік санмен белгіленген нысандарды салыстыра отырып, ерекшеліктерін анықтату кезінде балалардың логикалық ойлауы дамып,сын тұрғысынан ойлауы қалыптасты. Осылайша, оқушыда жауапкершілік сезімі пайда болады, болжам жасайды, әрекетке қатыспаған оқушы қалмайды. Өз ойларын түрлі әдістермен жеткізу мүмкіндігі, суреттер салып, өз беттерінше дәлелдемелер келтіру оқушылардың сабаққа ынтыласын арттырды.Мен бұл сабақта дараланған оқушыларды өз топтарындағы басқа достарына көмектестіре отырып, сабақтың мақсатына жетуді көздедім. Нәтижесінде балалардың бір-біріне деген ықыласы артып, достығы нығая түсті.

Бірақ мен балалардың барлығы дерлік тақырыпты қай деңгейде түсінгеніне аса мән беру қажет деп санаймын. Себебі, рефлексия жүргізу арқылы әр сабақта оқушылар оқу үдерісінің барлық аспектілеріне белсенді қатысу керек, олар өздерінің болжамдары мен сұрақтарын құрастырады, бір-біріне кеңес береді,өз алдына мақсат қояды, алынған нәтижелерді қадағалайды, идеядармен эксперимент жасайды. Дәстүрлі оқыту барысында көбіне жауап беру жылдамдығына көп көңіл бөлмейміз, жауап беурге кететін уақытты өлшемейміз. Ал, сындарлы оқыту тәсілдері арқылы нақты теорияға сүйеніп, әр қадамымызды реттеуге болады және жаңа технологияны кеңірек қолдануға мүмкіндік береді [3].

Әрбір сабақта оқушыларға сұрақтар қою арқылы, тақырып бойынша өз ойларын айтуға мүмкіндік бердім. Оқуға орнықты қызығушылықты дамыту бағдарламасы бойынша үш негізгі басымдық: кедергілерді қызықты тапсырмаға айналдыру арқылы олардың білімдік, эмоциялық, әлеуметтік және стратегиялық ресурстарын қалыптастыруға көмек көрсету; көшбасшы адамды қалыптастыратын қасиеттер-еркін,мақсатқа ұмтылушығын жандандыруға көмек көрсету; оқушылардың бойындағы сенімділікті, қабілеттілікті, талпыныстарды дамыту жолында алғашқы қадамдарды жасай бастағанымды анық сезіндім.

Өзара талқылау арқылы, түрлі ойлардың болатындығын, бір - бірінің түсінуіне көмектесетінін көрсетті.Диалогтік тәсілдің оқушылардың

ашылуына, ойын жеткізуіне, сөздік қорының молаюына көмектесетінін түсіндім, оқушылардың қандай деңгейде екенін түсінуге көмектеседі.

Педагог–жаңғыртылып отырған білім беру жүйесінің негізгі тұлғасы болғандықтан, инновациялық білім беру кеңістігінде болашақ мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін қалыптастыруда мақсатқа қол жеткізу әрекеттерінің көннұсқалылығы оларды икемді ете түседі. Іс-тәжірибеде бұрын «сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы» деп аталып келген стратегиялардың кейбірін қолданғаным болмаса, оқушыларды сыни тұрғыда ойлауға үйрету мақсатын түпкілікті қоймауымыздан болар. Ендігі уақытта оқушыларды сыни ойлауға үйрету, диалогтік оқытудың өзін сыни ойлауға жетелейтіндей етіп ұйымдастыра білу мені шығармашылық ізденістерге ұмтылдыратыны анық. Ол мұғалім тек оқушыны дамытып қоймайды, сонымен қатар өзінің де жеке қасиеттерін жаңаша тұрғыдан ашуына мүмкіндік алады. Мектептің өзін-өзі дамыту әрекеті жүзеге асты, мұның көзі-мұғалім шығармашылығында, олардың инновациялық зерттеу әрекетінде жалпы білім беретін мектеп мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетін қалыптастырудың алғы шарттары: инновация туралы білімі; инновациялық іс-әрекет диагностикасын меңгеру; инновацияны тәжірибеге ендіру жұмыстарын практикада дұрыс қолдану [4].

Сыни ойлау идеясының қазіргі таңда жан-жақты, әрі өзгермелі өмірге бейім шәкірт тәрбиелеуде алатын орны ерекше екендігіне көзім жетті. Менің тәжірибеде, өткізген сабақтарыма өзгеріс әкелген бұл курс жаңашылдыққа бастау болады деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері. Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2018. – 10.01. – №6.
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев зияткерлік мектебі» ДББҰ 2012
3. Виленский М.Я., Образцов П.И., Уман А.И. Технологии профессионально-ориентированного обучения в высшей школе: Учебное пособие / Под ред. В.А. Слостенина. – М.: Педагогическое общество России, 2004. – 192 с.
4. Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау. – Алматы, «Нұрлы әлем» 2014.

РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕНІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

БРАЛИНА ФАРИДА ИЗМУРАТОВНА

Атырау облысы

Құрманғазы ауданы

М.Әуезов атындағы жалпы орта мектебінің

тарих пәні мұғалімі

Бүгін де оқушыларға әлемдік деңгейде өркениетті негізде білім мен тәрбие беру, ұлттық құндылықтарды жас ұрпақ бойына сіңіру ғаламдық мәні бар проблемаға айналып отыр. Тіпті бүгінгі қоғамның талабы, адам тәрбиесіне мазмұнмен қарауды талап етеді. Яғни, мектепте оқушының жан-жақты дамыған тұлға етіп тәрбиелеу міндеті тұр. Тәрбиесіз толыққанды тұлға тәрбиелеу мүмкін емес. Сондықтан бала Қазіргі уақытта жалпы білім беретін мектептердің міндеті - өзінің талантын танып және оны таныта алатын жан-жақты мәдени дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Бала тәрбиесі ата-ана, ұстаздар үшін күрделі де жауапты міндет. Жас шыбық иілгіш болса, жас адам да сондай жақсыға да, жаманға да бірдей бейім болатыны баршамызға мәлім. Ұлы ғалым, философ Әбу Насыр әл-Фараби «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім–адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі» деген сөзін әрдайым жадымызда ұстағанымыз жөн. [1]

XXI ғасырға аяқ басқан Қазақстан күрделі тарихи бетбұрыстар мен қоғамдық жанартулар тұсында дамып келеді.

Сондықтан да бүгінгі таңда барлық әлемде, сонымен қатар біздің елімізде де жеке тұлға дамуының қалыптасуына жаңаша көзқараспен қарау айқындалып келеді. Осыған байланысты дүниежүзілік өркениеттілік қауымдастықта қазіргі таңда рухани-адамгершілік тәрбиеге зор көңіл бөлінуде.

Рухани-адамгершілік тәрбие - бұл дұрыс дағдылар мен өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары мен ұйымдағы қарым-қатынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырады. Жеке тұлғаның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқы мен іс-әрекетін анықтайды.

Сананың қалыптасуы ол баланың мектепке бармастан бұрын, қоғам туралы алғашқы ұғымдарының қалыптасуынан, жақын адамдардың өзара қатынастарынан басталады. Баланы жақсы адамгершілік қасиеттерге, мәдениетке тәрбиелеуде тәрбиелі адаммен жолдас болудың әсері күшті екенін халқымыз ежелден бағалай білген.

«Ағаш түзу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» дегендей, баланың бойында инабаттылық, ізгілік, қайырымдылық, мейірімділік, әдептілік, адалдық, имандылық, яғни, адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуге отбасы мен педагогтар шешуші рөл атқарады.

Рухани-адамгершілік тәрбиесі екі жақты процесте жүреді. Бірінші жағы: Үлкендердің, ата-аналардың, педагогтардың оқушыларға белсенді ықпалы. Екінші жағы: тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым-қатынастарынан көрінуі. Рухани-адамгершіліктің негізі екі бағытта: мінез-құлық нормалары мен ережелерінен және іс-қылықтары мен сана-сезімдерінен көрінеді.

Осы негізді жүзеге асыру үшін жеке тұлғаның рухани-адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеу үшін күнделікті өсіп келе жатқан жеткіншекке өз жауапкершілігі, оның қоғамда алатын өз орны бар екендігі, оқушылардың

отбасы, ұстазы, мектебі, қоршаған ортадағы достары жеке тұлғаның белсенді өміріне көзқарасын, оның рухани әлемін байытады.

Адамгершілік тәрбиесінің әрқайсысының ерекшеліктерін жетік меңгерген ұстаз халық педагогикасында ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты жан-жақты терең білумен қатар, өркениетті өмірмен байланыстыра отырып, білім берудің барлық кезеңдерін де пайдалана білуі тиіс.

Жас жеткіншектердің үлкендер не айтса, соны айтатынын, не істесе, соны істегісі келетінін бәріміз білеміз. Баланың үйден көргені, жақындарынан естігені - бала үшін адамгершілік тәрбиесінің ең үлкені, демек жақсылыққа ұмтылып, жағымды істермен айналысатын адамның айналасындағыларға көрсетері мен берер тәлімі мол.

Оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеуде ұлттық педагогика қашанда халық тәрбиесін үлгі ұстайды.

Ал рухани-адамгершілікке тәрбиелеуге бірден-бір жолы – осы іске көзін жеткізе білу, сенімін арттыру. Осы қасиеттерді бала бойына жастайынан сіңіре білсек, адамгершілік қасиеттердің ірге тасын берік қалағанымыз.

Республика Білім және Ғылым қызметкерлерінің ІІ съезінде Елбасы Н. Ә. Назарбаев білім және ғылым саласындағы түйінді мәселелерді шешудің төте жолдарын ұсынып, тәрбиенің үш өзекті бағытын айқындады. [2]

Осы бағыттарға байланысты әрбір мұғалім Қазақстан Республикасының үшінші мыңжылдықтағы жаңа әлеуметтік мәдени жағдайына орай адамгершілік тәрбиенің мақсатына, мазмұнына, түрлеріне, әдіс-тәсілдерінің ауқымды өзгерістеріне байыптап қарап, бағымдау үшін оқушыларға тәрбие берудің тарихи-философиялық, педагогикалық проблемаларына аса зор мән берген жөн. Халықтық педагогика арқылы оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеуге байланысты біршама теория-практикалық тәжірибе жинақтау қажет. Ол үшін мектептегі тәрбие ісінің меңгерушісі, сынып жетекшілері тәрбиенің басты ұстанымдарын жалпы адамзаттың құндылықтарды және жеке тұлғаны қалыптастыру өз халқының мәдениетін, әдебиетін, тілін, салт-дәстүрін, тарихын, өнерін сүю арқылы басқа ұлттардың да ана тіліне, мәдениетіне, салт-дәстүріне құрметпен қарайтын нағыз мәдениетті жеке тұлға қалыптастыруы тиіс. Міне, осы ұстанымдарды жүзеге асыру үшін мектебімізде дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани-адамгершілік ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттері қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеуді мақсат тұтамыз.

Бір елдің болашағын көргін келсе, сол елдің қазіргі жастарына қара – деген екен бір ғұлама. Қазіргі ұрпақ еліміздің жарқын болашағы, жанашыры және иесі. Осы тұрғыдан алып қарағанда, қазақ елінің болашағы үшін бүгіннен бастап бар күш-жігерімізді салып, аянбай еңбек етсек нәтижелі іске де қол жеткізіп қалармыз. Жеткізіп жатқан жемісті жетістіктеріміз де жоқ емес. Мектеп–кеме, білім–теңіз демекші, бала бар жақсылық пен

игілікті, тәрбие мен білімді мектептен алады. Дегенмен, бар салмақ мектепте десек артық айтқан болар едік. Бала тәрбиесі мен білім беру ісінде отбасы мен қоғамның қосар үлесі ұшан-теңіз. Отбасы мүшелерінің балаға әсері дұрыс болуы керек. Жақын жанашырлары әрдайым балаға тек түзу жол көрсетіп отырса, әсіресе тәрбие беру жолында халықтық педагогиканы пайдаланса, оның берер көмегі мол деуге болар еді.

Отбасы- руханияттың бесігі. ҚР «Неке және отбасы туралы» заңының 62-бабында «Баланы тәрбиелеуші ата-ана оның дене, психикалық және рухани дамуына бірінші кезекте жауапты» деп жазылғаны тегін емес. Одан бөлек ҚР «Балалар құқығы туралы» заңының 49-бабында: «... ата-ана баланың дене және психикалық денсаулығына, оның адамгершілігінің дамуына кедергі келтірмеуі керек» деп жазылған. [3]

Соңғы он жылда көптеген отбасы экономикалық, кейде тіпті жан бағу қамымен жүрген жағдайда көптеген ата-ана баланы тәрбиелеу мен тұлғасын дамыту мәселелерін шешуден шеттілген әлеуметтік тенденциясы етек алуда. Ата-ана баланың дамуының жас және тұлғалық ерекшелігін тиісінше білмегендіктен, кейде өз түйсігі, өз шешімі бойынша тәрбиелей береді. Мұндай отбасыларда, әдетте, ата-ана мен балалар арасында тұлғааралық қарым-қатынас болмайды, соның салдарынан көбіне жағымсыз болып келетін сыртықы ықпалға басымдық беріліп, баланың отбасы ықпалын тысқалуына әкеліпсоқтырады.

Қазіргі уақытқа дейінгі тәжірибеде отбасының әлеуметтік институт ретіндегі рөлін төмендетіп, қоғамдық тәрбиеге басымдық беру тәртібі қалыптасқан. Педагогтердің отбасы мәселелерін зерттеуге, отбасылық тәрбиеге ықпал ету жолдарын іздестіруге құлық танытпауының себебі осы. Әрбір үшінші отбасы толыққанды емес деген дерек бар. Әрбір екінші отбасында балалар тәрбиесіне өзіндік ықпалы бар жасырын немесе ашық шиеленісті жағдайлар кездеседі.

Кәмелетке толмаған балалардың қылмыс жасауына кикілжіңдер орын алып тұратын шиеленісті отбасылық жағдай себеп болады. Мұндай отбасында қылмыс жасау қаупі бар тұлға қалыптасады.

Ата-аналар мұғалімдермен хабарласып, байланысып тұратын отбасылармен жұмыс істеу қашанда жеңіл. Ал шиеленісті жағдайларға толы отбасылармен қалай жұмыс істеу керек?

Мұндай отбасылармен жұмыс істеу табандылықты, зор еңбекті талап етеді. Отбасының жалпы шиеленісімен күрес бар уақытта оңды нәтиже бере бермейді. Мұғалімдердің көпшілігі бұл істе айтарлықтай нәтижеге қол жеткізе алмай, өз шамасы келетін жағын – баланың мектептегі өмірін өзгертуді қолға алады. Оқушыға қамқорлық жасап, көбірек көңіл бөліп, балалармен арқа-жарқа араласып, сергіп, өз жанына жайлы ермек тауып ісінің нәтижесіне қуанына жағдай жасайды. Бір сөзбен айтқанда, оқушының сыныптастарымен тілдесіп, оқудан қуаныш табуына жағдай жасап, әлеуметтік рөлін арттырады.

Мұғалімдердің әлдеқайда тәжірибелі енді бір тобы шиеленісті отбасылардың ата-аналармен қарым-қатынас жасаудан жалтаруға асықпайды. Керісінше, ондай ата-аналардың ойына қозғау салып, өз өнегесімен қалыптастыратынын түсіндіреді. Уақыт, табандылық, төзім, ата-анаға деген мейірім өз балаларының тәрбиесіне, олардың болашағына жауапкершілікпен қарауына міндетті түрде түрткі болады.

Ата-ананың балаға өз әрекеттері арқылы көрсеткен өнегесі халықтың тәрбиесінің ең ықпалды құралы болған. Қай ата-ана ержетіп келе жатқан баласының нағыз ер азамат болғанын қаламайды? Болмаса қыз баланы қалай нәзік жанды, сырбаз бойжеткен етіп тәрбиелеу керек? Бұл асқан төзіммен келетін өте қиын жұмыс. Бір танымал саясаткер: «Бір ер жігітті тәрбиелеу – бір адамды тәрбиелеу, ал бір қыз баланы ақылды келіншек етіп тәрбиелеу – бүтін бір отбасын тәрбиелеу» деген екен.

Қазіргі жаһандану заманында қоғам бізден тек сапалы білім мен жоғары интеллектуалды, жан-жақты көп тілді меңгерген жастар талап ететін болғандықтан, біздің де алдымыз да асқаралы міндеттер тұрғандығын сезінуіміз керек. Және осындай қоғам талабын баланың өзіне, ата-анасына толыққанды етіп жеткізе білу - әр мұғалімнің азаматтық парызы. Қай кезде болмасын отбасы мен мектептен өз дәрежесінде жақсы білім, өнегелі тәрбие алған бала қоғам үшін қажетті де маңызды тұлға екендігін естен шығармауымыз керек. Отбасы болсын, мектеп, қоғам болсын қай-қайсысы да өз міндеттерін дұрыс түсініп, бірлесе, жұмыла жұмыс жасаса оң нәтиже беретіні айдан анық. Ең бастысы, бәрі де өзіміздің еліміздің бедерлі болашағы мен келелі келешегі үшін екендігін ұмытпасақ болғаны.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Республикалық «АБАЙ.кз» ақпараттық порталы.
2. Назарбаев Н. Еркін елдің ертеңі – кемел білім мен кенен ғылымда // Егемен Қазақстан. -2004. -13 қазан.4б.
3. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы (2016.09.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ АЯСЫНДА ЖАС ҰРПАҚТЫ ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДІҢ РӨЛІ

ВАЛИЕВА МАЙРА

«Өрлеу» «БАҰО» АҚ филиалы

*Алматы облысы бойынша педагог қызметкерлердің
біліктілігін арттыру институтының аға оқытушысы,
педагогика ғылымдарының кандидаты*

«...замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер

жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды».

Н.Ә. Назарбаев

Еліміздің даму, жаңару жолындағы жаңалықтары мен түрлі өзгерістері білім беру саласына да өз әсерін тигізуде Қазіргі кезеңде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде «Мәңгілік Ел» құндылықтарын басшылыққа ала отырып, мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетін ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі. Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Басты мақсат – Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы. Ол – «Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті Қазақтың Мәңгілік Ғұмыры ұрпақтың Мәңгілік Болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ – Мәңгілік Қазақтың Перзенті. Ендеше, Қазақ Елінің Ұлттық Идеясы – Мәңгілік Ел!» екендігін баяндап нақты міндеттер қойды [1]. Бұл міндеттер аясында Үздік отыздыққа апарар «100 нақты қадам» – Қазақстан Республикасының дамыған мемлекеттердің отыздығына кіру жөніндегі жоспарын жарияланды. Оның 89-қадамында мектептік білім берудің қолданыстағы оқу бағдарламаларына Мәңгілік Ел құндылықтарын енгізу туралы мәселелер міндеттелген. Сондай-ақ, ел президенті Н.Ә. Назарбаев былай дейді: «Қазақ халқы өзінің тарихи негізгі ұлттық құндылықтарын өзі де танып, өзгеге де танытып, ұлттық тілін құрметтеп, жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелегенде ғана руханияты жоғары, зайырлы қоғам бола алады». Осы қасиетті ұғымның мәнін қазіргі ұрпаққа ұғындыру, зердесіне сіңіру білім беру ұйымдарына жүктелер үлкен міндет екені айқын.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңында: «Білім беру ұйымдарындағы тәрбие бағдарламалары білім беру процесінің құрамдас бөлігі болып табылады және білім алушылардың, тәрбиеленушілердің патриоттық, азаматтық, интернационалдық, жоғары моральдық және имандылық сезімін қалыптастыруға, сондай-ақ жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға бағытталған. Білім беру жүйесінің міндеттері:

- ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау.
- жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту...» деп көрсетілген [2].

Еліміздің жаһандық дүниеде даралануы білімді, жігерлі, ұлттық санасы рухани бай жас ұрпақ арқылы іске асады. Яғни мұғалім оқушыны оқытып, тәрбиелеп қана қоймай, оның психологиялық және әлеуметтік адамгершілік

тұрғысынан дамуына әсер ете отырып, өз ойын жүзеге асыруына, ілгерілеуіне, ішкі ресурстарын толық пайдалануға мүмкіндік туғызады.

Ұлы бабамыз Әл-Фараби: «Тәрбиелеу дегеніміз- адам бойына білімге негізделген этикалық игіліктер мен өнерлерді дамыту» деген қанатты сөз қалдырып кеткен екен. Бұдан туындайтын міндет өскелең ұрпақты рухани, ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтарға тәрбиелеу. Өз тарихын жетік меңгерген, салт-дәстүрін ұғынып, құрметтейтін, өзге ұлттардың мәдениетіне сыйластықпен қарап, қарым-қатынас жасай алатын тұлғаны қалыптастыру болмақ. Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, ар-ұят, өзін-өзі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды.

Елбасымыз "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" атты мақаласында: "Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді",- деген болатын [3]. Осыдан білімді ұрпақтың еліміздің табысты болуында алар орны зор екендігі белгілі.

М.Жұмабаевтың педагогикасының мақсаты: 1. Ақыл тәрбиесі, 2. Құлық тәрбиесі, 3. Сұлулық тәрбиесі, 4. Дене тәрбиесі. Автор осы тәрбиенің төрт түрін тәптіштеп түсіндіре келіп, былай дейді: “Егер де адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны. Бала берік денелі болса, түзік ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы әуен, әдемі түрден ләззат алып, жан толқындырарлық болса, жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болса ғана адам баласының дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы... Балам адам болсын деген ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын...” – деу арқылы М.Жұмабаев тәрбие мақсатын айқындап береді. “Ұлт тәрбиесі – деп жазды ол, – баяғыдан бері сыналып келе жатқан тастақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші сөз жоқ, ұлт тәрбиесі мен таныс болуға тиіс. Сол ұлт тәрбиесі мен тәрбие қылуға міндетті” деген.

Осы орайда институттың ғылыми кеңесінің шешімімен облыс мектептерінің базасында 2016-2017, 017-2018 және 2018-2019 оқу жылдарының аралығында «*Мәңгілік Ел құндылықтары – мектеп оқушыларының құзыреттілігін дамыту шарты*» тақырыбы бойынша ғылыми-эксперимент жұмысы жүргізілді..

Зерттеу жұмысының жетекші идеясы:

Мектеп оқушыларының функционалды сауаттылығының дамытуда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдаулары, Үздік отыздыққа апарар «100 нақты қадам» – Қазақстан Республикасының дамыған мемлекеттердің отыздығына кіру жөніндегі жоспары, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, білім беруді дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы болды.

Мақсаты: Мектеп оқушыларының құзыреттілігін Мәңгілік Ел құндылықтары негізінде дамытуда білім беру ұйымдары арасында

шығармашылық іс-әрекеттерді қалыптастыра отырып, тұлғаның сұранысын қанағаттандыруға бағытталған білім беру кеңістігін ұйымдастыру.

Міндеттері:

1. Мектеп оқушыларының құзыреттілігін Мәңгілік Ел құндылықтары негізінде дамытуда мектепаралық шығармашылық практикасын зерделеу.
2. Білім берудің қолданыстағы оқу бағдарламаларына Мәңгілік Ел құндылықтарын енгізуде оқу жоспарлары мен бағдарламалар жасауға ықпал ету.
3. Қазақстандық Патриотизмнің идеялық негізі бағытында тәрбиелеуге тұлғалық-бағытталған мектепаралық шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыру.
4. Мәңгілік Ел құндылықтары негізінде мектеп оқушыларының құзыреттілігін дамыту бағытындағы мектепаралық іс-тәжірибені жинақтау, насихаттау.

Болжамы: Егер мектеп оқушыларының құзыреттілігі Мәңгілік Ел құндылықтары негізінде дамытылса, онда оқушылардың танымдық қабілеттері қалыптасып, Қазақстандық Патриотизмге тәрбиелеуге мүмкін болады.

Осы ретте облысымыздың 13 мектебінің базасында эксперименттік-тәжірибе жұмысы 2019 жылдың қараша айында қорытындыланып, тәжірибе алаңы ретінде белгіленген мектептердің іс-тәжірибесінен жинақ шығарылды.

Мәңгілік Елді құрудағы басты мақсат ұрпақты тәрбиелеудің жаңа құндылықты моделі болып табылады. Ал бұл мақсат білім беру ұйымдарынан талап етілетін, «Мәңгілік Ел» құндылықтары бағытында таза жүректі, ауқымды қызмет етудегі үлкен жауапкершілік. Себеп: бәсекеге қабілетті адами капиталды дамыту ұстаздар еншісінде.

Жүсіпбек Аймауытов баланың шыр етіп дүние есігін ашқаннан бойында Ұлы Рухтың, ар-ұжданның, білімге деген құштарлықтың болатынын, яғни: білімге деген ынталанушылық, адам бойындағы ой еңбегі күшінің қайнар көзі, сондай көздерінің көбірек ашу, бөгетсіз саулатып ағызу, өркендету өнері- мұғалімнің бойына біткен қасиет болуы керек» - деген пікірі арқылы нақтылай келе, ұстаздың өз бойында да осы қасиеттердің болуын талап етеді. Оқушының санасына кәсіби даярлығы мол, заманауи өзгеріске өзі терең бой ұсынған мұғалімнің берген білімі ғұмырлық сақталатыны анық. Ал мұғалімдердің шығармашылық жұмыс істеуіне жағдай жасай отырып, оқушылардың білім, білік, деңгейлерін көтеру үшін мектепшілік бақылау мен басшылықтың ролі зор. Себебі мектепте жасалынған жұмыстарға бақылау нәтижелері- мектеп жұмысының алға басуының, оқушыларға «Мәңгілік Ел» құндылықтары негізінде нәтижелі, сапалы білім, саналы тәрбие берудің негізгі көзі. Мектепшілік бақылаудың бағыттарын дұрыс анықтай білу оқушылардың білім, білік, дағды деңгейлерін нақтылауға, оқыту сапасының нақты бағалануына әсерін тигізеді. Демек, тұлғалар қызметінің талап деңгейінде ұйымдастырылуы

білім беру ұйымдарында сауатты түрде жүргізілетін мектепшілік бақылау мен басшылық ісіне тікелей байланысты. Яғни, басқару қызметінің мақсаты: педагогикалық ойлары мен пікірлері бір жерде тоғысатын кәсіби мамандар ұжымын және олармен кері байланыс жүйесін құру болмақ.

Қорыта айтқанда, педагог кадрлардың қазіргі заман талабына сай білім саясатындағы өзгерістер мен жаңалықтарға бейімделуі басты рөл атқармақ. «Адамның адамшылдығы ең алдымен жақсы ұстаздан» деп ұлы Абай айтқандай оның бірден-бір көрінісі мұғалім шығармашылығы мен кәсіби құзыреттілігі. «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыру, ұлттық құндылықтарды тұлғалық қасиетке айналдыру, білім мен тәрбие беру жұмыстарын ұштастыру мәселелерін қарастырудың алар орны ерекше. Мектептің есігін ашқан жас ұрпаққа адам бойындағы адамдық асыл қасиеттерді қастерлеп, өмір талабына сай заңдылықтарды түсіндіріп үйрету, «Мәңгілік Ел» құндылықтарын ақыл – парасатына ұялата білу мектеп ұжымының кәсіби қалыптасуына байланысты болмақ!!! «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыру, ұлттық құндылықтарды тұлғалық қасиетке айналдыру, білім мен тәрбие беру жұмыстарын ұштастыру мәселелерін қарастырудың алар орны ерекше. Бүгінгі қоғам мүддесіне лайықты жан-жақты жетілген бойында ұлттық сана, ұлттық психология қалыптасқан парасатты азамат тәрбиелеп өсіру- әрбір от басының, бала бақшаның, барша халықтың міндеті. Халқымыз «Бесіктен сіңген тәрбие бел-белеске шығарар» деп баланы ерте жастан дамытуға үлкен мән берген. Бұл ретте отбасында берілер тәрбие мен білім беру саласында берілер білім, білік, дағдының үндестігінің маңызы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы
2. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы
3. Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы

ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС – ҚОҒАМНЫҢ ӨЗЕГІ

**ГАББАСОВА БАГДАГУЛ БЕККАЛИЕВНА
ӨТЕҒҰЛ ГҮЛМАРЖАН КӘРІМҚЫЗЫ**

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы

Батыс Қазақстан облысы бойынша ПҚБАИ

«Білім беру процесін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу»

кафедрасының аға оқытушылары

Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесу керек!

Адам қоғамнан тыс өмір сүре алмайды. Өйткені оның психикасы тек айналасындағылармен қарым-қатынас жасау процесінде ғана қалыптасыды, қоғамдық тәрбие арқылы адам белгілі мазмұнға ие болады. Адам санасының

дамуы қоғамның дамуымен байланысты. Қоғамнан тыс адам өмірінің болуы мүмкін емес.

Кез келген адам дүниеге келсімен екінші бір адаммен қарым-қатынасқа түсуді қажетсінеді. Алғашқы қауым адамдары қалауын ым-ишара арқылы білдіреді, кейінірек ол сөйлеудің дамуына әсер етіп, ұғым пайда болады да, белгілі бір заттардың атауы туды. Қарым-қатынас – қоғамның өзегі болып табылады. Тап сол қарым-қатынастың арқасында адам психикасы мен мінезі қалыптасады, жеке тұлға ретінде дамиды. Тілдесу–адамды жер бетіндегі басқа жаратылыстардан ерекшелейді. Осыдан адамдар бір-бірін ұғысады. Тілдесу – байланыс орнату мен ақпарат алмасуға мүмкіндік туғызады. Осы арқылы, адам өзіне тәжірибе жинақтайды немесе бөліседі.

Мәселен, нәрестенің анасымен «тілдесуі» қажетін қанағаттандырмау – біртіндеп оның қасаң сезімді, мейрімсіз болып өсуіне, кішкентайынан айналасына сезімінің азаюына әкеліп соқтыратыны белгілі жағдай. Сөйтіп, басқалармен қарым-қатынасқа түсу–қай жастағыларға болмасын, оған киім-кешек, баспана, ұйқы, демалу қандай қажет болса, айналадағы жұртпен аралысып, дұрыс қарым-қатынас жасай білу де қажет. Мәселен, адамды қамап, басқалармен араластырмай ұстау – жазаның ең ауыр түрі екендігі белгілі. Қарым-қатынассыз–дамып, мәдени тұрғыда жетілу мүмкін емес. Бұған мысал, Маугли – адамзат қоғамынан тыс өмір сүрген. Оның ағзасында бәрі қалыпты, бірақ ақыл-ой, психикалық дамуы жағынан артта қалып қойған. Бұл адамдармен қарым-қатынастың жоқтығы салдарынан. Өзгелермен қарым-қатынас жасау – бұл тіршілікке аса маңызды ақпарат алмасу деген сөз. Адам қарым-қатынас арқылы айналасындағы дүние жайлы мәлімет алады, еңбек пен тұрмыс дағдыларына машықтанады, адамзат жасап шығарған түрлі құндылықтарды меңгереді. әрине қарым-қатынас ақпарат алумен ғана шектелмейді, оның шеңбері аса кең, бұл кең көп қырлы ұғым. Спектакль көрсек те, лекция тыңдасақ та, телефонмен хабарлассақ та, дос-жарандармен сөйлессек те – осының бәрі – қарым-қатынастың сан алуан қырлары. Өмірдегі сан алуан тіршілікте адамдар бір-бірімен тікелей, жүзбе-жүз не жанама не біреу арқылы қарым-қатынасқа түседі.

Бір қарағанда, қарым-қатынас жасаудың ешбір қиындығы жоқ сияқты. Бірақ, бұл кейбір адамдар үшін өте ауыр.

Социофобия адамдармен тез тіл табысып кете алмайтын жандарда байқалады, диалог құрудан қорқады, қатты толқиды, тұтығып, кідіріп қала береді, осының әсерінен күлкілі жағдайға тап болады.

Ондай қорқынышпен қоғамда өмір сүру қиын, мансапқа жету жолында, жеке өмірін құруда жолы болмай жатады. Мұндай келеңсіздік алғаш жасөспірім кезден басталады. Бұл ең қиын кезең, бала үлкен өмірге алғашқы қадам жасап жатқан кезең. Егер қоғам адамды теріс қабылдаса, онда ол оның болашағына әсер етеді яғни адам қарым - қатынастан қорқа бастайды.

Ортадан аластап қалмас үшін сөйлеу өнерін меңгеруге тура келеді. Көпшіл адамды ортасы жақсы қабылдайды, ондай адаммен тіл табысып

кету оңай, әңгімелейтін ортақ тақырып үнемі табылады. Көпшіл болу бұл – бірлесіп қызмет атқаратын ортада кейбір жобаларды талдап, талқылау үшін өте маңызды.

Статистикалық зерттеулерге сүйенсек, адамдардың көпшілігі әңгіме - дүкен құру кезінде өзіне емес әңгімелесушіге көп көңіл аударатын адаммен тілдескенді ұнатады екен. Оның әңгімесіне қызығушылық таныта отырып, сеніміне кіреді. Мүмкін, болашақта ол адам сізге қызығушылық танытып, соны достық байланысқа ұласуы да ғажап емес.

Біршама тұрақты, құрамы жағынан саны онша көп емес, бір-бірімен тікелей қарым қатынас жасап отыратын ортақ мақсатқа ұмытылған адамдардың бірлестігі «шағын топ деп» аталады. Осындай топтың барлық мүшесі күш жігері бір мақсатқа бағытталады.

Отбасы, өндірістік бригада, ұшақ пен ғарыш корабілінің экипажы, поляр станциясында қыстаушылар, мектептегі сынып сияқты бірлестіктер шағын топ деп аталады. Мысалы, кейбір оқушы мектепте жүргізілетін әртүлі іс-шаралардың бәріне де қатысады. Ол футбол командасының, не пән үйрмесінің мүшесі, не жетекшісі т.б. Бірақ осылардың біреуіне ерекше ден қояды. Шағын топтағылардың өзара қарым-қатынасына шек қойылмайды.

Біздің қай қайсымыз болсын, тіршілікте кейбір адамдардың үйірсек келетінін байқап жүрміз. Бұл басқалармен тез тіл табысып кететін жандар. Ал өзара пікірлесіп, адамды жөзіне тартпақ түгіл оның қитығына түсетіндер де кездеседі. Мәселен, табиғатынан тұйық адамдар әңгімені өзіне аударғысы келмейді, артық сөзге бармайды, тек әңгімелесушінің сөзін жай, ықылассыз тыңдап отырады.

Оның себебі ғалымдардың айтуынша, бұндай әртүрлі реакциялардың негізі адамдардың темпераментіне байланысты болады екен. *Темперамент* (латын тілінен аударғанда-“қоспа, сәйкестілік”) деп, әдетте, адамның психикасының сипатын оның байсалдылық және қозғалтқыштық деңгейін анықтайтын туа біткен ерекшеліктерін атайды. Темпераментті анықтау үшін біз адамның физиологиялық ерекшеліктері мен ми құрылысын білуіміз керек. Себебі біздің күнделікті әрекетіміз, ойлауымыз, сөйлеуіміз, эмоциямыз, зейініміз т.б. миымызбен тығыз байланысты. Біздің миымыз екі түрлі режимде жұмыс жасайды: 1-қозу 2-тежелу. Адамның психикалық процестері (ойлау, сөйлеу, эмоция, қабылдау, зейін, есте сақтау т.б.) мидағы осы 2 түрлі режиммен белсендендіріліп отырады. Ми психикалық процестерді кейбір жағдайда қоздырып отырады, кейде керісінше тежеп отырады. Оның себебі, біздің психикалық процестерді және физиологиялық денемізді мимен байланыстырып тұрған біздің жүйке жүйеміздің ерекшелігінде. Жүйке жүйеміздің осындай типтері біздің темпераментімізді анықтайды. Біз туылған кезде өзіміз миымызды, жүйкемізді таңдамаған сияқты темпераментімізді де таңдамаймыз. темперамент д-з өзгермейтін фундаментальді біздің физиологиялық ерекшелігімізбен миымыздың жұмыс жасау белсенділігіне байланысты мінезімізге негіз болатын психикалық қасиет. ол балаларда қатты көрінеді.

Темперамент жеке тұлғаға тән ең тұрақты маңызды ерекшеліктерден құралады. Ол адамның жүріс-тұрысынан, оның өзіне және қоршаған әлемге деген қатынасынан білінеді. Темперамент- бұл қарым-қатынанс жасау барысындағы сыртқы ортаға, айналадағы жағдайға деген психикалық реакцияның сипаты, яғни адамның мінезіне негіз болатын өзгермейтін психикалық қасиет. Темпераменттің негізгі 4 типін бөліп қараймыз:

Сангвиник - бұл күшті тип, ол өзін-өзі жақсы ұстай алады, байсалды келеді. Оптимист, жұмыстары нәтижелі, жаңа ортаға бейімделуі байсалды. Ми жұмысында қозу мен тежелу арасында белгілі баланс сақталған. Олардың ұстауы, өзін-өзі бағалауы жоғары болады. Оқушыларда бұл тип өкілі - еті тірі, қабілетті, қозғалғыш оқушы. Ондай оқушы ақкөңіл және қызу, жеңіл мінезді, ренжігенде тез қайтып кетеді, сәтсіздігін жеңіл өткізеді. Коллектив арасында жүргенді ұнатады, басқа оқушылармен тез тіл табысады. Қысылып-қымтырылмайды, кісіге қайырымды. Сангвиниктерді оқу үрдісінде бақылаған жақсы, яғни оқу үстінде олар қасиеттерін айқын көрсетеді.

Холерик - ширақ, өте жылдам, реактивті, бұл темпераментті қысқаша "жылдамдық" молния деп атаймыз. көпшіл, қызба, көңіл күйі тез өзгереді. Миында қозу режимі белсенді болады. Барлық психикалық процестер тез жұмыс жасайды. Сыртқы қоздырғышқа жауабы әр түрлі. Шыдамсыз, ашуланшақ болып келеді. Бір нәрсені бастаса оның тоқтату қиын. Олар тік мінезді. Бұл темперамент өкілі тездігімен, шапшаңдығымен, ұстамсыздығымен, тым қозғалғыштығымен ерекшеленеді. Оларда психикалық процестер шапшаң өтеді. Күйгелектік сондай адамдарға тән. Ол жұмыс істеуге жақсы қарқынмен кірісіп, күші таусылғанда оны тастап кете береді. Адамдармен қарым-қатынаста тынымсыз, агрессивті, шамданғыш болып келеді. Сондықтан холерик болған жерде ұрыстар жиі болады. Холерик темпераментінің жағымды жағы - энергия, белсенділік, құштарлық, инициативтік. Жағымсыз жағы - ұстамсыздығы, қаталдық, қатаңдық, шамдану, ыза. Оның ұстамсыздығы оған көп кедергі жасайды және ол үнемі достарымен ойын үстінде ұрсысып, мұғаліммен сабақ үстінде келіспей қалады.

Меланхолик - селқос, біртоға. Бұл әлсіз тип, оған өзіне-өзі сенімсіздік пен жасықтық тән. Меланхолик ренжігіш, күмәншіл болып келеді. Бұл темперамент өкілінде психикалық процесстер өте баяу жүреді. Ми жұмысында тежелу басым болады. Қатты тітіркендіргіштерге жауап бере алмайды, ұзақ және қатты күш түсірсе, олар жұмыс істей алмайды. Олар өте тез шаршайды. Бірақ қалыпты қоршаған ортада, мысалы, үйде ондай балалар өздерін жақсы ұстап, іс-әрекеттерді жақсы орындайды. Эмоциялары баяу туады, бірақ тереңдігімен және күштілігімен ерекшеленеді. Олар өте сезімтал, реніштерініште сақтап, оларды көп ойлай береді, бірақ сондай қиыншылықтар бар екенін ешкімге көрсетпейді. Меланхоликтер тұйық, таныс емес адамдармен сөйлеспейді, жаңа ортада қатты қысылады. Жағымсыз жағдайларда ауруға айналған осалдық, қысылу, көңілсіздік,

пессимизм пайда болады. Істегісі келмейтін жұмыспен айналысса, тез шаршап кетеді. Бірақ, достарына көмектесуді ұнатады.

Флегматик - селқос, көп қозғалмайтын, сабырлы, ұстамды. Олар бос сөйлегенді ұнатпайды, тұйық. Ұзақ және бір қалыпты жұмыс жасай алады, күте де алады. Бұл типтің өкілі баяу, байсалды, асықпайды. Істі ойланып, төзімділікпен істейді. Жинақылықты, қалыпты жағдайды ұнатады. Өзгерістерді ұнатпайды. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізеді. Жаңа ортаға келгенде өте байқампаз, іштей анализ жасап сөйлейді. Психикалық процесстер флегматикте баяу жүреді. Бұл баяулық оған оқу жолында кедергі келтіреді, ең кедергі келтіретін жері: тез есте сақтау, тез ойланып жауап беру. Кейде флегматиктер жамандықты есте сақтап қалады және ұзақ мерзімге. Адамдармен қарым-қатынаста флегматик бірқалыпты, байыпты, керек жерде тіл табысады, ал орынсыз сөйлемейді. Көңіл-күйі тұрақты. Өзін қолдайтын, мақтап отыратын адамды қалайды. Өзбетінше өзіндік жұмысты жақсы көреді.

Барлық адамдар осы төрт түрде белгілі бір пайыздық көрсеткіште көрінеді де, негізгі біреуі басым болады. Балалар өз іс-әрекетін 5-6 жасқа дейін осы темперамент негізінде көрсетеді. Ал үлкен адамдарда: мінез, құндылықтар, қажеттіліктер иерархиясы, қоғам, норма, ереже бар. Темперамент өзгермейді, ал мінез осы темперамент негізінде қалыптасып өзгереді.

Мінез деп - әдетте, адамның айқын көрінетін бір екі белгісін айтады. Мінез- адамның жеке психикалық қасиеттерінің жиынтығы. Бұл қасиеттер оның жүріс тұрысымен іс-әрекетінен көрінеді. Мінез адамға қайталанбас ерекшелік береді, жеке тұлғаның маңызды белгілерінің бірі болып табылады. Адамның мінезінен ерік ерекшеліктері, сонымен бірге эмоционалдық, темпераменттік және интеллектуалдық ерекшеліктері айқын көрінеді. Мінез-бұл жеке тұлғаның жүріс-тұрысынан, оның іс-әрекетінен, табиғатқа, достарына, ата-аналарына, қоғамға және өзіне деген қатынасынан көрінетін тұрақты және айқын белгілерінің үлесі. Мінез - әлеуметтік жағдайдың, білім алудың және тәрбиенің әсерінен біртіндеп қалыптасып отырады.

Өскелең ұрпақты дұрыс бағыттағы мінез-құлықта тәрбиелеу жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесіне айналып отыр. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған.

Егер ересектер балалардың қылықтарын дұрыс қабылдап және бағалап, оларды ұстамдылық, салмақтық, шыдамдылық, сезімталдық сияқты қасиеттерін дамытып отырса, бұл бала мінезін дұрыс бағытта тәрбиелеу әбден мүмкін. Бұл қоғам үшін қажет, ал ата-ана мен тәрбиеші үшін жауапкершілік екенін естен шығармауымыз қажет.

Әдебиеттер:

1. Сәбет Бап-Баба Жалпы психология Алматы., 2003
2. Жарықбаев Қ. Жантану негіздері Алматы., 2002.

ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСİNДЕГІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕРІ

ГАБДУЛЛИНА ӘСИЯ ҚИСМЕТҚЫЗЫ

*Атырау энергетика және құрылыс колледжінің
қазақ тілі мен әдебиет пәні оқытушысы*

«Адамға ең бірінші-білім емес, рухани тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім- адамзаттың қас жауы» деп Әл-Фараби бабамыз айтқандай, бүгінгі болашақ ұрпақты тәрбиелеудің орны ерекше. Рухани жан- дүниесі бай, халқын сүйген, ата-баба жерін қадірлейтін ұрпақ қана болашақтың тірегі бола алады. Алдымызда отырған әр шәкіртті бәсекеге қабілетті, өмірде өзін-өзі дамытуға бейім, үздіксіз білім жүйесінде белгілі бір құндылыққа жетелейтін Қазақстан азаматы ретінде тәрбиелеуіміз үшін студенттерді пәнге деген ықыласын оятып, өзінің ғана емес, өзгеге де ықпал ететіндей деңгейге жеткізуге тиіспіз. Бүгінгі күні басты талап- қазіргі заманғы білім жүйесімен білім алған, қоғамға қажетті мәдениетті де білімді ұрпақ тәрбиелеу. Ата- бабамыздың ғасырлар бойы жасап кеткен тарихы- бүгінгі ұрпақ үшін баға жетпес үлкен мұра. осы мұраларымыз имандылық, ғибраттық әдет-ғұрпымен, салт- дәстүрімен қымбат. Бүгінгі ұрпақ мемлекетін, отанын қорғай білуі керек. Ол үшін әрбір жас ұрпақ ұлттық тәрбиенің маңызын түйсініп, осы бағытта өзін тәрбиелей білуге міндетті .

Бүгінгі студент- егемен еліміздің болашағы екенін ескерсек, осы студенттерден қоғамның тұлғасы болар білімді, тәрбиелі, мәдениетті азаматтар шыға қояр ма екен деген ой қстаздар қауымын толғандырады. Себебі, тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі ұрпақтың рухани байлығы, мәдениеті, саналы ұлттық ойлау қабілеті мен біліміне байланысты.

Ал бүгін қоғам алдында тұрған ең жауапты міндет- еңселі еліміздің кірпіші болып қаланатын әрбір қоғам мүшелерін, яғни жас ұрпақты адамгершілік қасиетке тәрбиелеу, тинақты білім беру. Адам бойында адамгершілік құндылықтар болмаса, олардың орнын ешқандай терең білім толтыра алмайтынын өмірдің өзі дәлелдеуде.

Ғасырлар бойы халықтың өзімен бірге жасасып, ұрпақтан- ұрпаққа мұра болып өмір сынынан өткен, бүгінге жеткен әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер негізінде тәлім-тәрбие үлгілері қалыптасты. Халық педагогикасы- қазақ халқының сан ғасырдан бері атадан балаға өлмес мирас, өмірлік мұра болып келе жатқан тәрбие жөніндегі, баланы бағып-қағып, өсіріп, өнегелі азамат етіп шығару жөніндегі жинақталған тәжірибесі. Сонымен бірге балаға ұлттық тәлім-тәрбиені дер кезінде беру, меңгерту- оқытушының басты міндеті. Осы орайда «Тәрбие басы- тал бесік», «Тәртіп тән үшін, ынтымақ - жан үшін», «Атадан-өсиет, анадан- қасиет» атты тәрбие сағаттарында

студенттерді инабаттылыққа, ізеттілікке, адамгершілікке тәрбиелеуді мақсат етемін. «Жеті атасын атасын білген ер, жеті жұрттың қамын жер» деген әрбір студентті ааты тәрбие сағатымда әрбір студенттің өз тегін біліп келулері арқылы олардың бойында туысқандық, бауырмалдық қасиетін дамытуға ықпал жасадым дей аламын. Сондай-ақ «Қазақ қонақжай халық», «Қонақ күту» атты өткізген ашық сабақтарымда халқымыздың кеңпейілдігін насихаттай отырып, қонақ күтудің өзіндік жөн- жоралғысы мен дәстүрі, ерекшеліктері бар екендігін студенттерге жеткіздім. Студенттер келген қонақпен амандасу, оған құрмет көрсету, қонақты күту, дәмді тамақ пісіру секілді кәделерін көрініс қою арқылы көрсете білді.

Студент санасына ұлттық құндылықтарды сіңірудің тағы бір жолы- халық ауыз әдебиетінде жатқандығы белгілі. Өйткені, жасынан ертегі, жаңылтпаштар, жұмбақтар, мақал-мәтелдер, аңыз әңгімелер, шешендік сөздер мен батырлар жырларын, жыраулар шығармаларын оқып, жаттап, маңызды да, құнды тұнығына қанып, өскен баланың бойында еліне, жеріне, халқына, адамзатқа деген сүйіспеншілігі арта отырып, ұлтжанды, намысқой, арлы азамат боп қалыптасады.

Халықтық педагогиканың құндылығы сол- халық қазынасының азығын ақылды да әдепті, жан-жақты жетілген, адамгершілігі мол азамат тәрбиелеуде таптырмас тәрбие құралы етіп пайдалана білсек қателеспейміз. Ендеше, бұл қасиеттер бесік тербеткен ана әлдиімен, ақжаулықты әже ертегісімен бірге өскелең ұрпақ бойына ұстаз тәлімі арқылы дадарытылып, сіңірілуі керек.

Жастайынан орнығып қалыптасқан тәрбие, орынсыз көріністерге баланы сын көзбен қарауға үйретеді. Ұлттық құндылықтарымыздың туын биік ұстап, жас ұрпақты қасиетті халқымыздың тәлімгерлік үлгісімен тәрбиелеу- ең маңызды міндет. Өз тәжірибемізде қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда ұлттық құндылықтарды сабақтарда кең пайдалану, сабақты түрлендіру арқылы мақал-мәтелдер, шешендік сөздерді қолданып бала бойында ұлтымызға ғана тән терең ойлау, шебер сөйлеу дағдыларын дамытып, тіл көркемдігін сақтауға көңіл бөлуіміз шарт.

Тәуелсіз елдің- тәуелсіз мемлекеттік тілін байытуға, қорғауға, тұлғаны тәрбиелеуді ұлттық өзімізге тән қазақи тілімізбен ғана бере аламыз. Міне бүгінгі таңдағы ең өзекті мәселе-ұрпақ бойындағы тілге немқұрайлықты жою, сондықтан, оқу-тәрбие үрдісіндегі жұмыстарымызды халықтық педагогикаға негіздеп жоспарлау қажет. Ұстаздар қауымы, студенттерге салт-дәстүрлерді жай ғана үйретіп қоймай, олардың тәрбиелік түп-тамырын, мәнін, алтын дінгегін түсіндіре білуіміз керек. Ұлттық тәлім-тәрбиенің іргетасын дұрыс қалай білу оқытушылардың ата-аналармен қосылып жүргізген шараларына байланысты болмақ. Өйткені бірінші ұлттық тәрбиенің ошағы- отбасында, екінші- мектепте болғандықтан, ата-ана мен мектеп, яғни, оқытушылар мен жұртшылық тығыз байланыста болуы шартты нәрсе екені баршамызға аян. Сондықтан, оқушының өз өмір жолын таңдай білу қабілетін дамытуда, ер бала мен қыз баланың өмірлік

ұстанымын, табиғи міндеттерін түсіндіруде, өз өміріне ойлы көзбен қарап, адам өмірі ең жоғары құндылық екенін санаға сіңіруде ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие берудің маңызы зор деп білемін. Білім мен тәрбие берудегі озық ұстанымдардың ұлттық тәрбие құндылықтарымен байланыстыра отырып, әр студенттің қабілетін, талантын ашу, өзіндік ұлттық тәрбиесі мен санасын қалыптастыру–қазақ тілі мен қазақ әдебиеті ұстаздар қауымының алдында тұрған басты міндет болып табылады.

Сан ғасырлық ұлттық тәрбиенің негіздерін, қазақ ғұламалары мен ағартушыларының, қоғам қайраткерлерінің еңбектеріндегі ұлттық тәрбие туралы ойларын, даналық сөзерін және халқымыздың айнасы болған зиялы қауым, қоғам қайраткерлерін үлгі-өнеге етіп көрсетіп, мол мұраларын насихаттай білуіміз қажет. Қазақ халқының осындай дәріптеуге, қастерлеуге, дамытуға тұрарлық ұлттық рухани және материалдық құндылықтары туралы ұлағатты, құнды ойларын халық игілігіне, келешек ұрпақты, ел-жұртқа ие болар азаматтарды тәрбиелеуге неге қолданбасқа?

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың: “Мағжанның жүрек тебіренерлік мөп-мөлдір асыл лирикасы, Мұхтардың көркем прозасы, Шоқанның барша әлемді таңқалдырған жаңалықтары, ұлы Абайдың түпсіз терең философиялық толғаулары сияқты осынша мол рухани қазына әрбір адамның ішкі жан дүниесін байытып, сана-сезімін шарықтата көтеретініне күмән келтіре алмаймыз”, – деуінің өзі біздің жоғарыда айтылған пікірлерімізге толық дәлел бола алады. Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында осындай ұлыларымыздың өнегелі өмірін, тәлімі мол мұрасын, батырларымыздың қайсар ерліктерін үнемі насихаттап, әрбір оқушының бойында «Мен де сондай болсам ғой» деген ізгі армандарын қалыптастыра отырып, ұлттық мақтаныш сезімін оята білуіміз қажет. Ұлттық тәрбиені қалыптастыруда ұлттық ойындардың алатын орны ерекше. Мінекей, осы ұлттық ойындарымызды да қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде кеңінен насихаттай білуіміз қажет.

Бала күнінен бастап ұлттың дәстүрлі құндылықтарын бойына сіңіріп, халық ауыз әдебиеті жауһарларына қанығып өскен бала, ержеткенде ұлттың алдындағы жауапкершілікті сезінетін, еліне тұтқа болатын тұлғаға айналады.

Өкінішке орай, қазіргі уақытта қазақ қоғамындағы жастар тәрбиесі мәселесінде ұрпақтар сабақтастығының әлсірегені байқалады. Атасы мен әжесінің құшағында емес, ғаламтордың шырмауында өскен кейінгі жас буын өкілдері, әлеуметтік желінің кесірінен ұлт табиғатына жат мәдениетті санасына сіңіріп, түрлі ағымдар мен субмәдениеттер өкілдерін пір тұтып өсіп келе жатқаны жасырын емес. Соңғы 15-20 жыл аралығында қоғамда болып жатқан жаһандану сипатындағы өзгерістер ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі рухани ұстанымдарды әлсіретіп, ананың сүтімен беріліп, салт-дәстүрмен орныққан ұлттық құндылықтарды өзгеріске ұшырата бастады. Ертеректе қазақ қоғамы қабылдамайтын жағымсыз көріністер, бүгінгі күні үйреншікті нәрсеге айналуға. Осыған орай, жастардың бойына ұлттық сананы қалыптастыру және халқымыздың

ғасырлар бойы жинақталған рухани құндылықтары негізінде тәрбиелеу— бүгінгі күннің талабы болып табылады. Қоғамдағы жастар тәрбиесі— мемлекет деңгейіндегі маңызды мәселелердің бірі. Себебі, мемлекеттің жастар саясаты, мемлекет жүзеге асыратын жастарды қолдау мен дамытуға бағытталған әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық және құқықтық шаралар жүйесі екені белгілі. ҚР Тұңғыш Президенті—Елбасы Н.Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әлеуметтік жағдайының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына жолдауында: «Жастар мен отбасы институтын кешенді қолдау мемлекеттік саясаттың басымдығына айналуға тиіс. Жастардың барлық санатын қолдауға арналған шараларды толық қамтитын әлеуметтік сатының ауқымды платформасын қалыптастыру керек»,—деп атап көрсетті. Жастарды рухани және имандылық тұрғысынан дамыту, олардың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету және олардың қоғамдық қажеттіліктерін қанағаттандыруды реттеу мәселелері «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 ақпандағы №285 Заңында нақты көрсетілген.

Мемлекеттік жастар саясаты жастардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаумен ғана шектелмей, азаматтыққа тәрбиелеу және қазақстандық патриотизм сезімін нығайту бағытында кешенді жұмыстар жүргізілуде. Аталған жұмыстар мәдени, имандылық және рухани құндылықтар, сондай-ақ, ұрпақтар сабақтастығы, отбасылық тәрбиенің басымдығы қағидаттарына негізделген. Еліміздің болашақ дамуына үлес қосуға қабілетті және жауапты, белсенді өмірлік көзқарасы бар жастарды тәрбиелеу, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, олардың бойына ұлттық құндылықтарды дарыту үлкен еңбекті қажет етеді. Осыған сәйкес, жастар тәрбиесіндегі басым бағыттардың бірі — тарихымыздың тереңінен, бүгінгі күнге дейін жеткен ұлтымыздың рухани құндылықтарын негізге алу болып табылады. Отанын сүйетін, тарихымен мақтана алатын, тілі мен мәдениетіне құрметпен қарайтын, дәстүрін сыйлайтын жастарды тәрбиелеу — бүгінгі күннің басты талабы. Тек сонда ғана, ертеңгі күні еліне қорған болатын, жаһандану заманында ұлтының шырағын сөндірмейтін, тілінің құрып кетуіне жол бермейтін, жасампаз елінің жаңа тарихын жасайтын ұлт көшбасшыларының шығары сөзсіз. Әрбір ата-ана, мемлекеттік қызметкерлер мен қоғам мүшелері, бүгінгі балалар және жастар тәрбиесінің жауапкершілігін түсініп, оған ертеңгі мемлекеттілігіміздің берік іргетасы ретінде қарауы керек. Егер біз тәуелсіздігіміз тұғырлы, егемендігіміз баянды болсын десек, «өркениеттер қақтығысында» жұтылып кетпей өзіндік бірегейлігімізді сақтап қаламыз десек, балалар мен жасөспірімдер тәрбиесіне ерекше көңіл бөлуіміз қажет. Осы мақсатта баланы жас кезінен ұлттық құндылықтарға сәйкес, болашақ тұлға ретінде тәрбиелеу үшін қолда бар құралдар мен мүмкіндіктерді тиімді пайдаланған дұрыс. Атап айтқанда, балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, ғаламтор желісіндегі өзге зиянды ақпараттардан назарын бұру мақсатында олардың қызығушылығын

туғызатын пайдалы бейнероликтер, танымдық ойындар мен бағдарламаларды ұсынатын интернет-ресурстарын жасақтау қажет. Себебі, бүгінгі күні ғаламтор желісіндегі күмәнді ресурстар балалар мен жасөспірімдердің санасына кері әсерін тигізуде. Алдына қойған айқын мақсаты жоқ, өмір сүруге құлықсыз, ештеңеге қызықпайтын кейбір жастар өкілдерінің арасында түрлі қылмыс жасау мен өз-өзіне қол салу фактілерінің жиі кездесетіні рас. ҚР ІІМ мәліметіне сәйкес соңғы кездері әлеуметтік желілерде суицид идеяларын насихаттайтын және оны жасаудың жолдарын көрсететін топтар көбеюде.

Ал жастардың еліктегіш келетінін ескерсек, олардың назарының ауып, аталған топтардың тұзағына ілініп қалу қаупі алаңдатады. Аталған мәселелер жастар тәрбиесіндегі дәстүрлі рухани құндылықтардың жетіспейтіндігін көрсетеді. Ата-ана мен қоғам тарапынан жастар тәрбиесіне жете көңіл бөлінбеуде және тәрбие жұмысында дәстүрлі ұлттық құндылықтар тиісті деңгейде қолданылмайды. Қорыта айтқанда, еліміздің болашағы үшін тек білімді жастарды өсіру аздық етеді, бойына рухани құндылықтарды дарыта білген жас буын өкілдерін тәрбиелеп шығарғанда ғана, Қазақ елі ғасырлар белесінен сүрінбей өтетіні хақ. Еліміздің болашағы—тарихқа табан тіреп тұрып, болшаққа қол созатын жастардың қолында екенін ұмытпайық. Отаншылдық сезім— ұлт рухының деңгейінің айнасы, өлшемі. «Балаңды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген екен дана халқымыз. Сондықтан да, сан ғасырлар бойы сұрыпталған ұлттық құндылықтарымызды оқу-тәрбие процесіне енгізу арқылы ұлттың тұнып тұрған асыл мұралық рухани байлығынан болашақта ел билейтін ұрпақтарды сусындатып, ұлтшылдық пен отаншылдыққа баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын, бойында ұлттық санасы қалыптасқан тұлғаларды тәрбиелеп шығару – жалпы ұлттың алдында тұрған ұлы міндет болып отыр.

Қорыта келгенде, уақыт талабынан туындап, білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістер баланы тәрбиелеу осы заман талабына сай үйлесімді деңгейді қайта құруды міндеттейді. Тәрбие мен оқу егіз деген сөз бар. «Тәрбие бар жерде ғана сапалы білім, саналы ұрпақ болады» деген данышпан халқымыздың дана сөздерінен дән іздеу керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Сандықбаева Ө.Д., Мұсағұлова А.Б. Жастар саясаты ұғымының қалыптасуы және рухани факторлары. // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz» № 1(09)
2. Назарбаев Н.Ә. Болашақ бүгіннен басталады. // Егемен Қазақстан, 2002.
3. Сандықбаева Ө.Д., Мұсағұлова А.Б. Жастар саясаты ұғымының қалыптасуы және рухани факторлары. // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz» № 1(09), 2017.
4. « Мен – Адаммын » жеке тұлғаның рухани- адамгершілігін дамыту сабақтарын ұйымдастыруға арналған әдістемелік құрал, Игенбаева. Б. Қ. Алматы - 2000

5. «Ізгілік педагогикасы туралы ойлар» Амонашвили Ш. А., Москва - 1996
6. «Атырау» облыстық қоғамдық-саяси газеті 2014
7. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында
8. Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы.
9. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ – ТӘРБИЕНІҢ НЕГІЗІ

ГАБДУЛЛИЕВА ШОЛПАН АНАРБЕКҚЫЗЫ

Атырау облысы

Махамбет ауданы

Қ.Ахмедияров атындағы орта мектептің мұғалімі

Қай заманда болсын адамзат алдында тұратын ұлы міндет-өзінің өмірін жалғастырушы саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы, келешек қоғам тәрбиесі.

Ұлттық тәрбие – біздің ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін асыл қазынамыз. Ұлттық құндылықтар белгілі бір ұлтқа, ұлт азаматына тән зат, адами қадір-қасиет, ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар. Кез-келген ұлттың сипаты бес қағидаға келіп тіреледі. Біріншісі – тілі, екіншісі – діні, үшіншісі – дәстүрі, төртіншісі – тарихы, бесіншісі – атамекені. Құндылықтар шынайы ғана болады, ол адамға тәуелді емес. Құндылықтарды сезім арқылы қабылдап, ал сана арқылы түсінуге болады, соның нәтижесінде тұлға құндылықты игереді, соған сай әрекет етеді.

Бүгінгі қоғамның негізгі міндеті – жастарды рухани құндылықтарды қадірлеуге тәрбиелеу, мәдениет пен салт-дәстүрін жан-жақты тануға жетелеу. Қазақстанның білім жүйесі ұлттық дәстүр және рухани құндылықтар негізінде тәрбиелік қызметтің қайта жандануын қажет етеді.

Жалпы адамзаттық құндылықтар: шығармашылық, дербестік, өзіндік ерекшелік, өзгенің көзқарасын құрметтеу және рухани құндылықтар мағынасына ие болды. Жеке тұлғаның рухани интеллектуалды дамуының негізгі компоненттерінің бірі – туған халқының және жалпы адамзаттың өткені мен қазіргі өмір тіршілігіндегі, шығармашылық қызмет үрдісіндегі, өнеріндегі көркем эстетикалық, мәдени құндылықтарды игеру тек қоғам мәдениеті дамуының мақсаты тұрғысындағы жалпылама ғана емес, жастардың қоршаған өмір шындығының құбылыстарына, әсемдік заңдылықтарына сәйкес қатынастары мен мәдени мұралар мен өнер шығармаларында бейнеленген болмыс көріністерін, сұлулықты қабылдау, сезіну, тану, талғам арқылы жоғары имандылық-эстетикалық құндылықтармен қауышудың рухани практикалық іс-әрекеттері негізінде, мақсатты түрде жүзеге асуы қажет.

Білім беруді демократияландырудың, ізгілендірудің, гуманитарландырудың тетігі – оқушыны өз әрекетінің иесі деп тану, тілді, ұлттық құндылық деп қалыптастырудың тіні деп санау секілді парадигмаларды оқыту үрдісінде ұстану. Кез-келген халықтың көркем-эстетикалық мәдениетінің даму үрдісінде қоршаған дүниені өзіндік таным мен пайымдау және әсемдік мәніне сәйкес қайта жаңғыртып бейнелеу жүйесі, соның негізінде жасалған көркем-мәдени, эстетикалық құндылықтарды болашақ жас ұрпақты имандылық-эстетикалық тәрбиелеуде пайдаланудың өзіне ғана тән құралдары мен әдістері қалыптасады. Қазақтың рухани-эстетикалық, мәдени құндылықтарының асыл арнасы, халықтың бар данышпандығын бойына жинақтаған – ана тілі, сөз өнері, әдеби мұралары. Ата-бабамыз «Өнер алды–қызыл тіл» деп, ойлы да саналы сөзді сап алтынға балап, тілді адамның сәбилік шағынан, жер қойнына кіргенге дейінгі тұлға өмірінің айнасы, халықтың мәдениеті мен ақыл ойының алтын қоймасы деп бағалаған. Қазақтың тіл өнері мен ауыз әдебиетінің рухани құндылығы ертеректе қазақ даласында әртүрлі жағдаймен болған еуропалық, орыс ғалымдары мен саяхатшыларын таңдандырғаны белгілі.

Бүгінгі мектеп оқушыларының имандылық-эстетикалық дамуын қамтамасыз ететін бірден-бір басты оқу-тәрбие құралы - әдебиет пен өнер пәндері. Кез-келген өнер түрі өзіне тән көркем бейнелеу мәнерлілік тілімен балалардың санасына эмоциялық мәнде ықпал етеді, олардың қоршаған өмір құбылыстары мен әсемдігіне деген сезімдік әсерлерін, танымын, талғамын қалыптастырады. Жас ұрпақты мәдени құндылықтармен қауыштыру, әдебиет пен көркемөнер негізінде олардың рухани-эстетикалық мәдениетінің дамуын жандандыру мәселелері жолға қойылды. Отанды сүю, өз халқын құрметтеп, оған адал болу, Отанды қорғауға әзір тұру, халықтар арасындағы достықты нығайту, бейбітшілікті сүю, ел үшін жанын пида ету, ұлтаралық қатынас мәдениетін қалыптастыру, ұлтаралық татулық пен келісімді нығайтуға ықпал ету, әрбір оқушының бойына ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың үздік үлгілерін үйлестіре дарыту, гуманистік, барлық адамдарға деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу мектептік адамгершілік тәрбиесінің өзекті арқауы болып табылады.

Жас жеткіншек әртүрлі ішкі және сыртқы, қоғамдық және табиғи факторлардың әсерімен дамиды. Оған қоршаған ортадағы көптеген құбылыстар тікелей әсер етіп, оның мінез-құлқы мен моральдық бейнесінің қалыптасуында жарқын із қалдырады. Қазіргі тәрбие үрдісіне тән құбылыс-әрбір оқушының бітім-болмысы мен адамгершілік қадір-қасиеттерін гуманистік, адамға сүйіспеншілік бағытта тәрбиелеп дамыту, оқушылардың тұлғалық қасиеттерін ізгілендіруге баса назар аудару. Оқушылардың бойына гуманистік идеяларды сіңіру – бұл өсіп келе жатқан жас ұрпақтың бойларына өзара сыйластық пен құрмет тұтушылық ұрығын себу, араларындағы қатынастың биік парасаттылық пен адамгершілік сыйластық сезімдерге толы болуын дарыту, оларды әр адамның ар-намысына

тиіспеуге, абыройларын, ождандарын құрметтеуге, жоғары адамгершілік пен әдептілікке баулу, адамды сүйе, сыйлай, құрметтей, қадірлей білуге үйрету, адамгершіліктің шынайы иесі болуға талаптандыру. Жалпыадамзаттық құндылықтар қатарынан орын алатын адамгершілік қадір-қасиеттер мен сапаларды оқушылардың бойына дарыту үшін, біріншіден, олардың саналылығын көтеру, екіншіден, жұғымды мінез-құлықтың тәртіп-дағдыларына баулу, үшіншіден, адамгершілік құндылықтарды игерте отырып, қазіргі қоғамдық талаптар негізінде әлеуметтендіру қажеттілігі туындайды. Әрбір оқушының бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды, биік мақсат-мұраттарды, жоғары адамгершілік қадір-қасиеттерді, дүниеге ғылыми, шығармашылық-ізденімпаздық көзқарасты қалыптастыруды тәрбиелік іс-шараларда үнемі ескеріп, жүзеге асырып отыру қажет.

Рухани-адамгершілік құндылықтар нормалармен, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, мораль, құқықтық білімдер негізімен қатар әлеуметтік рухани өмірдің құндылық элементтері ретінде қарастырылады. Адам құндылығының ең маңыздысы «өмір сүру» болса, бұл екі бағытта сипатталады. Біріншісі–адамгершілік, екіншісі–рухани қатынас. Ал адамның адам болып қалыптасуына үлес қосатын негіз рухани-адамгершілік құндылық болып табылады.

Тәуелсіз еліміздің алдыңғы қатарлы, өркениетті елдермен терезесі тең болуы үшін қазақ елінің мәдениетін, тілін, әдебиетін, экономикасын, ғылымын, ұлттық құндылықтарын көтеріп, оқушы тұлғасын қалыптастыру.

Халқымыздың тәлім-тәрбие беретін әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлері мәдени құндылықтарымыздың ажырамас бөлігі болып табылады.

Қазақ халқының ұлттық мейрамдарында айтылатын өлең-жырларға дейін адамға жақсылық, қайырым жасау, табиғатқа, жан-жануарларға сөз құдіреті мен оң ықпал ету көзделгендігін көреміз. Батырлар жырлары мен лиро-эпостық жырларда, ертегінің түрлерінде де көзделетін мақсат келер ұрпақты батыр, қырағы, алғыр азамат етіп тәрбиелеу. Халқымыздың тілін, тарихын, ұлттық дәстүрін, ата салтын ұмыта бастаған бүгінгі ұрпақты тәрбиелеуге атсалысу ұлтымыздың міндеті.

Тұлға бойындағы ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың көзі, отбасы, әулет, әлеуметтік орта, мемлекет болса, ұлттық құндылық, ұлттық салт-сана, ұлт алдындағы міндет, парыз, намыс, ұлттық рух, ұлттық салт-дәстүр, тұлға бойындағы ұлттық құндылықтың жоғары көрсеткіші. Тәрбиенің негізі болып саналатын адамзат құндылықтардың бірі тәрбиенің басқа адамға деген қажеттілігі, басқа адамдарды сүйе білу қажеттілігі болып табылады.

Бүгінгі күнде жастарды әдепті де саналы етіп тәрбиелеу үшін ең алдымен тәрбие ережелеріне сүйене отырып, ұлттық дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды, дінімізді, ата-бабаларымыздан қалған насихат-мұраларды жастардың санасына сіңіре білуіміз қажет. Тәрбиенің көзі ата-бабамыздан

қалған мұралар мен дана сөздер десек, біз соларды насихаттайтын жүргізушіміз.

Мектепте ұйымдастырылатын тәжірибелік іс-шаралар оқушылардың дүниетанымын дамытып, тұлғалық мінез-құлық тәртібін, моральдық сезімін қалыптастыру, өмір жайлы түсінігін жетілдіру, оқушылардың өзін-өзі тәрбиелеуіне, өмірдегі өз орнын түсінуге, олардың ерік-жігерін шыңдауға баулуға бағытталады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Білім 2013. №10
2. Білімдегі жаңалықтар 2015. №3
3. «Бастауыш мектеп» журналы 2017. №5
4. Бастауыш білім негізі 2016. №11
5. «Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар» журналы 2017. №6, №8

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ҰЛТТЫҚ САНА –СЕЗІМГЕ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МАҢЫЗЫ

ҒАБДОЛЛИЕВА АЙГҮЛ АНАРБЕКҚЫЗЫ

Атырау облысы

Махамбет ауданы

«Райхан гүлі» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі

«Ел болу үшін ұлттық рух, ұлттық қасиет және ұлтқа деген сенім болу керек» деп Елбасы қалың жұртты дәстүрлі құндылықтарына бастады. Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді. Бүгінгі таңда қоғамдық мектепке дейінгі тәрбие жалпы білім беру жүйесінде маңызы зор. Қазақстан Республикасы «Білім турал» заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті»-ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажет жағдай жасау. Бүгінгі мақсат-әрбір балаға түбегейлі білім мен мәдениеттің негіздерін беру және олардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау, баланың мінез-құлқын ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүріне үйлесімді қалыптастыру көзделген. Қазіргі таңда басты міндет-ұрпақтың бойында адами құндылықтарды, қайырымдылықты, өз ұлтына деген сүйіспеншілікті дамытуды, әділдікке, бақытты бағалап, ұлттық дәстүрді меңгеріп, білімді мәдениетті болуға тәрбиелеп баулуды талап етеді. Еліміздің рухын көтеретін , ұлы мақсаттарға жеткізетін «Мәңгік ел» ұлттық идеясы. Бұл Қазақстандықтардың қолынан толық келеді деп ойлаймын. «Мәңгілік ел» сөзінің терең тарихи тамыры және үлкен мағыналы мәні бар. «Мәңгілік ел» мемлекет пен ұлттың уақытпен шектелмеген ұғымы болып табылады. Бұл – Қазақ елін дамытуға бағытталған құндылықтардың негізі және мақсатқа жетудің басты жолы. Мәңгілік ел идеясы халқымыздың ғасырлар бойы

арманы ғана емес, Президентіміздің жетекшілігімен Қазақстанның дамуына негізделген идея. Бүлдіршіндердің ұлттық тәрбие берудің негізгі бағыт-бағдары еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаевтың толық өркениеті ел болу үшін өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылғанымыз жөн. Ұлттық игліктер мен адамзаттық құндылықтардың, рухани мәдени мұралардың сабақтастығын сақтай отырып, ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеуге жан-жақты даярлау қажет. Бұл орайда бүлдіршіндерге ұлттық сана-сезімін қалыптастыру, туған халқына құрмет, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту, өнерін, сат-дәстүрін, тарихи мұраларды қастерлеуге тәрбиелеу, білім мен біліктерін шыңдау – басты міндет. Елбасының «Мәңгілік ел» идеясы баршамызды бір мақсатқа, ортақ мүддеге жұмылдыратын ұранға айналуы тиіс. Осыдан әрқайсымыз ой түйіп, Тұңғыш Президентіміз айтқандай Қазақ елінің мәңгілік болуына аянбай еңбек етуіміз керек. Елбасы белгілеп берген «Қазақстан -2050» стратегиясы ұлттың ұлы бағдары. Мәңгілік ел біздің өз қолымызда. Бүгінгі ұрпақ білімді болса, ел ертеңі жарқын болмақ, сонда ғана біз «Мәңгілік ел» боламыз. ХХІ – ғасыр білімділер ғасыры болғандықтан бүгінгі таңда заманымызға сай зерделі, ой-өрісі жоғары, жан- жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті болып тұр. Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні- мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі. Бізге экономикалық және құқықтық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беруі жүйесі қажет.

Жас ұрпақты ұлттық тәрбие беру -ел болашағының негізі екенін ұмытпауымыз керек.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бекіткен бағдарламаларда ұлттық тәрбие берудің мақсаттары мен міндеттері айқын белгіленген. Бүгінгі бүлдіршіндерді өз елін сүюге, салт-дәстүр мен әдет-ғұрпын білуге тәрбиелеу басты міндеттеріміздің бірі. Елімізді, жерімізді, тілімізді құрметтеуді бүгінгі бүлдіршіндердің бойына сіңіре білуге үйрету.Өйткені бүгінгі ұрпақ, ертеңгі халқымыздың, ұлтымыздың болашағы. Бала «ұрпақ» «өркен» деген ұғымдарды ерекше ескеріп, жан-жақты жетілген білімді азамат тәрбиелеу қоғам алдындағы зор міндет. Мектепке дейінгі ұйымның да негізгі мақсаты баланың жеке басының алғашқы қалыптасуын қамтамасыз ету, адамгершілікке баулып, білімге деген ықыласын, іскерлігін қалыптастыру және таза мәнерлеп сөйлеуге дағдыландыру. Әр ұйымдастырылған оқу қызметінде мақал-мәтелдер, жұмбақтар, ұлттық ойындар, қазақ ырымдары, санамақтар, тақпақтар арқылы бала бойына сіңіреді. Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика

жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ізгілендіру болып табылады. Бала тәрбиесі әр қашанда күнделікті өмірдің ең басты да жауапты мәселесі ретінде жетілдіру ісіне айрықша көңіл бөлініп, бүкіл тәрбие мен білім беру мазмұнын жаңарту көзделуде. Ұлттық тәрбие беруде қазақтың салт-дәстүрлерін ауыз әдебиетінің үлгілерін, ұлттық ойындарды пайдаланудың маңызы зор. Осы ұтымды әдістерді тәрбиешілер үнемі басты назарда ұстап бүлдіршіндердің бойына өз Отанына, жеріне еліне, тіліне деген сүйіспеншілігі артып, егемен еліміздің білімді, мәдениетті азаматтары қалыптасары сөзсіз.

Бүлдіршіндер халықтық педагогика бастауларынан нәр алып, халқымыздың ежелден қалыптасқан салт-дәстүрлерінің озық үлгілерін пайдалануда. Ұлттық мұраның бай қазынасының бірі халықтың ұлттық ойындары көп салалы, көп қырлы құбылыс, ол тек ойындық сала емес, мәні жағынан да балабақша тәрбиеленушілерінің рухани өресі кең өсіп-жетілуіне, эстетикалық мәдениетін қалыптастыруға тәрбиелейтін негізгі құралдарының бірі. Ұлы педагог В.Сухомлинский «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, шығармашылықсыз, қиялсыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды» дейді, демек, шәкірттің ақыл-ойы, парасаты ұлттық салт-сананы сіңіру арқылы байи түспек. Ұлттық ойындар мектепке дейінгі ұйымдардың оқу тәрбие жұмысында пайдалану тәрбиешіден үлкен білімділікті, шеберлікті, соның нәтижесін көруге деген құштарлық пен төзімділікті, сабырлықты қажет етеді. Ұлттық ойындар өзінің табиғатында жаратылысында ұлттық өнегені бойына сіңіріп, бүкіл ұлтқа тән қасиеттерді өз бойына дарытып, толығып жетілу арқылы өзінің жан-жақты тәрбиелік қасиетін шыңдай түседі. Ұлттық ойындар – қазақ халқының ерте заманнан қалыптасқан дәстүрлі ойын. Ұлттық ойындар негізінде әр халық түрлі-түрлі жаттығулар жасау жолымен дене шынықтыру ісінің негізін салды. Бертін келе шынайы спорт ойындарының шығуына түрткі болды. Оның адам денсаулығына жақсартуда пайдалы аса күшті екені баршаға аян. Балалар тек ойнап қоймайды, сонымен бірге ойлайды, аңғарады, көп нәрсені білуге, зерттеуге талпынады. Яғни қазіргі заман ағымына қарай белсене қатысады, Ұлттық ойындарымыз балаларға тәрбиелік мәнімен, дене бітімінің әсем де сымбатты болып бітуге пайдасы зор. Бір-ақ мысал ретінде «Қуыр-қуыр, қуырмаш» ойыны балалардың саусақ маторикасын дамытуға, тіл байлығын жетілдіруге, көңіл көтеруге қолдануға болады. Балаларды қазақ халқының ұлттық ойындарымен ойната отырып жан-жақты тәрбиелейміз. Ойынды ойнау барысында балалардың жас ерекшелігі ескеріледі. Қазақтың ұлттық ойындары халықтың сәби шағымен бүгінгі өскелең дәуірінің куәсі ретінде, адам баласының фантазиялық ой-жүйесінің заңды жалғасы ретінде оны үйретудің тәжірибеде пайдаланудың үлкен білімділік, тәрбиелік маңызы бар. Ұлт

ойындарын жанұя тәрбиесінен бастап, балабақшада түрлі тәрбиелік шараларда пайдаланып келеміз.

Ұлт ойындары ата–бабамыздан бізге жеткен, өткен мен бүгінгі байланыстыратын баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз, сондықтан оны күнделікті оқу тәрбие үрдісінде пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы орасан зор екендігі сөзсіз. Ата- бабаларымыз ұлттық ойындар арқылы ұрпақтың береке бірлігі мен ынтымағын жарастырып отырған. Адамның өмір сүруінде қазақтың ұлттық ойындарының атқаратын маңызы ерекше. Қорыта келе ұрпақ тәрбиесі жайындағы озық ұлттық мұраны бүгінгі тәлім-тәрбие жұмысна пайдалана отырып, атадан балаға жалғасып келе жатқан әдет-ғұрпымызды, салт-дәстүрімізді, тілімізді, дінімізді қадірлеуді балаға сәби кезінен қалыптастырған жөн. Мұның өзі қазақтың ұлттық құндылықтардың маңызы зор екендігін дәлелдейді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.«Отбасы және балабақша» 2018 №2., 2019.№6., 2019.№1, 2019.№5, 2020.№4
- 2.Ұстаз мінбері журналы 2018.№6, 2020.№1.
- 3.Білімдегі жаңалықтар 2020. №4
- 4.Дошкольный мир 2018. №2, 2020. №4

ПРИМЕНЕНИЕ КОМПЕТЕНТНОСТНОГО ПОДХОДА В ФОРМИРОВАНИИ НАЦИОНАЛЬНЫХ ЦЕННОСТЕЙ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА

ДАНЧЕНКО ТАТЬЯНА ВЛАДИМИРОВНА

ЧУ «Колледж предпринимательства КИиЭУ»

«Мы должны крепить доверие между всеми казахстанцами! Быть толерантными друг к другу! Это ключи к будущему Казахстана»

Н.А. Назарбаев

Изменяется мир, меняется общество, инновации, происходящие в обществе, порождают новые требования к подготовке креативных, компетентных специалистов, способных реализовать личностную программу становления в качестве субъекта профессиональной деятельности в различных отраслях экономики.

Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаев в Послании народу Казахстана от 1 сентября 2020 г. пишет: «Мы также должны переориентировать всю систему профессионального образования на формирование компетенций, востребованных на рынке труда» [1].

Большинство ученых В.И. Байденко, И.А. Зимняя, А.В.Хуторской, в своих трудах описывали применение компетентного подхода в образовании. Формирование профессиональных компетентностей изучали следующие ученые Э.Ф. Зеер, Ю.А.Кустов, Д. Равен. В современном мире в рамках профессионального образования очень важно формировать у подростков компетенции, которые позволят развитию творчества на протяжении всей жизни. Изменения, происходящие в современном обществе, приводят к изменению формирования национальных ценностей подростков. В современных условиях освоение национальных ценностей является необходимостью.

Язык является частью культуры, а культура для любой нации – ценность. Ценность – это междисциплинарное понятие. «Понимание ценности как структуры, комплекса противоречивых составляющих приводит к выводу о том, что мы имеем дело со сложным, многофакторным феноменом, внутренняя особенность которого может объяснить многоликость и неоднозначность его внешних проявлений» [7, с.18]. Истоки духовности как совокупность высших ценностей не материалистского толка должны брать начало из традиционной культуры казахов, из идей великих мыслителей – Чокана Валиханова, Абая, Шакарима Кудайбердиева [2, с37]. Ученые А. Ахиезер, К.У. Альжан К. А. Абульханова-Славская, Т. Адорно, В. Г. Алексеева, А. Г. Здравомыслов, З.Н. Исмагамбетова, А. Н. Леонтьев, Н. И. Непомнящая, М. Ю. Новицкая, М.С. Орынбеков, В. П. Тугаринов, Э. Фромма, З.К. Шаукенова, В. А. Ядов и др. изучали категорию ценности и ценностные ориентации. Большинство исследований направлены на изучение методов и подходов формирования ценностей и ценностных ориентаций у младших школьников. Мы решили рассмотреть формирование базовых национальных ценностей у подростков в процессе изучения дисциплины «Русский язык».

«Именно посредством русского языка уже на протяжении не одного столетия казахстанцы обретают дополнительные знания, расширяют свой кругозор и круг общения как внутри страны, так и за её пределами» слова из Послания первого Президента РК Лидера Нации Н. А. Назарбаева народу Казахстана. Стратегия «Казахстан-2050».

«Русский язык» – учебный предмет, познавательная ценность которого чрезвычайно высока: способствует становлению мировоззрения обучающегося, дает возможность пользоваться информацией различных сфер: социально-культурной, социально-экономической, социально-юридической, научно-технической, учебно-профессиональной; помогает ориентироваться в общемировом образовательном пространстве. Расширяет представления о национально-культурной специфике русского

языка, о культуре русского, казахского и других народов; воспитывает сознательное отношение к языку как средству общения, источнику знаний, духовно-нравственной ценности, как к языковому капиталу, способствующему успешной социализации в обществе.

Современная концепция обучению русскому языку в системе технического и профессионального образования предусматривает обновление содержания и методов преподавания. Содержание обучения русскому языку отобрано и структурировано на основе компетентностного подхода.

Компетентностный подход предложен в качестве современного подхода при освоении студентами национальных ценностей в процессе изучения русского языка.

Компетентностный подход выдвигает на первое место не информированность студента, а умения разрешать проблемы по аналогии, возникающие в следующих ситуациях:

- При освоении современной техники и технологии;
- Во взаимоотношениях людей, в этических нормах, при оценке собственных поступков;
- В практической жизни при выполнении социальных ролей гражданина, члена семьи, горожанина, избирателя;
- При выборе профессии и оценке своей готовности к обучению в профессиональном учебном заведении, когда необходимо ориентироваться на рынке труда;
- При необходимости разрешать собственные проблемы жизненного самоопределения, выбора стиля и образа жизни, способов разрешения конфликтов.

Компетенция—совокупность определённых знаний, умений и навыков, в которых человек должен быть осведомлён и имеет практический опыт работы. В педагогическом словаре под редакцией Мижериковой В.А. мы находим похожее определение: компетенция—возможность установления субъектом деятельности связи между знанием и ситуацией, или способность найти, обнаружить ориентировочную основу действий, процедуру, необходимую для разрешения проблемы в конкретной ситуации. Компетентность следует отличать от традиционных знаний, умений и навыков.

Специфика компетентностного обучения состоит в том, что усваивается не «готовое знание», кем-то предложенное к усвоению, а «прослеживаются условия происхождения данного знания».

Вместо овладения ЗУНами утверждается формирование и развитие коммуникативной, языковой, лингвистической компетенций.

Языковая компетенция представляет собой практическое овладение материалом языковой системы. Лингвистическая компетенция включает в себя знание основ науки о русском языке, усвоение понятийной базы учебного курса и формирование учебно-языковых умений работы с

языковым материалом. Коммуникативная компетенция — это знания, умения и навыки, необходимые для понимания чужих и порождения собственных программ речевого поведения, адекватных целям, сферам, ситуациям общения. Она включает в себя знание основных понятий лингвистики речи, умения и навыки анализа текста и собственно коммуникативные — умения и навыки речевого общения применительно к различным сферам и ситуациям общения с учетом адресата и стиля речи. Формирование лингвистической и коммуникативной компетенций являются одинаково важными задачами преподавания русского языка. При возрастающих требованиях к качеству подготовки специалистов, данные компетенции становятся существенными квалификационными характеристиками. Ведущей в данном списке компетенций является коммуникативная, поскольку она представляет собой, прежде всего и компетенцию ключевую, определяющую уровень владения языком.

На уроках русского языка формируются ценности, основанные на национальной идее «Мәңгілік ел»: казахстанский патриотизм и гражданская ответственность, уважение, сотрудничество, толерантность, труд и творчество.

«Творчество, творческая деятельность, непосредственно не ориентированная на удовлетворение материальных потребностей, составляет сегодня одну из основных ценностей информационного общества. Возникает тенденция, которая на наших глазах изменяет саму логику технологической революции: из процесса развития материальных производительных сил, который имеет своим следствием совершенствование условий существования человека, она превращается в процесс совершенствования самой человеческой личности. Свободная творческая деятельность человека – и условие и цель цивилизационного развития» [3, с.112-113].

Национальные ценности изучают современные отечественные ученые, философы, культурологи, педагоги, социологи. А.Н. Нысанбаев, отмечает «В современном казахстанском обществе невозможно добиться универсализации ценностей, универсализации идеологии. Попытки создать общество с доминирующей системой ценностей будут противоречить выбранному пути построения демократического государства. Современное казахстанское общество неоднородно по культурно-этническому, религиозному, финансовому признакам [4, с.34]. В тоже время, для сохранения мира и стабильности конечно необходимо наличие и признание некоторых основополагающих ценностей[5, с. 33]..

Основная ценность казахстанского народа, это «свобода». Как отмечает О.А.Сегизбаев, классик казахской философии, казахское общество всегда отличалось тягой к свободе. Исторически сложилось так, что в устном творчестве формировались идеи свободомыслия [6, с. 33].

Одной из основополагающих национальных ценностей в Казахстане является понятие «толерантность».

Толерантность - это способность без агрессии воспринимать мысли, поведение, формы самовыражения и образ жизни другого человека.

На уроках русского языка рассматриваются следующие понятия, относящиеся к термину «толерантность»: добрососедство, взаимоуважение, гармония, согласие, взаимовыручка.

С этими понятиями проводятся следующие виды упражнений: подбор синонимов, антонимов, паронимов; сопоставление лексических значений; составление понятий в алфавитном порядке; определение рода и склонения у данных существительных; составление текста.

На занятиях выполняются различного вида компетентностные задания:

- организовать дискуссию «Толерантность – это активное социальное поведение»;
- составить тезисы статьи «Толерантность или безразличие?»;
- написать эссе-рассуждение на тему «Дерево толерантности»;
- составить «Фоторобот толерантности», запишите ее отличительные признаки в таблицу;
- дописать «штрихи» к понятию «толерантная личность»;
- составить синквейн на тему «Толерантность»;
- написать пресс-релиз «День толерантности».

Процесс формирования национальных ценностей в современном казахстанском обществе является незавершенным, поэтому дальнейшие исследования являются перспективными, и представляет большой научно-теоретический и практический интерес. Важно постоянно искать новые пути в развитии национальных ценностей, используя современные подходы.

Завершить статью хочу словами Л.Н.Толстого «Вся история человечества с тех пор как мы знаем ее, есть движение человечества все к большему и большему единению».

Список литературы:

- 1.Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана. 1 сентября 2020 г.
https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-1-sentyabrya-2020-g
- 2.Баева, Л.В. Ценностные основания индивидуального бытия: опыт экзистенциальной аксиологии: [монография] / под ред. Н. В. Омельченко. — М.: Прометей, 2003. — 238 с.
- 3.Мантатова Л. В. Стратегия развития: ценности новой цивилизации. — Улан-Удэ: издательство ВСГТУ, 2004. – 242 с.
- 4.Нысанбаев А. Духовно-ценностный мир народа независимого Казахстана: проблемы и перспективы//Под общ. ред. З.К. Шаукеновой.–Алматы: Институт философии,политологии и религиоведения КН МОН РК,2015.274 с.

5.Ценности и идеалы независимого Казахстана. Коллективная монография / Под общ. ред. Шаукеновой З.К. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2015. – 322 с.

6.Шаукенова З.К., Бурова Е.Е., Назарбетова А.К. Ценностно-смысловые и духовно-нравственные основания консолидации этнических и религиозных групп Республики Казахстан в гражданскую общность. Монография.– Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014. 266 с.

ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ БЕРУ

ДЖАРКИНБАЕВА ГУЛЬЖАН АБДИМАНАПОВНА

филология ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы

Жамбыл облысы бойынша ПҚБАИ,

Тараз қаласы

Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін, білімін, адамзаттық мәдениетті, адами қасиетті мол терең түсінетін шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу өмір талабы, қоғам қажеттілігі.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті–ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім үшін қажетті жағдайлар жасау; жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту» деп атап көрсетілген. Аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін оқытудың жаңа технологияларын енгізу және тиімді пайдалану секілді мәселелерді анықтап алу, білім беру жүйесіндегі басты ұстаным ретінде әркімнің өзінің білім алуға деген жеке әлеуетін қоғамда барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін дамытуды қамтамасыз етуді көздейді. Яғни, білім заңында әрбір азаматтың білім алуға құқықтығын негізге ала отырып, оқушы бойына ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастырып, құрметтеуге тәрбиелеуде дидактикалық шарттар яғни оқыту, тәрбиелеу, дамыту, қалыптастыру үрдісін жан-жақты қамту қажеттілігі туындайды.

Ұлттық тәрбие деп, жеке тұлғаның ұлттық сана сезімі мен мінез-құлқының ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрлерді меңгеруі негізінде қалыптасуын айтамыз.

Ұлттық мәдени құндылықтар дегеніміз не? Қарапайым тілмен айтқанда ұлттық мәдени құндылықтар – белгілі бір ұлтқа, ұлт азаматына

тән зат, адами қадір-қасиет, яғни халық ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар.

Адамдардың бойында қалыптасқан имандылық қадір-қасиеттер рухани құндылықтарға, ал адамдардың қолымен жасалған тұтыну заттары мен кәсібі материалды құндылықтарға жатады.Өзімізді өзіміз бағалай білуге бет бұру – ұлттық байлығымызды игеру, ұлттық санамызды дамыту. Ұлттық құндылықтарды іріктеп, оқыту процесіне енгізу арқылы ұлттың тұнып тұрған асыл мұралық рухани байлығынан болашақта ел билейтін ұрпақтарды сусындатып, отбасында да, мектепте де ұлтжандалылық пен отаншылдыққа баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеп шығару.

Өз ұлтын қадірлеп-қастерлеген, ұлт қадірін білген азаматтың бірі Ж.Аймауытов: «Мен халыққа кіндігіммен байланып қалғанмын. Оны үзе алмаймын. Үзу қолымнан келмейді» - дейді.

Сырым Датұлы: «Мен ағайынды екеумін:бірі-өзім,екіншісі-халқым» - дейді.

Қазақ халқының осындай дәріптеуге, қастерлеуге, дамытуға тұрарлық ұлттық рухани және материалдық құндылықтары туралы ұлағатты, құнды ойларын халық игілігіне, келешек ұрпақты, ел-жұртқа ие болар азаматтарды тәрбиелеуге неге қолданбасқа?

Қоғамдағы адамдар жасаған рухани, материалдық, мәдени құндылықтардың алмасуы оқыту процесі арқылы жүзеге асырылады. Соның ішінде сын тұрғысынан ойлау жобасы арқылы оқыту – саналы процесс екенін айтқым келеді. Интеллектуалдық деңгейі жоғары тұлғаны қалыптастыру үшін, оны оқытып қана қою жеткіліксіз. Оны тұлға ретінде жан-жақты дамытуға қолайлы, оқытудың шығармашылық түрін жасау қажет, яғни шығармашылық оқу әрекетін туғызу қажет. Бұл баланы, берілген оқу материалын жаттап алу ғана емес, керісінше өз бетімен білім алу үшін ізденуге үйретеді.

Жеке тұлғаны ұлттық тәрбие арқылы дамыта отырып, нақты әрекет арқылы оқытуда төмендегі құндылықтардың болуы қажет:

- белсенді қарым-қатынас: оқушы мен мұғалімнің әрбір мәселеде өз көзқарастарын білдіріп отыруы;
- индивидтік: мұғалімнің әр жеке оқушының ерекшелігін дамытуы, қоғам алдындағы жауапкершілігінің болуы;
- өзіндік тәртіп: өзіндік бақылау мен бағалауды, шешім қабылдауды үйрену және оны дамыту;
- шыдамдылық: әр түрлі пікірлерді қабылдай алу, бір-бірінің пікірлері мен ерекшеліктерін құрметтеу, қабылдау.

«Адам мен адамның бір-бірімен араласу, өзара қарым-қатынасында ғана адамның адамдығы өзі үшін де, өзгелер үшін де ашылады», -дейді философ М.М.Бахтин. Оның пікірінше, диалог тұлғаны қалыптастырудың құралы ғана емес, оның адамдық болмысын да көрсетеді. Тұлғаның белсенділігі,өзін-өзі дамытып отыруға ұмтылуы өзгелерден бөлек

жағдайда емес, өзге адамдармен диалогтық қатынастарға түсу кезінде жүзеге асырылады. Бірлескен қарым-қатынас негізінде оқушы-оқушы, мұғалім-мұғалім, оқушы-мұғалім арасында өзара құрметтеу, мойындау, түсіне білу және сыйластық әрекеттері пайда болып, толеранттық пен мейірімділік көзқарастары қалыптасады.

Сонымен бірге сыни ойлау арқылы тұлға бойында рефлексиялық сапаларды қалыптастыру. *Рефлексиялық сана дегеніміз* білім мен тәрбиені өзіндік сана арқылы қабылдап, тұлғаның рухани дамуы, ғылыми ақпараттарды игеруі болып табылады.

Оқушы бойында рефлексиялық сапалардың қалыптасуы білім беруді ізгілендірудің нәтижесі болып табылады. Оқушының өзін тану үшін және өмірлік проблемаларын шешудің бірден-бір тәсілі - рефлексиялық басқаруды жүргізе алуы. Ол үшін төмендегі басты ерекшеліктерді дағдыға айналдыруың маңызы зор:

- өз тәжірибесін пайдалана отырып, жаңа білім арқылы дүниеге өзіндік түсінік пен танымды қалыптастыру;
- өзге адамдардың ұсынатын идеяларына конструктивтік көзқараспен қарай алу;
- өзіне қарама-қарсы идеяларды жоққа шығаруға емес, түсінуге ұмтылу, одан өзі үшін нәтиже шығару;
- өз біліміндегі олқылықтарын көре білу және оны жоюдың жолдарын табу.

Рефлексиялық әрекеттер барысында оқытудың жолдары талданады, өзіндік шешім қабылдауға жағдай туғызылады. Сөйтіп, бала өзін-өзі дамыту, тәрбиелеу, өз әрекеттерін ұйымдастыру мүмкіндігін алады. Өз ерекшелігі мен деңгейін таниды.

Білім беру мен тәрбиелеудің мақсатын айқындау үшін қазақ білімпазы Жүсіпбек Аймауытовтың мына сөздерін еске алған жөн. “Мектеп бітіріп шыққан соң бала бүкіл әлемге, өзгенің және өзінің өміріне білім жүзімен ашылған саналы ақыл көзімен қарай білсе, міне, білімдендірудің көздейтін түпкі мақсаты осы. Мектеп осы бағытта баланың келешекте жетілуіне мықты негіз салуы керек” –деген екен.

Олай болса, оқушылардың ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастыру негізінің бірден-бірі мектепішілік жүргізілетін тәрбиелік іс-шаралар. Адамның бойына жақсы адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы, өнер-білімді игеруі – тәрбиеге, өскен ораға, үлгі-өнеге берер ұстазға байланысты. Осыны жақсы түсінген халқымыз “Ұстазы жақсының-ұстамы жақсы”, “Тәрбие басы-тал бесік” деп ұлағатты ұстаздың еңбегін текке кетпейтіндей өсиет еткен.

Жеке тұлғаны ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеуде алдымен төмендегідей мақсаттар арқылы жүзеге асады.

- Өз халқы оның мәдениеті мен дәстүрлерін мақтаныш тұтатын Қазақстан азаматын тәрбиелеу.

- Жалпы адамзаттық негіздер мен құндылықтарды құрайтын саналы көзқарастары мен қағида ұстанымдарын тәрбиелеу.

- Қазақстан Республикасының азаматын тәрбиелеудің үлгісіне сәйкес этнопеддагогика, этнопсихология, этномәдениет негізінде тәрбие үрдісін ұйымдастыру.

- Оқушыларды табысты іс-әрекетте бағыттау, олардың шығармашылығы мен білім құмарлығын дамыту, қолдау.

Ақын Мағжан Жұмабаев «Баланы тәрбиеші дәл өзіндей қылып емес, келешек заманына лайық қылып шығаруы қажет,» - деген ойлары арқылы тәрбиені келер күн талабымен ұштастырады. Қазақ халқының тәрбие дәстүрі қай халықтың тәрбиесінен кем түсіп көрген емес. Олай болса бүгінгі ұрпағымызды халқымыздың баға жетпес бай салт-дәстүрлері негізінде тәрбиелеу, оларға ата-бабаларымыздың озық дәстүрлерін сіңіруіміз керек.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда оқушыларға мұғалімдер әр сабақта ұлттық құндылықтарды пайдаланады. Сабақты түрлендіру арқылы мақал-мәтелдер, шешендік сөздерді қолданып бала бойында ұлтымызға ғана тән терең ойлау, шебер сөйлеу дағдыларын дамытып, тіл көркемдігін сақтауға өз үлестерін қосуда.

Халықтың тілі-халықтың жаны, тамыры, ойы, өрісі. Қазақтың ұлтшыл ақыны М.Шаханов:

«Қай тілмен ақса перзенттік түйсік өрісің,
Сол тілдің гүлі, сол тілдің қайраткерісің,
Бар кезде таным, таныту өрлейді.
Тек баба тіліңді дамыта бермейді,
Өзге тілдегі жеңісің» алу.

Жеке тұлғаны ұлттық құндылықтарды пайдалана отырып тәрбиелеуде, халық ауыз әдебиетінің қарапайым үлгілерін біртіндеп күрделенуіне қарай таңдап алу қажет. Тұлғаның рухани дүниесіне әсер ете отырып, ең алдымен әдептілігіне аса назару керек. Өйткені әдептілік-халқымыздың ұлттық психологиясының өзегі, оның ғасырлар бойы қалыптасқан барысында «әдеп», «әдептілік» деген түсініктер төңірегінде ұйымдастырған мақал-мәтелдер сайысы, ұлттық ойындар игі нәтижесін көрсетті. Тұлға бойында қайырымдылыққа баулып, жанашырлық, аяушылық сезімдердің туғызып тәрбиелеуде ертегілер рөлі жоғары. Себебі ертегі халық ауыз әдебиетінің құрылымы жағынан алғанда қарапайым, ал рухани құндылығы жағынан баға жетпес аса қымбат, көркем туынды болып есептеледі. Ертегілерді оқыту көріністер даярлау арқылы тұлға бойында сөз байлығының баға жетпес інжу-маржанын жинап, қиялына қанат бітіріп, өсіп-жетілуіне қажет нәрсенің мол қоры алынады. Тіл білімінің атасы А.Байтұрсынов «Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді суреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын-сөзбен сөйлеп, суреттеп көрсетуге болады. Бұл өзге өнердің

қолынан келмейді. Ал басқа өнердің бәрінің де, қызметін шама шарқынша сөз өнері атқара алады» деген.

Еліміздегі бүгінгі оқушылар нарықтық реформа және өзгеден қоғамдық қатынастар жағдайында өскен ұрпақ. Ұлттық құндылықтар бұл жастардың құндылық бағыттылығына қалай да болса бір әсерін тигізеді. Қазіргі ұстазға қойылған негізгі талап бала санасында қай кезде де сапалы білім алдыңғы қатарлы әлеуметтік құндылық болып есептелетінін сезіндіру. Сапалы білім алу мен ұлттық құндылықтарды сіңіру арқылы ғана өзгеріп жатқан өмір жағдайларына дағдыландыру. Қазақ халқының поэтикалық өнерінің бала бойында жалпы адамзаттық құндылықтардың қалыптасуына ықпалы мол. Балалардың әсемдікке, сұлулыққа деген көзқарасын қалыптастыруда Абай өлеңдерінің рөлі ерекше. «Қуатты ойдан бас құрап, еркеленіп шығар сөз» деп ұлы ақынның өзі айтқандай, ақынның өлеңдері туған жердің сұлу табиғатын, қазақ ауылының көріністерін, ақ көңіл ауыл адамдар бейнесі сан алуан сезімдерімен ұласып отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастырады.

Тұлғаның дамуы – өте күрделі, ұзақ және қарама-қайшылыққа толы процесс. Өйткені тұлғаның дамуы қарама-қайшылықтар күресінен туындайды. Осы тұрғыда И.Г.Песталоцци «Адамның ақыл ойының қалыптасуы, дұрыс дамуы ұлт тіліндегі оқулықтың мазмұны мен оқыту әдісін дұрыс ұйымдастыруға байланысты» -деп ерекше атап көрсеткен. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні сабақтары ұлттық құндылықтарды пайдалану арқылы оқушының ішкі жан дүниесін демократияландыру идеясын басшылыққа алады. Қазақ тілі барлық білімнің негізі, алғашқы басқышы болғандықтан, тұлға шығармашылыққа қажетті білімді, дағдыны осы пәндерден игереді.

Елбасы Н.Назарбаевтың: «Мағжанның жүрек тебіренерлік мөп-мөлдір асыл лирикасы, Мұхтардың көркем прозасы, Шоқанның барша әлемді таңқалдырған жаңалықтары, ұлы Абайдың түпсіз терең философиялық толғаулары сияқты осынша мол рухани қазына әрбір адамның ішкі жан дүниесін байытып, сана-сезімін шарықтата көтеретініне күмән келтіре алмаймыз» деуінің өзі біздің жоғарыда айтылған пікірлерімізге толық дәлел бола алады.

Қорыта келе, бүгінгі таңда белең алған жастар арасындағы келеңсіз жайттардан арыламыз десек, ұлттық тәрбиеге баулитын салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымыздың маңызының тереңде екендігіне көз жеткіземіз. Жалпы баланы қадір-қасиетін жоймаған салт-дәстүрлермен, әдет-ғұрыптармен, жыраулық қисса-дастандар, шешендік және нақыл сөздермен, эпостық және батырлар жырымен, мақал-мәтелдер, ұлттық ойындар арқылы тәрбиелеуге де болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1.Қ.Бөлеев «Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау». Алматы, 2004.

2.Н.Бижанова «Ұлттық құндылық қасиеттер».Алматы, «Қазақстан мектебі», № 3, 2007

3.С.Ғ.Тәжібаева.Тәрбие жұмысын ұйымдастыру тұжырымдамасы. Алматы, «Қазақстан мектебі», № 3, 2007

4.С.Әбішқызы, Ж.Сарманов.«Ұлттық тәрбие–құндылығы мол дүние». 2008

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫ БОЙЫНА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДАРЫТУ

ДЖАКСЫБАЕВА КУРАЛАЙ СЕРИКОВНА

Ақтөбе қаласы

«№13 орта мектеп» КММ

дене шынықтыру пәні мұғалімі

Бүгінгі таңда ХХІ ғасыр табалдырығын еркін аттаған азат ұрпаққа тәлім-тәрбие мен білім беруді жетілдірудің басым бағыттарын айқындап, педагогика ғылымында ұлттық сананы қалыптастыру көкейкесті мәселелердің бірі болып отырғаны анық.

Құндылықтар–тәрбие мен оқытудағы адамгершілікке бағытталған мұраттар, ол шынайы болады, ол адамға тәуелді емес, дегенмен ол адам санасында орын алады [1]. Құндылықтар сезім арқылы қабылданады,ал сана арқылы оны түсінуге болады, соның нәтижесінде тұлға құндылықты игереді,соған сай әрекет етеді. Нақтырақ айтатын болсақ, ана тілі мен ұлттық дәстүрді құрметтейтін, дүниетанымы, ақыл-ой парасаттылығы қалыптасқан, мақсат қоя алатын,сол мақсатқа жету жолында жауакершілігі мол,мінез- құлқы, айналадағы адамдарға қарым– қатынас мәдениеті жоғары, Отанын сүйетін, күрделі жағдайда нақты шешім қабылдай алатын, салауатты, өз ойын жеткізе білетін тұлға.

Ал осы ұлттық тәрбиені бала бойына сіңіруде дене тәрбиесі сабақтарының орыны ерекше. Тәрбиені сәби ана құрсағынан бастаса,оны білім теңізінің мектеп атты кемесінде ұлттық құндылықтарымызбен жетілдіру өте маңызды.

Ұлы Абай: «Бала мінез үш алуан адамнан жұғады: біріншісі-ата-анасынан, екіншісі-ұстазынан, үшіншісі-құрбысынан»-деген екен [2]. Қоғамға қызмет ететін болашақ жеткеншектерге сапалы білім мен өнегелі ұлттың тәрбие беру – ұстаздың басты парызы.

Оқу мен тәрбие егіз. Оны бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Тәрбиенің өзі күнделікті сабақтың әр бір негізінде – ақ оқушы бойына сіңіре бастайды. Мақсатымыз–ұлттық құндылықтарын бойына сіңіру арқылы қалыптасқан тәні мен жаны сұлу,өзіне-өзі сенімді,халықтың салт-дәстүрін, ата заңын, тарихын құрметтейтін, елжанды, әлемдік бәсекеге қабілетті, ойын еркін жеткізетін тұлғаның негізін қалау.

Бұл мәселенің өзектілігі – халқымыздың ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтарымыз маңыздылыққа ие.

Мұғалім оқушының өміріне азық болар ең қымбат асыл қасиеттер – адамзаттың құндылықтармен қамтамасыз етеді. Мазмұны жаңартылған бағдарлама жағдайында қысқа мерзімді жоспар құру кезінде пән мұғалімдері ұлттық құндылықтарды дарыту жолдарын жоспарлайды. Сабақ жоспарын құрылымдау барысында «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының құндылықтарын қалай (әдістер мен тәсілдер, жұмыс формалары) және не арқылы (сабақ тақырыбы, мазмұны, қолданылатын мәтін, бейне материал т.б. арқылы) енгіземіз деген сұрақтарға жауап іздейміз. Мұғалім міндеті – сабақтағы мазмұн мен қолданылатын жүйелі-әрекеттік тәсіл арқылы оқушының жүрек түкпіріндегі рухани қазынасын жарыққа шығару.

Мұғалімге негізінен мынандай үш түрлі басты міндет жүктеледі:

- ✓ тәрбие жұмысын үйлестіріп отыру;
- ✓ сыныпта оқушылармен бүкіл тәрбие жұмысын ұйымдастырып, оған бағыт беру;
- ✓ мектеппен отбасының байланысын жасау [3].

Әр бір баланы жеке тұлға ретінде жетілдіру үшін оның бойындағы бар құндылықтарын дамыту. Мұғалімнің сабақты ұйымдастырар алдындағы жауапты ісіне деген құштарлығын оятатын, бойындағы бар қабілет мүмкіндігін жарыққа алып шығатын күш–осы рухани–адамгершілік құндылықтар.

Мұғалім баламен кездескен сәттен бастап, оның үйіне қайтатын уақыта дейінгі кезеңде (сабақты ұйымдастыру, оны өткізу, үзіліс кезінде, тәрбие сағаттары, жекелей әңгімелесу т.б.) баламен тікелей қарым – қатынас екенін естен шығармағаны абзал, сонда ғана жеке тұлғаны тәрбиелеу ісінде едеуір табыстарға қол жеткізе алады [4].

Ұлттық тәрбие тағылымы халық болашағына арналған, асыл жүректе саналы тәрбиенің даналық шумақтары, халықтың өзіне тән эталондық адамгершілік қасиеттері. Олай болса, басты мақсат – жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу:

- ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін: оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;
- жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;
- ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеу;
- жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерін қалыптастыру сияқты міндеттерді орындағанда ғана басты мақсатқа жетеміз [5].

Сондықтан балаларға сүйіспеншілікпен қарап, барлық күш-жігерін салмаса, оны талапқа сай орындау қиын. Қазір оқушылардың ақыл-ойының дамуын зерттеу т.б. мәліметтерді әр кезде біліп отыру, тестік әдісті қолдану мектептерде орын ала бастады. Әсіресе баланың даму барысын есепке алу,

беімділігін, қызығушылықтарын, сабаққа деген көзқарасын т.б. кейбір объективтік көрсеткіштерді назардан тыс қолдануға болмайды.

Дене шынықтыру сабақтарында оқу мақсаттары бала бойында көшбасшылық қабілетті, рух пен жігерді, төзімділік пен табандылықты тәрбиелеуге бағытталған. Әрбір сабағымда балаларға тек білім беріп ғана қоймай, олардың жаңа қалыптасып келе жатқан ой санасының жоғары рухта байыта білуге, ойы алғыр, қиялы ұшқыр оқушы тәрбиелей білуге ерекше мән беріледі. Бұл-өмір талабы. Қолданылатын әдістерімізді осы оқу мақсаттарына сай таңдаймыз.

Бұл міндетті жүзеге асыру үшін мұғалім ең алдымен өз пәнін, өзі сабақ беретін ғылымды, оның негізін, оның қазіргі жағдайдағы күйі мен дамуындағы басты кезеңдерін, басқа ғылыммен байланысын, өмірдегі орны мен байланысын жете меңгеруі керек. Білім беру мазмұны жаңаша құрылған ұлттық мектептің кеңге жайып дамуы сол мектептің оқу-тәрбие жұмысын жандандырар мұғалімдерге байланысты.

Ойымды тұжырымдай келе оқушылардың ұлттық рухани құндылық қасиеттерін оқыту процесі мен сыныптан тыс тәрбиелік іс-шаралар арқылы қалыптастырып, ғылыми тұрғыда дәлелдеп дамыту біздің тікелей парымыз. Бала бойына дарыған ұлттық құндылықтарымыз «Мәңгілік Ел» орнатуда басты қағида боларына сеніміміз мол.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Бала тәрбиесі //№ 2 2006 ж , //№ 4 2008.
2. Зиябек Қабылдинов. Астана ақшамы, Тегі асыл ел тарихын түгендейді, 10.02.2014.
3. БөлеевҚ. Болашақ мұғалімдерді ұлттық тәрбиеге дайындау. Монография. –Алматы: «Нұрлы әлем», 1998
4. Штыкарева В.Ю. Дидактические основы этнопедагогической подготовки будущего учителя в образовательном пространстве вуза. Автореферат на соискание ученой степени кандидата педагогических наук// В.Ю.Штыкарева. Карельский государственный педагогический университет. - Петрозаводск, 2005 -26 с.
5. Международная научно-практическая конференция «Формирование полиэтнической культуры: методология, теория и практика» [Текст]: сб. статей под редакцией Слесарь М.В. – Костанай, 2014. – 299 с.

ВОЛОНТЕРСКОЕ ДВИЖЕНИЕ КАК ФАКТОР СОЦИАЛИЗАЦИИ МОЛОДЕЖИ

ДОСБЕНБЕТОВА АНАРА ШАЙМАХАНОВНА

д.п.н., профессор

*Южно-Казахстанский государственный
педагогический университет*

АЛДАБЕРГЕНОВ НУРЛАН АБДИХАЛЫКОВИЧ

к.п.н., старший преподаватель

ИЗБАСХАНОВ АМИРБЕК

старший преподаватель

Институт Мардана Сапарбаева

Шымкент, Республика Казахстан

Молодежной проблеме уделяется все большее внимание – со стороны как государства, так и общества. Лидер нации РК Н.А. Назарбаев в Стратегии «Казахстан-2050» отмечал, что новый политический и экономический курс нацелен на то, чтобы дать молодежи лучшее образование, а, значит, еще более достойное будущее. Молодежь – новое поколение казахстанцев, двигатель нового курса. Государство делает все для того, чтобы открыть перед молодыми людьми новые возможности [1].

В условиях становления гражданского общества и общества открытого типа, осуществления социально-экономических преобразований в казахстанской экономике, реализации направлений приоритетного национального проекта «Образование» меняются роль и место образования в нашей стране. В последние десятилетия в школе произошли серьезные социокультурные преобразования, коснувшиеся целей, содержания образования, воспитательной работы, организации образовательного процесса, системы оценки. Школа становится открытой образовательной системой, в которой активно формируются демократические отношения, позволяющие в полной мере осуществлять гуманизацию образования как поворот школы к ребенку, уважение его личности, доверие, принятие его личностных целей и запросов, на что обращали внимание в своих исследованиях Н.И. Болдырев, Е.В. Бондаревская, В.С. Кульневич, В.И. Бондаренко, В.И. Загвязинский, А.Т. Куракин, А.А. Пинский, А.Н. Тубельский, Е.А. Ямбург, и др.

Для успешного, развивающегося казахстанского общества нужны грамотные, деловые, конкурентоспособные, предприимчивые личности, вооруженные качественными знаниями.

В этой связи глава государства Н.А. Назарбаев в своем Послании народу Казахстана «Социально-экономическая модернизация – главный вектор развития Казахстана» особо подчеркнул: «Образование должно давать молодежи не только знания, но и умение их использовать в процессе социальной адаптации» [2].

В современных условиях, когда наше общество переживает период экономических и социокультурных трансформаций, на первый план выдвигаются проблемы готовности к самостоятельному жизненному выбору школьника.

Стало очевидным, что ответственность за судьбу человека находится в его собственных руках и только активная личность, способная успешно

адаптироваться к социальному пространству, в состоянии нести ответственность за свое настоящее и будущее, за процветание своей страны.

Задача воспитания социальной активности как значимого интегрированного качества личности ставится и обсуждается как приоритетная различными государственными и общественными институтами. Социальная активность включается в дискурс повышения конкурентоспособности подрастающего поколения и рассматривается как фактор качества жизни.

Приоритетной становится задача воспитания человека, способного выступать творцом собственной жизни, стремящегося к осознанному участию в различных сферах социальной практики. Это, в свою очередь, приводит к пониманию необходимости активизации работы школы и других социальных институтов в организации социально значимой деятельности школьников с целью создания условий для становления социальной направленности личности, формирования готовности к социальным действиям, приобщения подрастающих поколений к деятельности, направленной на творческое преобразование окружающей действительности.

В общем понимании социализация есть процесс присвоения, приобретения социального, т.е. процесс, результатом которого является включение социального в структуру личности.

Социальная активность — это способность человека производить общественно значимые преобразования в социокультурной среде на основе присвоения богатств материальной и духовной культуры, проявляющаяся в творчестве, волевых актах, общении, где сущностной характеристикой активности личности выступает активная жизненная позиция человека, выражающаяся в его идейной принципиальности, последовательности в отстаивании своих взглядов, единстве слова и дела [3].

По мнению Каргаполова Ю. В., активность социальная может рассматриваться как совокупность методов, процедур, направленных на изменение социальных условий в соответствии с потребностями, интересами, целями и идеями, на выдвижение и реализацию социальных инноваций, на формирование в себе необходимых социальных качеств [4,с.19].

Особый интерес представляет собой определение критериев социальной активности. Различные авторы выделяли эти критерии на основе творческого подхода личности при осуществлении деятельности, затраченного времени, инициативности и самостоятельности, ответственности, критерия интенсивности. Важнейший критерий социальной активности личности является мотивированность на саморазвитие, принятие другого и содействие другим людям в их деятельности. Критерием социальной активности обычно считают интенсивную деятельность подростка, а именно:

- участие субъекта в различных видах деятельности и готовность на высоком уровне к достижению цели;
- проявление личностных качеств в деятельности;
- общественная значимость материального или духовного продукта, полученного в результате деятельности [4,с.23].

Несмотря на отсутствие единства в определении понятия «социальная активность», оно является предметом повышенного внимания исследователей прошлого и современности. Данное понятие встречается еще с 18 века в работах Ж.-Ж. Руссо, А. Дистервега, В.В.Зеньковского, и начинает приобретать всё более глубокий социально-философский смысл. Сложный и многогранный феномен понимался учеными как: основное качество личности-субъекта общественных отношений; мера проявления социальной дееспособности человека; ответственное и заинтересованное отношение человека к труду, обществу, духовной и общественной жизни; черта личности наряду с идейной убежденностью, ответственным отношением к порученному делу; инициатива, умение подчинить личные интересы общественным, способность безоговорочно выполнять требования коллектива; цель и средство всестороннего развития личности [3,с.65]. Понятие «социальная активность» встречается у представителей разных наук. В настоящее время оно рассматривается педагогами с разных позиций: как свойство человека, качество личности, как процесс проявления свободы личности, как движущая сила развития человека, как составная часть воспитания [5].

Социальная активность человека подразумевает под собой такие личностные качества, как: жизненная позиция или гражданственность, которая проявляется в личностном отношении ко всему, что происходит в обществе, стране и мире; самостоятельность; нравственность; общительность. Их сочетание и характеризуют человека как социально активную личность.

Таким образом, социальная активность—это активность, представляющая собой морально-волевое качество, в котором сочетается интерес к общественной работе, ответственность при выполнении поручений, исполнительность и инициативность, требовательность к себе и товарищам, готовность помочь другим при выполнении общественных поручений, наличие организаторских умений. По нашему мнению, одним из условий формирования социально активной личности является участие молодежи в волонтерском движении.

Волонтерство подразумевает участие отдельных людей в общественно полезной деятельности и не предполагает какого-либо материального вознаграждения. Оно дает возможность человеку почувствовать себя гражданином, принять участие в социальном развитии общества. Любой поступок добровольца влечет за собой не только конкретное действие, но и положительный пример, который могут повторить окружающие.

Волонтерская деятельность широко распространена во всех странах мира. Причем труд волонтеров с каждым годом становится все более значимым ресурсом мировой экономики. Волонтеры – это добровольцы, осуществляющие социально значимую деятельность по своей воле посредством личного вклада и предлагающие свою помощь безвозмездно.

Волонтерская деятельность способствует изменению мировоззрения самих людей и тех кто рядом и приносит пользу, как государству, так и самим волонтерам которые посредством волонтерской деятельности развивают свои умения и навыки удовлетворяют потребность в общении и самоуважении осознают свою полезность и нужность получают благодарность за свой труд развивают в себе важные личностные качества на деле следуют своим моральным принципам и открывают более духовную сторону жизни [6].

Каждая страна, исходя из своих социальных, экономических и культурных условий применяет собственную модель регулирования волонтерской деятельности. Благодаря этому, в большинстве случаев сегодня, волонтеры могут рассчитывать на возмещение своих расходов, таких как проезд, питание (если работали целый день), обеспечение ночлегом (в случае если доброволец прибыл с другого города) и т.п.

Тем не менее, говоря, что волонтеры только отдают свое время и силы и ничего не получают взамен ошибочно, ведь волонтеры получают выгоду в виде новых навыков и умений, опыта, саморазвития, общения, расширения кругозора, а также, что немаловажно, внутреннего удовлетворения чувства долга. Другими словами, получают выгоду, но не в материальном виде.

Законодательное регулирование необходимо для гарантирования волонтерам защиты. В Казахстане Закон «О волонтерской деятельности» был принят 30 декабря 2016 году. В Законе РК под волонтерской деятельностью понимается добровольная социально направленная деятельность, которая выполняется по свободному желанию, а также общественно полезная деятельность, осуществляется на безвозмездной основе в интересах как физических, так и юридических лиц. Согласно закону, волонтерами могут выступать физические лица, достигшие 18 лет; кто не достиг этого возраста, может осуществлять волонтерскую деятельность при условии, что она не причиняет вред их здоровью и нравственному развитию, а также не нарушает процесс обучения; лица, не достигшие 14 лет, могут участвовать в волонтерской деятельности, предоставив письменное согласие родителей (иных законных представителей) или в их сопровождении. На работы, связанные с предупреждением и ликвидацией последствий чрезвычайных ситуаций, допускаются только волонтеры старше 18 лет.

Волонтерская деятельность в Казахстане может осуществляться в трех формах:

- 1) индивидуальной волонтерской деятельности;
- 2) волонтерской деятельности в составе группы волонтеров;

3) волонтерской деятельности через волонтерскую организацию.

Указом Президента РК №135 от 26 августа 2019 года, 2020 год объявлен Годом волонтера. Это даст импульс для развития и популяризации волонтерского движения в стране, а также поможет решить проблемы, с которыми сталкиваются добровольцы.

В Казахстане с помощью волонтеров проходят крупные мероприятия, такие как Зимняя Универсиада 2017 года, прошедшая в Алматы, задействовала 3000 волонтеров, из которых около 100 волонтеров иностранцы из 20 стран, России, Китая, Кореи и других государств. Поучаствовать в качестве волонтеров хотело большее количество людей, по официальной информации на сайте зарегистрировалось более 5000 кандидатов. Первое мероприятие в стране, сплотившее в одном месте 4,5 тысяч волонтеров, это международная специализированная выставка «ЭКСПО-2017». На выставке работали волонтеры со всего Казахстана и около 150 волонтеров из 46 стран мира.

Волонтеры в нашей стране не только помогают организовывать крупные, международные мероприятия, но и помогают людям в тяжелые моменты, так, после взрывов на складе боеприпасов в Арысе, множество людей со всей страны добровольно откликнулись и оказывали помощь и поддержку жителям и пострадавшим от взрывов в Арыси. Некоторые помогали с сортировкой гуманитарной помощи, поиском пропавших людей, добровольцы оказывали психологическую и юридическую помощь. Авто-волонтеры помогали в доставке продовольствия. В своем твиттере Президент Касым-Жомарт Токаев отметил деятельность добровольцев и выразил благодарность волонтерам: «Выражаю благодарность всем казахстанским волонтерам за большой, полезный труд во имя благополучия жителей Арысь. Им сейчас действительно трудно. Государство поможет им. Город и жильё восстановим».

Благодаря развитию социальных сетей, в каждом регионе есть свои сообщества, такие как клубы добряков, которые организуют сборы средств на помощь нуждающимся в этом людям, или организуют акции в виде субботников, помощи по дому ветеранам ВОВ, поддержки людей с тяжелыми заболеваниями. В настоящее время в связи с распространением пандемии COVID-2019 волонтеры по всей стране сплочены одной деятельностью, помогают доставкой продуктов пожилым людям, которые находятся в особой группе риска.

В Казахстане уже имеется единая информационная платформа волонтера «QAZVOLUNTEER.KZ», на которой могут регистрироваться волонтеры и организации. Платформа поможет в продвижении волонтерских проектов, а также организациям привлекать волонтеров. Также в этом году был открыт республиканский фронт-офис волонтеров Birgemiz, это централизованная площадка, позволяющая на республиканском уровне координировать и вести мониторинг волонтерских проектов по всей республике. Планируется организовать работу call-центр с

единым номером при фронт-офисе, где можно получить всю интересующуюся информацию по вопросам волонтерства бесплатно.

Развитие волонтерства в стране проходит по 7 ключевым направлениям:

1. «Bilim» - образовательное направление,
2. «Qamqor» - направление по оказанию помощи людям, оказавшимся в трудной жизненной ситуации, помощь пожилым людям, людям, которые находятся в учреждениях со специальным уходом, людям с особыми потребностями;
3. «Sabaqtastyq» - наставничество,
4. «Saýlyq» - медицинское направление,
5. «Taza Alem»- экологическое направление,
6. «Asyl muga»- направление по сохранению духовно-культурных и исторических ценностей,
7. «Umit» - направление по ликвидации техногенных катастроф, ЧС.

Как мы видим, сегодня в Казахстане существует более 200 волонтерских организаций и более 50 тысяч человек вовлечены в волонтерскую деятельность. С помощью волонтеров проводятся как масштабные мероприятия, так и акции на местном уровне. Для реализации важных социальных программ необходимо большое количество волонтеров, в связи с этим необходимо популяризировать волонтерскую деятельность среди населения делая акцент не только на студентах и молодых людях, но и на гражданах среднего возраста. Для качественной, систематической волонтерской деятельности необходима эффективная инфраструктура на уровне страны в целом, что позволит быстро и эффективно мобилизовать добровольцев в случае необходимости. Также нужно не забывать и о корпоративном волонтерстве, его также необходимо популяризировать и развивать в Казахстане. Поддержать человека в его желании и стремлении оказать помощь нуждающимся - это задача государства и правовой базы, регулирующей волонтерскую деятельность.

С прошлого года Министерством образования и науки совместно с Министерством информации и общественного развития запущен проект социальный студенческий кредит. Проект направлен на поддержку студентов волонтеров дневной формы обучения.

Тем не менее, согласно проведенному исследованию Национальной волонтерской сети Казахстана совместно с United Nations Volunteer и экспертами по развитию волонтерства, выявили популярные проблемы в развитии волонтерства:

- отсутствие или недостаточное обеспечение волонтерских проектов ресурсами,
- отсутствие необходимых знаний, для осуществления волонтерского проекта,
- сложности с привлечением волонтеров в свои проекты.

Литература:

1. Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства. Послание Президента Республики Казахстан – Лидера нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана. – Алматы: ЮРИСТ, 2013. – С. 9.
2. Назарбаев Н.А. Социально-экономическая модернизация – главный вектор развития Казахстана // Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана. – Алматы, 2012. – С. 9.
3. Караваев Г.А. Внутренний мир и социальная активность личности // Вопросы преподавания философии и общественных наук. 2001. с.64-69
4. Каргаполова Ю. В. Теоретический анализ основных подходов к определению понятия «социальная активность» // Молодой ученый. 2014. №21. С. 575-577.
5. Коровкин В.Ю. Совместная деятельность школы и родителей. М.: Издательство МГУ, 2011. -167 с.
6. Волонтерство и добровольчество в современной школе / Составители: Кривошеина О.А., Денисова А.В. Редактор: Кочубей Н.И.-М.: ППЦ «Здоровье», 2014. – 127с.

БАЛА БОЙЫНА РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

ДЕМБЕРГЕНОВА ШАМШИЯ БАЯНОВНА

Атырау қаласы

Ж.Қаражігітов атындағы №16 мектеп - лицейдің

жоғары санатты мектеп алды даярлық сыныбының мұғалімі

Әр баланың ішкі мүмкіндігі мен өзіндік қарымын дамытуға әсер ететін рухани-адамгершілік қағидалары жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуының, өзін-өзі жүзеге асыруының аса қажетті шарты болып табылады. Балаға тек белгілі білім негіздерін меңгертіп, олардың бойында рухани-адамгершілік қайнарын сіңіріп, мінез-құлқын тәрбиелеуге, жалпыадамзаттық құндылықтарды, адамгершілік қағидаларды ғұмыр бойы басшылыққа алып өмір сүретін тұлға қалыптастыруға бет бұру қажет. Ол үшін әлеуметтік тәрбиедегі - адамның ең жақын өмірлік ортасымен және мақсатты тәрбиенің (отбасылық, рухани-адамгершілік, азаматтық, құқықтық, діни, т.б.) жағдайларымен өздігінен әрекеттесуде нәтижеге қол жеткізу, адамның белгілі рөлдерге, нормативтік ұстанымдарға, әлеуметтік көріністер үлгілеріне белсенді бейімделуін жүзеге асыру, адамның әлеуметтену үдерісінде едәуір мақсатты дамуы үшін жоспарлы түрде жағдай жасауға көңіл бөлу керек. Жас ұрпақтың өзінің ішкі әлеміне терең бойлау арқылы рухани адамгершілік тұрғысынан кемелденуін, рухани тағлымды меңгеруін, өзін-өзі жан-жақты зерттеуін, түсінуін, бойындағы құндылықтарды бағалай білуін, өзінің жалпы адамзаттық құндылықтар кеңістігіне қатыстылығын түсініп, өмірден өз орындарын табуға және өз күштеріне сенетін жан-жақты, жаны мен тәні үйлесім тапқан жан ретінде қалыптастыру көзделеді.

Осы орайда, ұстаз өзін жақсы адам ретінде тәрбиелеу үшін ең алдымен өзін-өзі тани білуі тиіс. Өзін-өзі тани білу өзіндік сананың қалыптасуынан туады. Өзіндік сана дегеніміз– ең алдымен тұлғаның өзінің рухани және дене күшін, әрекеттері мен ой-сезімдерін тануы. Ол тұлғаның өзін қоғам мүшесі ретінде, қоршаған ортамен, адамдармен қарым-қатынасын тануы. Өзіндік сана адамгершілік сананың дамуына ықпал етеді және рухани-адамгершілік құндылықтарды саналы түрде бойына сіңіреді. Руханилық– жеке тұлғаның негізгі сапалық көрсеткіші. Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады. Ар-ұят, өзін-өзі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Мұның өзі мейірімділікке, ізгілікке шақырады. Адамгершілік–қоғамдық қасиеттердің дамуы мен тарихи-мәдени, рухани қажеттіліктің нәтижесі ретінде – қоғамдық сананың ең басты белгілерінің бірі болғандықтан, адамдардың мінез-құлқын, іс-әрекетін, қарым-қатынасы және көзқарасын сипаттайды. Адамды құрметтеу, оған сену, әдептілік, кішіпейілділік, қайырымдылық, жанашырлық, ізеттілік, инабаттылық, қарапайымдылық, қамқорлық, сыпайылық, батылдық т.б. Адамгершілік–ең жоғарғы құндылық деп қарайтын жеке адамның қасиеті, адамгершілік және психологиялық қасиеттердің жиынтығы. Адамгершілік– адамның рухани байлығы. Құндылық – ұмтылыстар мен мақсаттардың, ал абсолюттік мағынасында – болмыстың мәні болып табылады.

Ұлттық құндылықтар: ұлттың тілі, ділі, діні, салт-дәстүрі, әдеп-ғұрпы, тарихы, мәдениеті, өнері, әдебиеті, музыкасы, ата мұрасы және т.б. Осы құндылықтардың мәні не, маңызы қандай, мақсаты неде дегенге келетін болсақ, құндылықтардың әрқайсысы адам баласының өмірлік ұстанымына тікелей әсер-ықпал етіп, жеке тұлғаның бағыттылығын, оның сенімдерін, дүниеге көзқарасын, идеалдарын, ұмтылыстарын, өмір сүру түрін еркін таңдай алуын өз бетінше іске асырып, жеке тұлғаның әлеуетін барынша ашуға мүмкіндік береді. Еліміздің білім беру жүйесінде жас ұрпақты ұлттық құндылықтар негізінде руханилық пен адамгершілікке бағдарлап білім-тәрбие беру ісі өткір мәселе болып саналады. Осы тұрғыдан алып қарағанда ұлттық құндылықтарды дәріптеуді, оны білім мазмұнына енгізу арқылы ұлттық тәрбие беруді, оны үздіксіз білім берудің көзіне айналдыруды, оның тереңдігі мен рухани шындығын балалық кезден бастап сіңіруді мұрат ету маңызды. Бұл орайда, ұлттық тәрбие беру желісі нені тұтқа етеді деген мәселеге келсек, мұндағы басты құрал оқу материалдары, яғни тақырыбы мен мазмұны жағынан жастардың рухын тербететін, жанын елжірететін, масаттандыратын, табындыратын, әсемдік сезімін, ар-намыс сезімін оятатын, білуге құмарлыққа, ақ көңілділікке, ерлікті көксеуге, күш-қайратты шыңдауға ұмтылдыратын – нағыз ұлттық, қазақша ойлайтын, қазақша сөйлейтін, тілеуі, қалауы, арманы қазақша болатын, өз бойынан ата-бабасының қаны мен рухын сезінетін, өз халқының би, батыр, шешен, даналарының өнеге-үлгісін ұстанатын, елінің тағдырына, тарихына жаны тебіренетін–көркем шығармалар, адамгершілік бастаулары, әдептілік қағидалары, өсиет әңгімелері, шешендік сөздері және т.б.

Мектептің ұйымдастырушы тәртіп орталығы ретіндегі қызметінің ең маңызды бағыттарының бірі-мектептің, отбасының және жұртшылықтың күшін біріктіргенде бірлескен жұмыстың нәтижесі болмақ. Бұл жұмыстың мазмұны, әдістері мен түрлеріне қарай өзіндік ерекшелігі болады. Ол әрекеттің өзіндік ерекшелігі бірқатар факторларға байланысты. Олар педагогикалық үдерістің объективті заңдылықтарын білу; қазіргі жағдайдағы мектептің әлеуметтік қызметіне қанық болу, қазіргі отбасының ерекшеліктері мен даму тенденцияларын түсіну, мұғалімнің, ата-аналар, жұртшылық өкілдерімен жас ұрпақ тәрбиесіне байланысты жұмысқа тәжірибелік тұрғыдан дайын болуы.

Мектеп балалар тәрбиесі мен отбасы тәрбиесін педагогикалық басқарудағы тікелей іске асыратын маңызды әлеуметтік институт болып табылады. Жас ұрпақты өмірге дайындауда жаңа сапалық белгілер қалыптасып, дербестікті дамыту, кәсіптік бағдар, білім алу және өздігінен білім алу, қабілеттерді анықтау және дамыту сияқты мәселелерге ерекше маңыз бере бастады. Мектептің, отбасының және жұртшылықтың тәрбиелік қызметінің біртұтастығы мектептің мақсатты түрде жүргізген жүйелі жұмыстарының нәтижесі. Ал бұл нәтиже қазіргі заманғы білім беру ұйымдарына қойылатын басты талаптарда көрсетілген. Белгілі педагог В. А. Сухомлинскийдің еңбектерінде «мектептік-отбасылық тәрбие» ұғымы кең қолданылады. Оның пікірінше тәрбиені мектептік немесе отбасылық деп қарастыруға болмайды, өйткені бала тұлғасы біртұтас және оны қалыптастыру үдерісі де біртұтас сипат алады. Міне, осындай біртұтас тәрбие үдерісінде мектеп жетекші рөл атқарады. Мектеп отбасының тәрбиелік мүмкіндіктерін кеңейтеді және дамытады, осы бағытта педагогикалық ағарту жұмыстарын жүргізеді, қоғамдық және мектептен тыс ұйымдардың мектеп пен отбасына белсенді түрде көмек көрсетуін ұйымдастырады және бағыттайды, олардың әрекеттерін үйлестіреді. Мектеп басшысының, сынып жетекшісінің жұмыс жүйесі ең тиімді түрлер мен әдістер таңдап алу арқылы ұзақ жылдар барысында қалыптасады.

Қазіргі адамзат баласы бастан кешіріп отырған тез арадағы өзгермелілік, ғаламдану, коммуникациялық құралдардың қарқынды даму дәуірі өмір салтын, қарым-қатынас пен ойлауды өзгертуге әкелді. Ал мұның өзі игіліктерге қол жеткізудің жаңаша әдіс-тәсілдерін ашуға мүмкіндіктер береді. Мұндай жағдай адам интеллектісін, оның қабілетін қайта жасаушы, жасампаздық әрекеттерге бағыттайды. Ендеше жеке тұлға өзгермелі әлеуметтік және экономикалық жағдайларда өмір сүруге бейімделіп қана қоймай, шынайы өмірге белсенді ықпал ете алатын, өмірді жақсартуға, кемелдендіруге атсалысатын тұлға болуы тиіс.

Өзімізден кейінгі ұрпақты қайтсек жаман әдет-қылықтан аулақ қылып, рухани-адамгершілік қасиеті жоғары, рухани-адамгершілік білім нәрімен сусындаған әр адам өзін, өзі арқылы өзгені тануда мейірімді, қайырымды, кешірімді, ақыл-ойы толысқан, бойында «ұят», «ар», «намыс» секілді қасиетті ұғымдардың қалыптасуымен ізгі қоғам құруға қатыса алады.

Білімді, тәлімді азаматтар тәрбиелейміз десек, оған қоғам болып атсалысуымыз қажет, әрбір қазақстандық тұрғынды қазіргі өсіп келе жатқан жастардың ой-талғамы, өрескел әдет-қылығы бейжай қалдырмауы керек.

Пайдаланылған әдебиет:

1.Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. Алматы. «Рауан», 1998.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БІЛІМ АЛУ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

ЕРИМБЕТОВА ГУЛЖАЗИРА НАЛЖИГИТОВНА

Түркістан облысы

Жетісай ауданы

№49 «Сырдария» жалпы орта мектебінің

тарих пәнінің мұғалімі

Бүгінде мектеп өзінің келбетін қарқынды өзгертуде. Бұл, ең алдымен, қазақстандық білім берудегі елеулі өзгерістерге байланысты. Мұғалімдердің алдында проблемалар туындайды: "Ақпараттандыру дәуірінде қалай оқыту керек?", "Сапаны қалай арттыруға болады, сабақта алған білім оқушыға бәсекеге қабілетті тұлға болуға қалай көмектеседі?".

Қазақстан Республикасында білім беру мазмұнын жаңарту өзінің алдына басты мақсат қояды: білім беру бағдарламасын жаңарту мәнмәтінінде мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру және критериалды бағалау жүйесін енгізу[1]. Жаңартылған бағдарламаның идеяларына сүйене отырып, мен өзіме басты педагогикалық міндет қойдым – оқушыларға бағыт-бағдар беру үшін серіктес болу, жол сілтеп отыру, кез-келген кішігірім қателіктерін жеңе білу, өмірдегі жеңістеріне қуана білу. Біз балаларға өмір бойы қолданатын білім мен өмірлік дағдыларды қалыптастырамыз, бұл менің мұғалім ретіндегі ең маңызды мақсатым. Сондай-ақ, менің тәрбиеленушілерімнің әрқайсысы үлкен жетістіктерге қол жеткізгенін қалаймын, және олар болашақта кім болатынына қарамастан, ең бастысы-олар өз елінің құндылықтарын сақтайтын, қорғайтын, құрметтейтін нағыз азамат болғанын қалаймын! Ал сол құндылық дегеніміз не?

Психологтар «ұстаным» ұғымын адамның іс-әрекетке бейімділігімен байланыстырады. Социологтар оны *негізгі құндылық* есебінде атап көрсетеді. Мұғалімнің ұстанымы оның көзқарастарын қалыптастыру барысына зор ықпал етеді, ал көзқарасы белгілі бір шешімдердің қабылдануы мен сыныптағы іс-әрекеттерді түсіндіру көзі болып табылады. Сондықтан кез келген мұғалімнің оқыту құралдары оның өз болжамдарының, білімі мен ұстанымының, көзқарастарының жиынтығынан тұруға тиіс. Бұл элементтердің барлығын жинақтасақ, жеке тұлғаның

ерекше «білім беру сызбалары» құралады. Пажарес оқыту стилін таңдау кезінде мұғалімнің білімділігінен гөрі ұстанымға негізделген ой-тоқтамдарының ықпалы күштірек деп сендіреді: оқыту үдерісінде қалыптасқан көзқарастар мұғалімнің сыныптағы барлық іс-әрекеттеріне әсер етеді. Әдістемелік құралдар немесе оқулықтардан гөрі мұғалімнің сыныптағы іс-әрекеттеріне пәннің қалай оқытылуы керектігі жөнінде әбден қалыптасып қалған пікірлер анағұрлым күштірек ықпал етеді [3].

Құндылық–тәрбие мен оқытудағы адамгершілікке бағытталған мұраттар. Оларға меймандостық, кісілік, сыйластық, имандылық, кішіпейілділік, салауаттылық, қайырымдылық, ізгілік, еркіндік, өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық, сыпайылық, мәдениеттілік, шығармашылдық, рухани байлық, махаббат сынды қасиеттер жатады.

Құндылықтар туралы алғашқы түсінік ежелгі грек ғалымы Сократтан бастау алды. Сократ үшін құндылық «адамның өмірді бағалауы» екен. Ал Аристотель «жақсылық», «игілік» ұғымдарын жағымды мінез-құлықты, рухани құндылықты бейнелеуде қолданды. Рухани адамгершілікке ғылым ретінде этиканы белгілеген Аристотельдің пайымдауында «этиканың мақсаты–таным емес, ізгілікке үйрету.Этикалық зерттеулер рухани–адамгершілік дегеннің не екендігін білу үшін емес, осы рухани адамгершілікке жетудің жолдарын үйрету үшін қажет, олай болмағанда бұл ғылымның пайдасы болмас еді»- дейді [2].

Құндылыққа бағытталған материалдардың білім берудің базалық мазмұнына енгізу мәселесі рухани адамгершілік және жалпыадамзаттық құндылықтарды жаңғыртуға байланысты өзекті мәселеге айналып отыр. Сондықтан да қазіргі білім мазмұнында ынтымақтастық оқу – оқыту мен оқуға білім беру тәсілі, бұл проблемаларды шешу, тапсырмаларды орындау немесе әлдебір өнім жасау үшін бірлесіп жұмыс істейтін оқушылар тобы дегенді білдіреді. Ынтымақтастық оқу оқуды табиғи әлеуметтік әрекет ретінде қабылдауға негізделген, оған қатысушылар бір-бірімен әңгімелеседі, және осы әңгімелесу арқылы оқуды жүзеге асырады. Педагогикада ынтымақтастық оқу тәсілдерінің саны жеткілікті, бірақ та бірлескен оқу үдерісінің негізгі сипаттамалары мынадай:

1.Оқу оқушылар ақпаратты игеретін және өздері игерген мәліметті бұған дейін меңгерген білімдерімен байланыстыратын белсенді үдеріс болып табылады.

2.Оқу тапсырмаларды орындау үшін механикалық есте сақтау мен қайталау емес, құрдастардың белсенді қатысып, ақпараттарды өңдеуі және қорытуын талап етеді.

3.Қатысушылар әр адамдардың көзқарасымен танысудан пайда алады.

4.Оқу оқушылардың әңгімелесу кезіндегі әлеуметтік ортасы жағдайында жетіледі. Осы зияткерлік гимнастика кезінде оқушылар ой-пайымдарының негізін құрып, мәнін ұғады.

Ынтымақтастық оқыту жағдайында білім алушылар түрлі көзқарастағы пікірлерді естіп, өздерінің идеяларын дұрыс қалыптастыруды және оны

қорғай білуді үйренетіндіктен, олардың алдына әлеуметтік, сондай-ақ эмоционалдық тапсырмалар қойылады. Сол арқылы, білім алушылар өздерінің ұғым-түсініктерін қалыптастырып, және де оқулықта ұсынылған түсініктерге немесе сарапшылардың пікірлеріне ғана сенуден бас тартуды үйрене бастайды. Яғни, ынтымақтастық оқыту барысында білім алушылар құрбы-құрдастарымен қарым-қатынасқа түсуге, өз пікірлерін айтуға және оны қорғауға мүмкіндік алады[3].

Жалпы алғанда, топтардағы бірлескен жұмыс төмендегі мақсаттарда жүзеге асырылады:

Әлеуметтік тұрғыдан:

- Тәжірибемен және идеялармен алмасады;
- Мәселені бірлесіп шешудің амалын табады;
- Барынша жоғары ұжымдық нәтижелерге қол жеткізу

Танымдық тұрғыдан:

•Жұмыстың баламалы амалдары туралы идеяларды ұсыну және пікір алмасу;

- Маңызды дағдыларды және түсініктерді дамыту

Эмоционалдық тұрғыдан:

- Топтың жекелеген мүшелерінің білімі мен тәжірибесіне сүйену;
- Күрделі тапсырмаларды орындау үшін қолайлы ортаны қамтамасыз

ету

Топтық жұмыстың артықшылығын барынша күшейту үшін, мұғалімдер және олардың оқушылары қадағалау жүргізудің және қарым-қатынас жасаудың жеке тұлғалық ерекшеліктерін, өзінің пікірін білдіру және басқаларға қолдау көрсету дағдыларын біліп, оларды дамыта алғандары маңызды [3].

Абай атамыз «Артық ғылым кітапта, ерінбе оқып көруге» деп шегелейді. Әрине, мұндай керемет теңеулерді келтіре беруге болар, бірақ соңғы уақыттары адамдар осындай жан азығынан, рухани байлықтан қол үзіп бара жатқанын мойындауымыз керек. Кітап – қоғам мен адамның арасындағы маңызды фактор. Ел қатарлы мемлекет болудың рухани-мәдени көрсеткіштері осында жатыр. Кітап арқылы келешек ұрпаққа бүгінгіміз тарих болып жазылып, ертеңгі мұра болып қалмақ.

Кітаптың оқырманға жететін қасиетті орны кітапхана екендігі ертеден белгілі. Ұлттық мәдени кодымыз оқу арқылы қалыптасатыны да сөзсіз. Демек, оқу әлеуметтік қарым-қатынас формуласының бірі ретінде қалыптасқан. Ертеңгі күніміз бүгінгі күнге байланысты. Сондықтан да оқуға жан-жақты бейімделу аса қажет, деп ойлаймын. Мектеп өмірінен басталатын оқу процесі бүкіл өмірімізбен бірге жүруі қажет.

Бүгінгі күнде үздіксіз білім алу ғасыры депте атауға болады. Оқу әр түрлі жастағы адамның жаңа білім мен дағдыларды алуына бағытталған. Егер адам оларды мағыналы игеріп, қолданса, нәтижесінде тұлғаның дамуы жүреді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Н.Назарбаев. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. 2017.

2.

https://ziatker.kz/docx/bayandama_ulttyq_qundylyqtar_arqyly_tarbie_bery_4198_2.html

3. Мұғалімге арналған нұсқаулық. III деңгей. НЗМ ДББҰ 2012.

ОҚУШЫ БОЙЫНДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСУДА МЕКТЕП ПЕН АТА-АНАНЫҢ РОЛІ

ЕРМУХАНОВА АЛМИРА ЖОЛАНОВНА

Ақтөбе облысы

Хромтау қаласы

№ 4 орта мектебінің

жоғары санатты

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін, білімін, адамзаттық мәдениетті, адами қасиетті мол терең түсінетін шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу өмір талабы, қоғам қажеттілігі.

Ұлттық мәдени құндылықтар дегеніміз не? Қарапайым тілмен айтқанда ұлттық мәдени құндылықтар – белгілі бір ұлтқа, ұлт азаматына тән зат, адами қадір-қасиет, яғни халық ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар. Ұлттық құндылықтарды іріктеп, оқыту процесіне енгізу арқылы ұлттың тұнып тұрған асыл мұралық рухани байлығынан болашақта ел билейтін ұрпақтарды сусындатып, отбасында да, мектепте де ұлтжандылық пен отаншылдыққа баулып, қз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеп шығару.

Оқушыны ұлттық тәрбие арқылы дамыта отырып, нақты әрекет арқылы оқытуда төмендегі құндылықтардың болуы қажет;

Белсенді қарым-қатынас; оқушы мен мұғалімнің әрбір мәселеде өз қозқарастарын білдіріп отыруы;

өзіндік тәртіп: өзіндік бақылау мен бағалауды, шешім қабылдауды үйрену және оны дамыту;

шыдамдылық: әр түрлі пікірлерді қабылдай алу, бір-бірінің пікірлері мен ерекшеліктерін құрметтеу, қабылдау.

Қазақ халқының ғасырлар тұңғиығынан бері тарихымен біте қайнасып келе жатқан ұрпақ тәрбиелеудегі тәжірибелері бізге сол рухани мәдениет, этикалық, эстетикалық құндылықтарын құрайтын ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, әдеби, музыкалық, кәсіби, тұрмыстық фольклорлар мазмұны арқылы жетіп отыр. Сонымен бірге ұрпақ тәрбиесіне, жалпы халықтың рухани дамуына байланысты ұлттық тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерді: Қорқыт ата, Әл-Фараби, Қожа Ахмет Иассауи, Мұхамед Хайдар Дулати, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Асанқайғы, т.б. қазақ ақын- жырауларының мұраларынан, билер мен шешендердің тәлімдік сөздерінен көреміз.

Әр адам өзінің ұлттық тамырын, әдет-ғұрпын, мәдениетін түсіне алады. Өз халқына деген сүйіспеншілігі, өзінің туған жеріне өз халқы өмір сүретін ортаға деген сезіммен ұласып жату керек. Халықтық әдет-ғұрып, салт-санасының байлығы, патриоттық сезім Отанға деген сүйіспеншілігін қалыптастырады.

Қазақ отбасында балаға тілі шығып, анық сөйлей бастаған кезден-ақ, ағайын туысты, нағашы жұртын, ата-тегін, руын, ел жұртын білдіруге ерекше көңіл бөлген. «Жеті атасын білу» заң болған. Ата-бабаларымыз өз тегінің шығу тарихын білуді әр азаматқа парыз деп ұққан. «Жеті атасын білмеген ер жетім», «Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер» деген аталы сөз содан қалса керек. Баланың өзі шыққан тегін білуі оның азаматтық, елжандылық, отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастырады деп есептеген.

Қазақ халқының салт-дәстүрінің ұрпақ тәрбиесіне қосар үлесі аса зор, мәні үлкен. Ендеше құрметті ата-аналар, ұстаздар оқушыларымызға білім беру барысында ұлттық салт-дәстүрлерді пайдалану олардың ұлттық рухты қалыптастыруға мол үлесін қоспақ. «Баланы жастан» демекші, мектеп оқушыларының санасына халқымыздың тәрбие негізі, асыл қазынасы – салт-дәстүрлерін дұрыс жеткізе білсек, ертеңгі күні олардан зор ұлтжанды қазақ азаматы шығатынына кәміл сенуге болады.

Қазақ отбасының осындай өнегелері жеке бастың мінез-құлқы мен рухани мәдени құндылықтарын қалыптастырудың баспалдақтары болды.

Сонымен, қазақ отбасы тәрбиесіндегі мәдени құндылықтары деп төмендегілерді айтуға болады:

1. Жетілген адам, яғни «Сегіз қырлы, бір сырлы адам» тәрбиелеу.
2. Отанды, халқын, жерін, елін сүю. «Атаның ұлы емес, халықтың ұлын» тәрбиелеу.
3. Адал, арлы азамат тәрбиелеу, яғни «Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы».
4. Жеті атсын білуге тәрбиелеу. «Жеті атасын білмеген жетесіз».
5. Отбасы шежіресі және мұрагерлік (туыстық қарым-қатынас, үш жұрт, отбасындағы кенже ұлдың ерекше рөлі). Ата-баба дәстүрін жалғастыру.

Оқу мен тәрбие егіз. Оны бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Тәрбиенің өзі күнделікті сабақтың әрбір кезінде-ақ оқушы бойына сіңе бастайды.

Қазіргі кезде халықтық педагогика элементтерін бастауыш сыныптарда қазақ тілі, ана тілі, математика, дүниетану, бейнелеу өнері, дене шынықтыру сабақтарында кеңінен қолданудың маңызы артып келеді. Мысалы: математика сабағында ақыл-ой қабілетін дамытатын ойындармен, ән-күй сабақтарында түрлі әуендермен, дүниетану сабағында табиғи денелерді қолдануды және хайуанаттар дүниесін елестететін ойындармен танысады. Оқушыларды жоғары мәдениетті адам етіп тәрбиелеу сіздер мен – біздің басты міндетіміз.

Қоғамның белгілі қайраткері, ақын М.Шахановтың «халықта ең бірінші ұлттық рух болуы керек» дегенін әр кез есте сақтап, еліміздің жарқын болашағы үшін атсалысуымыз қажет. Ол үшін біз, ұстаздар қауымы оқушыларға салт-дәстүрлерді жай ғана үйретіп қана қоймай, олардың тәрбиелік түп-тамырын, мәнін, алтын дінгегін түсіндіре білуіміз керек. [2] Ұлттық тәлім тәрбиенің іргетасын дұрыс қалай білу мұғалімдердің ата-аналармен қосылып жүргізген шараларына байланысты болмақ. Өйткені, бірінші ұлттық тәрбиенің ошағы – отбасында, екінші – мектепте болғандықтан, ата-ана мен мектеп, яғни мұғалімдер мен жұртшылық тығыз байланыста болуы шартты нәрсе дей келе мектебімізде ата-аналармен бірлесіп көптеген іс-шаралар өткізіледі, атап айтсақ соның ішінде салт-дәстүрді дәріптеуде Наурыз мейрамы, Ораза Айт күндеріне байланысты имандылық тәрбиесі сынып сағаттарында өткізіліп тұрады.

«Ұяда не көрсең, ұшқанда соны аласың» демекші, ата дәстүріміздің қалыптаса беруіне отбасы тәрбиесінің ықпалы зор. Әйтседе, күнделікті тірлікте ортақ тәрбие құралы–бұқаралық ақпарат құралдарын баса пайдаланып келеміз.

Қазақтың айтулы қоғам қайраткері Мұстафа Шоқай былай дейді: «Ұлттық мәдениеттен жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды». [3]

Елдің туын көтеріп, тәуелсіздік талаптарын орындау ісіне батыл бетбұрыс жасаған бүгінгі таңда адамзаттық игіліктерді, халқымыздың ғасырлар бойы армандаған мәдени-рухани мұрағаттары мен ұлттық тәлім-тәрбие саласындағы, білім жүйесіндегі ізденістерін көрсету басты міндетіміз болып қала бермек.

Ұлттық тәрбие – біздің ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін асыл қазынамыз. Біздің ұлттық өнеріміздің, мәдениетіміз бен дәстүрлеріміздің алдыңғы қатарлы үлгілерін, тіліміздің орасан зор байлығын жас жеткіншектердің жан дүниесіне сіңіріп, сол арқылы әлемдік рухани өркениеттің өріне шығып, нәр алу–бүгінгі күн талаптарының маңыздысы. Ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойы ұрпағына азық болған ақыл-кеңес, өсиеттері, асыл мұрасы ұлттық рух, ұлттық мақтаныш, ұлттық намыс, ана тілі мен ұлттық мәдениетін қалыптастыру сезімін ояту – баршамыздың парызымыз. Сонда ғана ұлттық сана-сезімі толыққанды жетілген, туған тілін еркін білетін, ұлттық сипаты мен ұлттық рухын жоғалтпаған ұрпақ тәрбиелей аламыз.

Сонымен қорытынды келе, осындай халқымыздың маңдайына біткен ұлттық құндылықтарымызды, сонау өткен ғасырлардан өшпес мұра болып қалыптасып келе жатқан дархан халқымыздың таратқан үлгі насихаты асыл мұраларымызды өздеріңіздің талмай, қажымай еткен еңбектеріңіздің арқасында дарынды да тәрбиелі оқушылардың бойына сіңіріп, ұлттық мәдениетімізді әлемдік деңгейдегі мәдениетке жеткізіп сақтауға деген патриоттық сезімді қалыптастыруға бір кісідей атсалысайық!

Қолданылған әдебиеттер:

1.Б.И.Иманбекова. Тәрбиеге жетекші. Алматы, 2004.

2. С.Әбішқызы, Ж.Сарманов. «Ұлттық тәрбие – құндылығы мол дүние». 2008.
3. С.Әбішқызы, Ж.Сарманов. «БАҚ және Ұлттық тәрбие». 2004.
4. М.С.Керімбаева. «Ұлттық мәдениетті қалыптастырудағы мектептің қызметі». Астана, 2008 ж.
5. Жарықбаев Қ. «Психология негіздері» Алматы 2005.
6. Қоянбаев Ж.Б. Педагогика 2000.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ТҰЛҒАНЫ ДАМЫТУ

ЕРИМОВА АМАНГҮЛ ҚҰДАЙБЕРГЕНҚЫЗЫ

Ақтөбе қаласы

«№13 орта мектеп» КММ

математика пәні мұғалімі

Кез-келген мекемедегі, өндірістегі өнімділікке ықпал ететін басты құндылық – қызметкерлердің құзыреттілігі. Білім бар, білімді басқару бар. Ақпараттық заманда пәндік біліммен, қол жеткізген дипломымызбен шектелу жеткіліксіз. Кешегі қашықтан оқытудағы бастапқы қиналысымыз осыны дәлелдейді. Жаһандану заманында жан-жақты болу, білімді өз бетімізше үйрену, 21 ғасырдың дағдыларын игеру педагогтерге де, болашақ мектеп тұлғаларымызға да қажетті сапа.

Қазіргі уақытта білім берудің алғашқы парақтарында «адам проблемасы» өзекті мәселелердің біріне айналып, «адам проблемасы» қазіргі ғылымда білім беру саласында толығымен зерттеуді қажет ете бастады. Білім берудің мақсатында – адамның өмір сүру ортасының мағынасы мен бейнесіне сәйкес, тұлғаны қалыптастыруға назар аударылуда. Білім беру саласының проблемаларының болжамдарында, әзірленген білім беру жүйесінің көмегімен – биосфералық, адамдағы ізгілікті, жоғары биологиялық және әлеуметтік сапаларды жасай, қазіргі заман талабына сәйкес білім беру қарастырылған.

Ұстаз қоғам сұранысына сай өз саласының білгірі болуы үшін, бүгінгі күн проблемасын тани білуі, тиімді оқыту әдістемесін меңгеруі қажет.

«Балаға білім бергенде, алыстан жақынға, таныстан жатқа көшіп, жаңа білімді ескі білімге байлап беру керек», – М.Жұмабаев айтқандай, оқыту үдерісіне жаңа көзқараспен қарау, жаңа өзгерістерді меңгеру – уақыт талабы [1].

Кез келген инновациялық үрдіс экспериментті жүргізу арқылы болжанады, яғни білім мониторингісі инновациялық білім беру технологияларын қолдану, білім беру құрылымын және мазмұнын жетілдіру, мақсатты белгілеу, басқару, ұйымдастыру тәрізді білім беру үрдісіндегі жетекші үрдістерді өзгерту арқылы дамытудың онтайлы жолдары мен білім берудің жаңа сапасына жету жолдары (педагогтың ақпаратты таба білуі, таңдай білуі және талдай білуі, өз бетімен жұмыс

жасау қабілеті, белсенділік танытуы т.б.) анықталады. Сонымен қатар оқушыларды бағалау жұмысын жетілдіру бойынша әдістемелік ұсыныстар даярлау, озат тәжірибені жинақтау және тарату, бейіндік оқытуға даярлық, оқу жоспарының жылжымалы бөлігін бағдарламалық және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету, оқу процесіне оқытудың жаңа технологияларын енгізуді жетілдіру, мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігі мен шығармашылығын дамыту шаралары т.б. міндеттер терең де жан-жақты талқылауды қажет етеді.

Бәсекелестікті дамытудың мүмкіндіктерінің бірі ретінде ғалымдар «Үш үштік» бағдарламасын таратуды ұсынады. Олар: денсаулық (денсаулықты нығайтуға мақсатты бағытталу), білім (табыс кепілі - білім) және жақын адамдарға қамқорлық көрсету (рухани-адамгершіліктік мәдениет) [2].

Бәсекелік күресте табысты компаниялар өздерінің барлық қызметкелерінің іскерлік және кәсіби өсуінің мүмкіндіктері мен шығармашыл кеңістік беру, өндірістік әлеуетін арттыру секілді өзіндік даму негізінде жоғарылатуға ұмтылған. Бүгінде экономистер бәсеке күресінің табысын басқарудың тиімділігі мен өндіріс мекемелерінен, сападан тікелей тәуелді басқару функциясынан көріп отыр. Бұл мысалы, басқарудың үнемді аппараты, шешім қабылдаудағы жоғары оперативтілік, кәсіби икемділік, жұмысшылардың айқын мотивациясы болып табылады.

«Бәсекеге қабілеттілік» ұғымы психологиялық-педагогикалық ғылымға А.Маслоу, О`Делла, Дж.Грейсон, К.Роджерс, Р.Мартенс, Э.Эриксон және т.б. шетелдік ғалымдардың зерттеулеріне байланысты енгізілді. Гуманистік психология өкілдері адамды өз өмірін белсенді құрушы, таңдау еркіндігіне ие, жеке өмір стилін дамытушы деп пайымдайды. А.Маслоу адамның өзін-өзі өзектендіруге құлшынысы арқылы жан-жақты жетілген тұлға бола алады деген көзқарасын білдіреді. К.Роджерс адамның мінез-құлқын өзін-өзі өзектендіру мотиві ретінде қарастырады. Ол адамға «жеке тұлғасын сақтау және дамытуда өзінің барлық қабілеттіліктерін дамыту тенденциясына ие» деген пікірін білдіреді. Басқа сөзбен айтқанда, тұлға құрылымының негізінде субъектінің қоршаған ортамен өзара қарым-қатынасқа түсуінде қалыптасатын және мінез-құлықты өзіндік реттеудің интегралды механизмі болып табылатын «Мен-тұжырымдамасы» жатыр [3].

Бәсекеге қабілетті тұлға — даму процестерінің күрделі динамикасын саналы түсінген және оның жүруі барысына әсер ететін әлеуметтік әрекеттер мен өзгерістердің субъектісі. Дамудың осындай көпқырлылығынан, қабілеттіліктерден, білім мен біліктен іс-әрекеттің алуан түріне белсенді атсалысуы үшін сондай көпбейнелі болу қажеттілігі туындайды. Ол өзіне тек материалды өндіріс сферасын қосып қана қоймай, сонымен қатар адамның өмірлік іс-әрекеті аспектілері ретіндегі дәстүрді сақтау және мәдениетті өзіндік ерекшелігі, коммуникация сапалары мен адамдардың өзара әрекеттестігі, уақытты шығармашылықпен қолдану, өз денсаулығын қамтамасыз ету мен сақтауды кірістіреді. Бәсекеге қабілеттілікті бұртұтас мағынада адамның шешім қабылдауға қабілеттілігі

мен оны орындауға жауапкершілік алуы болып түсініледі. «Бәсекеге қабілеттілік» ұғымы адамның физикалық және интеллектуалдық сапаларының жиынтығын, сондай-ақ өмірлік жағдаяттарға өз бетінше және тиімді шешім қабылдай алуды, басқа адамдармен сындарлы қарым-қатынаста болу үшін жағдай жасауды болжалдайды.

Оқытудың қандай жолы қолданылса да, қарастырылатын екі көзқарас болады. Біріншіден, оқушының жеке тұлға екендігі және әлеуметтік нысан ретіндегі келешегі, екіншіден, оқытудың оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынастың нәтижесі ретінде қарастырылуы. Табысты оқыта отырып, құзырлы мұғалім- алдындағы оқушының жан дүниесін жақсы түсіне білуі керек. Табысты оқыту дегеніміз- бұл Ли Шульманның зерттеуі бойынша айтқан «Мұғалімнің үш көмекшісі» - «бас», «қол», «жүрек» арқылы оқушылардың оқытуын жақсарту болып табылады. Оқытуды жақсарту үшін сапаға тоқталамыз [4].

Сапалы оқыту-мұғалімнің қолданатын сан алуан әдіс-тәсілдері арасындағы байланыс болып табылады, яғни оқушылардың қоршаған орта жағдайы және оқыту, білім алу мүмкіндіктерінің бірлігі, жиынтығы ретінде қарастырылады. Оқытудың сапасын қалай анықтаймыз? Оны екі тәсіл арқылы анықтауға болады. Біріншісі, мұғалім жұмысының тиімділігіне және оқушылармен өзара байланысының қаншалықты дамығанын анықтау барысында жүргізіледі. Екіншіден, жай ғана кәсіби міндеттерді жауапкершілікпен орындағаннан гөрі, көбірек күш-жігерді талап ететін сапалы әрі табысты оқытуға ерекше көңіл бөлу арқылы жүргізіледі.

Д.Дьюидің еңбектерінде «еркін кәсіпкерлік» жағдайында «әр түрлі жағдаяттарға ептілік таныта білетін» тұлғаны қалыптастыру идеялары көрініс тапты. Ғалым өмірді бірінші орында, ал оқыту осы өмір себебімен мүмкіндікті деп есептейді. Д.Дьюи қазіргі оқыту тәжірибесіндегі ең басты кедергіні «пәндік мазмұнды әлеуметтік мәнмәтіннен оқшаулау» деп көрсетеді. Ол мұғалім тек оқушыны дамытып қоймайды, сонымен қатар өзінің де жеке қасиеттерін жаңаша тұрғыдан ашуына мүмкіндік алады. Мектептің өзін-өзі дамыту әрекеті жүзеге асты, мұның көзі-мұғалім шығармашылығында, олардың инновациялық зерттеу әрекетінде жалпы білім беретін мектеп мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетін қалыптастырудың алғы шарттары: инновация туралы білімі; инновациялық іс-әрекет диагностикасын меңгеру; инновацияны тәжірибеге ендіру жұмыстарын практикада дұрыс қолдану.

Ол оқытудың басты мақсатын «жастарды келешектегі міндеттіліктерін орындауға даярлау және өмірде табысқа жету мүмкіндіктерін тарату» деп түсінеді және адамды жүйелі ойлауға күшпен әсер етуге қабілетті ойлаушы қайраткер ретінде қарастырады. Адам өзінің жаратылысындағы осындай қабілеттіліктерінің нәтижесінде табиғаттың басқа жаратылыстарымен табысты бәсекеге түсе алады. Адам өзін-өзі бақылауды, өз әрекеттерін сана елегінен өткізіп, ақылға бағындыра білуді үйренуі тиіс. Тілек ақылға бағынбайды, кездейсоқ жағдайлармен басқарылады. Олай болса, отандық

білім саласының жаңашылдығы мұғаліммен тұлғалық жаңашылдықты талап етеді.

Мұғалімнің оқу мен оқытуға көзқарасының түпкілікті өзгерісі, өзіндік жаңашылдық ұстанымы бүгінгі білім алушыны да өзін-өзі реттеу негізінде өз бетімен білім алуға құштарлығын қалыптастырады.

Жүйелі еңбек қашанда нәтижелі болмақ. «Мектептің тірегі де, тілеуі де оқыта білетін мұғалім» деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, білім беру саласында оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, жас ұрпаққа заман талабына сай білім беру мүмкін емес.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030. – Алматы: Білім, 1997. – 265 б.
2. Бейсенбаева А.А. Теория и практика гуманизации школьного образования. Монография. – Алматы: Ғылым, 1998. -225 с.
3. Оспанова Б.А. Научные основы формирования креативности будущего специалиста в условиях университетского образования. Монография. – Туркестан, МКТУ, 2006. -254 с.
4. Таубаева Ш. Исследовательская культура учителя: методология, теория и практика формирования. – Алматы: Алем, 2000. -381 с. 85-91.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МӘНІ

ЕСЕНБАЕВА АЙНАШ КАЛИДУЛЛАЕВНА

Атырау қаласы

*Қ.Сәтбаев атындағы орта мектептің
бастауыш сынып мұғалімі*

Рухани-адамгершілік тәрбие – белгілі бір мақсатқа қол жеткізе білетін мақсатты, жүйелі, ұлттық көзқарасты, сенімді, парасатты, мінез - құлықтағы адами тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жалпы азаматтық тәрбиенің құрамдас бөлігі. Адамгершілік тәрбиенің бүкіл жүйесі гуманистік мазмұнға толы, рухани негізде жеке адамның жан - жақты дамып жетілуіне бағытталған үрдіс. Сол себепті де өз халқының шежіреге толы тарихын зерттеу, тілі мен дәстүрін қадірлеу негізінде өскелең ұрпағына тәрбие беруде күнделікті тұрмыс кәсібін ұлттық арнада ұйымдастырып, рухани-адамгершілік тағылыммен ұштастыру бүгінгі рухани жаңғыру кезеңінде ерекше мәнге ие болып отыр.

Жастарды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу қай кезеңде де күн тәртібінен түспеген маңызды мәселе және педагогика тарихы мен теориясында әр қырынан зерттелінген. Ғалымдардың пайымдауынша, рухани-адамгершілік тәрбие адамға туа біткен қасиет емес, ол - адамның ішкі дүниесінде қалыптасатын ішкі еркінің сезімі. Осы негіздерге сүйене отырып, рухани-адамгершілік тәрбие – тұлғаның бойында мінез-құлықтың белгілі бір сипаттарын қалыптастыру және олардың өздерінің де бір-біріне,

отбасына, басқа адамдарға, мемлекетке, Отанға деген қатынасын анықтайтын мінез нормалары мен ережелерін дарыту деп тұжырымдайды.

Адамның адамгершілік жағынан қалыптасуы оның туған кезінен-ақ басталады, ал рухани-адамгершілігі қоршаған орта, адамгершілік тәрбиесінің тәрбие міндеттері мен мазмұнына байланысты жетіледі. Баланың мектеп жасына дейінгі қалыптасқан мінез-құлықтарының және ересек адамдармен, құрбы-құрдастарымен қатынастарының формалары, адамгершілік білімдері мен сезімдері негізінде бастауыш сыныптарда адамгершілік көзқарастардың, мінез-құлықтың, сезім мен сананың жаңа формалары одан әрі дамытылады.

Тәрбие ұзақ және күрделі процесс. Адамзат дамуының қай кезеңінде болмасын тәрбиенің тиімділігін жетілдіру ісі жүзеге асырылып келеді.

Шығыс философы Әл-Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне опат әкеледі» - деген.

Ол өзінің педагогикалық мазмұнда жазылған, тарихқа танымал болған «Ақылдың мәні туралы», «Мемлекет қайраткерлерінің нақыл сөздері», «Бақытқа жету жолында» т.б. трактаттарында «адамды ізгілік қасиеттерге баулу, адам деген ардақты атқа лайықты болу үшін – оқу, білім, тәрбиені, ғылымды меңгеру, осы жолда өмір бойы еңбектеніп, әрекеттенген абзал, мұның өзі адамға зор бақыт», - деп, бақытты болу, қоғамдық іс-әрекетті жақсарту білімділікке, тәрбиелілікке байланысты екендігін атап көрсеткен. Демек, Әл-Фараби бойынша білімділік, тәрбиелілік – адамның рухани жандүниесінің, адамгершілігінің белгісі болып табылады.

Қай кезеңнің болсын келелі мәселесі бола білген адамгершілік тәрбиесін әр уақыттың өзінің дана ойшылдары мен ғұлама ғалымдары еңбектеріне арқау еткен. Сонау Орхон жазба ескерткіштерімен Қорқыт ата кітабынан бастап орта ғасырлық ойшылдардың төл туындылары мен даламыздың дана жырауларының поэзиясына, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев сияқты ұлы ағартушылардың шығармаларына зер салсаңыз, кез-келгенінде адам бойындағы адамгершілік қасиет, олардың қалыптасуы туралы кеңінен сөз болады. Мұның бәрі адам баласының өзін рухани жетілдіру жолында тынбай ізденіп, еңбектеніп келе жатқанын, соған байланысты әдеп-инабат әрдістеріне ерекше мән бергенін көрсетеді. Өйткені, жарасымды дамитын болашақ, ізгі қоғам үлгісін жасағысы келгендердің бәрі, мәселен, Міржақып Дулатұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Шәкәрім Құдайбергенұлы, Сұлтанмахмұт Торайғыров т.б. ой-тұжырымдарында ең алдымен сондағы қоғамды құрайтын адамдардың дүниетанымы мен адамгершілік көзқарасын, құндылық бағыт-бағдары мен сана-сезімін, мінез-құлқын қалыптастыруды мұрат тұтқан.

Қазақ тілінде әдептілік, сыпайылық, ізеттілік деген сөздердің түп мағынасы бір. Ол–адамгершілік. Яғни ата-ананы құрметтеу, үлкенді сыйлау, шыншыл және әділетті болу, сондай-ақ адамның көпшілік алдында өзін-өзі

ұстай білуі. Адамгершілік адамзат қоғамының даму тарихы арқылы қалыптасып, әрбір дәуірдің өзіндік қайшылықтарымен біте қайнасып, әлі де жетіліп келеді. Жомарттық, батылдық, шыншылдық, әділдік пен достық, ар мен намыс және тағы басқа да адамгершілік категориялары сонау көне дәуірден басталып, күні бүгінге дейін өз маңызын еш жоғалтпай келеді. Сондай-ақ, адамзаттың ішкі рухани адамгершілік дүниесінің негізгі формалары – үміт, сенім және махаббат үнемі даму үстінде.

Руханилық – адам танымы мен дүниеге көзқарасының адам аралық қарым-қатынастағы биік адамгершілік қағидасы. Руханилық мәдениеттің құнарлана түсуіне, іргетасы бекуіне ықпал етеді. Руханилықтан алшақ мәдениеттер мен өркениеттер іштей құрылымдық ыдырауға ұшырайды. Осы себептен әлемде көптеген империялар бірте-бірте күйрейді. Себебі адам аралық қатынастарда басымдылық танытқан жалған бағдарлар мен моральдық нормалар жалпы жүйенің ыдырауына әкеліп соқтырады. Сондықтан руханилық жеке адамға да, үлкен әлеуметтік топтарға да ауадай қажет құбылыс ретінде кез келген мәдениетті жаңғырта түсетін, болашаққа жылжуына іргетас болатын ішкі мәндік заңдылықтар жиынтығы.

Руханилық бар жерде адамдардың бір-біріне құрметі, ізгілік қатынастары қалыптасады. Әр түрлі салаларда кәсіби деңгейі жоғары кез келген шебердің туындысы руханилық негізде жасалуы жалпы қоғамның әлеуметтік дамуы мен рухани жетілу жолына түсу үшін қажет. Ондай іс-әрекеттің нәтижелері қомақты дүниелерге айналып, рухани мұра ретінде қызмет атқарады. Мәселен, Қорқыттың, Құрманғазының күйлері, Абайдың өлеңдері мен қара сөздері, қазақ билерінің шешендік сөздері руханилықтың тарихи үлгілері болып табылады. Халық армандаған тұлғалық бейнелерді фольклорда, аңыз әңгімелерде руханилық кемелденген кейіпкерлер түрлерінде көрініс беріп отырады.

Бастауыш сынып оқушыларына рухани-адамгершілік тәрбиесіне қатысты ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарында оның жүйесі келесі мазмұн құрайды:

- адамгершілік сана;
- адамгершілік сезім;
- адамгершілік мінез-құлық;
- адамгершілік даму.

Сол себепті де біз рухани-адамгершілік тәрбие – бұл тұлғаның рухани-адамгершілік санасын, сезімін, еркін, мінез-құлқын, дүниетанымын дамытуға бағытталған мақсатты, жүйелі, жоспарлы жүргізілетін тәрбие үрдісі деп түсінеміз. Яғни тұлғаның адамгершілік тәрбиелілігі деңгейінде көрініс табатын рухани әлемін жетілдіру болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Төлеубекова Р.К. «Бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуде халықтық педагогиканың озық дәстүрлерін пайдалану».
2. Ұзақбаева С. «Тамыры терең тәрбие».

ОРТА БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ АЯСЫНДА ҰЛТТЫҚ МҰРА НЕГІЗІНДЕ ҰРПАҚ ТӘРБИЕЛЕУ

ЕСБУСИНОВА РИММА ЕРКИНОВНА

Ақтөбе қаласы

«№13 орта мектеп» КММ

көркем еңбек пәні мұғалімі

Қазіргі кезде біздің елімізде жаппай ұлттық өнерді оқушыларға үйретуге көп көңіл бөлініп отыр. Осыған орай елбасымыздың халыққа жолдаған жолдауында еліміз дамыған 50 мемлекеттің қатарына енуі, экономика, мәдениет, білім, өнер салаларының дамуы басты мақсатқа қойылып отыр. Ата-бабамыздан сыр шертіп келе жатқан бенелеу өнерінің шығармаларын, қолөнер туындыларын, олардың тарихтарын жас ұрпақтың бойына сіндіру, қазақ халқының өнерімен шет елдерді таныстыру менің де басты міндетім деп білемін.

Жаңартылған білім мазмұны оқушы бойына ұлттық құндылықтарды дарытуды көздейді. Ғасырлар қойнауынан келе жатқан ұлттық мұра мен құндылықтарымыз жаңартылған білім мазмұнында айқын көрініс тапқан.

XXI ғасырдағы білім мекемелерінің алдында эстетикалық талғамы зор, қоршаған ортадағы сұлулықты түсіне және қадірлей білетін, жаңа қоғамға бейімделген, жан-жақты дамыған заманауи тұлғаны қалыптастыру мәселелері тұр. Жаңа ғасырдағы жаңа білім стандарттарына көшу барысында оқу жүйесі жаһандық білім кеңістігімен байланысты тығыз орната бастады. Инновациялық және ұлттық педагогиканың интеграциясы – әлемді тұтастай тануға мүмкіндік беретін құбылыс, бөліп-жарып қарауға болмайтын тұтас әлемді тануға бағдарлайды.

Өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуде интеграция бағыттары төмендегідей:

- зерттелетін не оқытылатын нысан мен құбылыстың ұқсастығы;
- түрлі пәндердің ортақ тұсы;
- жалпы ептілік пен дағдыны қалыптастыру [1].

Қазақ халқының қолөнері - санау ескі заман тарихымен бірге өсіп, біте қайнап келе жатқан өте бай қазына. Қолөнер түрлерінің әр қайсысының талай ғасырлық тарихы бар. Халық шығармашылығының қандай түрі болса да халық өмірі мен, сол халықтың қоғамдық тарихымен, кәсібімен тығыз байланысты болады.

«Өресі биік, өрісі кең» өнер атаулының қай саласынан болсын жер жүзіндегі басқа ұлттық қолөнерімізсіз – халқымыздың өткенін, салт-дәстүрі мен мәдениетін көз алды-мызға келтіру еш мүмкін емес. Мұны табиғи ортамен бітеқайнасқандар ғана бедерлей алады.

Бізді қоршаған өміріміздің барлығы өнер. Ал қандайда болсын өнер және талант иелерін өмірге келтіретін халық [2].

Мен көркем өнер пәнінен сабақ пәні беремін. Қазақтың сәндік қолданбалы өнерінің тамаша үлгілері атадан балаға мұра болып біздің заманымызға жетті. Қазақтың қолөнерін зерттеу мәселесі ерте кезден көптеген саяхатшылармен коллекционерлердің ғана емес, ғалым этнографтар, археологтар мен суретшілердің де көңілін аударып келеді.

Қазақ қол өнері өзінің төлтума бітім қасиетімен, көркемдік мән-мағынасымен, шын мәнінде, халқымыздың ғасырлар талғамынан өткен асыл қазынасы, ал пән мұғалімі ретінде менің ерекше ынтамды, қызығушылығымды туғызатын өнер түрі - кестелеу өнері. «Кестені көңіл сызады, қол тігеді, көз сынайды», «адам өнерімен әсем, аң жүнімен әсем» деген мақалдарда аз емес. Кесте өнері осы айтылғандай нағыз халықтық, алуан әдісті таңдауы көп өнер.

Сол кестелеу өнерді жалғалтпай үйреніп, ары қарай дамыту біздің міндетіміз деп білемін. Ертеде халқымыз тұтынған бұйымдарының бәрін дерлік кестемен әшекейлеп безендірген. Мысалы: үй бұйымдарын, төсеніштерді, ұлттық киімдерді кестеленген. Қандай өрнек болмасын, адам, баласы өзін қоршаған дүниеден алатыны мәлім.

Басқа ұлттар мен ұлыстар бұл өнерді қалай дамытқан? Көне заманнан бері, б.з.д. V-VI ғасырдан кестелеу өнері жалғасып келеді. Мысалы: Қытайда кестені таза жібекке алтын, күміс жіптермен тіккен. өте нәзік тігілген Қытай кестесі Жапон кесте тігу өнеріне әсер еткен. Үнді, Иран елдерінің кестелері өсімдік тектес, жан-жануарлар мен бейнелерді тігумен ерекшеленеді. Ал Византия кестесінде таза жібек немесе алтын жіптерді төгіп зерлеген. Бұл кесте тігу өнеріне үлкен жетістіктер енгізді. Сонымен қатар, XIII ғасырдың аяғы мен XIV ғасырдың басында Франция, Германия, Швеция, Англия, Дания, Норвегия елдерінде ұлттық киімдер үй тұрмыс бұйымдарын әшекейлеуге қолданған [3].

Халықтың кесте тігу өнері мен өрмек тоқу дәстүрі тым әріден басталады. Музейлердің экспонаттары мақпалға, мауытыға, жібекке кесте тігу техникасын жетік меңгерген беймәлім шебер әйелдердің өнерлері жөнінде сыр шерткен.

Біздің халқымыздың да осы асыл өнері ғасырлар бойы әр түрлі болып өзгеріп, адам өмірі мен олардың тұрмысымен әлі күнге дейін байланысты болып келеді. Кестенің әдемі әшекейлері адамдардың тұрған жеріне, мәдениетіне, саудасына, көршілес елдермен қарым қатынасына байланысты болған. ұрпақтан-ұрпаққа жалғасудың арқасында әрбір елдің шеберлері өздеріне тән ерекшеліктерімен тігудің сантүрлі әдістерін киімге, тұрмыстық бұйымдарға, әшекей заттарға қоса білді [4].

Кестелердің көпшілігі сурет бойынша тігілген, ал суреттердің негізінде өсімдіктер алынған. Түсті жібек жүн және алтын, күміс түстес оқа жіптерден әйелдер мен ерлер киімдері, бас киімдер, әйелдердің үйде киетін аяқ киімдері, сондай-ақ үйді әшекейлейтін заттар, тұсқа ілінетін киімдер, түскиіздер және т.б. кестеленіп тігіледі. Қыздың ұзату тойында киетін киімдері—сәукеледен бастап, аяқ киіміне әшекейленіп тұратын кесте, өте

әдемі ою-өрнек композициясы және кестені мұқият жасауы бұрынғы шеберлер қиялының бай екендігін дәлелдеген.

Қашанда кесте өнерінің түр-түсі, үйлесімділігі, әдемілігі, қайталанбастығымен ерекшеленеді. Ол географиялық, мәдениеттік жағдайымен қатар тарихына да байланысты болған. Ата-бабаларымыз киімдеріне, ат-әбзелдеріне, үй бұйымдарына өрнек сала білген. өрнектердің орналасу композициясында ерекше. ғасырлар бойы өрнектің кестенің орналасуы өзгеріп (шетінде, ортасында, бұрышында), пішіні өлшемге сай болып келген. Бүгінгі күнде өрнектердің орналасуы, өлшемі, пішімі тігушінің талғамына, фантазиясына байланысты. Кез келген шығармашылықта түр үйлесімділігі маңызды рөл атқарады, яғни ол адамның ішкі дүниесімен үндесуі керек. Бұйым колориті көбінесе өзінің шығатын, пайдаланатын жерінің эталоны. Бұйым өңімен көптеген түстердің үйлесуі үшін олардың өздерінің заңын білу керек. Осы барлық түр-түстерді екі топқа бөлуге болады:

Хроматикалық-түсті, және ахроматикалық-түссіз. Хроматикалық түске ашық түстер жатады: негізгі-қызыл, сары, көк және аралық түстер-жасыл, сия түсті, алқызыл. Аралық немесе қосымша түстер араласы екі негізден алынады: алқызыл-қызыл мен сарыдан, жасыл мен сары мен көктен, сия түсті-қызыл мен көктен [5].

Халық салтында мұндай өрнектеудің кейбіреулері күні бүгінге дейін сақталуда. Оның себебі әдемі, үйлесімді ою өрнектің барлық түрін қолдануға болады.

Осы оқу мақсаттары жаңартылған білім беру бағдарламалары мазмұнына кіріктірілген. Мазмұны жаңартылған бағдарлама мектеп түлектерінің бойында кең ауқымды дағдылармен қатар ұлттық құндылықтарды дамытуды көздейді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Личностное развитие детей средствами музейной педагогики / Т.А. Елькина. г. Слободской, Кировская область
2. Арғынбаев.Х. Қазақ халқының қол өнері ғылыми зерттеу еңбектері. Алматы. Өнер 1987.128 бет.
3. Народное декоративно-прикладное искусство казахов. Под.ред. Н.Б.Нурмухамедова. Аврора 1970 г. 2007.
4. Казыханова Б. Эстетическая культура Казахского народа. Алматы; Қазақстан 1973. 223
5. Марғұлан А.Х. Казахское народное прикладное искусство. Алматы «Өнер» 1986. том1.

І.ЕСЕНБЕРЛИННІҢ «КӨШПЕНДІЛЕР» ТРИЛОГИЯСЫН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БОЙЫНА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

ЖАНЫСБЕК ЛӘЗЗАТ ҚАСЫМҚЫЗЫ ИБРАГИМ ИНДИРА ӘМЕНҚЫЗЫ

«Өрлеу» БАҰО» АҚФ

Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша ПҚБАИ

«Мектепке дейінгі тәрбиелеу және тұлғаны әлеуметтендіру» кафедрасының аға оқытушылары

«Қазақ әдебиеті» жаңартылған бағдарламасына І.Есенберлиннің «Көшпенділер» тарихи трилогиясыны, С.Елубайдың «Ақ боз үй» романы, Ә.Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романы, Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» повесі қамтылған. Мәселен, Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» повесінен жалпыхалықтық әдет-ғұрыптардың, салт-дәстүрдің көкейге қонымды қырлары, этнопсихологиялық ыңғайға толымды көріністер, шығарма құрылымындағы әңгіме, ертегі дейсіз бе, бұлардың бәрі-баршасы оқушы бойында ұлттық құндылықтарымыздың қалыптасуына ықпал етеді. Осылардың ішінен біздің қарастыратынымыз—І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы.

Тілді ұлттың тарихымен, төл мәдениетімен, рухани қазынасымен сабақтастығы, бір сөзбен айтқанда, дүниетанымымен, төлтумалығымен тығыз қарым-қатынаста, бірлікте алып қарастырсақ қана біз ұлттық тілдің табиғатын шынайы танитын боламыз; тілдік жүйенің құрылымы мен қыр-сырына қаныға аламыз. Тілді, тілдік бірліктерді, компоненттерді адами факторлармен, адами құндылықтармен өзара бірлікте қарастыру – тіл білімінің алға тартып отырған басты бағыттарының бірегейі. Соңғы жылдары адами факторларға айрықша мән беріп, тіл иесінің тілдік бірліктердің нәрін келтіріп, дұрыс, ұтымды қолдану, мән-мағыналарын терең түсіну мәселесін жиі сөз ете бастады. Әсіресе ұлттық құндылықтарға қатысты мәдени деректерге көп көңіл бөлініп, тіл бұрынғысынша тек тұлғалық (формалық) жағынан ғана емес, сонымен бірге ол мағыналық, ұғымдық, концептілік тұрғыдан жиі зерттелетін болды.

Бұл бағыт әзірше аса дами қоймағанымен жалпы тіл білімі үшін, оның ішінде қазақ тіл білімі үшін мүлде жаңа бағыт емес. Аталған саланы Еуропа (В.Фон Гумбольдт, Э.Сепир, Б.Уорф, Л.Вайсгербер т.б.) және орыс ғалымдары (Н.В.Топоров, В.В.Иванов, Н.И.Толстой, Ю.С.Степанов, В.Н.Телия, Е.С.Кубрякова, В.В.Воробьев, В.А.Маслова, т.б.) біраздан бері зерттеп келеді.

Жаңа бағыттан Қазақстан тіл білімі де құр алақан емес. Айталық, академик Ә.Қайдар, филология ғылымдарының докторлары Е.Жанпейісов, Б.Қалиев, Ж.Манкеева, Г.Смағұлова, Т.Аяпова, А.Ислам сияқты отандық ғалымдар бұл мәселені біршама зерттеген болатын. Қазақ тіл білімінде этнолингвистика саласында өзіндік соны із қалдырған алғашқы ғалымдарымыздың бірегейі академик Ә.Қайдар этносты этнос болмысымен, тек оның тілі арқылы толық түсінуге болатынын, этнос өміріндегі тілдің әлеуметтік маңыздылығын, сондай-ақ «мол деректер мен мағлұматтарды тіл

ғана бойына сыйғызып» ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудің, танытудың басты қайнар бұлағы екенін айтады.

Рухани құндылықтарға ұлттық дүниетаным мен діл, ұлттық психология мен моральдық-этикалық нормалар, әдет-ғұрып пен салт-дәстүр, ырым-жоралға және т.б. жатады. Рухани мәдениетке мәдениеттанушы, философ ғалым С.Темірбеков ең алдымен, адамгершілік құндылықтарын жатқызады. Зерттеушінің пайымдауынша, ар-намыс, парасаттылық, адамгершілік, сенімділік, кішіпейілділік, кешірімділік және тәуелсіздікке, еркіндікке өзін-өзі жетілдіруге ұмтылыс, өзін-өзі бағалау сияқты құндылықтар жинағы халықтың рухани мәдениетінің іргетасы.

Әр халықтың өзіндік қалыптасу, даму тарихы кезінде оның рухани болмысы қиялы, ой-арманы мен іс-әрекеттері белгілі бір дәрежеде уақыт ағымына сай қолданысқа еніп, кейде шығып қалып, өзгеріске ұшырап жатады. Соның нәтижесінде сол халықтың тұрмыс-тіршілігіне қажетті құрал-сайман, қару-жарақ, киім-кешек, тұрмыстық заттары мен қолөнер бұйымдары сияқты алуан түрлі материалдық құндылықтары мен қатар рухани мәдениеті қайта түлеп, бір-бірімен етене тығыз байланыста дамиды. Соған байланысты қазіргі ғылымтануда шартты түрде болса да зерттеушілердің бір жүйеге тұрақтандырған рухани мәдениет пен материалдық мәдениетпен топтастыруы қалыптасқан. Бала есік алдында тұрған баспандарға, үй іші толған бек, сұлтан, әмір, хакім, батырларға қарамастан үйге кірген бетімен өзгелерді баса-көктей, алтын тақтың жанына бір-ақ жетті [1, 37 б.]. Мұнда қазақ сахарасын билейтін хандар, билер, жаугершілік заманнан мағлұмат беріп, сол күндегі ел тірлігінің қайшылық ауыртпалықтарын молайтып отырған патшалық аппараты туралы да ой қозғалып қазақ халқындағы билік жүйенің ұлттық ерекшеліктері айқындалады.

I.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясында қазақ халқының өмірін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, ішкі рухани әлемін, қазақ тарихының жанды әрі қайталанбас тұлғалары мен бейнесінің тілінің шынайылығы мен ұлттың болмысын, танымдық көрінісін бейнелейтін рухани құндылықтарға толы этномәдени лексика молынан кездесіп, ұлт тарихын айқындайтын ақпарат көзі болып табылады. Сонымен бірге қазақ дүниетанымына тән этномәдени сөздер қатары молынан кездеседі. Ойды дәлелдеу мақсатында I.Есенберлиннің «Көшпенділер» тарихи трилогиясынан басым сипат «Алмас қылыш», «Жанталас» шығармаларынан төмендегідей контекстерден қарастыратын боламыз.

Мәселен, 7-сыныпта «Көшпенділер салтанаты» тақырыбымызға орай, «оқылым» дағдысы бойынша «7.2.4.1 идеясы ұқсас публицистикалық және көркем әдебиет стиліндегі мәтіндердің тақырыбы, құрылымы, мақсатты аудиториясы, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау», т.б. оқыту мақсаттары жүзеге асырылады. Осы шығармадан екі бірдей мәтін үзіндісі ұтымды беріліп отыр. Бірінші мәтіннен үзінді келтіріп көрелік:

«Сақтар мен ғұндардың бастарына киген киізден жасалған шошақ бөрік, теріден немесе мауытыдан тігілген қаусырмалы бешпент, металл қаңылтырлар тағылған былғары белдік, тері шалбар және киіз етік сақ киімдерінің үнемі ат үстінде жүретін көшпелі өмір салтына ыңғайлы болғанын көрсетеді. Сақ көсемі өңіріне алтын жапсырмалар қадалған және елтірімен әдіптелген қызыл түсті жарғақ қамзол киген. Ал жеңі түгел сұр былғарымен оюланып кестеленген. Шекпені өрнектермен әшекейленген, басына қоңыр киіз қалпақ киген. Әйел үстіне жүннен тоқылған шұбар түсті матадан ұзын етек көйлек киіп, омырау тұсына дөңгелек алтын қапсырмалар қадаған. Көйлектің үстінен иығына ақ-қызыл түстермен қиюластыра кестеленген жүн тоқымалы жамылғы жамылған. Баскиімі де өзгеше бөркімен және түтікшелі бұрым қабымен ерекшеленеді...» [2, 32 б.].

Бірінші мәтіндегі ұлттық үлгідегі материалдық құндылықтар: *ұлттық киім-кешектер мен әшекейлер*—киізден салған шошақ бөрік, теріден немесе мауытыдан тігілген қаусырмалы бешпент, жібектен желбегей шапан, қамқадан желбегей шапандар, сырылып тігілген жейделер, лақтың, құлынның терілерінен тігілген шалбарлар, металл қаңылтырлар тағылған былғары белдік, тері шалбар және киіз етік, алтын қапсырмалар, т.б.

2-мәтін бойынша үзінді:

«...Көлдің солтүстік алқабына қонақтарға арнап ақ киізден басылған он екі қанат үш жүз үй тігілген. Іштері Самарқанд пен Бұқарадан тоғыз керуенмен тасылған қырмызы қызыл кілем, дүрия, торқа жібектен тысталған мамық жастық, түбіт көрпелермен безенген. Көлдің төрі батыс жағында, қырқа өңіріндегі оба тас, балбалдардан сәл төмендеу. Алыстан көгілдір тартып көрінген жасыл шалғында, көк теңіз үстінде ұшқан ақ шағаладай, сүттей аппақ киіз үйлерді үштен-төрттен қосарлап тіккен хан ордасы... Ас басталғалы жеті күн болған. Алғашқы күні осы арадан көшкен ел бір күн, бір түнде жетер Арғынаты тауының ең шетіндегі Шойынды көлден жіберілген үш жүз сәйгүлік жүйріктен Әбілқайырдың Тарланкөгі озып келген... Түйе жарыс, қатын күрес – бәрі аяқталып, бүгін астың ең қызығы – жыраулар айтысы басталған. Айтыс төрешісі – жүзден асқан ұлы жырау Асанқайғы. Асан айтыс тәртібін өзінше құрған. Бас бәйге кімде-кім жауға қарсы елдің ерлігін дұрыс айтып бере алса, соған беріледі. Орта бәйге өз руының жер-суын қорғаудағы істерін дұрыс суреттеп берген адамға тапсырылады. Ал аяқ бәйгеге Дешті Қыпшақ елінің болашағын кім дұрыс болжай алса, сол ие.. [2, 36 б.]

Мұндағы материалдық құндылықтар «он екі қанат үш жүз үй», он екі қанат ақ боз үйдің оюлы төрт киіз үй, сүттей аппақ киіз үйлерді үштен-төрттен қосарлап тіккен хан ордасы. Ұлттық құндылықтар: айтыс, бәйге

Керуен сарайлар, қала аулалары ән-күйлі, ойын күлкілі думанға толып, екі жақтың әскерлері бейбіт бәсекеге шығып әр жерде сайыс, күрес, көкпар, жамбы ату ойындарына кіріскен [1, 325 б.].

Бұл тұстағы «*сайыс, күрес, көкпар, жамбы ату*» қазақтың ұлттық ойындары. Мәселен, «*көкпар*» этнолексемасы «көк бөрі» деген сөзден шыққан. Мал баққан көшпелі халықтар үшін өте қауіпті аң – қасқыр (бөрі)... Көкпар жаппай тартыс және дода тартыс болып екіге бөлінеді. Көкпар жігіттердің күш-жігерін, төзімділігін, батылдығы мен ептілігін, ат үстінді беріктігін шыңдаған. Аттың қалай бапталып үйретілгендігін, жүйріктігін де сынайды [4, 231 б.].

Екінші бірі–*жамбы ату*. Қазақ халқының ұлттық спорттық ойыны. Биік бағанға ілінген күміс жамбыны атқа мінген жігіттер сапта тұрып немесе шауып келе жатып, белгілі бір қашықтықтан (мылтықпен, спорт жебесімен не садақпан) атады. Жамбыны немесе ол ілінген жіпке тигізіп, оны атып түсірген адам жеңген деп есептеледі. Бұл ерте кезде қазақ жауынгерлерін мергендікке, ел қорғауға тәрбиелеудің бір түрі болды [4, 150 б.].

Жаңа ғана Аллаға ақсарбас *қой* айтып, жауға қарсы бірге аттанбақ болып бәтуаласқан. Ұл ақылымен үйірін тапқан сұлтан тым ұзақ өмір сүрмес-ақ [1, 333 б.].

Мұндағы «үйір» лексемасы–жылқының белгілі тобыры. Бұлар бие үйірі, қысырақ үйірі, айғыр үйірі деп аталады. Ал сөйлемде өзінің ортасын тапқан деген мағынада жұмсалған.

Нағашы әкесі Әбілқасымның үйінен әкесі Шағайдың қолына қайтып келгелі, мұндай *жанын күйдірер лебіз* тиіп көрген жоқ. Мына жат көздерің кетсін... Қазақ баласы деген бауырымды өлтірдің, қазақ қызы деген *қалыңдығымды қорладың* [1, 370 б.]. Осы тұста «*қалыңдық*» қазақтың дәстүрлі лексемасын қарастырайық. *Қалыңдық* – айттырылған қыз. Қазақ дәстүрінде қызға алдын ала құда түсіп, қалың малын төлеп айттыратын болған. Құдалар қыздың ата-анасымен келісіп, құйрық-бауыр жесіп, баталасқаннан кейін айттырылған қыз қашан ұзатылғанша, болашақ күйеуінің басыбайлы қалыңдығы болған [4, 261 б.].

...Күйіктен ат құйрығын шарт кесіп бөлінеді [1, 70 б.]. Бірақ ошақ тұяқ Көксеңгірдің тегеурініне шыдай алмай, бір сайыста астындағы құшақ құйрық Ақжамбасы тізерлеп шөгіп қалып, сайыс төрешілері бас бәйгені Қобландыға деп шешкен. Түйе жарыс, қатын күрес – бәрі аяқталып, бүгін астың ең қызығы, талай жан өкінер, талай бидің намысқа шауып, *қабырғасы сөгілер* жыраулар айтысы басталған.

Бұл сөйлемдегі «*қабырғасы сөгілер*» тіркесі тілімізде «берекесі кетті, быт-шыт» болды деген ұғымды білдіреді. Ол бұл жолы *Желмаясымен* Көкше теңіз тұсын шолып келген-ді [1, 48 б.]. Осы реттегі «*желмая*» сөзі – жүйрік түйе атауының бір түрі. «Көшпенділер» шығармасындағы өте сирек қолданыстағы сөздер тобына жатады. Жалпы әдебиет тілінде қазіргі кезде де пассив қолданысқа ие.

Мұндағы «бәйге» ұлттық спорт ойыны. Ат жарыс – әдеттегі ас пен тойда мерекелік күндерде болатын ат жарыстар. Ат саны, жерік қашықтығы, ол шектеусіз болуы мүмкін. Онын ішінде құнан, тай жарыстары да бар. Ал

«бас бәйгеге» тоғыз тігіледі. Тоғыз айыпқа да төленеді. Бас тоғыз тоғыз: түйе бастаған тоғыздық. Онда құлынды бие, қос ат, жамбы, жағалы киім, тұтас құндыз, қылыш т.б керекті заттар болады. Орта тоғыз: бие бастаған тоғыз мал. Онын ішінде әртүрлі бағалы бұйымдар болады [3, 153 б.].

«Көкдауыл атанған кара көк атын жетелеп, Қаратаудың сусар бөркін киген сұңғақ бойлы, ботакөз, аққұба бойжеткен алдынан көлденең тарта берді.

Жүріс-тұрысына, түр -түсіне және жаратылысына қарай қазақ халқы жылқы малын бірнеше (кейбірі анықтауыш ретінде) түрі : арғымақ, текежаумыт, ақал теке, жүйрік, тұлпар, сәйгүлік, т.б. тиімді қолданылған. Төменде бірқатарын ұсындық:

Арғымақ – сымбатты да жүрдек, асыл тұқымды жылқы.

Асау– көбіне жүген-құрық тимеген, қолда ұсталмаған мал. Асаудың екі түрі бар: шу асау– жүген-құрық тимеген жылқы; бас асау – ноқта, жүген кигізбейтін асау.

Сәйгүлік–әр түрлі жылқы тұқымының ең жүйрігі,шашасына шаң жұқпайтын жүйрік ат.

Сусар бөрік (ормансусар, тассусар, сары сусар, кара сусар, аса бағалы терілерге жатады); Суыр бөрік–кара суыр, көк суыр, сары суыр терілері; Күзен бөрік – кара күзен, сасық күзен; Тиін бөрік –ақ тиін, көк тиін; Мәлін бөрік; Сабаншы бөрік; Жабайы мысық бөрік; қол мысық бөрік; Ақкіс бөрік, Ақкіс–өте сирек кезігетін тышқан текті жануар. Сілеусін бөрік; Қарақал бөрік, Түлкі түсіне қарай: ақ түлкі бөрік, кара бурыл түлкі бөрік, қызық түлкі бөрік, ор түлкі бөрік, ор қызыл түлкі бөрік, кара бурылтүлкі бөрік, кара шулан түлкі бөрік, ақ бурылтүлкі бөрік, қызыл бурыл түлкі бөрік, көк бурылтүлкі бөрік секілді түрлі атауға ие. т.б. [3, 82-84 бб.].

Осы бөрік түрлеріне сараптай қарағанда, І.Есенберлин өзінің айтулы шығармасында «Қаратаудың сусар бөркін» секілді, т.б. тіркесті сөздерді, этнолексемаларды өте ұтымды пайдаланғанын көз жеткізе аламыз.

Осы сөйлемдегі «қанды балақ» *тұрақты тіркесі*– тілімізде зорлықшыл, озбыр адам мағынасын білдіреді. Ал екіншісі, *қыран құс*. Бұл да қалыпты тіркес. Сөйлемде әбден есейген, нағыз дер шағына жеткен кезі, жетілген мағынасында айтылған.

Содан кейін барып, бүркіттің томағасын алып, қызыл жегізеді. Қанды көз жыртқыш қызыл етті көргенде, жанын қоярға жер таба алмай асығады. Иесінің даусына әбден үйренген құс, жаны сүйер қызылға қарайлап қайта оралады. Осылай тұз қыранын бірте-бірте сыннан өткізіп, қолға мейлінше үйретіп болғаннан кейін, бір күні оны алып шығып, қызыл түлкіге салатын [1, 18 б.]. Мұндағы «*томаға*» – бүркіт жабдықтарының негізгілерінің бірі. Бүркітті әр нәрсеге талпындырмай, көздерін тұтас жауып тұратын былғары немесе көннен істелген «бас киім»...

Жоғарыдағы сөйлемдердің ішінен «*ақ жем*», «*қызыл*» сөздерінің мағыналары бірі-біріне қарама қарасы, яғни, антоним бола алады. Алдыңғы сөйлемдердегі «*ақ жем*» сөздерінің мағынасы – ине шабақталып, жылы суға

бірнеше рет жуылып, бар сөлінен айрылған ет. Жемнің қанын шығарып, сығып қайта-қайта шаяды. Жемнің түсі ақ шүберектей болады. Ол үшін берілетін жемді жапырақтап турап, «құс саптыаяққа» салады да, суық суға молырақ шаяды. Бүркітшілер жемаяқтағы туралған жемді қолымен қысып, қанын шығарып, қайта-қайта шайып, етті ағартады. Ақ жемді семіз тойынған бүркіттерге береді. Ақ жем жеген бүркіттің еті азайып, еті қатып, қарыны ашып, аң ұстағысы келеді. Бүркітті қайырған кезде «ақ жем» беретін жайттар кездеседі.

Кейінгі сөйлемдердегі «қызыл» сөзі қызыл жем. Аңның немесе малдың қан-сөлі бойында сақталған, жуылмаған түйір-түйір ет. Бүркітті аң ұстаған кезде түлкіден, аңнан айырып алу үшін бүркітке қызыл жемді көрсетеді. Жем үшін бүркіт ұстаған аңын тастай салып, жемді жұла бастайды. Сол езде аңды бүркітші аңды бүркіттен жасырып қояды. Қашып кеткен құсты, төбеде айналып жүрген бүркітті иесі «қызыл – шақыру жем» көрсетіп, құсын ұстап алады [3, 38-40 бб.].

Қыран құс тұтқында боп, қанды қолға үйренсе де, кенет өзінің ата салтына бағып, сол баяғы тағы қалпына тез көшетін. Көктен шүйіле түсіп, қызыл түлкіні іледі. Ыстық етке тұмсығы тиіп, дәнiккен бүркіт, ием тағы түлкіге салса екен деп шабыттана түседі. Жәнібектің осылай үйреткен бірнеше кереге қанат, ақ иық қыраны болушы еді [1, 19 б.]. Мұндағы «ақиық» этнолексемасы тілімізде түсі қара қоңыр, басы мен желкесі сарғыш иығы ақ сұрғылт, құйрығының үстінде көлденең қара жолағы бар бүркіт тұқымдасына жататын жыртқыш құс [4, 141 б.].

Бүркіт салуға ерте болған соң, Жәнібек бұл жолы бүкіл Дешті Қыпшаққа аты шыққан Сомбалақатты қаршығасын алып шығуды жөн көреді. Бұл-тұстан төбе басына сұлтан, әмір, бектер ағыла бастады. Өзгеден сәл үздіктеу келе жатқан, *жал-құйрығын түйіп тастаған күрең қасқа жүйрік ат мінген*, үстіне аң аулауға деп арнап тіккен шолақ сауыт, зерлі күміс дулығасы бар Әбілқайыр ханның өзі. Соңынан ергендері үзеңгілес батыр нөкерлері. Кілең жеңіл сауыт, ықшам киім киген. Аттарының бәрі *жал-құйрығын түйіп тастаған*, ауыздығымен алысқан жүйріктер [1, 19 б.]. Үстеріндегі сауыттары, асынған қару-жарақтары күнмен шағылысқан осынау топтың ішінен үш-төрт әйел көзге түседі... Астындағы *сәйгүлік жүйрігінің* ат-әбзелі, жүген-құйысқаны, өмілдірігі – бәрі сары алтынмен апталған. Осындағы:

Әйелдің үстінде *алтын жіппен зерленген* сарғылт дүрия қысқа шапан, басында сүйір ұшты құндыз бөрік шалбарының етегі де алтын оқамен әдіптелген [1, 19 б.]. Аңшылар азығы деп *түйеге саба-саба қымыз артқан, жеңіл шатырлар* тиеген, алдарына он бестей қой айдаған бір топ жігіт ауылдан шыққан кезде, хан жасағы да солтүс– Бір шеті мен бір шеті ат шаптырым күміс толқынды Ақкөлдің кең алқап жазира даласы ат бауырынан келген көк шалғынға бөленген. Аласа бұталарға сыңси біткен қарақаттың да піскен кезі... Ортасындағы ақ айдында қанаттана бастаған көгілдірлерін ертіп, бір топ аққу сыбызғы үніндей қоңырқай дауыстарымен

сыңсып ән салады [1, 46 б.]. Бұл мысалдарда, алғашқы сөйлемдегі «сыңси» лексемасы «қалың» ұғымын білдірсе, екінші сөйлемдегі «сыңсып» дауысқа байланысты жұмсалған. *Сыңсу*– қазақтың қыз ұзатуға байланысты әдеті. Ұзатылған қыз туған-туыстарымен қоштасу ретінде құрбы-құрдастары, сіңлілері мен жеңгелерін ертіп, ауыл арасына бір үйден екінші үйге жеткенше әндетіп сыңсыған [3, 398 б.].

Қорыта айтқанда, бұл тарихи тақырыптағы шығармалар оқыту арқылы оқушылар ұлттық этностық көне дәуіріндегі тарихынан мәдени өмірінен хабардар ететін этнографизмдер тілімізде мағынасы ұмыт болған әр түрлі этноатаулар олардың сырын ұғынады. Қазақтың дәстүрлі атбегілік, құсбегілік өнерімен, ұлттық ойын түрлерімен, т.б. танысады. Осы орайда қазақтың қара сөзін бағзы мәдениеттің жетегінде тіл арқылы анықтап, келер ұрпақтың санасына зор мақтанышпен жеткізу–ұлт болмысын, ұлт мәдениетін танытудың бір жолы. Осыған орай қазақ лексикасындағы этнолексикалар ретінде, этнографизмдер ретінде, ескіліктер тұрақты тіркестер мәдени рухани байлықтың бір көзін құрайды.

Киім-кешек, зергерлік бұйымдар, отбасылық танымдық тәрбие. Осы ғажап төл мұрамыздың атауларының бай сырларына үңіліп, талдап, анықтау оларды рухани қажеттілігімізге айналдыра білу – ұлт санасын жаңғыртатын ұлттың қазынасы.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Есенберлин І. «Көшпенділер» «Көшпенділер» баспасы, Алматы, 2005, 908 б.
2. Қосымова Г., Рахметова Р. Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. Алматы Атамұра 2017. – 74б. бет.)
3. Бегманов Қ. Халқы мықтының салты мықты. «Өлке», Алматы, 2010. 479 б.
4. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі Қазақ ССР-нің «Ғылым» – Алматы, 1974, I том, - 695 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ИГЕРУ АРҚЫЛЫ ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ДАМУ

ЖОЛДЫБАЕВА ЖАННА ЖОНЫСОВНА

Ақтөбе облысы

Хромтау қаласы

№ 4 орта мектебінің

жоғары санатты

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің зерттеуші мұғалімі

Жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін тілін, адами қасиетті мол, шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу өмір талабы, қоғам қажеттілігі. Қазақстандық білім моделі, жас ұрпақты білімді, іскер білгір де білікті етіп өсірумен қатар оның адамгершілік болмысын, ішкі жан дүниесін

орнықты түрде қалыптастыру болмақ. Жас ұрпаққа ұлттық рухани, мәдени құндылықтар негізінде тәлім-тәрбие берудің маңыздылығына Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердұлы, әсіресе ХХ ғасырдың басында, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, т.б. сынды қазақ ағартушылары баса көңіл аударған.

Ұлттық құндылық дегеніміз, белгілі бір ұлтқа тән, адам болмысындағы, қарым қатынасындағы адами құндылықтың, ұлылықтың жетілген жемісі. Біздің халқымыз өз ұрпақтарына ғасырдан-ғасырға ұлт қасиетін салт-дәстүрлермен, өнегелі әдет-ғұрыппен, үлгілі жөн жосықпен, әдепті ырым, тиыммен тәрбиелеп, ұлағатты ұл, инабатты қыз өсіріп отырған. Осындай қасиеттерді жоғары деңгейде дамыта отырып, ұрпақ болмысын қалыптастыру – бүгінгі таңда, ұстаздың қолында.

Ендеше, ұлттық құндылықтарымызды балалардың бойына қалай дарытамыз?

Мұғалімнің негізгі міндеті – оқушымен қарым-қатынас, оларға шығармашылық үшін жағдай жасау, еркіндік беру. Белсенді, саналы ойлай алатын, ауызша, жазбаша, көзбен көру арқылы өз болжамдарын дәлелдерімен ұсына алатын, келешегіне сенімділікпен қарайтын, жаңашыл идеяларды үнемі жаңартып отыратын тұлға тәрбиелеу. Білім беру мен тәрбие жұмысын қатар алып жүру, ұрпақ бойына, тұлғасына көзбен көрсету арқылы дәлелдеу үлкен күш-жігерді қажет етеді. «Мәңгілік Ел» идеясы негізінде патриоттық, азаматтық теңдік, еңбексүйгіштік, адалдық, білімпаздық, толеранттылық сияқты ортақ құндылықтарды ұлттық кодты сақтай отырып, жас ұрпақ бойына сіңіру көзделеді. [6, 10 б.].

Осы тұрғыда ұлттық құндылықтарымыз бен қазіргі кезде сабақтарда қолданылып жүрген жаңа технологиялардың ең тиімді элементтерін қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында пайдалана отырып жақсы нәтижелерге қол жеткізуге болады. Құндылықтарды іс-әрекет арқылы, сұрақтар арқылы, кері байланыс, рефлексия арқылы жүзеге асыруға болады. Мысалы: сабақтың кіріспе бөліміндегі ынтымақтастық орта құра отырып, тақырыпқа сай баланың психологиялық ахуалын зерттеу мақсатында, әр түрлі әдіс-тәсілдерді ұйымдастыру арқылы қызығушылығын арттыруды жөн көремін. «Ыстық сезім», «Сенім» тренингтер» өткізіліп, өткенге шолу жүргізі барысында тақырыпқа байланысты рөлдік ойындар, өзара диалог құру, сұбхатқа түсу сияқты ойын түрлері мен «Үш оқушымен кеңес» сынды тағы да басқа тәсілдер жүргізіледі. Нәтижесінде баланың көңіл – күйі сергиді, ерік-жігері дамиды, сабаққа ынтасы артады. Сабақтың негізгі бөлімінде сабақтың тақырыбын, мақсатын ашу, жаңа материалды меңгеру кезінде «Сыни тұрғыдан ойлауға оқыту» модульдерінің әдіс пен тәсілдері әр сабақта көрініс тауып тұрады. Мысалға: «ББҮ кестесі», «Insert», «Ойлан, жұптас, талқыла», «Болжау», «ЖИГСО», «Өрмекші сызбасы», «Түйнек сызбасы», «Балық сызбасы». Қорытынды кезеңінде жаңа сабақ бойынша түсіндірілген мұғалім дәрісінен алған білімді жинақтау мақсатында жұптаса, топтаса отырып, өзара сұбхатқа түсу, ашық және жабық сұрақ даярлау,

суреттеу, ой шақыру, пікір бөлісу сияқты кезеңдерде Эдвард де Бононың «Ақылдың алты қақпағы» «Венн диаграмасы», «Бес жолды өлең», «Ой толғау» тәсілдері пайдалану өте ұтымды. Оқу мен оқытудағы жаңа тәсілдерді негізге ала отырып, диалог негізінде оқыту және оқу керектігін үйретуді іс-тәжірибеде қолдану. Диалог негізінде білім беру мен білім алу оқушылардың бір-бірімен өзара сұхбаттасуы және мұғалім мен оқушы арасындағы диалогтің шәкірттердің танымдық көзқарасын жүйелеуі мен дамуына көмектеседі.

Оқушыларды ұлттық құндылықтарға, шығармашылыққа баулу үшін тағы бір қажеттілік-баланы психологиялық дайындықтан өткізу, яғни педагогтің психологиялық әсері шығармашылық кезеңде баланың шабытын оятып, құлшындырып, еліктіріп отырады. "Бұндай кең жазиралы, сұлу табиғаттың, иесі, өз Отанымның келешек ұрпағы мен екенмін!"- деген мақтаныш сезіммен мотивациялық кезең өтсе, еліне деген патриоттық құндылығы қалыптасады. Ал, құндылыққа бағытталған тәсіл оқушы тұлғасының бойында мақсатты түрде бойында өз Отанына, еліне деген сүйіспеншілік, құрмет, адамгершілік құндылықтар жүйесін қалыптастырады.

Сонымен қатар, қазақ тілі мен әдебиеті пәні сабақтарында халық даналығын, құдіретті сөз зергерлері–жыраулар мен шешендердің, ақындардың нақыл, өсиет сөздерін, классик жазушыларымыздың қанатты сөздерін ұлттық санамызға тығыз байланыстыра отырып пайдалану арқылы білім беруіміз шарт.

Сабақтарда қолданатын жаңа технология және ұлттық элементтерді бірнеше топтарға бөліп, жүйелеуге болады.

1.Сөзжұмбақты сабақта қолданған кезде сабақтың мазмұнын ашу үшін қандай да бір ұлттық элементтердің сөздерін келтіруге болады. Сабақта сөзжұмбақтарды пайдалану оқушыларды ойлауға,тапқырлыққа, байқампыздыққа баулып, көп білуге,жан-жақты ізденуге ынта-жігерін арттырады.

2. Салауатты өмір салтын қалыптастыруда ұлттық ойындар және ұлттық тағамдардың маңызы өте зор екенін оқушылардың санасына жеткіземіз. Ұлттық ойындардан асық иіруді оқушыларды тарауды қайталаған кезде қолданған тиімді.

3. Киіз үйдің құрылысы. XX ғасырдың тоқсаныншы жылдарынан бастап қазақ мемлекетінің жеке шығуы ұлттық мәдениетін, оның ішінде киіз үй қадірі мен орнын өз дәрежесінде қайта көтеріп, ұлы бабаларымыздың киелі рухының қайта дәріптелуі, оларға лайықты ас пен тойлардың, соған сәйкес ұлттық мәдениеті рөлінің артуы киіз үйге құрылысы, оған қойылатын ұлттық бұйымдар туралы түсіндіру үшін алдын ала олардың аттарын конвертке салып, дайындап қойған жөн. 4.«Сөздің көркі – мақал». Қазақ халқы – ежелден сөз қадірін біліп, қасиетті сөздерді қастерлеп аузынан тастамай, өнеге ретінде данышпандығын өлеңмен өрнектеп, терең мағыналы сөздермен зерлеп, келе жатқан халық. Сөз зергерлерінің аузынан

шыққан мәтелдер мен мақалдарды ретіне қарай қолдану ұрпақ тәрбиесіне көп себебін тигізеді. ондықтан барлық салтдәстүрлерімізге байланысты мақал–мәтелдерді сабақтарда көптеп қолдануға болады.

а)Ата-бабамыздың өсімдіктерді ежелден қастерлеп, қадір тұтып келгендігіне өсімдіктерге арналып қойылған адам, жер – су аттары дәлел. Осыған байланысты шөп, жер, су, аң, құстардың аттарын жеке жинақтап, кейбір тақырыптарды өткенде сөзжұмбақтарға қолданған тиімді.

ә) Қазақ халқының ата - кәсібі мал өсіру болғандықтан төрт түлік мал туралы және олардан алынатын өнімнің пайдасын қалай қолданып келгені туралы, құстар мен табиғаттағы аңдарды қалай қорғап, олардың кейбір ерекшеліктерін пайдалана білгенін оқушыларға қосымша түсініктемелер беріп отыруға болады. Мысалы: үкі тырнағы, кірпі тікені, борсық ішегі, т.б.

Қорыта айтқанда, біз тәрбиелеп отырған жеке тұлға білімді, білікті, іскер, еңбекқор, рухани жетілген, ұлттық болмысы шыңдалған, білімнің әлемдік кеңістігіне шыға алатындай тұлға болуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттердің тізімі:

- 1.ҚР Президенті- Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.
- 2.Бағзыбекова Н. Білім сапасын арттырудың алғы шарттары //«Қазақстан мектебі» №10, 2013.
- 3.Рахиева С.Инновациялық тәсілдер негізінде //«Қазақстан мектебі»№8, 2013.
- 4.Игенбаева Б.Жеке тұлғаның рухани адамгершілігін дамыта оқыту әдістемесі. 2005
- 5.Тілді білсеңіз-елді білесіз Ф.Е.Ағманов,Ә.Е.Ағманов,Л.В.Ешкембаева Алматы
- 6.Ресми іс қағаздары.А.Алдашева,З.Ахметжанова. Қ.Қадашева.Ә. Сүлейменова Астана.2000 .

ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҰН ЖАҒДАЙЫНДА МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДЫ БАСҚАРУ

ЖОЛШИБАЕВА ЖАНАР САМБЕКҚЫЗЫ

Ақтөбе қаласы

№22 «Балдырған»

МДҰ меңгерушісі

Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру мазмұнын жаңартудың негізгі мақсаты баланың жас ерекшелігіне сай әлеуетті мүмкіндіктерін барынша дамытуға, функционалдық тұрғыдан сауатты, кез келген өмірлік жағдайларда меңгерген білім, білік, дағдыларын тиімді қолдануға қабілетті бірегей тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Мектепке дейінгі білім беру балаларды үздіксіз тәрбиелеу мен ерте әлеуметтендірудегі бастапқы сатының әлемдік моделі болып табылады.

Англиядағы мектепке дейінгі ұйымдардың (ЕРРЕ) тиімді жұмысын зерделеу нәтижелері көрсеткендей, мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жоғары сапалық деңгейде болуын қамтамасыз ететін негіздер:- біліктілік санаты жоғары педагогтер; - көшбасшылық дағдылары және мол жұмыс тәжірибесі бар педагогтер;-бірлесе жұмыс істеп, біліктілігі төменірек әріптестеріне қолдау көрсететін педагогтер; - баланың дамуы мен білім алу үдерісін жақсы түсінетін педагогтер [1].

Осыған байланысты инновациялық оқытудың стратегиялық бағыттарына сай білім беру мақсаттары нақтылануда. 2018 жылы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – МДТОМЖС) жаңартылып, мектеп жасына дейінгі балалардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар белгіленді. Бұл қазақстандық мектептердің жаңартылған білім мазмұнына көшуімен байланысты жүзеге асырылды.

2000 жылдың басынан бастап Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнында қазақ халқы мен ел аумағында тұратын басқа да этностардың тарихи және мәдени дәстүрлеріне негізделген әлеуметтік және педагогикалық функцияларды қамтитын реформалау үдерісі белсенді іске асырылуда.

Қазақстан Республикасының «Мектепке дейінгі білім беру» стандартының осы кезеңге дейінгі қалыптасқан отандық және халықаралық тәжірибені сәйкестендіре отырып, мектепке дейінгі балалардың тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін жобасы жасалды. Мектепке дейінгі баланың өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, оның толыққанды қалыптасуы үшін дамыту ортасын құратын үздіксіз білім берудің бастапқы деңгейінде әрекеттің өзіндік түрлерін, баланың даму бағытын, оның кейінгі мектеп жағдайына бейімделуін қамтамасыз етуі тиіс екендігі көрсетілген. Бұрынғы дәстүрлі әдістерді қазіргі оқыту жүйесіндегі әдіс-тәсілдермен салыстыра отырып, жүйелеп, зерттеу мен талдау арқылы әр сабақта қажетті материалдармен қолдану қазіргі кездегі негізгі талаптың бірі болып отыр.

Қазіргі кезеңде республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда.

Ерте жастағы балалар үшін жүйелілік дамудың аса маңызды аспектісі болып табылады: тұрақты орта және біртұтастық баланың танымдық және әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды ерте меңгеруіне ықпал етеді. Ал бала әртүрлі оқу бағдарламаларымен және оқыту мен оқудың әртүрлі әдістерімен танысқан жағдайда, әрбір бірнеше жылдан кейін үздіксіздік бұзылады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың барлық жас топтары үшін келісілген оқу бағдарламасы (бастауыш мектепке ауысқанға дейін) баланың толығырақ және үздіксіз дамуын қамтамасыз ете алады.

Сондықтан кез-келген мемлекеттің негізгі тірегі болып саналатын білімді де білікті, іскер де белсенді адамдарды дайындау үдерісіне көп көңіл

бөлінуде. Мектепке дейінгі ұйымдарды басқаруда да осы бағыттар ескерілуі қажет.

Баланы ерте жастан білімді өз бетінше меңгеруге және қолдана білуге дағдыландыру аса маңызды болып табылады. Педагог үшін өз бетінше, шығармашылықпен оқу үдерісін оңтайлы және ерекше сипатта ұйымдастыру маңызды болып табылады. Сонымен қатар Л.Выготский «мектепке дейінгі балалық шақты ерекше ұйымдастырудың» маңыздылығы туралы атап көрсеткен. Д. Эльконин және Л.Выготский оқу үдерісінің ерекше сипатта болуын—оқуды ойын арқылы ұйымдастыра отырып, олардың өзара сабақтастығы мен үздіксіздігін қадағалау қажеттігіне назар аударған [2].

Мектепке дейінгі ұйымды басқаруда инновациялық оқыту ерекшеліктері ескеріледі.

Мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық оқыту ерекшеліктерін көрсетсек:

- ✓ жеке тұлғаға бағдарланған технологияларды оңтайлы қолдану арқылы инновациялық білім берудің дамуы;
- ✓ кәсіби білім беру және инновациялық қызметті кіріктіру қабілеттілігі;
- ✓ оқу орнында жалпы және кәсіби құзыреттілікті дамытуда бәсекелестік қалыптастыру;
- ✓ жаңа мақсаттарға сәйкес ұйымдастыру құрылымын және басқару мен өзін-өзі реттеу әдістерін жасақтау.

В.Г.Белинский: «Ең ескі идеяны жаңамен байланыстырып, өзгеше сипат беріп жаңалық ашуға болады» - деген екен.

Шетелдік жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдарда, дамытушы орталықтарда тұлғаға бағдарланған технологиялар кеңінен қолданылады, олар тәрбие жүйесінің негізгі өзегі ретінде баланың жеке тұлғасын, оның дамуына қолайлы және қауіпсіз жағдай жасауды, оның табиғи әлеуетін жетілдіруді және жүзеге асыруды қарастырады. Бұл технологиялардың аясында ынтымақтастық технологиясының маңызы ерекше.

Олай болса, қандай да болмасын жаңа идеялардың көмегімен баланың ашылмаған қабілетін ашу, дамыта оқыту, белсенділігін арттыру, өзіне деген сенімін күшейту, іздендіру, пәнге деген сенімін күшейту, іздендіру, пәнге қызығушылығын арттыру мақсатында жүргізілген жұмыстар дамыта оқытудың негізгі дидактикалық принциптеріне сүйену қажет. Олар:

- ✓ Жоғары қиындықта оқыту.
- ✓ Теориялық білімнің жетекші ролі.
- ✓ Оқу процесін түсіну (сезіну).
- ✓ Сабақ материалын жеделдете өту.
- ✓ Оқытудың тәрбиелік мәнінің болуы.
- ✓ Барлық оқушылардың (жақсы, төмен) дамуы үшін қолайлы жағдай туғызу.

✓ Байқау-қоршаған ортамен байланыс.

Тәрбиеші мен тәрбиеленуші арасындағы жаңаша қарым – қатынас [3]. Тәрбиешілердің тәжірибелік дағдысын шыңдап, зерттеушілік қабілетін дамыту үшін семинарлар, дөңгелек үстелдер мен вебинарлар жоспарлануда. Зерттеуге негізделген оқыту баланың да, тәрбиешінің де бойында шығармашылық қабілеттің болуын көздейді. Зерттеуге негізделген оқудың басты ерекшелігі – балалардың оқу іс-әрекетіне зерттеушілік, креативтілік сипат бере отырып, олардың оқуын жандандыру және осы арқылы оқушыларды өзінің танымдық іс-әрекетін ұйымдастыруға ынталандыру.

Баланың өзін, оның білімі мен тәрбиесін бағалайтын отбасындағы қарым-қатынас баланың өзін-өзі жетілдіруіне шынайы көмектесетін нәрсе болып табылады. Баланың жеке әлеуетін отбасының қамқорлықпен қатысуынсыз жүзеге асыру мүмкін емес, өйткені отбасы баланы бүкіл өмір бойы үйретіп тәрбиелейтін бірегей білім беру жүйесі болып табылады.

Баламен әңгімелесу осы технологияның негізін құрайды. «Parental engagement» ата-аналардың баламен әртүрлі тақырыпта еркін әңгімелесуін, оның оқуы мен үлгерімін талқылауын, қажет болған жағдайда балаға қолдау көрсетуді қамтиды. Халықаралық зерттеулер көрсеткендей, ата-аналарымен тығыз қарым-қатынаста өсетін балалар балабақшада, мектепте және одан кейін ЖОО-да жақсы нәтижелерге қол жеткізе алады [4].

Оқу мен тәрбие саласындағы мұғалімдердің алдында тұрған аса маңызды міндет – талабы таудай, дарынды жеке тұлғаны іздеп тауып оны жетілдіріп шығару. Ол үшін оқытудың мазмұнын жаңартатын жаңашыл, шығармашыл, ізденімпаз ұстаз керек. Қазіргі педагогика теориясы жаңашылдыққа бет бұрып, білім беру мазмұны жаңарып жаңа көзқарастар пайда болумен жаңа технологиялар өмірге келуде. Мектепке дейінгі ұйымды басқаруда төмендегі сұрақтар зерделенуі шарт: «Білім беру мазмұнын жаңартудың нақты тәсілдемелерін қарастыру барысында қандай мәселелерге назар аудару қажет?», «Тәрбиелеу және оқыту теориясын неліктен зерттеу қажет?», «Баланың жас және тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, әлеуметтік дағдылары мен өзіндік оқу дағдыларын қалай дамытуға болады?», «Балалардың бойында ерте жастан дамыту қажет негізгі дағдыларды қалай қалыптастырамыз?», «Мектеп жасына дейінгі баланың ой-пікірін қалай білуге болады?» т.б.

Олай болса, қазіргі кезеңде балабақша табалдырығынан бастап бүлдіршіннің жеке тұлғасын қалыптастыратын тәрбиелік міндеттерді тиімді ұйымдастыра білу, ең алдымен, тәрбиеші педагогтың кәсіби даярлығының сапалылығына байланысты. Жан-жақты дамыған, болашақта нағыз ел қамын ойлайтын ер азамат тәрбиелеп жатқанын мектепке дейінгі ұйымдардың басты мақсаты болуы керек екенін әр тәрбиеші есте сақтауы қажет.

Қолданылған әдебиет:

1. Мектепке дейінгі ұйымдарда перспективалық жоспар мен циклограмманы құрастыру бойынша әдістемелік нұсқаулық, Астана, 2018 32 б.

- 2.Бабаева Т. И.Бала әлеуметтік қатынастар әлеміне енеді.Санкт-Петербург, 2008 .
- 3.Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тілді тереңдетіп оқыту негізінде балаларды мектепке дейін тәрбиелеу мен оқыту Бағдарламасына әдістемелік нұсқаулық. НЗМ ДББҰ, Астана. – 2012.
- 4.Крулехт М.В. Ребенок познает предметный мир, приобретается

ФОРМИРОВАНИЕ НАЦИОНАЛЬНЫХ ЦЕННОСТЕЙ СРЕДСТВАМИ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТРУДА

ЖИЕНБАЕВА АЛЁНА ВЛАДИМИРОВНА

*КГУ «Зуевская средняя школа отдела образования
акимата Алтынсаринского района», Костанайская область*

В настоящее время в Республике Казахстан происходят изменения, как в экономике, так и в социальной сфере в области культуры и образования. Современное общество характеризуется глобальными культурными процессами, которые обеспечиваются новыми цифровыми технологиями вещания. Современные казахстанские дети и подростки находятся в насыщенной, динамичной, расширяющей кругозор информационной среде, но в этой среде очень мало казахстанского контента. Всё это создаёт серьёзную проблему по формированию национальных казахских ценностей у подрастающего поколения.

Современному обществу необходимы интеллектуальные, гармонично развитые личности способные к самореализации. В системе образования особое значение уделяется проблеме целостного и всестороннего обучения и воспитания конкурентно способной личности обучающихся. В современных условиях становления молодого казахстанского государства понятия честь, справедливость, этническое единство, толерантность, патриотизм, родовитость стали ценностным смыслом для казахского народа.

Первый Президент Республики Казахстан–Лидер Нации Н.А.Назарбаев и действующий Президент Казахстана Касым-Жомарт Кемелович Токаев уделяют огромное внимание сфере духовного состояния казахстанского народа. Государством осуществляется большая работа в направлении формирования социокультурных ценностей казахстанского общества.

В Казахстане созданы и реализуются приоритетные государственные программы формирования и развития ценностей казахстанского общества «Рухани жанғыру». В которой первый президент Н.А.Назарбаев выделил основные направления модернизации сознания казахстанского общества и каждого жителя страны: конкурентоспособность, сохранение национальной идентичности, культ знания и открытость сознания. Развитие ценностей, направленных на гуманизм, уважение, толерантность и нравственность.

При исследовании проблемы формирования национальных ценностей в контексте ее философского и духовно-нравственного осмысления, потенциала в воспитании личности на разных возрастных этапах нами была установлена ведущая роль урока художественного труда в трансляции поколениям базовых национальных ценностей, присущих именно данной культуре явлений и ценностей, которые обладают этнической спецификой. Базовые национальные ценности должны лежать в основе каждого урока художественного труда и определять деятельность обучающихся.

Урок художественного труда—это творческая мастерская, позволяющая не только творить создавать продукт, реализовывать себя, свои возможности и желания, но место формирования общечеловеческих и национальных ценностей.

Формирование у обучающихся национальных ценностей и исторического самосознания, интереса к истории казахского народа традициям и обычаям, народным ремёслам, промыслам происходит за счет включения в уроки художественного труда элементов декоративно-прикладного искусства. На уроках художественного труда происходит приобщение обучающихся к миру народного декоративно-прикладного искусства, формирования творческого отношения к сохранению и возрождению традиций народных промыслов [2].

Народно-прикладное искусство, без преувеличения можно считать одной из значимых составляющих национальной культуры. Оно отражает богатство и многогранность творческого потенциала своего создателя и не раздельно связано с кюями, устно-поэтическим творчеством. Казахи издревле сохранили свою самобытность. Широко известны их достижения в декоративно-прикладном, ювелирном искусстве, чеканке, керамике. Испокон веков казахский народ из поколения в поколение передает семейные, национальные и духовно-нравственные ценности. Многие мыслители казахского народа в своем творчестве отводили важное место проблеме духовно-нравственных ценностей и их идеи «служат источником возрождения казахской национальной культуры и духовности в начале XXI века»[3]. Философию нравственного совершенствования глубоко изучал великий мыслитель Востока аль-Фараби, который считал добро, справедливость, нравственность, гуманизм основами достижения человеком счастья. Абу Наср аль-Фараби духовное возрождение человека рассматривает через становление его добродетельности. Под понятием добродетели мыслитель интегрирует высшие ценности человека. Аль-Фараби рассматривает добродетель как средство нравственного улучшения человека, а под добродетелью характеризует все, что способствует достижению счастья и добра [4]. Социально-культурные ценности изучали следующие ученые А.Тойнби, О. Шпенглер, А.Кребер, Ф. Чемберс, П.А. Сорокин, Т.Парсонс, У.Матурано, С.Ваго, П.Штомпке. О психолого-педагогических основах трудового воспитания писали ученые-

С.Я.Батышев, А.И.Кочетов, О.Г.Максимова, В.Н.Николаев, М.Н.Скаткин и др..

В.И.Баймурзина, Г.Н.Волков, М.А.Некрасова и др. в своих научных трудах писали о воспитании, основанном на народных традициях. Известные казахстанские исследователи Т. К. Басенов, Н.А. Оразбаева, А. Х. Маргулан, У. Джанибеков, А. Кажгали, Н. Ибраева, Ш.Ж. Тохтабаева и др. занимались изучением, систематизацией и пропагандой народного искусства.

Уроки художественного труда являются благодатной средой для формирования национальных ценностей, за счет вовлечения обучающихся в коллективную декоративно-творческую деятельность. Обучающимся очень нравится работать коллективно. В данном виде творчества развиваются общечеловеческие ценности. А это и есть формирование национальных ценностей, а так же происходит духовно – нравственное развитие обучающихся. У кого-то из обучающихся развиваются лидерские способности, остальные тянутся за этим лидером. На уроках художественного труда обучающиеся знакомятся с произведениями народного и декоративно-прикладного искусства. Художественные изделия народных мастеров помогают привить детям любовь к родному краю, учить их видеть и любить природу, ценить традиции, уважать любой труд [2].

Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаев в Послании народу Казахстана. от 1 сентября 2020 г. пишет: «Для качественно нового развития нашей нации должны измениться наши повседневные жизненные установки. А в обществе должны утвердиться новые принципы и новые ориентиры». Приводит цитату великого просветителя казахского народа Ахмета Байтурсынова: «Чтобы иметь знания, необходимо учиться. Чтобы быть богатым, нужно иметь дело. Чтобы стать сильным, нужна сплоченность. А для всего этого, нужно трудиться, не покладая рук», – эти слова актуальны и сегодня [5].

Совместная творческая деятельность способствует формированию у обучающихся эстетического, эмоционально-ценностного видения окружающего мира. На уроках художественного труда формируются общечеловеческие ценности коммуникативность, лидерство, сотрудничество, творчество, толерантность и другие. У обучающихся формируются манеры положительных взаимоотношений со сверстниками, умения сотрудничать, понимать и ценить художественное творчество других. На уроках обучающиеся испытывают чувство радости от самого процесса получения новых знаний, огорчения от неудач, ошибок.

Основную часть урока художественного труда занимает практическая деятельность обучающихся. Достижение цели приносят те уроки, на которых обучающиеся самостоятельно работают по технологическим картам. Об эффективности самостоятельной работы учитель судит по тому, насколько самостоятельно справляются обучающиеся с работой. В практической деятельности закрепляются навыки восприятия

окружающего мира, полученных теоретических знаний. Процессы, характеризующие мировой порядок, показывают необходимость инвестирования ресурсов всех типов в образование, поскольку вложения в человеческий фактор через образование является ключом в непрерывное социальное, экономическое развитие будущего. Современный этап развития общества стимулирует и предопределяет становление нового типа культуры, мышления, способов освоения действительности, что вызывает необходимость реформирования образования, открывающего новые возможности для повышения результативности подготовки педагогических кадров. Педагог художественного труда оказывает большое влияние на формирования творческих, эстетических способностей обучающихся, а также сформированности у них общечеловеческих ценностей, национальной культуры. Являясь учителем художественного труда, я стараюсь прививать своим обучающимся эти качества. Донести до обучающихся значение слова «нравственность» лучше всего через творчество самих же обучающихся. На уроках художественного труда формирования творчества и развитие ценностей проявляется через кропотливо сшитую сорочку или фартук, созданные своими руками разделочные доски с выжженными на них рисунками родной природы. Важнейшим средством формирования основ национальной культуры является народное и декоративно-прикладное искусство, все его виды и формы. Высшей формой национальной культуры является художественная культура, которая удовлетворяет нравственные, эстетические, духовные потребности личности. Изготовление общественно полезных вещей требует, на каждом уроке постановки четких, конкретных дидактических целей взятых из Программы и долгосрочного планирования. Различные виды деятельности на уроках художественного труда требует разностороннего и гибкого использования всех имеющихся в арсенале современного учителя форм, методов и приёмов обучения, интеграции предмета художественный труд с самопознанием и другими предметами.

Эффективной формой подведения итогов следует считать формативное оценивание. Формативное оценивание комментируется и обучающийся осознает, за что ему ставится высокий или низкий балл. Для оценивания готового изделия используются следующие критерии: точность создания изделия, норма по времени, правильность выполнения трудовых приемов, рациональная организация рабочего места.

Таким образом, включение в урок художественного труда элементов народно-прикладного искусства играет важную роль в воспитании высокообразованного, культурного и нравственного человека, обеспечивает комплексный подход к развитию личности, и проявляется это в его отношении к людям, к труду, к искусству, к жизни и формированию национальных ценностей.

Список литературы:

- 1.Гринкевич, Л. Н. Формирование общечеловеческих ценностей у детей с нарушением интеллекта посредством художественного труда с опорой на их филогенетический опыт / Л. Н. Гринкевич. — Текст : непосредственный // Педагогика: традиции и инновации : материалы VI Междунар. науч. конф. (г. Челябинск, февраль 2015 г.). — Челябинск : Два комсомольца, 2015. — С.193-196.—URL: <https://moluch.ru/conf/ped/archive/147/7154/> (дата обращения: 06.10.2020).
- 2.<http://nauka-pedagogika.com/pedagogika-13-00-01/dissertaciya-formirovanie-interesa-k-traditsiyam-narodnogo-dekorativno-prikladnogo-iskusstva-u-podrostkov-na-urokah-tehnologii#ixzz6a5FDgs9s>
- 3.Нысанбаев А.Становление исламской философии в Казахстане. Алматы, 2000.
- 4.Аль-Фараби. Социально-этические трактаты. - Алматы, 1973
- 5.Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана. 1 сентября 2020 г. https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-1-sentyabrya-2020-g

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – РУХАНИ - АДАМГЕРШЛІКТІҢ НЕГІЗІ

ЖҰМАҒАЛИЕВА ГҮЛЖАЙНА ҚАЛЫБАЙҚЫЗЫ

Атырау облысы

Құрманғазы ауданы

Хиуаз селосы

*Ы. Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебінің
биология/ Өзін – өзі тану пәндері мұғалімі*

«Кімде– кім өзін сүйсе, туыскандарын сүйсе, өз елін сүйсе, әсіресе, адам баласын бауырым деп білсе, сол адамды ізгі дейміз!»

М. Жұмабаев

Ұлттық құндылықтарға әр халықтың ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық, рухани және мәдени құндылықтары жатады. Осы құндылықтарды ұрпағымыздың бойына сіңіріп, оқу-тәрбие үдерісінде ұлтжандылыққа, отаншылдық пен салт-дәстүрімізді құрметтеуге баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеу-ұстаздар алдындағы басты міндет. Ұлтымыздың тұнып тұрған асыл мұра, рухани байлығын оқыту үдерісіне енгізу арқылы қазақ халқының құнды ойларын, даналық пәлсапасын, өмірлік тәжірибесін халық игілігі үшін қолдана алатын жан-жақты дамыған, білімді, өзіндік көзқарасы бар жеке тұлғаны қалыптастырамыз.

Ғасырлар тоғысында халқымыздың алақанына салып аялаған баға жетпес рухани мұрасы, даналық дариясы оның әдебиетінен көрініс табады. «Туған тілін сүюден басталатын махаббат, елжандылықтан адамзатты

шексіз құрметтеуге дейін өседі. Жасынан туған халқының даналығымен сусындап, оның өсиетінен нәр алып, әдебиетті сүйіп, сол арқылы ұлтжанды азамат болып өсері хақ», - дейді аса көрнекті әдебиеттанушы Ш. Елеуқенов.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы міндет-өзінің өмірін жалғастырушы саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі—ұлт болашағы, келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу кезек күттірмейтін іс екені сөзсіз. Халық даналығында: «Бір баланы адам етіп өсіргенше, бір шаһар апат болады» деген сөз бар. Осы салыстырудың өзі-ақ баланың шын мәніндегі Адам болып қалыптасуы қыруар уақыт пен тер төгетін еңбекті қажет ететін аумағы кең, жауапкершілігі мол күрделі іс екенін ұқтырса керек. «Ту жанында қисық ағаш жатпайды» дегендей, сом тараулы тәрбие жолының тоғысар тұсы халықтың өзінде, ата –баба салт санасында, дәстүрінде. Жас ұрпақты ұлттық мақтаныш пен ұлттық патриотизм рухына қалай тәрбиелесек, еліміздің халқымыздың болашағы, даналығы да солай айқын көрінеді. Даналық білімнен нәр алады.

Ұлы ұстаз Макаренко: «Адамды бақыттылыққа үйрету мүмкін емес, бірақ бақытты болатындай етіп тәрбиелеуге болады» - деген екен.

«Біз тұрғызатын қоғам арды бағалайтын, белсенді жоғары моральды, әдепті және рухани байлығы мол адамдардан тұру керек» - деді Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев (18 ақпан 2005 ж.). Қазақстан халқына Жолдауында «Жаңа құндылықтар жүйесіне тезірек бейімделіп кеткен болашаққа жаңаша көзқарасы бар жас ұрпақты дер кезінде ең қымбат адами көзқарастар негізінде рухани-адамгершілік, имандылық ізгі қасиеттерге баулу қажет».

Республикамыздың білім беру мекемелерінде этнопедагогикалық білім мен тәрбие беру мәселесі үлкен сұранысқа ие болып отыр. «Өзіңді-өзің жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін», - демекші, әр ұрпақтың өз ұлтының ата-баба дәстүрін, мәдениетін, тілін терең меңгерудің маңызы зор.

Әр жеке тұлға өзін-өзі рухани жетілдіру үшін өзін өзі тәрбиелеуге міндетті. Осыған орай, Қазақстан Республикасында С.А.Назарбаеваның өскелең ұрпаққа рухани-адамгершілік білім берудің маңыздылығын күшейтуге бағытталған «Өзін-өзі тану» авторлық жобасы табысты іске асырылуда. Жеке тұлғаның рухын тәрбиелеуге, адамның адамгершілік болмысын қалыптастыруына бұл пәннің қосар үлесі мол.

Жеткіншек санасын қалыптастыру негізі ұлттық тәлім – тәрбиеде. Әр халықтың тәлім – тәрбиелік мұрасы – этномәдениеттің құнды бөлігі. Адамды жігерлендіріп, батыл ететін, алға қойған ұлы мақсатқа жетуге ұмтылдыратын, үлкен арманды орындап шығуға қанаттандыратын, қысқасы, адамды нағыз адам ететін күштің бірі-өзіндік саналы тәртіп пен өзін-өзі тәрбиелеу. Ұлт болашағының келбеті-ұрпақ тұлғасы, ол рухани құндылықтарды санасына сіңіріп, болмысына дарытқанда ғана өз нәтижесін берері сөзсіз. Тұлға қалыптасуындағы рухани құндылықтар: тарихи

құндылықтар, мәдени құндылықтар, ұлттық өркениет, ұлттық салт-дәстүр, тіл тазалығы;

Қазіргі әлемдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа– адамгершілік-рухани тәрбие беру үрдісінде жалпыадамзаттық ұлттық құндылықтарды енгізу арқылы адамның рухани өсуіне жағдай жасау қазіргі білім беруді ізгілендірудің негізгі өзегі болып табылады. Жалпыадамзаттық құндылықтарды адамның бойынан жарыққа шығару ізгілікке апарады, яғни, мінезін өзгертуге болады. Адамның жақсылыққа ұмтылуы, ақиқатқа жүгінуі оның болмысынан ішкі жан дүниесінде бес құндылықтың бар екенінің дәлелі. Жалпыадамзаттық құндылықтарды адамның бойынан жарыққа шығару ізгілікке апарады, яғни, мінезін өзгертуге болады.

«Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Қазіргі білім беру кеңістігінде жарық көріп отырған Жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген «Өзін-өзі тану» рухани– адамгершілік білім беру бағдарламасы жеке тұлғаның үйлесімді дамуына мүмкіндік беретін, жоғары ізгілік мұраттардың ең құндысы болып отыр. [4]

Өзін - өзі тану рухани – адамгершілік білім беру бағдарламасының жас ұрпақты ізгілікке бағыттаудағы алдына қойған мақсаттары:

-Оқушылардың өзінің жан дүниесін сезінуіне және дербестігін түсінуіне ықпал ету;

-Жеке тұлғаның жан–жақты қалыптасуына өмірлік маңызы бар түйінді құзыреттерді мақсатты түрде дамыту арқылы ықпал ету;

-Өзінің өмірлік позициясын анықтау;

-Әр түрлі мәселелерді адамгершілік талаптарға сәйкес конструктивті шешу;

-Өзіне, адамдарға және қоршаған әлемге ізгілікті қарым – қатынас жасау;

-Адамдарға қолдан келгенше көмек беру, туыстарына және іс - әрекеттеріне шынайы болу;

-Жасампаздық, белсенділік, азаматтық және отансүйгіштік таныту;

-Адамгершілік тұрғысынан тандауға даярлығын таныту және өз ойы, сөзі мен ісіне жауапты болу;

«Өзін - өзі тану» әлемінің ең басты құндылығы – адам және адамның өмір сүруі үшін, бақыт үшін, қуаныш үшін жаралғандығына негізделеді.

Оқушының жалпы адамзаттық қасиеттері меймандостық, кісілік, сыйласымдылық, имандылық, кішіпейілдік, кеңпейілділік, салауаттылық, тіршілікке бейімділігі, өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық, сыпайлығы, мәдениеттілігі т.б. қасиеттері арқылы ерекшеленеді.

Руханилық жеке тұлғаның негізгі сапалық көрсеткіші. Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, ар-ұят, өзін-өзі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Мұның өзі мейірімділікке, ізгілікке шақырады. Олар адамды құрметтеу, оған сену, әдептілік, кішіпейілдік, қайырымдылық, жанашырлық, ізеттілік, инабаттылық, қарапайымдылық

т.б. Адамгершілік-ең жоғары құндылық деп қарайтын жеке адамның қасиеті, адамгершілік және психологиялық қасиеттерінің жиынтығы. [5]

Адамгершілік тақырыбы-мәңгілік. Ол ешқашан ескірмек емес. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру-ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар бұлағы-халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет-ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс-тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді. Жас ұрпақты саналы, сергек етіп тәрбиелеу отбасы мен мектеп қызметкерлерінің бірден бір парызы. Оқу тәрбие жұмысын дұрыс жолға қоюда ата-аналармен жұмыстың орны орасан. Атап айтар болсақ, дәстүрлі ата-аналар жиналыстарымен бірге тақырыптары: «Бала тәрбиесіндегі отбасының ықпалы», ашық сабақтарға, ойын-сауық кештері, ата-аналарға арналған сауалнамалар, ашық есік күндері ұйымдастырылып отырады. Әр ата-ананың мектепте болып жатқан іс-шараларға деген қызығушылық білдіруі де әр қалай.

Адамгершілік қасиеттер ізгілікпен ұштастырады. Әсіресе еңбекке деген тұрақты ықыласы бар және еңбектене білуде өзін көрсететін балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу басты міндет болып табылады. Өз халқының мәдениетін, тарихын, өнерін сүю арқылы басқа халықтардың да тілі мен мәдениетіне, салт-дәстүріне құрметпен қарайтын нағыз мәдениетті азамат қалыптасады. Қазақ халқының әлеуметтік өмірінде үлкенді сыйлау ұлттық дәстүрге айналған. Отбасында, балабақшада, қоғамдық орындарда үлкенді сыйлау дәстүрін бұзбау және оны қастерлеу әрбір адамнан талап етіледі.

Ата-бабаларымыздың баланы бесігінен жақсы әдеттерге баулыған. «Үлкенді сыйла», «Сәлем бер, жолын кесіп өтпе» деген секілді ұлағатты сөздердің мәні өте зор. Адамгершілікті, ар-ұяты бар адамның бет-бейнесі иманжүзді, жарқын, биязы, өзі парасатты болады. Ондай адамды халық «Иман жүзді кісі» деп құрметтеп сыйлаған.

Балаларымызды имандылыққа тәрбиелеу үшін олардың ар-ұятын, намысын оятып, мейірімділік, қайырымдылық, кішіпейілдік, қамқорлық көрсету, адалдық, ізеттілік сияқты қасиеттерді бойына сіңіру қажет. Баланы үлкенді сыйлауға, кішіге ізет көрсетуге, иманды болуға, адамгершілікке баулу адамгершілік тәрбиесінің жемісі. Ал, адамгершілік тәрбиелеудің бірден-бір жолы осы іске көзін жеткізу, сенімін арттыру. Осы қасиеттерді балаға жасынан бойына сіңіре білсек, адамгершілік қасиеттердің берік ірге тасын қалағанымыз.

Қазіргі кезде өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеуде қойылған мақсаттардың бірі қоғамға пайдалы, үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру. «Өзін-өзі тану» пәні — баланы жастайынан отаншылдыққа, әдептілікке, достыққа, тазалыққа, ұқыптылыққа, мейірімділікке, табиғатты сүйуге, отбасын сыйлауға, ұйымшылдыққа үйретеді.

Адам бойына кішіпейілдік, сыпайылық, рақымшылық, жанашырлық, сыйластық, тілектестік сияқты қасиеттерді дарыту және өзгелерді қадірлей,

сыйлай, құрметтей білу, тыңдай білу, қолынан келгенше адамдарға көмектесу, кешірімді болуды үйретуде «Өзін-өзі тану» пәнінің үлесіне тимек.

Тәрбиенің түп қазығы үлгі берер ұстазда, «Ұстазға қарап шәкірт өсер» деп халқымыз ұстазға үлкен жүк артқан.

Қазіргі таңдағы мұғалімдерге оқушылардың тәрбие жұмысын ұйымдастыруды қатаң талаппен сұрайды. Оған негізінен мынадай үш түрлі басты міндет жүктеледі. [3]

-тәрбие жұмысын үйлестіріп отыру;

- сыныпта оқушылармен бүкіл тәрбие жұмысын ұйымдастырып, оған бағыт беру;

- мектеппен отбасының байланысын жасау;

Атап айтар болсам, «Өзін - өзі тану» рухани – адамгершілік білім беру бағдарламасының үшінші базалық деңгейлік курсы бітіргеннен кейінгі оқушыларға білім мен тәрбие берудегі мақсатым жас ұрпақты «ізгілендіруге» арналып келе жатырғаны ақиқат. Өзін - өзі тану сабағының дәстүрлі әдіс – тәсілдерінің ішінде ерекше әсер қалдыратыны тыныштық сәтінен кейін дәйексөз және оқиға айту (әңгімелеу), мұғалім сыйы. Әсіресе, 9-11 сыныптың оқушылары өз өмірімен және өз өмірлерінен мысал келтіре әңгімелегенді қалап тұрады. 11 сыныптағы «Ата–Анаң–алтын тұғырың!» атты тақырыптағы сабақта оқушылар ата – ананың қадірін ұғыну, құрметтеу парызы екендігін естен шығарму керектігін айтқанда көздерінен қуаныш, ата – анаға деген махаббат сезімдерін ашық білдіре алу, оларға еркелеп, өздерінің ойларын, армандарын емін–еркін жеткізе алатындықтарына қарағанда, оқиға айту әңгімелеу әдісінің оқушыларды ізгілікке бағыттауда маңызы зор екеніне көз жеткіздім.

Қазақ халқында «Отан–отбасынан басталады», дегендей, әрбір отбасының қалыптасқан әдет-ғұрпы, ата дәстүрі бар. Әкеден өсиет, анадан өнеге алу – ұрпақ жалғастыру. Ата-бабамыздан келе жатқан дәстүрлердің де, жасы кішілер үлкендерден, қариялардың айтқанын екі етпей орындауы, отбасы мүшелерінің бірін-бірі ренжітпеуі, үйдегі үлкенінің тілін кішісі алуы, елгезек, тілалғыш, үлкендердің кішіге қамқор болуы, еңбекке де жұмыла кірісуі де отбасы ықпалымен қалыптасады.

Халық даналығынан алынған дәйексөздерді оқыту жеке тұлға бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың ең тиімді жолы екендігін күнделікті сабақ барысында қолдану арқылы көз жеткізіп келеміз. Сабақтың тақырыбы, мәні мен мазмұнының ашылуына көп жағдайда «дәйексөз» әдісіндегі халық даналығы мен мақал – мәтелдердің қосар үлесі зор. [1]

Мұнда ғасырлар бойы сұрыптала жинақталып, жүйеге түскен ұлттық салт-дәстүр, салт-сана, әдет-ғұрып ұрпақтан ұрпаққа біртіндеп жалғасатын адамгершілік, ақыл-ой, эстетикалық, еңбек, халықтың жан дүниесі өзіндік мінез-құлқы, іс-әрекетінің ішкі астарлары түсіндірілді. Көшпелі тұрмыс салтында халық даналығы (мақал–мәтелдер) мектеп пен мұғалімнің, кітап пен баспасөздің қызметін алмастырған. Ол халықтың өзінше шағын ауызша

энциклопедиясы ғана болып қоймай ұстаздық, тәлімгерлік рөлді де атқарған. Мұндағы ақыл–кеңестер ұзақ өсиетсіз, қысқа да нұсқа әрі иланымды болып келеді. Шебер де шешен сөйлей білу мәдениетті адамның асыл қасиеті болып, кісіге психологиялық әсер етудің ерекше тәсілі болып табылған.

Дәйексөз—«өзін-өзі тану» пәнінің тақырып құндылығының мәнін ашуда маңызды рөл атқаратын міндетті бір бөлігі болып табылады. Өйткені, бұл әдіс оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, оқу материалын эмоционалдық – бейнелі тұрғыда қабылдауға ықпал етеді. Тақырыпқа сай алынатын нақыл сөздер, халық даналығы, мақал мәтелдер ұлы ойшылдармен бірге Ақ жаулықты әжелеріміздің даналық сөздерін еріксіз еске түсіреді. Сабақ барысында мұғалім өзінің өмірден көргені мен түйгенін қоса әңгімелесе оқушылардың пәнге деген қызығушылығы да артуына зор ықпал етеді. Мысалы, «Қызға қырық үйден тыю», «Тек жүрсең - тоқ жүресің», «Сыйласандар кәріңді, жарылқаймын бәріңді!» т.б сонау бала кезімізде әжеміз құлағымызға құйып кеткен даналық сөздер еріксіз ойға орала береді. Ұрпақтан ұрпаққа жалғастырып, рухани құндылықтарымызды дәріптеу арқылы оқушылардың дәйексөздің мағынасын берілген сұрақтар арқылы пайымдап, тұжырымды ой қалыптастыра білуіне үлкен мүмкіндік жасап келеміз. [1]

«Өмір – теңіз, жүзем онда деменіз, ізгіліктен жасалмаса кемеңіз!» деген Рудакидің осы бір нақыл сөзі санамда үнемі жаңғырып тұратындай, өмірлік ұстанымымда дәл осындай дер едім. Өйткені, өзім жетекшілік ететін 5 а сыныбын алғаш қабылдап алған күнгі «Мен елімнің патриотымын!» атты алғашқы сабағымды да осы бір даналық сөздің жауабын табу үшін өткізгендеймін. Алғашқы сабаққа оқушылармен бірге ата – аналарын да қатыстырып, өзін-өзі тану пәнінің әдіс – тәсілдерін қолдана отырып, өткіздім.

«Ел дегенде еміреніп, жұрт дегенде жүгініп қызмет еткін!» деген Бауыржан Момышұлының нақыл сөзін дәйексөз ретінде ұсына отырып, батырдың ерлік істерін, өмірлік жолындағы қаталдық мінезімен бірге мейірімділігі мен адалдығы, әділдігі, еліне, Отанына деген риясыз сүйіспеншілігі туралы әңгімелегенде оқушылардың бойынан батырға ұқсағысы келетін патриоттық сезім мен Отанға деген махаббаттарын шығармашылық, топтық жұмыстарды ерекше құлшыныспен орындау кезінде, ортаға шығып өз ойларын еркін жеткізе алғандарына қарағанда сабақтың әдіс – тәсілдері бір – бірімен керемет ұштасып, оқушыны еріксіз шабыттандырып жібергеніне куә болдым.

Атақты педагог Сухомлинский: «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады». Ұлттық құндылықтарымыздың бірі, жас ұрпақтың бойына рухани-адамгершілік бастау болатын тағы бір сабақтың ажырамас бөлігі – аңыз әңгімелер. Халық даналығы саналатын ауыз әдебиетіндегі ертегілер мен ата-бабаларымыздан ұрпақтан ұрпаққа мұра болып жалғасып

келе жатырған ұлттық құндылықтарымыз ғасырлар бойы ұрпақ санасына сіңіп, адамның өзін-өзі тәрбиелеуінде зор ықпалын тигізері сөзсіз. Аңыз әңгімелерді әңгімелеп берген соң кейбір сыныптарда сахналық қойылым түрінде орындауға деген қызығушылықтары арта түсті. Тиімділігі: сол жерде дайындалып, 5–7 минутта шағын сахналық көріністер ұйымдастыруға дағдыланады. Әсіресе 5–9 сынып оқушыларының сахналық қойылым, рөлдік ойындарға деген қызығушылығы өте белсенді. Шағын ертегілер үшін керекті бас киім, маска үлгілерін түрлі – түсті қағаздардан өздері жасап дайындау арқылы оқушылар арасында өзара татулық, мейірімділік, бір – біріне көмектесу, қамқорлық таныту сияқты ізгілікті қасиеттер қалыптасуында зор маңызға ие екенін көруге болады. Оқушылар өздерінің жан–дүниесін аша отырып, саналы түрде даму жолына түсіп, өздеріне қажетті білімді және ар – ұждан дауысын өзі ашады. Әр оқушы – керемет рухани күш иесі екеніне көз жеткізеді.

«Өзін-өзі тану рухани– адамгершілік білім бағдарламасының» адамзатты ізгілікке бағыттаудағы тағы бір құдіреті – ол тек қана баланы тәрбиелеп қана қоймай, ересек адамдарды, мұғалім мен ата–ана арасындағы байланысты нығайтуда да ықпалы өте зор.

Кейде күнделікті күйбең тіршіліктің ағымына ілесіп, мейірімділік пен қамқорлықты ұмытып кететініміз жасырын емес. Осы орайда қайырымдылық акцияларына жиі қатысып, адамдардың бір–біріне қамқорлық жасау парызымыз екенін ұмытпау мақсатында «Мейірімге толы жүрек», «Нұрлы жүрек» атты «Үйден оқитын оқушыларға арналған» қайырымдылық акциясын өткізуде ұлттық құндылықтар рухани–адамгершіліктің қайнар көзі деп есептеймін.

Нәтижесінде оқушылардың бойында татулық, мейірімділік, қамқорлық, ізгілікті қарым–қатынас сезімдері қалыптасып, қайырымдылық жасаудың адами құндылық екеніне көз жеткізеді. Адамзаттың жүрегін жібітетін, мейірімін оятып ізгілікке бастайтыны сөзсіз.

Ата–аналар жиналысында халық мақалы мен нақыл сөздері, ата–бабаларымыздан жалғасып келе жатырған ұлттық салт – дәстүр, әдет–ғұрыптарымыз ата–аналардың еркін ой – сезімдерін бөлісіп, дәйексөздің мағынасына терең бойлап, бейнекөрсетілімнен бала тәрбиесіне қатысты мағыналы ой түйіндеуде, баласын сүю, түсіне білуде, шабыттандыруда әсері мол және мейірімділікке, ізгілікке, шынайы болуға, сүйіспеншілікке жетелейді.

Ш.Құдайбердіұлы: «Ең үздік тәсіл–әңгімелесу. Адам бойындағы руханилық пен адамгершілік туралы ой толғау керек.»

М. Монтень: «Мен мұғалімнің әуелбастан балаларды қабілетіне сәйкес талғамын дамыта отырып, өз ойларын ашып айтуға, талдау жасауға, оқушыға жол көрсетуге, кейде өзі ойлануына бағыттауы керек деп ойлаймын.»

Я. Корчак: «Мұғалім балаға бұғау салмайды, бұйырмайды – үйретеді, басымдық көрсетпейді – мақтайды. Баламен бірге бола білу керек.»

Ш.Амонашвили:«Баланы сыртқы әлемнен даритын, рухани бастаулардан туындайтын нәрселерді біз жандандырамыз, асқақтатамыз, кемелдендіреміз.Біз оқушыларымыздың рухани әлемін міне, осы бейнелермен сәулелендіруіміз керек.

Міне,осындай Ұстазға тән Ұлылық ізгілікпен ұштасып, бала жүрегінен жол таба алған жағдайда жас ұрпақты жан– ағына шуағын шашып тұрған мейірімді, адамгершілігі мол, өз елін, жерін, тілін, отбасын сүйетін, жан–жақты үйлесімді дамыған адам тәрбиелеп шығаратынымызға сенімім мол.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1.Өзін–өзі тану пәнінің оқу бағдарламасы 1-11 сыныптар «Бөбек»Алматы, 2010 [1]
- 2.Өзін– өзі тану пәні әдістемелік құралдары 1–11 сыныптар «Бөбек» Алматы, 2010 [2]
- 3.Самопознание kz республикалық ғылыми–әдістемелік журналы Алматы 2015– 2016 [3]
- 4.Өзін–өзі тану» пәні бойынша көмекші әдістемелік жұмыстарды жетілдірудің жаңа бағыттары. Әдістемелік құрал Атырау 2014 [4]
- 5.А.Кульниязова «Жалпыадамзаттық құндылықтар негізі»Атырау, 2015 [5]

ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНДА ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

ИБРАЕВА АРАЙЛЫМ УМБАТОВНА

Павлодар облысы

Екібастұз қаласы әкімдігі білім бөлімінің

№36 мектеп-лицейінің

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі

Жаңғыру– өткеннен қол үзіп, тек жаңа құндылықтарға жол ашу деген сөз емес.Шын мәнінде,бұл–ұлттық мұраларымызды бүгінгі оң үрдістермен үйлестіре дамытуды көздейтін құбылыс. Бұл ретте, біз Абайды айналып өте алмаймыз. Себебі ұлы ойшыл осыдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын ұлтты жаңғыруға, жаңаруға, жаңа өмірге бейім болуға шақырған.[1]

Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды» деп ұлттық жаңғырудың негізгі алғышарттарын айқындап берді. Демек көне дәуірлерден бастау алатын, өзінің тарихи тәжірибесінен, игі салт, ізгі дәстүрлерінен мүлдем қол үзген қоғамда жаңғыру немесе жаңару мүмкін емес. Халқымыздың осындай тамыры терең кеткен, тарихымен бірге жалғасып келе жатқан рухани байлықтарының бірі отбасы құндылықтары. Біздің рухани құндылықтарымыздың негізі де осы отбасылық дәстүріміз де жатыр. [2]

Халқымызда «Отан отбасынан басталады» деген қарапайым қағидат қай дәуірде болсын өзгерген емес, өзгермек те емес. «Отбасы – Қазақстан қоғамының дінгеі, экономикадағы, мәдениеттегі, әлеуметтік саясаттағы барлық жаңа жетістіктерінің негізі» болып табылады.

Қазақ сөз күдіретін бар күдіреттен артық санаған. Соның ішіндегі күдіретті сөздің бірі- Абайдың қара сөздері біздің заманымызға айна-қатесіз келеді. (Слайд2)

Абай атамның «Балаға көбіне үш алуан түрлі мінез жұғады: біріншісі- ата-анадан, екіншісі-ұстаздан, үшіншісі-құрбысынан» деген сөзі адамның адамшылығы, ақылы, бойындағы бар қабілеті мен қасиеттері оған қан арқылы ата-анасынан берілсе, ғылым, білім рухани тәрбиені *қазіргі сәтте ерекше маңызды психологиялық-моральді азықты* өз бойына ұстаздан дарытады. Сондықтан да «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» деген сөз содан қалса керек.

Жақсы ана, жақсы құрбы және жақсы ұстаз... Осыған кеңінен тоқталып өтсем. Балаға ең алғаш тәрбиені үйде ата-анасы беріп, алғаш нық сеніммен қадам басуды үйретеді. Кейіннен мектеп қабырғасында ұстаз бен ата-ана тығыз байланыста болып балаға жақсы сөздер мен дыбыстарды ажыратуды, жақсы мен жаманды ажырата білуді, салт-дәстүрлерді, ұлттық құндылықтарды дәріптеуді үйретеді. Құнды тәрбиеге қаныққан бала мейірімді, білімді қайырымды, жүрегі сүйіспеншілікке толы болып өседі.

Сол себептен, қоғамның, елдің болашағы жастарды тәрбиелеуде Абай атамның айтқан сөздерін негізге ала отырып, бала тәрбиесіне «ата-ана, ұстаз, қоғам» болып үш жақты құндылықтарға мән бере тәрбие мен білім берілсе еліміздің түтіні түзу, босағасы берік болары сөзсіз.[3]

Дегенмен, соңғы жылдары қазақ ұлтының төл тарихында байқалып отырған отбасылық тәрбиедегі олқылықтар мен кемшіліктер ауқымы үлкен ұлттық мәселе болып отыр. Сол мәселердің бірі ретінде ұлттық тіл тағдыры, ұлттық дәстүрлер мен ұлттық құндылықтарымызды дұрыс сақталмауы бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналуда.

Отбасы-оқыту мен тәрбие жұмысының серіктесі. Себебі, ұрпақ тәрбиесінің отбасында, білім ордасында, қоғамда нәтижелі болуы осындай ынтымақтастыққа негізделеді.[4]

Құндылықтар-шынайы ғана болады, ол адамға тәуелді емес, дей тұрғанмен ол адам санасында орын алады, сезім арқылы қабылданады, ал сана арқылы оны түсінуге болады, соның нәтижесінде тұлға құндылықты игереді, соған сай әрекет етеді. Бізге ұсынылған жаңартылған білім мазмұнының мақсаттары мен міндеттері жалпы құндылықтарға негізделген қырлары көп. Соның бірі отбасылық, рухани адамгершілік құндылықтарға тоқталып өтсем.

Отбасылық құндылықтар–тәрбие мен оқытудағы рухани адамгершілікке бағытталған мұраттар. Оларға сауаттылық, сыйластық, имандылық, кішіпейілділік, салауаттылық, қайырымдылық, ізгілік, рухани байлық, махаббат сынды қасиеттер жатады.

Қазіргі елде белең алған пандемияға байланысты дәстүрлі оқыту форматынан бірден онлайн форматта қашықтықтан оқытуға тура келіп отыр. Осы тұста, жаңаша қашықтықтан оқыту форматының да тиімді тұстары баршылық деп ойлаймын. Себебі, қазіргі уақытта психологиялық-моральді рухани өсім, тәрбие мен білімге жан-жақты жіті назар аударылып, ата-ана мен бала, ұстаз бен ата-ана, ұстаз бен бала арасындағы қарым-қатынас ерекше нығая түсуін талап етуде.

Оқушыларға құндылықтарды тіл және әдебиет сабақтарында меңгерту үшін не істеу қажет? Қандай әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы тиімді ете аламын деген сауалдар туындады.

Отбасылық құндылықтарға бағытталған 5- сыныптан бастау алатын Тынымбай Нұрмағанбетовтің «Анасын сағынған бала», Нұрдәулет Ақыштың «Нағыз әже қайда?», «Менің атым Қожа» сынды әңгімелері мен жоғары сыныпта өріс алып жалғасқан Міржақып Дулатұлының - «Бақытсыз Жамал» романынан үзіндісі, Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» повесі, Дулат Исабековтің «Әпке» драмасы, Мұқағали Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасында көненің көзіндей болған ұлттық құндылықтарымыз насихатталады

Мен үшін өте тиімді болғаны, бүгінгі күннің оқыту форматы. Қалай? Неге? деген сауалға төменде жауап өрбейді.

Сабақ мақсатына жету үшін белсенді әдіс-тәсілдерді қолдандым: Свот кестесі, СТО, Диалогтік оқыту т.б. әдістері болды.

Мысалы, өзім сабақ беретін 5ә сыныбын алатын болсам, отбасылық құндылықтарды насихаттайтын туындылардың бірі практика жүзінде іске асқан «Анасын сағынған бала», «Нағыз әже қайда?» шығармасына тоқталсам болады.

Нұрдәулет Ақыштың «Нағыз әже қайда?» әңгімесін оқытуда автор шығармада қандай мәселені көтерді, қандай ұлттық құндылық айтылады деген мақсатпен балаларға проблемалық сұрақ туғыза отыра сабаққа талдау жүргізілді.

Шығармадағы әжені қалай деп елестетесің? Кімдердің қандай қылығына сүйсіндің? Кімдердің қандай әрекеті ұнамады? Қай жерінде өзінде жаны ашу сезімі пайда болды? Өкініш сезімі пайда болды ма? Таңғалып риза болған сәтің ше? Сұрақтың шешімін шығаруда балалар ата-анамен де диалогтік қарым-қатынасқа түсіп, SWOT әдісін қолдана сұраққа жауап жазды.

Оқушы сабақта алған ақпаратты, есте сақтау қабілетіне әсер ету үшін оқу мағынаны ұғыну және оның мәнін анықтауда пән мен шынайы өмір арасындағы өзара байланыстарды анықтау арқылы әлемді өзгеше қырынан қарастыру арқылы яғни ішкі құндылықтарына көңіл бөлу арқылы өзін-өзі таниды, тәрбиелейді, сыни көзқарасы қалыптасады. Бұл оқушының шынайы өмірді түсінуіне көмек беретін құбылыс. Бұндай заманауи көзқарас Деңгейлі бағдарламада іске асырылатын оқыту мен оқытудағы жаңаша тәсілдің бірі болып табылады. Соның нәтижесінде оқушы мен қатар ата-аналар(ата-

әжесі, әке-шешесі) да сабаққа белсенді қатысып, баланың психологиясына көңіл бөліп, рухани құндылық оның ішінде отбасылық құндылықтарға жіті назар аудара бастады деген сенімдемін. Себебі, оқушылардың түрлі әдістерді қолдануда сабаққа қатысу барысында жасалған іс-әрекеттері, жазба жұмыстары арқылы анық байқалды.

Тынымбай Нұрмағамбетовтың «Анасын сағынған бала» атты туындысында Сержанның анасына деген сағынышы, ішкі жан дүниесі ерекше сезіммен сипатталады. Оқушыларға шығарманы оқыту арқылы шығарманың идеясын анықтап, ол: отбасы құндылығы, отбасы мүшелерінің бірін-бірі құрметтеуі, ананы құрметтеу, бала мен ана махаббаты ерекше екендігін түсінді.

Әңгімені оқи отырып, оқушылар Сержанмен бірге әртүрлі көңіл күйді кешеді.

Ата-ана үшін отбасы құндылығын сақтау арқылы бала бойында рухты, намысты, сенімділік, сүйіспеншілік, мейірімділік, жылулық, сынды рухани құндылықтар қалыптасып, бекітінін баса түсініп, бала мен ата-ана арасында белгілігі бір байланыс орнайды. Автордың шығарманы жазудағы мақсаты отбасы құндылықтары, қарттар біздің қазынамыз, ежелден келе жатқан ғұрыпты сақтауды көздеген.

Замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғыртудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу өте қажет. Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағының кепілі.[6]

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,Қазақстан Республикасының Президенті Akorda.kz "Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан" мақаласы .12 сәуір 2017
- 2.ҚР Тұңғыш Президенті–Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы
- 3.Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Пауан, 1994. [http:// talimger. org/load /elektron/zhinak/otbasy_ltty_ndyly_tardy_alypstastyudy_ajnar_k_zi_t_rbieni_bas_tauy/34-1-0-18962](http://talimger.org/load/elektron/zhinak/otbasy_ltty_ndyly_tardy_alypstastyudy_ajnar_k_zi_t_rbieni_bas_tauy/34-1-0-18962)
- 4.Мұғалімге арналған нұсқаулық «Назарбаев Зияткерлік мектептері» Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014.

ПРИМЕНЕНИЕ НОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В РАЗВИТИИ НАЦИОНАЛЬНЫХ ЦЕННОСТЕЙ В ДОШКОЛЬНОМ ВОСПИТАНИИ

ИМАНҒАЗИЕВА БАҚТЫГҮЛ АЙСАҚЫЗЫ

г.Атырау

преподаватель русского языка

Ясли – сада №26 «Жулдыз»

Оглядываясь назад, мы знаем, что каждый народ, каждая нация имеет свою культуру,быт,обычай, традиции, способ воспитания. Народное воспитание-историческое и культурное наследие народа, которое на протяжении веков подвергалось дифференцированной критике, рождалось,

росло, развивалось и передавалось из поколения в поколение в тесной связи с его мыслями, мечтами, жизненным дыханием, хозяйственными занятиями, национальными наставническими традициями. У каждого народа есть свои исторические уроки, выводы, которые длились веками в воспитании поколений. Он занимает центральное место в написании, чтении, устной литературе, национальном искусстве, традициях и обычаях народа, Одним словом, культурном наследии. Невозможно представить исторический процесс без передовой нравственной традиции, преемственности поколений, вобравших в себя богатое духовное наследие прошлого.

Чем богаче и разнообразнее духовное наследие, тем лучше культурное наследие прошлого и настоящего. Воспитательные и поучительные мысли и обряды казахского народа раскрываются в следующих моментах: значительное значение в жизни казахского народа уважения и гостеприимства; сложившаяся система и особенности проведения народных игр и праздников, глубокое овладение тайнами природы и обретение гармонии; завещание, терме, айтыс, ораторские слова; поэзия казахов; родственные отношения; гостеприимство, благородство и др.

Сегодня, в связи с обновлением системы дошкольного воспитания и образования, сформированы национальное самосознание, национальные психологические символы, развито духовное богатство, воспитание будущего гражданина-одна из задач, реализуемых дошкольным учреждением. Ведь в XXI веке достаточно непростых, сложных вопросов воспитания подрастающего поколения, которое живет на фоне сквозной информации и сложных изменений в обществе. А привитие национального воспитания становится еще более актуальным. С этой точки зрения, одной из обширных областей многовекового опыта казахского народа являются национальные ценности, сохранившиеся от предков. То есть прививать молодому поколению добрые обычаи и традиции нашей нации, воспитывая тем самым доброту, благородство, гражданскую доблесть - актуальная проблема современности. Если мы хотим быть сильными духом, крепкими, то самое главное-бережно относиться к воспитанию и образованию поколений. Название национального воспитания впервые ввел в литературно-педагогические учебники Магжан Жумабаев. Он говорил о том, что педагогика берет свое начало в национальном воспитании. В своей работе "Педагогика" говорит:"поскольку воспитание нации давно проверено и используется многими поколениями, то каждый педагог обязан воспитать ребенка той же национальностью, потому что ребенок каждой нации служит для своей нации". Так, например, устная литература является примером для развития мышления ребенка, нравственного, также колыбельная - это национальная духовная основа.Колыбельная - это одно из первых духовных наполнений сердца малыша. На нем изображены сцены из жизни страны. Конечно, в семье ребенок воспитывается на основе национальных ценностей, но такое воспитание продолжится в детском саду и в начальной школе, ребенок будет очень плодовит, и обладает этнокультурными

знаниями и навыками. Народная педагогика-совокупность национальных обычаев и традиций народов в воспитании вековых поколений, передовых образцов культурного мышления. Воспитать своих потомков верными, великими, справедливыми, храбрыми, добрыми, честными, добросовестными, сохраняя добрые традиции наших предков-главная задача педагога, а также и родителей. Поэтому воспитание сознательного, здорового, проникнутого всеми традициями нашего народа, мировой культурой, твердо держащего лидерство в стране, зависит от нравственного воспитания в каждой семье и дошкольной организации. По новому учебному стандарту дошкольного воспитания у детей поставлены задачи развития общечеловеческих, культурных и нравственных ценностей через воспитание во времена национализма и культурно-исторических традиций нашего народа. Педагоги работают на основе народной педагогики с опорой на программы. При обучении каждой отрасли, части необходимо умело сочетать образ жизни, обычаи, образцовые традиции и обычаи казахского народа, формировать у ребенка чувство национальной гордости, национального патриотизма, прилагать усилия для его действенного ведения в соответствии с требованиями сегодняшнего дня. Главная задача каждого педагога-воспитание детей. По этому поводу А. Табылдиев говорит: "Считалки были выведены народом, в основном, с целью научить маленького ребенка считать. У ребенка развивается математическое мышление с логическим мышлением". А то, что не нарушают правила поведения, вызывает у детей чувство вины. Это небольшое поэтическое произведение, имеющее воспитательное, значение, выраженное художественным словом. Основная основа сознания связана с народной педагогикой. А также скороговорки-средство развития речи ребенка. Здесь экспрессируется простой народный язык и предполагается передать характер, образ и характер того или иного явления, предмета, наиболее понятным языком. Поэтому легенды и песнопения, эпосы, народные сказки, пословицы и поговорки, загадки, созданные на художественном языке, являются ценнейшими произведениями народной педагогики. Таким духовным наследием, на протяжении всей своей мудрости, являются средства воспитания, проверенные веками педагогического опыта народа. И связи с этим приобщение детей дошкольного возраста к общечеловеческим и национальным ценностям через использование инновационных технологий

Положительное отношение к народам мира, интернациональные чувства закладываются еще в детстве через выделение в национальном общечеловеческого начала: основной путь воспитания здесь – это продвижение ребенка к всеобщим гуманистическим ценностям, которые раскрываются через приобщение ребёнка к своей национальной культуре.

Одной из основных задач воспитания и обучения детей дошкольного возраста является широкое приобщение детей к национальным ценностям культуры, а одним из принципов образовательной работы – принцип тесной

взаимосвязи национального и общечеловеческого в воспитании. Это обуславливает поворот к народной педагогике, национальным традициям, фольклору в приобщении к национальной культуре. Подбирая для работы с детьми наиболее эффективные формы, методы и средства, надо учитывать, что процесс формирования национального самосознания долгий и сложный, и начинать его надо прежде всего с ознакомления с родным краем, подключая средства устного народного творчества. Поэтому основным требованием является создание в дошкольном учреждении необходимых условий, которые позволили бы каждому воспитаннику почувствовать себя частью своего государства; позволяли формировать ощущение духовного единства с жизнью своего народа.

К числу современных образовательных технологий можно отнести

- ✓ технологии проектной деятельности;
- ✓ развивающие технологии;
- ✓ коррекционные технологии;
- ✓ информационно-коммуникационные технологии;
- ✓ технологии исследовательской деятельности;
- ✓ личностно-ориентированные технологии, технология «Step by step»;
- ✓ игровые технологии;

Как использовать перечисленные технологии в работе над приобщением детей к национальным ценностям?

Начать работу следует с создания условий, в которых дети почувствуют себя частью народа, к которому принадлежат. В группе мы можем оформить уголок «Я – казахстанец» и др., который включит в себя:

- альбом с песенками, загадками, подобранными к ним рисунками;
- атрибуты к казахским/русским народным играм;
- открытки «Наш город», «Наша страна»;
- дидактические игры «Сложи узор», «Украшение одежды». «Назови по-казахски», «Назови сказку», «Сложи содержание сказки»;
- казахскую/русскую художественную литературу;
- куклы в казахской и русской национальной одежде.

1. Технологии проектной деятельности - её смысл заключается в создании проблемной деятельности, которая осуществляется ребёнком совместно с педагогом. Знания, которые ребёнок получает в ходе работы над проектом, становятся его личным достоянием и прочно закрепляются в уже имеющейся системе знаний об окружающем мире. Темы проектов могут быть различными, например: «Батыры и богатыри», «Как наши предки гостей встречали», «Детский фольклор» и др.

2. Информационно-коммуникационные технологии получили свое естественное развитие в наш «продвинутый» век. Компьютер имеет ряд существенных преимуществ перед классическим занятием. Анимационные картинки, мелькающие на экране, притягивают ребенка, позволяют сконцентрировать внимание. С помощью компьютерных программ

становится возможным моделирование различных жизненных ситуаций, которые бы в условиях детского сада не удалось воссоздать.

- занятие – визуализация, когда изложение содержания сопровождается презентацией

- занятие – презентация – это представление результатов проектной или исследовательской деятельности.

3. Коррекционные технологии: их целью является снятие психоэмоционального напряжения дошкольников.

Виды:

- технология музыкального воздействия (музыкальная терапия);

- арт – терапия;

- логоритмика;

- сказкотерапия;

- цветотерапия.

4. Развивающие технологии – когда детям для работы предлагается готовый продукт, шаблон – ребенок должен прийти к решению проблемы самостоятельно, в результате анализа своих действий. Сюда входит ТРИЗ – технология, но не только в ИЗО деятельности, но и в других видах деятельности. В этом плане интересна игра «Теремок», когда кто – то просится в теремок и объясняет чем он похож на жителей теремка или , чем отличается от них.

Цель ТРИЗ – не просто развивать фантазию детей, а учить мыслить системно, с пониманием происходящих процессов. Т.е. развивать такие качества мышления, как гибкость, подвижность, системность, в то же время обращать внимание на поисковую активность, стремление к новизне, развитие речи и творческого воображения.

«Мнемотехника» - это система методов и приемов, обеспечивающих успешное запоминание, сохранение и воспроизведение информации, эффективное запоминание структуры рассказа, сказки, стихов и конечно, развитие речи.

5. Познавательно-исследовательская деятельность: основной целью является создание экспериментальной деятельности, активным участником которой выступает ребёнок. При организации данных технологий воспитанникам предлагается проблемная задача, которую можно решить , что-то исследуя или проводя эксперименты.

6. Личностно-ориентированные технологии - технологии, ставящие в центр воспитательной системы личность ребенка, обеспечивающие ей комфортные, бесконфликтные, безопасные условия развития.

Цель данной технологии – создание демократичных партнёрских гуманистических отношений между ребёнком и педагогом, а также обеспечение условий для развития личности воспитанников.

7. Игровые технологии — вот фундамент всего дошкольного образования. Личность ребенка выводится на первый план, и теперь все дошкольное детство должно быть посвящено игре.

8.. Методика Макото Шичиды – фотомемори. Система Макото Шичиды делает упор на развитие правого полушария. Так как именно оно активно в дошкольный период. Правое полушарие мозга отвечает за восприятие, музыку, воображение, а также за область бессознательного, интуитивного. основополагающий принцип обучения в системе Макото Шичиды - любовь. Как говорит, сам профессор, о том, что любовь - главный стимул развития ребенка, знают все, но часто об этом забывают. Базовый прием методики - демонстрация карточек.

С первых лет жизни ребенка приобщение его к культуре, национальным ценностям помогают заложить в нем фундамент нравственности, патриотизма, формирует основы самосознания и индивидуальности главным вопросом в жизни человека должно стать воспитание, национальное сознание. Легко родиться человеком, а трудно стать человеком. Одним из факторов, влияющих на человеческие качества, является воспитание, национальный обычай. Эта народная мудрость заключает в себе богатство, возможность использовать опыт на благо народа, подавать пример молодому поколению.. Не зря говорят, что все новое – это хорошо забытое старое...Нужно просто научиться применять его по – новому!

Используемые литературы:

1. Республиканский педагогический журнал: Ребенок в детском саду, №6, 2014
2. Республиканский педагогический журнал: Ребенок в детском саду, №2, 2015
3. Табылдиев А. Казахская этнопедагогика. Алматы, 2001.
4. Касымжанов А. Х. Духовное наследие казахского народа. Москва, 1992.
5. Бабанский Ю. К. Проблемы повышения эффективности педагогического исследования. Москва, 1992.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ НАСИХАТТАУДЫҢ МӘНІ

ИСАЕВА ЖАНАР НОГАЕВНА

Маңғыстау облысы

Түпқараған ауданы

Форт-Шевченко қаласы

«Балбөбек» балабақшасының тәрбиешісі

Қазіргі әлемде құндылық-мотивациялық парадигманың сапалық өзгерістері жүріп жатыр, бұл еліміздің әрі қарай даму жолын таңдауға жаңа бағдар береді. Осы кезеңде барлық жағдайды объективті бағалап, қоғамдағы орын алған құндылықтарды талдау маңызды болып табылады.

Әлеуметтік ортада құндылық мәселесі кеңінен қозғалып келеді. Десек те, мәдениеттің құрылымды бөлігі ретінде ұлттық құндылықтың мәні мен ерекшелігіне қатысты сұрақтар әлі де зерттеулерді қажет етеді.

Ұлттық мәдени құндылықтар дегеніміз не?

Ұлттық құндылықтар – қандай да бір этникалық қауым өкілдерінің өзіндік тарихи көрінісі бар рухани мұраттарының жиынтығы. Қарапайым тілмен айтқанда ұлттық мәдени құндылықтар – белгілі бір ұлтқа, ұлт азаматына тән зат, адами қадір-қасиет, яғни халық ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар.

Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін, білімін, адамзаттық мәдениетті, адами қасиетті мол терең түсінетін шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу өмір талабы, қоғам қажеттілігі.

Ұлттық құндылық–ұлттық тәрбиеміздің негізі. Тәрбие балалық шақтан бастау алатыны белгілі. Олай болса, отбасында, одан қалса мектепке дейінгі ұйымда бала тәрбиесіне, ұлт тәрбиесіне көңіл бөлу орынды. Ақын Мағжан Жұмабаев «Баланы тәрбиеші дәл өзіндей қылып емес, келешек заманына лайық қылып шығаруы қажет,» - деген ойлары арқылы тәрбиені келер күн талабымен ұштастырады. Қазақ халқының тәрбие дәстүрі қай халықтың тәрбиесінен кем түсіп көрген емес. Олай болса бүгінгі ұрпағымызды халқымыздың баға жетпес бай салт-дәстүрлері негізінде тәрбиелеу, оларға ата-бабаларымыздың озық дәстүрлерін сіңіруіміз керек [1].

Жеке тұлғаны ұлттық құндылықтарды пайдалана отырып тәрбиелеуде, халық ауыз әдебиетінің қарапайым үлгілерін таңдап аламыз. Тұлғаның рухани дүниесіне әсер ете отырып, ең алдымен әдептілігіне аса назар аударған жөн. Өйткені әдептілік-халқымыздың ұлттық психологиясының өзегі, оның ғасырлар бойы қалыптасқан барысында «әдеп», «әдептілік» деген түсініктер төңірегінде ұйымдастырған мақал-мәтелдер сайысы, ұлттық ойындар игі нәтижесін көрсетті.

Тұлға бойында қайырымдылыққа баулып, жанашырлық, аяушылық сезімдердің туғызып тәрбиелеуде ертегілер рөлі жоғары. Себебі ертегі халық ауыз әдебиетінің құрылымы жағынан алғанда қарапайым, ал рухани құндылығы жағынан баға жетпес аса қымбат, көркем туынды болып есептеледі. Ертегі мектеп жасына дейінгі баларды тәрбиелеудің пәрменді құралы. Ертегілерді оқыту көріністер даярлау арқылы тұлға бойында сөз байлығының баға жетпес інжу-маржанын жинап, қиялына қанат бітіріп, өсіп-жетілуіне қажет нәрсенің мол қорын аламыз.

Тіл білімінің атасы А.Байтұрсынов «Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді суреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын - сөзбен сөйлеп, суреттеп көрсетуге болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді. Ал басқа өнердің бәрінің де, қызметін шама шарқынша сөз өнері атқара алады» деген.

Халықтың мақсат-мүддесінен, арман-тілегінен, ізгі ойларынан, талап-тілектерінен пайда болған тәрбие нақыштары барша халыққа ортақ, оларды тәрбиелеудегі бірден-бір баға жетпес құралы болмақ. Жер бетіндегі әр

халықтың ғасырлар бойы жинаған асыл мұралары бар. Ол – халықтың рухани қазынасы. Рухани қазына ата-бабамыздың мұрасы, тәрбиесі, бір сөзбен айтқанда жан дүниесіндегі адамгершілік құндылықтары.

Қазақстан Республикасының жаһандану, рухани жаңғыру сипатын дамыту жолында, қоғам алдында ұрпақты заман талабына сай интеллектуалды, жоғары мәдениеттілігі имандылықпен ұштасқан ұлтжанды етіп тәрбиелеу жолын дұрыс жолға қою міндеті тұр. Елбасы Н.Назарбаев «Кешегі бабамызбен ғана емес, бүгінгі бағамызбен, ертеңгі шамамызбен де мақтана алатын ұлт болуды ойлауымыз керек» - деп нақтылағанындай, ата-бабамыздан қалған ұлттық тәлім-тәрбиені болашақ ұрпаққа ұғындырып, түсіндіруді мақсат тұтқанымыз жөн.

Этномәдени дәстүрлеріміздің өткені мен бүгінгісін саралап, тәрбие беретін тиімді жолдарын қарастыра, қолға алуды ойластыру ұлттық мәдениетіміздің өркендеуіне қосар үлесіміз болар еді. Ә.Табылдиевтің сөзімен айтсақ: «Ұлттық тәрбие ұлттық мәдениетті өркендетудің бірден-бір жолы болып табылады. Ұлттық салт-сананың үрдістері рәсім, рәміз, кәде, жөн-жоралғы, ырым, тыйым тағы басқа өмір қолданыстары арқылы іске асырылады да, ұлттық болмыс пен ұлттық мәртебенің мәдени-рухани деңгейі өмірден көрініс табады. Ұлттық тәрбие осылай өз нәтижесін береді», - деп, ұлттық тәрбиенің қажеттілігіне түсінік береді. Атадан балаға сан ғасырлар бойы мұра болып жеткен салт-дәстүрлеріміздің халық педагогикасында жастарға саналы тәрбие беруде таптырмас құрал болатынына ешкім де шүбә келтіре алмайтыны анық. Өйткені, туған халқының ғасырлар бойы қалыптасқан тіршіліктің сан алуан қағидалары, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарынан алыстап бара жатқан кейбір бүгінгі ұрпақ үшін маңызы айрықша болмақ [2].

Болашақта гүлденген Қазақстанның одан ары қарай қарыштап өркендеуінің негізгі тұтқасы болатын демократиялық қоғамды құратын парасатты, білімді тұлғаларды дайындауда жастар арасында ұлттық тәлім-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру аса маңызды. Озық жетістіктерге негізделген білім нәрімен қатар, ұлттық тәрбие құндылықтарын бойына сіңірген ұрпақтар ғана ұлт тағдырын тереңінен таразылап, болашағын барынша болжайтын тұлға ретінде танылатыны ақиқат. Қазақ елі – салтқа, дәстүрге, ырым мен тыйым, әдет-ғұрыптарға өте бай халық. Халқымыз олардың әрқайсысының өзіндік орны, ерекшелігі бар екенін ескере отырып, қажетіне қарай пайдаланған. Ол бізді басқа халықтардан оқшаулап, айшықтап, ерекшелеп тұратын халықтың жүрегі, тамыр соғысы тәрізді. Ол тоқтаса халықтың өмір сүруі де тоқтайтыны белгілі. Дәуірлер бойы қалыптасып, дамып, жаңару үстінде келе жатқан салт-дәстүр, әдет-ғұрыпымыздың көмескіленіп, қолданудан шыққан немесе шыққалы тұрған, жаңадан енген тұстарын ашу және заманға сай қолданысқа енгізу жағын қарастыру – өте керек дүние. Сол себепті, ғасырлар қойнауынан келе жатқан асыл қазынамызды тәрбие үрдісінде дұрыс қолдана білуде осы тәріздес тағылымы мол тәрбиелік құралдарды пайдаланып, мәдени орындар

мен тәрбие беретін оқу орындары да көптеп қолға алса екен деген ой мазалайды. Әсіресе, қазіргі жаһандану дәуірі өрлеп тұрған тұста елдігімізді сақтап, мемлекеттігімізді нығайту, ұлттығымызды көркейту үшін дәстүрге бай қазақ халқының жас ұрпаққа ұлттық рухтағы тәрбие беру мәселесі қашан да ең басты орында тұруға тиіс. Қазақи қасиеттеріміз бен салт-дәстүр, әдет-ғұрпымыз арқылы жастардың жүрегін тербей отырып, ой-санасын адамгершілікке, парасаттылыққа, адалдыққа, рухани ізгі қасиеттерге баулып өсіруге бағыт-бағдар беретін оқу орындарында тәрбиелік орны ерекше болатыны даусыз.

Жас ұрпақ–Қазақстанның болашағы десек, яғни, бізді басқа халықтардан ерекшелейтін тектілігін, дарындылығын, дархандығын, қонақжайлығын ары қарай қалыптастыра отырып, жоғарыда талданған салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар арқылы сол құндылықтарды құрметтеуге, өз ана тілінің мәртебесін арттыруға, тарихын тереңнен біліп, дінін, ділін берік ұстануға тәрбиелеуде және осы тәріздес халқымыздың асыл қазыналарын сақтауға, сонымен бірге қорғауға үйретуді біз сәби кезінен негізге алуымыз керек. Мұндай қолға алынатын салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар арқылы тәрбиелеу шараларының нәтижесі – қоғамда қазір кең етек алатын әр түрлі кінәраттарға тосқауыл жасап, дөрекіліктер мен қатыгездіктен тыйылуға және әдептіліктің бойға даруына ынталандыратын тиімді тәсілі болмақ [3].

Ұлттық тәрбиедегі адам баласын тәрбиелеудегі маңызы мен мәні салт-дәстүрлік нақыш тұрғысынан сараланып, тәжірбиелік қырымен байланыстыра талданылады. Ата-баба мұрасындағы салт-дәстүрдің қолданылу аясы мен пайда болу негізін, тәрбиелік мәнін білу жастарды өз елінің ұлттық қадір қасиетін терең меңгеруге септігін тигізеді

Ұлттық сана-сезімді жастарға өз ұлтының әлеуметтік мәнін түсінуі, ұлтаралық қатынастарда қандай жағдайға ие екендігін, жалпы адамзат дамуында қандай үлесі бар екендігін ұғындыра отырып, әрі өзге халықтармен бірдей бостандықта өмір сүруін және т.б. жағдайларды жете түсіндіру қарастырылады. Сонымен бірге, қазір жаһандану жағдайында жастардың мінезінде бұзылу қаупі бар, олардың бірсыпырасының әрекеттері ұлттық психологиядан ауытқып бара жатқандары байқалады. Сезім адамның

тіршілік қажетіне, өзара қарым-қатынасына байланысты түрлі формада көрінетінін сезіндіріп, оның түрлерін, ұлттық сезімді, адамның бір-біріне деген сүйіспеншілік сезімдерін жастарға кең түрде мағлұмат бере отырып тәрбиелеу қарастырылады[4].

Жас ұрпақтың ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде тұлғалық дамуының негізгі параметрлері–оның жалпы адамзаттық құндылықтарға бағытталуы, ізгілік, зиялылық, белсенділік, жеке басының намыс сезімі, ой-пікіріндегі тәуелсіздігі т.б. тұлғалық сапаларды түсіндірумен қатар, оның әлеуметтік деңгейі мен біліктілігін қалыптастыратын сапалардың мәнін ашу. Әр адамды басқалардан айқындап, ерекшелеп тұратын жеке болмыс-бітімінен бөлек, тұлғалық

ерекшеліктері болады. Ондай ерекшеліктерге сенім, дүниетаным, мұрат, бейімділік, қызығу, түрткі, қабілет, талғам, көзқарас тағы басқа қасиеттер жатады. Ұлттық өзіндік сана ұлттық дүниетанымға негізделеді. Ал, ұлттық дүниетаным дұрыс таным-түсінік арқылы өріс жайып, ұлттық дәстүр арқылы өз болмысын танытады. Өз ұлтыңа деген құрметтің көрсеткіші – ұлттық сана-сезімнің қалыптасу деңгейіне байланысты [5].

Бүгінгі таңда біздің еліміздің көркейіп, өркениетті елдердің қатарына қосылып, халықаралық деңгейге шығуымыз үшін ұлтжанды, отансүйгіш ұрпақ тәрбиелеуіміз қажет. Басты міндетіміз – рухани және әлеуметтік, адамгершілік дүниесі бай, жаңашыл, шығармашылық ойлау қабілеті мен ұлттық дүниетанымдық мәдениеті жетілген зерделі тұлға қалыптастыру. Сондықтан да, Отанымыздың болашақ дамуына үлес қосатын ұлтжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу. Ұлтжандылық дегеніміз – адамның өзінің араласқан белгілі бір саяси, мәдени және әлеуметтік ортасына, Отанына деген аса терең сезімі. Ұлтжандылыққа тәрбиелей отырып, жастардың азаматтық санасын қалыптастыру, оқушылардың саяси білімдерін жетілдіруге, өз азаматтық құқықтары мен міндеттерін, туған жердің, өскен елдің табиғатын аялай білу сезімін қалыптастыра білуге тәрбиелейміз.

Отансүйгіштік-азаматтық санамен қалыптасатын қасиет. Жас ұрпақтың азаматтық санасын біліммен қаруландыра отырып, аға ұрпақтың қалдырған мәдени-тәлім мұраларынан сусындаған, туған жері мен елінің рухани-материалдық, мәдени құндылықтарын бойына сіңіре отырып, ақыл мен парасаттылығы жетілген, ұлтжанды, саналы азаматты тәрбиелеу жолға қойылады.

Осылайша, ұлттық құндылықты – жалпы этномәдениетіміздің өзегі ретінде балабақшадан бастап тұлға бойына сіңіру қажет. Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуда ұлттық құндылықтарды негізге алу маңызды. Бала кезден бойға сіңірілген тәрбие өмір бойы өз жемісін береді деп сенеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Айтбаева Н. «Ұлттық тәрбие құндылығы мол дүние» Қазақстан мектебі. 2008. №5. -57-58б
2. Ұлттық тәрбиенің тағдыры һәм болашағы // Қазақстан мектебі. – 2006. № 1. 24-27б.
3. Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың тәрбие тұжырымдамасы, 1995.
4. Адильбаева Е. «Ұлттық тәрбие берудің маңызы» Бастауыш мектеп. - 2010. №2. -47-48б
5. Ғұламалар ғибраты және ұлттық тәрбие .Ұлт тағылымы.2005.№ 4.28-31б.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ АЯСЫНДА ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

ИСКАКОВА АЛИЯ КАЙНЕТУЛЛАЕВНА

Атырау облысы

Құрманғазы ауданы

Еңбекші жалпы орта мектебінің

химия пәнінің жоғары санатты мұғалімі

Өз тарихын терең ұғынып, ұлттық құндылықтарын шын бағалай білетін халықтың ғана болашағы мәңгі болмақ. Бүгінгі алпауыт жаһандану дәуірінде кез-келген ұлтты сақтап қалатын дүниелер - сол ұлттың төл тарихы, мәдениеті мен тілі екені анық. Сондай-ақ, ұлы даланың әрбір қыры оның әуелден бүгінге дейінгі халқының терең тарихы мен бай мәдениетінің куәсі екендігі және оны жаңғырту әлемдік өркениет үшін ерекше маңызды екендігін атап көрсетті. Бір ұлтты басқа ұлттан даралайтын - оның ұлттық құндылықтары, яғни, әдеби мұрасы, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, мәдениеті, өнері, тұрмыстық бұйымдары, ұлттық ойындары, т.б. өзгелерге ұқсамайтын қасиеттері. Ұлттық құндылықтарымыз шын бағасын алғанда ғана, жоғымыз түгенделіп, өшкеніміз жана бермек.

Fe	P	F	O	C
HNO3	H2SO4	HI	MgSO4	HCl
Zn	Cu	Sn	Co	Al

Осы ретте, еліміздің ертеңі, әрқайсымыздың өмір жалғасымыз болып табылатын жас ұрпақты

ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу - аса өзекті тақырып. Жастардың бойында ұлттық құндылықтарға негізделген адамгершілік тәрбие менадами сезімді қалыптастыру және дамыту мәселесі қазақ ақын-жырауларының ой иірімдері, даналық тұжырымдары, халықтың адамгершілік ұғымдары, этнопедagogикалық ойлар арқылы жүргізілуі тиіс. Бұлар өз кезегінде жас ұрпақтың адамгершілік сезімдерін дамытып, Отан алдындағы міндеті мен борышын адал атқаруға деген оң көзқарасының қалыптасуына мақсатты ықпал етеді. [1] Қазақстан халқының ұлттық мәдениетін мен құндылықтарын тек тарих немесе өлкетану пәндерінде ғана емес жаратылыстану пәндерінің сабақ барысында да тиімді қолдана отырып, сабақтың тәрбиелік мақсатынан үлкен нәтижеге қол жеткізе аламыз. Мәселен, мен «Блум түймедағы» әдісін сабақта қолдану барысында (немесе білім берудің жеті модулін сабақтың төлқұжатын жасақтауда), қазақтың киелі жеті санынмен байланыстыра отырып, оның мағынасын түсіндіріп кеттім



- Қазына
- Ата
- Ғалам
- Жұт
- Қат
- Жетім
- Жетекші
- Амал
- Жок




Халқымыз "Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез" дегенді тегін айтпаған. Сондықтан да ғасырлар бойына сөз құдіретін сезіне білген, шешеннің билігіне тоқтаған, елдікті сақтаудағы тапқырлығына тәнті болып, дәріптеген. Бұл тек бір ғана көрінісі. Сабақта ұлтымыздың даналарын да, ұлылардың даналығы мен даралығын әртүрлі бағытта дәріптей аламыз, тек шеберлікке ерік берсек болғаны. 8 сыныптағы «Химиялық реакция типтері» тақырыбында оқушыларға сабақ картасын 1- квест Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай, 42 қара сөзін суырып айтып, химиялық тапсыманы орындаса, 2-квест Әбу Насыр Әл-Фарабидің 1150 жылдығына сәйкес берілген дәйктерді түсіндірмесін айтып, тапсырмаға көшті: Ұзлағ,160, Отырар, 870 т.б. бұл сабақ және онлайн режимінде өтті .[1 сурет]

Ұлы Абай қара сөздері

Дара тұлға - Әл-Фараби

Реакция типін анықтау:

Жүруі мүмкін реакция теңдеуін құр:




Ендеше бұл сабақтарды жоспарлау барысында біз тәрбиесіз берілген білім –жетім екенін естен шығармай, ұлтымыздың, халқымыздың тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін білімін, адамзаттық мәдениетін қалыптастыра отырып, адами қасиетті мол терең түсінетін шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу өмір талабы, қоғам қажеттілігі екенін естен шығармауымыз керек. Оған негіз болатын мына міндет жүктеледі:

- әр пәннен сабақты жоспарлау барысында ұлттық құндылықтар мен мәдени мұраны сабақ этаптары мен оқыту әдістеріне қосу;
- сыныпта оқушылармен тек тәрбие жұмысын ұйымдастыруда ғана емес, ғылыми пәндерді оқыту барысында да оған бағыт беру;
- ғасырлар бойы қалыптасқан ұлт мәдениетін үнемі,үздіксіз дәріптеу , насихаттау, инновациялық педагогикалық әдістерді рухани байыту. [2]

Белгілі педагог К.Д. Ушинский “Халықтың (этностың) тәжірибесінде педагог та жоқ, педагогика да жоқ” дейді. Ал, Аристотель “Біз бала тәрбиелеуде халық тәжірибесіне сүйенеміз “ деп қарастырды. Ұлт мұрасын ұрпаққа жеткізу-біздің сапалы білім берумен қатар тұрған міндет. Тағы бір мысал келтіре кетсем,7 сыныптағы «Мольдік масса.Зат мөлшері» тақырыбындағы сабақтың реализация бөлімінде оқушыларға «Пинг-понг» жұптық тапсырмасын беріп, формуланың массасы суретте сәйкес келетін

сызбаны көрсетуді сұрадым.[3; 48-56 бет] Сабақтың реализация бөлімінде «Мейірімділік шеңбері» әдісімен оқушылар адам бойындағы құндылықтар туралы айтудан бастап, сабақтың өн бойына ұлттық тәрбие кезеңдерімен алмасып отырды.

Қазақ хандығы құрылған жыл $Mr(Ba(NO_3)_2)$ немесе Қазақстан республикасының конституциясында неше бап Fe атомының молярлық массасы, мақалдың жалғасын тап.: Қызға қырық үйден тыю Ca атомдық массасы т.б. Бұл сабақтың рефлексия кезеңін мен тағы да Абайдың «Бес асыл іс» өлеңіндегі «бес дұшпаны» деп сол сабақта қиындық туғызған мәселелерді саралаттым.[2 сурет]



1-сурет



2- сурет

Сапалы білім, саналы тәрбие беру үшін мұғалімнің үздіксіз ізденуі, шыңдалуы, шығармашылықпен айналысуы, білімін жетілдіруі қажет. Адам баласы қашанда тәрбиеге мұқтаж. Тәрбие еліміздің, ұлтымыздың бүгінгі мен болашағы баянды болу үшін қажет. Сондықтан да алдымен, бүгінгі қоғам келбетімен үндесетін бала тәрбиесі мен білім аспектілерінде ұлт болашағының рөлін айқындап алу керек. Әр ұлттың баяғы заманнан келе жатқан тәрбиелеу жүйесінің өзіндік жолы бар. Тәрбие ұлттық табиғи тамырынан кіндік үзсе, тәрбиелік қасиетін жоғалтады. Сондықтан оны рухани тұрғыда ұлт тағдырымен байланыстыра отырып, бүгінгі қоғам келбетімен санаса отырып, алға бастыру қажет.

Мақсатқа жету үшін алдымен нақты теориялық негіз керек. Осындай негіз тәжірибеден жинақталған белгілі бір дәлелдемелерге арқа сүйейді. Ал бұл дәлелдемелер педагогика ғылымының ғана құзырында жатқан жоқ. Оны тереңірек іздеу қажет. "Өткеннің өнегесі- бүгінгінің баға жетпес байлығы» екендігін естен шығармай, мәдениетімізді терең зерделеу арқылы Мәңгілік

ел болуға жұмыла жұмыстанып, өткен күніміз бен ертеңімізді ойдан шығармайық!

Әдебиеттер тізімі:

1. <http://sabaq.kz/> әдістемелік нұсқау-2007.38,112-114б.
2. «Химия мектепте» журналы 2014.-29б.
3. А.Бондаренко «Современные инновационные технологии в образовании» -2014.48-56б.

НАЦИОНАЛЬНОЕ ДОСТОЯНИЕ НАРОДА КАК СРЕДСТВО ВОСПИТАНИЯ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ

ИСКЕНДИРОВ АСЕТ НАБИМАХАНБЕТОВИЧ

Ақтүбинская область

город Хромтау

Учитель физической культуры

средней школы № 4 высшая категория

Основу физического воспитания юношей старшего школьного возраста составляет физическая подготовка. Недооценка физической подготовки приводит к «однобокому» развитию учащихся.

Физическое воспитание детей это важная проблема всех народов. Особенно остро эта проблема стоит в последнее время, когда возрастает значение таких явлений народной педагогики как сбережение и возрождение традиций, умение пользоваться в современных условиях. Большую роль в развитии физической подготовки несет использование на занятиях национальных видов спорта. Традиционное физическое воспитание фактически формирует движения, которые имеют прикладное значение для будущей жизни. При зарождении и формировании физического упражнения исходили из народного опыта и необходимости игры для конечной цели - переноса двигательного действия в практику. Они способствуют развитию морально-волевых и физических качеств.

История развития любого этноса, большого или малочисленного народа предполагает знание, прежде всего, сущности традиций народного воспитания.

В условия борьбы за независимость и суровой кочевой жизни у казахского народа сложилась самобытная система физического воспитания. В их основе лежали национальные виды спорта и подвижные игры.

Их состязательный характер способствовал развитию у молодёжи силы, ловкости и выносливости, воспитанию храбрости, мужества и других качеств, необходимых кочевнику-шаруа и войну-сарбазу.

Национальные виды спорта, физические упражнения и народные игры формировались и совершенствовались на протяжении тысячелетий, передавались из поколения в поколения, и пользовались, как основное средство заполнения потребности в движении гармоничном физическом

развитии организма, приобретению навыков и умений. Характерной особенностью национальных видов спорта является их динамичность, общедоступность, практичность и простота в применении.

В особенности большой популярностью воспользовались конноспортивные игры. Конь составлял подвижную базу кочевого хозяйства и являлся олицетворением красоты, чистоты и скорости. В конноспортивных играх он, совместно с всадником-джигитом, участвовал в активном двигательном процессе.

Разнообразные национальные виды спорта, физические упражнения, игры, которые всесторонне развивают физические качества (силу, быстроту, выносливость и ловкость), а также морально-волевые качества, воспитывают нравственные, эстетические ценности человека. Философией национального вида спорта и подвижных игр становятся пропаганда молодежи к ведению здорового образа жизни, активным занятиям физической культурой и спортом.

Национальные виды спорта и народные игры являются неотъемлемой частью общей культуры нашего народа. Основываясь на характерные особенности национальных видов спорта и народных игр необходимо их применение на уроках физической культуры, так как они имеют воспитательное, оздоровительное, общеобразовательное, общеразвивающее значение. Поэтому необходимо наполнение содержания программного материала физического воспитания учащихся общеобразовательной школы элементами национальных игр.

Национальные виды спорта воспитывают морально-волевые качества, стремление к победе, способствуют преодолевать трудности. Национальные виды спорта, упражнения и игры развивают скоростно-силовые качества, скоростную выносливость, укрепляет сердечно-сосудистую систему, развивает костно-мышечный аппарат, гармонично развивает все группы мышц, особенно в подростковом возрасте, когда идет переломный период в развитии двигательной функции ребенка.

Казахские народные игры для детей ценны в педагогическом отношении, оказывают большое влияние на воспитание ума, характера, воли, развивают нравственные чувства ребёнка, укрепляют, способствуют закаливанию, а так же профилактике заболеваний.

Народные игры доступны для всех возрастов детей. Их можно с успехом использовать при планировании регионального компонента, в учебной программе. Включение игр помогает оживить, разнообразить урок. Специально подобранный комплекс народных игр позволяет достаточно быстро обучить основам любой спортивной игры, а также общей физической подготовке.

Важное значение имеет отбор народных игр для игровой части программы по физическому воспитанию. Игры для урока выбираются, прежде всего, в зависимости от их двигательного содержания: игра с бегом или прыжками, с метанием или передачей, с переноской предметов, с

сопротивлением, преодолением препятствий, с ходьбой, элементами строя и т. д. Игры нужно подбирать так, чтобы их двигательное содержание не повторялось при выполнении других упражнений.

Чтобы успешно провести игру, учителю нужно кратко и точно объяснить учащимся условия игры и сразу же организовать их. Ознакомление учащихся с различными вариантами игры проводится постепенно, к детальному изучению можно переходить только после усвоения учениками основного материала. Таким образом, при проведении всех игр соблюдается принцип постепенного усложнения.

При проведении подвижных игр в 1-4-х классах используются не только повсеместно распространенные, но и национальные игры. Так, например, на уроке для учащихся 4 класса по теме «Подвижные игры» разучиваем подвижные национальные игры «Жапалактар мен карлығаш» (ястребы и ласточки), «Айголек» (кандалы). «Токта» (стой), так как в этом возрасте продолжается овладение школьниками базовыми двигательными навыками.

Более ярко соревновательный, характер носят игры, в которых участники делятся на группы, команды и где каждая группа или команда, каждый участник команды стремится достичь лучших результатов, победить.

В 5-8 классах внимание уделяю командным играм, которые способствуют взаимодействию игроков, стремление к победе, воспитывают морально-волевые качества. В основной части урока использую игры «Жамбы ату» (стрельба из лука), где учащиеся на бегу должны попасть в обруч, который установлен на стойке мячом; «Арқантартыс» (перетягивание каната)- обучающиеся, держась за концы каната, стараются перетянуть соперников на свою сторону.

В старших классах основное внимание уделяю на развитие силы, скоростно-силовой подготовки, совершенствование техники национальных видов спорта, участие в соревнованиях. Поэтому для развития скоростной выносливости используя быстрые национальные прыжки, танцевальные упражнения «Қаражорға».

В содержание урока включаю игры, игры-эстафеты с национальными элементами, развивающие силу, выносливость, быстроту реакции «Жорга жарыс», «Бэйге» (конное состязание), учащиеся должны быстро пробежать до стойки и обратно; «Кыз-куу» (догони девушку); «Кумис алу» (подними монету), который предполагает на бегу поднять предмет и, обогнув стойку, вернуться в свою команду.

Использование разнообразных форм и методов обучения в совокупности с включением национально-регионального компонента в содержание программы физического воспитания школьников приводит к росту мотивации учащихся для самостоятельных занятий физическими упражнениями, интересу к предмету «физическая культура» что,

безусловно, положительным образом отражается и на спортивных достижениях учеников и результативности моей деятельности как учителя.

Мониторинг уровня физической подготовленности учащихся за последние три года показывает, что у учащихся развились такие физические качества как: сила, улучшилась работа дыхательной системы. Увеличились такие физические способности как: координационные, скоростно-силовые качества. Наблюдается рост спортивных достижений учащихся в соревнованиях различного уровня.

Высокий уровень мотивации учащихся к занятиям физической культурой привел к тому, что ученики нашей школы занимают призовые места не только на районном уровне, но и на областных мероприятиях, как по традиционному для нашего региона виду спорта – лыжным гонкам, так и по лёгкой атлетике. Достижение положительных результатов в физическом воспитании учащихся стало возможным благодаря повышению мотивации, роста интереса детей к занятиям физической культурой, на мой взгляд, и за счет введения в преподавание предмета национально-регионального компонента. Включение национально-регионального компонента в преподавание физической культуры в общеобразовательной школе позволит более успешно решать задачи обучения учащихся жизненно важным навыкам и умениям, необходимым для адаптации в национальной социокультурной среде.

Итак, национальные игры в комплексе с другими элементами урока физкультуры представляют собой основу формирования гармонически развитой личности, сочетающей духовное богатство и физическое совершенство, что в дальнейшем способствует достижению высоких показателей на уроках физкультуры.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОТАНСҮЙГІШТІК СЕЗІМДЕРІН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТҰРҒЫДАН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

ИСКЕНДИРОВА ЖАННАТ МУХАМБЕТЖАНОВНА

Атырау облыстық

тіл мүкістігі бар балаларға арналған

№3 мектеп - интернаттың

жоғары санатты бастауыш сынып мұғалімі

«Адамға ең бірінші тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – азаматтың қас жауы, ол келешекте оның барлық барлық өміріне апат әкеледі», - деген екен Әл-Фараби бабамыз. Мұнан өз тағдырын өзін шешуге қолы жеткен халқымызға ұлттық рухани болмысты дұрыс қалыптастыру аса кажет екенін байқаймыз. Отанына деген сүйіспеншілікті қалыптастыру мәселесі–бүгінгі күннің білім беру жүйесі алдында тұрған маңызды міндеттерінің бірі.

Отан дегеніміз–халық. Халық дегеніміз-адам.Адамды сүю–оған жақсылық жасау. Ендеше отаншылдық – сонау ерте заманнан қалыптасып келе жатқан қасиетті сезім. Халықтық құндылықтарға сүйене отырып, елдікке, ерлікке, азаматтыққа тәрбиелеудегі өлең-жырлар,мақал–мәтелдердің әсері ұтымды болатындығы туралы танымал педагогтарымыз айтып та, жазып та жүр.

Патриотизм мәселесі қай халықтың болмасын басты тәрбие бағдары болады. Патриоттық сезімді тәрбиелеуде түрлі құралдар пайдаланылады. Патриоттық сезімдер құралдарына:

-Ұлттық құндылықтары – жер, ел, тіл жатады.

-Ұлттық нышандары - Ел таңба, Ту, Әнұран.

-Ұлттық мәдениеті – сөз, бейнелеу, саз, дене тәрбие және т.б.

-Қазақ зиялыларының өнегелі іс- әрекеттері мен сөздерін жатқызамыз.

Халқымыздың отан сүйгіштік, патриоттық туралы, ұлттық мұрасының даму тарихына үгілетін болсақ, ХҮ – ХҮІІІ ғасырлардағы Асан Қайғы бастаған, Ақтамберді, Доспамбет, Шалкиіз, Бұхар, Махамбет т.б. ақын – жыраулардың поэзияларындағы тәлімгерлік ой пікірлерінен көреміз.

Жас ұрпақтың оның ішінде төменгі сынып оқушыларының төл мәдениетінен нәр алуы ұлттық фольклормен тығыз байланысты. Қазақ халқының өте әрідегі ата– бабаларының өмір сүрген кезінен бастау алып, күні бүгінге дейін кәдесіне жарап келе жатқан рухани мұраның бірі – халықтық педагогика. Халық педагогикасының басты мәселелерінің бірі – ұлттық үрдістер тұтастығын сақтай отырып азаматтық, адамгершілік, патриотизмге тәрбиелеу болды. Қазақ халқының тәлімдік мәні зор ой–толғаныстары бесік жырымен батырлық эпостарда, ертегілер мен аңыздарда, шешендік сөздер мен айтыс-термелерде, жұмбақ- жаңылтпаштар мен мақал – мәтелдерде көптеп кездеседі. Мұндағы ұрпақ тәрбиесінің негізгі түйіні–адамгершілік – имандылық, ақыл – ой, еңбек, эстетика, дене, патриоттық тәрбиесіне байланысты мәселелерге келіп тіреледі. Қазақ халқы бала тәрбиесімен бесікте жатқан кезіннен бастап - ақ өлең–жыр мен әңгіме, ертегі, тақпақ тәрізді мәтіндік ұлағаттармен санамақ, жаңылтпаш сияқты ойындар арқылы тәрбиелеп отырған. Ауыз әдебиетінің басқа түрлеріне қарағанда, мақал – мәтелдердің өзіне тән ерекшеліктері мен өзгешеліктері бар. Ол адам өмірінде, тұрмыс – тіршілікте, қоғамдық жайларда кездесетін әр түрлі құбылыстарға, тарихи мәні бар оқиғаларға берілген даналық баға, тұжырымды түйін есебінде қолданылады. Отансүйгіштікке тәрбиелейтін мақал – мәтелдердің алатын орны өз алдына бір төбе. Мақал – мәтел ойды қысқа да ұтымды жеткізетін, өмір тәжірибесін қолдана айтатын сөздер. Онда ел, жер, халық, Отан жайында айтылған өнегелі сөздер өте көп. Мысалы, «Өз елім өрен төсегім», «Ел – жұрты бардың жұтамы жоқ»,«Туған жердің күні де, күлі де ыстық», «Туған жер–тұғырың,туған ел-қыдырың», т.б. мән мағынасына зер салатын болсақ, ешқандай дәлелдеуді қажет етпейтін, жас ұрпақтың отансүйгіштік, патриоттық сезімін жетілдіру үшін қажетті қағидалар, бұлардың тәрбиелік мәнін түсіндіре отырып, бала

тәрбиесінде кең пайдаланылды. Өзінің мақалдарында туған жер, ел – отанды аса жоғары бағалап ардақтаған халық енді оларды қорғау әрбір ер – азаматтың басты борышы деп біледі.

Қазақ ауыз әдебиетінен орын алған және ерте заманнан бастап бүгінгі күнге дейін даму, өсу үстінде келе жатқан жанрлардың бірі – жұмбақтар. Жұмбақ - өскелең ұрпаққа білім берерлік, тәрбиелік мәні бар құралдардың бірі. Мақал адамның логикалық ойын дамытса, жұмбақ, жаңылтпаш жас баланың тілін жетілдіріп, табиғат өмір жағдайындағы түсінігі мен қиялдау қабілетін дамытады. Жұмбақ ең алдымен жас бөбектерге үйретілген. Оның өзі көбіне ұйқасқан өлең түрінде айтылатын болған. Алдында айтылған мақал–мәтелдер тәрізді жұмбақтар да балаларды отаншылдыққа, патриоттыққа үндейтін маңызды құралдардың бірі.

Аңыз әңгімелерде елдің мұңын мұңдап, жоғын жоқтайтын қаһармандар өскелең буынға тәрбиелі де ізгі ықпалын тигізеді. Мысалы, көпшілікке мәлім, ұлы даланың абыз жырауы атанған Асан Қайғы туралы айтсақ артық болмас. Асан Қайғының халқы уайым - қайғыны білмейтін, жан – жануары жылына екі мәрте балалайтын жазы самал, қысы шуақты Жерұйықты іздеуі баяндалады. Желмаяға мініп тынымсыз сапар шегетін, Алтай мен Атырау арасындағы жер–судың қадір–қасиетіне қарай сипаттама беретін дала даңышпаны қартайған шағында жарғақ құлағы жастыққа тимей жүрсе, ол халқы үшін жасаған қызметі.

Ертегілерге бай елдердің бірі–қазақ халқы. Қазақ халқының ой – қиялының жемісі болып саналатын ертегілер балалардың патриоттық тәрбиесінде аса маңызды роль атқарады. Өйткені, ондағы патриотизм шығарма қаһармандарының туған еліне, кіндік қаны талған жеріне деген құмтарлығы ауыз әдебиеті нұсқауларының басқа жанрларына қарағанда ертегілерде анық байқалады. Қазақ ертегілерінің басым бөлігінде ерлік, батырлықпен қатар үлкен адамгершілік, қайырымдылық ақыл, тапқырлық, мейірімділік пен парасат мадақталып, өскелең ұрпаққа–үлгі ретінде ұсыналады.

Отаншылдық, ел– жұртын сүю, азаматтық борышын атқаруға болатын халықтық рухани құндылықтың бірі – ар – намыс. Бұл– борышты атқаруға итермелейтін әлеуметтік күш. Осы тұрғыдан алғанда ар – намыс қазақ халқының бойына туа біткен ұлттық әлеуметтік- психологиялық ерекшелік болмысы және ол азаматтық елін, жерін, тілін сүюге отандық ойлау жүйесінің негізі болмақ. Сондықтан баланың жасынан ар–намысын қалыптастыру үшін халықтық ертегілердің, ер– азамат бейнесін сомдап, үлгі етіп, мақтанышын, ерлігін мадақтап тәрбиелеудің маңызы зор.

Адам өмірінде тәлім– тәрбиенің маңызының зор екенін терең түсінген олардың ешқайсысы да осы тақырыпты айналып өте алмады. Жалпы ұрпақ тәрбиесінде ұлттық ерекшеліктерде, халықтың тәлім – тәрбиені ұлттық құндылықтарын ескере отырып тәрбиелеудің тұтас жүйесін жасауда өткен ғасырдағы көрнекті ағартушылардың педагогтардың, қазақ зиялыларының

алаш азаматтарының өнегелі істері мен ой– пікірлері патриоттық тәрбиенің құралы бола алады.

Патриотизм дегеніміз – Отанға деген сүйіспеншілік жеке адамның аман–саулығының қоғамдық–мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстығын сезіну, патриотизм мемлекет туралы ұғымды жеке адаммен, яғни оның өткенімен, бүгінгі күнімен және болашағымен қарым – катынасты білдіреді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Бержанов Қ, Тәрбие мен оқытудың бірлігі. Алматы 1983.
- 2.Көшекпаев Н. Оқыту теориясы Алматы, Мектеп 1986.

БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ АЯСЫНДА РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТЫ ТАРДЫ ОҚУШЫ БОЙЫНА ДАРЫТУ ЖОЛДАРЫ

ИСАБЕКОВА КУЛИЯ МУСАБЕКОВНА

Павлодар облысы

Екібастұз қаласы

№36 мектеп-лицейінің

бастауыш сынып мұғалімі

Заман қарыштап дамыған сайын адамзаттың айналасына деген көзқарасы да түбегейлі өзгереді. Білім беру мазмұнын жаңартуда оқушы мен мұғалім тұлғасының жаңашылдыққа ұмтылуы, қызметіне деген көзқарас, өздеріне қоятын жоғары талабы, тың серпіліс пен үздіксіз ізденіске жол ашуда.

Әлемдік білім кеңістігіне ену үшін білім саласындағы саясаткерлер үшін де, жалпы мектептер үшін де, соның ішінде мұғалімдер үшін де ең басты мәселе болып отырғаны: «*XXI ғасырда нені оқыту керек?*» және де екіншісі - ол да маңызы жағынан біріншіден еш кем емес: «*Мұғалімдер оқушыларды XXI ғасырға қалай дайындайды?*» [1, 5 б.] Бұл сұрақтар төңірегінде ой өрісі жан-жақты дамыған, зерделі, рухани құнылықтар дарыған жеке тұлғаны қалыптастыру қоғамның, білім саласының, оның ішінде ұстаздардың алға қойған ең басты мақсат-міндеттеріне айналды.

Білім мазмұнын жаңартуда озық тәжірибелерді зерттеу, жинақтау және насихаттау, іс-тәжірибе алмасу, мұғалімнің кәсіби біліктілігін көтеру мектептің әдістемелік жұмысының негізгі міндеті болып табылады. Әдістемелік жұмыстың мазмұнын жаңарту, мұғалімнің еңбегін бағалау бүгінгі күн талабы болып отыр. Мұғалімнің мәртебесі де ұмыт қалмады. 2019 жыл 27 желтоқсанда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Педагог мәртебесі туралы» Заңға қол қойды. Бұл Заң ҚР Тұңғыш Президенті –Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасы болғаны баршамызға мәлім.

Тапсырма



Мұғалімнің көмегімен тәжірибе жасайды.

Үш стаканның бірінші стаканға су, екінші стаканға сүт, үшінші стаканға томат шырынын құямыз. Стакандарға қасықтарды саламыз.

Сұрақтар дайындалады.

- Қандай ерітінді жарықты көбірек өткізеді? Қайсысы азырақ өткізеді? Неліктен? Себебін түсіндір.

- Осы жерде қандай қорытынды шығаруға болады?

- Басқа қандай мысалдар келтіруге болады?

Бағалау критерийлері	Дескрипторлар
Кейбір денелердің жарық өткізгіштік қасиетін іс-жүзінде зерттейді	Су, сүт, томат шырыны құйылған ыдыстардың жарық өткізгіштік қасиетін зерттейді, себебін түсіндіреді.
Жарық өткізгіштік өзгерістерді салыстырады	Талқылайды, салыстырады
Өз көзқарасын білдіреді	Пікірлеседі, бірінің бір ойын тыңдайды.

• **Коммуникативтік қабілеттер** • жеке және топпен жұмыс істей білу қабілеті

Қазіргі уақытта оқыту барысындағы қолданып жүрген көптеген әдіс-тәсілдер жеке тұлғаның жан-жақты жетілуіне оқыту тиімділігінің негізін құруға бағытталған. Соның ішінде соңғы жылдары өз сабақтарымда қолданып жүрген жұптық, топтық жұмыстар оқушының «менін» қалыптастыруға өз ықпалын тигізеді. Оның мақсаты – оқушыларды ойын ашық айта алуға, пікір алмаса білуге үйрету, мәселені сын тұрғысынан шешуге дағдыландырады. Ұжымда өз ойын ашық айтып қана қоймай, оны дәлелдей білуге, бір-біріне сыйластықпен қарап, пікірін құрметтеуге баулу. Белсенді оқу ортасын құру, бірлескен оқу тәсілі, құрылымдық топтар арқылы ортақ жауапкершілік қабылдау және топ мүшесі қосқан жеке үлесті сезіну, өзін-өзі, өзгені бағалау әр мұғалімнің шеберлігіне орай сабақтарда көрініс табуда. Мерсер (2005) құрдастар тобындағы оқуда маңызды рөл атқаратынын дәлелдеп шыққан. [1, 29 б.] Сабақтарымда «Ойлан. Топтас. Бірік», «Мозайка», «Жеңімпаз топ» немесе «Жеңімпаз жұп», «ДЖИГСО», «Галерея», «Пікір алмасу» (Showdown) әдістерді қолданып келемін

• **Өзгелердің мәдениетіне және** • коммуникативтік дағдылар (тілдік көзқарастарына құрметпен қарау дағдыларды қоса алғанда) Бастауыш сыныптарға арналған оқу бағдарламаларының маңызды

қағидаты білім беру бағдарламасының спиральділік қағидаты болып табылады. «Оңайдан күрделіге, қарапайымнан күрделіге» принципін жүзеге асырады. Оқу бағдарламасындағы әр бөлім тапсырмаларына сай бастауыш оқушыларының жас ерекшеліктері ескеріліп, материал күрделене түседі. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшеліктерінің бірі үш тілді білім беру. Шет тілдерін еркін меңгеру 2013-2014 оқу жылынан бастап 1-сыныпқа «Ағылшын тілі» пәні енгізілген болатын. Қазіргі таңда бастауыш сыныптан бастап шет тілдері оқытылуда. Өртүрлі ортада тиімді түрде қарым-қатынас жасауға, шет ел мәдениетімен танысып, көзқарасын жетілдіруге жағдай жасалуда. Тілдерді меңгере отырып әр жеке тұлға өз елінің және өзге ұлт өкілдерінің де тілін, тарихын, салт-дәстүрін, мәдениетін құрметтеу қасиетіне ие болатыны сөзсіз.

• **Жауапкершілік** • проблеманы шешу қабілет

Оқудың дамуы барысында оқушыға жол көрсету біртіндеп азайтылуы қажет, себебі оқу үдерісін дамыту арқылы оның мәні де айқындала бастайды: оқу тәуелсіз сипат алып, өздігінен реттелетін болады (Perry et al 2002) [1, 26б.] Оқушыға өз жауапкершілігімен білім алуға жағдай жасайтын кез келді. Қажеттілікті аз қажет ететін оқушылар проблемаларды қайта қарауға ұмтылады, идеялар ұсынып, болжамдар жасайды. Жаңартылған білім бағдарламасы арқылы оқытуда оқушы өз құрдастарының әрекетіне қарай жауапкершілігі де арта түсетіндігін сабақтарымда байқап жүрмін. Құрылымдық топтарда, жұбымен жұмыс жасағанда, барлық оқушы жауап бергенде бос отыратын оқушы болмайды. Бос отырған жағдайлар кездесті, мен өз тәжірибеме өзгерістер енгізіп, сабағымның құрылымын өзгертіп, әдіс-тәсілдерді жақсарттым деп ойлаймын. Мен қалай өзгердім, оқушым да солай өзгерді.

• **Денсаулық, достық және де** • жеке және топпен жұмыс істей айналадағыларға қамқорлық көрсету; алу қабілет

Салауатты өмір салты – өмір талабы. «Валеология» орысшадан «Салауаттану» деп аударылады. «Валео» -денсаулық, «логос»- ғылым деген мағынаны білдіреді. Сондықтан бастауыш сыныпта «Дені саудың –жаны сау» бөлімі оқу бағдарламасына кіріктірілген, десек те басқа пәндерде денсаулық сақтау туралы:

- жеке бас гигиенасын сақтау;
- күн тәртібін орындау;
- дене шынықтырумен айналысу;
- дұрыс тамақтану;
- ағзаны шыңдау туралы айтылып дәріс берілуде.

«Отан-отбасынан басталады» -дегендей барлық пәндерде «Менің отбасым және достарым» деген үлкен бөлім қарастырылған». Отбасында асыл қасиеттерді бойына сіңіріп, Отанға деген ыстық сезім –жақындарына, туған-туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады. «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» әдеп нормаларын әр сабақта бойларына сіңіруге тырысудамын. Мысалы, дүниетанудан 2- сыныпта «Менің отбасым» тақырыбын өткенде

«Суреттер сөйлейді» әдісімен жұптық жұмыс барысында өз отбасы мүшелерінің портретін ауызша талдағанда оқушы отбасы мүшелерінің атауларын атағанда мақтаныш сезіммен жеткізгендігін байқадым. Өмірмен байланыс ретінде «Отбасындағы үлкендер мен кішілер арасындағы қарым-қатынас» тақырыбында сурет салғызғанда, бала шынайы өз отбасының портретін көрсетеді. Осы жерде психологиялық қолдау қажет ететін оқушылармен жеке дара жұмысты жалғастырдым. Сыныптағы ынтымақтастық, достық, бірін-бірі құрметтеу дағдылары күнделікті әдетке айналуда.

Қорыта келе төмендегі ойлармен баяндамамды тамамдығым келеді. Мұғалім-нәзік аспап, ол – адамзат қызметінің барлық бояуының реңкін бойына жинақтаған. Ол-әрі философ, әрі ұйымдастырушы, әрі психолог, әрі артист, әрі тәрбиеші, әрі кеңесші, әрі үйлестіруші. Сондықтан осы аспаптың әдемі дыбысталуына, жарқырап ашылуына ата-ана тарапынан да, қоғамнан қолдау қажет. Ұлы ақын Абай атамыздың «Бес асыл ісі» көкейімізді көктей өтіп, көкірегімізге сәулелі нұр құяды. «Талап, еңбек, терең ой,; Қанағат, рақым, ойлап қой. Бес асыл іс көнсеңіз» дегендей осы бес асыл істі жеке тұлғаның бойына сіндіре алсақ, ұлттық құндылық дарыған оқушының болашағы жарқын болмақ деп ойлаймын.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Бірінші (ілгері) деңгей. Екінші басылым. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014.
2. Уикипедия. Ашық Энциклопедиясы.
3. Абай Құнанбаев. Өлеңдер жинағы, 2016.
4. Интернет ресурстары. «Жаңаша білім беру жүйесі»

БАЛАБАҚШАДА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

КАБИЕВА АЙЖАН КУТТЫМУРАТОВНА

Ақтөбе облысы

Ойыл ауданы

«Асанәлі» бөбекжай-бақшасы МКҚК

педагог-психологы

Қоғам дамуына сай білім беру жүйесі де балаларда білім, білік және дағдылар жүйесін қалыптастырудың дәстүрлі бағытынан ашық қоғамның жаңа жағдайларында өмір сүруге қажетті тұлға қасиеттерін тәрбиелеуге көшуді талап етеді. Сондықтан қазіргі заманғы білім берудің мақсаты айналадағы ортамен дұрыс қарым-қатынасқа дайын тұлғаны дамыту болып табылады. Білім–бәсекеге қабілеттіліктің басты өлшемі екені белгілі. Ұстаздар қауымы ұлы істердің ұйытқысы болып, еліміздің болашағы жас ұрпақты тәрбиелеу жолында аянбай еңбек етіп, қазақ елінің гүлденуіне өз үлесін қоса береді. Мектептердің, ата-аналардың және мұғалімдердің

өздерінің кішкентай азаматтарынан күтетінен үміттері жоғары деңгейде екені баршаға мәлім.

Мектепке дейінгі шақ–баланың сезімдік тәжірибесінің орасан зор молайып, ретке келу, қабылдау мен ойлаудың адамға тән формаларын игеру, қиялдың күшті дамуы, ырықты зейін мен мағыналы естің бастамалары қалыптасу кезеңі болып саналады [1].

Қазіргі заман педагог-психологы педагогикалық-психологиялық сауаттылық пен баланың жас және физиологиялық-психологиялық ерекшеліктерін, заманауи зерттеулер нәтижесін игеруі шарт. Ол заман ағымына сәйкес білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады.

Мектепке дейінгі ұйымдағы педагог-психологтың басты міндеті осы шығармашылық қабілетті анықтап қана қоймай, оны әрі қарай дамыту. Осыған орай, балалардың шығармашылық қабілетін дамыту ең маңызды мәселелердің бірі болмақ. Педагог-психолог балабақшадағы психологиялық ахуал мен дамытушы ортаның бала дамуына ықпалы жоғары екендігін де ескеруі шарт. Бірқатар зерттеулер педагог-психологтің басты объектісі ретінде баланың өзі емес, оның тұлғалық қасиеттері мен қабілеттері емес, тіпті оның мінез-құлқы да емес, баланың өмір сүру жағдайы қарастырылуы тиіс екендігін дәйекті түрде әрі жан-жақты дәлелдеген. Бұл жағдайларға төмендегілер жатады:

-жағдайдың сыртқы факторлары – яғни, ашық кеңістікте, таза ауада оқыту. Қабырғалармен шектелмеген кеңістік баланың барлық қажеттілігін қамтитын – когнитивті, коммуникативті, эмоционалдық, әлеуметтік және физикалық оқытудың біртұтас ортасы болып табылады (Билтон, 2010);

- жағдайдың ішкі факторлары – өзіне тиесілі, өзінің қатысы бар ортада немесе бөлме ішінде оқыту. Гринманның (2008) тұжырымдауы бойынша үй-жайда немесе бөлме ішінде оқыту ортасы нақты жағдайда дамудың барлық салаларын қамту арқылы тексерілетін мол әлеуметтік, коммуникативтік, когнитивті тәжірибе береді, сонымен қатар тұрақты әрі үнемі бақылауда болады;

-жағдайдың эмоционалдық факторлары–жақсы көңіл-күй факторы физикалық кеңістіктен анағұрлым маңыздырақ болып табылады. Ол осы ортадағы адамдардың сезім-күй эмоцияларын қамтиды және «сезінудің» көзге көрінбейтін өлшемі болып табылады [2].

Ол күнделікті әртүрлі тұрмыстық жағдайда ұйымдастырылған оқу процесінде және дидактикалық ойын барысында өздігінен әртүрлі сөздіктерді қолдануда жүзеге асады. Іздену жұмыстары негізінен бала бойында кіші жастан байқалады. Олар үшін зерттеу қарапайым заттардан басталады.

Балабақшадағы психологтың негізгі қызметі–балалардың физиологиялық және психикалық саулығын қорғау, әр баланың қабілетінің

еркін және тиімді дамуына, эмоционалды үйлесімділікті қамтамасыз етуге ықпал ету.

Балабақша психологының мектепке қабылданар баланың психологиялық даярлық деңгейін тексеру мен диагноз қою жұмысы және дамыту жолдарын белгілеу қызметі қысқа мерзімдік диагностикалық шара болып табылады [3]. Осы даярлық диагностика мазмұнын үнемі жаңа ізденістермен жетілдіріп отыру маңызды.

МДҰ психологының келесі жұмыс бағыттары - мектеп жасына дейінгі балалардың психофизиологиялық ерекшеліктерін зерттеу. Оған төмендегі процестер жатқызылады:

- ✓ мектеп жасына дейінгі балаларда танымдық процестерінің деңгейлерінің диагностикасын жүргізу;

- ✓ баланы мектепке дайындаудың тиімді әдіс-тәсілдерін қолданудың психологиялық мүмкіндіктерін айқындау [4].

Балаларды ынталандырудың практикалық тәсілдері:

- ✓ балаларға үлкен үміт арту және олар үмітті ақтаған кезде мақтап-мадақтау;

- ✓ балаларға мадақтаудың әртүрлі нысандарын ұсыну, мысалы, сөз арқылы («Сен мұны жасай аласың!»), бейвербалды (күлімсіреу, көз қысу, саусақты жоғары көтеру) және сезілетін (стикер, мөр, тәттілер) қолдаулар.

- ✓ балалардың қолжетімді мақсаттар қоюына, оларға қол жеткізуге ұмтылуына көмектесу, мысалы, пальтоның түймелерін салу.

- ✓ балаларға белгілі бір сипаттамаларды қалыптастыратын тиімді мақтауды қолдану т.б.

Балабақшада қызмет атқаратын педагог-психолог бұған қосымша тағы қандай жұмыс атқарады? Алдымен, осы балабақшаға балаларын сеніп тапсырған ата-аналармен де жақсы қарым-қатынаста болу үшін әрбір ата-аналар жиналысында көңіл-күйлерін көтеретін тренингтер жүргізіліп тұру керек.

Балалармен жұмыс жасағанда балалардың таным процестерін дамыту үшін әртүрлі жаттығулар жасалынады. Қол, саусақ моторикасын дамытуға арналған ойыншықтар алынып әр баланың дамуына психолог зор үлес қосып отыру керек. Психолог кабинетінде арт терапияның элементтері құм терапиясына, су терапиясына, ертегі терапиясына арналған зоналар белгіленіп жұмыс жасалынады. Құм терапиясының пайдасы өте зор. Балалардың шығармашылық қабілетін қалыптастырып, ұйықтап жатқан клеткаларын оятады. Су терапиясы баланы сезімталдыққа баулып, сезу мүшесін қалыптастырады. Ертегі терапиясы арқылы баланың қиялы ұшқырлана түседі. Моншақтарды түсіне қарай орналастыру арқылы бала икемділікке тәрбиеленеді.

Ал жеке баламен жұмыс жасау үшін әр аптаның белгілі бір күнін анықтап алуы қажет. Жеке баламен жұмыс тек ата-аналардың рұқсатымен, өтініш жазуымен ғана жүргізіледі. Егер бала балабақшаға келгісі келмеген жағдайда, топта балаларымен араласуы қиын болған жағдайда, мінезінде

өзгерістер болған кезде ата-анасы өтініш жасап, педагог-психолог жеке жұмыс жүргізеді. Гиперактивті типтегі балалармен жұмыс ата-анасының рұқсатымен жүргізіледі [5].

Оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз жүзеге асырылып, педагог-психолог немесе тәрбиешілер тарапынан жағымды кері байланыс берілгенде ғана жан-жақты тұлғаны тәрбиелей аламыз. Кері байланыс оқу-тәрбие үдерісінің әртүрлі сатыларында қолданылады және ересектердің немесе педагогтердің балалармен үздіксіз өзара әрекеттестікте болуына мүмкіндік береді, соның нәтижесінде оқу-тәрбие үдерісін түзету және одан әрі жоспарлау жүзеге асырылады.

Кері байланыс беруде педагог-психолог келесі мәселелерді ескеруі тиіс:

- баланың артықшылықтары мен мықты жақтарын атап өту;
- баланың нені дұрыс орындамағанын түсіндірмей тұрып, сенікі «дұрыс емес» немесе «бұрыс» деген пайымдаудан аулақ болу;
- баланың іс-әрекетін қалай түзетуге немесе жақсартуға болатыны жөнінде ұсыныс айту;
- баланың айтқанын мысқылдауға немесе «мынауың барып тұрған ақымақтың жауабы ғой» деген сияқты баланы мазақ ететіндей жағымсыз сөздерге жол бермеу. Бұрыс немесе қате іс-әрекеттерге түсіністікпен қарамаса, оқытуда ілгерілеу мүмкін емес.

«Қашанда бір істі істегіңіз келсе, ол іске әуелі ақылыңызды, одан соң қолыңызды жұмылдырыңыз, егер де ақылыңыз дұрыстаса, көзіңіз көріп, жөнін тауып мақұл көрсе, тіліңіз бен қолыңызға ерік береңіз» деп қазақтың алғаш әліппесін жасаған Ұлы ұстаз Ы. Алтынсарин бізге мұра еткендей, жаңартылған білім мазмұны оқытудағы жаңа тәсілдерді өз тәжірибемізге ыңғайлап, педагогика мен психология саласындағы жаңалықтарды қолдануды міндеттейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жарықбаев Қ.Б. Психология. Алматы.: Білім. -1993. -158 б.
2. Тыңдаушыға арналған нұсқаулық. Нұр-Сұлтан,2019.-72 б.
- 3.Гадамер Х.Г. Человек как предмет познания. –М.: Педагогика. -355 с.
- 4.Максаковский В.П. Педагогическая культура: учебное пособие для студентов вузов. –М.: Гуманит.Изд.Центр ВЛАДОС, 1998. -416 с.
5. <http://artpsy.kz/mektepke-dejingi-mekemedegi-pedagog>

М.ӘУЕЗОВТІҢ «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАН –ЭПОПЕЯСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

КАЙРЛИЕВА АРДАК ТУЛЕУОВНА

*Атырау облысы
Индер ауданы
Махамбет атындағы орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
педагог-шебер*

«Абай жолы» эпопеясы-қазақ халқының өмірін, тарихын бүкіл адамзатқа, әлемге таныстырған тұңғыш шығарма. Романның жан толқытарлық, керемет көркемдік қасиеттері, шындықтың ақиқатын суреттеу шеберлігі, өмір құбылыстарын адам характері арқылы терең де толық бейнелеуі, оның шынайы халықтық шығарма екендігі-осының бәрі қазақ эпопеясының барлық жерде ықпалы мен әсерлілігінің ең басты себебі болып табылады.

Шығарманың ұлттық ерекшелігі, яғни жағдай мен кейіпкердің ұлттық характерлер ерекшелігі, олардың өзіндік өзгеше қалпына, сөздеріне, жүріс-тұрысына, мінез-құлқына, әдетіне байланысты ерекшеліктің түрлері көркем шығарманың тарихи шыншылдығына септігін тигізіп тұр. «Абай жолы» романы мынадай бір түйінді пікірдің дұрыстығына айғақ бола алады: нағыз ұлттық, шынайы халықтық шығарма ұлттық шағындық, үстірттік секілді ұғымдар мүлдем жат. Сол себепті қазақ халқының ұлттық топырағында туған және халық рухынан нәр алған көркем эпопея дүние жүзінің халықтарына бірдей ұғымды да түсінікті.

«Қазақта ертектің майын тамызып айтатын шеберлер аз болмаған. Осы күнгі қазақ ертегілері кітаптарына енген шығармалардың көркемдік деңгейі түрлі-түрлі болып отыратындығы да айтушының тіл ұсталығына, шешендік, әңгімешілдік қабілетіне қатысты екенін көреміз» [1:336] дей келіп, фольклортаншуы ғалым Р.Бердібайдың ертегі айтуды өнер дәрежесіне көтеру мысалына М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында суреттелетін Баймағанбет ертектің алғаны өте орынды. Баймағанбет ертектің Абайдан және оның айналасындағы көркем әдебиетті оқыған адамдардан батыс жазушыларының романдарының мазмұнын естіп, ұғып алып, оны өзінше өңдеп, әрлеп, ертегі дәстүріне лайықтап отырған. Бұны жазушы М.Әуезовтің көркем шығармаларындағы эпостық, ертегілік баяндау тәсілінің айқын көрінісі деп қарауға болады.

Роман-эпопеяда эпикалық баяндаудың сан түрлі әдіс-тәсілдері кездеседі:

1. Оқиғаны сол болған қалпында объективтілік түрде баяндау;
2. Сюжеттік оқиғалардың өзара байланысын түсіндіре баяндау;
3. Айтушының өзіндік дүниетанымы, түйсік-пайымы тұрғысынан кейбір сюжеттік оқиғаны өз жанынан қосып өзгерте баяндау, кейде тіпті эпикалық сюжет арасында өмір туралы, өзі туралы термелеп кетушілік те кездеседі.

Абай мен шешелерінің кешкі уақытта тыңдаған жырларының көбі Барластың өзі сүйген құлақ күйі сияқты термелер болады.

М.Әуезовтің қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі мен өмір салтынан туған фольклорлық шығармаларына, соның ішінде тұрмыс-салт жырларына аса қанық екендігі «Абай жолы» роман-эпопеясында анық көрінеді.

Роман-эпопеяда кәрі әженің атынан айтылатын кішкентай немересін әлпештеп жұбататын мына өлең-жырдың үлгісі кездеседі:

Қорқытпа менің баламды,
Гулей соққан ақ боран!
Балам ана қойнында,
Келе алмайсың сен бұған!
Ұйқысынан айырма,
Кезе бер ессіз далаңды.
Ұйықта, бөпем, оянба,
Әлдилеймін баламды,
Әлди, бөпем, әлди-ай
Деп жырласын кәрі әже,
Ұйқыға барсын сол бала,
Тілесө тағы жырласын
Жүз жыл бойы сол ана [2:4]

Келтірілген өлең үзіндінің поэтикалық реңкі қою, мағыналық аясы кең, тілі қарапайым, ойға қонымды. Эстетикалық-тәрбиелік қызметі мол.

Адам өміріндегі жаңа белес-баланың кәмелеттік жасқа келіп үйлену, тұрмысқа шығу кезеңі. Осындай кездерде тойға, қуанышқа арналып түрлі өлең-жырлар, жүрекжарды тілектер айтылады. Немесе қыздар мен жігіттердің ойын-сауықта өзара көңілдері жарасқан шақта айтылатын ән-өлеңдер болады. Ондай сәттер шығармада көптеп кездеседі. Жазушы, сыншы С.Асылбековтің: «Қазақта үйлену тойлары көбіне өлең-жырмен өткізіледі. Ал «Абай жолы» роман-эпопеясында үйлену тойы көркемдік дәстүрдегі өлең-жыр түрінде емес, әдет-ғұрыптық салт-дәстүрлер, әр түрлі ұлттық рәсімдер тұрғысында қарасөзбен баяндалады»- деген пікірді айтады.

Шығармадағы ән-өлеңдерді атақты Біржан сал Абай ауылына келген кезде жастар жиналып шырқайды. «Қарға», «Гауһар тас», «Жиырма бесә», «Нәркес көз» т.б өлеңдер шырқалған еді.

«Керімбала да Біржанның өзі сүйіп ұққсан әнін айтты. Біржандай көп әнші, ақынның айтуынан өтіп, сырланып жеткен атсыз бір әнші шығарған- «Қарға».

Қарғам-ау, сен қалайсың мен дегенде...-деп сөзі кетті. Біржан мен Абай үлкен ілтипатпен тыңдасып еді.

Керімбаланың осы әніне орай қып, Оралбай да кербез әнге шырқай жөнелді. Оның әні- «Гауһар тас».

Басасың аяғыңды ырғаң-ырғаң,
Артыңда таққан шолпың, күміс-сырғаң...

Ән зор дауысты, сұлу пішінді, ақ құба жігіт айтқанда жаңа сыр тапқандай...

Есілдің ар жағында көрдім сені,

Сырғанды қайық қылып өткіз мені,
Сырғанды қайып қылып өткізбесең,
Болсаң да хордың қызы көрмен сені [2:5] деп жігіт тілек айтады. Дос жүрегіне сенеді. Ән, домбыра кезегі қыдыра жағалап осы Үмітейдің сөзіне келшенде, о да іркілмей «Баян ауылына» бастап кетті.

Баян ауыл басынан бұлт кетпес,
Қиядағы түлкіге құсым жетпес,
Ақбоз үйдің сыртынан аттандырып,
«Қош, қалқатай» дегенің естен кетпес [2:6]- деп Үмітей бұл әннің сөзін арманды күдікпен айтады.

Осы әнді айтушы Үмітейдің арманды күдігі, іштей құпиясы ертеңдер өзі ұзатылмақшы. Өз қатарындағы бойжеткен қыз атаулының ең бір еркесі, көркі сұлу Үмітейдің болашақ күйеуіне көңілі толмағандықтан, бұл жолдар шын сүйгенімен ақтық қоштасқандағы қимас сезімін білдіреді. Осы секілді халық әндерінің шығармада көркемдік-эстетикалық қызмет атқарып тұрғаны анық. Мұнда шын сүйгеніне қосыла алмай, тағдырдың жазуымен өз қаламаған жерге ұзатылып бара жатқан өнерлі де, көрікті арудың орындалмаған арманы, көкірек толы мұң-шері осы төрт жол өлеңге шебер киюластырған. Мұндай тағдырлар сол кездегі қазақ қыздарының көбінің басында жиі кездесіп тұрған.

Роман-эпопеяда тұрмыс-салт жырларының ішіндегі ең көне, мазмұнға да, мағынаға да бай түрі жоқтаудың көптеген үлгілері кездеседі. Эпопеядағы Тәкежанның ұлы Мақұлбайдың жоқтауын Әйгерімге Абай жазып берген болатын.

«Абай да өз міндетіне алған жоқтау жырын тез жазып шықты. Жазғанын аяқтай сала Әйгерімге дауыстап, оқи жөнелді:

Қызыл балақ қыранның,
Балапанын дерт алды.
Жеміс ағаш бәйтерек
Балдырғанын өрт алды.
Артына белгі тастамай,
Жал құйрығын келте алды.
Ағайынды тойғызбай,
Аз күн қоймай ерте алды.
Көп жасамай көк орған,
Жарасы үлкен жас өлім!
Күн шалған жерді тез орған
Күншіл дүние тас өлім!
Жыламайын десе де,
Шыдарлық па осы өлім!
Орамды тілді ауыздым,
Ақылған жүйрік маңыздым,
Көп жасамай тез кетіп,
Көзімнің жасын алғыздың» [2.11]

Қаралы үй тағы да кешегідей жылаулы жандарға толы еді. Қаражан өз жоқтауын айта бастағанда, соның төменгі жағында отырған Әйгерім үлкендерге жүзін көрсетпей, қырындау отырып, екі мықынын таянып ап, нәзік, зарлы үн созды. Үй іші алғашқы жылаудан тоқырап қалса, Әйгерімнің ақын мұңынан қайтадан тегіс босап, жылап кетті. Ұлжанның өзі де үн салып қоя берді.

Қалқам-ай, құлыным-ай, арманда кеткен қошақаным-ай!-деп еңіреп жіберді.

Арманда өткен жас ұланды анық орынды жоқтаған ата-аналық зар осы. Тек Әйгерім араласқан соң ғана жоқтау өзінің үнін тапқандай.

Сонымен қатар романда Ұлжан ананы екі келінінің жоқтауы бар. Бұл жерде жоқтау өлең түрінде берілмеген. Қазақ салтында әйел адамды жоқтауды осы шығармада бірінші рет кездестіруге болады.

Ұлжан анадан кейін Абайдың інісі Оспан да қайтыс болды. Бұл кезде Әбіш жазғы демалысқа қайтқан еді. Оспанның үш әйелі бар еді. Үлкені Еркежан. Ол Зереден, Құнанбай, Ұлжаннан қалған шаңырақта отыратын қаралы келін.

Екінші үйдегі қаралы әйел Зейнеп. Ол өз жанынан жоқтау шығарып, өз әуенімен зарын айтатын.

Үшінші Торымбала. Ол жас, бұйығы адам. Осылардың жоқтауы былай берілген:

«Осы үш әйелдің ерін жоқтаған дауысын Ералыда отырған ауылдардың кәрі-жасы біледі. Әсіресе, Зейнеп ескі шежірені дауыс қыла бастағанда, бұның үйінің сыртына келіп, пәуеске мініп немесе жүкке сүйеніп сыбырласып отырып тыңдайтын балалар, жастар да болды.

Зейнеп ескі шежірені біледі екен. Жоқтауының арасына Оспанның әкесі Құнанбай қажыны да қосады. Оспанның үлкен әкесі Өскенбай биді де атап, мақтап кетеді. Кейде ұзақ айтатын даусына бұл ауылдардың арғы атасы Ырғызбайды да қосады» [2:12]

Сонымен бірге роман-эпопеяда Әбішке арналған жоқтаулардың бірнеше түрі бар. Аса бір үлкен қайғы-шерге, мұңға, зарлы әуенге, терең тебіреніске толы жоқтау жолдар адам жанын тебіrentіп көңіл босатарлық-ақ! Әбіштің енді үзілгелі жатқан, өлер шағындағы кезінде інісі Мағаштың соңғы арызы да осындай арман-мұңға толы. «Мағаш бүгін күндіз аса күдер үзіп, ұзақ жалғыздық тыныштыққа отырған қалпында өзіне-өзі «бүгін бе, ертең бе екен?» деп қалды. Соңғы демі үзіліп болмаған жан ағасына арнаған арыз сөзін қағазға тізді:

Дейтұғын сөзің қайда, Мағатайым?

Қауіптің тоқтауы жоқ барған сайын.

Жарқ-жүрқ етіп жайнайтын жас шағында

Шынымене кеткенің бе, ағатайым?

Жас татымас жылауға көзді булап

Күні-түні жалбарынам жанын тілеп.

Сыртына бір білгені қоймасаң да,

Күймесіне болмайды жүрек жылап-деген еді.

«Әбішті жоқтаған Абайдың сөздері айтып жеткізгісіз күңіреністі байқатады. Әкесінің ұлына деген жалын атқан запыраны мен кеудеге толы өксігі, ізгі арманы, соңғы үміті, қимас сезімі ен даланы жаңғыртып, қара бұлт төндіреді» [2:13]

«Қазақ өмірінде ғұрыптың бірі ретінде халық тұрмысына еніп кеткен жоқтау

«Абай жолы» романында осылай танылады» деген әдебиет сыншысы Б.Майтановтың сөзін нақты айтылған пікір ретінде қабылдаймыз [4:65]

Пайданылған әдебиеттер:

1. Р.Бердібаев Траихи роман. - Алматы
2. М.Әуезов «Абай жолы» 1-4 том. - Алматы
3. С.Асылбекұлы «Заман шындығының айнасы» «Парасат» журналы
4. Б.Майтанов «Көркемдік нәрі» - Алматы. «Жазушы» баспасы

ВОСПИТАНИЕ МОЛОДЕЖИ В УСЛОВИЯХ МОДЕРНИЗАЦИИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОСТРАНСТВА

КАСАНОВА АКТОТЫ ГАРИФОЛЛАЕВНА

*Атырауский инженерно-гуманитарный институт,
г.Атырау*

Целью модернизации является создание обновленной системы патриотического воспитания молодежи, обеспечение в нем всех социальных институтов (семьи, общественных организаций и движений, административных органов, трудовых коллективов, средств массовой коммуникации, УВД и других), определение и конкретизация основных направлений деятельности педагогических сил региона, путей и средств создания условий, обеспечивающих эффективное функционирование системы гражданского, патриотического и военно-патриотического воспитания.

Реализация основных направлений модернизации позволит создать постоянно и целенаправленно функционирующую систему гражданского и патриотического воспитания во всех сферах жизнедеятельности учебного заведения, активизировать и повысить ответственность руководителей государственных и общественных органов в укреплении социально-политической, правовой стабильности, объединить и скоординировать организационно-педагогическую деятельность всех субъектов гражданского и патриотического воспитания молодежи.

Модернизации образовательного пространства привело к информационному сжатию планеты и повлияло на становление нового коммуникативного этапа развития человечества. На государство ложится ответственность сохранения обществ и веками выработавшейся

культуры, менталитета, строгого соблюдения прав человека, стабильности жизненного уровня, процветания экономики, воспитания адаптированного к интеграционным процессам человека. Глава государства Н.А.Назарбаев отмечает: – «Мы вступаем в такой период развития нашей государственности, когда вопросы духовного будут иметь не меньшее значение, чем вопросы экономического, материального порядка. Основную роль в духовном развитии всегда имеет интеллигенция. Главной целью образования и воспитания становится создание среды для становления и развития человека с его индивидуальной неповторимостью, духовностью и творческим потенциалом. Однако, не смотря на замену столетием технической со его информативной парадигмой, прибывает столетие лица, является приспособленными ко его призывам. В наше время период во просветительной области совершается трансформация с создающей модификации ко формированию. Философия образования находится в поисках новых подходов к построению воспитательного процесса как целенаправленного, основанного на ценностях, востребуемых обществом. Объектом воспитания в педагогическом взаимодействии является человек. Основные предметы развития в образовательном процессе могут быть выделены через их соотнесение с основными сторонами развития человека как целостности: во-первых, с развитием морфологических структур его организма; во-вторых, с психическим развитием человека; в- б третьих, с его социокультурным развитием; в-четвертых, с развитием индивидуального духа человека, рассматриваемого как психический энергетический центр, управляющий и руководящий его стремлениями. Особенности воспитания, ориентированного на развитие человека, заключаются в особенном способе проектирования системы целей воспитания, его содержания, а также способов педагогического взаимодействия. Под воспитанием студентов следует понимать целенаправленную деятельность преподавателей, ориентированную на создание условий для развития духовности студентов на основе общечеловеческих и отечественных ценностей; оказание им помощи в жизненном самоопределении, нравственном, гражданском и профессиональном становлении; создание условий для самореализации личности.

Под воспитанием студентов следует понимать целенаправленную деятельность преподавателей, ориентированную на создание условий для развития духовности студентов на основе общечеловеческих и отечественных ценностей; оказание им помощи в жизненном самоопределении, нравственном, гражданском и профессиональном становлении; создание условий для самореализации личности.

В модернизированном мире предмет воспитательного воздействия – система личных ценностей воспитанника, также модернизруется. Новизна преобразований зависит не только от желания самого воспитуемого, но и от заказа общества. Иногда в обществе наблюдаются негативные тенденции к

инновациям в воспитании, «перенацеливание» образования или радикальный пересмотр его главной цели. С нашей точки зрения, коммуникации человека могут реализовываться с учетом национального самосознания в практике социальных отношений. Поэтому с осторожностью надо опираться на рациональные установки, присущие западным обществам: так, например, Восток и Запад по-разному находят баланс между основными ценностями человека – гуманизмом и свободой, отсюда – различие во взглядах при постановке целей в воспитательной деятельности. Гуманизм на Востоке – это патриотизм, активное, творческое отношение к делу, сострадание, милосердие, филантропия, толерантность, возможно, даже в ущерб себе. Эти качества личности присущи именно интеллигентному человеку. На Западе же гуманизм, – это, прежде всего, отношение к самому себе как к целостному субъекту, способному к самореализации, самодеятельности, самоорганизации, саморазвитию, самодостаточности, что отвечает уровню воспитанности интеллектуала. Важно найти баланс этих ценностей при воспитании целостной личности. Категория «активности субъекта», думается, послужит объединяющим началом, способным уравновесить различные подходы к воспитанию личности в современной образовательной среде. За гуманизмом самореализации кроется идея свобод человека, которая в модернизированную эпоху требует определенных знаний информационных технологий, способности быть интерактивным – уметь грамотно коммуницировать с окружающим миром, природой, людьми, самим собой. Как отмечает Н.А.Назарбаев, «наши дети должны быть адаптированы к современной жизни», «наша цель – стать частью глобальной технологической революции». /1, с.22-23/ Преподавательская сфера, в которой воспитывается человек, усовершенствуется со поддержкой диалоговых технологий, призывающих, для того, чтобы интенсивная работы субъекта образования и воспитания проходила в условиях, адаптированных к реальной действительности, постоянно преобразующейся под влиянием внедрения, усовершенствования новых сетевых, мультимедиа, электронных, информационных коммуникационных технологий. Приоритетными становятся такие аспекты воспитания активной личности, как критическое мышление, функциональная грамотность, свобода выбора, умение устанавливать межсубъектные отношения, адаптация к интеграционным процессам глобализирующегося мира, целеустремленность и предприимчивость, стремление к поиску нового, способность находить оптимальные решения жизненных проблем в нестандартных ситуациях и др. Воспитание субъекта при этом нельзя представить как набор одномоментных явлений, напротив, адаптация личности к современному миру должна происходить равномерно и регулярно, представлять собой сложный многогранный процесс.

Активизация процесса формирования опыта межличностного и межнационального общения, взаимоуважения, взаимопомощи, терпимости,

убежденности в необходимости соблюдать принятые правовые и морально–этические нормы. Для этого важно акцентировать внимание педагогических коллективов образовательных учреждений, педагогической общественности, государственных и муниципальных органов власти, общественных организаций на предотвращение возможных негативных явлений в учебных коллективах, по месту жительства, вызванных межличностным, социально-групповым, национальным непониманием, агрессивностью. Продолжение разработки специального комплекса мер по кадровому, материально-техническому, финансовому и научно-методическому обеспечению процесса подготовки юношей и девушек к работе в учреждениях культуры, созданию условий для вовлечения молодежи в активную социально значимую деятельность. Подтверждение, что эти идеи поняты будущими работниками культуры, мы получали разными исследовательскими методами. При формировании активной жизненной позиции молодежи мы руководствовались такими специальными принципами, как регионализация, обеспечивающая включение в каждое мероприятие материала, значимого для данной территории (исторические, природные памятники, выдающиеся военачальники, земляки). В рамках этой деятельности были проведены лекции, беседы, проблемноориентированные игры, экскурсии, встречи с интересными людьми, поисковая деятельность. Мы исходили из того, что воспитание патриотизма успешно в том случае, если у студентов будут сформированы мотивы к профессии специалиста социально-культурной сферы. На встречах царил атмосфера диалога: на фундаментальных знаниях о патриотизме свои собственные точки зрения, идеи, свое отношение к патриотическому воспитанию, понимание сущности и перспектив развития патриотизма высказывали как преподаватели, так и студенты. В беседах на темы «Развитие государственно-патриотической идеи в отечественной истории», «Государственнопатриотическая идеология: опыт реализации подходов к воспитанию патриотизма» мы дали первое целостное представление о патриотизме и сориентировали студентов на систему патриотической работы. Говоря о роли работника культуры, мы вводили характеристику современного специалистапатриота своего Отечества. Беседы и «круглые столы» позволяли преподавателям и студентам иллюстрировать теорию. Каждый приводил примеры патриотизма своих знакомых, родственников, героев книг, кинофильмов. Следует сказать, что для воспитания и развития у учащейся молодежи патриотизма необходимо использовать различные педагогические средства, которые должны выступать во взаимосвязи, взаимно дополнять и усиливать друг друга. Поэтому деятельность будущих специалистов социокультурной сферы определялась нами как необходимая связь, органично проникающая в их жизнедеятельность.

Вместе с тем, может так случиться, что в кругу воспитуемых не окажется пассионарной личности, создающей «пассионарную индукцию» и

заряжающей своим примером социальной активности других (все-таки, пассионарность – уникальное явление, результат творчества природы, не поддающийся тиражированию). Альтернатива видится в акцентировании феномена инновационного поведения молодежи, которое стало бы нормой ее жизни. Вчерашний день не вдохновит молодежь и не заставит напряженно и креативно мыслить, прилагать сверхусилия, чтобы встроиться в наполненный новыми идеями мир. Новизна, прогресс, наука, технические достижения, значимые культурные и спортивные события – одни из двигателей социальной активности, средства социальной стратификации молодежи, стремящейся идти в ногу со временем. Не случайно, новые идеи, инициативы и технологии во все эпохи исходят именно от молодых. Задача образовательного социума – создать среду, где молодежные инновации бы продвигались, поддерживались и поощрялись морально и материально как на уровне института, так и государства в целом. Расширяется образовательная инфраструктура за счет открытия информационно-библиотечного центра, строительства общежития, модернизируется спортивно-тренировочная база. Современным требованиям отвечают информационные ресурсы: постоянно расширяется ареал web - ресурсов, содержащий в настоящее время официальный образовательный сайт, платформу дистанционного обучения, электронную библиотеку, электронный журнал, сайт обучения казахскому языку, сайт автоматизированной системы и другие. Воспитание студентов, как и образование в целом в институте, открыто миру и темпам его развития.

Список литературы:

1. Назарбаев Н.А. Послание Президента Республики Казахстан-Лидера нации народу Казахстана. Стратегия «Казахстан-2050» // Наука и образование Казахстана. – 2012. -№5-6.-С.31.
2. Смолин О.Н. Образование – фундамент культуры // Наука и образование Казахстана. – Астана, №5-6. –С. 116-129
3. Зайниева Л.Ю. Государственная молодежная политика: Казахстан в контексте мирового опыта / Л.Ю.Зайниева, Алматы: Дайк-Пресс, 2006. 296с.
4. Курятов В.Н. Казахстанский патриотизм: идея, проблемы формирования: Государственная независимость Республики Казахстан – главная предпосылка формирования казахстанского патриотизма, его цели и задачи / В.Н.Курятов, С.М. Нестеренко, Л.А. Тусупбекова // Казахстанская правда. 2008. 18 января. (№12-13). С.5.

**ОРТА БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ АЯСЫНДА
АУЫЛДЫҚ МЕКТЕПТЕРДЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ
ОҚУШЫЛАРДЫ ДАМУ ЖОЛДАРЫ**

КАГАЗГАЛИЕВА ГУЛФАРИЗА ОРЫНБАСАРОВНА

Атырау қаласы

Бесікті селосы

Бесікті орта мектеп-интернат

педагог-сарапшы, информатика пәні мұғалімі,

директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

«Білекті бірді, білімді мыңды жығады», - дейді дана халқымыз. Оқушының білімді де парасатты, тәрбиелі болуы ұстаз және ата-анасымен қоршаған ортасына байланысты. «Ұстазы жақсының, ұстамы жақсы» деген тәмсіл содан қалса керек-ті. Сол себепті оқушыға білім беру жолында, ұстаздар қолынан келгенше аянбай еңбек етіп, шәкіртінің бәсекеге қабілетті болғанын қалайды. Олардың биіктерді бағындырып, елге қызмет ететін азамат пен азаматша болып жетілгенін көргісі келеді. Болашағынан жарқын үміт күтіп, жарық сәуле түсіріп, жол сілтейді.

2017 жылғы 31 қаңтардағы Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында «Біз цифрлық технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл – маңызды кешенді міндет. Елде 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлық қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту керек. Бұл индустриялар қазірдің өзінде дамыған елдердің экономикаларының құрылымын өзгертіп, дәстүрлі салаларға жаңа сапа дарытты. Бірінші. Ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс. Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет. Сонымен бірге, IT-білімді, қаржылық сауаттылықты қалыптастыруға, ұлтжандылықты дамытуға баса көңіл бөлу керек. Қала мен ауыл мектептері арасындағы білім беру сапасының алшақтығын азайту қажет» - делінген.

Ұстаздар алдында тұрған басты міндеттердің қатарына білім жүйесін түбегейлі өзгертіп, дүниежүзілік білім беру саласындағы жаңашылдықтарды енгізу болды. Оқушы бойына сапалы білім беріп, келешекте шетелдік университетте білім алуға үйретіп келеді.

Ол қалай? «Жақсысын үйрену, жаманынан жирену» деген ойға келесің. Шетелдіктерде сынақтан өтіп, оң нәтиже көрсете білген бағдарламаларды енгізу еді. Қазіргі таңда біршама моделдерді ұсынып, орта білім берудегі жаңа деңгейлерге көштік. Нәтижесі көңіл қуантарлық. Ұстаздарымыз бен оқушыларымыз тез арада меңгеріп кетті. Шәкірт алдында білімнің жетік болуы басты талап. Сол себептен жаңа бағытта білім беру үшін, ұстаз біліктілігін арттырып отыру қажет. Арнайы курстарға қатысып, оны жұмыс барысында пайдалану қажет. «Өткеніңді білмей, болашағың бұлыңғыр» дегендей жаңартылған бағдарлама бойынша, балаларға ұлттық құндылықтарымыз арқылы дамыту жолдары ұсынамыз. Оқушы тап-таза қағаз секілді, ол сенің ісің мен сөзіңді, берген тәрбиенді үлгі етеді. Оларға

қалай жол сілтесеңіз, сонымен жүріп отырады. Оқушының педагогикалық және психологиялық тұрғыдан тани білу керек.

Ұлттық құндылық дегеніміз – өз елінің тарихы, мәдениеті, тілі, діні, салты мен дәстүрі. Қазақ елінің ұлттық құндылықтары мұраға бай. Тарихымызға үнілсек талайды басынан өткерген халық, бәрін де жеңіп келеді. Ол қайдан болды? Ол халқымыздың рухани құндылықтарының алдыңғы қатарда екенін көрсетеді. Қазақ қонақжай және адамгершілі мен отанға деген сүйіспеншілігі мол халық қатарында. Ел тұтқасын ұстар, азаматтарды тәрбиелеп отырған ұстаздар қауымы бұл жағдаятқа баса назар аударады. Сол арқылы бала ойына ой саларлық ғибратқа толы әңгімелерді де жеткізетініне сенімім мол. Жастардың бойында ұлттық құндылықтарға негізделген адамгершілік тәрбие және дамыту мәселесі қазақ ақын-жырауларының ой иірімдері, даналық тұжырымдары, халықтың адамгершілік ұғымдары, этнопедагогикалық ойлар арқылы жүргізілуі тиіс. Бұлар өз кезегінде жас ұрпақтың адамгершілік сезімдерін дамытып, Отан алдындағы міндеті мен борышын адал атқаруға деген оң көзқарасының қалыптасуына мақсатты ықпал етеді.

Мектептің жүрегі–мұғалім. Ауыл мектебінде ұстаздық қызмет атқарып келемін. Ауыл балалары білім мен қатар ұлттық құндылықтарды көп біледі десем қателеспегенім. Өйткені күнделікті өмірде көбісі қолданатын құндылықтар қатары аз емес.

Ұстаз-оқушыны білім нәрімен сусындатып, өмір теңізіне күресерліктей білім беріп, өзінің уақытын аямай, өзгенің уақытын аялайтын асыл жан. Ал ұлттық құндылықтарды бала бойына сіңіріп, келешегі кемел жас ұрпақты тәрбиелеу басты міндеті. Жаңартылған білім аясында ұлттық құндылықтар арқылы оқушыны дамытудың нақты жолдары:

- Ұлттық әдет-ғұрыптарды сабақ барысында қолдану
- Сабақ барысында ұлттық ойындар арқылы сергіту сәтін ұйымдастыру
- Жаңа технологияны меңгерту арқылы, ұлттық мәдениетімізді таныту (ұлттық сусындар немесе киімдер арқылы интерактивті тақта арқылы көрсету)
- Бала пайымы мен түсінігінде қазақ халқының ырымдар мен тыйымдарына түсінік беру
- Ағылшын тілін меңгеруге үйрету (мәселен, сабақтың тақырыптары арқылы соған орай, дәстүрлерін немесе атауларына аударуы)
- Жыраулар, ақындардың жыр-дастарын оқуға баулу
- Би шешендердің сөзін қолдана отырып, әдеби сабақтарды өту

Жоғарыда көрсетілген бағыттар бойынша білім беретін болса, баланың кем дегенде бір әдісі ойында қалады. Оны оқушы ұмыта қоймайды. Өйткені бұл ерекше әдіс болып қалыптасады. Бұл жолдар шәкіртті қалай дамытады? Баланың күнделікті өмірдегі мысалдар арқылы сабақ беру, қатып қалған заңдылықты өзгерте алады. Дүниетанымы кеңейіп, кейбір білмейтінін үйренеді. Түсінеді, ұйғарады, пайымдайды. Әсіресе, жыраулар поэзиясы мен шешендердің сөзі ұзаққа дейін ойында қалатыны сөзсіз. Өйткені олар

философиялық тұжырымдар мен тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін білдіреді. Жас ұрпақ санасына парасаттылық пен пайымды болуға үйретеді.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға»,- деп Абай атамыз айтқандай, ұстаздық жолдың қиындығы мен қызығы қатар жүреді. Шәкіртінің биікті бағындырып, өз өмір жолында елге қызмет етер тұлға болып қалыптасуы.

Ел болашағы- білімді ұрпақ қолында!

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы 2014 №5
- 2.Қазақстан Республикасының білім мекемелерінде информатика пәнін оқыту. II том. Алматы, 2006.
- 3.«Орта білім мазмұнын жаңарту аясында ғылыми жаратылыстану және гуманитарлық пәндерін оқытудың тиімді жолдары» атты республикалық ғылыми әдістемелік конференция материалдарының жинағы.Алматы, 2016.
- 4.Казинформ ақпарат агенттігінің мақалалар жинағы5.2017 ж 31.01. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ НЕГІЗІНДЕГІ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ДЕРЕКТЕР БАЗАСЫ

КАМЕНОВА АЛТЫН ТІЛЕКҚАБЫЛҚЫЗЫ

Атырау облысы

Құрманғазы ауданы

*«Ы Алтынсарин атындағы ЖОМ» КММ-сі
жоғары санатты география пән мұғалімі*

Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті– ұлттық және азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдарға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдай жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралақ ғаламдық коммуникалық желілерге шығу» деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделген. Бұл міндеттерді шешу үшін әр мұғалім күнделікті ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңашыл идеялар мен ғылыми еңбектер ендіру қажет. Білім беру жүйесі қоғаммен бірге дамып, үнемі бере өзгеріп отырады. Ол әр ұлттың өзіндік ерекшеліктеріне қарай қалыптасып, үнемі жетіліп, уақыт өткен сайын күрделене береді. Қай кезде де жалпы білімнің атқаратын қызметі – жас ұрпақтың танымдық дүниесін байытып, дамуын қамтамасыз ету. Заман өзгерістеріне қарай мектептерге қойылатын талап та, ондағы оқыту және тәрбиелеу әдіс-тәсілдері де өзгереді. Қазіргі таңда еліміздегі білім беру жүйесінің ең басты міндеті – білім берудің ұлттық модуліне өту арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жетелеу. Өскелең, болашағы зор жас ұрпақты қоғам талаптары мен оның мақсат,

мүдделеріне сай өмір сүруге бейімдей отырып оқытып, логикалық ой тұжырымдатып, таңғажайып ғылым саласына тартуда орта мектеп мұғалімдерінің атқаратын рөлі зор.[1] Жаңа ХХ ғасыр ғылым мен техниканың қарыштап дамуна жол ашып, адамзат қоғамын ақпарат тасқыны дәуіріне бастап әкелгені шындық. Адамзат өркениетінің бүкіл дамуы ғылыми – техникалық прогреспен тығыз байланысты. Қазіргі қоғам өмірін ақпараттық құралсыз, тұрмыстық электрондық техникасыз елестету мүмкін емес. Енді басқаруда – жоғары ақпараттық мәдинет жолы. Өмірдің қажеттілігінен басқару туралы ерекше ғылым–кибернетика туды. Ол сонымен бірге ақпарат туралы да ғылым. Жаңа ХХІ ғасыр табалдырығын аттаған тәуелсіз Қазақстан Республикасының әрбір білім беру саласы мен буындарында тың көзқарас, жаңа үлгідегі ізденіс қажет. Соның ішінде жаратылыстану саласында география пәнінің орны ерекше. Ол оқушыларға дүниетанымдық сабақ берумен қатар, олардың алған білімін есіне сақтау, ойлау қабілетін, тіл байлықтарын, ой өрісін кеңейтіп, зеректік, іскерлік және табиғат құбылыстарын жете бақылағыштық, қоршаған ортаға үлкен жауапкершілікпен қарайтын сезімдерін жетілдіреді. Қазіргі ақпарат дәуіріндегі интернет жүйесі оқушылардың таным көкжиегін тіпті де кеңейтіп, ізденгіштігін күшейте түсті. Оқушының ақпараттық қоғамда өмір сүруіне және ақпарат ағымында дұрыс бағдарланып тиімді шешімін табуда информатика пәнінің маңызы зор. Осы пәнмен басқа пәндер байланысатын болса, білім қорытындысы жаңа нәтижеге жетеді. Соның бірі география пәні. Онда оқушының білімін әртүрлі тапсырмаларды компьютерде орындату арқылы бақылап, бағалау өте тиімді. Оған менің 11 сыныптармен өткізген «География әлеміне саяхат» атты мультимедиялық сабағым мысал бола алады. Осы күнде пайдаланып жатқан жаңа әдістер оқу процесінде жаңа технологиялар мен компьютерлерді талап етіп отыр. Кез келген ГАЖ екі типті–графикалық және атрибутивті немесе тақырыптық деректер қорымен жұмыс істейді. Ал графикалық деректер қорында графикалық немесе метрикалық негіз деп аталатын деректер сақталады; атрибутивті (анықтауыштық) карта жүктемесі және кеңістікке жататын, бірақ картаға тура түсірілмейтін қосымша деректерден – аумақтың сипаттамасы немесе есептемедегі ақпараттан тұрады. Кез келген ГАЖ екі типті–графикалық және атрибутивті немесе тақырыптық деректер қорымен жұмыс істейді. Ал графикалық деректер қорында графикалық немесе метрикалық негіз деп аталатын деректер сақталады; атрибутивті (анықтауыштық) карта жүктемесі және кеңістікке жататын, бірақ картаға тура түсірілмейтін қосымша деректерден – аумақтың сипаттамасы немесе есептемедегі ақпараттан тұрады. Қордың екі түрі сандық деректі файлдарды (жинақтар) береді. Осы деректермен жұмыс істеу үшін ГАЖ-дың деректер қорын (базасын) басқару жүйесі (ДҚБЖ) болуы керек. ГАЖ-дың деректер қорын басқарудың–жеке метрикалық және атрибутивті ақпараттар үшін екі жүйесі бар. ДҚБЖ көмегімен ақпараттарды деректер қорында іздеу, сұрыптау, қосу және түзету жүзеге асырылады. 3. ГАЖ-бен жүзеге асырылатын операциялар 3.

ГАЗ-бен жүзеге асырылатын операциялар 1.Деректерді енгізу– геоақпараттық жүйелерде технологиялық циклдің мерзімін маңызды түрде қысқартатын автоматтандырылған сандық карталарды құру процесі. 2. Деректерді басқару – геоақпараттық жүйелер кеңістіктік пен атрибутивті деректерді әрі қарай талдау мен өңдеу үшін сақтайды. 3. Деректерге сұраныс пен талдау – геоақпараттық жүйелер картада орналасқан объектілердің қасиеттері жөніндегі сұраныстарды орындайды. Мағлұматтарды алу немесе құбылыстарды болжау үшін көптеген параметрлерді салыстыра отырып, күрделі талдау процестерін автоматтандырады. 4.Деректерді көзбен шолу (визуализация) – деректердің қолайлы түрде берілуі, олардың талдану сапасы мен жылдамдығына тікелей әсер етеді. Объектілердің жағдайы жөніндегі есеп графиктер, диаграммалар, үшөлшемді бейне түрінде жасалуы мүмкін.

Жаңа технологияларды пайдаланудың ерекшелігі:

- 1.Сабақ жүргізудегі көрнекілікті қамтамасыз етеді.
 - 2.Оқу ақпараттарын қысыңқы түрде жеткізу, жылдамдық пен ақпарат тығыздығы жоғарлай түседі.
 - 3.Бақылауға қиын не мүлдем келмейтін құбылыстар, нысандар, процестерді жан– жақты көрсетеді.
 - 4.Техникалық құралдарды кешенді түрде пайдалана отырып, еш қиындықсыз бір түрінен екіншісіне ауыса алу мүмкіндігі туады.
 - 5.Оқушыларды техникалық құралдармен таныстыруға болады.
- Интерактивті және аудиовизуалды құралдарды географияда:
- 1)табиғат пен қоғам дамуындағы заңдылықтарды көрсететін иллюстрацияларды талап ететін материалды бекітуде;
 - 2) компьютермен өз бетімен жұмыс барысында қолдануға болады.

Excelдегі Электронды кестелер мұғалімге біріншіден сабақ дайындау барысында мәліметтер бойынша картограмма, картодиаграмма құрып қоюына, екіншіден балалардың өзіне мәліметтерді өңдетіп үйретуге жақсы көмекші құрал бола алады.Бұл жағдайдағы картограммалар көрнекілік ретінде ғана емес, географиялық білім көзі болып тұр.Презентациялық құрылмасының бағдарламасы (яғни, компьютерлік, мультимедиялық) сабаққа көрнекіліктерді араластыра, басымдық тұстарын максималды түрде көрсетіп, жетіңкіремейтін жақтарын тегістей отырып қолдану арқылы материалдарды дайындауға мүмкіндік береді. Бұл графикалық бағдарлама көмегімен еш қиналмай қосымша материалдар мен тезистер, ескертулерді мөлдір қағазбен сүйемелдеп көрсетуге болады. Мұндай жүйелердің атқаратын қызметі:

1. Сызбаның ақпараттық база мәліметтерін жасау және жүргізу.
- 2.Жергілікті өңірдің жоспары мен карталарын және түрлі схемаларды сызу.
- 3.Өте күрделі схемаларды құрастыру.

Ғылыми бағытталған жұмыстарды атқаратын оқушылар үшін де бұндай бағдарламалардың атқаратын рөлі өте зор. Өйткені біздің мектепте дарынды балалармен жұмыс жүргізу белгілі бір жүйеге келтірілген:

Оқушылардың ғылыми қоғамы «Жас жігер», ғылыми жоба қорғау, ғылыми практикалық конференция. Оқушының өз бетімен жұмысы оқу үрдісінің құрамды бөлігі, өз бетімен ғылыми тұжырым жасап, алынған деректі жүйелеп қорытындылау, өз ойын тұжырымдау, проблемалы ситуацияларды шығармашылықпен шешу дағдысын қалыптастырады. Оқушының жеке басының өзін-өзі басқару механизмі қалыптасады.



Оқулықта жоқ кейбір мәселелер бойынша тереңірек ізденіп, әдебиеттермен жұмыс істейді. Мұның оқушының пәнге қызығушылығын арттырады әрі белсенділігін көтереді. Географияны оқытуда жаңа ақпараттық технологиялар құралдарын кешенді қолдану жүйесінде Интернеттің маңызы артып отыр. Интернеттің ресурстары мен мүмкіндіктерін географ мұғалім өз жұмысында пайдалана алады. [2]

Білім берудің міндеттері өзгеріп тұрған заманда, оқушыны ақпаратқа қанықтыру емес, қоғамда өз орны бар, сапалы білім мен тәрбиелі ұрпақты өсіру. Оқыту үрдісін ұйымдастырудың негізгі формасы – сабақ. Сабақтың барлық құрылымы бір-бірімен тығыз ұштасуы шарт. Мұнда мұғалім оқушылармен ынтымақтастықта, олардың өз бетінше орындайтын жұмысына, ұжымдық қарым-қатынасына, жеке оқушылардың психологиялық ерекшеліктері мен қасиеттерін есепке алып, олардың әрекетін ұйымдастыруға, дара шыққан оқушылар әрекетін дамыта түсуге берілетін түсініктер мен ұғымдардың дәл әрі айқын болуына біліктілік пен дағдыны қалыптастыруға және уақытты тиімді пайдалануға айрықша мән беру керек. Мұғалім оқушыны ойлауға, өздігінен ізденіс жасауға баулып, ойын ауызша жинақтап, баяндай білуге үйретеді. Оқушы оқу материалын меңгеру үрдісінде өз бетімен жұмыс істей алмайтын болса, оның білімі үстірт, таяз болып, көп кешікпей ұмытылады. Өз бетінше жұмыс оқушының жаңа нәтижеге жетуіне мүмкіндік береді. Практикалық тапсырмалармен өздік жұмыс екі түрлі педагогикалық құбылыстарды анықтау үшін меңгерген білімдері мен тәжірибелерін қолданып өздеріне белгісіз себеп-салдарды іздеп табатын немесе алда тұрған міндетті шешудің жаңа әдісін анықтайтын жағдайда, яғни жаңа нәтижеге жеткенде ғана атқарылатын істі өздігінен орындалған жұмыс деуге болады.

Оқушыларға сапалы білім беру, пәнге қызықтыру менің практикамда белгілі бір жүйе бойынша атқарылады. [4]



Қорыта келгенде, мұғалім алдындағы негізгі міндет – оқушының таным-білімін белсенділігін арттыру, шығармашылық қабілетін дамыту. Ол үшін мұғалім шеберлігін құрайтын біліктіліктің критерийлерін іске асыру шарт.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Ю.Н.Гладкий., С.Б.Лавров. «Ғаламдық география», «Кітап баспасы». Алматы 2006
2. «География және табиғат» ғылыми-педагогикалық журнал 2012 №1
3. Чигаркин А.В. Геоэкология и охрана природы Казахстана. 2003
4. А.Қ.Әлімов. Оқудағы интербелсенді әдіс тәсілдер. Астана «Назарбаев зияткерлік мектебі» 2014 .ПШО.

ЖАҢА ФОРМАЦИЯ МҰҒАЛІМІ

КАРТБАЕВА РЗАГҮЛ КЕНЖЕБЕКОВНА

Маңғыстау облысы

Жаңаөзен қаласы

№21 орта мектептің

ағылышын пәні мұғалімі

Мұғалім-өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатқанмен оның мұғалімдігі де жойылады.

К.Д. Ушинский

Орыс педагогі К.Д.Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз деп ойлаймын. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының

8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі– оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты-бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп– үйрететін орта,оның жүрегі-мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұста - әр мұғалімнің борышы деп ойлаймын. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам.Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі–педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті.Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар : бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі.

Ендеше осы жағдайларды жинай отыра, жаңа формация мұғалімі-рефлексияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық , зерттеушілік,дидактикалық-әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы, коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құдыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани- адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға.Нәтижеге бағытталған білім моделі мен басқарудың жаңа парадигмасы аясында жекелеген ұғымдар мен нормаларды және тиімді педагогикалық технологияларды меңгеру үшін педагогтардың кәсіби мәдениетін дамытуға бағытталған оқу қажеттіліктері туындылап отыр.

Біліктілік арттыру жүйесінде педагогтардың оқу қажеттіліктері нақты білімнің мәнін түсінуге, соның нәтижесінде өзіндік іс- әрекетке енуге және жеке өміріндегі тәжірибені жетілдіру мақсаттарына байланысты қалыптасады.Осы заманғы мұғалім оқуға үлкен потенциалдық мүмкіндіктермен келеді.

Сондықтанда айта кететін болсам олардың функционалдық сауаттылықтарын кәсіби шеберлікпен ұштастыру үшін нәтижеге бағытталған білім беру үлгісінде мақсатты түрде білім беретін, қалыптастыратын, дамытатын андрогогикалық процесс қажет. Басқаша айтқанда ересектерге арналған, жалпы және кәсіби білімнің қажеттілігін дамыту, ғылым, білім мен мәдениет жетістіктері арқылы адамдардың жалпы мәдениеті мен әлеуметтік белсенділікті дамытуға бағытталған танымдық іс-әрекетке ынталандыру үшін білім беру. Қазіргі білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейді. Бұл білім беру жаңаша ұйымдастыру- оның философиялық , психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді.Сондықтан бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр.

Француз қайраткері «Адамға оқып – үйрену өмірде болу, өмір сүру үшін қажет» дегендей оқыту процесін технологияландыру, осыған сәйкес оқу бағдармаларын жасау, ғалымдар мен жаңашыл педагогтардың еңбектерімен танысу жұмыстары мұғалімдердің үздіксіз ізденісін айқындайды. Жаңа педагогикалық технологиялардың негізгі мәні пассивті оқыту түрінен активті оқытуға көшу оқу танымын ұйымдастырудағы бастамашылдығына жағдай туғызу, субъективтік позицияны қалыптастыру.

Білім сапасын арттыру және нәтижеге бағытталған үлгіге беталуы барысында мұғалімдер мемлекеттік стандарт берілген нәтижелерге жетуде кәсіби шеберлікпен меңгерген зерттеу біліктері мен дағдылары нәтижесінде проблеманың шешімін таба алатын, ақпараттық – коммуникативті мәдениеті жоғары тұлғалық - дамытушылық функцияны атқарады. Қазіргі заман адамның осы құзыреттілікті меңгере отырып тек « кәсіби икемділігін оңтайландыруды қамтамасыз ету ғана емес, іске асырылу мүмкіндігін « үнемі оқып–үйрену және өзін-өзі жасау талабын қалыптастыра алады.

Мұғалімнің басты мақсаты менің ойымша – алдындағы оқушыларға таза білімнің өзін бере білу емес, бүгінгі алған білімін өмірлік қажеттіліктеріне сай пайдаға асыра білуге үйрету деп ойлаймын. Тұлғаның өзіндік дамуы өз білімі үшін өз жауапкершілігін көтеру оның «көптің бірі» немесе «көптің ең жақсысы» болуымен емес, өз тұлғасының мәнділігін, құндылығымен маңызды болып саналады. Осы тұрғыда оқытудың жаңа технологияларын жете меңгеріп, оны оқушылардың технологиялық жас ерекшеліктеріне орай орынды қолданудың мәні ерекше. Жаңа технологияны жетік меңгеру сонымен қатар мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами қабілетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Білім берудің даму бағыты мен технологияларын қамтитын көптеген педагогикалық технология қолданып жүргені мәлім. Олар: Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдовтың «Дамыта оқыту» технологиясы, Ж.Қ.Қараевтың «Деңгейлі саралап оқыту» технологиясы, П.М.Эрдниевтың « Дидактикалық бірліктерді ірілендіру» технологиясы, В.Ф.Шаталовтың «Тірек сигналдары арқылы оқыту» технологиясы, «Ойын арқылы оқыту» технологиясы, т.б.

Жаңа технологияларды пайдалану оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуін ұйымдастыруда тигізер пайдасы зор. Осының нәтижесінде оқушылар өздігінен бақылауды үйренеді, оларда тапсырылған істі орындаудағы жауапкершілік сезім, еңбексүйгіштік, табандылық, ұйымшылдық, бір-біріне деген жолдастық көмек қалыптасады. Дидактикалық мақсатына қарай өз бетінше жұмыстарды, жаңа материалдарды оқып үйренуге дайындық, жаңа материалды оқып үйрену, бекіту, қайталап пысықтау және бақылау деп бөлуге болады. Ал оқушылардың өз бетінше білім алуы – олардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне әкеледі. Шығармашыл оқушы–дарынды оқушы. Дарынды оқушылар – сапалылықты қамтамасыз ететін сапалы мұғалімдерді қажет

етеді. Яғни, бүгінгі күннің мұғалімі шығармашыл болу керек. Ол өздігінен қаншалық ізденсе, болашақ ұрпаққа соншалықты сапалы білім бермек. Ендеше мұғалімнің күш-қуаты, көңіл-күйі жоғары болуы керек, сонда сабақ беру сапасы арта түсіп, еңбегі жанады. Егер мұғалім ата-анамен бірлесіп баланың қызығушылығын дамытса, онда ол әрқашан арқа сүйейтін жақтарын тапқаны. Егер мұғалім өз пәнін сүйсе, педагогикалық мәдениетті меңгерсе, оқушылардың жас және жеке ерекшеліктерін түсіне білсе, баланың қызығушылығын дамытуда үлкен жетістіктерге жетеді, оқушыларының білімге деген құштарлығын дамыта алады.

Сондай дарынды шәкірттің жұмысымен қысқаша таныстырсам біздің бұл жердегі мақсатымыз: туған өлке тарихындағы құпияларды аша отырып, өзгелермен бөлісуге ден қойдық.



Біз Маңғыстау облысындағы Жаңаөзен қаласынан Ақтауға бара жатқан жолда "Құрмаш ата" деген белгіні көреміз.

Қасымыздағы үлкендер бет сипап "тие берсін" айтады. Бізде оған қосыламыз. Сондада түсінбей неге бұлай жасағанын сұраймыз. Өйткені жақын жерде бейіт көрінбейді. Әдетте әкелеріміз қорымшылықтан өткенде дұға жасайтын еді. Сол кезде жанымыздағылар көз ұшында тұрған күмбезді кесенені көрсетеді. Бізді сонда ол адамның кім екені қызықтырады. Аталарымыздың әңгімесіне қарағанда Тоқабай Құрмаштың батырлығы, ержүректігі, мергендігімен қатар орта шаруасы бар, беделді, әділ жан болғаны айтылады. Бұл жердегі қорытындымыз тарих беттеріннен сыр шерте отырып, ашылмай жатқан құпияларды зерттеу, ерлік істерді өзгелерге мақтанышпен паш ету. Көріп отырғаныздай педагог үшін ең бастысы – оқушыларды өз еңбегімен ештеңеге теңгерілмейтін еңбегінің жемісін көруге тәрбиелеу. Сондықтан ұстаз бүгінгі ғана емес, ертеңге, болашаққа қызмет істейді. Ол заман дамуынан артта қалмастан, өзін-өзі жан-жақты дамыту үшін саяси-идеялық дәрежесін, ғылыми-теориялық мәселелерді, жоғары оқу орындарына қойылатын талаптарға сәйкес меңгеруі тиіс деп ойлаймын.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Г. К. Селевко. «Педкеңестер технологиясы».
2. А. С. Макаренко. Педагогические сочинения. М., «Педагогика», 1988.
3. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Алматы 2010.6-б
4. Б. А. Тұрғынбаева. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту теория және тәжірибе // Алматы. 2005, 174-бет

5.Маңғыстау тарихы 1996

6.Құрман Игібай «Ыстыбай қырықмылтық» 2008

7.Әбілқайыр Спан «Құрмаш банды ма, батыр ма» 2004

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАУДА ЕСКЕРІЛЕТІН МӘСЕЛЕЛЕР ЖАЙЫНДА

КАРЫМБАЕВА САГАДАТ МЕЙРАМБАЕВНА

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы

Жамбыл облысы бойынша ПҚ БАИ, филология магистрі

Біздің еліміздегі білім беру саясатының өзекті мәселелеріне: кәсіптік даярлаудың сапасын жақсарту мен жетілдіру, біліммен қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту, оқытудың формалары мен әдістерінің түрлерін өзгерту, ондағы алдыңғы қатарлы оқу-тәрбие тәжірибелері мен қазіргі қоғамның сұраныстарының алшақтығын жою, білімдегі жаңашылдықты саралау, білімді жетілдіру үдерісіндегі үздіксіздікті қамтамасыз етуде оның маңыздылығын арттыру және қазіргі заман техникасы мен технологиясын жоғары деңгейде қолдана білу тағы басқа мәселелер енеді[1].

Бүгінгі таңда білім беру жүйесін тарату процестерінің бірі ретінде инклюзивті білім беру аса маңызды мәселе қатарында саналады. Ерекшелігі баршаның сапалы білімге қол жетімділігін қамтамасыз етуге бағытталғандығында. Инклюзивті білім беру балалардың дене, психикалық, зияткерлік, мәдениетникалық, тілдік және басқа да ерекшеліктеріне қарамайды. Ол айрықша білім алу қажеттіліктері бар балаларды сапалы білім беру ортасына қосуды мақсат етеді, мұндай балалардың әлеуметтік бейімделуі, сөйтіп социумға кірігуі бағытындағы кедергілердің болмауын басты назарда ұстайды [2].

Бұл өз кезегінде педагогикалық жоғары оқу орындары алдына студенттерге ғылым салаларынан мемлекеттік стандарт пен оқу бағдарламаларына сәйкес білім берумен ғана шектеліп қалмайтын зор міндеттер жүктейді. Соның бірі - болашақ қазақ тілі пәні маманын, атап айтқанда, терең кәсіби біліммен қаруланған, шығармашылық ойлау қабілеті жоғары, пікірін жүйелі түрде жеткізе алатын, сөйлеу шеберлігі қалыптасқан тұлға дайындау міндеті.

«Инклюзивті білім беру» ұғымының мәні ағылшын термині «inclusion», яғни «кіріктірілу, ендіру» дегенді білдірсе, француз тілінен аударғанда «inclusif» «өзіне ендіру», латын тілінен аударғанда «include» - «ену» дегенді білдіреді. Сөздіктерде инклюзивті білім беру дегеніміз – жалпы білім берудің даму үдерісіндегі барлық адамдарды оқыту, сонымен қатар әр түрлі қажеттіліктерге ие балаларға қарай бейімдеу арқылы ерекше мұқтаждықтары бар балалардың білім алуына қол жеткізу екендігі

көрсетілген.Қабылданған халықаралық құқықтық актілер адамның жынысы,нәсілі, діни, мәдени-этникалық немесе тілдік белгілері, денсаулық жағдайы, әлеуметтік шығу тегі, қашқын мәртебесі болуы, тағы басқалай белгілері бойынша еш кемсітушілікті болдырмайтын білім алу құқықтарын белгілейді. «Инклюзивті білім беру» ұғымы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында ашып көрсетілген[3]. Бұл ұғым ерекше білім алу қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктері ескеріле отырып, барлық білім алушылардың білім алуға тең қолжетімділігін қамтамасыз ететін үдеріс ретінде түсіндіріледі.

Инклюзивті білім беру-гуманизмге,руханилылыққа,әлеуметтік әділдікке жетелейтін әрі солардан бастау алатын, өзіндік ерекшелігі мол сала екендігі белгілі. Адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттары әрбір адамның қоғамдық өмірге теңдікпен және дискриминациясыз араласуы керек деген идеяға негізделеді. Сондықтан да әлемдік білім беру жүйесінде соңғы жылдары жаңашыл идеялар көптеп енгізіліп, олардың діңін ЮНЕСКО-ның «Білім барлығы үшін» бағдарламасы қалап келеді. Оқыту мекемелеріне инклюзивтік білім беруді енгізу үдерісі–уақыттың талабы. Өйткені бұл қадам–білім беру жүйесіндегі гуманизмнің қарқынды даму нәтижесі.

Инклюзивті практика білім алуға барлық балалардың бірдей қолы жетуі тиіс деген идеяны іске асырады. Бұл жерде балалардың жеке басының ерекшеліктері, оқудағы жетістіктері, ана тілі, мәдениеті, психикалық және дене мүмкіншіліктері білім алу жолында кедергі болмауы керек екендігі басты мәселе болып табылады. Инклюзивті білім беру жүйесі қазіргі кезде өзінің ғылыми негіздері мен әдіснамасын жетілдіруге ұмтылуда. Ол әдіснаманың басты ерекшелігі сонда, бұл сала бойынша бала - оқытуды қажет ететін, бірақ түрлі қажеттілік деңгейлері бар жеке тұлға. Осымен байланысты Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев: «...Бесіншіден, мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлу керек. Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуға тиіс. Бізде аз емес ондай адамдарға қамқорлық көрсетілуге тиіс – бұл өзіміздің және қоғам алдындағы біздің парызымыз. Бүкіл әлем осымен айналысады. Мүмкіндігі шектеулі адамдар тұрмыстық қызмет көрсету, тағам өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында жұмыс істей алады», - деп мүмкіндігі шектеулі жандарға қолдау көрсетіп, олардың оқып-білім алуына, еңбек етуіне мүмкіндік туғызу керек екендігіне баса назар аударды [4].

Еліміздегі білім беруді реформалау жағдайында туындап жатқан әлеуметтік-педагогикалық үдерістерді түсінетін жаңа тұжырымдамалық ойлау жүйесі бар педагогтерді дайындау қажеттілігін жоғары оқу орындары да дер кезінде түсініп, туындаған мәселені шешуге жан-жақты кірісіп жатқаны белгілі. Инклюзивті білім беру саласындағы тәжірибе мен зерттеулерді жинақтап талдау, қоғамның мүгедек балаларды қалыпты дамып жатқан қатарластарымен бірге оқытуға деген оң көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Оқу орындарының өздеріне де маңызды

орын беріледі, себебі олардың оқытудың жаңа үлгісіне дайындығы табыс өлшемдерінің бірі болып табылады. Қазақстанның білім беру жүйесіне ендігі ретте тек дені сау балаларға ғана емес, сонымен қатар әр түрлі әлеуметтік факторларды, әлеуметтену ерекшеліктерін есепке ала отырып, дамуында түрлі ауытқулары бар балаларға да білім беріп, тәрбиелейтін жоғары білікті мектеп мұғалімдері ауадай қажет.

Қазақстан Республикасында өмір сүретін әрбір бала мектепте білім берудің талаптарына сай болуы немесе болмауына қарамастан, оның жеке басын сыйлау және оның даралығын гуманистік тұрғыдан түсініп-қабылдауын қамтамасыз ететін инклюзивті білім беру идеясы педагогтердің құзыреттілігіне заман дамуына сай жаңа талаптар қойып отыр. Ендігі кезекте педагогтерге, ұстаздарға, мұғалімдерге қойылатын талаптардан орындалуы міндетті болатын көптеген жаңа жұмыс түрлері туындап келеді. Мұғалімдер дене дамуы жағынан, зияткерлік дамуы жағынан зақымданған балалармен, қалада не ауылда тұратын түрлі әлеуметтік топтағы балалармен, балалардың басқа түрлі білім беру топтарымен жұмыс істейтін педагогикалық технологияларды игеріп, өзінің жеке тәжірибесіне сай, ұстаздық кәсібінде шығармашылық түрде таңдай алатын және шебер де орынды, нәтижелі етіп қолдана алатын қабілетін жетілдіруі тиіс болып отыр.

Сол себепті Қазақстандық білім беру жүйесінің мамандарын дайындаудың көп деңгейлі жүйесіне өту жағдайында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің білім мазмұнын қайта қарастыру, оны арнайы білім жүйесінің талаптарына және білім алушылардың білім алу қажеттіліктеріне сәйкестендіру мәселесі бүгінгі күні аса өзекті болып отыр. Қазақстанның білім беру жүйесінің жаңғыртылуы инклюзивті білім беру мекемелерінде білім беру үдерісін жүзеге асыруға қабілетті қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің білім сапасын жоғарылату міндеті күн тәртібінде қойылып тұр. Мұнда оқушыларға берілетін сыныптағы және сыныптан тыс жүктемені дұрыс есептеу аса маңызды. Өйткені оқудан бөлек, толыққанды тұлға қалыптастыру үшін және олардың қабілеттерін ашу үшін оқушыларды денсаулық жағдайы мен дамуына қарамастан, сабақтан тыс іс-әрекеттерге де қатыстыру керек. Инклюзивті білім беру үдерісінің әлеуметтік-психологиялық ресурстары әр оқушының бойында мынадай маңызды қасиеттердің қалыптасуына тірек болады: -ынтымақтастықта жұмыс жасауға қабілетті болуы; - білім беру үдерісіне және сабақтан тыс іс-шараларға белсенді қатысуы; - жетекшілік етуге және жетекшіге еруге ынталы болуы; - сыртқы келбетінің қанағаттанарлық болуы; - қолайлы әлеуметтік мәртебеге ие болуы; - дене белсенділігі өсуі т.б. Бұл жұмыстардың нәтижелі болуы мұғалімнің саралау әрекеттерін біліп, оны тиімді қолдана білуіне де байланысты.

Әдістемелік зерттеулерде ішкі және сыртқы саралау түрлері айқындалған. Деңгейлік саралау бір сынып аясында жүргізіліп, оқушылар –

базалық, жетілдірілген және тереңдетілген деңгейлер негізінде оқу материалын меңгереді.

Мұнда диалог негізінде саралау, оқушылардың қабілеті мен сұранысына сай тиімді кері байланыс, оқушының қажеттілігіне сай сараланған көмек және жеке оқыту бағдарламасы бойынша қолдау көрсету маңызды. Әр оқушыға деңгейі мен қабілетін ескермей-ақ қолдау көрсетуге, онда да тек педагогикалық сараланған нұсқадағы қолдауды сабақ жоспарын мұқият ойластырған мұғалім ғана ұсына алатынын ұмытуға болмайды. Дегенмен, гуманитарлық ғылым салалары бойынша жылдамдық бойынша саралау кезінде қабілетті оқушылар жылдам жұмыс жасаумен қатар, тараудан тарауға өтуге емес, терең білімге, тақырып аясын кеңейтуге бейім болады.

Мектептерде бірыңғай білім беру кеңістігін құру үшін әлеуметтік-психологиялық ресурстар пайдаланылады. Мектепте дамуында ерекшелігі бар балалардың әлеуетін ашуға басты назар аударылуы тиіс. Мұндай бағыт жан- жақты дамуға ұмтылған үйлесімді тұлғаны қалыптастыру мақсатында оның әлі де ашылмай, жасырын қалған ішкі қабілеттерін ашу үшін жеке тұлғаның болмысын белсенділікке негіздеп қайта құруға арналады. Бұл міндет тек терең білім мен әдістемелік шеберліктің арқасында ғана шешілмек.

Жоғары оқу орнында ғылым салаларын оқыту барысында студенттің кәсіби-әдістемелік даярлығын қалыптастыру тіл дамыту мәселесін де басты назарда ұстауды қажет етеді. Сөздердің грамматикалық сыр-сипатын, сөз тұлғаларының модельдерін дұрыс танып, талдай алатын, яғни меңгерген білімін іс жүзінде орынды пайдаланатын студент тыңдаушыға өз ойын айқын, анық етіп жеткізе алады. Рас, бұл студенттің қазақ тілінің күрделі құрылымын тіл дамыту жұмыстары негізінде меңгеруі арқылы жүзеге асады [5].

Тіл дамытудағы мақсат–қоғамда қазақ тілі арқылы еркін қарым-қатынас жасауды қамтамасыз ету. Сондықтан тілді қарым-қатынас құралы ретінде оқытуда, үйретуде грамматика қарым-қатысты жүзеге асыратын тетік қызметін атқарады. Олай болса, студенттің ғылым саласынан игерген білімін тілдік қатынаста тиімді, орынды пайдалана білуге дағдыландыру – қазіргі уақыт сұранысынан туындап отырған өзекті мәселе.

Студент тілін дамыту тілдік қатысымдық іс-әрекет арқылы нәтижелі жүргізіледі, өйткені «тілдік қатынас – сөйлеу тілі арқылы түсінісу дегенді нақтылай келіп, жай ғана қарым-қатынас дегеннен гөрі тамыры тереңге жеткен, өмірде өзіндік орны бар, қоғамның дамуы үшін ең қажетті қоғамдық-әлеуметтік ақпараттардың жиынтығы арқылы адамдардың бір-бірімен пікір алмасуы, адамдар қатынасының түп қазығы дегенді білдіреді»[6].

Тәжірибе барысында интерактив технологиясы бойынша жаңа мәліметтер студент санасына әсер етіп, оның белсенді әрекетін туғызады, ол мәлімет енді студенттен оқытушыға бағытталады. Осы мәліметтер ағымы

студент-оқушы мен оқытушы-мұғалім арасында қайталанады. Болашақ маман-бүгінгі студенттердің сөздік қорын мақал-мәтел, қанатты сөздер арқылы дамытуда пікірлесім осы технология арқылы жүргізіледі. Өйткені жұмыстың бұл түрінде интерактив технологиясы бойынша жұмысқа қатысушылар: оқытушы+оқу мәліметі+студент+оқу тобы. Демек, тіл дамыту жұмыстарының әр түрі әдеби тілде шебер сөйлеу дағдысын қалыптастырумен бірге студенттің сөздік қорын байыту қызметін де атқарады.

Мұнда студенттердің білімін бақылау да маңызды. Студенттердің әртүрлі материалдарды игеру деңгейін бағалау үшін алуан түрлі әдістер қолданылады. Оқытудың оңтайлы әдістерін іріктеп алу мен интербелсенді тапсырмаларды құруға арналған бағдарламаларды қолдану басым міндеттердің бірі болып табылады. Ақпараттық құралдарды пайдалану оқушыларға оларды қарым-қатынас құралы ретінде пайдалану кезіндегі психологиялық кедергіні жеңуге мүмкіндік береді. Мысалы, ақпараттық-коммуникациялық технология оқуға, жазуға, сөйлеуге үйрету, лексика, грамматика, фонетика, т.б. оқыту кезінде қажет. Қажетті нормативтік құжаттар мен әдістемелік әдебиетке қолжетімді ететін телекоммуникациялық құралдарды пайдалануға көп уақыт бөлінуі тиіс. Сондықтан пәнді өту барысында алынған білімдердің нәтижелілігін бағалау кезеңінде студенттердің зерттеушілік және әдістемелік қызметтер барысында ақпараттық-коммуникациялық технологиямен жұмыс істей білу шеберлігіне де талдау жасалады.

Осы жұмыстарды іске асырудағы мақсат – дүниеге жауапкершілікпен қарайтын, адамгершілігі мол, шығармашылықпен ойлауға дағдыланған, инновациялық, білікті мамандардың жаңа ұрпағын қалыптастыру, мәдениеті жетілген, шебер сөйлейтін, шешен мамандарды дайындау, басқаша айтқанда қоғамның интеллектуалдық элитасын қалыптастыру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар- рухани жаңғыру // Егеменді Қазақстан газеті –Алматы, 2017.-№10(78). - Б. 1-2.
- 2.ҚР инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдемесі (01.06.2015.№348) //http:// online. zakon. kz/
- 3.ҚР «Білім туралы» Заңы 2007. 27.07. № 319-III //http://online.zakon.kz/
- 4.ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.Қазақстан жолы–2050:Бір мақсат,бір мүдде,бір болашақ, 17.01. 2014.
- 5.Балтабаева Ж.Қ. Жоғары оқу орнында студенттер тілін дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері.Педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты.-Алматы, 2009.
- 6.Оразбаева Ф. Тілдік қатынас. -Алматы: Сөздік – Словарь, 2005.-272 б.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖАҢАШЫЛДЫҒЫ

КЕРЕЕВА АЛЬБИНА ТУЛЕГЕНОВНА

*Атырау көлік және коммуникация колледжінің
Экономикалық пәндер оқытушысы*

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Білім және кәсіби машық - заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет», - деп атап көрсетті.

Тәуелсіз ел тірегі білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе білім беру, ғылымды дамыту.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар: оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісі технологияландыру мәселесін қойып отыр. Заман талабына сай білім оқу орындарында білім мазмұнын,оның құрылымдық жүйесін жақсарту білім реформасының жүзеге асуының басты шарты.

Осы заманғы білім берудің стратегиялық мақсатын өз жауапкершілігін сезіне алатын, өздігінен әрекет етуге және әрекетінің шешімін таба білуге қабілетті, барлық істе сауатты тұлғаны оқыту мен тәрбиелеуді қамтамасыз ету болып табылады. Жоғарыдағы мақсаттарға жоғары оқу орындарында білім берудің Отандық және әлемдік тәрбиелерінде қалыптасып,өз қызметін оң атқарып келе жатқан білім мазмұнының негізгі құрылымын жобасын жүзеге асыруды қолданылатын жаңа педагогикалық технология арқылы жету көзделеді. Қазіргі уақытта модульдік оқыту технологиясын көптеген оқытушылар пайдалануда. Модульдік оқыту 1960 жылдардың аяғына қарай шет елдерде (АҚШ-та) дәстүрлі оқудың бір нұсқасы, бағыты ретінде пайда болды. «Модуль» латынның «өлшем»,«шама», «мөлшер» деген сөзі.

Сонымен қатар модуль дегеніміз ірі блок, бөлінген, яғни оқу материалдарын,бөлшекке, блоктарға бөліп беру. Айта кетер тағы бір тиімді жағы бірізділігі, жүйелілігі,дарынды оқушылармен жұмыс істеуге қолайлы. Модульдік оқыту технологиясымен оқыту нұсқасында білімді толық игеруді негізге ала отырып, қазіргі дидактика талабына сәйкес, білім алушыларды оқыту ғана емес, тұлғаның танымдық қызметін ұйымдастыруға, оқу үрдісін диалогтік қарымқатынас негізінде құруға болады. Дүниежүзінде білімнің рөлі артып, әр елдің өзіндік білім беру жүйесі тағайындалған. Бірақ, ол әлем халықтарының білім берудегі тәжірибесімен, бағыт–бағдарымен деңгейлес

болуы қажет. Қазақстан Республикасындағы үлкен өзгерістердің білім беру саласында қамтылуы маңызды іс-шара болып табылады. Осы орайда білім беруді дамыту тұжырымдамасы Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамытудағы маңызды құжат екендігі сөзсіз.

Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы бүгінгі басты міндеттерінің бірі– жастарға терең білім беру. Ал, оның негізі техникалық және кәсіптік білім берудің оқыту үрдісін жақсартуға жана технологияларды енгізу болып табылады. Оқу тәрбие үрдісіне жана инновациялық әдіс тәсілдерді енгізу студенттердің білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып өз бетімен ізденуге шығармашылық еңбек етуге жол салады. Студенттер терең де жүйелі білім және әдістемелік тәсілдерді жетік меңгерген болуы тиіс. Пәндерді оқытуда тиімді әдіс–тәсілдерді пайдалана отырып, сабақты қызғылықты да тартымды өткізу мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Қоғам дамыған сайын, барлық құрылым бірге дамиды.

Қазіргі таңда кәсіптік және технологиялық білім беру үрдісінде кеңінен қолданылып жүрген бірнеше инновациялық технологияларды атап көрсетуге болады.

Білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялар:

- проблемалық оқыту;
- дамыта оқыту;
- деңгейлеп оқыту;
- дәстүрлі оқыту;
- модульдік оқыту
- сұрақ-жауап ойындары;
- цифрлық білім беру ресурстары.

Жаңа технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары:

- студенттерге ізгілік тұрғысынан қарау;
- оқыту мен тәрбиенің бірлігі; -студенттің танымдық күшін қалыптастыру және дамыту;
- студенттің өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту;
- студенттің танымдылық және шығармашылық икемділігін дамыту;
- әр студенттің дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу;

Проблемалық оқыту - ғылыми таным нәтижелерін, білімдер жүйесін ғана меңгеріп қоймай,сонымен бірге нәтижелерге жету жолдарын, студенттің таным дербестігін қалыптастырып, оның шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Дамыта оқыту технологиясы ұйымдастырылған оқу іс әрекетінде балаларға тәрбиешінің қарапайым ізденгіштік, зерттеушілік іс әрекетін қалыптастыру тән. Дәстүрлі оқыту - балалардың таным қабілеттері және жас мөлшері шамамен бір деңгейді құрайды. Оқыту барысында жоспарланған тақырып кеңінен түсіндіріледі, студенттер сол тақырып бойынша білім, білік дағдыларын игеру мақсатында жұмыс істейді. Мен өз сабағымда көптеген әдістерді қолданамын. Және студенттер сабақ айтқан

кезде ойлау қабілеттері өте жақсы. Және оздерін еркін ұстап, еркін сезінеді. Мен үшін әрбір сабаққа жаңалықтарды, озық тәжірибелерді пайдалану үлкен жетістіктерге жетелейді. Өзімнің әрбір сабағымда озық технологияларды пайдалану жақсы нәтижелер бергенін көрудемін. Мақсатым: пән мұғалімі ретінде менің алдыма қойған мақсатым-студенттердің экономика пәніне деген сүйіспеншілікті ояту, терең білім беру, өз елін сүйер патриоты болуға тәрбиелеу. Әр студенттің бойына жаңа, тың серпіліс туғызатындай әдістер арқылы олардың ақыл-ойын ұштау, жетілдіру, көзқарасын, сенімділігін, жауакершілігін дамыту жолдарын іздестіру. Міндетім: жаңа технологияларды игеру және оны шығармашылықпен дамыту, инновациялық технологиялармен білім беруде қабілетті мамандарды даярлау. Кез-келген сабағымда тақырып бойынша жаңалықтармен таныстыру арқылы бастау дәстүрге айналды. Экономикалық пәндерді оқытуда жаңа технологиялардың озық элементтерін қолдануда, мысалы, сыни тұрғысынан т.б с.с ойлау технологиясының әдіс-тәсілдеріне ерекше көңіл бөлемін. Өзімнің дәріс беретін оқу топтарында оқытуды ұйымдастырудың әр түрлі әдіс тәсілдерін қолданамын. Әр сабаққа дайындық-мұғалімнің ізденісінің нәтижесі. Сабақты ыңғайына қарай түрлендіре түссе, әр сабақта жаңа әдіс-тәсілдерді қолданса, сабақтың мазмұны ашылады. «Мұғалім көп әдісті білуге тырысуы керек», - деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі, сол қоғам мүддесіне сай болуы керек. Өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жетеді деп есептеймін.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Білім және кәсіби машық—заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет», деп атап көрсеткен болатын. Қазіргі кезеңде Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі үшін жаңа модульдік оқыту бағдарламасын жасау халықаралық талаптарға сай және жұмыс берушінің талаптарын анықтайды. Мұндай бағдарлама біріншіден, халықаралық еңбек нарығында Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі белсенді ойыншы болуы, екіншіден білім беру шарттарының сапасына ұсынылатын қатаң талаптар негізінде дайындау сапасын арттыру.

Бұл модульдік оқыту бағдарламасы техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі үшін еңбек нарығының талдамасы мен функционалдық талдама негізінде жұмыс берушілермен тікелей және тығыз байланыста жасалған. Қорыта айтқанда, модульдік оқытудың өзегі – оқу модулі. Оқу моделі ақпараттардың аяқталған блогынан, бағдарламаны табысты жүзеге асыру үшін берілген оқытушының нұсқауларынан және оқушы іс-әрекетінің

мақсатты бағдарламасынан тұрады. Модульдік оқыту білім мазмұны, білімді игеру қарқыны, өз бетінше жұмыс істеу алу мүмкіндігі, оқудың әдістері мен тәсілдері бойынша оқытудың дербестігін қамтамасыз етеді. Модульдік оқыту технологиясының жеке тұлғаның өз-өзін дамытуға, шығармашылық қабілеттерін арттыруға қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыратын бірден-бір технология. Басқа салалар секілді, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіне де тың технологияларды енгізуге үлкен мән беріліп жатыр.

Оқу процесінде жеке тұлғаның білікті маман етуге бағытталған оқыту тәсілдерін озық тәжірибемен сабақтастыру бүгінде күн тәртібіне шықты. Өйткені, белгілі бір оқу орнын бітіріп шыққан түлектің алған білімі жұмыс берушінің талабымен сәйкес келе бермейді. Ақыры, сол маманға мұқтаж болып отырған жұмыс беруші жас кадрды қайтадан даярлап, оқытуға мәжбүр. Бесаспап жұмысшы мамандар даярлау – бүгінгі күннің басты мәселесі. Сондықтан да кәсіптік білім беру саласында студенттерді кәсіби мамандыққа үйрету және тәрбиелеуде өндірістік оқыту шеберлері педагог болып саналады. Оқу процесін жетілдіру, оқушылардың қазіргі кезеңдегі технологиялық процестерді меңгеруі үшін өндірістік оқытуда көптеген инновациялық әдестерді тиімді қолдана отырып, мамандығын жақсы меңгерген, білімін әрі қарай жетілдіріп отыратын білікті де, білімді кәсіби мамандар даярлауға әбден болады деп есептеймін.

Айта кетсем, жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларда білім берудің ұлттық жүйесін реформалау ерекше маңызға ие болады. Қазіргі таңда дүние жүзінде ұлттық білім беруді дамыту проблемаларына қызығушылық артып отыр, ол көбіне ұлттық өзіндік сананың заманауи жандануымен, халықтардың мәдени сәйкестілікті ізденуі арқылы өзін-өзі танытуымен байланысты. Э.Фроммның пікірінше, құндылықтар мен құндылықты бағдарланулар өмірдің мәнін табуға мүмкіндік береді және сол себепті қоғамның құндылықты бағдарлану жүйесіне деген қажеттілігі әрдайым болады. Заманауи жағдайларда жалпыадамзаттық моральдық құндылықтардың біртұтас жүйесі ғаламданудың негізгі сипаттамасы болып табылады. Білім беру құндылықтары, сонымен қатар білім беру, оқыту және тәрбиелеу процесіне жататындар, қоғамның өзгерісімен қалыптасады, үнемі прогрессивті және тұлғаға бағдарланады. Заманауи тұлға білім беру, оқыту, тәрбиелеу, өзіндік тәрбие процесінде қалыптасады, ал осы инновациялық кешенді процесс білім берудің бірқатар жаңа құндылықтарын талап етеді. Атап айтсақ: – зияткерлік-шығармашылық; – әлеуметтік-қоғамдық; – әлеуметтік педагогикалық қызметтегі қабілеттерін дамыту. Білім берудің жоғарыда аталған компоненттері маңызды құндылықты білім беру компоненттерін құруды ескереді. Оларға жаңа педагогикалық стиль, мұғалімнің педагогикалық ұжымда бағдарлануы, оқушылармен педагогикалық этика және такт деңгейінде қарым-қатынас жасауы, педагогикалық шығармашылық, өзіндік бақылау мен өзіндік талдау, өз ісіне эмоционалды құндылықты қарым-қатынас, педагогикалық қызмет сияқты

өзінің тұлғалық және кәсіби мүмкіндіктерін толық ашу мақсатындағы алғашқы педагогикалық іс-әрекетті таңдауы жатады. Білім берудің жаңа құндылығы деп біз мұғалімнің өзіндік жетілуіне жаңа көзқарасын да айтамыз. Білім берудегі жаңалық дегеніміз – өз тұлғасының өзіндік құндылығын, оның қайталанбас даралығын, өзгермейтін бейімділігі мен тағайындалуын тануы үшін қажет психологиялық педагогикалық жағдай жасау. Сонымен, білім берудегі жаңа құндылықтар – білім берудегі адамгершілік пен демократиялықтың мәні мен мақсаты – тұлға, оның қалыптасуы және өздігімен еркін дамуы. Заманауи жағдайларда білім берудің басқа құндылықтары да зор маңызға ие болуда: – мұғалімдерде педагогикалық қарым-қатынас, педагогикалық этика мәдениеттерін (тәрбиенің арнайы тәсілдері мен тәрбие технологиялары, ұлттық ерекшеліктері негізінде) тәрбиелеу; – білім беру саласында өзінің тұлғалық және кәсіби шығармашылық әлеуетін мамандандыру процесі (осыған қажет психологиялық-педагогикалық жағдайларды жасауда); – гуманитарлық, адамгершілік және демократиялық бағыттылығындағы білім беруді қамтамасыз ету; – келесі басым міндеттерді шешудегі инновациялық жолдар, шарттар, құралдар, әдістер мен тәсілдер: а) болжау қабілеті бар мұғалімдерде талдау, баламалы таңдау қабілетін (мінез-құлық, сенім, адамгершілік құндылықтар, дүниетаным), арнайы маңызды шешім қабылдау қабілетін қалыптастыру; ә) тек еркін ғана емес, сонымен қатар жауапты тұлға қалыптастыру. Білім берудің жаңа құндылықтары студенттерге құқықтық мәдениет, қоғам өмірінің нормаларын меңгертуден, экономикалық оқыту және экономикалық білім беруден құралады. Білім берудің жаңа құндылықтары заманауи тәуелсіз қоғам қажеттілігімен жарияланған және республикадағы маман даярлаудың жалпы ұлттық сипаттағы міндетті іске асыруға бағдарланған. Осы құндылықтардың басты ұлттық оқу орындары және халықтық педагогиканың демократиялық және ізгілікті дәстүрлерімен тығыз байланысты. Білім беру ұйымының негізгі міндеттері қатарына мыналар кіреді: – болашақ мұғалімдерде студент жастарды жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу идеясын табысты жүзеге асыруда қажет түйінді құзыреттіліктерді дамыту; – білім беру ұйымы кеңістігін тұлғаның өзіндік анықтау тәжірибесін жинау, байыту және маманның қалыптасу кеңістігі ретінде жобалау; – оқу орындарында міндетті түрде ұлттық ерекшеліктерді ескере отыра тәрбиелеу үлгісін (құндылықтар, мақсаттар, мазмұн, технологиялар, шарттар және ресурстар) дайындау және негіздеу. Білім беру мекемелеріндегі жасөспірімдер мен жастар тәрбиесіне бағдарланған тәрбие жұмысы оларды көшенің теріс ықпалына түспеуіне және қоғамдық-пайдалы қызметке тартуға, жас ұрпақтың құқықтық және адамгершілік мәдениетін, кәсібилігі мен азаматтық белсенділігін қалыптастыруына ықпалы сөзсіз. Өскелең ұрпақ тәрбиелеуде білім беру ұйымдарында қазақ халқының ұлттық құндылықтары, қазақстандық және жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген тәрбиенің құқықтық, ғылыми-әдістемелік, ұйымдастыру-

кадрлық базасы қамтылған тәрбие жүйесін құру қажет. Бұл орайда білім беру ұйымдарында болашақ маман, студент жастарды тәрбиелеудің негізгі бағыттарын Қазақстан Республикасының ұлттық басымдықтары контекстінде жаңарту аса маңызды. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтардың және жаңаша педагогикалық тәсілдер негізінде тәрбие жүйесін жаңғырту процесінде педагогтердің рөлі күннен күнге артуда. Сондықтан мен студенттердің бойын білім нәрімен толтырып, елін сүйер азамат тәрбиелеу жолында аянбай еңбек етуге даярмын. Қорыта айтқанда ХХІ ғасыр-бәсеке ғасыры, олай болса, ұлттық құндылықтарымызды, тарихымызды, мәдениетімізді қастерлейтін, ертеңгі Қазақстанның тізгінін ұстайтын, өмірдің әр түрлі мәселелерінен хабардар, кез келген тапсырманы орындауға қабілетті, қолынан іс келетін құзырлы азаматтарды осы бастан тәрбиелеуіміз керек. Мұғалім- оқушы бойына білім нәрін себетін басты тұлға. Яғни, студенттерді тәрбиелеуде тиімді жағдайлар жасау көбіне мұғалімге тікелей байланысты. Олай болса, іскерлік пен ізденімпаздықта табысты болайық!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Білім мен ғылым — даму тетігі / Елбасының ҚР Білім және ғылым қызметкерлерінің ІІІ съезінде сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан, 13 қазан, 2014.
2. Скаун В.А. Введение в профессию мастера производственного обучения: Методические пособие. - М.: Высш. шк., 2010 г.
3. Н.Ә. Назарбаев., Ел президентінің Қазақстан халқына жолдауы Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан.
4. Қабдықайыров Қ., Инновациялық технологияларды диагностикалау. А., 2015
5. Раджерс Э. Инновация туралы түсінік. – // Қазақстан мектебі, №4, 2011. «Әлеуметтік әріптестік жағдайында техникалық және кәсіптік білім беру», Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы №2 (26) 2013.

ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДӘРІПТЕУ

КИЮАЗОВА АЛМАГУЛЬ ЖУМАГАЗИЕВНА

*Қ. Дүтбаева атындағы Атырау гуманитарлық колледжінің
шетел тілі пәні оқытушысы, п.ғ. магистрі*

Қазақ халқының ұлттық тәрбиесі – әлемде теңдесі жоқ тәрбие. Жалпы «ұлттық» деген сөздің астарында елге – жерге, тілімізге, дінімізге деген құрмет жатыр. Ұлттық тәрбие барысында ұлттық сананы қалыптастыру ең маңызды шарттардың бірі десек қателеспейміз.

Бүгінгі таңда елімізде жүріп жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жалпыға бірдей білім беретін ұйымдардың алдына әлемдік

өркениеттің барлық талаптарына сай келетін, парасатты, тәрбиелі жастарды тәрбиелеп дайындауды талап етуде. Бұл Отанымыздың келешек дамуымен, әлемнің алдыңғы қатарлы елдер қатарына қосылуымен, қазіргі білім алушылардың білім дәрежесімен, шығармашыл ойлай алу қабілеттерімен сабақтаса орайласады. Қазіргі таңда оқытушылардың басты мақсаты оқушыларға шет тілін ана тілінің негізінде үйрету, оларды өз ойын ауызша және жазбаша еркін жеткізе білуге дағдыландыру, шет тілінде жазылған шығармалардың тіл байлығын, әр сөздің атқаратын мағынасын, идеялық - эстетикалық жүгін жете меңгерту, шет тіліндегі материалдарды өздігінен пайдалана білу сияқты іскерлік дағдыларды қалыптастыру, адамзаттың ғасырлар бойы жасаған рухани – мәдениетімен, білімімен қаруландыру, сөйтіп егемен еліміздің ұлттық мәдениетін, әдет ғұрпын, салт – дәстүрін, тарихи құндылықтарын, ізгі тағылымдарын дамыту.

Оқу мен тәрбие егіз. Оны бір – бірінен бөліп қарауға болмайды. Тәрбиенің өзі күнделікті сабақтың әрбір кезінде – ақ оқушы бойына сіңе бастайды. Қазіргі кезде ұлттық тәрбиенің көздері – фольклор, ауыз әдебиеті, ұлттық әдебиет, әдет – ғұрып, салт – дәстүр, ұлағатты қағидалар, шешендік сөздер, өнеге өсиеті бар мақал – мәтелдер, туған топырағымызда дүниеге келген ойшыл ғұламаларымыздың еңбектеріндегі тәрбие қағидалары элементтерін сабақта кеңінен қолданудың маңызы артып келеді. Ағылшын тілі де қазақ тілі сияқты көркем де шебер, мағыналы да, мазмұнды, қысқа да нұсқа қанатты сөздерге өте бай. Сол қанатты сөздердің бірі - мақал – мәтелдер.

Оқушылар басқа елдің тілін, салт – дәстүрін білуі үшін алдымен өз ана тілін, салт – дәстүрін жақсы біліп, сыйлап, құрметтеуі керек. Бұны оқушы санасына үнемі сіңіріп отырған жөн. Бұл жағдайда халықтың ұлттық мұрасы – мақал – мәтелдер мен ұлттық ойындардың маңызы зор. Сабақта мақал–мәтелдерді оқытып, оқушылардың шығармашыл ойлауын қалыптастыру– бүгінгі өмір талабына сай азаматты тәрбиелеудің негізгі жолдарының бірі.

Мақал–мәтелдер бір ғасырдың ғана жемісі емес. Ол халық ауыз әдебиетінде ерте заманнан келе жатқан, өзіндік ерекшеліктерімен танылған халықтың асыл ойының көркем жиынтығы. Мақал мен мәтелдердің мағынасы терең, сөзі ықшам да, көркем, еске сақтауға икемді де, жеңіл болғандықтан бала тәрбиелеу ісінде ерекше рөл атқарады. Мақал – мәтелдер балаларға терең ой салумен қатар, көркем және образды сөйлеуге жаттықтырады, сөз байлығын, сөздік қорын, шығармашылық ойлауын байыта түседі. Беріліп тұрған мақал – мәтелдердің мағынасын ашып, түсіну үшін бала бар ақыл – ойын, шығармашылық қабілетін ортаға салады. Әсіресе, мақал– мәтелдер оқушылардың лидерлік қабілеттерін жетілдіріп, өз пікірін дәлелдеуге, қатарластарымен еркін пікірлесуге ықпал етеді. Мақал – мәтелдер оқушыларды тілдік материалдарға қызықтырумен қатар пәннен алған білімдерін бекіту, тереңдету үшін де тиімді. Мұның өзі мақал – мәтелдер оқушылардың танымын кеңейтіп, оның ойлау қабілетін,

ізденімпаздығын, еңбекқорлығын жетілдіруде, олардың жеке тұлғалық қабілеттерін тәрбиелеуде маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. Мақал – мәтелдерді меңгеру барысында оқушылар өздерін еркін сезінеді, басқа жолдастарымен тілдік қарым – қатынасқа оңай түседі. Бұл шәкірттердің жеке тұлғалық қабілеттерін жетілдіруіне, сабақтың тартымды өтуіне, жаңа материалды терең игеруіне ықпал етеді. Сол себепті де ағылшын тілі сабағында мақалдардың қазақша баламасын, екі тілде жаттап айтуды тапсырып, ағылшын мақал – мәтелдері мен қазақ мақал–мәтелдерін салыстыра отырып, мазмұнын ұғындыру оқушылардың ой–өрісін кеңейтеді. Сондай – ақ ағылшын тілін меңгерте отырып, халқымыздың ақыл – ой даналығын үйрететін мақал – мәтелдермен шәкірттердің ойын ширатып, ойлау белсенділігін арттыратын жұмбақтарды да пайдалануға болады. Бұл оқушылардың сөйлеу, ойлау қабілеттерін арттырады. Негізінен мақал – мәтелдерді белгілі бір тақырып бойынша пайдаланған жөн. Мысалы «Достық» тақырыбын өткен кезде тіл дамыту жаттығуларын орындау барысында мынадай жұмыстар жүргізуге болады:

1. Between friends all is common – Достардың арасында бәрі ортақ.
2. A man is known by the company he keeps – Адамды досына қарап танырсың.
3. Joy shared with other are more enjoyed – Доспен көрген қуаныш аса зор қуаныш
4. A hedge between keeps friendship green – Шынайы достық қиындықта сыналады.
5. Friendship cannot stand always on one side – Ерегескен ел болмайды, есептескен дос болмайды.

Бұл оқушыларды адамгершілік қасиеттерге баулып, пәнге қызығушылығын арттырады. Ойын түрінде өткізілетін сабақтар барысында оқушылар 2 топқа бөлініп, бір топқа мақал мәтелдердің бас жағы, екінші топқа соңғы жағы беріледі. Әркім өз жалғасын табуы керек. Келесі бір ойында конверттің ішінде бас – аяғы қиылған мақал – мәтелдер бар, ол 10 сөйлемнен тұрады, яғни оқушылар мақал–мәтелдердің бас–аяғын құрастыруы тиіс. Барлық 10 сөйлемді бірінші болып жинаған топ жеңімпаз болып саналады. Немесе оқушылар екі топқа бөлініп, өзара мақал – мәтелдер айтып жрысады. Қай топ көп мақал айтса, сол топ жеңген болып саналады.

Жас ұрпақтың қалыптасуына әсер ететін факторлардың тағы бірі, дәстүрлі мәдениетіміздің бір бағыты – халықтың ұлттық ойындары. Ата – бабамыз ойынды тек баланы ойнату әдісі деп қарамай, ол халықтың ғасырлар бойы жасаған асыл қазынасы, баланың көзқарасы, мінез – құлығын қалыптастырып, бір жүйеге келтіретін ойлау мен шапшаңдығын дамытатын тәрбие құралы деп санаған. Ойын арқылы оқушылар қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Ойнау процесінде сөйлеу қарым – қатынасы үлкен рөл атқарып, олар сөйлесе жүріп өзара пікірлесіп, әсер алысады, тіл

жаттықтырады. Мысал ретінде, тоғызқұмалақ, бәйге, көкпар, лото, асық ойыны, сиқырлы қоржын тағы сол сияқты көптеген ойындардың элементтерін келтіруге болады. Бұндай ойындарды шет тілі сабағында қолданудың маңызды жақтары аз емес. Әсіресе, ұлттық ойындарды сабаққа кірістіріп, сол арқылы өзімізге кері байланыс алсақ, халқымыздың ұлттық құндылығын дәріптеп қана қоймай, олардың ой – өрісінің, логикалық ойлауының дамуына, көбірек сөйлеуге тартып, қарым – қатынастарының жақсаруына ықпалы зор.

Ұлы педагог В.И.Сухомлинский: «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, фантазиясыз толық мәніндегі ақыл – ой тәрбиесі болмайды», - дейді. Демек, шәкірттің ақыл – ойы, парасаты ұлттық салт сананы сіңіру арқылы баии түседі. Қазақтың жазушысы М.Жұмабаев ойындарды халық мәдениетінен бастау алар қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігі, тілдің, дене шынықтыру тәрбиесінің негізгі элементі деп тұжырымдайды. Ал М.Гуннер қазақтың ұлттық қозғалыс ойындарын спорттық ойындардан ажыратып, алғаш рет бөліп қарап, оларға топтамалық жіктеу жасай отырып, ұлттық ойындарды оқу үрдісінде пайдалануға ұсыныс жасады. /1/ И.Н.Скаткин: «Балалар ойын арқылы осы білім беру мақсаттарын байқамай ойын ойнап, көңіл көтере отырып, өзінің бір нәрсені үйренгенін түсінуі керек», - дейді. Осындай ұлы ғалымдардың пікірлеріне сүйенсек, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу мақсатында қай сабақта болмасын ұлттық ойын элементтерін және жұмбақтар, ырым – тиымдар, мақал – мәтелдерді немесе тағы да басқа ұлттық нақыштағы киіз үй, сандық, қоржын сияқты бұйымдарды пайдалана отырып, ата – бабаларымыздың, халқымыздың тұрмыс тіршілігін білім алушыларымыздың бойына сіңіретіміз сөзсіз.

Міне, осындай ғасырлар қойнауында қорытындыланып, қалыптасқан қазақ халқына тән тәрбиенің өнегелі озық дәстүрлерін бүгінгі жаңа ұрпақ тәрбиесінде пайдалану аса маңызды міндеттердің біріне айналып отыр. /1/ «Дәстүрлі мәдениетті жаңғырту, өз халқының тарихи тәжірибесіне жүгіну бұл өзі тәуелсіздікке ие болған елдің өмірінен орын алатын заңды құбылыс» екенін Елбасы Н.Ә.Назарбаев та өзінің сөйлеген сөзінде айтып өткен. /2/

Олай болса, жас ұрпақтың бұл пікірді қостап, қазақи салт – дәстүрді бойына сіңірген, шығармашылық ойлауы жоғары, тіл байлығы кең, білімі терең, өзіндік ой – пікірі қалыптасқан болашақ боларына сенімім мол.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.С.Ұзақбаева, «Қазақ халық педагогикасы», Алматы, Глобус, 2013, 3 б.
- 2.Н.Ә.Назарбаев, «Ғасырлар тоғысында», Алматы, 1996, 5 б.
- 3.С.Қалиев, Ж.Молдабеков, Б.Иманбекова, «Этнопедагогика», Астана, Фолиант, 2010, 72-74 б.
- 4.Б.Баймұханова, Ш.Мұхтарова, Г.Амандықова, А.Бисенғалиева, «Шетел тілін оқыту әдістемесі», Астана, Фолиант, 2007, 171б.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР - ТӘРБИЕНІҢ ТҮП ҚАЗЫҒЫ

КЛАУОВА ГУЛЬМИРА ҚИЗАТОЛЛАҚЫЗЫ

Атырау қаласы

жалпы білім беретін Амангелді орта мектебінің

қазақ тілі, әдебиеті, Өзін-өзі тану пәні мұғалімі

Адамның адамшылдығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады.

Абай Құнанбайұлы

Рухани-адамгершілік білімінің түп тамыры - халқымыздың ұлттық құндылықтары, рухани мұраларынан, тағылымдық ой-толғауларынан бастау алады. Әр халықтың өзінің сан ғасырға созылған ұрпақ тәрбиелеу үрдісі бар. Ол отбасындағы бала тәрбиесінен басталып, шаруашылық кәсібі, тұрмыс-тіршілігімен бірге жалғасып, салт-дәстүрден, ұлттық саз әуені мен ауыз әдебиеті үлгілерінен өзекті орын алып келген. Ұлт мәдениетінің өзіндік ерекшелігін ақтара қарап, терең зерттеген педагог ғалымдардың бәрі оның тәрбиелік мәнін сөз етпей өткен емес. «Халықтың тәрбиесінен тыс жерде педагогика да жоқ, педагог та жоқ» деп орыстың ұлы педагогы К.Д.Ушинский текке айтпаған. Ұлт тәрбиесінің сезімдік әсері зор. Қазақ халқының арнайы бала тәрбиесімен айналысатын қоғамдық орындары көшпелі заманда болмаса да, өз ұрпағын бесікте жатқан кезінен бастап-ақ өлең-жыр, әңгіме, ертегі, тақпақ, санамақ арқылы тәрбиелеп отырған. Кәсіби тіршілігі мал шаруашылығына байланысты болғандықтан бала 5-6 жасынан бастап ат құлағында ойнаған. Ғалым Ш.Ахметов өзінің қазақ отбасындағы тәрбие ісі зерттеулерінде негізінен басты сегіз түрлі мәселені қамтыған.

Біріншіден, тәрбие басы алдымен әдептілікке үйретуді көздеген. Әкешешешелі баласына «Әдепті бол» дегенді басты міндет етіп алған.

Екіншіден, олар баланы қайырымды, иманды мейірімді болуға тәрбиелеген.

Үшіншіден, тіл алғыш, елгезек болуға баулыған.

Төртінші, адал, шыншыл болуға үйреткен. Өтірік өрге баспайды деген сөздің мәнін түсіндіре білген.

Бесіншіден, өнегелі ұстазбен көпті көрген қариялардың сөзін тыңдап, зерделеп есте сақтауға дағдыландырған, ақпа құлақ болмай, құйма құлақ бол деп үйреткен, біздерге жүрегінің есігі бар, құлағының тесігі бар, зерделі құйма құлақ бала керек деген.

Алтыншыдан, үлкендерді, ата-анасын сыйлап, құрметтеп, оларды риза қылып, бата алуға тәрбиелеген.

Жетіншіден, кісі айыбын әшкерелемей, біреуге тіл тигізбей, адамның табиғи кемдігін бетіне баспауға тәрбиелеген.

Сегізіншіден, ел қорғаған батыр бол, халық алдында қызмет ет, бар өнеріңді соған жұмса, адам баласына қайырымдылық, жақсылық, қамқорлық жасауға үйреткен.

Бұл қазаққа тән жақсы қасиеттер мен ұлттық сананы қалыптастыру, ұлтымыздың дүниетанымдық тәжірибесін жалғастыру деген сөз. Сондықтан баланың бойына жастайынан адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өзіне сенімділікті тәрбиелеуде, өзіндік таңдау жасауына ықпал етуде қазақ тілі, әдебиеті, өзін-өзі тану пәні сабақтарының қызықты әрі ұлттық құндылықтарға толы болуының маңызы зор. Соның ішінде баланың сөздік қоры, тіл байлығын толықтыру, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру сабақ жоспарын құруда ұстаздың үнемі есте ұстайтын маңызды мәселесі. Бүгінгі ұстаз тек білім беруші ғана емес, ұлт болашағының жарқын келешегін құрастырушы тұлға. Сондықтан әр сабақ жоспарын құруға отырғандағы ұстаздың есте ұстайтын қағидасы: «Жемісті тәрбиенің сыры – шәкіртке құрметпен қарауда» (Р.Эмерсон). Ұстаз өз шәкірттерінің қандай іс-әрекеттерді асқан қызығушылықпен орындайтынын саралап алуы өте тиімді әдіс. Жас шамасына орай, оқушы қызығушылығына сәйкес құрылған сабақ шәкірттің шабытын шақырады.

Дана философ және этикалық ілімінің негізін қалаушы Конфуций халықтың тәлімдік — тәрбиелік күш – қуатын жоғары деңгейлерге көтеру үшін бар күш жігерін сарп етті. Ол бала түсінігіне ықпал етудің басты бағытын былай атап көрсетті: «Маған айтып берсең – ұмытып қаламын, Көрсетсең – есте сақтаймын, Өзіме жасатсаң – үйренемін.» Әлем мойындаған атақты философ айтқан пікір бүгін өз маңыздылығын дәлелдеп отыр. Бүгінгі ұстаз – бағыт беруші тұлға. Осыған орай, өз сабақтарымда стандартты емес сабақтарды көптеп қолданамын: пікірталас сабақтары, театрланған сабақтар, шығармашылық сабақтары, сайыс сабақтар, саяхат сабақтары, ойын сабақтары. Сабақты өзгеше өткізе білу оқушы қызығушылығын арттырып, оны өз бетімен жұмыс жасауға қызықтырады. Ұлттық құндылықтарды ұғындыру процесінде түрлі әдістемелік тәсілдерді оңтайлы пайдалануға болады.

Өзім дәріс беретін қазақ тілі мен әдебиет сабақтары ұлттық құндылықтарды бала бойына сіңіру мақсатында құрылады. Әдебиет сабақтарында халық ауыз әдебиеті тарауының барлық түрі (мақал- мәтел, жаңылтпаш, аңыз, жырлар, шешендік, қанатты сөздер т.б.) ұрпағымызды адал еңбекке, өнер-білімге тәрбиелеп, өмірге бейімдеп, жанұяның, Отан намысын қорғауға жетелесе, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін салт-дәстүрлеріміз, әдет-ғұрыптарымыз меймандостық, өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық, рухани байлық, сүйіспеншілік т.б сияқты жақсы қасиеттерді танып біліп, ұмтылу, сол бір жақсы қасиеттерге өздерін жетелеуге тәрбиелейді. Мысалы, қазақ тілі сабағында етістіктің болымсыз түрін өткенде «Тиым сөздер» атты тапсырмада «қатты күлме», «үйдің ішінде ысқырма», «ақты төкпе», «үйге қарай жүгірме» т.б. кеңестердің мәнін ашу арқылы ұлтымыздың тиым сөздерге сыйдырған тәрбиесі мен тағылымын сараладық. 5 сыныпта «Киім. Сән. Талғам» бөлімінің «Ұлттық киім – асыл мұра» тақырыбын оқығанда ұлттық киімнің адамның жас шамасына, дәрежесіне сай әртүрлі болатыны туралы мәлімет оқушылардың

қызығушылығын арттырды. Оқушылар ұлттық киім суреттерін салып, жас шамасын, дәрежесін анықтап, киім атауларын жаттады. Бұл оқушы бойында өз елінің ұлттық құндылықтарына деген құрметі, сүйіспеншілігі мен қызығушылығының артуы деп білемін. Қазақ халқы сөздің қадірін білген, сөзге тоқтай білген. Өзін-өзі тану пәнінен сөз қадірі туралы сабағымда халық атап көрсеткен сөздің бес белгісін сараладым.

«Сөз қадірі адамның өз қадірі» деп даналарымыз айтқандай сөзді бағалай білуге үйренейік. Сөздің бағасы – бес белгімен айқындалады.

Ол:

1. Дұрыстық
2. Айқындық
3. Қысқалық
4. Орындылық
5. Әрлеу

Дұрыстық дегеніміз – айтылған сөздің қатесіздігі.

Айқындық дегеніміз – сөздің мазмұнын дұрыс беру.

Қысқалық - ойды жеткізуге керек сөзді ғана пайдалану.

Орындылық – сөздің айтар жері мен мерзімін абайлау.

Әрлеу дегеніміз – жасандылықтан аулақ бола тұрып әсем сөйлеу.

Сөйлеуге қатысты әдептіліктің тағы бір түрі – орынды, әділ сөзге тоқтау.

Қазақтағы әйгілі айтыстарды таратушылар, әдетте жеңілген жағы болып келеді. Демек, сөз қадірін танып, мойындау, сөзге тоқтау да ірілікті, кісілікті білдіреді.

Топпен ән айтуда К. Салықовтың сөзіне жазылған, Ш. Әбілтаевтің «Бір ауыз сөз» әнін үн таспаға қосылып айттық. Сабағымды Ғ. Мұстафиннің «Мұралардың ең қымбаты – сөз. Сөз күн шалмас қараңғы көңілді шалады, күн жылытпас суық көңілді жылытады, әсілі адам да, нәрсе де тозады, жоғалады. Асыл сөз мәңгі жасайды» деген сөзімен түйіндедім.

Сабақтарымда топқа бөлуде халық әндерін де көптеп қолданамын. Топтарға ел арасындағы көп тараған халық әндерінің бір шумағы мен қайырмасы жазылған карточкалар таратылып беріледі. Оқушылар сол әндерге байланысты топтарға бөлініп, карточкаларда келтірілген әндерді бірлесе орындайды. Осы әрекеттің өзі оқушыны халық әнімен таныстырады, топпен орындау әрі қызықты, әрі халық әуенімен сусындатады.

Халық педагогикасын сыныптан тыс шараларда, ата-анамен жұмыста кеңінен қолданамын. Ұл бала тәрбиесі, қыз бала тәрбиесі бағытындағы жұмыстарымызда халықтық тиым сөздердің мәнін бірге ашып, маңызын ұғынып, ортақ шешімге келеміз. Ата-ана жиналыстарында мұғалім сыйы айдарында тәрбиеге байланысты қағидаттар, мақал-мәтелдер, аңыз әңгімелерді айту арқылы дұрыс әрекетке бағыттаймын.

Жас ұрпақты тәрбиелеудің, оқытудың басты мақсаты – оның бойына ұлттық діл-болмысты, жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіру, әлемдік

өркениеттің бағалы ой-пікірлерін насихаттау. Ғұлама ғалым –Альберт Эйнштейн «Мен өз шәкірттерімді ешқашан да үйретпеймін; мен тек олардың үйренуіне тиімді жағдайлар жасауға тырысамын» деген екен. Мен де ұстаз ретінде өз шәкірттеріме тиімді жағдайлар жасағым келеді. Сол жолда ұлттық құндылықтарға негізделген жұмыстарды орындату тәсіліне сүйендім. Шығармашылық тапсырмаларды оқушының қабілетіне, пәнге деген сүйіспеншілігіне байланысты оқуға қойылатын талаптарын басшылыққа ала отырып, жүргізген жөн. Ол үшін оны орындауға жеңіл етіп берген тиімді болмақ. Бір сабақтың өзінде бірнеше тапсырма ұсынып, таңдап орындауды баланың өз қалауына қалдыру керек. Өте жемісті тәсілдердің бірі–тапсырмаларды жүйеге бөліп, оқушының біліміне, қызығушылықтарын ескере отырып, қабілетіне байланысты ұсынуға болады. Жұмысты жүйелі жүргізу оқушының еркін шығармашылықпен айналысуына мүмкіндік береді. Ең маңыздысы, ұлттық құндылықты үйрену арқылы ұлттық дәстүрлер мен ұмыт болған ырым – тиым жаңартылып, көнесін ескінің көзі деп сақтауға үйретіп, сәйкесін күнделікті отбасында, ұрпақ тәрбиесінде қолдана білуіміз. Бұл оқушылардың уақыт талабына сай ұлттық тамырынан нәр алған тұлға болып тәрбиеленуі мен білім алуына негіз болады деп ойлаймын. Өткен ғасырда Жүсіпбек Аймауытов: «Сабақ беру–үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер» деген екен. Осы мақсатпен оқушының ұлттық құндылықтарға негізделген ізденімпаздық қасиетін дамыту, рухани бай тұлға қалыптастыру -басты қағидам. Ұрпақ тәрбиесі ұлттық тәрбиеден негіз алуы тиіс.

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ФОРМИРОВАНИЯ БАЗОВЫХ НАЦИОНАЛЬНЫХ ЦЕННОСТЕЙ В РАМКАХ ОБГОВЛЕНИЯ СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ

КОЛБАСИНА ЛИДИЯ ВИТАЛЬЕВНА

*ГУ «Отдел образования акимата Алтынсаринского района»
Костанайская область*

В Законе «Об образовании» Республики Казахстан написано: «Главная цель системы образования – это формирование личности на основе национальных и общечеловеческих ценностей, достижений практики и науки, создание условий для получения качественного образования, для развития и профессионального закалывания, развитие духовных, физических и творческих возможностей личности, формирование твердых основ для здорового образа жизни и человечности, через развитие индивидуальности обогащение кругозора и самосознания» [1].

Педагогический процесс усвоения обучающимися базовых национальных ценностей основан на духовно-нравственном воспитании личности подростка. Положительный результат данного процесса можно получить при использовании различных методов взаимодействия, с опорой

на педагогические ценности. Формирования национальных ценностей у подростков изучали отечественные ученые К.У. Альжан, Г.К. Абдигалиева, Г.С. Абдирайымова, Г.Г. Барлыбаева, Т.Х. Габитов, В.Ю. Дунаев, М.С. Жетписбаева, З.Н. Исмагамбетова, А.Г. Карабаева, К.М. Конырбаева, А.Г. Косиченко, В.Д. Курганская, Б.Г. Нуржанов, С.Е. Нурмуратов, А.Н. Нысанбаев, М.С. Орынбеков, А. Сагикызы, О. Сегизбаев, Г. Соловьева, М.Ш. Хасанов, М.С. Шайкемелев, З.К. Шаукенова; советские ученые Л.С. Выготского, А.Ю. Гордина, В.В. Давыдова, А.Н. Леонтьева, А.С. Макаренко, С.Л. Рубинштейна, В.А. Сухомлинского, К.Д. Ушинского, С.Т. Шац.

Г. А. Лобанова [2], Ю. С. Репринцева [3], М. И. Рожков [4] в процессе формирования ценностных ориентаций обучающихся выделяют сочетания методов воспитания и обучения на уроках.

Современное образование интенсивно развивается, применяя всё новые и новые средства коммуникации, используя различные инновационные технологии, приводя к глобализации. В век глобализации целью каждого государства становится сохранения своего менталитета, своих национальных ценностей. Казахстан, не становится исключением в век /глобализации/ необходимо не только сохранить сформированные и отточенные временем национальные ценности, но развить их у подрастающего поколения.

Национальные ценности— это наши национальные традиции и обычаи, культура и искусство нашего народа. Связывая национальные ценности с передовыми технологиями в деле воспитания и обучения нового поколения, необходимо в каждом молодом человеке воспитать национального патриота, уверенную в себе личность. Казахский просветитель М. Жумабаев говорил: «Воспитатель обязан воспитывать ребенка в духе той нации, к которой принадлежит этот ребенок, в которой он живет, для которой он будет жить и творить», а Жусипбек Аймауытов утверждал: «Если выпускник школы будет смотреть на весь мир, на других и на свою собственную жизнь сознательным взглядом образованного человека—вот тогда и будет понятна основная и самая главная цель образования. Школа должна построить в этом направлении крепкий фундамент для развития молодого человека в будущем». И. Г. Песталоцци подчеркивал: «Правильная организация способов обучения и содержание учебных пособий и учебников на национальном языке способствуют формированию сознания и мышления человека [5]

Говоря о педагогических условиях формирования базовых национальных ценностей у подростков, мы будем придерживаться определения условий, данного Н. В. Ипполитовой. По ее мнению, педагогические условия—это «один из компонентов педагогической системы, отражающий совокупность целенаправленно сконструированных возможностей содержания, форм, методов, средств и материально-

пространственной среды, направленных на решение поставленных задач» [6, с. 11].

Рассмотрим педагогические условия формирования базовых национальных ценностей у подростков:

- 1) стремление подростков к этнокультурной идентичности, этнической самоидентичности;
- 2) применение этнокультурного воспитания в образовательной деятельности.

Развитие этнического самосознания и самоидентичности подростка является актуальным в современном Казахстане. В быстро меняющемся мире за частую человек остается один на один со своими проблемами ему сложно разобраться, кто он такой, и на какие ценности ему ориентироваться. Этнические сообщества помогают ему, с одной стороны, четче определиться с целостностью мира, а с другой стороны, выстроить целостность своего «Я». Это делает актуальным разностороннее рассмотрение проблемы этнического самосознания и этнической идентичности личности. Еще А. Маслоу [7] говорил о самоидентичности как «*sin qua non*» («непременном условии») человеческой природы и любой философии или науки, изучающей человеческую природу. Реализация стремления человека принадлежать группе часто находит свое полное выражение в одной из самых традиционных групп – этносе. В психологии этнос определяется как устойчивая в своём существовании группа людей, осознающих себя её членами.

Представления об этносах как о сообществах, соединенных, прежде всего, кровными связями, имеют свои истоки еще в философии Э. Дюркгейма. Проблему идентичности рассматривали Э. Гидденс, Ю. Хабермас, Ш. Монтескье, Дж. Вико, И. Г. Гердер и др. Понятие идентичности охватывает широкий спектр значений: от тождества до индивидуальности. Отечественные ученые-этнографы относят этническое самосознание к числу этнических признаков, то есть признаков, по которым определяется принадлежность индивида к той или иной этнической общности, и даже ставят его в ряду этих признаков на первое место.

Среди средств формирования этнокультурной идентичности подростков наиболее важными представляются: живое слово; кино; искусство; литература; самодеятельность и др. Жизнь постоянно движется вперед, и все меняется. В том числе и моральные ценности. В казахстанском обществе изменения тоже неизбежны. Издревле казахскими национальными ценностями считались:

- свобода (любой казах мог за одну ночь собрать свою юрту и откочевать с семьей в другой аул или в бескрайнюю степь);
- взаимовыручка (знаменитый казахский обычай «асар», когда весь аул помогал построить дом или собрать новое стадо скота взамен сгоревшего жилища или павшего от джута стада);

- гостеприимство (обычай, обусловленный ценностью любого странника в безлюдных степях);
- уважение к старшим (в определенных пределах вполне положительное явление, связывающее поколения).

Эти и ряд других ценностей сохраняют актуальность, по сей день.

В казахстанском обществе, находящемся сегодня в условиях интенсивной экономической, социально-политической и культурной трансформации, наряду с тенденцией все более возрастающей свободы выбора индивидуального стиля жизненного поведения наблюдается «вхождение» в повседневную жизнь казахов национальных ценностей, связанных с этнической традицией [8]. Особенно отчетливо, по мнению современного казахстанского историка-этнографа С.Х. Шалгинбаевой, это проявляется сегодня в урбанизированной городской среде титульного этноса республики. В своей диссертационной работе она исследовала традиции, обычаи и обряды свадебного, родильного и детского цикла, соблюдаемые в настоящее время городскими казахами [8]. К ним относятся следующие: «киндик шеше» — т.е. пуповинная мать или повитуха, «ат кою» — имянаречение, «шилдеhana» — праздник по случаю рождения ребенка, «бесикке салу» — укладывание в колыбель, «кыркынан шыгару» — выведение ребенка из сороковин, «тусау кесу» — разрезание пуп, «сундетке отырғызу» — обычай ритуального обрезания, связанный с вероисповеданием — исламом [9].

Процесс создания этнокультурной идентичности подростков в организациях образования осуществляется в виде различных форм: массовых, групповых и индивидуальных.

Аналогичные выводы сформулированы другими авторами. Так, К.Ж.Кожаметова считает: «Законы и закономерности этнопедагогики еще недостаточно разработаны, мало исследований методологического плана». М.Х.Арсалиев отмечает, что «многочисленные труды по этнопедагогике не предлагают пока научно обоснованной стройной системы методологических оснований, а упоминают лишь некоторые подходы, методы и средства».

В современной науке этническая культура понимается как система определенных стереотипов, норм поведения членов данного этноса. Вопросы этнической самоидентичности находят постоянный отклик в обществе. От переосмысления данной проблемы во многом зависит возрождение и освоение национального достояния нашей Родины. Проблемы этнической идентичности и этнокультурных процессов, происходящих в современном обществе, все больше привлекают внимание ученых различных научных областей.

Таким образом, задачи этнокультурного воспитания личности, особенно в свете формирующегося поликультурного общества, как наиболее важные, провозглашаются авторитетными организациями, таким как ООН и ЮНЕСКО. Важнейшей задачей является помощь

подростающему поколению в осознании важности своей принадлежности к определенной этнической группе, в формировании этнической самоидентичности, а также в воспитании уважения к другим культурам.

Список литературы

1. Закон Республики Казахстан Об Образовании (с изменениями и дополнениями по состоянию на 11.07.2017 г.) <http://online.zakon.kz>
2. Лобанова, Г.А. Дидактические основы реализации эмоционально-ценностного компонента содержания образования (на материале курса «Природоведение» в начальной школе) [Текст]: дис. канд. пед. наук : 13.00.01 / Г. А. Лобанова; Владимир.. гос. пед. ун-т. Владимир, 2008. 230 с.
3. Репринцева, Ю. С. Методика формирования ценностных ориентаций старших подростков в процессе изучения регионального курса географии [Текст] : монография / Ю.С. Репринцева. Благовещенск : Изд-во БГПУ, 2013. – 190 с.
4. Рожков, М.И. Теория и методика воспитания [Текст]: учебник и практикум для академического бакалавриата / М. И. Рожков, Л. В. Байбородова. М. : Издательство Юрайт, 2018. – 330 с.
5. Сагынаева, Г.Р. Национальные ценности – это основа системы непрерывного образования / Г. Р. Сагынаева. Текст : непосредственный // Молодой ученый. 2017. №10.1 (144.1). — С.82-84. — URL: [https:// moluch. ru/ archive /144/40439/](https://moluch.ru/archive/144/40439/) (дата обращения: 07.10.2020).
6. Ипполитова, Н. В. Анализ понятия «педагогические условия»: сущность, классификация [Текст] / Н. В. Ипполитова, Н. А. Стерхова // General and Professional Education. – 2012. – № 1. – С. 8–14.
7. Лыкова, В. Я. Ценностные ориентиры в современном воспитании [Текст] / В.Я. Лыкова // Аксиология современного воспитания в системе непрерывного образования: материалы международной научно-практической конференции. В 2ч. – Смоленск : СГПУ, 2004. Ч 1. – С.75-86.
8. Рокич, М. Природа человеческих ценностей [Текст] / М. Рокич // Свободная пресса. – 1973. – № 5. – С. 20-28.
9. Лыкова, В. Я. Ценностные ориентиры в современном воспитании [Текст] / В.Я. Лыкова // Аксиология современного воспитания в системе непрерывного образования: материалы международной научно-практической конференции. В 2ч. Смоленск : СГПУ, 2004. Ч 1. – С.75-86.

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДӘРІПТЕУ

КОНКАЕВА ГУЛЬНАР БАТЫРГАЛИЕВНА

Атырау облысы

Құрманғазы ауданы

Алға селосы

*Әбу Сәрсенбаев атындағы жалпы орта мектебінің
математика және информатика пән мұғалімі*

Математика сабағында ұлттық құндылықты қолданудың маңызы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті—ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық, ғаламдық, коммуникациялық желілерге шығу» делінген.

Қазақ елінің болашағы бүгінгі өсіп келе жатқан жас ұрпақ. Ендеше, ертеңгі қоғам мүддесіне лайықты, жан жақты жетілген, бойында ұлттық тәрбие, ұлттық сана қалыптасқан, білімді, парасатты азамат тәрбиелеп өсіру басты міндетіміз екенін үнемі назарда ұстап жүруіміз қажет. Бүгінгі таңда білім беру мазмұны жаңару үстінде. Сол жаңару жолындағы міндеттерді іске асырушы маңызды мекемелер балабақша, мектеп, жоғары оқу орындары.

Мектеп қабырғасынан бастап ұрпағымызды парасатты да білікті, мәдениетті де білімді етіп тәрбиелеп, олардың дүниетанымын жалпы адамзаттық деңгейде дамытамыз десек, бойында ұлттық және азаматтық намысы бар, ұрпақ өсіргіміз келсе, бүкіл қоғамдық өмірдің өзегін келешек ұрпақ тәрбиесіне, соның ішінде ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеуге бағыттауымыз керек.

Олай болса, басты мақсат—жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани— мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу.

«Еліміздің, ертеңі—бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры — ұстаздың қолында», - деп елбасымыз Н. Ә. Назарбаев айтқандай, өз ұрпағының өнегелі, өнерлі, еңбексүйгіш, абзал азамат болып өсуі үшін ұлттық құндылықтарды оқу—тәрбие үрдісіне тиімді пайдалану әрбір ұстаздың міндеті болып табылады.

Бүгінгі мектептегі оқып жатқан жас ұрпақты елжандылыққа тәрбиелейтін тағылымды тәлім—ұлттық рухта тәрбиелеу мен оқыту.

«Тәрбие — табалдырықтан басталады» деген нақылдың өзі өмірден алынған шындық. Халық тәрбиесі ғасырдан — ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді.

Нақты математикалық тақырыпты халқымыздың тұрмыс — салтымен байланыстыра оқыту оқушыларымыздың, өз халқымыздың тарихын білуге, тұрмыс салтын ұғынуға үйретеді.

Мұғалім жан — жақты жетілген, білімді, халықтық дәстүр, әдет — ғұрып пен салт-сана ерекшеліктерінен сусындаған шәкірт тәрбиелеуі тиіс. Өйткені, білім мен ғылымды өз дәрежесінде меңгерген елдер ғана экономикалық дамуда әлемдік дамудың алдыңғы көшінде бола алады.

Қазақ халқы ерте замандарда ғылым мен білімге еркін қолы жетпесе де өмірлік тәжірибеден оқып үйреніп талғай біліп, шеберліктің небір сан саласын асқан ұқыптылықпен сақтап, біздің дәуірімізге жеткізе білген. Қазақ ағартушысы М. Жұмабаевтың «Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбиелі қылуға міндетті» деген ұлағатты сөзі қазіргі заманға сай еліміздегі ұлттық мектептің қалыптасуын меңзейді.

Елбасымыздың сөзімен айтқанда, «Қазақстан біреулердің қазақтарға тартуы емес, олардың тарихи Отаны». Адам бойына біткен алуан қасиет, дарын туған топырақтан дариды. Туған жерге деген сүйіспеншілік пен мейірім кейінгі ұрпаққа ана сүтімен, бесік жырымен сіңірілген.

Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын туғызудың жолдарының көзі қазақ халқының тәрбиелік және танымдық мәні бар, баға жетпес асыл қазынасы, тарихи – мәдени мұраларында жатыр. Соның бірі – Қазақтың ұлттық шежіресі.

«Адам ата – анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, біліп оны ескерсе, дүниедегі алыс – жақын мен жақсы – жаманды білгені мен көргені көп болған адам білімді болады» – дейді Абай Құнанбаев.

Халықтық педагогиканың бір саласы – ұлттық ойындар. Қазақ халқының ұлттық ойын түрлерін өтетін тақырыпқа лайықтап пайдалану – тасада қалып келген дәстүрлерімізді қайта жандандырып, ұрпақтар бойына сіңіруге үлкен көмегін тигізеді. Сонымен бірге оқушылар халқымыздың өткен тарихына ойлы көз тастап, қарым – қатынасты, салт – дәстүрлерді саналы түрде сезінеді.

Математика сабағында ұлттық құндылықтарды дәріптеу бағытында, төмендегідей ойын түрлерін алған болатынымын.

«Квадрат теңдеу» тақырыбында “Зерде” ойынында мақал – мәтелдер, даналық сөздер жүргізуге болады. Оның ішінде екі сан есім квадрат теңдеудің түбірі, яғни Виет теоремасына кері теоремасы бойынша квадрат теңдеу құру керек.

1. $x^2 - 11x + 10 = 0 / x_1 = 1; x_2 = 10$

Бір тал кессең, (он тал ек).

2. $x^2 - 8x + 7 = 0 / x_1 = 1; x_2 = 7$

Жеті рет өлшеп (бір рет кес).

3. $x^2 - 9x + 8 = 0 / x_1 = 1; x_2 = 8$

Жігіт сегіз қырлы (бір сырлы).

4. $x^2 - 70x + 1200 = 0 / x_1 = 7; x_2 = 7$

Жеті жұрттың тілін біл (жеті түрлі білім ал)

5. $x^2 - 10x + 24 = 0 / D = 4 x_1 = 6; x_2 = 4$

Алтау ала болса, ауыздағы кетеді (төртеу түгел болса, төбедегі жетеді).

6. $x^2 - 1001x + 1000 = 0 / D = 998001 x_1 = 1; x_2 = 1000$

Білімді мыңды жығады (білекті бірді жығады).

Санға қатысты жұмбақтар:

1. Бес, он,

Жиырма, елу,
 Жүз, екі жүз, бес жүз, мың бар.
 Әрқайсысының құны бар. (Теңгелер)
 2. 100 мүйізі бар
 Үстінде киізі бар. (Киіз үй)
 3. Бұлбұлдың 2 құлақ, 1 басы бар
 Салдыраған 8 жерден таңбасы бар.
 Бұлбұлды жолға салып айдағанда,
 Салатын неше түрлі жорғасы бар. (Домбыра)
 Математикалық сандармен берілген мақал – мәтелдер:
 Ел құлағы – елу.
 Елу жылда – ел жаңа.
 Бір күн дәм татқанға қырық күн сәлем бер.

Халық педагогикасының тағылымдарын математика сабақтарында қолдану – оның білімдік және тәрбиелік мақсаттарын жүзеге асырумен қатар халқымыздың салт – дәстүрін қастерлеп, оқушыларды ұлттық мақтаныш рухында тәрбиелеуде зор мәні бар.

5 сыныпта бөлшек тақырыбын өткен уақытта бөлшектің негізгі ұғымын біздің ата бабаларымыз өте ерте кезден бері қолданғаны туралы айта кеткен жөн, яғни қазақтың төрт түлігі он екі жілікке, төрт аяқ бөлінген. Бір жілікті – $1/12$ бөлік, бір аяқты $3/12=1/4$ бөлік.

Ет мүшелеу дегеніміз – сойылған малдың етін жілік – жілігімен бөлшектеу. Малдың төрт аяғындағы 12 жіліктегі жамбас, ортан жілік, тоқпан жілік, кәрі жілік, жауырын сүйектеріне орай ет мүшелегенде осы жіліктерді буын – буыны бойынша ажыратып жіліктейді: жамбас – 2, ортан жілік – 2, асықты жілік – 2, бел омыртқа – 1, сүбе қабырға – 2, (сүбемен бірге бүйректен жоғары 5 қабырға кетеді), қабырға – 2, төс – 1, омыртқа – 1, жауырын – 2, тоқпан жілік – 2, кәрі жілік – 2, бұғана – 1, мойын – 1 етіп бөледі.

Ұлттық құндылықтардың бірі халықтық есептер.

Табақ тарту есебі: Тәттібек дейтін кісінің үйіне қонақ келді. Шайдан соң қонақтарға табақ тарту кезінде Тәттібек жұбайына келіп, «Екеу ара табақ тартсаң, онда бір табақ ет артылып қалады, не істеу керек» деген екен. Сонда қонақ қанша? табақ қанша?

Шешуі: X қонақ, Y табақ

$$3y - 3 = 2y + 2$$

$$3y - 2y = 3 + 2$$

$$y = 5$$

$$x = 2y + 2 = 2 * 5 + 2 = 12$$

Жауабы: 12 қонақ, 5 табақ.

Шәкәрім мұрасы математикалық жұмбақтарын өзімнің сабақтарымда жие қолданамын.

Тоғыз жиылып бір толғатқан
 Бірін бірі буазғыз жуандатқан
 Тоғызының киімі тоғыз түрлі

Келген кісі сияқты әр тараптан...

Ал, балалар бұл не?

(математикалық цифрлар)

Тамам сөзді сөйлейді сөйле десе,

Етінен ет кесемін сөйлемесе

Айт демес, айтпайтұғын жауабы жоқ.

Сүйгенімді сөйлеттім әлденеше.

(қарындаш)

Оқушыларға тек пәндік білім, білік дағдыларын меңгертпей ұлттық құндылықтардың тәрбиелік мақсатын түсіндіре отырып сабақтарда қолдану қажет.

Бәйтерек монументінің шармен қосқандағы биіктігі 105 метр, шарсыз биіктігі 97 метр. Осы сандарды пайдаланып дұрыс бөлшек, бұрыс бөлшек және аралас сандарды жазыңдар.

Киіз үйдің биіктігі 4м 20см. Бұл оның керегесінің, уық бөлігінің және шаңырағының биіктіктерінің қосындысына тең. Оның керегесінің биіктігі 1м 60см, уық бөлігінің биіктігі 2м. Шаңырағының биіктігі киіз үй биіктігінің қандай бөлігін құрайды.

Домбыраны координаталық сәуле бойына орналастырғанда домбыраның тиегіне (А нүктесіне), мойнына (В нүктесіне) және құлағына (С нүктесіне) қандай бөлшектер сәйкес келеді. А, В және С нүктелерін координаталарымен жазыңдар. Домбыраның басы(құлағы) $\frac{1}{10}$ м, мойны $\frac{1}{2}$ м, шанағы $\frac{2}{5}$ м. Домбыраның ұзындығы неше метр. Сандықтың биіктігі 50см. Ұзындығы 1м 50см, ені 55см. Сандықтың көлемін және ауданын тауып, оларды бұрыс және дұрыс бөлшек түрінде жазыңдар.

6 сыныпта өстік симметрия тақырыбын өткенде үй жиһаздарына бедерлеп салынатын ою өрнектер түзуге қатысты симметриялы түрде салынатынын айтып кеткен жөн.

Бабаларымыз ошақпен мосыны жасауда және пайдалануда «бір түзу бойында жатпайтын үш нүкте арқылы жазықтық жүргізуге болады және ол біреу болады» деген заңдылықты тұрмыста шебер пайдалана білген. Конус тақырыбын түсіндіргенде қазақ қыздарының басына киетін сәукеле ер адамдардың басына киетін тақияны айтып кеткен жөн.

Халқымыздың осындай асыл тәрбиелік мұраларын күнделікті сабақ мазмұнымен байланыстыра оқушыларға жеткізіп отыру жас ұрпақтың таным дүниесін кеңейтіп, ұлттық тәлім береді. Халқымыздың маңдайына біткен ұлттық құндылықтарымызды сонау өткен ғасырлардан өшпес мұра болып қалыптасып келе жатқан дархан халқымыздың таратқан үлгі насихаты асыл мұраларымызды дәріптеп, білімге ден қойып көп ізденіс жасамайынша оқыту мен тәрбиені бірге ұштастырып ықпалдастыру мүмкін болмайды.

Еліміздің тұғырын берік ұстап тұра алатын, оны одан әрі дамытып көркейтетін ұрпақ даярлау ұстаздардың ең басты мақсаты.

Қорыта айтқанда, бүгінгі күнде жастарды әдепті де саналы етіп тәрбиелеу үшін ең алдымен тәрбие ережелеріне сүйене отырып, ұлттық дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды, дінімізді, ата-бабаларымыздан қалған насихат-мұраларды жастардың санасына сіңіре білуіміз қажет. Тәрбиенің көзі ата-бабамыздан қалған мұралар мен дана сөздер десек, біз соларды насихаттайтын жүргізушіміз. Бүкіл қоғам болып қолға алып, мәдениетті, тәрбиелі болып жүруді әрқайсысымыз өзімізден бастасақ, жас ұрпақтың тәрбиесі де өз жемісін берері анық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ш.Елеукенов, Замандас парасаты. Әдеби сын. Алматы: Санат, 1977 ж.
2. Ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудағы сынып жетекшінің орны.
3. Бастауыш мектеп журналы/ республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журнал/ №7, 2007.
4. Сынып жетекшінің анықтамалығы/ №1(01) 2009.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР - ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНІҢ БАСТАУЫ

КОНКАЕВА ОРЫНГУЛЬ БАТЫРГАЛИЕВНА

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы

Атырау облысы бойынша ПҚБАИ

«Білім беру процесін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу»

кафедрасының аға оқытушысы, магистр

Қазақ халқының ұлттық тәрбиесі—ең құнды тәрбие. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының баянды тәуелсіз ел болуы үшін ұлттық құндылықтар тәрбие арқылы халық педагогикасынан нәр алып, адами құндылықтардың барлық саласын бойына сіңірген, таза елжанды азаматтар қажет. Ең өзектісі: қазақ елі үшін бар білімі мен қабілетін сарып ететін, елін, туып-өскен жерін, тілін, халқының салт-дәстүрін, тарихын, дінін, мәдениетін құрметтейтін болашақ ұрпақты тәрбиелеу. Бүгінгі ұрпағымызды бірнеше ғасырлардан жинақталған ата - бабамыздың мол мұрасымен, ұлттық құндылықтарымен сусындату - біздің басты парызымыз.

Ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу дегеніміз - халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған тәжірибесі мен ізгілік қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру. Бүгінгі таңда жаһандану үрдісі жүріп жатқан жағдайда ұлттық мүдде, ұлттық тәрбие, ұлттық құндылық, ұлттық рухымызды сақтап қалу - алдымызда тұрған үлкен міндет. Осыған сәйкес, «Ұлттық құндылықтар» дегеніміз не? Қарапайым тілмен айтқанда, ұлттық құндылықтар белгілі бір ұлтқа, ұлт азаматына тән зат, адами қадір - қасиет, яғни ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар.

Кез - келген ұлттың сипаты бес қағидаға келіп тіреледі. Біріншісі – тілі, екіншісі – діні, үшіншісі - дәстүрі, төртіншісі – тарихы, бесінші - атамекені.

Қатардағы жеке тұлғаны нағыз толыққанды тұлғаға айналдыру үшін ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие берудің маңызы зор.

Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін: - жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту, ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт - дәстүрін білу, рухани - мәдени мұраларды қастерлеу, жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерді қалыптыру сияқты міндеттерді орындағанда ғана біз мақсатқа жете аламыз.

Рухы асқақ, іргесі берік ел боламыз десек, ұрпақ тәрбиесі мен оның алатын біліміне сергек қарауымыз қажет. Бұл жөнінде Абай атамыз: «Балаға мінез үш адамнан жұғады: бірінші – ата-анасынан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі–құрбысынан»,–деген екен. Ұлттық тәрбие атауын алғаш педагогикалық оқулықтарға енгізген М.Жұмабаев «Педагогика» еңбегінде былай дейді: «Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет ететін болғандықтан, әрбір тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» деген.

Ұлттық тәрбие барысында ұлттық сананы қалыптастыру ең маңызды шарттардың бірі десек қателеспейміз. Қазіргі жаһандану кезіндегі Батыс өркениетінен алатын да, қажетсінбейтін дүниелер де жеткілікті. Алатын тұстарымыз қатарына батыстың технологиялық жетістіктерін, экономикалық өндірісті ұйымдастыру тәжірибелері мен ғылыми-техникалық мәдениетін атауымызға болады. Батыстың технологиялық жаңалығына ұмтылу, экономикалық өндірісті ұйымдастырудағы жетістіктерін игеру–қажеттілік те, бүгінгі күнде рухани тапшылыққа айналып отырған адамгершілік, бауырмалдық, әдептілік, тәрбиелік мазмұн іздеу – қателік. Батыс өркениетінде бұл тұрғыдағы ұстаным мүлдем басқа, олар мәдени құндылықтарды тауар ретінде қабылдайды, сатып пайда табу жолын қарастырады. Бізге дауылға міз бақпай қасқайып қарап тұратын тамыры ұлт рухына терең бойлаған мәуелі бәйтерек қажет. Олай дейтінім, қазақтың айтулы қоғам қайраткері Мұстафа Шоқай :«Ұлттық мәдениеттен жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды». Яғни елдің туын көтеріп, тәуелсіздік талаптарын орындау ісіне батыл бетбұрыс жасаған бүгінгі таңда адамзаттық игіліктерді, халқымыздың ғасырлар бойы армандаған мәдени-рухани мұрағаттары мен ұлттық тәлім-тәрбие саласындағы, білім жүйесіндегі ізденістерін көрсету–бүгінгі күннің өзекті мәселесі деген болатын.

А. Байтұрсынов ағамыз «Біз әрқашанда білімге ұмтыламыз. Негізінде ең бірінші тәлімге ұмтылуымыз керек. Бізге тәлімді рух, тәрбиелі білім қажет, тәрбиелі білімдар. Міне адам! Міне тұлға!» деп білімнен бұрын тәрбиеге көңіл аудару керектігін, тәрбиесіз адамға берілген білімнен ешқандай пайда болмайтындығын айтады. Біз осы қағидаларға сүйене отырып, ең алдымен,

таза жанды, иманды, арлы, намысты, ұлты мен ұлттық құндылықтарды сүйетін тұлға тәрбиелеуге ұмтылуымызда. Соңғы кезде еш мән-мағынасыз, сюжеті түсініксіз ұлттық металитетімізге жат құр фантастикалық кейіпкерлердің ақылға қонымсыз іс-әрекеттеріне негізделген фильмдер, мультфильмдер телеарнада тұнып тұр. Ата-ананың ұлықсатынсыз бала үйде емін-еркін оны қарайды. Телеарналарды көп қарауы-баланың сабақ оқуы мен ізденуіне кері әсер етіп, білімге деген құштарлығын төмендетеді. Уақыт өте бала білімінің тайыздығына ата-ана көз жеткізеді. Кей жағдайда ата-ана өзі баласының теледидар қарауына тілекші екендігін жасырмай «Күні бойы жұмыстамын, менің балаларымды теледидар, телефон тәрбиелейді,-» дейтіндер де жоқ емес. Күні бойы ата-ана жұмыста болғандықтан телефон арқылы «жәй» тексеріп, үйде «қамауда» өсетін баланың тағдыры не болмақшы? Қазіргі баланың бойында жақсы, жаман қылықтардың болуы, ең алдымен, отбасында берілетін тәрбиенің дұрыс болмауы, отбасындағы кикілжіңнің орын алуымен қатар мектептегі оқу – тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда жіберілген кемшіліктер, яғни жеке оқушының мінез-құлық ерекшеліктерін, ынта-ықыласын, талап-тілегін ескеріп, көңіл аудармау болып табылады.

Қазақ халқының ұл мен қыз бала тәрбиесіне үлкен жоғары талап қоятын қазақ тәрбиесінің арқауы босап, адами құндылықтар солғын тартып барады. Қазіргі қазақи тәлім-тәрбиенің кері кетуіне ата-ана мен мектеп ұстаздары кінәлі секілді. Бір қызығы, кейбір ата-аналар жастардың талғамсыз сән қуалап, батыстық үлгіде, солардың мәдениет үлгісіне еліктеуін теріс деп санамайды. Ондай ата-аналар ұлттық әдет – ғұрыптарымызды ескі деп танып, шеттен келген бізге жат әдеттерді талғамсыз қабылдауға бет алған. Адалдық, әдептілік, арды сақтау сияқты адами құндылықтардың арзандауын кейбіреулер тұрмыс күйдің төмендеуіне байланысты деп ойлайды. Қазақ елі қандай қиындықта да ашаршылық, жаугершілік кезінде де қадір - қасиетін жоғалтпаған халық екендігін өткен тарихымыз дәлелдеп отыр.

Жалпы адам баласы жарық дүниеге келген күннен бастап тәрбие бесігінде әлдиленеді. Әуелде дұрыс тәрбиеленген адам өмір бойы оқу-тоқумен жүріп, еліне, халқына адал қызымет жасап, дініне, діліне, тіліне берік болады. Адам тәрбиелеу мәселесі тек қана отбасы мен мектепте ғана емес, басқа да мекемелерде, жұмыс орындарында да қарастырылуы қажет. Еліне, жеріне, ұлтына жаны ашитын отаншыл азаматты тәрбиелеудің амалдары мен тәсілдері мектеп пен отбасында ғана шектеліп қоймай, барлық мекемелер мен ұйымдарда, кеңселерде үздіксіз мән беріліп отыруы қажет.

Қоғамның белгілі қайраткері, ақын М.Шахановтың: «Халықта ең бірінші ұлттық рух болуы керек», – дегенін әр кез есте сақтап, еліміздің жарқын болашағы үшін ұстаздар қауымы, оқушыларға салт-дәстүрлерді жай ғана үйретіп қана қоймай, олардың тәрбиелік түп-тамырын, мәнін, алтын дінгегін түсіндіре білуіміз керек. Өйткені бірінші ұлттық тәрбиенің

ошағы – отбасында, екінші – мектепте болғандықтан, ата-ана мен мектеп, яғни мұғалімдер мен жұртшылық тығыз байланыста болуы шартты нәрсе екені баршамызға аян.

Анри Барбюс: «Мектеп–жеткіншек ұрпақтың ойын қалыптастыратын шеберхана, ал болашақты қолдан шығарғың келмесе оны қолда берік ұстау керек» деген екен. Ұрпақ тәрбиесінде ежелден қалыптасқан халқымыздың жақсы дәстүрлерін оқып үйрену, өнеге тұту, жас ұрпақты ізгілікке баулу үлкен жауапкершілікті талап етеді.

Ұлтжандылық–бұл ұлттық намыс, ұлттық сана-сезім рухани байлықтан көрініс табады. Олай болса, рухани байлыққа, ең алдымен, тілімізді, дінімізді, салт - дәстүрімізді жатқызсақ, тіл – қазақ болуымыз үшін, дін - адам болуымыз үшін, салт – дәстүр - ұлт болуымыз үшін қажет. Ол елінің өткен тарихын мақтаныш тұту, жерінің байлығына, әсем көркіне сүйсіну, атадан балаға жалғасып, жақсы үрдісін тапқан ұлттық тілді құрметтеу.

Егеменді елдің азаматын тәрбиелеу жолында әр ұстаздың ең басты мақсаты - дені сау, ұлттық сана - сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениеті, парасаты, ар -ожданы мол, еңбекқор, іскер бойында игі қасиеттері бар адамды тәрбиелеу жолында оқушының көкейіне патриотизм туралы ой сала білсек, үлгі көрсетсек, онда заманға сай, отансүйгіш азамат, елге қызмет ететін ұлтжанды қайраткер тәрбиелейміз.

ҚҰНДЫЛЫҚҚА БАУЛУ: САБАҚ МАЗМҰНЫ МЕН ОРЫНДАЛАТЫН ӘРЕКЕТ АРҚЫЛЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ ДАМУ

КОНЫСОВА ЕЛИЗАВЕТА ПЕТРОВНА

Ақтөбе қаласы

«№13 орта мектеп» КММ

математика пәні мұғалімі

Қазіргі жаһандану жағдайында сапалы білімді өз ісіне машықтанған мамандар ғана мемлекетіміздің дамуын ілгерілетіп, өркениет көшінің озық қатарларында көрсете алады.

Қазіргі кезде қарым-қатынас адамзат қоғамының және жеке тұлғаның жарқын өмір сүруінің міндетті шарты десек те болады. Қарым-қатынас үлкен бір шоқтығы биік тұрған құндылық болып табылады.

Ғылыми техниканың жыл санап өрістеуі, жаңа түрлерінің ойлап шығарылуы жеке тұлғаның қарым-қатынасқа түсуіндегі өзіндік ерекшеліктерінде өзгеріске алып келді. «Адам-адам» жүйесінен «Адам-техникаға» ауысуы диалогтық қатынастың аясын тарылтты [1].

Жалпы ақпарат алмасудың негізгі екі жолы бар. Бірінші жолы–генетикалық, бұл туа біткен форма, коммуникация белгі және ритуалдар арқылы жүзеге асады. В.Даль «сигнал» француз сөзін (signum латынша «белгі») белгі ретінде атады.

Ақпарат алмасудың екінші жолын тек адамдар ғана қолданады. Әлеуметтік коммуникация белгілер жүйесі арқылы құрылады. Оның негізі ауызша және жазбаша тіл.

Әр ұлттың өзіне тән тіршілік кәсібі, тарихы мен мәдениеті бар. Ол мәдениет сөйлеу тілінен, ойлау жүйесінен айқын көрініс табады. Сондай-ақ, ұлттықмәдениет ерекшелік сол халықтың өмір сүру тәсіленен, діни-наным сеніме, әдет-ғұрпынан, салт-санасы мен дәстүрінен өзекті орын алады.

Қарым-қатынас адам дамуының қайнар көзі. Ол бірлескен іс-әрекеттегі адамдар арасындағы ақпарат алмасу, байланыс орнату және оны шешу процесі. Бірлескен іс-әрекетті тудыратын қажеттілік, ары қарай қарым-қатынасты орнату стратегиясы жоспарланады. Қарым-қатынас адамның қабілетін, дүниетанымын, рухани адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың жолы. Тұлға әрекетінің негізгі түрлері осы қарым-қатынас арқылы дамып жетіліп жүзеге асады. Өзге адамдармен қарым-қатынаста бола отырып, адамзат жинаған білімді, оның тәжірибесін, заңдары мен нормаларын құндылықтары мен әрекет ету тәсілдерін меңгеру арқылы оқушы тұлға ретінде қалыптасады.

Сөйлеушінің коммуникативтік құзыреттілігі жағдайға сай мақсатты толығымен жүзеге асыра білу қабілеттілігімен байланысты. Сондықтан коммуникативтік құзыреттілік тілдің дамуымен тікелей байланысты болып, тіл туралы білімімен анықталады. Сонымен қатар тұлғаның қарым-қатынастың вербалды емес құралдары туралы білімі мен түсінігіне, оны өзінің құрдастарымен, ересектермен қарым-қатынасында қолдана алуымен анықталады. Р.Белл құзыреттіліктің: тілдік, әлеуметтік және психофизикалық үш түрін қарастырған, яғни тілдік құзыреттілік коммуникация мүмкіндігін қамтамасыз етеді, әлеуметтік – оның мүмкіндігін қадағалайды, ал психофизикалық оның жүзеге асуына жауапты болады [2].

Мектеп мұғалімдері төмендегі қарым-қатынас түрлерін ескеруі қажет деп санаймын:

- 1) «Маскалық қарым-қатынас» – формальді қарым-қатынас, онда әңгімелесушінің жеке даралық ерекшеліктері ескерілмейді, яғни бастапқы маска қолданылады (кішіпейілділік, салмақтылық, қатысушылық және тағы басқа).
- 2) «Жабайы қарым-қатынас» – басқа адамды бөгет жасайтын объект ретінде бағалау – егер әңгімелесуші адам керек болса, қарым-қатынасқа белсенді түрде түседі, ал егер бөгет жасаса, агрессивті, ұнамсыз қылықтармен жауап береді.
- 3) Әлеуметтік-рөлдік қарым-қатынас. Қарым-қатынастың тәсілі мен мазмұны алдын-ала белгіленіп қойған және де әңгімелесуші туралы пікір оның әлеуметтік орнына қарай анықталады.
- 4) Іскерлік қарым-қатынас – онда әңгімелесушінің мінезі, жеке өзіне тән ерекшеліктері, жасы, оның көңіл күйі ескеріледі, бірақ іс мәнді болып қала береді.

5) Рухани, жеке адам аралық достық қарым-қатынас – мұнда кез-келген тақырыпта әңгімелесуге болады және тек ғана сөзбен емес, бір-бірін бет әлпеті, қозғалысы, интонациясы арқылы-ақ ұғады. Мұндай қарым-қатынас егер, қарым-қатынасқа түсушілер бір-бірінің көзқарасын, қызығушылығын жақсы білсе ғана жүзеге асады.

6) Манипулятивті қарым-қатынас – әр түрлі әдіс-тәсілдер қолдану арқылы әңгімелесушіден пайда табуға бағытталған қарым-қатынас түрі.

Коммуникативтік құзыреттілік міндетіне сөйлесудің барлық компоненттеріне тән дағдыларды және (ауызша және жазбаша тілде, сөзді таңдау тәсілдерін ұстану, көпшілік алдында сөйлеу, тақырыпқа сай сөздерді қолдана білу) талаптарды кешенді меңгертумен қатар, ауызша және жазбаша қарым-қатынасын қалыптастыру, жеке тұлғаның құзіреттілік қатысымдылығын жүзеге асыруда кіреді, өз бетіндік тапсырмаларды орындауда жоғарыда аталған коммуникативтік құзыреттілік негізінде жүзеге асырылады.

Балаларымыз күн сайын қарқынды дамып келе жатқан түрлі технологиялар арқылы тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу мүмкіндіктерін пайдалана алуы тиіс. Міне, қазіргі қазақ тілі жаңарту аясында өзгере келе, қазақ тілін оқыту бағдарламасының аясында оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым дағдыларын дамыту нәтижесінде оқушылар алған білімдері мен үйренген дағдыларын кез келген орта жағдайында қарым-қатынас үдерісінде тиімді қолдануға мүмкіндік беретін білім ала алады. Коммуникативтік құзыреттілік негізінде оқушының өз бетіндік жұмысын дамытуда маңызды орынды диалогтік қарым-қатынас алады. Өз бетіндік жұмыста оқытудың негізгі мақсаттарының бірі тапсырмаларды жеке өз күшімен орындау өз ізденісінің нәтижесінде шығармашылық белсенділік танытуда диалог негізгі құралы болып саналады. Ғылыми техниканың жыл санап өрістеуі, жаңа түрлерінің ойлап шығарылуы оқушының қарым-қатынасқа түсуінде өзіндік жұмысты орындауда ақпараттық құралдардың дамуына байланысты ерекшеліктерінде алып келді. «Адам- адам» жүйесінен «Адам-техникаға» ауысуы өз бетіндік жұмыс ауқымын кеңейтіп диалогтық адамаралық қатынастың аясын тарылтты, ал техникалық-коммуникативтік диалог арасын кеңейтті.

Оқушының кез келген іс-әрекетті орындауында тиімді нәтиже алуы, оның сол іс-әрекетке қабілеттілігінен байқалады. Осыған сәйкес А.А.Батаршев қарым-қатынас қабілеттілігі туралы өз еңбектерінде сипаттай келе, олардың ішінде ұйымдастырушылық және коммуникативтік сапалары маңызды болып табылатындығын айтты. [3]. Оқушының ұйымдастырушылық және коммуникативтік сапаларының дамуы өзге оқушытермен білімді тұлғааралық қатынас құруға, олармен бірлескен іс-әрекетте өзара тиімді ықпал етуге мүмкінді береді. Ал, бірлескен іс-әрекеттегі қарым-қатынас—субъектілердің өзара әрекеттесуі ынтымақтастықтың негізгі формасы.

Қарым-қатынас – оқушының өз құрбылары мен өзін танудың маңызды құралы [4].

Оқушының кәсіби танымдық, интеллектуалдық, өз бетіндік әрекеттерінің қалыптасуында қарым-қатынас ерекше орынға ие, тұлғаның сөйлеу әрекеті коммуникативтік процесінде дамиды, ал оқушының қарым-қатынас қабілеті кәсіби іс-әрекеттің, өз бетіндік жұмысының дамуына ықпал етеді.

Бұл бағытта қарым-қатынас процесі коммуникативті, диалогты, жүйелі болуы қажет. Онда тұлғаның дамуына арнайы ұйымдастырылған іс-әрекет арқылы тұлға тек білімді ғана игеріп қоймай, мінез-құлықтың өнегелі өлшемдерін игереді және қарым-қатынас қабілеттерін меңгереді, өзіндік бағасын жоғарылатады, сана- сезімі дамиды [5].

Сондықтан да, коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыру жеке тұлғаның дамуында маңызды роль атқаратын оқушының өз бетінше жұмысын тиімді ұйымдастыра білуге, сол арқылы материалды саналы меңгертудің жүйесін жасауға негіз болады.

Сол себепті оқу үрдісінде әңгімелесудің түрлерін: әңгіме-дебат зерттеушілік және куммлятивтік әңгіме түрлерін қолдану жолдары жан-жақты қарастырылып, топта және ұжымда жұмыс жасау қабілеттері көпшілік алдында өз ойын білдіру мүмкіндіктері терең қарастырылуы шарт.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас. Оқулық. – Алматы, 2002. – 109б.
2. Кашкин В.Б. Введение в теорию коммуникации. Воронеж: ВГУ, 2003.
3. Мунье Э. Энциклопедия современной эзотерики.
4. Ильин А.С. Реклама в коммуникационном процессе. Курс лекций /А.С.Ильин.-М.:КНОРУС, 2013.-142с.
5. Добрович А.Б. Воспитателю о психологии и психогигиене общения: Книга для учителя и родителей. — М.: Просвещение, 1987. — 205с.

РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ТӘРБИЕЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ҚАЛЕНОВА ГҮЛЖАЗИРА САПАРҒАЛИҚЫЗЫ

Атырау облысы

Махамбет ауданы

Қ.Ахмедияров атындағы орта мектебінің

бастауыш сынып мұғалімі

Қазіргі кезеңде тәуелсіз еліміздің ертеңі жастардың білімінің тереңдігімен өлшенеді. Білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ ұлтымыздың баға жетпес қазынасы.

Жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:

- оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;
- жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;
- ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеу;
- жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерін қалыптастыру.

Қазіргі мектептің оқушыларын жеке тұлға етіп қалыптастыруда адам бойындағы асыл қасиеттердің көзін ашып, оны қоғамның белсенді мүшесі етіп дайындау білім мен тәрбие және дамыту қатар жүргізілгенде ғана ұлттық құндылықтарды тасымалдаушы ретінде жеке тұлғаны қалыптастырудағы білім беру өз дәрежесінде жүзеге асады. Жастардың болашаққа деген бағыт-бағдары отбасында, мектеп қабырғасында, қоғамда, бүкіл қоршаған дүние ортасында қалыптасады. Қазіргі ғылым мен техниканың ұшқыр заманындағы озық ойлы жаңашыл білім жүйесі, жан дүниесі, болмысы ұлттық құндылықтардан нәр алған, нәр алып қана қоймай ата-бабаның рухани аманатын ертеңгі күнмен жалғастырушы, тасымалдаушы жеке тұлға болмысын қалыптастыру—бүгінгі білім жүйесіндегі алға басудың негізгі факторына айналып отыр. Ата-бабамыздан қалған ұлан-ғайыр жерді игеріп, дербес мемлекет ретінде өз билігімізді сақтай отырып, өзгеге көңіліміз жомарт халық ретінде дамып келе жатқан еркін елміз. Тарихымыздың тереңіне бойлап, бүгінде ақыл-таразысына салып баға беру, ғасырлар бойы өмір сүріп жатқан қазақ мемлекеті туралы өз пікірін ашық айта да, жеткізе де білетін жеке тұлға тәрбиелеу біздің басты парызымыз және міндетіміз. Оқушыларды Отанды сүюге, адалдыққа, адами тазалыққа, ізгілікке, имандылық пен инабаттылыққа, салт-дәстүрді құрметтеуге үйрете білу-әрбір ұстаздың абыройлы парызы. Бүгінгі мектептің басты міндеті - өзіндік ой-көзқарасын ашық айта алатын, өмірге бейім тұлға қалыптастыру болса, оған мұғалімнің шәкіртіне деген сүйіспеншілігі, оны тұлға ретінде бағалауы баланың адамдық қасиеттерінің дамуына басты кепіл бола алады. Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін ұлттық тілімізді, дінімізді, мұра-мұрағаттарымызды, ата-бабаларымыздан қалған өсиеттерді, нақыл сөздерді білім беру барысында пайдалану керек. Ұлы ғұлама Махмұд Қашқаридың «Тәрбие басы—тіл» дегенін еске алсақ, ол – халқымыздың өмірі, әдет-ғұрпы, ойлау жүйесі, тарихы. Сол себепті жаңа буынға ұлттық тәлім-тәрбие беру үшін ең бірінші ұлттық тілді дамыту қажет. Халқымыздың мәдени мұрасын таныту арқылы әлемдік мәдениетке

жетеміз. Өйткені, ұлт болашағы мен ұлт өкілінің тағдыры бір-бірімен тығыз байланысты, бір-біріне тәуелді. Жеке тұлға өзін ұлттың ажырамас бөлшегі ретінде сезіне отырып, өз халқының тарихын, ұлттық құндылықтарды, халықтың әлемдік мәдениет қазынасына қосқан үлесін бағалап, оның дамуына ықпал етеді. Ұлттық сана сезімнің дамуы индивидтің өз ырымдарын, дәстүрлерін, этникалық тамырын білуімен байланысқан, сонымен бірге осы үдерісте адамгершілік жалпыадамзаттық құндылықтарды тану маңызды. Ұлттық құндылықтар – олардың тарихи өзіндік ерекшелігі Отан, тіл, тарих, өнер, әдебиет және тағы басқалар сияқты көрініс тапқан қандай да бір этностық қауымдастық өкілдерінің рухани идеяларының жиынтығы. Әр ұлттың дүниетанымы, ойлау түрі, темпераменті, ұлттық санасы белгілі бір жолмен үйлеседі. Қазіргі уақытта бүкіл оқу-тәрбие жүйесі халықтық педагогикаға негізделіп қайта құрылып жатқанда, ұмыт қалған салт-дәстүр, ұлттық ерекшелігімізді насихаттау, баланың ауызекі сөйлеу тілін дамытып, олардың бойында ұлттық психологияны қалыптастыру-әрбір ұстаздың міндеті. Халық педагогикасы – қазақ халқының ұлттық тәжірибелері мен тағылымдарының мол қазынасы. Сондықтан оқушылардың ой-өрісін, биік адамгершілік тұлғасын қалыптастыруға көп көмегін тигізеді.

Халықтық тәлім-тәрбиенің басты ерекшелігі өмірмен тығыз байланыстылығында. Ата-бабаларымыздың жақсы дәстүрін шәкірттер бойына дарыту үшін мақал-мәтелдерді, шешендік сөздерді, аңыз әңгімелерді, ұлылардың айтқан даналық сөздерін ұрпақ санасына сіңіру.

Егеменді еліміздің ертеңі жас ұрпақты әдепті, адамгершілігі жоғары болып өссін десек, ұлттық тәрбие тағылымын басшылыққа алып, халқымыздың рухани байлығын бүгінгі күн талабымен ұштастыра білсек ғана ұлттық тәрбиенің берері көп. Ұлттық тәрбиенің негізгі түйіні – адамгершілік пен имандылық, ақыл-ой мен еңбек, эстетика мен этика, дене тәрбиесі мен шеберлік, отбасы тәрбиесі мен ұқыптылық, қайырымдылық пен әділеттілік сияқты ізгі қасиеттерді бала бойына сіңіруге бағытталған. Ұлттық тәрбие баланың жас кезінен көпшіл, ынтымақшыл, сый-құрмет көрсете білетін өнегелі адам болуын көздеген. Қазақ халқының ұлттық тәрбиесі өзіндік ерекшелігі бар мектеп. Жастарымызды ұлтын сүйетін ұлтжанды, Отанын сүйетін патриот, ұлттық рухы биік парасатты, адамгершілік қасиеттері қалыптасқан азамат етіп тәрбиелеу үшін оларға мектеп, ата-ана, қоғам бірлесе отырып этнопедагогика негізінде сапалы тәрбие беру қажет. Ұлттық тәлім-тәрбие берудің нәтижелілігі мұғалімнің педагогикалық қызметінің дәрежесімен айқындалады. Сондықтан мектеп оқушыларына сыныптан тыс жұмыстарда халықтың ғасырлар бойы жинақталған тәлім-тәрбие тәжірибесін тиімді пайдалану мәселесі басты назарда алынады. Сыныптан тыс ұлттық тәрбие беру жұмыстары әртүрлі формалар арқылы іске енгізіледі, сонымен қатар педагогикалық шарттардың орындалуын талап етеді. Сыныптан тыс жұмыстарды іске енгізу үшін әр бала тәрбиешісінің өзіндік әдіс-тәсілдері болады және ол жұмыстардың

түрлі формаларын қарастырады. Мысалы, әңгімелесу, сұхбаттасу, диспут, дебат, байқау, шоу, викториналар, ойындар т.б. Сабақтан тыс әртарапты әрекет баланың сабақта мүмкін болмайтын жан-жақты дара қабілетін ашуға ықпал етеді. Сабақтан тыс ұлттық тәрбие беру жұмысының түрімен айналысу баланың жеке әлеуметтік тәжірибесін жандандырып, жетілдіреді,оның адамгершілік құндылықтарына негізделген білімдерін байытып, қажетті практикалық іскерлігі мен дағдысын қалыптастырады. Ұлттық тәрбие беру мақсаты – оқушылардың бойында адамгершілік, Отансүйгіштік, елжандылық, имандылық қасиеттерін қалыптастыра отырып, болашақта еліміздің тізгінін ұстайтын жастарды тәрбиелеп шығару.

Халық педагогикасы–ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүрдің өзегі, алтын діңгегі, халықтың ең озық тәжірибесі. Ол ғасырлар бойы жинақталғансан алуан іс-тәжірибелер мен ой-пікірлер негізінде қалыптасты. Оның мұралары уақыт талабы мен өмірге қайта оралып, мектептің оқу-тәрбие жұмыстарында кең қолданылуда. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Қазақ халқының мәдениеті мен дәстүр-салтын оқып үйрену үшін жағдайлар жасау бірінші кезектегі міндеттердің бірі» деп атап көрсетілген.

Халқымыздың ұлттық педагогикасының ұрпақ тәрбиесінде алатын орны ерекше. Ерекшелігі сол: жас жеткіншектерді есті, адал, еңбекқор, парасатты болсын деген үмітпен ата-баба тәлім-тәрбиесін әрқашан мұра тұтып келген және оны талап етіп отырған.

Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:

- Оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;
- Жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет,сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;
- Ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларын қастерлеу;
- Жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерін қалыптастыру.
- Халқымыздың маңдайына біткен ұлттық құндылықтарымызды оқушылардың бойына сіңіріп, ұлттық мәдениетімізді әлемдік деңгейдегі мәдениетке жеткізіп сақтауға деген патриоттық сезімді қалыптастыру.

Сондықтан келешек ұрпақты ұлттық, халықтық тұрғыдан тәрбиелеу қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Білім 2014. №5, №8
2. Білімдегі жаңалықтар 2015. №3. №9
3. Бастауыш білім негізі 2016. №4
4. Қазақстан мектебі 2018. №2

ЖАС ҰРПАҚТЫ ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА ТӘРБИЕЛЕУ

ҚАЛЕНОВА ГУЛЬЗАХИРА САПАРҒАЛИҚЫЗЫ

*«Өрлеу»БАҰО»АҚ филиалы Атырау облысы бойынша ПҚБАИ,
«Білім беру процесін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу»
кафедрасының курстан кейінгі қолдау және инновацияларды енгізу
зертханасының меңгерушісі, магистр*

Өмірге енді ғана келген сәбидің еститіні – ананың үні, көретіні – ата-анасының қарым-қатынасы, сондықтан баланың өміріндегі, қалыптасуындағы отбасының орнын ештеңе айырбастай алмайды.

Атасы мен әжесінің «айналайынынан» нәр алып, әкесі мен анасының мейірімін сезініп жетілген баланың иманды, көргенді, көпшіл болып өсетіні анық. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деп бабаларымыз текке айтпаған, ананың сүтімен, әкенің қанымен бойға сіңген қасиет жеткіншектің алдағы өмірінің бағдаршамындай болады.

Ұлттық құндылықтардың бастауы – отбасы. Әке – отбасының тірегі болса, ана – берекесі. Көзін ашқаннан көргені мен естігені бала жадында тасқа басқан хаттай жазылып қала беретіні анық. Бақытын баладан іздейтін ата-ана «не ексе; соны оратынын» біліп, өзінің әрбір сөзі мен әрекетіне мән берген. Қазақта «уызына жарымаған» деген сөз бар. Алғашқы сүт – уызды тойып ембеген қозының ет алып, оңалуы қандай қиын болса, отбасынан оңды тәрбие алмаған баланың дұрыс өсіп-жетілуі сондай қиын. Отбасылық, ағайындық, туыстық қарым-қатынастарды үйрететін, қазақ шаңырағына ғана тән, жазылмаған қағидалар – әдептілікке тәрбиелеудің үлкен мектебі.

Әйел–табиғатынан адалдық пен мейірімнің бұлағы. Ол – осындай ізгі қасиеттерімен тектіліктің, ізгіліктің үлгісі, сондықтан әйелдерге қойылатын талап қашан да жоғары. «Алып анадан, арғымақ биеден туады» дейді халқымыз. Бала тәрбиесіндегі әкенің орнын төмендетуден аулақпын, дегенмен жасөспірімнің өсіп-қалыптасуында ананың атқаратын міндеті – қисапсыз. Тіпті әкесінің кемшіліктерін де балаларына білдірмей, оны мінсіз тұлға етіп, жаманын жасырып, жақсысын асырып көрсету арқылы тамаша ұрпақ тәрбиелеген қазақтың айтулы аналарының парасаттылығына тәнті боласың.

Аналарынан үйреген өнегені өз балаларына, немерелеріне үйретіп, дәстүрді сабақтастыру арқылы алтын көпір болу – ұрпағының келешегін ойлайтын әрбір қазақ әйелінің міндеті. Көкірек көзі ашық, парасат-пайымы терең, ақылдың кені аналарымыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған, «айналайынымен» санамызға сіңген, биязы да жұмсақ үнімен жүрегімізге орныққан ақыл-кеңестері өмір қиындықтарынан сүріндірмей, бізді тек алға жетеледі. «Көретін–қызығым, жейтін – жемісім, атар таңым – сендер», – деген ананың үкілі үмітін арқалаған перзенттің бөтен ойы, жаман пиғылы болуы мүмкін емес... «Ел сендерге қарап, бізге баға береді», – деу арқылы иығымызға үлкен жауапкершілік артып, сенімді ақтауға ұмтылдырды.

«Ұлтыңды тәрбиелеймін десең, қызыңды тәрбиеле» деп қазақ текке айтпайды, өйткені бүгінгі–ару, ертеңі–ана. Әйел-ана–жақсы болса, бір әулеттің шамшырағы, жаман болса қасіреті. Ағайынның арасын жақындатып, ерінің мерейін үстем етіп жүретін әйелдің ұлтпайтын ұрпақ тәрбиелейтіні де шүбәсіз.

Қазақтың ұлттық тәрбиесінің айнасындай халықтық педагогика мұралары–тұнып тұрған даналық пен ақылдың кені. Ақылгөй абыз бабаларымыз көз көріп, көңіл қаныққан өмір сабақтарын екі ауыз сөздің аясына сыйғызып, түйінді оймен қалдырып кеткен. Тек соны көретін қырағы көз, ұғатын сарабал сана болса болғаны. Ата-бабаларымыздан бастау алып, сан ғасырлар бойы адамгершілік пен ізгілікті дәріптеген қазақтың ұлттық дәстүрлері келешек ұрпақ үшін де рухани азық болып қала берері хақ. Себебі шынайы шындық пен иманға негізделген құндылықтар еш уақытта құнын жоймай, жасампаз бола береді. Ол үшін рухани бұлақтың бітеліп қалуына жол бермей, «қолымызды мезгілінен кеш сермемей», ұрпақтарымызды сол «бұлақ суынан» қанып ішуге жағдай жасауымыз керек.

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ МАҚАЛАСЫНЫҢ БАТЫРЛЫҚ ЖЫРЛАРМЕН БАЙЛАНЫСЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ РӨЛІ

ҚАЛНИЯЗОВА ЖАНГҮЛ БЕКТАСҚЫЗЫ

Атырау қаласы

*Т. Амандосов атындағы орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі*

Тұңғыш елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жалғасы болып табылатын "Ұлы даланың жеті қыры" бағдарламалық мақаласы Қазақстан халқының ықыласына бөленгені мәлім. Өз елінің ұлттық дәстүрі мен тарихы, мәдениетіне құрметпен қарау– кез-келген тәрбиенің негізі болып табылады. Мұндай тәрбиенің басын білім ордасы, мектептен басталатыны белгілі.

Ұлы далада өмір сүріп отырған бүгінгі жастар, яғни оқушылар өткен тарихтағы өр тұлғалардың ұрпағы екендігін мақтанышпен айтуы тиіс. Ұлт ретінде сақталу жолында бұл мақала құнды құжат әрі ұлттық кодты сақтаудың механизмі болмақ.

"Ұлы даланың жеті қыры" бағдарламалық мақаласында аталған тарихымыздағы жеті ерекшелік туралы ойларда тарихи мұрамыздың мол екеніне мән беріліп отыр. Уақыт тұрғысынан айтылып отырған мәдени жетістіктеріміз қазақ халқының ұлт болып қалыптасуына ықпал етті және олардың осы Ұлы Дала елінде пайда болғаны анық

Осының бәрі, әсіресе, оның ішінде тарихи жәдігерлер, өз уақытындағы өркениетті дамудың негізгі қозғаушы күші болғанын және технологиялық дамуға айтарлықтай септігін тигізген дәлелдер мақалада жан-жақты айтылған. Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің негізгі бағдарлы идеялары еліміздің тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2030» халыққа жолдауында былай деп жазылған: «Толық өркениетті ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылғанымыз жөн». Сонымен бірге, «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында да: «Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады деп сенемін. Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту-еліміздің табысты болуының кепілі дегеніміз осы» [1] деп келтірген сөздерінен ұлт болашағы- жастарға ұлттық тәрбие берілу керектігі міндеттеліп отыр. Осы ұлы даланың жеті қырының элементтері көне эпостарымызда, батырлар жырында, қаншалықты көрініс тапқанын зерделеп көрейік.

Батырлар жырларының ішінде мектеп бағдарламасында өтілетіндері «Алпамыс батыр» жыры мен «Қобыланды батыр» жыры. «Алпамыс батыр» жыры-қазақ халқының қаһармандық эпосы. «Алпамыс батыр» жырында түрік қағандығы дәуіріндегі (Ү-ҮІІғ.) азаттық үшін күрестің сарындарынан бастап, ХҮІІ-ХҮІІІ ғасыр аралығын қамтып, қалмақ шапқыншылығына қарсы қаһармандық ұрыстардың нақтылы елестері де сезіліп отырады. [4] Ал «Қобыланды батыр» жыры-тайпалық эпос түрінде туып, бірте-бірте жалпыхалықтық жырға айналған. Жырдың туу кезеңі шамамен ХІІІ -ХҮғ. Жаһандану заманында ұлттық руханиятты сақтап қалуда екі жырдың да маңызы зор. Сонымен, Ұлы даланың жеті қыры бағдарламалық мақаласында атап көрсетілген қазақ тегінің ұлылығын танытатын қырларын батырлар жырынан саралай келе, мына қырларының айқын көрініс табатынын байқаймыз:

1. Атқа міну мәдениеті

Көшпенді қоғамның негізгі қозғаушы күші -ол батырлар мінген тұлпарлары. Алпамыс батырдың Байшұбар аты, Қобыландының Тайбурылы да өз батырларының батырлық күшін толықтыра түседі.

2. Ұлы даладағы ежелгі металлургия

Батырлар ұстаған қару-жарақтары мен ат әбзелдері, киім-кешектері – жойқын жорықтарындағы басты қалқандары.

3. Дала фольклоры мен музыкасы

Батырлар жырында көрініс тапқан салт-дәстүрлер мен наным-сенімдер, кейіпкерлер дүниетанымы

Эпостық жырлардағы атқа міну мәдениеті

Жоғарыда аталған Ұлы даланың жеті қырының эпостық жырларда өте жиі кездесетін түрі деп жылқы жануарын атауға болады. Сан ғасырлық тарихи оқиғаларды батырлардың сенімді серігі, айшылық алыс жолда таптырмас көлігіне айналған жылқы жануарын бабаларымыздың өздері қолға үйреткендігі - біз үшін үлкен жаналық, зор мақтаныш. «Ту ұстаған

салт атты жауынгердің бейнесі-батырлар заманының ең танымал эмблемасы, сонымен қатар, атты әскердің пайда болуына байланысты қалыптасқан көшпенділер әлемі "мәдени кодының" айрықша элементі.

Жылқыны қолға үйрету арқылы біздің бабаларымыз өз дәуірінде адам айтқысыз үстемдікке ие болды. Ал жаһандық ауқымда алсақ, шаруашылық пен әскери саладағы теңдессіз революцияға жол ашты. Жылқының қолға үйретілуі атқа міну мәдениетінің де негізін қалады. Бес қаруын асынған салт атты сарбаз айбарлы көшпенділер империялары тарих сахнасына шыққан дәуірдің символына айналды» [1] Мақаладан келтірген үзіндіден байқағанымыздай, жылқы жануарын қолға үйрету арқылы бабаларымыздың уақыттың ұзақтығы мен жол қашықтығын ғана үнемдеп қоймай, жануар батырдың жойқын күшке айналуына да себепкер болады. Сондықтан эпостық жырлардағы батырларымыз ат жалын тартып мінісімен-ақ өздеріне лайық ат іздейді. «Алпамыс батыр» жырындағы мына үзіндіде:

Баяғы көрген Байшұбар
«Мені ұста», - деп жануар,
Көлденең тартып тұрады.
«Мінбеймін», - деп Алпамыс
Жүгенмен басқа ұрады,
Жүгенде деп басымды
Жүгенге мойнын бұрады,
Ашуланып Алпамыс
Жүгенімен басқа ұрды.
Елемеді оны да
Қарсы алдынан тақ тұрды.
Ашуланып Алпамыс
Құйрықтан алып лақтырды.
Жығылмады онымен

Тақыр жерге тақ тұрды... [2] Мұнда Алпамыс батыр алғашында Байшұбарды өзіне лайық санамай, қанша сынап, зәбірлесе де Байшұбардың мықтылығына көзі жеткеннен кейін ғана өзіне серік етеді. Осы секілді мысалды «Қобыланды батыр» жырынан да келтіруге болады:

Аршын басты Бурылы,
Қабырғада қанаты,
Сұлтанымның жан аты.
Күн түсірмей көзіне,
Жел тигізбей өзіне,
Үстіне шатыр тіккізді.
Бурылға қыз Құртқа
Түндікпенен күн берді,
Түтікпенен су берді,

Дәрілеген жем берді. [2] Бұл үзіндіде де қыз Құртқа Қобыландыдай сұлтанына Бурыл құлынды сай көріп, құлын кезінен бастап дайындайды.

Тағы бір байқауға болатыны, жарысқа лайық деген атты 2-3 ай, әрі кетсе, бір жыл жарататын болса, эпостық жырларда батырға лайық атты құлын кезінен бастайды. Осылай жаратқан аттары өсе келе жойқын күш иесіне, киелі тұлпарға айналатынына мына үзінділер дәлел болмақ:

Аманбайдың ақ тікен,
Асып Бурыл жөнелді.
Қарсы келген қабақтан.
Қарғып басып жөнелді.
Сеңгір -сеңгір таулардан
Секіре басып жөнелді.
Ол төбе мен бұл төбе,
Бауыры шұбар қол табыс
Онан да өтіп жөнелді. [2]

Халқымыздың тарихында еліне қорған болған батырлардың сүйікті тұлпарлары осындай қасиеттерімен батырларымыздың айнымас серігіне айналып, тұлпарлары олармен қатар аталып келеді.

Жас ұрпақтың жігерін жанып, асыл сезімдерін ұштауға батырлар жырының тигізетін ықпалы шексіз. Оған жоғарыда келтірілген мысалдар дәлел. Ауыз әдебиетінің жүгі мол, кең өрісті саласы – батырлар жырының жс ұрпақты ұлттық құндылықтарға баулудағы ықпалы орасан зор. Белгілі әдебиетші ғалым Ә.Қоңыратбаев:«Ел,халық санасымен жасалған «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Ер Тарғын», «Қамбат батыр» сияқты батырлар жырында ел тәуелсіздігін сыртқы жаулардан қорғау сарыны үстем» деген. [3] Шынында да, батырлар жырында отансүйгіштікті ардақтап, парасаттық, адамгершілік сияқты асыл қасиеттерді ардақтаған. Осындай ұлы қасиеттерді бойына жинаған батырларымыздың қасындағы серігі аты, алмас қылышы, дүниеге келуінің өзі ерекше болуы хақ.

Ұлы даладағы ежелгі металлургия Қазақстан аумағында өмір сүрген түркі тайпалары ойлап тапқан тағы бір технологиялық жаңалық - батырлар ұстаған қару-қылыш. Оның оқтай түзу немесе иілген жүзі - ерекше белгісі. Бұл қару ең маңызды әрі кең таралған соғыс құралына айналды. Мұндай қару-жарақ түрлерін эпостық жырлардағы батырларымыз да кеңінен қолданған. Мәселен, "Алпамыс батыр» жырында:

Дәуіт соққан жалаңқат.

Асынғаны жанына

Қынабының сабы алтын,

Үстар жері сары алтын, - деген жолдарда батырға лайықты қару-жарағы сипатталса, «Қобыланды батыр» жырында:

Тобылғы атқа ер салды

Ақ алмасты қолға алды,

Өзіне өлшеп Бурылдың

Алтыннан тұрман қақтатты.

Құртқа сұлу батырға

Қарағай найза саптатты.

Алмас қылыш соқтырып,
Күмістен қынын шақтатты
Немесе:
Үстіне сауыт кигізді,
Жанына байлап болатты,
Беліне садақ ілгізді-деген жолдары заманындағы ұсталарға қару-жарақтың түрлері мен тұлпарға лайық ер-тұрман соқтыратындығына нақты дәлел бола алады.

Міне, Еуразия көшпенділерінің айрықша маңызды әскери жаңалығына баланған "мұздай темір құрсанған» батырлық жырларда осылай бейнеленеді.

Дала фольклоры мен музыкасы

Мақалада көрсетілген бұл тұсқа мысал ретінде батырлық жырлардағы ислам дінімен тараған түрлі наным-сенімдерді келтіруге болады. Алпамыс пен Қобыланды батырдың дүниеге келмес бұрынғы ата-анасының түс көруі, оларға аян беру, батырлардың тылсым күш иелерінің арқасында қорғаныста болуы секілді мысалдар мол кездеседі.

«Қазақ фольклорынан ежелгі көшпелі тайпалардың ежелгі наным-сенімдері басты орын алады... Бір жағынан, көк тәңіріні, отты қастерлеу, екінші жағынан, киелі күш ретінде адамды (өлі, тірі аруақты) қасиет тұтып, аталар культіне сыйыну-ру қоғамына тән құбылыс... Бұл ұғымдардың басым көпшілігі қазақ эпосынан мол орын алған» - деп дәйектейді фольклортанушы ғалым Ә. Қоңыратбаев. [3]

Мысалы, «Қобыланды батыр» [2] жырында:

Әулие қоймай қыдырып,
Етегін шеңгел сыдырып,
Жеті пірге танысқан.
Әулиеге ат айтып,
Қорасанға қой айтып,
Қабыл болған тілегі,

Жарылғандай жүрегі-деген жолдарда әулие-әмбиелерге сыйынып, тылсым күштерден медет тілегенін көреміз. Бұл жердегі Қорасан деген өз заманында емші болған адам.

«Қобыланды батыр» жырында ежелгі наным-сенімнің көріністері мына бір жолдарда көрініс табады:

Батанды бер, көке, -деп,
Алды- артын орады –
Жад қыламын Естеке,

Жеті кәміл бабаны» - мұндағы «жад қылу» сөзі де әулиелерді еске алу, сиыну дегенді білдіреді. Ал, «Алпамыс батыр» жырында «Сексен сегіз серулер, тоқсан тоғыз мың машайықтың" батырды Тайшық хан мен жалмауыз кемпірдің түрлі зұлымдығынан қорғауы қазақ фольклорына тән мифтік сарын.

Қорытындылай келе, халық ауыз әдебиеті түрлері, соның ішінде, батырлық жырлар Ұлы даланың жеті қырын айғақтайтын, келер ұрпаққа ұлттық болмысын танытатын рухани құндылық.

Тұңғыш елбасы Н.Ә. Назарбаев мақаласында: "Зор мәдени жетістіктер шоғыры даламызға сырттан келген жоқ, керісінше, көпшілігі осы кең-байтақ өлкеде пайда болып, содан кейін Батыс пен Шығысқа, Күнге мен Теріскейге таралды.» [1] деп баса айтты. Ендеше, біз тарихты, өткенімізді, ұлттық менталитетіміздің болмысын өз рухани мұраларымыздан табамыз.

Бұл «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы барша жастардың тарихын тереңінен танып біліп, Отансүйгіштік қасиетінің артуына жоғары идеологиялық тәрбие болмақ.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Н. Ә. Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы
2. «Батырлар жыры» Алматы «Жазушы» баспасы, 2008
3. Ә. Қоңыратбаев «Қазақ фольклорының тарихы»
4. «Аңыз адам» журналы №16, №19 саны

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

ҚАЛЫМБЕТ МЕРЕКЕ ИСЛАМБЕКҚЫЗЫ

«Өрлеу» БАҰО» АҚФ

Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша ПҚБАИ

«Мектепке дейінгі тәрбиелеу және бастауыш оқыту»

кафедрасының аға оқытушысы, тренер

КЕРЖИКОВА ГУЛЬЖАН МУРАТОВНА

Түркістан облысы

Созақ ауданы

Т.Момбеков атындағы ШЖЖОМ

бастауыш сынып мұғалімі

Тұңғыш елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Білімді, сауатты адамдар-бұл ХХІ ғасырды адамзат дамуының негізгі қозғаушы күші» деген болатын. Білім саласының дамуы көшінен қалмай ілгерлеу басты мақсатымыз. Сол көшке ілесе алмасақ-бізге сын. Білім беру мен білім алудағы атқарылатын қарқынды жұмыс ұстаздардың еншісінде екені айтпаса да белгілі. Осы орайда ұлы педагог Ушинскийдің «Бала-балқытылған алтын» деген қанатты сөзі бірден ойға түседі. Балаға қалай бағыт берсең, солай өседі. Оқытудағы жаңа тәсілдерді пайдалана отырып, оқушы бойында өзіне деген сенімділік пен жауапкершіліктерді дамыту болып табылады. Оқу үдерісінде біліммен қатар тәрбиеде қоса жүретіні бізге аян. Сондықтан да тәрбиенің жалпы негізі рухани-азаматтық құндылықтары болуы керек. Рухани-азаматтық құндылықтар үлкен мен кішінің арасындағы шынайы қарым-қатынас

кезінде бала бойына дариды. Ал мұғалімнің басты мақсаты-өзіндік рухани-азаматтық құндылықтарын оқушы бойына дарыта отырып, оның жүрек түкпіріндегі рухани қазынасын жарыққа шығару, әрбір баланы жеке тұлға ретінде жетілдіру үшін оның бойындағы бар құндылықтарды дамыту. Мектептегі, сабақтан тыс уақыттағы біздің ісімізді жалғастыратын жеке тұлға болып табылатын оқушыларды рухани-адамгершілікке, азаматтық жүйеге тоғыстыру. Мектеп қабырғасында жақсы тәрбиеленген, саналы білім алған шәкірт өмірде өз орнын табады. Ол үшін ең әуелі ұрпағымызды бала кезінен-ақ ұлттық тәлім-тәрбиеге, рухани адамгершілік әдетке, азаматтық мәдениетке баулу керек.

Ғасырлар бойы қалыптасқан рухани құндылықтарымызды, байлығымызды түгендеу, игеру, жас ұрпақ бойына игі қасиеттерді сіңіру — бүгінгі білім жолында жүрген ұстаздардың басты борышы. Ел экономикасын өркендету, бәсекеге қабілетті болу тек қана кемел біліммен келетіні анық. Сондықтан да педагог өз іс-тәжірибесінде оқушының шығармашылық қабілеттерін арттырудың жолдарын қарастырып отыруы қажет. Оқу үдерісінде жеке тұлғалық қасиеттердің кең ауқымды дағдылармен бірлесе дамытылуы білім берудің «қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік», «құрмет», «ынтымақтастық», «еңбек пен шығармашылық», «ашықтық», «өмір бойы білім алу» сияқты білім берудің басты құндылықтарын білім алушыларға дарытудың негізі болып табылады. Бұл құндылықтар білім алушының тәртібі мен күнделікті іс-әрекеттерін ынталандыратын тұрақты тұлғалық бағдары болады. Дамыған елдердің білім беру жүйесінде мынадай тенденциялар байқалып отыр: білім беру философиясы мен әдіснамасының жаңаруы; білім беру мазмұнын құру әдістерінің өзгеруі, білім беру жүйесінде жетілдірілген модельдердің жасалуы; білім беруді басқарудың тиімді жолдарының қарастырылуы; жаңа білім технологияларының енгізілуі; оқушылардың танымдық белсенділігі мен өзіндік ойлауын қамтамасыз ететін дамытушы, сындарлы білім беру моделіне көшуі; терең және белсенді кәсіби бағдар берудің ерте жастан басталуы; ұрпаққа азаматтық-патриоттық, рухани-адамгершілік, көпмәдениеттілік, денсаулық сақтау және экологиялық тәрбие беру ролінің күшейтілуі, білім ұйымдарының оқушыны әлеуметтендірудегі ролінің артуы. Әлемдік білім беру жүйесіне негізделген осындай басым бағыттар ұрпақты озық, саналы дара тұлға деңгейінде қалыптастырады.

Сондықтан мемлекетіміздің даму, жаңару жолындағы жаңалықтары мен түрлі өзгерістері еліміздің білім беру саласына өз әсерін тигізуде. Бүкіл әлемдік білім беру кеңістігіне ұмтылыстар, қоғам дамуындағы қалыптасып отырған жаңа жағдайлар, тыңнан туындаған мәселелер, өзгеріп жатқан өмірге бейімделу қажеттігін туындатып отыр.

Қай кезеңде болмасын жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру қоғам алдындағы ең маңызды, жауапты, іс болып қала береді. Дегенмен зерттеулерді талдау жаңаша оқыту технологиялары ғалымдардың зерттеу объектісіне айналып, жаңашыл мұғалімдер жүзеге асырып отырғандығын

аңғартады. Оқу мен тәрбие егіз. Оны бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Тәрибенің өзі күнделікті сабақтың әрбір кезеңінде оқушы бойына сіңе бастайды. Яғни пәндер аясында ортақ тақырыптардың мазмұны мен мақсаты рухани, әлеуметтік қоршаған ортасын қалыптастыруды, табиғатты қорғауды, салт-дәстүрді дәріптеуді, өзгеге деген, олардың мәдениеті мен басқа ұлттарға деген құрмет қатынастарын, өз ісіне жауапкершілікті, өзге адамдардың сезімдерін түсіну және оларға жаны ашу, адамға деген адами қатынастарды тәрбиелеуді дамытуға, өз Отанына деген мақтаныш сезімін, отбасында, жергілікті, аудандық, ұлттық және жаһандық қоғамдастықтарда өз орнын көре білу сезімдерін қалыптастыруды бала бойына бірте-бірте сіңе береді.

Оқу пәндерін ортақ тақырып бойынша оқыту ролі әртүрлі, бұл оқу пәнінің мақсаты мен мазмұнына байланысты, яғни оқу пәнінің мазмұнымен қаншалықты тығыз байланысты немесе өзге пәннің ортақ тақырыбына нақты байланысы. Ортақ тақырыптар немесе оқу пәндерін кіріктіру арқылы жүзеге асады. Оқушылар ортақ тақырып аясында шығармашылық жұмысты орындауда жеке немесе топтық таңдау жасайды. Оқушылардың қызығушылығы бойынша үйірме жұмыстары, сыныптан тыс шаралар, мәдени мекемелермен және жергілікті мекемелермен бірлесе жүргізілетін шаралар, жобалық жұмыстары бала бойына құндылықтарды дарытуға көп септігін тигізеді.

Осы орайда мұғалімнің алдына қойған мақсаты—сабақ сапасын арттырып, оқушыларды ізденімпаздыққа, белсенділікке тәрбиелей отырып, өз бетінше шығармашылық және ғылыми жұмыстарға жұмылдыра білу. Оқушыларды шығармашылық жұмысқа бағыттау жалпы білім беретін пәндерді оқып-үйрену кезінде және ойлаудың өмірлік тәжірибесі негізінде алған білімдерінің шеберліктері мен дағдыларының негізінде жүзеге асады. Біз бастауыш мектеп оқушыларында дүниенің ғылыми бейнесін олардың білімдерін тәрбиемен ұштастыру арқылы қалыптастыруға арналған өз зерттеуімізде танымның диалектикалық теориясына сүйенеміз, тұжырымдама жасау және оны іске асыруда басқа көзқарастардың да жекелеген элементтерін колданамыз. Ол сабақтың нәтижелі болуына ықпал ететін нұсқа – сол сабақты өткізудің әртүрлі әдіс-тәсілдерін, яғни жаңашыл мазмұндағы сабақтар өткізу болып табылады.

Ойымды қорыта келе мұғалімнің негізгі ұстанатын мақсаты – білім берудің жаңа үлгісін жасап белгілі бір көлемдегі білім мен іскерлік дағдыларын меңгерту үшін оқу мен тәрбие үдерісін ұйымдастырудың сан түрлі жаңа әдіс- тәсілдерін іздестіре отырып, жаңа технологияларды сабақта тиімді пайдалана білуі қажет. Оқу материалдарын бағдарламаларға сай пәндер бойынша біріктіріп беру оқушылардың жан-жақты тұтас, терең және берік білім алуына мүмкіндік жасалар еді. Сонда жас ұрпақ елі үшін елең қағар азамат, имандылық қасиеттерді жақсы білетін азамат болып қалыптасады.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1.ҚР білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
- 2.Б.И.Иманбекова. Тәрбиеге жетекші. Алматы, 2004.
- 3.Ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудағы сынып жетекшінің орны
- 4.Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған пәндердің үлгілік оқу бағдарламасы
- 5.Мұғалімдерге арналған нұсқаулық

БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ДАМУ

ҚОШТАНБЕКОВА АЙНҰР УБАЙДУЛЛАҚЫЗЫ

Ақтөбе облысы

«№13 орта мектеп» КММ

биология пәні мұғалімі

Еліміздің рухын көтеретін, ұлы мақсаттарға жеткізетін «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы. Бұл қазақстандықтардың қолынан толық келеді деп ойлаймын деп сенім білдірген елбасының үміті халқынан қолдау тапты. «Мәңгілік Ел» сөзінің терең тарихи тамыры және үлкен мағыналы мәні бар. «Мәңгілік Ел» мемлекет пен ұлттың уақытпен шектелмеген ұғымы болып табылады. Бұл–Қазақ елін дамытуға бағытталған құндылықтардың негізі және мақсатқа жетудің басты жолы [1].

Оның құрылымдық құрамдастары ретінде тәуелсіздік, ұлттық тұтастық, тұрақтылық, толеранттылық, қоғамдық келісім, аумақтық тұтастық, егемендік, теңдік анықталды.

Мемлекеттік саясаттың іргелі негізін құрайтын жоғарыда аталған басымдықтар бүгінгі таңда тәрбие процесін қазіргі қазақстандық қоғам дамуының негізгі стратегиялық және басым міндеттерінің бірі ретінде көрсетеді.

Қай мемлекеттің де негізгі тірегі- асқақтаған күмбездер де, ғимараттар да, экономикалық жағдай да емес, білімді де білікті, іскер де, белсенді адамдар. "Біздің балаларымыз білімі жоғары жұмысшылар мен фермерлер, инженерлер, банкирлер және өнер қайраткерлері, мұғалімдер мен дәрігерлер, зауыттар мен биржалардың иелері болады.

Еліміздің президенті атап өткендей, білімділік деңгейін көтеру, ұлттық бәсекелестігін көтеру факторы болып табылады. Олай болса, заманауи талаптарға және әлемдік стандарттарға сай ұлттық білім жүйесін құру міндеті заңдылық. Егеменді еліміздің болашағы жас жеткіншектердің білім дәрежесінің тереңдігімен өлшенеді, қазіргі заманғы білім беру әлеуметтік құрылымының маңызды элементтерінің біріне айналды дейміз. Өсіп келе жатқан ұрпағымыздың ойлы да іскер, жігерлі де батыл, өзіне-өзі сенімді, интеллектуалдық деңгейі биік, дүниетанымы дұрыс қалыптасқан азамат етіп

тәрбиелеуде мектептің алатын орны айрықша. Мектеп — қазіргі қоғамның дамуымен, әлеуметтік практикамен тығыз байланысты. Мектеп өмірі балаға жаңа әлемнің есігін ашып беріп, рухани дүниесінің қалыптасуына негіз салады. Әлемнің дамуы полимәдениетті тұлға тәрбиелеуді талап етеді.

Сондықтан да бүгінгі күннің өзекті мәселесі адам ресурстарын арттырудың ұстанымдарын, шығармашылық ойлауды қалыптастырудың теориясын басшылыққа ала отырып, әлемдік бәсекелестікке лайықты жаңа тұлғаны субъект ретінде тәрбиелеу болып отыр. Егеменді еліміз өзінің дамуының ең басты алғы шарты - білім беру жүйесінің білім ғасырындағы міндеті мен мазмұнын айқындауды басты басымдық ретінде қарастырады. Білім беру сатыларының сабақтастығын камтамасыз ететін білім беру процесінің үздіксіздігі, оқу мен тәрбиенің бірлігі, білім беруді басқарудың демократиялық сипаты, білімнің, ғылымның және өндірістің интеграциялануы, ақпараттануы, білім беруді саралау білім беру саласының негізгі міндеттері.

Биология сабағында «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын және осы идеяның негізін құраушы құндылықтарды пәннің мазмұны және сабақтағы жүйелі-әрекеттік тәсіл арқылы жүзеге асырамыз. Соның нәтижесінде ғана әрбір жалпы білім беретін мектеп мұғалімі тәжірибесінің жоғары деңгейге көтерілері анық.

«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын өмірде іске асырудың іргетасы мектепте қалануы тиіс. Білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысы мақсатты түрде жүргізілуі тиіс, оқытудың тәрбиелік құрамдасын күшейту қажет. Профессор Е.В.Бондаревской: Оқыту мен тәрбиелеу мақсаты –мәдениетті адамды тәрбиелеу, ал педагогтың басты міндеті- баланың жеке тұлғасының қалыптасуына мәдениетті орта қалыптастыру,- деген екен [2]. Мұғалім мәдениетті ортаны алдымен өз басынан бастап қалыптастыруы тиіс. Орта менен басталып, баламен жалғасып, ата-анамен шеңбер құрады деп түсінгеніміз абзал.

Биологияны оқытуда мұғалім жан-жақты тәрбиелеудің барлық мүмкіндіктерін қолдана алады. Сонымен бірге мұғалім өз пәнінің спецификалық ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбие жұмысын жүргізеді. Оған көптеген мүмкіншіліктер бар. Мысалы, биологияны оқытудағы көптеген түрлі формалар: сабақ, сабақтан тыс және сыныптан тыс жұмыстар, мектепші және мектепаралық жұмыстар, топсеруендер, оқу-тәжірибе учаскесіндегі жұмыстар, оқушылардың жазғы экологиялық лагерде демалуымен қатар табиғаттағы құбылыстарды, тірі организмдерді зерттеу жұмыстары т.б.

Оқыту мен тәрбиелеу бір-бірімен байланысты күрделі процесс. Сондықтан да, оны жүзеге асыру мұғалімнен көп біліктілік пен шеберлікті талап етеді. Тәрбие беру дегеніміз - оқушының пәннен алған білімінің сенімге айналуы, ал сенім одан әрі жүйеге, көз қарасқа қалыптасады. Сенім әр бір жеке тұлғаның адамдарға, қоршаған әлемге қарым-қатынасында, әдетінде жүріс-тұрысында және іс-әрекетінде айқындалады.

Мектептегі биология мамандары ретінде оқу-тәрбие процесінің алдына қойған мақсатымыз-еліміздің өсіп-өркендеуіне сай, заман талабына жауап беретін рухани адамгершілік қасиеттерін қалыптастырған, қоғамдық өмірге икемделген, білім мен өмір заңдылықтарын түсінген, қоғам мен мемлекет және отбасы алдындағы жауапкершілікті сезінетін, бәсекеге қабілетті өркениетті елдің азаматын тәрбиелеу. Өйткені, жас ұрпаққа білім тағылымдарын өркениетті өмірмен байланыстыра отырып, білім беру ұстаз қауымына жүктелетіндігін түсінеміз. Жүйелі оқу-тәрбие жұмысының нәтижесінде, өз міндетін айқын сезінетін, мінез-құлқы жетілген, жан-жақты білімді, саналы адам қалыптасады.

Биологияны оқыту арқылы құндылыққа баулудың барлық мүмкіндіктерін бір-бірімен байланысқан белгілі элементтерге жатқызуға болады. Оқушыларға патриоттық тәрбие беруде сабақта және сыныптан тыс жұмыстарға ғылыми жаңалықтардың тарихымен, өз елінің және басқа елдердің көрнекті ғалымдарының ғылыми қызметімен, ғалымдардың отандық және әлемдік ғылымның дамуына қосқан үлестерімен танысу және оқушылардың туған жерінің табиғатын қорғауда қосатын үлесі т.б. үлкен мәні бар.

Патриоттық сезім, сондай-ақ туған өлкеге деген сүйіспеншілік сезімі сыныптан тыс жұмыстарды қызықты ұйымдастырғанда арта түседі. Мысалы, VI-VII сыныптың жас натуралистер станциясында атқаратын жұмыстың мақсатын былай белгілеуге болады: мектеп оқушылары мен жергілікті халық арасында туған табиғатты байыту және қорғау идеясын насихаттау; мектеп оқушыларын табиғаттың сұлулығын сақтап, оны өзгерту, қайта жасау, түсіну және көре білуге үйрету; оқу-тәжірибе учаскесінде және тірі табиғат мүйісінде жұмыстар жүргізу, туған өлкеге жорықтар, экскурсия жасау кезінде өсімдіктер мен жануарлар әлемін терең оқып үйрену жолдары арқылы табиғатты сүйуге тәрбиелеу [3].

Олай болса, мектеп мәдениеті оның өмірінде қалыптасқан дәстүрлерден, құндылықтарынан, ұжымының қарым-қатынасынан, мұғалім мен білім алушы арасындағы кері байланыстан, онда қалыптасқан тәртіптен құрылады [4].

Сол себепті, әр оқушыға оның қабілеттеріне сәйкес келетін тәлімді білім беру өрісі қажет.

Мұғалім ретінде тек оқушыны дамытып қоймай, сонымен қатар өзінің де жеке қасиеттерін жаңаша тұрғыдан ашуына мүмкіндік ұсынуды көздейміз. Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті. Елбасының «Мәңгілік ел» идеясы баршамызды бір мақсатқа, ортақ мүддеге жұмылдыратын ұранға айналуы тиіс. Осыдан әрқайсымыз ой түйіп, Тұңғыш Президентіміз айтқандай Қазақ елінің мәңгілік болуына аянбай еңбек етуіміз керек. Елбасы белгілеп берген «Қазақстан-2050» стратегиясы ұлттың ұлы бағдары. Мәңгілік ел біздің өз қолымызда.

Егер қоршаған орта дұрыс болса, тұлғаның бойындағы рухани-адамгершілік қасиетті дамытуға болатынын көре білген. Сондықтан да мектеп мәдениетінің әр кішігірім мәселесі болса да, жауапты бола білейік. Өз ісімізді жеке мүддеден ғана емес, ұрпағымыздың болашағы мүддесінен атқаруға ынталы болайық. Адамшылығы жоғары адамның ел тарихын жасаушы тұлға бола білетінін ұмытпайық. Сол себепті, жаһандану жағдайында «Мәңгілік ел» идеясын ұлықтау мақсатында жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу–әрбір ұстаздың негізгі міндеті болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Қашқари М. Түбі бір түркі тілі («Диуани лұғат ат-түрк»).– Алматы: «Ана тілі», 1993. – 192 б.
- 2.Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – А.: Білім, 2008.
- 3.Иманбаева С.Т. Оқушыларды ұлттық жауынгерлік дәстүр арқылы ерлікке баулудың педагогикалық негіздері:пед.ғыл.канд.... автореф.:13.00.01. – Алматы, 1995. – 23 б.
4. Айтмамбетова Б.Р, Бейсенбаева А.А. «Жеке адамның дамуы, тәрбиесі» - Алматы: КазПИ,1991

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ РУХАНИ АДАМГЕРШІЛІК БАҒЫТҚА ТӘРБИЕЛЕУ

КРЫМБАЕВА ЛАЙЫК КОСЖАНОВНА ЖАКСЫГАЛИЕВА АРМАНГУЛЬ ЖАНАБАЕВНА

Атырау қаласы

*№26«Жұлдыз»бөбекжай-бақшасының
бірінші санатты тәрбиешілері*

Адамгершілікке тәрбиелеу құралы-еңбек пен ата – ана үлгісі.

Ы. Алтынсарин

Баланың алғашқы адамгершілік түсініктерін аңғарып, мінез құлқы мен тәртібін қалыптастыруда мектепке дейінгі шақ- ең жауапты кезең. Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа адамгершілік рухани тәрбие беру. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады,ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырқандылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз – өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен тәрбиешілер маңызды рөл атқарады.Балалар отбасындағы жақындары мен қарым– қатынасында, оқу-тәрбие ісінде, тікелей өмір тәжірибесінде ненің жақсы, ненің жаман екенін байқайды, жақсы мен жаманға үлкендер тарапынан берілген бағаны меңгереді.

Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің нақты міндеттері мына жайлармен түйінделеді:

1. Балалардың отбасына, жақындарына, құрбы -достарына, Отанға деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.
2. Адамгершілік ережелеріне сай балалардың мінез–құлқын ұйымдасқан тәртібін, мәдениеттілігін, жақсы әдетімен, дағдысын қалыптастыру.
3. Балаларда адамгершілік түсініктері мен қасиеттерін тәрбиелеу.

Бүгінгі біздің басты парызымыз балаларға үлгі – өнеге, тәлім – тәрбие беру, туған елге, жерге сүйіспеншілікті тәрбиелеудің басты құралы – халықтың тілі, мәдениеті мен көркем өнері.

Бала әдеби шығармаларды: өлең, ертегі, ән, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал мен мәтел, батырлар жырын тыңдау арқылы ана тілінің байлығын меңгерумен қатар оны сүюді үйренеді. Атақты педагог Сухомлинский: «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады. Ертегінің рухани тәрбиелік мәні зор. Ол балаға рухани ләззат беріп, қиялға қанат бітіретін, жас баланың рухани өсіп жетілуіне қажетті нәрсенің таусылмас қоры рухани азық» деп атап көрсеткен. Адамның адамдық қасиеті оның адамгершілігінде деп айтуымызда тегін емес. Балаларды адаммен бірін – бірі сыйлауға, біріне – бірі көмектесуге, көпшіл болуға, үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға тәрбиелеп отыруымыз қажет. Ал отбасында ата – аналардың іс–әрекеті, әр сөзі үлгілі тәрбиеге, адамгершіліктің асыл қасиеттеріне баулитын әңгімелерге ұштастырылғаны дұрыс болар еді.

Рухани – адамгершілік тәрбиесінде алдымен баланы тек жақсылыққа, мейірімділік, ізгілікке тәрбиелеп, соны мақсат тұтса, тәрбиешінің де, ата – ананың да болашағы зор брөлмақ. «Мен үш қасиетімді мақтан тұтам» - депті Ақан Сері. Олар: жалған айтпадым, жақсылықты сатпадым, хәм ешкімнен ештеңені қызғанбадым. Бұл үш қасиет әркімнің өз құдайы. «Өз құдайынан айырылған адам бос кеуде, өлгенмен тең» деген екен. Шындығында бұл ақиқат. Олай болса, мектеп жасына дейінгі жеке тұлғаны қалыптастыруда, олардың жан дүниесіне сезіммен қарап, әрбір іс –әрекетіне мақсат қоюға, жоспарлауға, оны орындауға, өзіне–өзі талап қоя білуге тәрбиелеу-адамгершілік тәрбиенің басты мақсаты. Мақсатқа жету үшін сан алуан кедергілер болуы мүмкін. Ондай қасиеттерді бала бойына жас кезінен бастап қалыптастыру жеке тұлғаны қалыптастырудың негізін қалайды. Демек, біздің күніміз, қорғанышымыз, сеніміміз- адамгершілігімізде болуы керек. Ол үшін Ақанның осы үш қасиетін бала бойына дарыта білсек- ұлы жеңіс болары анық. Еліміз егемендік алып, өз мәртебесі биіктей түскен шақта ең алғашқы алға қояр міндеттердің бірі-ол бала тәрбиесі. Еліміздің болашағын жалғастырушы ұрпақ тәрбиелеу. Ал сол жас ұрпаққа тәрбие беретін бүгінгі тәрбиеші мамандар тәрбиелеу мен білім берудің жаңаша жетілдірілген әдіс-тәсілдерін іздестіріп, күнделікті жұмыс барысында жаңашыл бағыттар қарастырып, оны өздерінің іс-тәжірибесінде қолданып отырса бала тәрбиесі алға басары сөзсіз. Елбасымыз Н.Ә Назарбаев

«Мәңгілік ел» атты Қазақстан-2050 стратегиясында «Адамзат үшін 21 ғасыр- жаңа технологиялар ғасыры болмақ, ал осы жаңа технологияларды жүзеге асырып, өмірге енгізу, игеру және жетілдіру бүгінгі жас ұрпақ, сіздердің еншілеріңіз... Ал жас ұрпақтың тағдыры- ұстаздардың қолында»- деп ұстаздар қауымына үлкен міндет жүктеп отыр. Баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа технологиялар кім- кімді қызықтырады. Бала тәрбиесінде жаңа технологияны қолдану баланы жан- жақты терең ашуға, оған бағыт бағдар беріп жағымды әсер етуге, зейінін көтеруге, белсенділігін арттыруға септігін тигізеді. Заман талабына сай оқу іс әрекеттерінде жаңа технологияны тиімді пайдалану бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отыр. Қазіргі ғылым, техникалық прогрестің дамуы өз алдына, біз мектеп жасына дейінгі балаларға білім нәрін себуде қандай технологияларды қолданудамыз деген ойлар үнемі бізді мазаламай қоймайды. Жаңа технологияларды қолдану әр тәрбиешінің өз еркінде. Бала отбасында басқа жағынан көрінсе, балабақша қабырғасында мүлде басқа қырынан көрінуі мүмкін. Әрбір жанұяның ғана емес, тәрбиеші мен достарының ара-қатынасынан да бала өмірлік іс-тәжірибе жинақтауы мүмкін. Балалардың өз бетінше ізденіп, шығармашылық жұмыс істеулеріне жаңа технологияның тигізетін әсері өте тиімді екеніне көзім жетті. Инновациялық технологиялардың ерекшелігі – білімді жатқа меңгерту емес, балалардың өз бетінше меңгеруіне ұмтылатындығында. Ол есту, көру қабілеттерін арттыруға, сөздік қорын ауызша дамытуға бағытталады. Мектеп жасына дейінгі бала бойына математика негіздері – таным әрекетінің ерекше саласы, оны жүйелі түрде өз нәтижесін бермек. Заманауи инновациялық әдістерді мектеп жасына дейінгі балалардың дамуында қолдану арқылы, ойын технологиясын пайдалану балалардың эмоциясын, шығармашылығын, зейіндерін, қабілеттерін дұрыс көзқарастарын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Қазіргі таңда жан жақты әдіс – тәсілдерді қолдану арқылы балалардың оқу іс – әрекетіне қызығушылығын ашуға болады. Математикалық негіздерін дамыта меңгертуді, жетілдіруді өз мақсатымыз деп білеміз. Ойын технологиясы арқылы балалармен бірлесе отырып, әрқилы әрекеттер арқылы шешуге тырысамын, математикалық дағдыларын дамыту негізінен оқу іс – әрекеті барысында жүргізіледі де ойын үстінде пысықтала береді. Мысалы: дидактикалық ойын: «Сиқырлы фигуралар әлемі» геометриялық денелер, шар, текше, цилиндр, пирамидамен таныстыру мақсатында ертегі желісін пайдаланамын. «Сиқырлы геометриялық денелер» атты ертегісін әңгімелеп берейін. Бұл оқу іс әрекетінде көздеген мақсат: балаларды ертегі желісіндегі сиқырлы геометриялық денелер туралы білімдерін жинақтау. Ертеде математика елінде геометриялық денелер өмір сүріпті. Бір күні олар: «Бәрінен де кім күшті» өзара бір-бірімен айтысып қалыпты. Сол кезде текше былай: «Мен бәрінен де күштімін. Өйткені менің бұрыштарым көп»- деп мақтаныпты. Мұны естіген шар былай деп мақтаныпты. «Босқа мақтанба, сенің бұрыштарын кімге

керек. Мына менде бұрыш жоқ. Мен үнемі дөңгеленіп көңілді жүремін. «Менің басымда,аяғым да жоқ»-депті. Осы кезде цилиндр келіп былай деп мақтаныпты. «Босқа айтыспаңдар,мен бәрінен де күштімін. Менің арқама адамдар ауыр заттарды қойып, итеріп қозғалтады. Сондықтан да мен күштімін»-депті. Қызу айтысты естіп тұрған пирамида былай депті. «Неге босқа айтысып тұрсындар. Біз барлығымыз адамдарға өте қажетпіз. Біз әрбір үйден табыламыз. Адамдар бізді балабақшадан бастап танып біледі. Сондықтан адамдарға әрдайым қажетпіз. Олар бізді жақсы көреді»-депті пирамида. Осы кезден бастап геометриялық денелер өздерінің адамдарға қажет екендіктерін түсінді. Міне осылайша ары қарай осы геометриялық денелер (шар,текше,сиқырлы денелер туралы толық түсінік беріп, білімдерін жинақтады. Қазіргі заманда баланың ақыл – ойына, қабылдау, ойлау қабілеттеріне әсер ету барысында түрлі логикалық ойындарды қолдану балалардың ой өрісінің жетілуіне, тез ойланып шешім қабылдауына әсер етеді.Мысалы, лото, санамақтар ойнау, жұмбақтар айту, т.б.Балабақшада балалар математиканың бес бөлігі бойынша білім нәрімен сусындайды. Яғни, сан, санау, уақытты бағдарлау, кеңістікті бағдарлау, пішін, көлем.«Не артық»,«Көршісін тап», «Кім шапшаң?»,«Цифр мен заттың арасындағы сәйкестікті табу»ойын технологиялар арқылы балада айналадағы дүниені танудың тәсілі қалыптасады,қызығушылығы оянады, баланың бойында –ойлау, зейін, есту, байқағыштық, тапқырлық, шыдамдылық, достық, белсенділік, ұйымдастырушылық қалыптасады. Ағартушы ұстаз Б.Алтынсарин көптеген еңбектерінде таным әрекетінің негізі- оқу, білім деп тұжырымдайды.

Баланың танымын логикалық ойлау өз бетінше шешім қабылдауға, түрлі тапсырмаларды орындауға үйретеді.Бұл жүйені қолданудағы басты мақсатым-баланың қоршаған әлемге қызығушылығын тудыру, ішкі сезіміне қарай өз ойын ұйымдастыруына баланың ойын ояту,ойлауға үйрету, ойластыру, талдау, қорытындылар жасай білуге, бір-біріне құрметпен қарауға, өзінен үлкендермен және кішілермен тіл табыса білуге көмектесу, үйрету.Осыған сәйкес мектепке дейінгі балалардың бойында қоршаған ортаға қызығушылық білдіруге, экологиялық білімді меңгертуге танымдық құзыреттілікті қалыптастыру басым бағыттарының бірі болып табылады.Біліктілік құзіреттілігі баланың қоршаған әлемді танып білу мақсатында әртүрлі сұрақтар қойып, белсенді қызығушылық танытуынан көрінеді.

Бүлдіршіндердің логикалық ойлау түрлерін дамытуда танымдық ойын арқылы математикалық диктант жазудың, заттарды әртүрлі геометриялық пішіндерден құрастырудың, ауызша есеп шығарудың, көзбен көру арқылы салыстырудың, санжұмбақ, көңілді логикалық есептердің маңызы зор. Өйткені, жасырын тұрған ойдың нені меңзеп тұрғанын ойлап табу балалардыңлогикалық ойлау сезімін қалыптастырады. Тәжірибеде мынадай ойын түрлерін қолданамыз: «Айрмашылықтарын тап» «Фигураларды түрлендір», «Тура және кері сана»,« Үшінші орында

қандай сан болу керек», «Кеңістікті бағдарлау», «Уақытты бағдарлау», «Пішіндер қандай затқа ұқсайды?», «Пішінді әрі қарай жалғастыр», «Көршісін тап» бұл ойындарда пайдаланудағы мақсатым: логикалық ойын тапсырмалар арқылы жұп, тақ таңбаларды қолдану, түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып, қызықты ұйымдастырып, балаларға математикалық ұғымдарды жеткізу. Біздің алға қойған міндетіміз – балаларға олардың бойында жатқан мүмкіндіктерін ашып, көрсету. Білім саласындағы өзгерістерді нәтижелі шешу үшін, оқыту үрдісінде инновациялық технологияларын, соның ішінде шет елдік тәжірибелерді, З. А. Михайлова, Мария Монтессори мектебінің элементтерін біз пайдаланып келеміз. «Күн сәулесінің шуақтары», «Моншақтарды пинцетпен ауыстыру» т.б. ойындар. Монтессори жүйесіндегі сенсориканы дамытуға бағытталған жаттығулар күнделікті қолдануға өте ыңғайлы, себебі оның материалдары әр отбасында табылатын қарапайым заттар болып табылады. Жаттығулар жүйесі баланың бойында белгілі бір іскерлік пен дағды қалыптастыруға, заттардың түсі бойынша айыруға көмегін тигізеді. Себебі, осы авторлардың педагогикасының негізі әдіс тәсілі дамытушы ортадағы балалардың еркін іс қимылы, ойыны мен қызығушылығын дамытады. Сонымен қатар, Зинаида Алексеевна Михайлованың да мектепке дейінгі тәрбиесіндегі балаларға жас ерекшелігіне сай көптеген математикалық ойындар және тапсырмалар, логикалық ой жаттығулар, балалардың ойлау қабілетін, қызығушылығын арттырады. Өз тәжірибемде балаларды оқыту мен тәрбие үрдісінде М. Монтессоридің педагогикалық жүйе әдістемесін қолданамын. Танымдық қызығушылық бала бойында ізденушілік, байқампаздық, еліктеушілік сияқты қасиеттерді оятады. Ал қызығушылық баланы ұстап көруге, тәжірибе жасауға жетелейді. Мектеп жасына дейінгі балалар айналадағы заттар мен құбылыстардың ең қарапайым түрін білуге, үйренуге сұраныс жасайды. Яғни заттың атауын, оның не үшін қажеттілігін, қала берді қасиеттерін анықтауға тырысады, балаларды оқытуда ойын технологиясын пайдалану қажет. Өйткені мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі әрекеті ойын болғандықтан, әрбір педагог ойын технологиясын жетік меңгеруі тиіс деп санаймын. Балалар әр түрлі тапсырмаларды орындау барысында мыналарды үйренді:

- заттардың белгілерін сипаттау;
- заттардың бірдей және әр түрлі қасиеттерін анықтау;
- заттарды пішініне, түсіне, көлеміне қарай жіктеу дағдыларын қалыптастыру;
- кеңістікте, қағаз бетінде бағдарлау ;
- жалпылау, зейінді болу ;
- есте сақтау қабілетін, қолдың кіші моторикасын дамыту;

Балалардың жас шамасы мен психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, іс - тәжірибесінің шеберлігіне байланысты интегралды оқу іс - әрекеттер өткізуі өте тиімді әдіс. Олай дейтініміз, оның ерекшелігі сабақтардың бір-бірімен байланыстылығында.

Тәжірибеде шығармашылық тұрғыдан ізденіс, шыдамдылық, жүйелі жұмыс жасай білу оқу іс - әрекетті түрлендіріп өткізуде технологияларды пайдаланып келеміз:

1. Басқа сабақтармен ұштастыру;
2. Көрнекіліктер арқылы;
3. Венн диаграммасы, ауызша логикалық ойындар;

Осындай жұмыстарды ойдағыдай атқару үшін тәрбиешінің балаға берер әсері болу керек. Мысалы: балаға сенім қалыптастыру үшін «сен білесің», «сенің қолыңнан келеді», «үйренесің» деген сөздер қажет. Баланың өз ойынан шыққан жетістігін жоғары бағалап, мадақтап, көтермелеп отырамын.

«Тәрбие бастауы отбасынан» отбасы мен балабақшаның ықпалдастығы жаңа стандарт талабы. Баланы жеке тұлға ретінде тәрбиелеу негізі қашан да бірігіп, тәжірибе алмасу жолдары арқылы жүзеге асырылады. Ата – аналарды оқу – тәрбие процесіне тартып, олармен тығыз байланыста жұмыс жасап, мерекелік ойын сауықтар, кеңестер «Ойыншықты қалай таңдау керек?» Арзанқол ойыншыққа қызығып, қауіпсіздікті ұмыт қалдырмайық!, ата-аналар жиналысына «Танымдық викториналық ойын» логикалық жұмбақтар шешіп, санамақтар, сауалнамалар жүргізілді. Тәрбие беру тоқтамайтын тағылым, онсыз адамды қалыптастыру мүмкін емес. Бүгінгі жас бүлдіршіндерді тәрбиелей отырып, олардың ойлау қабілетін дамытуға математикалық негіздерін толықтай қалыптастыруға айналада өздерін қоршаған дүниені дәл, анық ажырата білуге үйренудің маңызы зор. Сол себепті балалардың қарапайым логикалық ой – қорытындыларын жасауға үйрету, сезім, таным, ерік әрекеттерін жетілдіруге балабақшада жаңа технологияларды қолдану негізінде аса көңіл бөлінеді.

Ойындар технологиясын қолданудың артықшылықтары:

- Танымдық қабілеттерін дамытуда қолданылған ойындар технологиясының балалар бойында шығармашылық ізденіске деген құштарлықты арттырады.

- Логикалық ойлау түрлерін дамытуда ойын арқылы математикалық диктант жазудың, заттарды әртүрлі геометриялық пішіндерден құрастыру, ауызша есеп шығару;

- Көзбен көру арқылы салыстырудың, жұмбақ жасыру мен шеше білу логикалық ойлау сезімін қалыптастыру, баланың тілін, шығармашылық қабілеттерін дамыту;

- Оқыту үрдісінде инновациялық технологияларын З. А Михайлова, Мария Монтессори мектебінің элементтері, дамытушы ортадағы балалардың еркін іс- қимылы;

Тиімді жақтары:

- Тәрбиеші мен балалардың арасында ізгілікті қарым-қатынас орнауы;
- Ойын есептерін балалармен бірлесе отырып, әрқилы әрекеттер арқылы шешуде әр бала өздігінен жұмыс істеуге дағдыланады, жеке қабілеті айқындалады;

- Тапсырманың күрделену деңгейіне сәйкес, баланың ойлау қабілеті, шығармашылық белсенділігі артады;
- Баланың өздігінен жан-жақты білім алуына жағдай жасалады;
- Жолдастық қарым-қатынасқа тәрбиелеу;

Нәтижесінде:

Әр баланың балабақшаға алғашқы келген сәтінен бастап жеке дамуы төменде аталған құжаттар арқылы негізделеді. Олар: «Денсаулық» паспорты, жаңа технологияларды пайдалану нәтижесінде балалардың 5 білім беру саласында біліктілік даму деңгейін қадағалау мақсатында бастапқы кезең-индикатор көрсеткіші пайдалану нәтижесі анықталды, ата-аналарға арналған сауалнамалар; Сонымен қатар, балалардың бір бағыттағы жетістіктері, еңбек жиынтығы, оның даму барысын көрсететін өзіне тән орындалған «көрме жұмыстарына» – портфолио жасақталды. «Денсаулық паспорты»-алдымен балалардың әлеуметтік тұрмыстық жағдайын зерттейміз, қабылданған 40 баланың ішінен әлеуметтік жағдайы жақсы отбасы-72,1% құрайды, көп балалы-5% , әлеуметтік жағдайы төмен отбасы-17,8%, осы жанұяларға тәрбиешілер тарапынан бала тәрбиесіне көмек беріп, кеңес, үгіт насихат жұмыстары жүргізіледі.

Қорыта келе, баланың тілін, шығармашылық қабілеттерін дамыту бағытындағы жұмыстармен қатар математикалық негіздерін оларды терең меңгеруіне, ойлауына мүмкіндік беру бүгінгі өсіп келе жатқан бүлдіршіндердің ертеңгі болашағын айқындауда, тәрбиешілердің өз ісінің жеткілікті нәтижесін бағамдауы тиімді екені сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмабекова Ф.Н «Мектепке дейінгі педагогика»-Астана 2012.
2. Кунусбекова Ш. «Математика еліне саяхат» Бала тәрбиесі №11-2013.
3. Тұрмағамбетова Г. «Ойын мен тәрбиені ұйымдастыру жолдары». 2012.
4. Иманжанова С. «Ойын-бала өмірінің ажырамас бөлігі» журнал «Бала мен балабақша» №11 -2013.
5. Аяғанова Л. «Жаңа технологиялар -сабақта» Республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журнал №4 -2011.
6. Жұбаниязова Г.М. Монтессори педагогикасы бойынша жүргізілген жұмыстар. 2010.
7. Мухина В.С. Мектеп жасына дейінгі балалар психологиясы. Алматы, 1986.

ТАРИХИ САНА МЕН БІЛІМ – МАЗМҰНЫ ЖАҢАРТЫЛҒАН БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҢЫЗДЫ БӨЛІГІ

ҚҰРМАШЕВА НҰРДАНА СЕРІКЖАНҚЫЗЫ

Ақтөбе қаласы

«№13 орта мектеп» КММ

тарих пәні мұғалімі

Мәңгілік заңдылық: үлгі алу, жөн сілтеу және іс жүзінде қолдану арқылы үйрету абзал.

Ян Амос Коменский

XX және XXI ғасырлар аясында әлемде адамзаттың ауқымы мен күрделілігі күн санап артқан жаһандық проблемаларды шешу және олардың алдын алу, техногендік апаттарды болдырмау нәтижесі халықтар мен мемлекеттік жаңашылдықтарды жасақтау және оларды оңтайлы қолдану қабілетіне байланысты.

XXI ғасырда қоғам мен мемлекет дамуының ең басты тетігі білім болып табылатыны мойындалды, оған ғасырлар тоғысында білімді халықаралық деңгейде дамытудың бағыттарына арналған реформалардың, соның ішінде Болон үрдісінің білім беру ұйымдары мен ұстаздар тарапынан қолдау табуы дәлел. Әлемдік деңгейдегі болып жатқан жаңашыл бастамалар Қазақстанның білім беру саласындағы жүйелі өзгерістер ретінде жалғасын табуда.

Тарих пәнінің мақсаты -білім алушылардың бойында тарихи сана, қазақстандық патриотизм, өз елінің тарихы мен мәдениетіне құрмет, өз ата-бабаларының жетістіктеріне деген мақтаныш сезімін қалыптастыру, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды дарыту, зерттеушілік, ойлау, коммуникативті дағдыларды дамыту [1].

Білім берудегі жаңашылдықтарды қолдану бағытында жинақталынған ақпарат пен педагогикалық жаңаруларды игеру, қолдану және тарату мәселелерімен айналысатын зерттеудің жаңа саласы педагогикалық инноватика тәжірибеге енгізілді.

Инновациялық білім беру кеңістігі жаңа мақсаттар белгілеуді, құндылық бағдарларды жаңартуды, әдіснамалық, дүниетанымдық, теориялық және технологиялық негіздемелерге сай бұған дейінгі теорияға сәйкес келмейтін жаңа фактілерді ескеруді, Т.Кунның тұжырымы бойынша ғылыми революция жүргізуді талап етеді.

Инновациялық білім беру кеңістігінде дәстүрлі оқыту жүйесіндегідей білім, білік, дағдыны дамытуға оқытудың когнитивтік компонентіне ерекше мән беріледі. Жаңа білім беру моделінің ерекшелігі - оқыту тәсілдері мен технологиялары толықтырылып, әлеуметтік мәдени мазмұн кеңейтілді, тұлғаға бағдарланған білім беру үрдісі жүзеге асырылды.

Жаңарулар—білім мен ғылымды және өндірісті кіріктірудің басты жолы. Білім беру ұйымдарының қазіргі әлеуметтік экономикалық жағдайларда жаңа идея, әдіс, модель, педагогикалық технологияны енгізе отырып, ғалымдармен тығыз байланыс жасауы арқылы және тәжірибелі педагогтар, ата-аналар, оқушылардың өзара бірлескен белсенді креативтілік қызметі арқылы дамиды. Оқыту жүйесінде қолданылатын ұйымдастыру, әдістемелік және қолданбалы инновациялар білім сапасын жақсарту, оқушы тұлғасын дамыта оқыту кепілі болып табылады.

Жаңартылған білім мазмұны—білім беру жүйесін жаңарту және дамыту ғана емес, қоғамның, Қазақстанның өз дамуындағы жаңа серпіліс

жасау қарсаңында жаңданған қоғамның, жаңа әлемнің өзгермелі өмірге бейім, жан-жақты тұлғасын қалыптастыру қажеттілігінен туындаған үрдіс.

Құзыреттілік білім беру жағдайындағы инновациялық үрдіс — нысанның, педагогикалық идеяның, деректер мен тұжырымдамалардың, теорияның, әдіс-тәсілдердің жаңа сапалық өзгерістерін қамтамасыз етеді, педагогикалық қауымдастықтың сұранысын қанағаттандыратын, қоғамдық педагогикалық құндылықтарына сәйкес жаңаны меңгеру, қолдану, талдау, салыстырмалы бағалаудың жүргізілуін талап етеді [2].

Сонымен қатар зерттеушілер мұғалімдердің инновациялық педагогикалық үрдісіне деген қатынасына әсер ететін басқа да факторларды атап өтуде. Оларға мыналар жатады:

- жаңалықтың мақсатына сай әдістемесін жасақтау;
- жаңалыққа деген мотивацияны туғызу;
- мектепте жаңашылдық үрдісін енгізу және бекіту;
- қоғам талаптарын қанағаттандыру;
- жаңалықтың жұмыс нәтижесі мен білім сапасын арттыратынына көз жеткізу.

Тарих пәнін оқытудағы міндеттер:

- 1) Қазақстан аумағындағы ежелгі заманнан бастап бүгінгі күнге дейінгі қоғамның әлеуметтік, мәдени, саяси, экономикалық дамуының негізгі кезеңдері мен ерекшеліктері туралы білімін қалыптастыру;
- 2) Қазақстанның тарихи дамуы барысында қалыптасқан ұлттық құндылықтар жүйесі туралы білім беру;
- 3) Қазақстанның тарихи дамуының негізгі оқиғалары, құбылыстары мен процестердің мәні туралы түсінік қалыптастыру;
- 4) тарихи оқиғаларды, құбылыстар мен процестерді және тарихи тұлғалардың қызметін Отандық тарих контекстінде сын тұрғысынан талдау және баға беру дағдыларын қалыптастыру мен дамыту;
- 5) тарихи деректердің негізінде дәлелді пайымдау дағдыларын дамыту; жеке тұлғаға бағдарланған технологияларды оңтайлы қолдану арқылы инновациялық білім берудің дамуы;
- 6) тарихи зерттеу жүргізу дағдыларын қалыптастыру мен дамыту (гипотезаларды ұсыну, зерттеу сұрақтарын құрастыру, деректерді талдау, әртүрлі көзқарастарды салыстыру, нәтижелер мен қорытындыларды шығару, өзінің ұстанымын анықтау);
- 7) қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерде бағдарлану үшін тарихи білімдерін қолдана білу дағдыларын қалыптастыру;
- 8) коммуникативті дағдыларды қалыптастыру, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық білдіру, командада жұмыс істей алу, түрлі деректерден алынған ақпараттарды қоса алғанда, жарияланым мен электронды құралдарды қолдану [3].

Тарих пәнін оқытуда инновациялық білім беру ортасы дегеніміз — жаңа мазмұнды ұйымдастыру, жаңалық енгізу, жаңа үлгілердің бағытындағы нақты әрекет, нақтыланған мөлшердің шегінен шығатын іс-әрекеттің жаңа

сапалы деңгейге көтерілуі, жаңа нәтижені қамтамасыз ететін теориялық, технологиялық және педагогикалық іс-әрекеттің біртұтас ортасы.

Тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру және оқу мақсаттарын тиімді жүзеге асыру төмендегі тарихи концептілерге (түсініктерге) негізделеді: 1) өзгеріс пен сабақтастық; 2) себеп пен салдар; 3) дәлел; 4) ұқсастық пен айырмашылық; 5) маңыздылық; 6) интерпретация.

Сапа оқушының түрлі сипаттамалары негізінде айқындалады: біреулер мектептегі оқу үрдісінде креативтілік танытса, кейбір оқушылар жеке өмірде, өз отбасында немесе қатар құрбылары арасында креативтілік танытады.

Сапа көрсеткіштері интеллектуалды іс-әрекетте танылатын белгілі бір сапалардың кешені ретінде қарастырылды.

1) ойлау жылдамдығы (белгілі бір уақыт аралығында туындаған идеялардың санына байланысты);

2) ойдың ұшқырлығы (жалпылама, бір тектес жауаптарға ұқсамайтын тың идеялар ұсыну);

3) ой ширақтылығы (сезімталдық айырықша жайттарға назар аудару бір идеядан екінші идеяға еркін алмасу);

4) метафоралық ойлау (қиял түрінде мәтіндер құрастыру қабілеті, символдық және ассоциативтік тәсілдер арқылы ойын жеткізу, қарапайымнан күрделіні, күрделіден қарапайымды жіктей білу қабілеті) [4].

Зерттеу әдістері

- Әдебиетті салыстыра талдау әдісі
- Модель жасау әдісі
- Себепті-нәтижелі талдау әдісі
- Педагогикалық бақылау әдісі
- Әңгімелесу әдісі
- Сауалнама және сұхбат әдісі
- Социометриялық әдіс
- Тәуелсіз сипаттаманы қорыту әдісі
- Құжаттарды оқып талдау әдісі
- Статистикалық әдіс
- Педагогикалық консилиум әдісі
- ОПТ жинап қорыту әдісі

Инновациялық білім кеңістігінде оқушылардың креативтілігін қалыптастырудың негізгі құрылымдық бөлігінің бірі – олардың аталған сипаттамаға қатынасын, өзін өзі тәрбиелеу мен өзін өзі жетілдіруге, креативтілік тұрғыда өзін өзі жүзеге асыруға деген ынтасы арқылы сипатталатын мотивациялық компонент болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Әлеуметтік экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 2012.

2. Көшімбетова С. А. Оқу-тәрбие үдерісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін пайдаланудың педагогикалық шарттары. — Алматы, 2004.
3. Фоменко Ю., Абсалямова Н. Будущее начинается сегодня. — Общенациональная ежедневная газета «Казахстанская правда» от 14.11.2002 №196-197 стр.
4. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. — А.: Білім, 2008.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ – ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ТҰҒЫРЛЫ НЕГІЗ

КУАНБАЕВА АМАНКЕЛДЫ АМИТҚЫЗЫ

Ақтөбе қаласы

«№13 орта мектеп» КММ

математика пәні мұғалімі

«Өзгеріссіз ілгері басу мүмкін емес, ал өз көзқарасын өзгерте алмаған, ештеңені де өзгерте алмайды»

Джордж Бернард Шоу

Ұлттық құндылықтарымыз—елімізді өз мақсатына талай дәуір сынынан сүріндірмей жеткізіп, дамыған 30 елдің қатарына кіруімізге жаңа серпін беретін терең тамырымыз. Тұғырлы мақсатқа қол жеткізуде жағаша білімге бет бұруымыз қажет.

Қазақстан - әлемдік бәсеке сапындағы көпэтносты халық отаны. Кең байтақ қазақ даласында Елбасының келешек ұрпағымыздың өсіп-өнуі үшін жасап жатқан парасатты қадамдары өте мол. Еліміздің балабақша, мектеп, колледж, жоғары оқу орындарына арналған стратегиялық білім беру бағдарламалары жастардың білім мен ғылым жолында жан-жақты дамуларына, жаңа өзгерістерге төтеп бере алатын, заманауи техниканы меңгерген, өз ісінің шеберлері ретінде қалыптасуларына мүмкіндіктер беріп жатыр. Қазіргі кезеңде елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалынып, әлемдік білім берудің алдыңғы қатарлы озық тәжірибелері қолданылуда. Білім беру саласының барлық бағыттарында жаңаша көзқарас, яғни жаңаша базистік оқу жоспарына көшу, білім мазмұнын жаңаша жан-жақты жетілдіру, жаңа буын оқулықтары мен әдістемелік кешендерге көшу тағы басқа жүйелілікпен қарастырылып, қалыптасуда.

Мазмұны жаңартылған бағдарламалар шәкірт бойына ұлттық құндылықтарды дарытуды көздейді. Өйткені, бізге өткен тарихты білу маңызды, ол болашаққа бастайтын бір жол. Адамзат өмірінде тәрбиесіз алған білім ешқашан пайда әкелмейтіні белгілі.

А.Байтұрсынұлының «Бұл күнде оқудың керек екеніне ешкімнің таласы жоқ. Қай жұрт болса да оқу мен ілгері басып тұрғандығын, кейін қалудың себебі, оқудың кемдігінен екенін көріп тұрамыз. Оқусыз халық бай

болса да, біраз жылдардан кейін оның байлығы өнерлі халықтардың қолына түсер» деген пікірі өз мәнін жоймастан, қазақ жұртының өркениетті елдер қатарына қосылуына бағыт-бағдар берді. Аталған бағдар жалпы білім жүйесіне енгізіліп жатқан өзгерістерге негіз болатындығына сенеміз.

Өзгерістер – бұл қашанда қарсылыққа және түсінбеушілікке апаратын, биіктеу, шыңырауға жету мен құлдырауы бар, үздіксіз орта. Осы өзгерісті басынан кешіретін, жаңа идеяларды, ал оның артынан жаңа мәселе (ой) туындайтын ұзақ және драмалық үрдіс. Өзгеріс – өткінші оқиға емес, ол уақытты талап етеді. Мери Джейн Драммонд және Коллин Мак Лафлин (1994) оны былай сипаттады: «Сана түбінде хабардар болу сатысы саналы хабардар болмау сатысында өтеді, ол өз кезегінде саналы хабардар болуға ауысады [1].

Қоғамдық өмірде кейінгі болып жатқан өзгерістер жеке тұлғаның, оның ішінде баланың жеке тұлғалық құқықтарын және өзіне еркіндігін құрметтеудің өсуімен сипатталады. Білім беру жүйесінің артықшылықты құндылығы балаға еркін таңдауды және жеке өзін – өзі ашу мүмкіндігін беру болады». Педагогика жаңалықтарының бірі- оқытудың іс-тәжірибесіне жаңа әдіс-тәсілді енгізу. Бастысы ол өзгерістер мұғалімге де, оқушыға да оң нәтиже беруі тиіс.

Ата-бабамыз көптеген хандықтардың көшбасшысына жеті өнерді меңгерген адамды лайық деп танып, сайлаған. «Елін қорғауда – бес қаруын толық пайдалана білу», «ата-бабасының салып кеткен әдет-ғұрып, салт-дәстірін білу», «тұрмысты елді мекеннің географиялық орналасуына сәйкес ұйымдастыра білу» және «көршілес мемлекеттермен сауатты саяси қатынас жасай білу» т.б. [2].

Адам баласының барлық болмысы мен қадір-қасиетін танытатын тіл деген киелі ұғымның бүгінгі күні жер бетіндегі қай ұлттың болса да ерекше назар аударып отырған кезеңінде өмір сүріп отырмыз. «Тіл - халық рухы, халық рухы- оның тілі» деген екен атақты неміс ойшылы, тілшісі Вильгелм Гумбольдт [3].

Жаһандану үдерісі, жаңа әлеуметтік-мәдени талаптар және мемлекетіміздің экономикалық деңгейінің өсуі шет тілін оқытуды одан әрі жетілдіру мен жеделдетуді талап етеді.

Адам - әлеуметтік тұлға. Күшті адам ол – рухани бай адам. Осындай мақсат тұтатын пенде туралы қазақ халқын зерттеуші Қ. Жарықбаев өз ойларын былай түсіндіреді: «Ақылы бар адам өзіндік ойы, өзіндік мақсаты, өзіндік бағыт-бағдары бар, кез келгеннің артынан еріп кетпейді. Салмақтылық, тұрақтылық, мінезділікке – адам ауадай зәру. «Қайда болсаң да өзінді тізгіндей білу», «Тұлға болу үшін батырлық пен қатар ақпейілдік те керек», «Сабырлық – жақсы қасиет» [4].

Қазақтың «адамның күні-адаммен» дейтіні сондықтан. Атақты Шәкәрім атамыз ұлттық құндылықтарды дәріптеген. Ол адалдық пен арамдық арасын ажырата біліп, еңбектің маңызын түсіндіруге тырысқан. Тек қана еңбек істеген жан өзін құрметтей алады, басқаға жамандық жасап,

қор қылмайды деп айтып кеткен. Ондай адамның айтқан сөзі мен істеген ісі әрдайым шуақ шашып тұрады [4].

Ұлтымыздың мәдениетіндегі құндылықтардың тізбегі көптеген ұғымдарды қамтиды. Заңгер, отандық оқымысты З.Кенжалиевтің пікірінше, қазақта тәртіп ұғымы – адам бостандығын шектеуге үшін бағытталмаған. Қоғамдық тәртіп туралы халық көзқарасының негізінде бейбіт ғұмырға деген құлшыныс, тыныш өмір сүруді аңсау жастыр. Мұндағы таңқалдыратыны, қоғамдық тәртіп– заңмен, яки құқықтық нормалармен байланыстырылмаған. Тіпті, қоғамдық тәртіп жайлы ойдың өзі күні бүгінге дейін жеке-дара болып шықпаған-ды. Ол ел арасының тыныштығы, ағайын арасы татулығы, ел ара жарастығы тәрізді ой-ағымдардың ажырамас бөлігі ретінде өмір сүрді. Халықтың ынтымақтығы, бірлігі, тату-тәттілігі оның өз – еркіндігінен, азаттығынан айырылып қалмау үшін орнатылған тәртіп еді. арандатушылық пен алауыздықтан бойын аулақ ұстаған ел ғана еркін де, бейбіт ғұмырға лайық, әйтпесе құлдық пен күндікке дұшар болу қаупі әрқашан төніп тұр [5].

Қорыта келгенде, ұлттық құндылықтарымыз қазақ мәдениетінің негізгі қайнар көздері екені мәлім болды. Ғасырлар бойы жалғасын тауып келе жатырған тарихымыздан көшпенді қазақ тәрбиесіндегі өркениет, мәдениеттің болғанын бабалар қалдырған мұралардан, халық аузында жүрген мақал-мәтелдерден-ақ көруге болады. Әр ғасырдың ұрпаққа жүктелетін міндеті мемлекеттің қажеттіліктерін өтеу мәселелерінен туындайды. Біздер, ұстаздар жүктелген міндетті дұрыс орындай отырып, заман сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыруға күш саламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Астана. 2012.
2. «Өзін-өзі тану: Махаббат пен шығармашылық педагогикасы». Халықаралық педагогикалық оқулар материалдары. (31 қазан-1 қараша, 2012 1-2 том. Алматы, 2012
3. "Өзіндік таным" журналы-Самопознание –КЗРеспубликалық ғылыми-әдістемелік журнал
4. <https://nmu.kz/kk/article/ulttyk-kundylyktar-kazak-madenietinin-negizgi-kajnar-kozderi/>
5. Кенжалиев К. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет. – Алматы: Жеті жарғы, 1997. – 125 б.

ТРИЗ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ЕРТЕГІ ТЕРАПИЯСЫ МЕН ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР БАЛАНЫҢ ҚИМЫЛ-ҚОЗҒАЛЫС БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ

КУШКИНБАЕВА ЗИНАГҮЛ ТІЛЕКҚАБЫЛҚЫЗЫ

Атырау қаласы

№ 26 «Жұлдыз» бөбекжай-бақшасының

Өз тарихын терең ұғынып, ұлттық құндылықтарын шын бағалай білетін халықтың ғана болашағы мәңгі болмақ. Бүгінгі алпауыт жаһандану дәуірінде кез-келген ұлтты сақтап қалатын дүниелер – сол ұлттың төл тарихы, мәдениеті мен тілі екені анық. Бұл жөнінде Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақаласында «Кеңестік – барлық нәрсенің, ал уақыт – бүкіл оқиғаның өлшемі. Уақыт пен кеңестіктің көкжиегі тоғысқан кезде ұлт тарихы басталады» деген болатын.

Сондай-ақ, ұлы даланың әрбір қыры оның әуелден бүгінге дейінгі халқының терең тарихы мен бай мәдениетінің куәсі екендігі және оның жаңғырту әлемдік өркениет үшін ерекше маңызды екендігін атап көрсетті.

Бір ұлтты басқа ұлттан даралайтын – оның ұлттық құндылықтары, яғни, әдеби мұрасы, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, мәдениеті, өнері, тұрмыстық бұйымдары, ойындары, т.б. өзгелерге ұқсамайтын қасиеттері. Ұлттық құндылықтарымыз шын бағасын алғанда ғана, жоғымыз түгенделіп, өшкеніміз жана бермек. Ұзақ уақыт бойы қыспақта болып, құрудың алдында қалған ұлттық құндылықтарымызды ұлт болашағының негізі діндегі ету – Елбасымыздың "Рухани жаңғыру" бағдарламасының басты өзегі.

Осы ретте, еліміздің ертеңі, әрқайсымыздың өмір жалғасымыз болып табылатын жас ұрпақты ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу – аса өзекті тақырып. Болашақ жастардың бойында ұлттық құндылықтарға негізделген адамгершілік тәрбие сезімді қалыптастыру және дамыту мәселесі ертегілер мен ұлттық ойындардың ой иірімдері, даналық тұжырымдары, этнопедагогикалық ойлар арқылы жүргізілуі тиіс.

Ұлттық ойындар – қазақ халқының ерте заманнан келе жатқан дәстүрлі ойын сауықтардың бір түрі. Оның бастауы алғашқы қауымдық қоғамда шыққан. Ұлттық ойындар негізінде әр халық түрлі - түрлі жаттығулар жасау жолымен денешынықтыру ісінің негізін салды. Оның адам денсаулығына жақсартуда пайдалы аса күшті екені ақиқат. Ұлттық ойындар – ата – бабаларымыздан бізге байлығымыз, асыл қазынамыз.

Сондықтан, үйренудің күнделікті тұрмысқа пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы орасан зор. Ойын баланың алдынан өмірдің есігін ашып, ұштаса береді.

Мектеп жасына дейінгі жас ұрпақтың қалыптасуына әсер ететін фактордың бірі, дәстүрлі мәдениетіміздің бір бағыты халықтың ұлттық ойындары.

Осы орайда мен балабақшамыздағы бүлдіршіндерге денешынықтыру оқу қызметін қызықты өткізу үшін ТРИЗ технологиясын қолдану арқылы ертегі терапиясы мен ұлттық ойындарды қолданып келемін.

Триз технологиясын барлық оқу қызметтерінде пайдалануымызға болады. Бұл технология баланың тілі, ой-өрісі, шығармашылығының

дамуына, сыни ойлауына, әртүрлі мәселелерді шешуде белсенді болуға үйретеді.

ТРИЗ технологиясының авторы Генрих Саулович Альшуллер-өнертапқыш, жазушы-фантаст. ТРИЗ әдістемесінде ең алдымен әр түрлі жағдайлардың шешімін табу арқылы ойлау қабілеттерін дамыту, жауаптың жүйелі құрылуы мен ерекшелігін ескеріп отырамыз. Бұл бағдарлама баланың тапсырманы өздігінен шығармашылық тұрғыда шешуіне мүмкіндік береді.

Берілген технологияның бағыттары: шығармашылық әрекетке үйрету, шығармашылық қиялдың әдіс-амалдарымен таныстыру, өнертапқыштық есептерді шығаруға үйрету. ТРИЗ элементтерін дене шынықтыру оқу қызметтерінде орнымен қолданып келемін.

Берілген технологияның бағыттары: ертегі желісі арқылы шығармашылық әрекетке үйрету, шығармашылық қиялдың әдіс-амалдарымен таныстыру, ұлттық ойындарды үйрету.

ТРИЗ технологисы арқылы ертегі терапиясы мен ұлттық ойындар барысында:

1. Икемді ойлау, қозғалыс белсенділігі, жүйелілік, диалектикалық дұрыс сөйлеу.

2. Белсенді ізденімпаздық, жаңашылдық, шығармашыл ойлауға талпыныс.

Жұмысымда ертегі терапиясы мен ұлттық ойындардың әдістері мен тәсілдерін пайдалану кезінде мектеп жасына дейінгі балаларда психологиялық тұрғыдан ешқандай бөгет жоқ екенін аңғаруға болады. Ал ол, мектеп жасындағы балаларда кездеседі.

Ертегі терапиясы мен ұлттық ойындар технологиясы осы бөгеттерден құтылуға, алғаш көргендегі қорқыныштан арылуға, балабақша және күнделікті өмірдегі орын алған мәселелерді қабылдауға және алда күтілетін тапсырмаларды шешуге көмектеседі.

Дене шынықтыру сабағын өткізу барысындағы барлық жағдайда баладан ұйымшылдықты, достық қарым-қатынасты сақтап ойнауға әдеттендіруді қалыптастыру маңызды жұмыс болып табылады. Бұл технологияның негізгі, техникалық жүйелер қалай болса солай емес, белгілі бір заңдылықтарға сүйенеді. Ол заңдылықтарды танып білуге болады. Бұл талап тек мектепті ғана қамтып қойған жоқ, балабақшаны да қамтыды. Мектепке дейінгі балалардың жасы, ерекше жас. Бұл кезде әр баланың шығармашылық қабілетін өз еркінен тыс ашуға мүмкіншілік бар. Мектепке дейінгі баланы дамытуда екі психологиялық үрдісті қамтиды. Елестету - бұл нақты білімді негізге ала отырып жаңа идеяларды тудыра білу, жана объектілердің бейнесін жасау. Қиялдау – бұл да жаңа, бірақ, ертегідегі шындыққа ұласпайтын таңғажайып объектілердің бейнесін нақты білім негіздеріне сүйене отырып ойдан шығару. Жас ұрпақтың бойына тазалық пен сергектікті, салауатты өмір құндылықтарын сіңірту-біздің міндетіміз. Сондықтан бала денсаулығын нығайтып, психологиялық сақтандыруды жүзеге асыру және оны насихаттау шараларын белсендірек жүргізу

балабақшадан басталу қажет –деп ойлаймын. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының құндылықтарымен өскелең ұрпақты тәрбиелеудің негізгі тұжырымдары мыналар болып табылады:

- әлеуметтік құндылықтар жүйесін қалыптастыру;
- тәрбие ұстанымдары мен ойларын біріктіру;
- ата-бабамыз бен басқа халықтардың мәдениетін үйлестіру және сақтау;
- қазақстандық патриотизмды қалыптастыру;

Денсаулығы түзу болмаған баланың толыққанды білім мен тәрбиеге ынтасы бола қоймайтынына күнделікті өмірде көз жеткізіп жүрміз.

Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепке дейін кезеңде қалыптасады. Сондықтан, бала ағзасының қызметін жетілдіру, қабілетін арттыру осы кездегі ең басты міндет болып табылады. Бұл міндеттердің маңыздылығы мынада. Ағзаның қорғаныс қабілеті нашар қалыптасқан кішкентай балалар сыртқы ортаның қолайсыз әсерлеріне тез ұшырайды. Балаларды салауатты өмір қалыптастыру үшін басты мәселе күшті, дені сау бала тәрбиелеу міндетті. Ал бұл қазіргі

заманғы дәуірінде әсіресе өзекті міндеттер балаларды дене шынықтыру және спортқа қызығушылықтың ояту болып табылады.

Менің міндетім - барлық санитарлық талаптар мен стандарттарға сәйкес келетін гигиеналық, психикалық, эстетикалық және басқа да талаптарға сәйкес болуын қадағалау, дене шынықтыру залындағы бұрышын ұлттық ойындар құралдарымен қамтамас ету. Бұл шаралар қызықты көңілді болып өтілуі күнделікті дамытушы жаттығудың, қызықты тиімді өтуі ұлттық ойындардың құрал жабдықтарға байланысты. Мектепке дейінгі баланың қозғалысқа ұмтылысын қолдап үнемі қанағаттандырып отыру қажет, себебі: ол баланың жан жақты дамуының айналаны танып білудің өзіндік тәжірибе жинақтауды басты шарты болып табылады. Біз қимыл қозғалыс пен саулық негізі дей келе алдымызға мынандай мақсаттар қоямыз:

- Ұлттық ойын құрал жабдықтарды пайдаланып, кеңістікті зат арқылы қалыптастыру.
- бала денсаулығын нығайту мақсатында жасанды заттардың шынайы өз тәжірибесіне сүйене отырып, таңдай білу дағдыларын жетілдіру.
- бала бойының және психикалық жан – жақты өсіп жетілдіру жолында мол іс тәжірибе жинақтау.
- бала денсаулығын нығайту мақсатында бала бақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастық орнату.

ТРИЗ технологиясы арқылы ертегі терапиясы мен ұлттық ойындар бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтерінде «Адасқан жануарлар», «Шөпте не жорғалайды?» және «Санмен қимылда», «Тасбақаны тез жеткіз», «Көйлекті құрастыр» атты ойындарында баланың түрлі қимыл қозғалысқа деген құлшынысын оятып қызығушылығын дамытамыз.

Триз технологиясын пайдалана отырып балалардың эмоциялық-ерік аясын, қол моторикасын, тілін, қиялын дамытамыз.

Мақсаты: балалардың шығармашылық қиялын дамыту, кішіпейілділікке, мейірімділікке, шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа, тәрбиелеу. Дәстүрден тыс әдістерді қолдану, ертегі терапиясы арқылы балалардың қызығушылықтарын ояту.

Оларды атап өтсем:

1.«Доптарды түсі бойынша топтастыр»

Мақсаты: балаларды түстерді ажыратуға, қимыл-қозғалыстарын дамытуға, шапшаңдыққа үйрету.

Шарты: Үш топқа бөлініп, кедергілер арқылы үш түрлі құрсауға доптарды топтастыру

2. «Адасқан жануарлар»

Мақсаты: балалардың қиялын, ойын, зейін қою қабілеттерін дамыту.

Жылдамдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Шарты: Ертегі желісі арқылы аңдардың ізін басып, бір-бірін табу.

3. «Санмен қимылда»

Мақсаты: Ойлау қабілеттері арқылы, қимыл-қозғалысты арттыру. Есте сақтау қабілетін дамыту.

Шарты: Суретпен берілген (жануарлар немесе жәндіктер) есептердің шешуін тауып, сәйкес санға секіру.

4. «Тасбақаны тез жеткіз»

Мақсаты: Балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту, жарысқа деген құлшынысын арттыру, шапшаңдыққа үйрету.

Шарты: Балалар бір орында тұрып, жіпті жинау арқылы құмда із қалдыра отырып, тасбақаның жүрісін жеделдету.

5. «Көйлектерді құрастыр»

Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа және де зейінін қоюға қалыптастыру.

Шарты: Жерде жекелеп жатқан көйлек бөлшектерін құрастыру.

6. «Асық жарысы»

Мақсаты: Балаларды ұлттық ойынымыз асыққа деген қызығушылығын арттырып, жас ұрпақты көненің құндылығымен таныстыру.

Шарты: Балалар шеңбер болып отырады, белгіленген шеңбер ішінде асықты иіреді, әлші түскен балалардың асығы 2 асық жүреді, тәйкі түссе 1 асық жүреді. Мәреге кіінің асығы бірінші жетсе сол бала жеңімпаз болады.

7. «Ханталапай»

Мақсаты: балалардың шапшаңдығын, ұйымшылдығын, ептілігін тәрбиелеу.

Шарты: Асықтардың ішінде САҚА деген болады, оның түсі ерекше болуы тиіс, мысалы қызыл, басқа асықтар оның түсіндей болмауы керек. 1 адам ойынды бастайды: асықтарды жинап алып, алдына шашып жібереді, сол кезде жаңағы САҚА алшысынан түссе, бәрі таласып асықтарға жармасады, жаңағы сақа кімнің қолына тиссе, сол кісі ойынды

жалғастырады. Яғни, бәрінің асығын жинап, алдына шашады, сақа алшысынан түссе жаңағыдай болады, ал егер алшысынан түспесе ешкім асықтарға жармаспайды, шашқан адам ойынды жалғастыра береді.

8. «Асық ату»

Мақсаты: балалардың ұқыптылығын, ептілігін, дәлдігін тәрбиелеу.

Шарты: Ойынға бірнеше бала қатысады. Әрбір ойыншылар кезекпен қолдағы асықтарды сырмақ үстіне шашады. Арнайы белгіленген асықпен (сақамен) қалған асықтарды шертеп атады. Басқа асықтарға тигізбей атып алынған асық, ұпай ретінде олжаланады. Ойын осылай жалғаса береді.....

9. «Шашкі»

Мақсаты: балалардың ойлау қабілетін дамытады.

Шарты: Бұл ойынды екі бала ойнайды. Асықтарды қарама-қарсы екі қатарға тізіп, басбармақ және баланүйрек саусақтары арқылы дәлдеп шертеді.

Менің алдыма қойған мақсатым, алдымдағы тәрбиеленушілерімнің қызығушылығын оятып қана қоймай, арттыру болатын болса, енді оған, алған білімін өмірде қолдана білу қосылып отыр. Ал педагогтің ең басты мақсаты-негізгі күзиреттілікке, жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде тұлғалық мәдениетке ие бала тұлғасын даму. Осындай жұмыстарды жүргізу нәтижесінде оқыту және тәрбиелеу үрдісінде ертегі терапиясы мен ұлттық ойындарды қолдана отырып, балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігі, танымдық қабілеттері артып, басым бағыттарының бірі балалардың салауатты өмір салты қалыптасады.

Жетістіктерім де аз емес, Облыстық «Ханталапай» интеллектуалдық жарысынан «Алғыс хатпен» марапатталдым, 2018 жылы Атырау облысы әкімі аппаратының «Қоғамдық келісім» КММ «Тиімді –тілдік орта» сайысына балабақша бүлдіршіндері және өзім тоғызқұмалақ ойынына қатысып I орынға ие болдық.

2019 жылы Атырау облысы бойынша «Өрлеу» БАҰО АҚ Республикалық «Педагогикалық идеялар панорамасы» бейне-сабақтар конкурсында «Мектепке дейінгі оқу тәрбие барысында ТРИЗ әдісі бойынша ертегі терапиясы арқылы дәстүрден тыс құралдарды пайдалана отырып, баланың қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру» тақырыбында әріптестеріммен тәжірибе алмасу бағытында өңірліктен II дәрежелі дипломмен марапатталдым. 2019 жылы 11 желтоқсанда осы тақырыпты әріптестеріммен тәжірибе алмасу бағытында «Өрлеу» БАҰО АҚ Республикалық деңгейге өтіп басқарма төрағасынан Алғыс хатпен марапатталдым.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Н.Ә. Назарбаев Қазақстан-2030 стратегиясы, Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы.
2. Мектепке дейінгі педагогика.- Алматы, 1985. Арысбаева З. Инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану ерекшеліктері. // Қазақстан мектебі.

3. Мектепке дейінгі жастағы балалардың дене тәрбиесі әдістері бойынша. Педагогикалық практика дене шынықтыру сабақтарына ірі қозғалыстар. Білім 1984 ж.
4. В.В. Кожухов - 1994 әр түрлі жастағы адамдардың дене тәрбиесі теориясы мен практикасы дене қызметін ұйымдастыру спорт пайдалану ғылыми және технологиялық тұжырымдамасы.
5. Аммарин Б. А. «Дене тәрбиесінің ілімі мен әдістемесі» М. 1999.
6. Ашмарин Б.А. Дене тәрбиесіндегі педагогикалық ізденістің ілімі мен әдістемесі. -М, ФиС, 1978
7. Жұмабекова Ф.Н. Тәрбие негізі балабақшада // Отбасы және балабақша. - 2009. №1.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ АЯСЫНДА ОҚУШЫ БОЙЫНА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫ ДАРЫТУ

МАЖЕДЕНОВА ГАУХАР МҰХТАРҚЫЗЫ

Атырау облысы

Құрманғазы ауданы

Нұржау селосы

*«Нұржау жалпы орта мектебі» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

Аннотация: Мақалада тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаев «Барлық жаңғырту үрдісіндегі табыстың негізгі факторларының бірі – ұлттық білім беру жүйесін жаңарту болып табылады», -деп атап көрсеткендей, қазіргі кезде білім беру саласына жаңа көзқарас, жаңаша талап қойылып отырғандығы және білім заңында әрбір азаматтың білім алуға құқықтығын негізге ала отырып, оқушы бойына ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастырып, құрметтеуге тәрбиелеуде дидактикалық шарттар яғни оқыту, тәрбиелеу, дамыту, қалыптастыру үрдісін жан-жақты қамту қажеттілігі туындайды. Оқушы бойына ұлттық құндылықтарды қалыптастыру үшін ұлттық мәдениет, салт-дәстүр, халық тағылымдары және т.б. мәселелеріне тоқталып өткеніміз жөн екендігі айтылған.

Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін білімін, адамзаттық мәдениетті, адами қасиетті мол терең түсінетін шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу өмір талабы, қоғам қажеттілігі.

Қазақстан Республикасы Білім туралы заңында жас ұрпаққа жан-жақты білім мен тәрбие берудің мемлекеттік саясатының негізгі ұстанымдарын айқындап береді. Олар мыналар: Қазақстан Республикасының барлық адамзатының білім алуға тең құқұлығы, әрбір адамзаттың интеллектуалдық дамуы, психо-физиологиялық және жеке басының ерекшеліктері, халық үшін білімнің барлық деңгейіне кең жол ашылуы. Яғни, білім заңында әрбір азаматтың білім алуға құқықтығын негізге ала отырып, оқушы бойына

ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастырып, құрметтеуге тәрбиелеуде дидактикалық шарттар яғни оқыту, тәрбиелеу, дамыту, қалыптастыру үрдісін жан-жақты қамту қажеттілігі туындайды. Оқушы бойына ұлттық құндылықтарды қалыптастыру үшін ұлттық мәдениет, салт-дәстүр, халық тағылымдары және т.б. мәселелеріне тоқталып өткеніміз жөн. Қазақ мәдениеті –ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениет. Ол ұлттық тәлім-тәрбиенің негізінде дамып, қалыптасты. Ұлттық тәрбие сол ұлттың мәдениетін дамытудың қозғаушы күші болып табылады. Ал, **ұлттық тәрбие мәселесі**- адамзат тарихынан өнбойына ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат. Бүгінде адамзаттың өркениеттің өзгеше биігіне көтерілген, үшінші мыңжылдыққа қадам басқан кезеңінде де жас мемлекетіміз үшін рухани асыл мұрат болып Қазақстандық патриотизм, азаматтық парыз, тұлға бойындағы ұлттық құндылықтар мен ар тазалығы және тағы басқа қасиеттерді жатқызамыз.

Олай болса, қазіргі кезеңде мектеп табалдырығынан бастап білім беруде ел тарихын терең қозғап, тәрбие сағаттарында қазақ зиялы қауымының еңбектерін, қоғам дамуына қосқан үлесін айтып түсіндіру арқылы оқушылардың адами құндылық қасиеттерін қалыптастыра аламыз. Сондай-ақ ұлттық салт-сананың өмірдегі қолданылмалы көріністері: рәсімдер, рәміздер, ырымдар, тыйымдар, жөн-жоралғылар, діни уағыздар, сенімдер, кісілік рәсімдері, перзенттік парыз, адамгершілік борыш, ұрпақтық міндет арқылы іске асырылып ұлттық қасиеттерге айналады.

Оқушының ұлттық қасиеттеріне меймандостық, кісілік, сыйласымдылық, имандылық, кішіпейілділік, кеңпейілділік, салауаттылық, тіршілікке бейімділігі, өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық, сыпайылығы, мәдениеттілігі т.б. қасиеттері арқылы ерекшеленеді. Әрбір мәдениетті, білімді адам өзінің кәсіптік, дүниетанымдық деңгейін ұлттық мәдениетпен ұштастыра білуге міндетті. Мәдениетті болу үшін білімді болу – міндет. Білімді болғанмен ұлттық мәдениетті игермеген болса ондай тұлға ұлт алдында “мәңгүрт”, мәдениетсіз болып көрінеді де, халықтың наразылығына ұшырайды. Кәсіптік-мұрагерлік әдеп (мәдениет) сақталған жерде дамыған дарынның мәдени жемістері көрінеді.

Білім беру мен тәрбиелеудің мақсатын айқындау үшін қазақ білімпазы Жүсіпбек Аймауытовтың мына сөздерін еске алған жөн. “Мектеп бітіріп шыққан соң бала бүкіл әлемге, өзгенің және өзінің өміріне білім жүзімен ашылған саналы ақыл көзімен қарай білсе, міне, білімдендірудің көздейтін түпкі мақсаты осы. Мектеп осы бағытта баланың келешекте жетілуіне мықты негіз салуы керек” –деген екен.

Олай болса, оқушылардың ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастыру негізінің бірден-бірі мектеп ішкілік жүргізілетін тәрбиелік іс-шаралар. Адамның бойына жақсы адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы, өнер-білімді игеруі – тәрбиеге, өскен ораға, үлгі-өнеге берер ұстазға байланысты. Осыны жақсы түсінген халқымыз “Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы”, “Тәрбие басы – тал бесік” деп ұлағатты ұстаздың еңбегін текке кетпейтіндей

өсиет еткен. Тәрбиенің түп қазығы үлгі берер ұстазда, “Ұстазға қарап шәкірт өсер” деп халқымыз ұстазға үлкен жүк артқан. Ұстаз үшін өз еңбегінің жемісін көруден артық бақыт жоқ.

Қазіргі кезеңде Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, Қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды. Оқыту үдерісін Білім мазмұнының жаңартылған бағыты мұғалімнің бағыттауымен оқушының өздігінен білім алуына ықпалы зор. Жаңартылған білім мазмұны белсенді оқыту арқылы әр түрлі әдіс-тәсілдердерді қолдана отырып оқушылардың барлығын сабаққа жұмылдыру, ынтасын, пәнге деген қызығушылығын ояту. Жаңартылған оқу бағдарламаларында пәннің мазмұны және мақсаттары мұғалімдер үшін бірізділігімен тиімді. Бағалаудың жетістік критерийлері де өте жақсы қамтылған. Мұғалім үшін тиімділігі оқушыны әділ бағалай алуы, мақсаттың нақтылығы, ресурстардың жеткіліктілігі. Оқушы үшін белсенді оқытудың тиімді жақтары, оның жеке, жұппен, топпен жұмыс істеуінде. Бұл жерде алға қойылатын басты мақсат - оқушыға деген сенім, оның өз ісіне жауап беру мүмкіндігіне сүйеніп беделі мен қадір-қасиет сезімін дамыту. Себебі өз білмейтіндерін басқа білетін оқушылардан толықтыруы. Сындарлы ойлайтын, өз мүмкіндіктеріне сенімді; әр түрлі әлеуметтік және өндірістік проблемаларды өз бетінше шешуге қабілетті тұлғаны дайындау үшін оқытудың сапасын жетілдіру аса маңызды мәселе болып табылады. Осы мақсатта білім негіздерін өз еркімен үйренетін, іс-әрекет мақсатын, міндетін, түрін, тәсілін, жағдайын өзінше түсініп, алған білімін өмірде қолдана алатындай жағдайға оқушыны жеткізуіміз керек. Оқытудың ұтымды технологиясын пайдалану арқылы шәкірттің тұлғалық болмысын дамытуға мүмкіндік туады.

Балаларды диалог пен дәйектеуге, талқылауға тарту белсенді жүргізілген жағдайда олардың оқуы тиімдірек және зияткерлік жетістіктері жоғары болатынын дәлелдейтін зерттеулер де көбейе түсуде. Осылайша балаларды ХХІ ғасырда және кейінгі ғасырларда да өмір сүру үшін қажетті дағдылармен және қасиеттермен қаруландыру – мұғалімдер үшін ынталандырушы күш болып табылады.

Сыни тұрғыдан ойлау «ойлау туралы ойлану» деп сипатталған. Ол маңызды мәселелерді талқылау және тәжірибені ой елегінен өткізуді қамтиды. Мұғалімдер педагогикалық білімі бар және қосымша оқыту мен өз біліктілігін арттырушы субъектілер болғандықтан, оларда бұл дағдылар дамыған және іс-тәжірибеде қолданылады деп ойлаймыз. Сыни тұрғыдан ойлау – Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік. Бұл модуль оқушылардың да, мұғалімдердің де сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді (МАН, 49 бет)

Білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағды-машыққа қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке-ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүру және жұмыс істеу, және ұлттық құндылықтарды бойға сіңіру болып табылады. Кез келген қоғам үшін өскелең ұрпақтың қайсыбір таңдау жасағанда ұлттық рух пен ұлттық мүделерді бастап орынға қойып, азаматтық пен адамгершілік ұстамдарынан ауытқымауы аса маңызды. Сондықтан, тәрбиелей отырып, сапалы білім беру ұстанымын қою қажет. Икемді тұлға болу үшін неге икемделу керек екенін бала да, ата-ана да айқын білу керек. Ол үшін жаңа типті мектептің ең негізгі мақсаты — жалпыадамзаттың ұлттық құндылықтарды бала бойына сіңіру керек. Білім мазмұны да, құрылымы да, оқыту технологиялары да сол мақсатқа жетуге бағыт алуы керек. » Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім-адамзаттың қас жауы»-дейді әл Фараби бабамыз. Дұрыс тәрбиеленген бала ғана «Қазақстандық білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру», («Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы»-ҚР Президенті 2006 ж 3 жолдауынан) мақсатының орындалуына жеткізе алады. Бұл бағдарламалар мазмұны оқушылардың білімімен қатар функционалдық сауаттылығын дамытуға да бағытталған. Әсіресе, оқушының өмірлік ұстанымының қалыптасуына, Отанын сүйуге, отбасы құндылықтарын қадірлеуге және сақтауға, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты білуге баулиды. Оқушы тек қана білім нәрімен сусындамайды, рухани болмысын да қалыптастырады.

Ұлтымызды дәріптейтін, рухымызды биіктетіп, ұлттық сенімімізді жігерлендіретін ұрпақтың болашағы – бізге, яғни ұстаздарға үлкен міндет. Ол үшін мұғалім кәсіби біліктілігін жаңа бағытта арттырып, білім мазмұнын жаңартып, тиісті әдіс-тәсілдерді қолданып, әдістемелік негіздерді қалыптастыруы керек. Өйткені білім әр адамға өмір бойы қажет екенін өмір тәжірибесі дәлелдеп отыр.

Мұғалім- мектептегі негізгі тұлға. Себебі тәрбие және білімнің көздеген нәтижеге жетуі мұғалімнің іс қабілетіне, шеберлігіне байланысты. Олай болса мұғалімдердің кәсіби даярлығына қойылатын талап та жоғарылауда.

Алдыңғы қатарлы технологияларды пайдалану білім беруді жаңарту ісіндегі маңызды буын болып табылады.

Тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаев «Барлық жаңғырту үрдісіндегі табыстың негізгі факторларының бірі – ұлттық білім беру жүйесін жаңарту болып табылады», - деп атап көрсеткендей, жыл сайын білім беру үдерісі жаңару үстінде. Қазіргі кезде білім беру саласына жана көзқарас, жаңаша талап қойылып отыр.

«Өсер елдің ұлы өнерлі, қызы мінезді келеді» дейді дана халқымыз. Тәуелсіз ел тірегі– білімді ұрпақ десек, алдымызда отырған өрендеріміздің

болашағы ХХІ ғасырмен тұстас келгеніне қуаныштымыз. Өйткені, ХХІ ғасыр – білім ғасыры. Білімділерді аялап тербетер, баптап өсірер саналы тәрбие мен сапалы білім керек.

Тәуелсіз елдің негізгі тірегі - білімді ұрпақ. Қазіргі таңда білімдінің алға түсіп, бәйгеден озып келетін заманы енді туды. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында «Біздің тәрбие жұмыстарының негізгі мақсаты: рухани дүниесі бай, денсаулығы мықты, азаматтылығы гуманизммен ұштасқан, инновациялық, әлеуметтік -мәдени өзгерістерге қабілетті ХХІ ғасырға лайықты, тұлғаның патриоттық сана-сезімін қалыптастыру мен дамытуға жағдайлар жасау.

Тәуелсіздік жылдарында еліміз екі процесті – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қатар жүргізіп, белгілі бір нәтижеге жетті, қазіргі уақытта жаңа тарихи кезеңге – Рухани жаңғыру кезеңіне аяқ басты. Рухани жаңғыру бізден ұлттық санамызды қалыптап, бәсекеге қабілетті болып, кез-келген мәселеге прагматистік тұрғыдан келуді, жалпы алғанда ұлттық бірегейлігімізді сақтай отырып дамуымызды талап етеді. Рухани жаңғырудың ең басты шарты – «білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу» Өйткені, ҚР Тұңғыш Президенті «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты Бағдарламалық мақаласында атап көрсеткендей, «табысты болудың ең іргелі басты факторы білім екенін әрқайсысымыз терең түсінуіміз керек... Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді». Бұл жерде әңгіме еліміздің болашағы туралы. Оның ертеңі – жас ұрпақтың қолында. Бүгінгі жас ұрпақ, болашақ маман Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында көрсетілген міндеттер бойынша: «Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды игеріп, ғылым мен практика жетістіктеріне негізделген білім алулары керек». Ендеше, біздің ұстаздарымыз оқытудың жаңа технологияларын енгізіп, білім беруді ақпараттандырып, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу арқылы оқытуды сауатты, сапалы жүзеге асырып, мамандардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастырғанда ғана қоғамымыздың дамуына елеулі үлес қоса алады. Бұл істердің барлығын жүзеге асыратын еліміздің ұстаздар қауымы. Ендеше, бүгінгі ұстаздар қауымына қойылатын талап та жоғары болмақ. Олар жан-жақты, әлемдегі жаңалықтардан мағлұматы бар, үнемі шығармашылық ізденістегі, кәсіби біліктілігін шыңдайтын жеке көзқарасы бар, соны қорғай білетін жігерлі тұлға, зерттеушілік қабілеті бар, білімді де білікті, көп оқитын, көп тоқитын, білімін күнделікті ісіне шебер қолдана білетін, өзінің оқушысын өз бетінше білім алуға баулитын кәсіби маман иесі болуы керек. Бұл өмір талабы. Ұстазда ұйымдастырушылық, құрылымдылық, бейімділік, сараптамалық қабілеттердің де болуы шарт.

Қорытындылай келе, жоғарыда келтірілген тұжырым Қазақстанда білім беру саласына өзгеріс қажет екенін анық көрсетеді. Технология, коммуникация мен ғылым салалардағы мұндай елеулі өзгерістер әлемдік

экономикаға айтарлықтай ықпал ете отырып, 21 ғасырда табысты болу үшін әрбір азаматқа қажетті білім мен дағдыларды алға тартады. Білім беру бағдарламасының мазмұны, педагогикалық тәсілдер және бағалау тәсілдері бір мақсатқа жұмылдырылуы тиіс. бұл жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша менің көкейге түйгенім: алдымызға бір мақсат қоя отырып, сол мақсатқа жету жолында шәкірттердің жүрегіне жол тауып, әрекеттендіре білу шеберлігіне жетсек, егемен елдің ұл -қыздары білімді де білікті болып шықпақ. Соның арқасында біз бәсекеге қабілетті, іргесі мықты ел боламыз. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп– үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, кастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Ұстаздықтың ұлы жолында өзімнің бар күш жігерімді салып, еліме пайдамды тигізіп жатсам, бұл ғаламда одан артық бақыт жоқ деп ойлаймын.

Қорыта айтқанда, бүгінгі күнде жастарды әдепті де саналы етіп тәрбиелеу үшін ең алдымен тәрбие ережелеріне сүйене отырып, ұлттық дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды, дінімізді, ата-бабаларымыздан қалған насихат-мұраларды жастардың санасына сіңіре білуіміз қажет. Тәрбиенің көзі ата-бабамыздан қалған мұралар мен дана сөздер десек, біз соларды насихаттайтын жүргізушіміз. Бүкіл қоғам болып қолға алып, мәдениетті, тәрбиелі болып жүруді әрқайсысымыз өзімізден бастасақ, жас ұрпақтың тәрбиесі де өз жемісін берері анық

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 2007 ж 27.07
- 2.Мұғалімге арналған нұсқаулық Үшінші (негізгі) деңгей. «Назарбаев зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012.
- 3.Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты 2012
- 4.«Ұстаз» ғылыми – әдістемелік журнал №3(44) 2009

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ ПЕН ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМІН ТӘРБИЕЛЕУ

МАНСАРИЕВА АЛМАГУЛЬ ТЕМИРБАЕВНА

Атырау облысы

Мақат ауданы

Л.Шахатов атындағы орта мектептің

ағылшын тілі пәні мұғалімі

Қазіргі уақытта қоғамның дамуына байланысты жас ұрпаққа білім беру, оларды тәрбиелеу және дамыту міндеттері барған сайын күрделеніп

бара жатыр. Болашақ ұрпағымызды жан-жақты, ақыл-парасаты мол, ізетті, кішіпейіл, білімді, мәдениетті азамат етіп тәрбиелеу—ата-ананың, мұғалімнің, мектептің, барша адам баласының қоғам алдындағы борышы.

Патриотизм мен толеранттылыққа тәрбиелеу отбасындағы тәрбиенің, мектепке дейінгі мекеменің, мектептің, ортаның, және түрлі қоғамдық ой-пікірлердің әсер етуімен қалыптасады.

Толеранттылық сөзінің астарында—шыдамдылық: басқалардың пікіріне, мінезіне және т.б. шыдамдылық таныту, достық қарым-қатынас, сабырлық, бейбіт көңіл-күй, құрмет, түсіністік, ортақ тіл табысу, келісім, өзгені өзіңмен тең көру, жұмсақтық жатыр.

Адамдардың қарым-қатынас мәдениеті, яғни бір баланың екінші баланы сол қалпында қабылдауы, тең тұтуы үнемі орындалмай жатады. Баланың әлеуметтік жағдайының нашарлығы, оқу үлгерімінің төмендігі, дене бітіміндегі кемістік, ұлттық ерекшелігі, кейде тіпті діни өзгешелігі түрлі қақтығысулар мен шекісулерге, қарама-қайшылыққа алып келеді. Әр адамды түрлі кемшіліктерімен қабылдау немесе тең санау кез-келгеннің қолынан келмейді.

Толеранттылықты қалыптастырудың негізі – достық пен бірлік. Сондықтан оқушылардың арасында жағымды қарым-қатынас орнату, бір-бірін сыйлауға, адал дос болуға және қоршаған ортамен сыйлас болуға үйрету, коммуникативті өрісті дамыту қажет.

Толеранттылыққа тәрбиелеу, бұл—адамгершілік парыз, ерекше құқықтық және адамды рухани өсуге жеткізетін жол. Бірақ, толеранттылықты тәрбиелеу бойынша міндеттерді табысты шешу үшін педагогтың өзі толерантты болу керек, толеранттылыққа үйреніп, оның мәнін оймен және жүрекпен ұғыну қажет.

Толеранттық қарым-қатынасты қалыптастыруда мұғалім қызметінің мәні – оқушылардың коммуникативті күзiреттiлiгiн арттыруға жәрдемдесу, яғни сұхбаттасуға дайын болу, басқалармен бiрге шындықты iздеу және шындыққа мұқтаж әрбiр адамға түсiнiктi түрде өз iзденiстерiнiң нәтижелерi туралы хабарлау. Толеранттылық мәні оқушылардың адамгершілік мәдениетін, өз ойын білдіру мәдениетін қалыптастыру үшін оңтайлы жағдайлар жасайтын оқыту принциптеріне тоғыстыратын оқушы мен мұғалімнің педагогикалық қарым-қатынасының жаңа негізі болып табылады.

Толеранттылықты тәрбиелеудегі шараларға мыналарды қарастыруға болады:

- оқушылардың бір-біріне жаны ашушылық, аяушылық сезімдерін тәрбиелейтін іс-шаралар.
- Бір-бірін түсіне білуге үйрету, басқаның пікірімен санасу, конфликті жағдайдан шыға білу, басқа халықтардың, ұлттардың тарихы мен мәдениетіне қызығушылықтарын ояту, өзара көмекке ұмтылу бағытындағы іс-шаралар.

• Белсенді өмірлік ұстанымдарын қалыптастыру, әр түрлі адамдар мен идеялар ортасында өмір сүруге бейімделу, өз құқығы мен міндетін ғана біліп қоймай, басқаның еркі мен бостандығын да қадірлей білетін өзіндік ой-пікірі бар адамдарды тәрбиелейтін іс-шаралар.

Ортанғы буын сыныптарында қарым-қатынасқа құралған ашық пікірлер сайысы, оқушыларды пікір таласуға, айтысуға үйрететін, конфликтерді бейбіт жолмен шешуге жеткізетін – оқытудың интерактивті әдістерін қолдану тиімді. Бұл әдістің артықшылығы басқаша ойлайтындарға, қарама-қарсы пікірлерге шыдамдылық танытуға төселдіреді, оқушының коммуникативтік қабілетін арттырады, жеке тұлғаны толеранттыққа тәрбиелейді, қоршаған ортаға, табиғатқа, адамдарға өктемдік жүргізуге деген жек көрушілік сезімін оятады.

Оқу мен тәрбие егіз, оларды бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Ұлы данамыз Әл – Фараби «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деп айтқан болатын.

Өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беру қазіргі мектепте маңызды міндеттердің бірі, өйткені балалық шақ пен жастық шақ – Отанға деген махаббат сезімін дарыту үшін ең берекелі уақыт. Отансүйгіштік ең алдымен анасына, өз отбасына, өз үйіне, туған жеріне деген жылы сезімнен бастау алады. Тұлға есейген сайын біртіндеп ұлт, халық, әлеумет, мемлекет деңгейіне көтеріле беретін бұл сезім адамның бүкіл ғұмырына жалғасып жатады.

Патриоттық тәрбие ұғымының астарында білім алушылардың өз Отанына деген сүйіспеншілігін біртіндеп қалыптастыру, оны қорғауға әрдайым дайын болу ұғымы жатыр. Отансүйгіштік – жан-жақты дамыған тұлғаның маңызды жақтарының бірі. Сондай-ақ, отансүйгіштікке тәрбиелеу – оқушылардың өз Отаны үшін, өз халқы үшін ар-намыс сезімін құру бойынша үздіксіз жүргізілетін жұмыс.

«Патриотизм» сөзі грек тілінен аударғанда, «атамекен» - өз Отанын сүйетін азаматқа тән адамгершілік және саяси қағида дегенді білдіреді. Мағынасын кеңінен ашқанда, негізі, Отанға деген шынайы сүйіспеншілік, өз халқына берілгендік, тарихи өткені мен бүгінгісін мақтаныш ету, болашаққа қамқорлық болатын терең әлеуметтік сезім.

Патриоттық тәрбие берудің басты бағыты – Қазақстан Республикасының Конституциясы мен еліміздің мемлекеттік нышандарын: Әнұранын, Туын, Елтаңбасын оқушыларға үйрету және құрметпен қарап, орындату мәселелері болып табылады. Еліміздің Конституциясын бұлжытпай орындау, құқықтық-саяси және этикалық әдет-ғұрып, мәдениетін тәрбие беруде оқушы бойына сіңіруді қалыптастырады.

Өзіміздің жұмыс процесімізде біз жастардың мемлекеттік рәміздерді шексіз құрметтеуіне тәрбиелеуімізге тиіспіз. Ол үшін олар өз елінің мемлекеттік рәміздерінің құрылу тарихын білуге міндетті.

Елтаңба – туда, тиында, мөрде бейнеленетін мемлекеттің, қаланың, қауымның айрықша белгісі.

Әнұран–мемлекеттік бірлік белгісі ретінде қабылданған салтанатты ән.
Ту – арнайы түстері бар белгілі бір геометриялық пішінге ие мата.

Мемлекеттік рәміздер бір жағынан, жас егеменді мемлекетті білдірсе, екінші жағынан тарихи дәстүрлердің мұрагерлігін білдіреді. Сондықтан барлығымыздың алдымызда, өскелең ұрпаққа өз елінің рәміздеріне, әрбір қазақстандық үшін қасиетті адамдарға ерекше қарым-қатынасы мен шынайы құрметін тәрбиелеу міндеті тұр. Онда жоғары адамгершілік құндылықтар, көп ұлтты республиканың үздік дәстүрлері мен әдет-ғұрыптар туралы ұғымдар үйлесімді бейнеленеді. Мемлекеттік рәміздерді шынайы құрметтеу үшін, ең әуелі олар туралы дұрыс түсінік болу керек екендігі анық. Әсіресе, өсіп келе жатқан ұрпақ үшін.

Мемлекеттік рәміздердің тарихын білу–халық, мемлекет туралы тарихи танымын кеңейтеді және олардың азаматтық жетілуін көтереді. Мемлекеттік рәміздер елдің тәуелсіздігі мен өзіндік ерекшелік идеясын іске асыру болып табылып, рухани, адамгершілік аясын дамытуға ықпал етеді, ұлт тірегі мен нышаны болады.

ҚР мемлекеттік рәміздерін насихаттау, дәріптеу және дұрыс қолдану мақсатында біздің мектепте нақты жұмыстар жүргізілуде.

Мектептің ресми шараларында оқушылар әнұранды орындайды. Мадақтаманы немесе білім туралы аттестатты алған кезде білім алушы елтаңбаның суретін көреді – бұның барлығы патриоттық тәрбиенің елеулі бөлігі.

Біздің мектебіміздің педагогтары ҚР Туы, Елтаңбасы, Әнұраны туралы сынып сағаттар циклін әзірледі– «ҚР Туы, Елтаңбасы, Әнұраны», «ҚР Әнұранының авторы», «Елтаңбада бейнеленген элементтер нені білдіреді?», «Геральдика ғылымы», «Тәуелсіз Қазақстанның Туы» т.б.

Мемлекеттік рәміздердің тарихына қатысты сұрақтарды қамтитын «Өз ойыным», «Тәуелсіз Қазақстан» сияқты интеллектуалдық ойындар мектеп қызметінің айқын құрамдас бөлігі.

Туған елдің елтаңбасының, туының және әнұранының суреттелуін ғана емес, олардың эволюция тарихын оқу арқылы мүмкін болатын нышандық белгілерін түсіну аса маңызды. Бұл мемлекеттік нышандар қалай пайда болғандығы және ғасырлар көлемінде қандай жолдан өткендігі туралы. Жұмыс нәтижесі, әлеуметтік белсенді оқушылар санын арттыру болып табылады. Тәрбие ісінің басты мақсаты жүзеге асырылады – жастардың бойында белсенді азаматтық ұстанымын, әлеуметтік жауапкершілігін, жоғары адамгершілік және көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыру. Сөйтіп, тәжірибе көрсетіп отырғандай, мемлекеттік рәміздерді насихаттау, патриотизмнің қалыптасуына ықпал етеді, тұлғаның әлеуметтенуіне, оның рухани дамуына және үйлесімді тәрбиеленуіне жәрдемдеседі.

Өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие берудің тиімділігі, мемлекеттің, мектептің және отбасының бірлесіп жұмыс істеуіне байланысты екендігін түсіну өте маңызды. Бұл субъектілердің өзара тығыз ынтымақтастығында

және өзара әрекет етуінде ғана, баланың тұлғалық толық құнды дамуына қол жеткізуге болады.

Толеранттыққа және патриотизмге тәрбиелеуде ағылшын тілі пәндерінің алатын орны ерекше. Әр мұғалім өзінің сабақтарында тәрбиенің осы бағыттарын естен шығармағаны абзал.

Оқыту барысында оқушыларды әр халықтың салт-дәстүрімен, әдет-ғұрпымен, мәдениетімен таныстыру, адам баласының бір-біріне туыс, дос, көмекші екеніне назар аудартқаны жөн.

Жас ұрпақты тәрбиелеу ісі – жалпыадамзаттық іс. Сондықтан жүктің жеңілдігі жұмыла көтеруде екендігін ескеріп, жас ұрпаққа ұлттық мүддеге сай тәрбие беруде баршамыз біріге күш салғанымыз абзал.

Түйіндей айтсақ, оқу-тәрбие үрдісінде оқушылармен осы жоғарыда баяндалғандай, тағы да басқа әдістерді қолдана отырып, өскелең ұрпақтың көкейіне осындай іс-әрекеттерімен ой сала білсек, заманға сай үлгі көрсетсек, қоғамға керекті толерантты, отансүйгіш азамат, елге қызмет ететін қайраткер тәрбиелейміз деп сенемін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Қазақстан мектебі – ғылыми-педагогикалық журнал, №7, 2012.
- 2.Дүйсенбаев А.Қ. «Тәрбиенің қайнар көзі» Қазақстан мұғалімі. 2013.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ БОЙЫНА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДАРЫТУ

МӘДЕНИЕТ АРАЙГҮЛ

Павлодар облысы

Ақсу қаласы

Қалқаман ауылының орта мектебі КММ

бастауыш сынып мұғалімі

«Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиелі баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті»

М. Жұмабаев

Орта білім берудің жаңаруы жағдайында жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін білімін, адамзаттық мәдениетті, адами қасиетті мол терең түсінетін шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу өмір талабы, қоғам қажеттілігі. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Болашақ ұрпағымызды тәрбиелегенде, оларға жастайынан имандылық пен ұлттық қасиеттерді сіңіре білсек, сонда ғана біз ұлттық рухы дамыған, Отанының гүлденуіне үлес қоса алатын азамат өсіре аламыз» деген болатын. «Мәңгілік Ел- жалпы Қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы болатын. Ендігі ұрпақ - Мәңгілік Қазақтың Перзенті. Ендеше, Қазақ Елінің ұлттық идеясы- Мәңгілік Ел!» деп елбасымыз нақты атап өтті. [1] Әлеуметтік маңызы зор

құндылықтың мән- мағынасын ұғындыру, баланың санасына, сезіміне, түйсігіне, мінез-құлқына әсер ететіндей дәрежеде жеткізу ұстаздық шеберлікті талап етеді.

Құндылық дегеніміз не? Құндылық–тәрбие мен оқытудағы адамгершілікке бағытталған мұраттар. Оларға меймандостық, кісілік, сыйластық, имандылық, кішіпейілділік, салауаттылық, қайырымдылық, ізгілік, еркіндік, өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық, сыпайылық, мәдениеттілік, шығармашылдық, рухани байлық, махаббат сынды қасиеттер жатады. Құндылықтар – шынайы ғана болады, ол адамға тәуелді емес, дей тұрғанмен ол адам санасында орын алады. Құндылықтар сезім арқылы қабылданады, ал сана арқылы оны түсінуге болады. Қазіргі кезеңде бастауыш сыныптан бастап білім беруде ел тарихын терең қозғап, тәрбие сағаттарыда қазақ зиялы қауымының еңбектерін, қоғам дамуына қосқан үлесін айтып түсіндіру арқылы оқушыларға адами құндылық қасиеттерді дарыта аламыз. Сондай-ақ ұлттық салт-сананың өмірдегі қолданылмалы көріністері: рәсімдер, рәміздер, ырымдар, тыйымдар, жөн-жоралғылар, діни уағыздар, сенімдер, кісілік рәсімдері, перзенттік парыз, адамгершілік борыш, ұрпақтық міндет арқылы іске асырылып ұлттық құндылықтарға айналады.

Оқушылар бойына ұлттық құндылықтарды құрметтеуге, сақтауға тәрбиелеуде белгілі әлемдік, отандық ғалымдарымыздың еңбектеріне тоқталып, сараптап өтсек. Белгілі педагог К.Д. Ушинский “Халықтың (этностың) тәжірибесінде педагог та жоқ, педагогика да жоқ” дейді. Ал, Аристотель “Біз бала тәрбиелеуде халық тәжірибесіне сүйенеміз “ деп қарастырды. Қазақ мәдениеті-ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениет. Ол ұлттық тәлім-тәрбиенің негізінде дамып, қалыптасты. Ұлттық тәрбие сол ұлттың мәдениетін дамытудың қозғаушы күші болып табылады. Әрбір халықтың тарихи тіршілігі мен рухани тәжірибесі бар. Халықтың тұрмыс–тіршілігіндегі рухани тәжірибелері арқылы қалыптасқан тәрбиелік және дүниетанымдық көзқарастары - халық педагогикасы. Халық педагогикасы – халықтың мәдени мұрасы. Халық педагогикасы сол халықтың (ұлттық) этностық ерекшеліктеріне байланысты дамып, қалыптасқан істерінен көрінеді. [5,35б.] Олай болса, оқушылардың ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастыру негізінің бірден-бірі мектепшілік жүргізілетін тәрбиелік іс-шаралар. Адамның бойына жақсы адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы, өнер-білімді игеруі–тәрбиеге, өскен ораға, үлгі-өнеге берер ұстазға байланысты. Осыны жақсы түсінген халқымыз “Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы”, “Тәрбие басы – тал бесік” деп ұлағатты ұстаздың еңбегін текке кетпейтіндей өсиет еткен. Тәрбиенің түп қазығы үлгі берер ұстазда, “Ұстазға қарап шәкірт өсер” деп халқымыз ұстазға үлкен жүк артқан. Ұстаз үшін өз еңбегінің жемісін көруден артық бақыт жоқ. [3-3б.]

Халықтық педагогиканың құндылығы сол–халық қазынасының азығын ақылды да әдепті, жан-жақты жетілген, адамгершілігі мол азамат тәрбиелеуде таптырмас тәрбие құралы етіп пайдалана білсек қателеспейміз.

Ендеше, бұл құндылықтар бесік тербеткен ана әлдиімен, ақ жаулықты әже ертегісімен бірге өскелең ұрпақ бойына ұстаз тәлімі арқылы да дарытылып, сіңірілуі керек.

Жеке тұлғаны ұлттық тәрбие арқылы дамыта отырып, нақты әрекет арқылы оқытуда төмендегі құндылықтардың болуы қажет:

-белсенді қарым-қатынас: оқушы мен мұғалімнің әрбір мәселеде өз көзқарастарын білдіріп отыруы;

- индивиттік: мұғалімнің әр жеке оқушының ерекшелігін дамыту, қоғам алдындағы жауапкершілігінің болуы;

-өзіндік тәртіп: өзіндік бақылау мен бағалауды шешім қабылдауды үйрену;

-шыдамдылық: әр түрлі пікірлерді қабылдай алу, бір-бірінің пікірлері мен ерекшеліктерін құрметтеу, қабылдау. [2, 64-65б.]

Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:

-оқушылдардың сана-сезімін қалыптастыру;

-жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;

-ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәден етін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеу;

-жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездері қалыптыру сияқты міндеттерді орындағанда ғана біз мақсатқа жете аламыз. Бала бойына ұлттық құндылықтарды дарытудағы негізгі құралдарға мыналарды жатқызуға болады:

-сыныптағы тәрбие сағаттары;

-баспасөз және қабырға газеттері;

-бұқаралық ақпарат құралдары;

-тәрбие шаралары(пікірталас,тәрбие сағаты,кеш, дәріс, таным-өнеге сағаттары, т.б.)

-кітап оқу;

- мектептен тыс және сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру;

-шығармашылық жобалар қорғау;

-қоғамдық ұйымдармен байланыс жасау;

-саяхат жасау;

-үйірмелерге қатысу. [4, 5б]

Оқушы санасына ұлттық құндылықтарды сіңірудің тағы бір жолы – халық ауыз әдебиетінде жатқандығы белгілі. Өйткені жасынан ертегі, жаңылтпаштар, жұмбақтар, мақал-мәтелдер, аңыз әңгімелер, шешендік сөздер мен батырлар жырларын, жыраулар шығармаларын оқып, жаттап, маңызды да, құнды тұнығына қанып өскен баланың бойында еліне, жеріне, халқына адамзатқа деген сүйіспеншілігі арта отырып, ұлтжанды, намысқой, арлы азамат боп қалыптасады.

Жергегінен бала тәрбиесіне айрықша мән беріп, көңіл бөлген халқымыз осы ауыз әдебиеті үлгілері арқылы адамды аздырып –

тоздыратын: өсек, өтірік, мақтаншақ, қыңыр, есер, бейбастақ секілді мінездерден сақтандырып келген.

Халқымыздың тарихи–мәдени мұраларының түрлері сан алуан. Осындай аса құнды мәдени игіліктердің бірі – ұлттық ойындар. Бұл күнде ойынды халық педагогикасының құралды бір бөлігі деп тегін айтпаса керек. Себебі ойын баланың күш-қуатын молайтып, оны шапшаңдыққа, дәлдікке ғана тәрбиелеп қоймай,оның ақыл-ойының толысуына, есейіп-өсуіне де пайдасын тигізеді. Қазақтың ұлттық ойындары ерлікті, өжеттікті, батылдықты, шапшаңдықты, ептілікті, тапқырлықты, сондай-ақ күш-қуат молдығын, дененің шынығуын қажет етеді. Ойын- тынысы кең, ойдан-ойға жетелейтін, адамға қиял мен қанат бітіретін, ақыл-ой жетекшісі, денсаулық кепілі, өмір тынысы, яғни ойын баланың алдынан өмірдің есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін оятады. Қазақтың ұлттық ойындары – ата-бабамыздың бізге жеткен, өткені мен бүгінгісін байланыстырған баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз. Сондықтан оны күнделікті сабақ үрдісінде, тұрмыста да пайдаланудың заманымызға сай тұлға тәрбиелеуге пайдасы орасан зор.

Тұлға бойындағы рухани құндылықтарыды қалыптастырудың көзі, отбасы, әулет, әлеуметтік орта, мемлекет болса, ұлттық құндылық қазақы патриотизм, ұлттық салт-сана, ұлт алдындағы міндет, парыз, намыс, ұлттық рух, ұлттық салт-дәстүр, тұлға бойындағы ұлттық құндылықтың жоғары көрсеткіші. Тәрбиенің негізі болып саналатын адамзаттық құндылықтардың бірі тәрбиенің басқа адамға деген қажеттілігі, басқа адамдарды сүйе білу қажетілі болып табылады.

Қорыта айтқанда, бүгінгі күнде жастарды ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу үшін ең алдымен тәрбие ережелеріне сүйене отырып, ұлттық дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды, дінімізді, ата-бабаларымыздан қалған насихат-мұраларды жастардың санасына сіңіре білуіміз қажет. Тәрбиенің көзі ата-бабамыздан қалған мұралар мен дана сөздер десек, біз соларды насихаттаушымыз.Бүкіл қоғам болып қолға алып, құндылықтарымызды дәріштеп, рухани тәрбиелі болуды әрқайсысымыз өзімізден бастасақ, жас ұрпақтың тәрбиесі де өз жемісін берері анық.

Қазақстан Республикасының баянды тәуелсіз ел болуы үшін ұлттық құндылықтарды, тәрбие арқылы халық педагогикасынан нәр алып адами құндылықтардың барлық саласын бойына сіңірген, таза елжанды азаматтар қажет. Қазақ елі үшін бар білімі мен қабілетін сарып ететін, елін, туып өскен жерін, тілін, халқының салт - дәстүрін, тарихын, дінін, мәдениетін құрметтейтін жеке тұлға тәрбиелеу басты мақсат болуы тиіс.Ұлттық құндылықтарымыздың туын биік ұстап, жас ұрпақты қасиетті халқымыздың тәлімгерлік үлгісімен тәрбиелеу- ең маңызды міндет.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә.«Қазақстан жолы – 2050:Бір мақсат, бір мүдде,бір болашақ».–Астана, 17 қаңтар 2014. Егеменді қазақстан газеті.2013-14жж.,.

2. Толегенова, А. Б. Жеке тұлғаны ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу— 2015. // Молодой ученый. — № 7.2 (87.2). — Б. 64-65б
3. Бастауыш мектеп журналы/ республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журнал/ №7, 2007. 3б.
4. Сынып жетекшінің анықтамалығы/ №1(01) 2009. 5.
- 5.Әдеп және жантану/ хрестоматия/ Атамұра Алматы, 1996.- 35б.

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ МЕН ПЕДАГОГИКАНЫҢ БІЛІМ БЕРУДЕГІ МАҢЫЗЫ

МӘДІР ГҮЛМИРА САҒЫНДЫҚҚЫЗЫ

*О. Көшекөв атындағы Атырау аграрлы - техникалық колледжінің биология пәнінің I санатты оқытушысы
биология магистрі*

XXI ғасыр - бұл ақпараттық, технологиялық мәдениет дәуірі. Тәуелсіз ел тірегі - білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған келесі мәселе - білім беру, ғылымды дамыту.

Бүгінгі жаһандану үрдісінде әр ұлт, әр мемлекет өзіндік бет - бейнесін сақтап қалуға тырысуда. Бізді де осы үрдістен алып шығар - ежелден қалыптасқан ұлттық құндылықтарымыз және білімді ұрпақ болмақ. Сол себептен де жас ұрпақты тәрбиелеуде басты ұстанар бағытымыз - ұлттық құндылықтар болуы қажет. "Тәрбиедегі мақсат - баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығару емес, келешек өз заманына лайық қылып шығару" - деп Мағжан Жұмабаев атамыз айтқандай, өркениетті қоғам көшіне ілесе алатын ұлтжанды ұрпақты тәрбиелеу - бүгінгі күннің басты талабы. Ұлттық тәрбие беру бағытындағы ізденістер мен тәжірибелер:[1]



Қазақ жері - көп ұлтты мемлекет. Дегенмен, халқымыздың ұлттық салт-дәстүрін, тарихын, елін, жерін таныстыра отырып білім нәрімен сусындандыруды көздегеніміз дұрыс. Онсыз алға жылжу болмайды. Ұлттық

білім берудің өзі ұлттық қауіпсіздік пен мәдениеттің құрамдас бөлігі. Ал ұлттық білім берудің құндылығы әлеуметтік дамумен, қалыптасқан дәстүрмен анықталған.

Баяндаманы жазуда алға қойған мақсатым - ұлттық құндылықтарын бойына сіңіру арқылы бүкіл адамзаттың құндылық тұғырнамасында қалыптасқан тәні және жаны сұлу, өзіне - өзі сенімді, ғылыми - теориялық білімділігі мен тәжірибелік қабілеттері арқылы күрделі әлемдік, өмірлік әрі әлеуметтік кеңістікке еркін ене алатын қасиеттерге ие және әлемдік бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастырудағы топ жетекшісінің ролін айқындау.

Міндеттері:

- студенттердің ұлттық сана - сезімін қалыптастыру;
- жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;
- ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт - дәстүрлерін, рухани- мәдени мұраларды қастерлеу;
- жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерін қалыптастыру;
- тәрбие ісін тартымды, ұтымды ұйымдастыру;
- мұражай материалдарын пайдалана отырып, студенттерді елжандылыққа тәрбиелеу;
- ұлттық мәдениетті меңгерте отырып әлемдік мәдениетті игеру.[3]

"Ел болам десең, бесігіңді түзе" дейді ұлы жазушы Мұхтар Әуезов. Біздің халқымыздың тәрбие тәсілдері мен тәжірибелері көп. Халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан салт - дәстүр, әдет - ғұрып үлгілері мен өнегелері соның айғағы. Елін сүйген адам сол елдің салт- санасын, мәдени мұрасын қастерлеп, өнеге тұтуы тиіс.

Қандай мемлекеттің де ертеңі еңселі, бала-шағаның баянды болуы жастардың тағдыр-таласының қалай қалыптасқанына байланысты. Сондықтан оқу орындарының басты міндеті - ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды игеруге қабілетті, ғылым мен тәжірибе жүзінде терең білім бере отырып, жеке тұлға болып қалыптасуға дайын ұрпақ тәрбиелеу.

Олай болса, қазіргі кезеңде білім беруде ел тарихын терең қозғап, тәрбие сағаттарында қазақ зиялы қауымының еңбектерін, қоғам дамуына қосқан үлесін айтып түсіндіру арқылы жастардың адами құндылық қасиеттерін қалыптастыра аламыз. Сондай -ақ ұлттық салт - сананың өмірдегі қолданылмалы көріністері: рәсімдер, рәміздер, ырымдар, тыйымдар, жөн - жоралғылар, діни уағыздар, сенімдер, перзенттік парыз, адамгершілік борыш, ұрпақтық міндет арқылы іске асырылып, ұлттық қасиеттерге айналады. Жастардың ұлттық қасиеттері: меймандостық, кісілік, сыйласымдылық, имандылық, кішіпейілділік, кеңпейілділік, салауаттылық, тіршілікке бейімділігі, өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық, сыпайылығы, мәдениеттілігі, т.б. қасиеттері арқылы

ерекшеленеді.[2] Осы орайда тәрбие, адамгершілік қасиеттер жайлы Д.А. Қонаев атамыздың айтып кеткен мына бес өсиеті еске түседі:

1. Адамға тіл тигізуден сақтану керек. "Ақыл - дос, ашу - дұшпан" деген осы. Бұл бірінші өсиетінде адамдардың тілдің тілін алып орынсыз сөйлей беруден, ол тілдің ақылдың алдын орап отыратындығынан сақтандырып, сөзді сөйлеу үшін алдымен ойлап, ақылға салып алудың керек екенін ескертеді.
2. Әдептілік. Осы бір сөздің тәрбиелік мәні аса зор, әсіресе, мұның ұлттық мәні ерекше. Қазақ әдептен аспай, кішіпейілділік көрсету арқылы кісілік көрсеткен.
- 3.Өзің өзгеге күдіктенбе, өзге өзіңе күдіктенбесін. Иман жиям десең пиғылыңды таза ұста. Күпірліктен адассын.
- 4.Өз басыңа тілемейтін істі біреуге істеме. Қиянаттан асқан қылмыс болмайды. Сақтансақ осыдан сақтанайық.
- 5.Не істесеңде зеректікпен тындыра біл. Ырысың осы. Білсем, үйренсем деген талап қай жастағы, қандай дәрежедегі адамдардың болсын таптырмайтын қасиеті, - деген өсиеттерді қалдырады. Бұл өсиеттердің барлығы адамның рухын көтеріп, адамгершілік құндылықтардың адам бойында қалыптасуына жеткізетін үлкен күш. [1]

Бүгінгі ұрпақ ол – еліміздің болашағы. Біздің алға қойған мақсатымыз – қазіргі қоғам мұратына сай жан-жақты жарасымды тұлға өсіру. Ұрпағымызға дұрыс тәрбие бере алсақ, оның жан дүниесі де дұрыс қалыптасып жетіледі, яғни бойына жақсы қасиеттерді сіңіріп өседі. Бұл қасиеттердің бәрі адамның бойында бала кезінен бастап тұрақты қалыптаспақ. Баланың өмір сүруге құштарлығының оянуы, жақсы мен жаманды, обал мен сауапты ажырата білуі өзін қоршаған ортасына, ата-анасына, құрбы - құрдастарына, олардың іс - әрекеттеріне және де басқа да қасиеттеріне байланысты. "Өткенсіз бүгін жоқ" демекші, бүгінгі ұрпақты ата - бабаларымыздың мол мұрасымен сусындату – біздің міндетіміз. Ұлдың намысты-батыл, қыздың әдепті - ибалы болып қалыптасуы бабаларымыздың өнеге-өсиетін тәрбие барысында ұтымды пайдалана білуімізге де байланысты деп ойлаймын.

Қорытындылай келе, бала тәрбиесіндегі ең басты ережелер – балаға керекті кезде назар аудару білу, оған деген махаббатты қай жаста да көрсете білу, оның көзқарастарын ерекшеліктерін түсіне білу болып табылады дегім келеді.

Мағжан Жұмабаевтың мына бір сөзімен түйіндесем: «Жас бала – жас бір шыбық, жас күнінде қай күйде иіп тастасаң, есейгенде сол иілген күйінде қатып қалмақ», - ендеше, балам адам болсын деп ұрпағымыз үшін алаңдасақ, ең әуелі тәлім - тәрбиеге терең мән бергеніміз жөн. Жаратушы Хақ тағала Қазақ Елінің әр ұланын әр рухты, намысты да жігерлі, иманды да ибалы, сапалы білімді, дені сау, ұлттық санасы биік болуын нәсіп етпей! Әмин! [4]

Әдебиеттер тізімі:

1. "Ұлттық құндылықтар негізінде білім берудің педагогикалық аспектілері" ғылыми -конференциялық жинақ, Атырау -2013
2. Б.Қ. Жарықбаев, С. Қалиев "Қазақтың тәлімінің тарихы", Алматы: Санат, 1995
3. С.Қалиев, М.Оразбаев, М.Смаилова Қазақ халқының салт-дәстүрлері, - Алматы: Рауан, 1995.
4. Қазақстан Мұсылмандары Діни басқармасының ресми сайты, Жұма мінбері 19.01.2018.

ФОРМИРОВАНИЕ НАЦИОНАЛЬНЫХ ЦЕННОСТЕЙ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ МАТЕМАТИКИ

МУКАНОВА МЕРЕКЕ ЖУЛАНОВНА

Учитель математики

средняя школа №1

г.Хромтау

Актыубинская область

«Важно усилить воспитательный компонент процесса обучения: патриотизм, нормы морали и нравственности, физическое и духовное развитие»

Н.А. Назарбаев

Вопрос развития национальных ценностей у подрастающего поколения детей в настоящее время является одной из ключевых проблем, стоящих перед каждым образовательным учреждением, обществом и государством в целом.

Формирование национальных ценностей подразумевает привитие учащимся любви к природе, воспитание гражданственности, патриотизма, приобщение к наукам, забота о здоровье, умение видеть красоту в искусстве и литературе, эстетическое и этическое воспитание.

Принято считать, что вопрос развития национальных ценностей легко решать на уроках, связанных с гуманитарными науками и гораздо труднее на уроках естествознания, тем более на уроках математики. Однако математика является не просто областью знаний, но прежде всего существенным элементом общей культуры, языком научного восприятия мира. Математическая наука неизбежно воспитывает в человеке целый ряд черт, имеющих яркую моральную окраску и способных в дальнейшем стать важнейшими моментами в его нравственном облике.

Национально-региональный компонент является важным составляющим содержания современного школьного образования. В числе основных его задач —приобщение подрастающего поколения к национальной культуре, духовным и нравственно-этическим ценностям своего народа, формирование интересов к родному языку и истории. Использование регионального компонента на уроках математики позволяет

повысить мотивацию изучения предмета, как основного условия успешного обучения. Мотивация выполняет несколько функций: побуждает поведение, направляет и организует его, придает ему личностный смысл и значимость. Применение регионального компонента в математике позволяет каждому учащемуся увидеть этот личностный смысл и значимость математических знаний.

Очень часто ученики задаются вопросами: «А где именно пригодятся мне знания математических определений? А зачем нужно изучение той или иной темы?»

Для того чтобы каждый учащийся мог ответить на эти и другие подобные вопросы, он должен сам увидеть применение в жизни своих знаний и умений, что в свою очередь способствует повышению мотивации учения. Перед учителем математики стоит важная задача – научить школьников с математической точки зрения разбирать жизненные практические ситуации, обучить их теоретическому анализу. Только при этом условии математические знания могут стать подвижными и действенными. Содержание школьных учебников математики носит абстрактный характер, не учитывающий особенностей культуры, образа жизни и восприятия детей разных национальностей. Таким образом, налицо противоречие между необходимостью использования принципа региональности в обучении математике учащихся и его слабой реализацией в современной школе из-за отсутствия соответствующей базы.

Математика, как прикладная наука в подготовке базовой экологической грамотности учащихся, может внести свой взнос в закладку прочной системы базовых знаний, т.к. именно знания лежат в основе осознанных поступков человека. Экологическая этика, сформированная в знаниях-главное, что выведет мир из кризисного экологического состояния. Изучение родного края языком математики приводит к осознанному осмыслению изучаемого материала, пониманию взаимосвязи алгоритмизированной счетной науки и жизни каждого учащегося лично. Поиск и разработка эффективных дидактических средств, содействующих разрешению указанного противоречия, представляется достаточно актуальной проблемой. Использование системы прикладных задач с региональным содержанием позволит учащимся повысить: интерес к обучению математике, качество их математических знаний и умений. Использование в обучении математике системы прикладных задач с региональным содержанием способствует усилению практической направленности школьного курса математики.

Региональность характеризуют следующие особенности:

- исторические и национально-культурологические (традиции, нравы, особенности образа жизни и характерные ценности);
- природно-географические (ландшафт, климат, полезные ископаемые, проблемы экологии);

- социально-географические (плотность населения, характер поселений, традиционные занятия, удаленность от других регионов, средства сообщения);
- социально-демографические (национальный состав, миграционные процессы, половозрастная структура, характер воспроизводства населения, типы семьи и др.);
- социально-экономические (типы и характер воспроизводства, профессиональная структура, уровень жизни населения, перспективы экономического развития и др.);
- экономические отрасли региона (сельскохозяйственные, строительные, химико-технологические и др.), промышленные и сельскохозяйственные производства;
- административно-политические (территориальное расположение и границы региона, тип инфраструктуры, организация и функционирование органов управления);
- политические (роль политических факторов в жизни региона, тенденции суверенизации, межрегиональные и межгосударственные связи и т.д.).

Современные требования к введению национально-регионального компонента в содержание образования, связаны с необходимостью решения сложной противоречивой проблемы приобщения ребенка к общецивилизационным знаниям и ценностям с одновременным обеспечением его национальной самоидентификации. Современная школа ставит задачу разработки и реализации на практике национально-регионального компонента образования, в котором отразятся особенности культуры данного региона, традиции, обычаи, язык народа, способного формировать его менталитет.

Поэтому учителю математики необходимо разрабатывать задания к урокам и домашние задания с учетом вышеперечисленных положений. При изучении материалов 5-11 классов имеются большие возможности включения прикладных задач с региональным содержанием. Это активизирует учащихся и открывает возможность применения математических знаний на повседневной практике и в жизни.

Прекрасно, если у нас есть доступное для детей изложение нового материала, отличное от приведенного в учебнике. И вовсе не потому, что в учебнике плохо. Но именно для того, чтобы дать возможность ученику увидеть применение полученных знаний для его условий жизни.

Есть две возможности в повседневной работе учителя:

- ведение уроков по учебнику и по задачникам;
- проявить творчество и строить уроки в интеграции с другими предметами, раскрытием прикладной сущности предмета «математика».

Творчество учителя вознаграждается повышением творческих способностей его учеников и положительной эмоцией на уроке. В полной мере достигаются образовательные, развивающие и воспитательные цели урока.

Намного интереснее ребятам решать на уроке задачи с использованием местного материала. В процессе обучения необходимо использовать межпредметные связи по краеведению.

Как говорил Платон " Математика - есть познание всего сущего".

С помощью математики можно решить ту или иную задачу, поставленную жизнью.

Данные задачи знакомят учащихся с приложениями математики в экологии, экономике, статистике, демографии и др. Школьники смогут не только закрепить изученный в школе материал по математике, но и узнать интересные факты о своем регионе.

Такие задачи делают уроки занимательными, познавательными и интересными.

Изучение краеведения становится основой для гармоничного всестороннего, развития личности школьника, создает тот нравственный стержень, который поможет юному человеку сохранять чистоту души, богатые национальные традиции родного края. В настоящее время в нашей стране идет становление новой системы образования. Этот процесс сопровождается изменениями в теории и практике учебно- воспитательного процесса. В этих условиях учителям необходимо ориентироваться в широком спектре инновационных технологий, идей и актуальных направлений. Одним из таких направлений является введение в учебный процесс национально – регионального компонента. Данные задачи формируют сознательное отношение к близкому окружению, воспитывают патриота родного края.

Я поставила перед собой задачу актуализации практической значимости математических знаний, развития у школьников нравственных представлений о природе математики, месте математики в системе наук и роли математического моделирования в научном познании и практике, воспитание бережливого хозяина своей страны. Систематическое осуществление краеведческого принципа помогает связать теоретические знания и умения, способствует активизации познавательной потребности детей. Решение заданий и задач, включающих данные краеведческого характера, способствуют развитию творческого, логического, критического мышления и эрудиции, умение классифицировать, обобщать, расширяет кругозор.

Применение регионального компонента в обучении математике позволяет увидеть «живую математику», «математику с человеческим лицом», а не сухую бездушную науку. Изучение математики в органической связи с окружающим, позволяют приобщить школьников к человеческой культуре в целом. Поиск, творческая деятельность позволяют сделать математическое содержание лично-значимым для ученика.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

МУКАНОВА АЛТЫНГУЛЬ ЖУМАГАЛИЕВНА

Ақтөбе облысы

Хромтау қаласы

№ 4 орта мектебінің

директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Елімізде болып жатқан саяси–әлеуметтік, мәдени–этникалық өзгерістер халыққа білім беру мен тәрбие ісінің мазмұнын түбегейлі өзгертуді қажет етіп отыр. Бүгінгі өмірді жалғастырушы ұрпақ бұл қоғамнан өзінің келешегіне не ала алады деген сұраққа жалпы қауым болып жауап іздестіруде.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесіндегі бірінші міндет – ол дүние жүзі елдерінде жастарды бейбітшілік рухта ынтымақтастыққа, руханилыққа тәрбиелеу және әлемдік мәдениет пен әр халықтың ұлттық мәдениетін кіріктіре меңгерту. Екіншіден, жастардың бойындағы адами құндылықтарды: қайырымдылықты, сүйіспеншілікті дамыту, сөйтіп тәрбиелей отырып оқыту. Үшіншіден, білім беру жүйесінің басым бағдарын жеке тұлғаның рухани-адамгершілік тұрғысынан кемелденуіне көңіл бөлу.

Бүгінгі жаһандану үрдісінде әр ұлт, әр мемлекет өзіндік менталитетін, өзіндік бет-бейнесін сақтап қалуға тырысуда. Бізді де осы үрдістен алып шығар – ежелден қалыптасқан ұлттық құндылықтарымыз және білімді ұрпақ. Біз интернет жүйесімен, жаңа озық технологиямен, тіпті ғарышты игерумен де әлемді таңқалдыра алмаймыз. Санаулы жылдардан кейін еліміздегі барлық мектептердің материалдық - техникалық базасы әлемдік стандартқа сай болатынына шүбәміз жоқ. Сонда басқа елдерден немен ерекшеленеміз? Әрине ұлттық мәдениетімізбен, әдет-ғұрпымызбен, тіліміз, қазақы менталитетімізбен ерекшеленеміз. Осы тұрғыда білім үрдісінде ұлттық құндылықтарды дәріптеуді, оны білім мазмұнына енгізу арқылы ұлттық тәрбие беруді мұрат етіп отыр. Бұл орайда білім мазмұны арқылы бала рухын тербететін, жанын елжіреіп, масаттандыратын, ар намыс сезімін оятатын, білуге құмарлыққа, ақ көңілділікке ұмтылдыратын – нағыз ұлттық, қазақша сөйлейтін, өз бойынан ата – бабасының қаны мен рухын сезінетін, өз халқының би, батыр, шешен даналарының өнеге – үлгісін ұстанатын, міне осындай бойына қуат жинаған жас ұрпақ келешекте бәсекеге қабілетті, тәуелсіз еліміздің қорғаны болары сөзсіз. Ендеше қазақстандық білім моделі осыдан бастау алып, жас ұрпақты білімді, іскер білгір де білікті етіп өсірумен қатар оның адамгершілік бомысын, ішкі жан дүниесін орнықты түрде қалыптастыру болмақ. Осы тұрғыда ұлттық құндылықтарымыз бен қазіргі кезде сабақтарда қолданылып жүрген жаңа технологиялардың ең тиімді элементтерін биология сабақтарында пайдалана отырып жақсы нәтижелерге қол жеткізуге болады. Елбасының халыққа арнаған Жолдауында: «Біз Қазақстанның барлық азаматтарының отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін дамытуға тиіспіз және оны қалыптастыру біздің басты міндетіміз» деген сөзін басшылыққа ала отырып, «Менің

Отаным - Қазақстан» деп ойлайтын әрбір азамат ұлттық құндылықтарды бала бойына дарытатын тәрбие жұмысын жүргізуге міндетті. Қазақстан үшін білім мазмұнын жаңарту мен ақпараттық өркениеттің талаптарына сай етіп лайықтап, жаңа педагогикалық технология мен инновациялық қызметтің әлемдік деңгейін қамтамасыз ете отырып, оны қазақ халқының ұлттық рухани құндылықтарымен үйлестіре отырып, тәрбиелейтін ұлттық білім жүйесін құру – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Біздің халқымыз өз ұрпақтарына ғасырдан-ғасырға ұлт қасиетін салт-дәстүрлермен, өнегелі әдет-ғұрыппен, үлгілі жөн жосықпен, әдепті ырым, тиыммен тәрбиелеп, ұлағатты ұл, инабатты қыз өсіріп отыр. Қазақ халқының әлеуметтік өмірін, тұрмыс ахуалына сәйкес қалыптасқан ырым-тиымдар бұлжытпай орындайтын заң ретінде қабылданып, баланы иманды болуға, кесепаттан аулақ болуға тәрбиелеген. Яғни, әрбір жасқа ұлттық тәрбие мен ұлттық идеология әрқашан серік болуға тиіс. Сонда ғана олар бабалар ізімен жүрген болады, бабалардың алдындағы борышын өтеген болады. Жалпы әр ұлттың өсіп, жетіліп келе жатқан жеткіншек ұл-қыздарының өз елінің тілін, ділін, әдет-ғұрпын, дәстүрін, тарихын, мәдениетін жете меңгерулеріне де бірден-бір атсалысатындар да осы күнгі ұстаздар мен тәлімгерлер. Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін: - жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту; - ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани мәдени мұраларды қастерлеу; - жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерін қалыптастыру сияқты міндеттерді орындағанда ғана басты мақсатқа жетеміз. Ұлттық тәрбие қазір елімізде орын алып отырған көптеген мәселелерді: ана тілін, ата тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін жастар, тастанды жетім балалар, қарттар үйіндегі аталар мен әжелер, нашақорлыққа салынған жастар, тағы басқаларды бірте-бірте жоюдың және олардың алдын-алып, болдырмаудың негізгі жолы.

Сыныптан тыс жұмыстар жүргізгенде де жаңа технология элементтерін негізге ала отырып жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беруді, қазақтың салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары туралы түсінік беруді, пайдалы, қажетті дүниелерді үнемі насихаттап отыруды дағдыға айналдыру қажет. Қазіргі Қазақстанның білім аясының ахуалы ұлттық рухтағы бағдарларды, адами құндылықтарды, салт-дәстүрлерді, ойлау тәсілі мен тілді жаңғыртуды талап етеді. Дамыған елдерден қалмай отырып, Еліміздің ұлттық білім жүйесін қалыптастыру керек. Бұл білімді техникалық ақпараттық қамтамасыз етудің әлемдік деңгейіне жету мен жалпыадамзаттық құндылықтарды дәстүрлі ұлт жүйесімен байланыстыру арқылы қол жеткізуге болады. Осы жерде зерттеуге ұсынылып отырған идея әлемдік практикада өз тәжірибесін берген құбылыс болып табылады. Қазіргі әлем әдебиетінің XXI ғ. ұсынған құндылықтары: адам құқықтары, демократия, азаматтық қоғам, толеранттылық, орнықты даму және т.б. Мәдени сабақтастыққа негізделген Жапония, Оңтүстік Корея, Кувейт, Бразилия елдерінің әлеуметтік тарихи

тәжірибесі дәстүрлі құндылықтармен заман талабына сай мәдени жаңашылдықтарды үйлесімді біріктірудің өркениеттілікке жету жолының мүмкіндігін көрсетеді. Қазақ халқының да мыңжылдық көшіне қосатын мәдени құндылықтар жетістіктері жеткілікті. Педагогикалық сөздікте «Құндылық» – адамның ішкі құқы, ізгілігі, адамдармен қарымқатынасы, іс-әрекет кезіндегі көрсетілетін қайырымдылығы, тұрақтылығы, мейірімділік тәрбиесі» делінген. Педагогикада «Құндылық» оқу мен тәрбие жұмысы арқылы жүзеге асады. Ал ұлттық құндылық белгілі бір ұлтқа тән, адам болмысындағы, қарым қатынасындағы адами құндылықтың, ұлылықтың жетілген жемісі. Құндылықтар жүйесі белгілі әлеуметтік-этникалық қауымдастықта қалыптасып дамитын болғандықтан ол ауқымдағы мәдени, тілдік, идеялық, мұраттық маңызы зор. Ұлттық құндылық дегеніміз – адамзаттық құндылықтардың құрамдас бөлігі және әр ұлттың қоршаған табиғат ерекшеліктеріне қарай өмір салты негізінде ғасырлар бойы жинақталған тұрмыстық және рухани мұрасы. Елді елден, халықты халықтан айыратын бірденбір белгі - оның ұлттық құндылықтары. Қазіргі кезең-ұлттық құндылықтардың жойылып бара жатқан кезі. Ұлттық құндылықтар ұлттық идея негізінде құралады [18,19].

Әрбір ұстаз өзі өтетін әр сабақты қазіргі заман талабына сай қазақ этнопедогогикасы және оның негізі халық педогогикасымен байланыстыра отырып оны тәрбиемен ұштастыра білім берсе, өз елін сүйетін жастарды әрі ұлттық рухы қалыптасқан өскелең ұрпақты даярлап шығара алмақ. Бұған бұрынғы ата- бабаларымыз айрықша көңіл бөліп, ұрпағының білімді, ойлы да байсалды болуын мақсат етті. Мұны біз бала бойына сіңіре отырып білім нәрімен сусындата алсақ, ұтарымыз көп. Ал бұл асыл мұраларымызды бала тәрбиесінде орынды пайдалана білу әр ұстаздың біліміне байланысты. Ол үшін өзіміз білімді әрі білікті болуымыз керек. Сонда ғана ұлттық білімді қалыптастыра аламыз. Демек, оған қол жеткізу өз қолымызда.

Қазақстан үшін білім мазмұнын жаңарту мен ақпараттық өркениеттің талаптарына сай етіп лайықтап, жаңа педагогикалық технология мен инновациялық қызметтің әлемдік деңгейін қамтамасыз ете отырып, оны қазақ халқының ұлттық рухани құндылықтарымен үйлестіре отырып, тәрбиелейтін этностық-мәдени білім жүйесін құру–бүгінгі күннің келесі мәселесі. Ұлттық тіл- әр халықтың өзіндік ой-санасы мен парасатын, бүкіл болмыс тіршілігі мен сезім-түсінігін ұрпақтан – ұрпаққа жеткізуші күретамыр. Онсыз халық аты бар да, заты жоқ тобыр болмақ. Жан-жақты мәдениетті тұлға – беделді тарихи сана иесі. Нақ осы тарихи сана этностық та, жалпы мемлекеттік те сананың негізі болып табылады. Айналып келгенде, тарихы бар халықтың ертеңі нұрлы болмақ .

Қорыта айтқанда, біз тәрбиелеп отырған жеке тұлға білімді, білікті, іскер, еңбекқор, рухани жетілген, ұлттық болмысы шыңдалған, білімнің әлемдік кеңістігіне шыға алатындай әрі мейірімді болуы тиіс. Шығыс даналығымен айтсақ, «Біліммен қарулану - батырлық, білімді жетілдіру - даналық, ал оны тиімді қолдану - іскерліктің жоғарғы деңгейі».

Әдебиеттер:

1. ҚР Президенті- Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.
2. Бағзыбекова Н. Білім сапасын арттырудың алғы шарттары //«Қазақстан мектебі» №10, 2013
3. Рахиева С. Инновациялық тәсілдер негізінде/«Қазақстан мектебі» №8, 2013
4. Игенбаева Б. Жеке тұлғаның рухани адамгершілігін дамыта оқыту әдістемесі. 2005

ЦЕННОСТНО-ОРИЕНТИРОВАННЫЙ ПОДХОД КАК ОДИН ИЗ ПРИОРИТЕТОВ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

МУКАШЕВА ЖАНАР ТЛЕМЫСОВНА

г.Актобе

Актюбинская область

учитель русского языка и литературы

КГУ «средняя школа №13»

Казахстан, оставаясь полиэтническим и поликонфессиональным государством, переживает на сегодня сложный период своего культурно-языкового развития, о чем свидетельствует сложившаяся языковая ситуация, характеристика которой дана в Концепции языковой политики Республики Казахстан.

XXI век-век гуманизации образования, который «предполагает иное содержание, иные подходы, иные отношения, иное поведение, иной менталитет». Как отражение новой гуманистической парадигмы ученые выделяют аксиологический (ценностный) подход. Ценности самоопределения как возможности определить своё место в жизни, в обществе, осознать свои гражданские, национальные, социальные и профессиональные интересы, должны найти своё воплощение в когнитивном (познании), отношенческом (мировоззрении) и деятельностном (социальное и культурное действие) аспектах развития личности школьника. В идеале ценности должны объединять детей, родителей, учителей. Задачами для педагога является: обеспечение качественного образования личности, развитие её индивидуальных способностей; воспитание у школьников чувства гражданского самосознания, патриотизма, основанного на признании культурного многообразия российского общества; формировании духовно — нравственных качеств личности, способной делать свободный, осознанный, ответственный выбор ценностных идеалов в личной, общественной, духовной жизни и в профессиональной сфере.

Следует отметить, что практически во всех документах в области языковой политики стрелковой идеей является необходимость овладения несколькими языками.

Концепция языковой политики Республики Казахстан определяет русский язык как основной источник информации по разным областям науки и техники, как средство коммуникации с ближним и дальним зарубежьем [1].

Вместе с тем, интеграция в мировое экономическое пространство не представляется возможной без знания мировых языков, в частности английского языка. В связи с его интенсивным изучением языковую ситуацию для большинства казахстанцев в полной мере можно обозначить как многоязычную. То есть объективные реалии на сегодня складываются таким образом, что свойственный для казахстанского общества билингвизм постепенно начинает сменяться полиязычием.

В целях обеспечения конкурентоспособности страны и ее граждан предложена поэтапная реализация культурного проекта «Триединство языков», согласно которому необходимо развитие трех языков: казахского как государственного языка, русского как языка межнационального общения и английского как языка успешной интеграции в глобальную экономику.

Новый подход к обучению языку в основной школе - это компетентностно-деятельностный подход, сущность которого заключается в том, что в случае его реализации обновленное содержание будет основой для формирования комплекса компетенции учащегося, а процесс освоения содержания будет носить деятельностный характер. Главной особенностью компетентностно-деятельностного подхода является его ориентация на «результат» обучения, зафиксированный в современном образовательном стандарте, а именно: на формирование у учащихся комплекса различных компетенций.

Освоивший уровень языка начальной ступени должен:

Знать основные единицы языка и использовать их при решении элементарных языковых задач.

Уметь осознанно и выразительно читать и пересказывать текст.

Владеть разными видами речевой деятельности (слушание, чтение, говорение, письмо) и диалогическими формами общения.

Уметь создавать различные по типу, стилю и жанру изобразительно-выразительных средства использования языка.

В организации учебного процесса непременно нужно учитывать следующие подходы:

- 1) личностно-ориентированный;
- 2) постепенность перехода от игровой деятельности к учению;
- 3) новые формы организации школьной жизни, обеспечивающие ученику возможность выбора задания, способа его выполнения, материала, темпа, объема, партнеров и прочее.
- 4) осуществление разноуровневого обучения, соответствующие компетентностному образованию в школе, ориентированного на результат.

5) по языковым дисциплинам учитывают возрастные особенности детей.

6) ступенчатость обучения всех языковых дисциплин предполагает межпредметные связи, способствует распределению учебного материала по годам обучения; единство изучения уровней языка дает детям системное представление о языке, его структуре.

7) Общность структуры учебных программ языковых дисциплин предусматривает речевую тематику, формирование коммуникативных умений (слушание, чтение, говорения, письмо) [2].

При введении новой информации используются грамматические сказки, занимательные рассказы и специальные стихи о грамматических правилах. Включены уроки рассказывания, на которых повышается речевой опыт детей. Для работы в группах даны следующие виды работ: составление рассказов по сюжетной картине, сочинение стихотворений, микроисследования (в форме деловой или ролевой игры: инсценировка, сказка, путешествие, детективная история «Пропала буква»).

Проблемно-познавательные задания помогают учащимся овладевать основными логическими операциями, такими, как сравнение, анализ, синтез, обобщение, конкретизация, классификация. Все это помогает ученикам овладеть разными видами речевой деятельности (слушание, чтение, говорение, письмо). Учащиеся имеют элементарное представление об основных единицах языка и используют их при решении языковых задач.

Основными направлениями деятельности учителей при внедрении полиязычия является поиск и разработка путей повышения эффективности. Уроки-викторины, уроки-сказки, биржа знаний, интеллектуальное шоу, утренники детской поэзии, миниспектакли, деловые игры, использование видео- и аудиокассет, CD-дисков, использование различного дидактического и раздаточного материала способствует более осознанному и глубокому усвоению грамматического и лексического материала. Вошло в систему проведения декад, во время которых работает видеосалон, где демонстрируются фильмы на языках, проводятся конкурсы, экскурсии, разучиваются песни. На уроках применяется Т.С.О., игровой, коммуникативный, наглядный методы, каждый урок строится в игровой форме, с применением наглядного и настоящего (реального) демонстрационного материала.

Активизация речевой деятельности и творческой активности учащихся на уроках проводится различными упражнениями-задачами, позволяющими сформировать у учащихся диалогические и монологические умения пользоваться наглядными опорами в виде таблиц, схем, богатых языковым и речевым материалом, тестовыми заданиями, обеспечивающими активизацию освоения рефлексивного аспекта содержания обучения говорению и позволяющих учащимся оценить свои достижения в овладении иноязычным говорением и учебным языковым материалом по изучаемым темам [3].

В целях обеспечения ценностно-ориентированного обучения **как один из приоритетов** современной модели образования рекомендуется:

1.использовать инновационные подходы в преподавании и обучении языку с первого класса с целью создания образовательного пространства, благоприятного для развития личности;

2.использовать эффективные стратегии для создания коллаборативной среды обучения;

3.обеспечить учащимся дифференцированный подход в обучении как один из основных принципов развития личности;

4.применять разнообразные стратегии формативного оценивания для мониторинга развития личности каждого первоклассника;

5.развивать рефлексивные умения по анализу собственного опыта работы в рамках обновления содержания образования.

Использованная литература:

1.С.Куклина. Коллективная учебная деятельность в группе на завершающих этапах овладения иноязычным общением. //Иностранные языки в школе №1, 60 с. 2001.

2.Концепция федеральных государственных образовательных стандартов общего образования: проект / Рос. акад. образования; под ред. А. М. Кондакова, А. А. Кузнецова.-М.:Просвещение,2008. — 39 с. — (Стандарты второго поколения).

3.Лысенкова, М. В. Ценностно-ориентированный подход в системе обучения и воспитания учащихся начальной школы / М. В. Лысенкова. — Текст : непосредственный // Образование: прошлое, настоящее и будущее : материалы VI Междунар. науч. конф. (г. Краснодар, май 2019 г.). — Краснодар : Новация, 2019. — С. 37-39.

БАЛАЛАРДЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ

МЫНГЫШБАЕВА АЙЖАН АБЫЛКАСОВНА

Атырау қаласы

№1 «Сәби әлемі» бөбекжай-бақшасының

жоғары санатты саз жетекшісі

Менің атқарып отырған қызметімдегі мәртебе-ол балалардың көзіндегі музыка тіліне деген қызығушылықтары.

Мектепке дейінгі жастағы балалар әр нәрсеге бейім, ересектер не үйретсе соны қабылдап алады және көп нәрсе күтеді. Балалардың үлкен өмірге деген іргетасын біз қалаймыз. Яғни, балалардың болашақта тәрбиелі, мәдениетті болып өсуіне біздің қосар үлесіміз зор.

Мектеп жасына дейінгі балалардың музыкалық мәдениетін қалыптастыру мәселесі мектепке дейінгі ұйымда инновациялық әдістерді кеңінен пайдалануды қажет етеді. *Инновация* - жаңалық, жаңашылдықты

енгізу, ал *әдіс* – жол, амал деген мағына береді. Олай болса, инновациялық әдісті–жаңашылдықты енгізу жолы деп түсінеміз де, өз қызметімізде мектеп жасына дейінгі балалардың музыкалық мәдениетін қалыптастыру әдістемесін жетілдіруге көңіл бөлеміз. Сол себепті шығармашылық тақырыбымызды «Балалардың музыкалық-шығармашылық қабілетін дамытудың инновациялық әдістері» деп таңдадым.

Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру жаңа инновациялық сипатты талап етеді. Заман талабына сай әр ұжымның, әр педагогтың білім беру жүйесіндегі жаңалықтар мен қайта құруға, өзгерістерге баса назар аударып, өзіндік ізденісі арқылы инновациялық үрдіске ену қажеттілігі туындайды.

Шығармашылық жұмысымыздың мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалардың музыкалық шығармашылық қабілетін инновациялық әдістер арқылы дамыту мәселесін негіздеу және оның тәжірибеде тексеру болды.

Мектеп жасына дейінгі балалардың музыкалық шығармашылық қабілетін дамыту құралы ретінде музыкалық аспаптарды танып, ажырата білуге, аспаптарға деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында музыкалық-дидактикалық ойындарды, аспаптарда ойнап үйретуге арналған әдіс-тәсілдерді қолдану мүмкіндіктерін анықтау үшін Атырау қаласының №1 «Сәби әлемі» бөбекжай-бақшасы балабақшасында тәжірибе жүргізілді.

Біздің шығармашылық жұмысымыздың анықтаушы кезеңінде, тақырыбымызға қатысты әдебиеттерді жинақтап, талдадық, соның негізінде жұмыс тақырыбының өзектілігі негізделді, зерттеу мақсаты мен міндеттері анықталды.

Тәжірибе жұмыстарын ұйымдастырудың анықтаушы кезеңі бақылау әдісін қолдану арқылы жүзеге асырылды. Осы кезеңде анықталған көрсеткіштерді негізге ала отырып, балалардың музыкалық мәдениетінің даму деңгейін, білім сапасын индикатор арқылы анықтау жүзеге асты.

Мектепке дейінгі ұйымда инновациялық әдістерді қолдану балаларды музыкалық мәдениетін дамытудың қажетті құралы болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жетекші іс-әрекеті ойын екендігін ескере отырып, алдымен ойын әдісін әдістемемізге кеңінен енгіздік. Оқу қызметінде музыкалық мәдениетті қалыптастыру құралы ретінде музыкалық-дидактикалық ойындар қолданылды.

Музыкалық-дидактикалық ойындар арнайы мақсатты көздейді, нақты міндетті шешеді. Жас ерекшелігін, оқу материалының бағдарламалық мазмұнын ескеріп дұрыс ұйымдастырылған ойын балалардың зейінін аударады, ойлау әрекетін қарқындатады, шығармашылық қабілетін оятады. Мәселен, музыкалық-дидактикалық ойынды музыка ұйымдастырылған оқу қызметінде қолдана отырып, балаларды музыканы тыңдауға, ән орындауға үйретуге болады. Мәселен, «Төмен және жоғары дыбыстар» ойынын алып көрелік.



Ойын мақсаты: Балаларды шығарманы тыңдай отырып, динамикалық бояуларын, дауыс күштілігін ажырата білуге баулу.

Ойын шарты:Түстері бірдей, әртүрлі көлемдегі сары қоңыраулар суреті салынған карточкалар үлестіріледі. Шығарманы тыңдап, төменгі дыбысқа үлкен қоңырау, орташа дыбысқа орташа қоңырау, жіңішке дауыстағы әуенге кіші қоңырау бейнеленген сәйкес карточканы көрсетеді.

Балалардың есту қабілетін жақсартуда **«Қай аспапта ойнап тұрмын?»** музыкалық – дидактикалық ойынын ойнатуға болады. Балалар барабан, қоңырау, керней аспаптарымен танысады. Алдымен дауысы жағынан әр түрлі екі аспап, содан кейін аспаптар санын көбейтуге болады. Естияр және ересек топтарында қоңырау, үшбұрыш, асатаяқ, тайтұяқ, дабыл, дауылпаз аспаптарында әуені көңілді, жеңіл, өлшем $2/4$; $4/4$ шығармаларды ойнатуға болады. Балалар аспаптардың дыбысын ажырата отырып аспапта қалай ойнау керек екендігін меңгере алады, ойнау шеберліктері арта түседі. Шығарманың ырғағын, жылдамдығын өздерінше анықтай біледі. Мектепалды даярлық топтарында балалар аспаптарды еркін меңгере алады. Орындалу шеберліктері (техникасы) арта түседі. Күрделі шығармаларды халық әндері және қазақ композиторларының шығармаларын еркін түсініп ойнай білу қаблеттері қалыптасады. Аспапты дұрыс ұстап оң және сол қол қойылымдарының қолдану ережелерін сақтай біледі. Қолдың музыкалық аспаптарға икемділігін қалыптастыра алады.

Аспапта үйретуді жеңіл әуеннен бастаған жөн. Балалар ойнағанда дыбыстың жоғары, төмен жүруін айыра білуі қажет. Ойнау барысында дыбыстың қысқа, ұзақ екенін айыра білу қажет. Үйретуді тек бір дыбыстан ойнатып көрген дұрыс. Бұл дайындық сабақты балалар тез арада меңгеріп алады. Ортаңғы топтарда металлофон аспабында әннің мелодиясын ойнату қиынға түсе бастайды. Бұл аспапты балаларға үйрету жұмысында көптеген әдіс-тәсілдерді қолданып көрдім: әр әннің сөзіне дыбысты неше рет соғу керек екенін түсіндірдім, металлофонда ноталардың орналасу жолдарымен жұмыс жасадым, бірақ ешқандай нәтиже шығара алмадым.

Мен балаларды аспапта үйретудің басқаша жолын қарастырдым, яғни түрлі-түсті гаммалар қолдандым. Бұл әдісті ойын арқылы жүргіздім. «Түрлі-түсті ноталар» дидактикалық ойыны балалардың музыкаға деген қабілетін жоғарлатып, дыбыстардың ауыспалы ырғағы мен биіктігін ажыратуға үйретеді. Балалардың музыкалық сауаты ашылып, аспапта ойнай білуге деген құштарлығы артады.



Аспаптарда үйрету барысында көптеген жаттығу жұмыстарын жүргіздім.

Жетекші балалармен жұмыс кезінде олардың әрқайсысының музыкалық қабілетін ескергені жөн. Кейде бір бала сабақ сайын бір ғана

аспапта ойнайды. Ол дұрыс. Себебі, бала сол аспапта ойнаған сайын оның қыр-сырын терең түсініп, техникалық ойнау шеберлігін тереңдете түседі.

Барлық музыкалық шығармаларды аспаптарға лайықтауға болады, тек ол шығарманың орындалу сипаты қандай, мазмұны нені бейнелейді, композитордың айтайын деген ойы не деген сұрақтарға жауап іздеп табу керек. Аспапта ойнау балаларды ұйымшылдыққа, бірлікке, сезімталдыққа, адамгершілікке баулыса, ол өзінің тәрбиелік міндетін атқарды деген сөз. Балалар, әдетте, өздерінің қолдарына ұстап, ойнап отырған аспаптары туралы, тыңдау үшін орындалған музыкалық шығарма туралы әңгіме басталса-ақ болғаны елең етіп үлкен ынтамен тыңдауға кіріседі. Ендеше, балалар оқу қызметінде тек ән айтып, аспаптарда ойнап қана қоймай, музыка әлемінің сырын ашып сұхбаттасуға дайын.

Ал, осындай бағыттағы музыка оқу қызметінде, балалардың аспаптарға деген қызығушылығын арттыру мақсатында түрлі ойын түрлерін қолдана отырып, жүргізген тиімді. Балалар ойын ойнай отырып аспап түрлерін ажыратып, дауыс ерекшеліктерін салыстыра алады, аспаптар арқылы қатты және ақырын дыбысты, тез және жәй ойнауға болатынын түсінеді. Қарапайым ойындардың өзі баланың танымын, түсінігін жетілдіреді, көңілін өсіріп, ойын сергітеді. Ойын балалардың бойындағы тақырыптық, жауапкершілік, ұйымшылық сияқты қасиеттерін шыңдап, қалыптастырады.


Балалардың музыкаға деген ынтасын арттырып, есту қабілетін дамыта отырып балаларды домбыра аспабында ойнауға үйреттім.

Мұндағы негізгі мақсатым өзінің тілін, дінін, дәстүрін, өнерін, әдеп – ғұрыптарын біліп, халқының асыл қазынасының мұрагері сезінетін өз елін, туған жерін, ата мекенін сүйетін Қазақстан Республикасының азаматын тәрбиелеу. Балаларға домбыра үйрету арқылы олардың жалпы халық өнеріне деген ынтасын арттыру. Домбыра үйрету барысында халықтың музыка педагогикасына арқа сүйей отыра нотасыз домбыра тартып үйретудің, яғни сандық жүйе әдістемесін қолдандым.

Нота білмейтін балалардың музыкаға деген қызығушылығын арттырып, оларға қазақтың ұлттық аспабы – домбыра бойынша дәріс беру мүмкіндігіміз бар.

Домбыра үйрету барысында әр баламен жеке жұмыс жүргізген жөн.

Домбыра аспабында ойнауды үйретпес бұрын домбыраның құрылысы мен дұрыс отыру ережесімен таныстырып, үйретіп алуымыз керек.



Келесі кезеннен бастап саз жетекші домбырашылардың басын қосып, домбыра тартқызып дағдыландыру керек. Бұл әдіс балалардың домбыра оркестріне қосылып, музыка шығармаларын тартуды кеңінен үйретеді. Аспаптарда ойнап үйретудің әдіс-тәсілдерін, аспаптарда ойнап үйренуге арналған жаттығуларды «**Аспапта ойнап үйренейік**» әдістемелік құрал дайындап енгіздім.

Музыка аспаптарына үйретудің негізгі мақсаты балаларға музыканың құдіретті күшін таныту. Сөйтіп баланың санасына еркін, әсіресе олардың сезімі мен ұшқыр қиялына пайдалы әсер ету. Әдіс-тәсілдерді қолдана отырып жүйелі жүргізілген жұмыстың арқасында шағын ансамбль құрған болатынмын. Құрамында 15 бала бар. Ансамбльдің құрамы ересек және мектепалды даярлық топ балаларынан тұрады. Ансамбльде балалар ойнау қабілетіне қарай топтарға бөлінді. Ансамбльмен жүйелі жұмыс жүргізу мақсатында «Сазген» аспаптар ансамблынің күнтізбелік-тақырыптық жоспары жасақталды.

Тәжірибе жұмысы барысында мектепке дейінгі балалардың музыкалық шығармашылық қабілетін дамытуға ықпал ететін музыкалық аспаптарға қатысты иновациялық әдістер қарастырылды.

Музыкалық аспаптарға қатысты *әдістемелік жинақ* дайындалды, онда *әуенді дидактикалық ойындар жинағы* енгізілді. Музыкалық аспаптар туралы жұмбақтар жинақталды. Жинаққа аспаптар жайлы балаларға арнап ән жазып енгіздім.

Өзімнің шығармашылық туындыларымды да балабақша тәжірибесінде қолданып келемін. Бұл менің авторлық еңбегім. Өз тәжірибемнен өткізіп алып, көпшілікке насихаттауды жоспарлаймын.

Шығармашылық жұмысымды түйіндер болсам, осындай жүйелі жүргізілген жұмыстарым арқылы мектепке дейінгі жас ұрпақты музыкалық аспаптарда ойнай білуге үйрете отырып, олардың шығармашылық қабілеттерін дамыттым. Жас ұрпақты музыкалық білім нәрімен сусындату арқылы өнер шыңына жол аша білдім. Балалардың өнерге деген қызығушылықтарын балабақшада ұйымдастырылған мерекелік шаралар, ертеңгілік, ойын – сауықтарда ата – аналарына көрсете білді.

Тәжірибе жұмысында алынған нәтижелер мектеп жасына дейінгі балалардың музыкалық шығармашылық қабілеті қалыптасады, егер: қолданылатын инновациялық әдістер жас ерекшелігіне сай болса; қолданылатын әдістер мақсатқа сәйкес болса; қолданылатын құралдар сапалы, қызықты болса - деген әдістемеміздің дұрыстығын дәлелдеді.

Педагогикалық негізде жан – жақты тәрбиеленіп өскен әрбір білімді, аяғын нық басқан азамат қана егеменді еліміздің тұтқасын берік ұстайды деп сенген біз, балабақша педагогтары, келешек ұрпақтың мәдени, саяси, рухани дамуына жағдай жасап, үлкен жігерлікпен атсалыссақ қана еңбегіміз нәтижелі болмақ.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1.«Бала мен балабақша» № 2 2011 жыл Алматы қаласы
2. «Елім – ай» 1999 жыл. Алматы қаласы «Атамекен» М.Балтабаев
- 3.Дошкольное воспитание № 8 2013 год. Алматы
- 4.«Музыкальные занятия в детском саду» 2014 год Н.А.Ветлугина
- 5.«Отбасы және балабақша» № 2 2009 жыл. Алматы
6. «Отбасы және балабақша» № 4 2010 жыл. Алматы

ЖАС ҰРПАҚТЫҢ БОЙЫНА РУХАНИ- АДАМГЕРШЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

НАТИФУЛЛИНА БАТИМА ТҰҚПАТҚЫЗЫ

Атырау қаласы

№26 «Жұлдыз» бөбекжай-бақшасының

бірінші санатты тәрбиешісі

Адамгершілікке тәрбиелеу құралы-еңбек пен ата-ана үлгісі

Ы.Алтынсарин

Ұлттық құндылықтарға әр халықтың ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық, рухани және мәдени құндылықтары жатады. Осы құндылықтарды ұрпағымыздың бойына сіңіріп, оқу-тәрбие үдерісінде ұлтжандылыққа, отаншылдық пен салт-дәстүрімізді құрметтеуге баулып, өз халқын, өз

мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеу – ұстаздар алдындағы басты міндет. Ұлтымыздың тұнып тұрған асыл мұра, рухани байлығын оқыту үдерісіне енгізу арқылы қазақ халқының құнды ойларын, даналық пәлсапасын, өмірлік тәжірибесін халық игілігі үшін қолдана алатын жан-жақты дамыған, білімді, өзіндік көзқарасы бар жеке тұлғаны қалыптастырамыз. Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы міндет-өзінің өмірін жалғастырушы саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі - ұлт болашағы, келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу кезек күттірмейтін іс екені сөзсіз. Халық даналығында: «Бір баланы адам етіп өсіргенше, бір шаһар апат болады» деген сөз бар. Осы салыстырудың өзі-ақ баланың шын мәніндегі Адам болып қалыптасуы қыруар уақыт пен тер төгетін еңбекті қажет ететін аумағы кең, жауапкершілігі мол күрделі іс екенін ұқтырса керек.

Білім мен тәрбиесі ғажайып түрде үндескен, ұлттық идеологиясы темірқазығына айналған табысты ел болуымыз үшін жақсылыққа ұмтылып, жаманшылықтан арылып, саналы түрде барлық қасиеттерімізді ізгілендіріп, сананы рухани жағынан үнемі жетілдіріп, дамытып отыруға тиістіміз. Елбасымыз рухани қазыналарымызды қастерлеу, оны келер ұрпақтың еншісі етудің оңтайлы кезеңі туғанына үлкен көңіл бөледі. Әдеби шығарманың көркемдік өресін көрсететін құралдың бірі- оның тілі. Тіл арқылы ақын-жазушының көркем-ойын ұғынады, одан эстетикалық тәрбие алады. Сонымен бірге бала ана тілінің құдіретіне, рухани күшіне тәнті болады деп барлық педагогтарға сенім артады. Мектепке дейінгі тәрбие-барлық тәрбиенің бастауы, сәбидің жеке тұлға болып қалыптасуының алғашқы баспалдағы. Жас ұрпақтың сапалы білім алып, өскелең өмірге лайықты адам болып шығуы өмір талабы. Осы үлкен талапты орындауға еңгізіліп отырған бағдарламалар рухани-адамгершілік тәрбиесіне ерекше маңыз беретін, болашақ ұрпақты ізгілік бесігіне бөлейтін руханият дәуіріне басқан жаңа қадам болып табылады. Педагог баланың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, өзінің ұстанған әдістері мен құралдарын жүйелейді. Қандай жолды таңдаса да, ол шеберлігі арқылы сол жолдың тиімділігін, әсерлілігін арттыра түседі. Менің міндетім- балаларға олардың бойында жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету. Халық ауыз әдебиеті – талай ғасырдан келе жатқан асыл мұра, сарқылмас байлық, мол қазына. Қазіргі кезде ұлттық тәрбиенің көзі ретінде ауыз әдебиетін, шешендік сөздерді, ертегілерді, мақал-мәтелдерді айтуымызға болады. Ойшыл ғұламаларымыздың еңбектеріндегі тәрбие қағидаларын балабақшада кеңінен қолданудың маңызы да артып келеді. Халқымыз өз ұрпағын бесікте жатқан кезінен-ақ ауыз әдебиетімен сусындата отырып, өсе келе әңгіме, ертегі, тақпақ, санамақ, жаңылтпаш, жұмбақ, мақал-мәтел арқылы тәрбиелеп, жастайынан құлағына сіңіре білген. Абайдың «Балаға мінез үш алуан адамнан жұғады: бірінші – ата-анасынан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі – құрбысынан» деген сөздері ойға оралады. Сондықтан баланың күнделікті көрген-білгені

мен көңілге тоқығанына баса назар аудару қажеттілігі тағы алдымыздан шығады. Өйткені ғаламтор мен теледидардан көргенін бала тез қабылдайды. Өскелең ұрпақ жас шыбық тәрізді, қалай бағыттасаң, солай иіледі. Балаларды ертегі әлемімен таныстырған кезде, оны өмірмен байланысты басқа ертегілермен салыстыра отырып, білім берумен қатар балалардың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіріп, еңбек, дене, эстетикалық тәрбие жұмыстарын қатар ұйымдастырып отырамын. Мысалы: «Ғажайып бақ», «Дос іздеген бота», «Үйшік», «Бір уыс мақта», «Қарлығаш пен дәуіт», т.б ертегілер арқылы балаларды кішіпейілдікке адал ниет пен мейірімділікке, достыққа еңбекке тәрбиелеуге болады. Сондай - ақ, «Тапқыр қоян», «Түлкі мен Бөдене», «Түлкі мен Тауық», «Арыстан мен Тышқан», «Тышқандар мәжілісі», «Қасқыр мен Түлкі», «Мысық, әтеш және түлкі» т.б ертегілер арқылы балаларды тапқырлық, шапшаңдық, ептілікке, дене сұлулықтарын сақтай білуге дағдыландырамын. Өзімнің тәжірибемдегі балабақшада қазіргі заман жаңа форматтағы «Шалқан» ертегісін музыкалық әуенмен сүйемелдеу арқылы ересектер топ балаларын сахналық- драмалау ойындарына қатыстырдым. Балалар ертегіні бар ықыласымен сахналап шықты. Театр өнері (сахналау)-балалардың өзін өзі тануына ұмтылуына бойындағы ерекше шығармашылық қабілетін оятып, дұрыс ой түйіп, рухани күш берді. Балалар қойылым барысында өздері жақсы көретін кейіпкерлеріне еліктеп өседі. Бұл арқылы балалар шындық өмірге үңіліп, ненің жаман, ненің жақсы екенін айқындырақ ұғынып, жаманнан жиркеніп, жақсыдан үйренуге, бір-біріне көмекке келуге, достыққа, өз қылықтарын дұрыс бағалап, жақсы кейіпкерлерге еліктеуге, диалог арқылы бала бір-бірімен сөйлесе білуге, тілдік қарым-қатынасқа түсу дағдылары, дыбыстарды дұрыс айтуға жаттығып, ертегі желісін іс-әрекет жүзінде көрсете білуге үйренді. Бүгінде электронды бұқаралық ақпарат құралдарында баланың психологиясына кері әсер ететін, қатыгездікке тәрбиелейтін өнімдердің кең етек алып кеткені де ақиқат. Міне, осындай бала тәрбиесіне кері әсер ететін дүниелердің орнына ұлттық тәрбиенің бастау бұлағы ауыз әдебиеті үлгілерін балабақшадан, тіпті сәби шыр етіп дүниеге келген сәттен бастап отбасында пайдалансақ нұр үстіне нұр болар еді. Халық ауыз әдебиетінің тағылымдық, танымдық мәні қашанда зор. Ол тұтастай алғанда жас ұрпақ үшін ғана емес, адам өмірінің барлық кезеңінде де рухани-эстетикалық қуатының қайнары. Оның ішінде тікелей бала тәрбиесіне бағатталған, баланың жан дүниесінің рухани жетілуіне негіз болатын үлгілері сан ғасыр өтсе де өз маңызын жоймақ емес. Ауыз әдебиетінің келер ұрпаққа айтар ақылы, ұсынар үлгісі, берер тәлім-тәрбиесі сол елдің күйі, биі, музыкасы, фольклорлық шығармалары арқылы ежелгі той-думанында салт-саналық дәстүрлерінде насихатталған. Ананың бесік жырынан басталатын тәрбие – ұлттық тәрбиенің бұлағы іспеттес. Ұлттық тәрбие баланың жас кезінен көпшіл, ынтымақшыл, сый-құрмет көрсете білетін өнегелі адам болуын көздеген. Ауыз әдебиетінің сан алуан түрлері арқылы баланы ынталандырған. Нәрестені тербетіп, жұбатудан басталатын

тілек, мақсатқа негізделген әуендер мен жырлар баланың болашағына бағыт беретін арман-тілекке толы. «Өнер алды – қызыл тіл» деген ұстанымды ту еткен халқымыз тілге жеңіл шығармаларды жас кезінен жатқа айтқызып, сөздік қорын байытуға зор мән беріп, бала тілін жаңылтпаш, жұмбақ, мақал-мәтел, санамақпен шығарған. Қазақ халқының ұлттық тәрбиесі өзіндік ерекшелігі бар мектеп. Қазақ халқының ұлттық тәлім-тәрбиесі мен мәдениеті шетел ғалымдарын таңғалдырғаны тарихи жазбалардан белгілі. Ал осы ұлттық тәрбиені бала бойына сіңіруде халық ауыз әдебиетінің үлгілерін негізгі ұстаным ретінде бағаласақ, Елбасының «Қазақстан – 2050» Стратегиясында қойып отырған еліміздегі тәрбие беру жүйесін ұлттық құндылықтар негізінде жасау қажеттілігіне негізделген мақсат-міндеттер толығынан жүзеге асар еді. Елдің туын көтеріп, тәуелсіздік талаптарын орындау ісіне батыл бетбұрыс жасаған бүгінгі таңда халқымыздың мәдени-рухани құндылықтарын заман талабына сай қолдана білейік.

Бүгінгі таңда ұрпақ тәрбиесіндегі басты мәселе – ұлтымыздың болашақ азаматтарын рухы биік, адамгершілігі мол, саналы тұлға ретінде қалыптастыру. Заманауи тәрбие жүйесі қысыммен болмайды, баланың өзі қатыспайынша, өз мүмкіндіктері мен табиғи дарынын біліп, өз алдына мақсат-міндеттер қойып, өзі әрекет етпейінше нәтиже шығару мүмкін емес. Сондықтан да тұлғаның өзіндік әрекеті мен оның өзін-өзі тәрбиелеуі – тәрбие жұмыстарының маңызды аспектілерінің бірі болып табылады. Бұл мәселелерді шешу, ең алдымен, отбасына, балабақша тәрбиешілеріне, қоғамға жүктеліп отыр. Білімді жаңартудың мәдени-әлеуметтік маңыздылығы жалпыадамзаттық құндылықтарға басымдылық берілетін бірегей әлемдік қауымдастық құру болып табылады. Өз ойына, сөзіне, іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарайтын, табысты еңбек етуге дайын үйлесімді адамды тәрбиелеу аса маңызды. Бүгінгі жас ұрпақ – Қазақстанның болашағы десек, яғни, ұлтымыздың тектілігін, дарындылығын, кеңпейілділігін ары қарай дамыта отырып, қазақтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптары арқылы сол құндылықтарды құрметтеуге, дінін, ділін берік ұстануға тәрбиелеуде және халқымыздың асыл қазыналарын сақтауға, қорғауға үйретуді біз тек сәби кезінде және мектеп кезінде ғана оқытып қоймай, ары қарай жетілдіру негізгі міндетіміз. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңы жас ұрпаққа жан-жақты білім мен тәрбие берудің мемлекеттік саясатының негізгі ұстанымдарын айқындап берді. Олар: Қазақстан Республикасының барлық азаматының білім алуға тең құқығылы, әрбір азаматтың интеллектуалдық дамуы, психо-физиологиялық және жеке басының ерекшеліктері, халық үшін білімнің барлық деңгейін кең жол ашылуы. Яғни, білім заңында әрбір азаматтың білім алуға құқықтығын негізге ала отырып, жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастырып, құрметтеуге тәрбиелеуде дидактикалық шарттар яғни оқыту, тәрбиелеу, дамыту, қалыптастыру үдерісін жан-жақты қамту қажеттілігі туындайды. Жас ұрпақтың бойына рухани-адамгершілік құндылықтарды және жалпы адамзаттық құндылық қасиеттерді

қалыптастыру үшін ұлттық мәдениет, салт-дәстүр, халық тағылымдары және т.б. мәселелер. Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің бағдарлы идеялары еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қалың елім Қазағым» атты жинағында мемлекеттік идеология мәселесін ұдайы есте ұстауымызды ескере келе былай деп жазды: «Біз арыстарымызға арналған тарихи зерде кешенінде мен қазақстандық отаншылдық сезімін тәрбиелеуге көңіл бөлген едім»-деген. Олай болса, қазіргі кезеңдегі білім беруде ел тарихын терең қозғап, тәрбие жұмыстарында қазақ зиялы қауымының еңбектерін қоғам дамуына қосқан үлесін айтып түсіндіру арқылы жас ұрпақтың рухани адамгершілік құндылық қасиетін қалыптастыра аламыз. Жас ұрпақтың жалпы рухани-адамгершілік қасиеттеріне меймандостық, кісілік, сыйласымдылық, имандылық, кішіпейілділік, кеңпейілдік, салауаттылық, тіршілікке бейімділігі, өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық сыпайлығы, мәдениеттілігі т.б. қасиеттері арқылы ерекшелінеді. Атақты педагог Сухомлинский: «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады» деген. Ал, руханилық жеке тұлғаның негізгі сапалық көрсеткіші. Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, ар-ұят, өзін-өзі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Мұның өзі мейрімділікке, ізгілікке шақырады. Олар адамды құметтеу, оған сену, әдептілік, кішіпейілдік, қайырымдылық, жанашырлық, ізеттілік, инабаттылық, қарапайымдылық т.б. Адамгершілік-ең жоғары құндылық деп қарайтын жеке адамның қасиеті, адамгершілік және психологиялық қасиеттердің жиынтығы. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру- ата-ана мен біздер педагогтар қауымның басты міндетіміз. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиет. Әр адам адамгершілікті күнделекті тұрмыс-тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді. Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы-өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі-келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу біздің қоғам алдындағы борышымыз. Ата-ананың болашақ жас ұрпақ алдындағы тәрбиесі үшін жауапкершілігі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуда. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей, ата-ананың күн сайын атқарып жүрген жұмысы -балаға үлкен сабақ. Жас ұрпақ тәлім-тәрбиені, адамгершілік қасиеттерді үлкендерден, ұстаздан насихат жолымен емес, тек шынайы көру, сезім қатынасында ғана алады. Жеке тұлғаның бойындағы жалпы адамзаттық құндылықтардың қалыптасуы осы бағытта жүзеге асады, сөйтіп оның өзін-өзі тануына, өзіндік бағдарын анықтауына мүмкіндік туғызатындай тәлім-тәрбие берілуі керек. Жақсы адамгершілік қасиеттердің негізі отбасында қалыптасатыны белгілі. Рухани-адамгершілікке тәрбиелеу білім берумен ғана шектелмейді. Жас ұрпақтың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани-адамгершілік қасиеттері

қалыптасады. Рухани-адамгершілік тәрбиені қалай іс жүзіне асырамыз? Олар мына қағидаларды сақтағанда нәтиже береді. Егер:

-тәрбие үдерісі жас ұрпақтың рухани-адамгершілік қасиеттерді игеруіне бағытталса;

-жас ұрпақ рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру мақсатында әрекеттік, іскерлік дағдыларды игерсе;

-жас ұрпақтың бойында әлеуметтік мәні бар рухани-адамгершілік қасиеттерді өз іс-әрекетінде, мінез-құлқы мен тіршілік әрекетінде көрсете алу мүмкіндігін ерікті тандаса.

Демек, рухани-адамгершілік тәрбиесіндегі басты мәселе жас ұрпақты тәрбиелеу. Сондықтан, әрбір жас ұрпақ өзін-өзі рухани жетілдіру үшін, өзін тәрбиелеуге, өздігінен білім алуға ұмтылуы қажет екенін түсінуі тиіс деп ойлаймын. Қазақ халқының әлеуметтік өмірінде үлкенді сыйлау ұлттық дәстүрге айналған. Ата-бабаларымыз баланы жастайынан жақсы әдеттерге баулыған. «Үлкенді сыйла», «Сәлем бер», «Жолын кесіп өтпе» деген секілді ұлағатты сөздердің мәні өте зор. Өйткені адам баласы қоғамда өзінің жақсы адамгершілік қасиетімен, адалдығымен, қайырымдылығымен ардақталады. Адам баласының мінез-құлқына тәрбие мен тәлім арқылы тек біліммен ақылды ұштастыра білгенде ғана даритын күдіретті, қасиеті мол адамшылық атаулының көрінісі болып табылады. Қазіргі кезде өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеуде қойылған мақсаттардың бірі қоғамға пайдалы үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін, жан-жақты дамыған жас ұрпақты қалыптастыру. Рухани-адамгершілік тәрбиесінде алдымен жас ұрпақты тек жақсылыққа тәрбиелеп, соны мақсат тұтса, ұстаздың, ата-ананың да еңбегінің жемісі зор болатыны сөзсіз.

Оқыту, білім беру, тәрбиелеу - баланың ішкі жан – дүниесінің біртіндеп дамуына әсер ететін, түрткі болатын, жағдай жасайтын, оларды іске асыратын сыртқы факторлар екені анық. Еліміздің ертеңі, ұлтымыздың болашағы – бүгінгі балабақша қабырғасында отырған бүлдіршіндер екені мәлім. Олардың қамын ойлау баршамыздың парызымыз. «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, келешекте оның өміріне опат әкеледі, адамға ең бірінші керегі тәрбие» - деп Әл-Фараби айтқандай, педагогика ғылымының зерттейтін негізгі мәселелерінің бірі- тәрбие.

Қай халық болсын өзіне ғана дараланып тұратын ерекшелігінің бірі- тәрбие. Тәрбие- мәңгілік және адамзаттық... Бұл ерекшеліктер ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа мирасқа қалып отырады. Осы заманғы адамгершілік тәрбиесі жекелеген бағыттарға емес, адамгершілік құндылықтарға негізделеді. Бүгінгі таңдағы Қазақстан жайында балалардың рухани азаматтық сезімін қалыптастырудың, адамгершілікке негізделген ұлтаралық береке, бірлікті, ынтымақтастықты, бейбітшілікті нығайтудың маңызы зор. Осыған байланысты оқу- тәрбие үрдісінде балаларды отансүйгіштікке, ерлікке, адалдыққа, елін, жерін қорғауға, шыншылдыққа тәрбиелеу қажет.

Қазіргі жағдайда рухани-азаматтық тәрбиенің өлшемдік көрсеткіштері:Өзін-өзі мемлекеттің азаматы ретінде сезінуі; Отанына деген сүйіспеншілік сезімінің болуы; Рухани-азаматтық құндылықтар үлкен мен кішінің арасындағы шынайы қарым-қатынас кезінде бала бойына дариды. Балабақша қабырғасында жақсы тәрбиеленген, саналы білім алған шәкірт өмірде өз орнын табады. Ол үшін ең әуелі ұрпағымызды бала кезінен-ақ ұлттық тәлім-тәрбиеге, рухани адамгершілік әдетке, азаматтық мәдениетке баулуымыз керек. Сонда жас ұрпақ елі үшін елең қағар азамат, имандылық қасиеттерді жақсы білетін азамат болып қалыптасады. «Еліміздің күші-патшада, сәбидің күші- жылауында» демекші, біздің күшіміз, қорғанышымыз, сеніміміз- адамгершілігімізде болуы керек. Рухани-адамгершілік құндылықтар басты нысана болып отырғандықтан, өсіп келе жатқан балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, адамгершілік құндылықтарын жарыққа шығару, әрбір баланы жеке тұлға ретінде жетілдіру үшін оның бойындағы бар құндылықтарды дамыту.

Қорыта айтқанда, бүгінгі күнде жастарды әдепті де саналы етіп тәрбиелеу үшін ең алдымен тәрбие ережелеріне сүйене отырып, ұлттық салт-дәстүрімізді, ата-бабаларымыздан қалған насихат-мұраларды тәрбиелеп отырған бүлдіршіндер санасына сіңіре білуіміз қажет. Тәрбиенің көзі ата-бабамыздан қалған мұралар мен дана сөздер десек, біз соларды насихаттайтын жүргізушіміз. Бүкіл қоғам болып қолға алып, мәдениетті, тәрбиелі болып жүруді әрқайсысымыз өзімізден бастасақ, жас ұрпақтың тәрбиесі де өз жемісін берері анық.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Елбасының «Қазақстан – 2050» Стратегиясы-2014.17.01
2. А.Өтешова. Адамгершілік- рухан тәрбиенің маңыздылығы.
3. Қазақ этнопедагогикасы-тәрбие бастауы (әдістемелік құрал Астана 2011.)
4. Хабаршы/ республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журнал/ №7, 2007.
5. Игенбаева Б.К «Жеке тұлғаның рухани-адамгершілігін дамыту бағытындағы авторлық бағдарламалар мен оқу-тәрбие іс-шараларының үгілері». «Адамгершілік сабақтары» Алматы – 2001.
6. Отбасы және балабақша/ журнал/ №5, 2002.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ: ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДӘРІПТЕУ АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ САНАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

НУРМАГАНБЕТОВА КАНИЯ СМАГУЛОВНА

Маңғыстау облысы

Мұнайлы ауданының

№2 жалпы білім беру орта мектебінің

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Балаңды өз тәрбиенмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле.

Халық нақылы

Сан ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық құндылықтарымызды ұрпақтар бойына сіңіре отырып, өз халқын, мемлекетін көз карашығындай қорғай алатын, елі мен жерін сүйген-Отаным, ұлтым дейтін болашақ жастарын тәрбиелеу-ұлт алдындағы ұлы міндет екені сөзсіз.

Ғасырлар бойы дархан даламызды ән салдырған әншілер мен қара қыл қақ жарған би-шешендердің көсем сөздері және елі мен жерін, Отанын найзаның ұшымен қорғай білген батырларымыздың ерлік істерін дәріптеуге, қастерлеуге, ұлттық рухани және материалдық құндылықтарды дамыта отырып, халық игілігіне жарар келешек ұрпақты тәрбиелеуде неге қолданбасқа?

Елбасымыз Н.Назарбаев «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты Жолдауында «Қазақстандық қоғамды саяси жаңарту міндетін алға қоя отырып, ұлттың ұлт болып қалыптасуы үшін тілі мен діні, жері қаншалықты маңызды болса, оның рухани дүниесі де соншалықты мән – мағынаға ие», екенін айтты. Әр ұлттың ұлттық мәдениет сол халықтың дәстүрлі дүниетаным мен тарихи-мәдени және эстетика-этикалық ұстанымын, тілі мен дінін, болмыс-бітімін айғақтап, әлемдік өркениеттегі орнын айқындайтын рухани құндылықтардың негізі.[3] Яғни замана сынынан сүрінбей өткен ата-бабаларымыздың озық өнегелері мен ерлік істері, сараланған салт-дәстүрлерімізді ұрпақтар санасына қалыптастыру арқылы жас ұрпақ бойына патриоттық тәрбиені сіңіру. Мұндағы басты міндет болашақ пен өткенімізді сабақтастыру. Сондықтан қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінде ұлтымыздың ұлы тұлғаларын дәріптеп, олардың озық ұстанымдарын ұлттық құндылықтармен байланыстыра отырып, оқушы бойындағы ұлттық сананы қалыптастыруда әдебиет пәніні негізгі құрал.

Сан ғасырлық тарихы бар қазақ әдебиеті – әлем әдебиетінде ерекше орны бар бай әдебиет екені рас. Сондықтан білім беру саласында оқытудың жаңа педагогикалық технологияларын қазақ тілі мен әдебиеті сабағында қолдануға болады. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани азаматтық және адам қабілетін қалыптастыруға игі әсерін тигізсе, ал оқушылардың ойлау, есту, көру, ынталану, бақылау, іздену мен танымдық қабілеттерін ашуға, белсенді сөздік қорын дамытуға бағыттайды. Жаңа білім берудің басты бағыты оқушылардың ақыл-ой қабілеті мен тілдік эстетикалық талғамдарының дамуына және өмірлік дағдыларын қалыптастыра отырып, өзіндік білім алуына жағдай жасау.

«Қазақ әдебиеті» пәні арқылы оқушылар әдеби жанрларға талдау жасай келе, өз ойларын еркін жеткізуге, салыстырмалы түрде ойлауға, дәлелдер келтіре отырып, бағалау дағдыларын қалыптастыруға

бейімделеді. Оқушылар поэзия-проза тілімен еркін сөйлеуге машықтанады. Ой-өрісі дамыған, әдеби тілі мен әдеби формалар арқылы мәселені еркін шеше алатын, қазақтың би-шешендерінің жалғасы бола алатын өмірге бейім ұрпақтар тәрбиеленеді. Жалпы білім беретін мектептерде өлке әдебиетін оқыту, өңірге белгілі көрнекі тұлғалардың өміріне тоқтала отырып, олардың шығармаларының мазмұны мен стилін, идеясы мен жанрын бағалай білу, талдау жасау арқылы оқушылар өзіндік ой-тұжырым жасауға дағдыланады және шығармашылық ойларын дамытады.

Осы орайда, бүгінгі орта білім беру жүйесіндегі қазақ әдебиетін оқытуды «Өлкетану» бағыты арқылы бекітетін болсақ, оқушының көркемдік әлемінің қалыптасуы мен патриоттық сана-сезімі анағұрлым арта түседі. «Өзгені тану үшін, алды мен өзіңді тани біл!» деген жалпыадамзаттық қағиданы басшылыққа ала отырып, «Өлкетану» бағыты бойынша әдебиет пәнінен еліміздің, әсіресе, өз өлкеміздің жергілікті, белгілі тұлғаларын тануға негіз болар еді. Мектепте әдеби-өлкетану жұмыстарын жүргізу, жинаған материалдарды әдебиет сабақтарында пайдалану өте маңызды. Ұрпақтары ата-бабаларының озық ойларымен мақтана отырып, өз бойындағы шешендік, ақындық қасиеттерін дамытады.

Би-шешендердің сөздері — халықтық тәлім-тәрбие негізі. Қазақтың отбасылық ортасынан бастап, ауыл-аймақпен, байтақ атамекендегі ағайын-туыстармен, көпшілікпен қарым-қатынас жасау мәдениетінің адамгершілік асыл қасиеттер аясында қалыптасуында би-шешендер сөздерінің ықпалы зор болды. Ата-ананы, аға-ініні, бірге туысқан үлкенді-кішілі қыздарды, жеңгені, келінді, нағашыны, жиенді, қайын жұртты, көршіні, ауылы аралас ағайынды, қандас халықтарды, бүкіл адамзатты—бәрін де құрметтеу мәселелері би-шешендер сөздерінде қамтылған.[1]

Қазақта жақсылық пен жамандық түсінігі би-шешендер мен ақын-жыраулар жырлары мен шығармашылығында егжей-тегжей әрі көркем бейнеленген. Бұл ұғымдар тап-таза поэзия аймағынан шығып, халық аузындағы даналық үлгілеріне, пәлсәпалық пайымдауларға айналған. Жақсылық Отаны–Жерұйықтың қандай белгілері бар?! Бұл сұраққа жауапты заман талабынан, елдің арман-аңсауларынан, өкініштері мен мұқтаждарынан іздестіру қажет. Әр қоғамның әдебиетінің қалыптасуына сол өлкенің қара қылды қақ жарған билер мен аузы дуалы шешендерің өсиет-насихаттарын алар орны ерекше. Олай болса, Маңғыстау өңіріде «тілім-тұғырым» деп білген тұлғаларға кенде емес. Сондықтан сөз күдіретіне бағына білген қазақтың алтын қазынасы, ата дәстүрімізді алысқа қол сермемей-ақ өз өлкемізден бастағанымыз жөн көрдім. Маңғыстаудың осыған дейін танылған және толық таныла қоймаған өз заманының белгілі, атақты тұлғалары -би-шешендерінің шығармалары мен батырларының ерлік істерін кең ауқымда насихаттауға бағытталған

зерттеу жұмыстарын жүргіздім. Олардың маржан сөздері мен әділ шешімдерінің ұлт азығы, оны құрметтеу, тұлға бойында ұлттық сезім қалыптастырады. Атап айтар болсам, он бес жасында би атанған Есен Ермембет бидің шешендігі бір төбе. Қазақтың үш биімен тең келетін Ермембет бидің айтқан сөздері қоғамдағы ащы шындыққа қарсы ашық пікір айта алатын тұлға екенін көрсетеді. Ермембет бидің сөздері көрегендік пен ғұламалықтың, шешендік пен ақындықтың, екі елдер арасында атқарған қызметі үлкен дипломатиялық елшіліктің көрінісі деп айтуға болады. Оған дәлел сонда Ермембет көпшілікке қарап тұрып былай деп сөз бастапты: «Уа, ағайын арғы атамыз бір кісі, берекет дарыған, пейіліміз даладай кең ел едік қой. «Мал бір жұттық, қолдың кірі» демей ме аталарымыз? Сол малды дау-дамайсыз-ақ топалаң мен жаманат деген індетке беріп жатқан жоқпыз ба? Біздің қазакем «Ағайын ащы, мал тұщы» деп дұрыс айтылмаған сөзді көлденең тартып алға тосады. Шындығында мал ащы, ағайын тұщы болғанға жететін не бар? Басың ауырып, балтырың сыздаса, басыңа қиын іс түссе, басыңды сүйейтін сол ағайын емес пе еді? Қызылдасаң да, жылуласаң да ағайын сенікі екені өтірік пе? Ит пен құсқа жем болып жатқан малға бола ағайын арасы ашылар болса, біздің елдігіміз қайсы, бірлігімізден не қалады?»-деп тыныстайды балаң жігіт. Тыңдап тұрған көпшілік оның жүйелі де, орнықты сөзіне риза болып, әр тұстан қостаған дауыстар естіліп жатады. Өзін қостаған көпшіліктің ыңғайын аңдаған жас жігіт сөзін жалғастырады: «Бұл бір көп шешілмей келе жатқан, ескіріп кеткен дау екен.[6] Ал Иса -Досан батырлардың ерлік істерін халық арасында жиын тойларда ұрпақтары мақтан ететін нағыз ұлттық рухтың негізі екені сөзсіз. Осындай батыр бабаларының ерлік істеріне сүйсінген жастар санасында батылдық пен қайраттылық, ұлжандылық, ер мінезділік қалыптасады. «Ұрпағым-болашағым» деген ұлы халық болған соң, ұрпақ санасына ұлттық сананы қалыптастыру, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің ұлт алдында да, ұрпақ алдында да ең ауыр жүгі екені хақ.

“Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез” деген халық нақылы текке айтылмаған. Сондықтан да ғасырлар бойына ата-бабаларымыз сөз құдіретін табына білген, шешеннің билігіне тоқтай келе, елді-елдікті сақтаудағы тапқырлығына тәнті болып, оны көпшілік ортада дәріптеп отырған. Ал осындай көсем сөз шеберлерінің шығармалары мен нақыл сөздерінің қайсысы болмасын өскелең ұрпақты ерлікке, батырлыққа, тапқырлыққа, терең ойлылыққа тәрбиелеген. Өткеннен өнеге – болашақтан мол үміт күткен қазақ халқы ұлыларын ұлықтап, жақсы қасиеттерін ұрпақ бойына сіңіре білген. Сондықтан мәдениетіміз бен тарихымызды терең зерделеу арқылы “Мәңгілік ел” бола алатынымыз хақ. Қорыта айтар болсақ, ұрпағымызды білімді де, парасатты, білікті, мәдениетті жан-жақты дамыған етіп тәрбиелеп, рухани дүниетанымын жалпы адамзаттық деңгейде дамытамыз десек, бойында ұлттық сезім мен азаматтық намысы бар ұрпақ өсіргіміз келсе, бүкіл қоғамдық өмірдің

өзегін келешек ұрпақ тәрбиесіне, соның ішінде ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеуге бағыттауымыз қажет.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Нысанбаев Ә.Қазақ даласының ойшылдары. 2-ші кітап/ред.ФСИ,2001. 28 б
 - 2.Ж. Нұрмаханова «Маңғыстау тарихы» 2011.Алматы
 3. Ж. Көңілімқосұлы «Бабалар баяны-ұрпағына аманат» 2014.Алматы
 - 4.Маңғыстау мұралары «Парыз» ізгілік шағын мекемесі 1993 ж
 5. Интернет материалдары
1. Ермембет бидің ғұмырнамасы туралы мәлімет жинақтаушы Серіков Қошақанның жазбалары...

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ОҚЫТУДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Нугмарова Айғаным Куресовна

Атырау қаласы

О.Көшекөв атындағы Атырау аграрлы-техникалық колледжінің жоғары санатты, «Үздік маман», «Жылдың үздік мұғалімі» төсбелгісі, ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Құрмет грамотасы» иегері, қазақ тілі мен әдебиеті пәні, мемлекеттік тілде ісқағазын жүргізу пәні мұғалімі

Ұлттық құндылықтарға әр халықтың ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық, рухани және мәдени құндылықтары жатады. Осы құндылықтарды ұрпағымыздың бойына сіңіріп, оқу-тәрбие үдерісінде ұлтжандылыққа отаншылдық пен салт-дәстүрімізді құрметтеуге баулып, өз халқын, өз мемлекеттік көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеу – ұстаздар алдындағы басты міндет. Ұлтымыздың тұнып тұрған асыл мұра, рухани байлығын оқыту үдерісіне енгізу арқылы қазақ халқының құнды ойларын, даналық пәлсапасын, өмірлік тәжірибесін халық игілігі үшін қолдана алатын жан-жақты дамыған,білімді өзіндік көзқарасы бар жеке тұлғаны қалыптастырамыз. Ғасырлар шеруінде халқымыздың алақанына салып аялаған баға жетпес, рухани мұрасы даналық, дариясы оның әдебиетінен көрініс табады.«Туған тілін сүйуден басталатын махаббат,елжандылықтан адамзатты шексіз құрметтеуге дейін өселі. Жасынан туған халқының даналығымен сусындап, оның өсиетінен нәр алып, әдебиетті сүйіп, сол арқылы ұлтжанды азамат болып өсері хақ»-дейді аса көрнекті

Қазіргі таңда экономикалық өсу және азаматтардың әл-ауқаты үшін білімнің айтарлықтай маңызды екенін бүкіл әлем мойындауда. Білім беруді реформалаудың қарқынды артып келе жатқанын атап



көрсетті. Бүкіл әлемде білім беру жүйелерінің келешек ұрпаққа қандай білім беретіні туралы мәселе қайта қаралуда. Осы мәселе аясында «Балалар ХХІ ғасырда табысты болу үшін нені үйренуі керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген сияқты негізгі сауалдар туындайды. Бұл сауалдар оқу бағдарламасымен және оқу бағдарламасын жүзеге асыруда қолданылатын педагогикалық тәсілдермен тығыз байланысты. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында жаһандық проблемаларға жауап бере алатындай жұмыстар республикалық деңгейде жүргізілуде. Оқу бағдарламасындағы ұлттық стандарттарға, бағалауға, оқулықтар мен оқыту әдістеріне қатысты білім беру саласындағы өзекті құндылықтар мен мақсаттар колледж студенттерінің жалпы үлгерімін арттыруды, сондай-ақ инновация мен көшбасшылықты енгізу үшін талап етілетін дағдыларды дамытуды қазақ тілі мәнін арқылы ұлттық сананы қалыптастырып, іске асыруды және ауқымды халықаралық тәжірибемен өзара әрекеттесуді көздейді. Жаңартылған оқу бағдарламасы мен бағалау жүйесін енгізу аталған міндеттерді шешу үшін қабылданған шаралардың негізгі бір түрі. Студенттер оқу арқылы мәдени, эмоциялық, зияткерлік, әлеуметтік және рухани жағынан дамуға жол ашады. Оқу студенттердің жаңа білімді меңгеруіне де, сондай-ақ алған білімін әрі қарай дамытуына да негіз болады. Қоғамның толыққанды мүшесі болу үшін адамдарға барлық тілдік дағдылар айтарлықтай рөлі ерекше екені белгілі. 54 Қазақ тілі – қазақ халқының ана тілі және Қазақстандағы мемлекеттік тіл мәртебесіндегі өзара қарым-қатынас құралы. Қазақ тілі қазақстандық қоғам мен қазақ тілін ана тілі ретінде қолданатын әрбір жеке тұлға өмірінде бірегей қызмет етеді. Мемлекеттік тілді функционалдық-коммуникативтік және қатысымдық-танымдық тұрғыдан оқыту тілдің қоғамдағы маңызды қызметі мен рөлін саналы түрде ұғынуға, тілдің табиғатын ғылыми танымдық тұрғыдан түсініп үйренуге, коммуникативтік тілдесім әрекетіндегі тілдік бірліктердің функционалдық қасиеттерін саналы түрде қолдануға, әрбір тілдік бірліктің ішкі мағыналық иірімдерін түсініп пайдалануға үйретеді.

Колледждерде «Қазақ тілі» пәнін оқытудың мақсаты–ана тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, сондай-ақ қазақ әдеби тілі нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға дағдыландыру болып табылады.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні сабағы жас ұрпақ бойына адамгершілік, ізгілік қасиеттерді қалыптастыруды жетілдіре түсудің бірден-бір басты құралы. Ана тілін оқып-үйрену арқылы олар Қазақстанның мәртебесін көтере туған халқының өткені мен бүгіні, болашағы жайында мол мағлұматтар ала отырып, танымдық, тәрбиелік, білім-дағдыны үйренері хақ. Өтілетін әр сабақ белгілі бір мақсатқа құралған, оқушы танымы мен дүниетанымын қалыптастыра отырып шығармашылыққа баулуы тиіс. Ол үшін мұғалім күнделікті сабаққа жете ізденіп, жаңа технологияны шебер пайдаланса, сабақ өз мақсатына жеткен шығармашылыққа бағдарланған, оқушы дүниетанымын байытатын бірден-бір сабақ болар еді. Қай сабақ

болмасын «мынау оның білімдік жағы, мынау тәрбиелік жағы» деп бөліп жаруға болмайды. Себебі, білім мен тәрбие - әркез егіз үрдіс. Шебер мұғалім осы екі қасиетті оқушы бойына дарыта оқыта отырып, оқыту әдісін, жаттықтыру жұмысын, қолданылатын көрнекілік түрлерін оқушының жас ерекшелігін ескере отырып, қабілеті мен ынтасына қарай таңдай білсе, өзі көздеген мақсатына жетеді.



Сабақ беру үрдісінде студентті шығармашылыққа баулудың маңызы ерекше. Шығармашылық- өздігінен еңбектенудің, ізденудің жолы. Әр тақырып бойынша жүргізген жұмыс нәтижесі оқушының тиянақты ойлай, сөзді нақты жеткізе білуге үйретеді. Бүгінгі білім берудің басты нысаны әлемдік білім кеңістігіне кіру. Алғы шарт бүгінгі қоғамға лайықты білікті де білгір азамат тәрбиелеу. Мұндай тұлға өз ұлтының және өзге ұлт өкілдерінің мәдени құндылықтарын қастерлейтін, саналы деңгейде пікірлесе алатын дәрежеде болуы керек. Студент біліктілігін арттыру қазіргі оқыту үрдісі мазмұнының басты нысанасы. Түрлі пәндер бойынша берілетін білім мазмұнының меңгерілуі, сол білімді пайдалану арқылы оқушының өмірлік дағдысы мен іскерлігі өлшенеді, ендігі жерде білімнің сапасы нәтижеге бағытталады. Іскерлік қатынасты көтеру мақсат етіледі. Осыдан қазіргі білім беру жүйесіндегі құзыреттілік (біліктілік) ұғымы туындайды. Нәтижеге бағытталған білімді пәндік құзыреттілік тұрғысынан зерделесек, біз адамға тыңдау, түсіну, ойлау, пайымдау, тұжырымдау, пікірлесу сияқты тілдік коммуникативтік 55 біліктіліктерді студенттің өмірлік қажеттілігіне айналдыруы үшін әдебиеттің маңызы зор екеніне көз жеткіземіз. Әдеби білім алған оқушы әдебиетті пән ретінде ғана біліп қоймайды, сол пәндік білім негізінде болмысты танып біледі, одан ақпараттық мағлұматтар алады, эмоциялық құндылық болып табылатын адами қасиеттерді бойына сіңіре отырып, мәдениетті, салауатты қарым-қатынасқа түседі, әдебиеттің жетекші қызметінің жүзеге асырылуына жол ашады. Бұл ретте көркем шығарманы дүниетанымдық, әлеуметтік, тәрбиелік бірлікте қарастырудың мәні артады, әдебиетті ұлттық құндылық ретінде оқыту қажеттілігі туындайды.

Оның дәлелі : Өзім жетекшілік ететін «Жас қаламгерлер» атты үйірме жұмысында студенттерім қалалық, облыстық, республикалық байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болды.



Сөз өнерінің негізінде оқушының дербес шығармалық қабілетін, ұшқыр, шешен сөйлеу шеберлігін дамыту үшін әдеби білім мазмұны көркемдік сипатқа құрылып, оқушы біліктілігін арттыруға негіз болады, сол себепті нәтижеге бағытталған білім моделі бойынша әр пәннен берілетін білім мазмұны мектептің барлық сатыларында нақты көрініс тауып, оқушылардың білімдік құзыреттілікті меңгеруін қадағалайды. Құзыреттілік ұғымы – оқушының белгілі бір кешенді іс-әрекетті орындай алу қабілетін жетілдіруге бағыттала отырып, оқыту жүйесіне қызмет етеді. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында бала бойында жалпы білім дағдысы мен білігін қалыптастыру мәселесі қаралады. Жалпы оқудың білігі мен дағдысын жан-жақты қалыптастырудың маңызы зор екені белгілі. Студент бойында білім негіздерін қалыптастыру үшін оның біліктілігін, дағдысын тұрақтандырып, белгілі арнаға түсірмейінше, нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес. Студент белгілі мәліметті қабылдаушы ғана емес, сонымен бірге терең ой иесі. Ол дербес ойланып, дәлелдер келтіруіне сабақ барысында түрлі әдістер арқылы қолайлы жағдай жасауға тырысамын. Айталық, «Атаулар көмегімен болжау жасау», «Елеспен жетелеу», стратегиялары студенттің шығармашылық қабілетін ұштауға өте тиімді. «Ой қозғау», «Болжау» әдістерін оқушының ой ұшқырлығын бақылауда, стандартты емес шешім жасауда тиімді пайдалану жөн. Оқу орыс тілінде жүретін мектептердегі қазіргі оқушыларды кең ауқымды көркем әдебиетті қазақ тілінде оқытуға баулу оңай іс емес. Бұл жолдағы қиындықты шешуге «ЖИГСО» әдісі көп көмегін тигізеді. Оқушы өзіне жүктелген міндеттерге жауапкершілікпен қарап, басқа топ мүшелеріне түсіндіру үшін сурет те салады, сахналық көрініс те қояды, сабақтың осы кезеңі оқушыларды бей-жай қалдырмайды. Студенттердің ойлау деңгейіне сай әр сабақта сұрақ қою үшін Б.Блумның сұрақ қою өлшемін пайдаланамын. Сұрақтар қарапайымнан терең ойлауға дейін жалғасады. Мұндағы мақсат – студент ойын ең төменгі деңгейден терең ойлауға дейін жеткізу. Топтық тапсырмалар сыныпта ынтымақтастықты қарым-қатынас орнатуға, шығармашылықпен жұмыс жасауға, тақырыпты өмірмен байланыстыруға мүмкіндік туғызады. Сабақта интерактивті әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы жеткен нәтижелерім мынадай: студенттің білім деңгейі түсінуден басталады да алған білімін қолданып,

қорытындылауға дейін жоғарылайды. Қабылдаған жаңа ақпаратты саралап, мәселені өзі шеше алуға мүмкіндік болады. Әдебиет сабағында оқушының тілдік құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында жиі қолданылып жүрген «Оқырман семинары» тәсілі бойынша сызба түрінде талдау жасадым. Сабақта меңгерілетін көркем шығарма мынадай топтардың көмегімен жүзеге асады. 1. Сұрақ қоюшылар. Б.Блумның сұрақ қою өлшемі бойынша қарапайым сұрақтан шығармашылық сұрақтарға дейін қамтылады. Сұрақтар қою арқылы оқушы өз бетімен шығармашылық қабілетін дамытады. 2. Сөз тапқыштар. Қойылған сұрақтарға нақты, дәлелді жауап беру үшін өз бетінше ізденеді, дағыдыланады. 3. Аудармашылар. Мәтін бойынша түсініксіз сөздер тізбегін жасайды, тұрақты тіркестерді анықтап жазады. 4. Жазушылар. Поэзиялық шығарма болған жағдайда прозаға айналдырып жазады, мәтін бойынша жоспар құрады. 5. Суретшілер. Мәтін кейіпкерлерінен, белгілі бір эпизодтарынан сурет салады. 6. Кейіпкерлерді сөзбен суреттеушілер. Кейіпкердің, оқиғаның, мәселенің суретін сөзбен салады. Қазақ әдебиеті сабағында оқушының құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған тапсырмаларды 4 бағытқа бөліп дайындаймын: - Ақпараттық құзыреттілік. - Қатысымдық құзыреттілік. - Мәдени-танымдық құзыреттілік. - Мәселенің шешімін табу құзыреттілігі. Қатысымдық құзыреттілік бойынша тапсырмалар: - Отбасы тақырыбында жазылған шығарма беріледі. Берілген шығармадан қазақ халқына тән туыстық қарым-қатынастағы ерекшеліктерді сипаттады. Шығарманы оқу барысында қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы өз ойыңызды айтыңыз. Қабілеттілікті қалыптастырып, жүйелі дамытып отырмаса, ол қасиет жас өскен сайын бірте – бірте жойылып кетуі мүмкін. Бұл жас жеткіншектің болашақ кәсіби өміріне бағыт бағдар бере алмайды. Сондықтан алда тұрған негізгі міндеттердің бірі балалардың жеке қабілеттілігін, бейімділігін дер кезінде анықтап дамыту, соның негізінде болашағына бағыт беру. Әсіресе, шығармашылыққа икемдеп, білім кеңістігін дамыту. Шығармашылық – өзінің жаңашылдығымен, өзгешелігімен ерекшеленетін, белгілі бір нәтиже мен өнім алуға мүмкіндік жасайтын жеке тұлға бойындағы қабілеттіліктің, білім мен біліктің көрінісі. «Шығармашылық» – сөзінің төркіні, «шығару», «ойлап табу» дегенге саяды. «Ұстаз жан-жақты, ізденгіш, шығармашыл болуы керек» Осы орайда студенттерге ғылыми-жетекшілік етемін, олар өз жұмыстарын қорғап, жүлделі орындарға ие болды.

Бұл тиянақты еңбекті қажет ететін әрекет. Шығармашылыққа баулудағы келесі бір қажеттілік баланы психологиялық дайындықтан өткізу. Бұл шығармашылық кезеңде баланың шабытын оятып, құлшындырып, еліктіру. Шығармашылықты дамыту кезеңінде ұстаздың оқушыға берер психологиялық әсері мынадай болуы керек деп ойлаймын. «Сенің қолыңнан бәрі келеді», «Сен қабілеттісің» деп сенім білдіру; Оқушының кішкентай жетістігі болса да, мадақтап, көтермелеу, шығармасының жарық

көруіне көмектесу; Шығармашылық сәтте оқушыға құптаушылық көзқарас білдіру, сезім күйін бақылау, қамқорлық таныту; Атақты адамдардың шығармашылық дәстүрінен қызғылықты оқиғаларды әңгіме ету; Студент сұрақтарына пейілмен жауап беру; Психологиялық еркіндікті қамтамасыз ету; Шығармашылықты тежейтін бірнеше кедергі бар. Сенімсіздік, қорқақтық, өз ісіне көңілі толмау, ұяңдық, жалқаулық. Міне осындай кедергілердің алдын алып, баланың талабын ұштау ұстазға байланысты болып келеді. Шығармашылық студентке шын ләззат, қуаныш сезімін әкелуі тиіс. Жаңаны жасау, өзі жасаған тың дүние шабыт баспалдағы. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Республика білім және ғылым қызметкерлеріне ІІ съезінде сөйлеген сөзінде білім беру ісін реформалауда стратегиялық міндеттердің бірі шығармашылық тұрғыдан ойлай білетін жеке тұлғаны қалыптастыру мен тәрбиелеу екендігіне баса назар аударып, жалпы білім беретін орта мектепте білім берумен қатар адалдық, адамдық, Отан сүйе білу сияқты гумандық сезімдерге тәрбиелеу қажеттігі өзекті мәселе болып отырғандығын ерекше атап өтті. Оқушының шығармашық іс - әрекетіне жағдай тудыру дегеніміз—студентті ойлай білуге үйрету екені сөзсіз. Бүгінгі таңдағы жаңаша білім беру міндеттерін негізі үш мақсат қана шеше алады. Олар-дүниетанымдылық, шығармашылық және терең білімділік. «Мұғалім әрдайым ізденісте болса ғана шәкірт жанына нұр құя алады» деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай мұғалімнің ізденісі жан-жақтылығы, күзіреттілігі арқылы айқындалса, сол күзіреттілік оқушы шығармашылығы арқылы көрінеді. Мектеп қабырғасында оқытылатын пәндер бойынша дарындылық танытқан оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын мұғалімнен педагогикалық-психологиялық көріністі талап етеді. Осы мәселе соңғы жылдар ішінде ғалымдардың зерттеу нысаналарына алынумен қатар, мектеп мұғалімдерінің тәжірибесінде мектеп оқушыларын тұлға етіп дамытуда олардың шығармашылық қабілетін дамыту басты нысанға айналған. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні сабағы жас ұрпақ бойына адамгершілік, ізгілік қасиеттерді қалыптастыруды жетілдіре түсудің бірден-бір басты құралы. Ана тілін оқып-үйрену арқылы олар Қазақстанның мәртебесін көтере туған халқының өткені мен бүгіні, болашағы жайында мол мағлұматтар ала отырып, танымдық, тәрбиелік, білім-дағдыны үйренері хақ. Өтілетін әр сабақ белгілі бір мақсатқа құралған, оқушы танымы мен дүниетанымын қалыптастыра отырып шығармашылыққа баулуы тиіс. Ол үшін мұғалім күнделікті сабаққа жете ізденіп, жаңа технологияны шебер пайдаланса, сабақ өз мақсатына жеткен шығармашылыққа бағдарланған, оқушы дүниетанымын байытатын бірден-бір сабақ болар еді. Қай сабақ болмасын «мынау оның білімдік жағы, мынау тәрбиелік жағы» деп бөліп жаруға болмайды. Себебі, білім мен тәрбие-әркез егіз үрдіс. Шебер мұғалім осы екі қасиетті оқушы бойына дарыта оқыта отырып, оқыту әдісін, жаттықтыру жұмысын, қолданылатын көрнекілік түрлерін оқушының жас ерекшелігін ескере отырып, қабілеті мен ынтасына қарай таңдай білсе, өзі көздеген

мақсатына жетеді. Сабақ беру үрдісінде оқушыны шығармашылыққа баулудың маңызы ерекше. Шығармашылық - өздігінен еңбектенудің, ізденудің жолы. Әр тақырып бойынша жүргізген жұмыс нәтижесі оқушының тиянақты ойлай, сөзді нақты жеткізе білуге үйретеді. Шығармашылық жұмыстың алуан түрлері бар: шығармашылық жазба жұмысы, пікірсайыс, шығарма жаздыру, өз бетімен жұмыс, т.б. Шығармашылық жазба жұмысы-тіл дамыту жұмысы. әңгіме, ойтолғау, кейіпкер портреті, эссе жазу, оқушының пәнге деген қызығушылығын дамыта оырып, шығармашылық жұмысқа баулитын негізгі саты деп қарауға болады. Әңгіме жазуда ойдың байланысына, сөзді дұрыс саптай білуге, шебер жеткізе білуге дағдыланады. Жеткізер ойын нақты дәлелдер келтіре отырып, мысалдар арқылы сұрыптап жаза білуге машықтанады. Студенттің шығармашылық танымын, мүмкіндігін жетілдіруде, көркем шығарманың орны ерекше. Студент жанын дүр сілкіндірер қолайлы тың деректер, оқиғалар, естеліктер, мұғалімнің ұтымды ой-пікірлері арқылы астасып жатуы керек. Міне, сонда ғана шығармашылыққа бастайтын шығармашылық көңіл күй туады. Көркем мәтін бойынша жүргізілетін шығармашылық жұмыстарды былай топтауға болады: авторға еліктей отырып, шығармашылық жұмыс жүргізу; мәтіндегі кейіпкерлерге өзі мінездеме бере отырып, портретін жасау; автор шығармасынан басқа тың көркемдік шешім таба отырып, өз ойынан оқиға құру; Осылай жазылған жазба жұмыстар жанды, шынайы болып, оқушы бойындағы қиял, дарындылық қабілетін ашуға көмектеседі. Әр тақырыпқа берілген әдеби кітаптарды оқи отырып олардың өмірге деген көзқарасы, шығарма кейіпкерлерінің әр ісі, жақсылы жаман қасиеттері олардың дүниетанымын кеңейтеді, өздерінің танымдық ой-пікірлері қалыптасады. Студенттерге ізденушілік ой-талдауға бейімділік ішкі сезім дүниесіне тартысты сезімталдық қасиетті оятуда әдеби-шығарым тапсырмалар беріледі, бұл тақырыптық, еркін тақырыпқа шығарма, мақала, хат сынды жұмыстар арқылы орындалады. Белгілі тақырыптарды өткеннен кейін төмендегі талаптар бойынша жұмыс жүргізуге болады: шығарманың мазмұны, тақырыбы жайында өз пікірін жазу; ұнаған эпизодын баяндау; әңгіменің белгілі бір бөлімінің көркемдік ерекшелігіне Н.Оразақынованың «Сатылай кешенді талдау технологиясын» басшылыққа ала отырып, талдау жүргізу; мазмұны бойынша сұраққа-жауап; әңгіме кейіпкерлерінің іс-әрекеті, көңіл-күйлерін өзінше әңгімелеу; Ұстаз жас жеткіншектің жан-жақты дамуына, оның бойында жасырын жатқан шығармашылық қабілетті ашу және белсенді әрекетке келтіру жолында тынымсыз ізденісте болу керек. Студенттің көркемдік шешім табуға жетелеу үшін ой ұшқұрлығы болуы керек. Мұнда оқушының өзіндік ізденісі, пікірі, айтар ойы байқалады. Осындай жұмыстың бір түрі - пікірсайыс. Өзінің айтайын деген пікірін еш қиналмай жеткізе білу, сөз дәлдігімен шешен, тиянақты айта білу тапқырлық пен шешендікке жетелейді. Пікірсайыстың берер нәтижесі мыналар: Студенттер күні бойы берілген тапсырмалар бойынша қосымша ізденіп, өз бетімен дайындалады; Анық та айқын, әсерлі сөйлеуге

дағдыланады; Сөйлеу мен пікірталас мәдениетін меңгереді; Өз пікірін қорғай ,дәлелдей біледі; Өзіндік ойын, көзқарасын ашық айтуға, жүйелі сөйлеуге төселеді; Әр түрлі шығармашылық жұмыстарға дағдыланады. Студенттердің ізденімпаздық дербестігін қалыптастыруда сыныптан тыс жұмыстардың маңызы зор. Сыныптан тыс жұмыстардың маңызды ерекшелігі-оқушылардың шығармашылық мүмкіншіліктерін жетілдіру. Оқушылардың пәнге деген ықыласы артып, қызыға бастаса, онда пәнді меңгеруге деген құштарлық тереңдей түседі. Студенттердің шығармашылығын дамытудың негізгі жолы- оқушыны өздігінен іздендіру, яғни өз бетімен жұмыс істеу.Бұл бағытта алдымен логикалық ойын дамытатын тапсырмалар арқылы оқушылар сөзжұмбақ, ребус, жұмбақ, мақал-мәтел, қанатты сөздер құрастыруға машықтанады. Берілген тапсырманы түрлендіру бағытында мынадай жұмыс түрлерін жүргізуге болады. Мәтін өңдеу, берілген мәтіннен диалог құру, мәтін бойынша шешендік сөз құрау және өз ойынан еркін тақырыпқа берілген өлең, әңгіме, шығарма жазу. Бұл әдіс оқушының өз бетінше іздене отырып, шығармашылығын шыңдауға баулиды. Студенттер әдеби-шығарым тапсырмалар өтілген тақырыптар бойынша жүргізіліп қоймайды. Еркін және тақырыптық шығармалар, түрлі мақалалар, өлең құрастыру және өлең мазмұнын қара сөзбен жаздырту жұмыстары арқылы орындалады. Студенттің көркем шығарманы тұрақты оқуды әдетке айналдыру, ортада сөйлеуі, ұстазбен сырласуы қажетті нәрсе болып табылмақ. Осындай бағыттарда жұмыс істеу арқылы көркемдік шығармашылық қабілеті дамыған тұлғаға қол жеткізе аламыз .Студент шығармашылығы практикалық әрекеттер, ізденімпаздылық арқылы дамиды. Шығармашылыққа үйрететін сабақтар–жаңа технологияларды қолдану болып табылады. Мұндай сабақтарда оқушыға ерекше ахуал, мұғалім мен оқушы арасында ынтымақтастық қатынас сақталады. Мұғалім бақылаушы емес,бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетін ұйымдастыратын шығармашылық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана оқушы интелектісінің көзін ашып, шығармашылығын дамытады. Студенттің шығармашылығына бағыт–бағдар беруді ең алғаш білім мазмұнына енгізген М. Жұмабаев болатын. Ол балалардың ойларын дамыту туралы «Ойлау жанның өте бір қиын терең ісі - деп атап көрсете келіп, тәрбиеші баланың ойлап, үйренуіне көп күш жұмсау керектігін ескертеді.Басқа сынып оқушыларымен қазіргі салт-дәстүрлер туралы сұхбат жүргізіп, диктафонға жазыңыз және сараптама жасаңыз; Студентті іздендіру үшін сұрақ қоя білуге үйрету арқылы оның саналы ойлауы, жан-жақтылығы, білімі мен біліктілігі қалыптасады. Сонымен қатар, жоспарлы түрде жұмыс істеуге машықтану үшін мәтін бойынша жоспар құру әдетін қолдануға болады. Нәтижесінде оқушы мәтін бөлімдеріне қысқаша тұжырымдама жасап, әрбір оқиғаға ат қойып, өзіндік іздену мен білім дағдысын берік қалыптастырады. Мәтін бойынша түсініксіз сөздер тізбегін жасау, поэзиялық шығармаларды прозаға айналдыру тәсілдері де оқушының жан-жақты дамуына үлкен ықпал

етеді. Қорыта айтқанда, мемлекеттік тілді құзыреттілік тұрғысынан оқыту мәселесін қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігіне талқылап, оқу-тәрбие процессі барысында басшылыққа алып, қазақ әдебиеті сабақтарында студентті шығармашылықпен жұмыс жасатып, алған ақпараттарын өмірде қолдана алуына жағдай жасау үшін құзыреттілік тұрғысынан оқыту тәсілдерін қолданудың студент біліктілігін арттыру үшін маңызды зор.

-белсенді қарым-қатынас оқушы мен мұғалімнің әрбір мәселеде өз көзқарастарын білдіреді;

-жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік мақтаныш сезімдерін ұялату;

-студенттің сана-сезімін қалыптастыру;

-жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездері қалыптастырады;

Бүгінгі күнде жастарды әдепті де саналы етіп тәрбиелеу үшін ең алдымен тәрбие ережелеріне сүйене отырып, ұлттық дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды дінімізді, ата-бабаларымыздан қалған насихат мұраларды жастардың санасына сіңіре білуіміз қажет. Тәрбиенің өзі ата-бабамыздан қалған мұралар мен дана сөздер десек, біз оларды насихаттайтын жүргізушіміз. Бүкіл қоғам болып қолға алып, мәдениетті, тәрбиелі болып жүруді әрқайсымыз өзімізден бастасақ, жас ұрпақтың тәрбиесі де өз жемісін берері анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. - Алматы, «Рауан» 1997.
2. Диханбаева Ж. Сын тұрғысынан ойлау мен дамытпалы оқыту», «Дауыс және көрініс» // №3, 2006.
3. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. - Алматы, 1967.
4. Тұрғынбаева Б.А. Шығармашылық қабілеттер және дамыта оқыту Алматы, 1999 .
5. «Қазақстан мектебі» // 2003. №6
6. Қазақ тілі мен әдебиеті // 2002 .№10
7. Тасболатов Қ. «Оқушылардың таным белсенділіктерін арттыру».

ОЙЫН АРҚЫЛЫ БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМУ

НЫГЫМЕТОВА АЛМАЖАЙ СЫДИЫХОВНА

Атырау облысы

Индер ауданы

Бөдене ауылы

«Балбөбек» бөбекжай бақшасының тәрбиешісі

Аңдатпа. Бұл мақалада ойын түрлерін пайдалану арқылы баланың тілін дамыту, және сөздік қорын молайту мәселесі қарастырылды. Бүгінде баланың тілінің дамуы алаңдатарлық мәселе екені бәрімізге аян. Әдеби шығармалар,ертегі тыңдап өспеген бала компьютерлер мен ұялы телефондардан бас көтермей жатады. Осыдан да баланың тілдік қоры аз, байланыстырып сөйлеуге бейімделмеген, ортаға бейімделуі нашар ұялшақ қасиеттер басым келеді.Осындай кемшіліктерді байқай келе баланың бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып,тілдерін дамытып, олардың өнегелі де тәрбиелі болып тәрбиеленуін ойын әдісі арқылы іске асыруға болады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін ойын арқылы дамыту, креативті ойындармен,сөздік қорларын молайту,ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану,одан әрі күнделікті іс- әрекет кезіндегі тілдік қарым- қатынаста қолдана білуге жаттықтыру.

Мектеп жасына дейінгі балаларда ойын әдісі тәрбиелеу және оқытудың басты нәтижелі құралы болып табылады, сондықтан да оларды жетік зерттеп игеру арқылы ғана,балаларда тәрбие мен оқыту жұмысының нәтижелілігіне жетуге болады.

Ойын түрлерінің барлық түрінде тілдік қолданыстарды: креативті ойындарды қолданылып отырса бала қызыға қайталап, тілдік қоры молайып, жалпы сөйлеу тілі дамиды.

Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні – мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Бүгінде бала тәрбиесіне баса көңіл аударылуда. Десек те баланың тілінің дамуы қазіргі кезеңде алаңдатарлық мәселе екені бәрімізге аян. Әдеби шығармалар, ертегі тыңдап өспеген бала компьютерлер мен ұялы телефондардан бас көтермей жатады. Осыдан да баланың тілдік қоры аз, байланыстырып сөйлеуге бейімделмеген, ортаға бейімделуі нашар ұялшақ қасиеттер басым келеді. Осындай кемшіліктерді байқай келе баланың бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып ,тілдерін дамытып, олардың өнегелі де тәрбиелі болып тәрбиеленуін ойын әдісі арқылы іске асыруға тырыстым.

Түйін сөздер

1. Балалар үшін:

Ақыл-ойы,тілі дамиды,оқуға қызығушылығы, белсенділігі, шығармашылығы,артады,тұлғалық қасиеттері қалыптасады.

2. Тәрбиеші үшін:

Ойын түрінде оқыту жалықтырмайды, оқушы білімінің сапасынарттыруда, сабақтықызықтыөткізуге,мұғалім үшін тиімді.

3. Ата-ана үшін:

Бала бойындағы жағымсыз қылықтарды,ойын арқылы тәрбиелейді

«Ойын – бала үшін ойын емес, шындық»

К. Д. Ушинский

4. «Сәбиге ойынның бәрі елеулі, өйткені ол ойнап жүріп өмір сүреді. Ол ойнаған кезде ғана өмір сүреді де, жаттығады да, жан мен тәнін өсіреді де»

А.В.Луначарский

Қоғам талабына сәйкес, еліміздің дамыған елдерімен иық тіресіп тұру үшін, еліміздің болашағы мен қазіргі кезеңі үшін білімді, зерделі, өз бетімен іс - әрекет ете алатын, қоғамнан өз орнын таба алатын шәкірттерді дайындау ұстаздың міндеті.

Ойын- балалардың шынайы ойлап тапқан шындығына тез, еркін енуіне, өзіндік «менін» қалыптастыруға және шығармашылыққа, белсенділікке, өзін-өзі дамытуға мүмкіндік береді. Балалар үн-түнсіз ойнамайды. Тіпті бала жалғыз болғанның өзінде ойыншықтармен сөйлесіп жүреді. Ойынға қиялдағы қатысушылармен әңгімелеседі, өзі мен шешесі үшін, науқас кісі мен дәрігер үшін сөйлеседі.

Ойын-әрқашан білім бола отырып, баланы білім алуға, еңбекке дайындайды. Ол балалар үшін оқу да, еңбек те болып табылады. Ойын – айналадағы дүниені тану тәсілі. Ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңудің жолын үйретіп қана қоймайды, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады. Ғалымдардың айтуынша «Ойын - балалар өмірінде өте маңызы зор нәрсе, үлкендердің қайраткерлігі, жұмысы, қызметі қандай маңызды болса, балалардың ойыны да сондай маңызды. Ойында бала қандай болса, өскен кезде жұмыста да, көбінесе, сондай болады. Сондықтан болашақ қайраткер, ең алдымен, тәрбиені ойын арқылы алады» - деп балалар ойынын жоғары бағалаған. Баланың өмірі, қоршаған ортаны танып, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері ойын үстінде қалыптасады. Ойын үстінде баланың ертеңгі өмірге деген қабілеті байқалады. Олар ойын ойнау барысында өздерін еркін сезінеді. Іздемпаздық, тапқырлық әрекеті байқалады. Әрбір ойынның бала үшін білімділік мақсаты ғана емес, тәрбиелік, танымдық мақсаты зор. Тиімді қолданылған ойын мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың зор ынтамен тыңдап, берік меңгеруіне көмектеседі. Өйткені төменгі сыныптағы оқушылардың аңсары сабақтан гөрі ойынға ауыңқырап тұрады. Қызықты ойын түрінен кейін олар тез серігіп, тапсырманы ықыластана орындайды. Сонымен, балалардың сөздік қорларын дамытуда ойындарды, тапсырма - жаттығуларды қолдану үлкен нәтиже береді. Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығын игереді, таным белсенділіктері қалыптаса түсіп, ақыл - ойы өсіп жетіледі адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіреді.

Ойын дегенміз—жас ерекшелікке қарамайтын, адамның көңіл-күйін көтеретін, ойландыратын үрдіс. Ойын-төзімділікті, алғырттықты, тапқырлықты, ұқыптылықты, ізденпаздықты, іскерлікті, дүниетаным өрісінің көлемділігінің, көп білуді, сондай-ақ, басқа да толып жатқан сапалылық қасиеттердің қалыптастыруға үлкен мүмкіндігі бар

педагогикалық, тиімді әдістерінің бірі. «Ойын – балалар өмірінде өте зор маңызы бар нәрсе, үлкендердің қайраткерлігі, жұмысы, қызметіқандай маңызды болса, балалардың ойыны да сондай маңызды. Ойында бала қандай болса, өскен кезде жұмыста да көбінесе сондай болады. Сондықтан болашақ қайраткер ең алдымен ойына арқылы тәрбие алады» - А.С.Макаренко.

Ойын барысында бала өзін қоршаған үлкендер сияқты, өзінің сүйікті әңгімелері мен кейіпкерлері сияқты өмір сүреді, әрекет жасайды.

Ойынды қолданумен бірге ойлауға, тілді дамытуға, шығармашылық әрекетін байытуға бағыт алады. Баланың ойын кезіндегі қимыл- қозғалысы дене бітімін жетілдірсе, ал қарым- қатынастағы пайымдаулары өзіндік таным- түсінік, мінез- құлық әдептерін бекітуіне әсер етеді.

Ойын - бала әрекетінің негізгі түрі. Ойын арқылы өзара қарым-қатынас жасауды меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды. ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Сондықтан да ойын - балалардың дүние тану жолы, олар ойынмен өмір сүріп бәрін өзгерте алады.

Ойынға бірнеше талаптар қойылады

- Ойынға кірісер алдында оның жүргізілу тәртібін балаларға әбден түсіндіру.

- Ойынға топтағы баланың түгел қатысуын қамтамасыз ету.

- Ойын үстінде шешім қабылдай білуіне, ойлана білуіне жетелеу.

- Ойын түрлерін бағдарламаға сай іріктеп алу.

- Ойынды баланың жас ерекшелігіне қарай түрлендіріп пайдалану.

- Қарапайым ойыннан қиын ойынға көшу.

- Міндетті түрде ойынның қорытындысын жариялау қажет.

Ойынға қажетті құрал, заттарды даярлау ойынды өткізуге әзірлік болып табылады. Ойын кезінде нашар оқитын оқушылар сабаққа деген қызығушылығы артып, сұраққа жауап іздеп ойлана бастайды. Балалар сабақта ойнап қана қоймайды, алған білімдерін қаншалықты есте сақтағандарын көрсете біледі. Бала ойынында да қоғамдық, ұжымдық сипат болады. Мәселен, кез - келген бала еш уақытта жалғыз ойнамайды, қатар құрбыларымен бірлесіп ойнайды, сол арқылы бір - бірімен өзара қарым - қатынас жасайды. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып өзіне таңдап алады.

Жас ерекшелігіне тән сөйлеу тілі дамымаса онда олардың сөздік қоры да төмен болады. Сөйлеу тілін түсінуі жақсы болса да, ойлауы шектеулі. Мұндай балаларда сөйлеу тілі басқа балаларға қарағанда кешірек шығады. Бұл уақытта сөйлеу белсендігі арта түседі, сөздік қоры көбейеді, бірақ балалар буындарға бөлгенде, сөздерді айтқанда әріптерді шатастыруда қиналады. Сондықтан да олардың сөйлеген сөздері қоршаған ортадағыларға түсініксіз болып келеді.

Ал ойындарды қолдануда бала қызығушылығы артып, талпынады. Және кез-келген сөзді толық айтуға тырысады. Дидактикалық материалдармен балалар жаттыққан сайын олардың зейіні, тапқырлығы, ынталылығы, өзіндік ойлау жұмысы дами түседі. Балаға әңгімелеп айтуға, оқып тыңдауға, жаттауға арналған материалдар олардың даму деңгейіне, жас шамаларын лайықты болуқажет. Сонымен қатар ойын барысында бала үлкендермен, өз құрбыларымен қарым-қатынас жасайды. Әр бала өз жетістігіне қуанып, мәз болады. Сондықтан да ойын-тапсырмаларды таңдауда және іріктеуде балалардың жас және жеке ерекшелігін ескерген жөн. Ойынның негізгі ерекшелігі ол балалардың қоршаған өмірді - адамдардың қимылын, іс-әрекеттерін бейнелеу болып табылады.

Баланың тілін жетілдіру үшін оны әңгімеге тарта отырып, баланың сөздік қорын жаңа сөздермен толықтырып, түсінігін молайту қажет. Баланың тілін дамытуда ойын түрлерін жүргізу арқылы, ойын шарттарын айта отырып та байытуға балады

Алғашқы кезеңде тобымдағы балалардың ерекшеліктерімен, мінез-құлықтарымен, қызығушылықтарымен таныса келе балалардың сөйлеу тілін, сөзді байланыстыруын бақыладым.

Жалпы ойынды ұйымдастыру ойынды өткізуге әзірлік, ойынды өткізу, ойынды талдау деген сияқты үш бағытты қамтиды. Ойынға қажетті құрал, заттарды даярлау ойынды өткізуге дайындықтар жасалды. Ата-аналармен бірлесе отырып ойындарға қажетті материалдар жинақталды, анкеталық жұмыстар жүргіздім. Балаларға ойынның әр түрінен жеке түсініктер берілді. Сабақта және сабақтан тыс кезеңдерде балаларға оларды қызықтыратын және ерекшеліктеріне сай келетін ойын түрлері таңдап алынды. Ойындар ішінде ең ұтымдысы қимыл-қозғалыс ойындары деп білемін. Қимыл-қозғалыс ойындарын ойнауда бала тек қозғалыста емес, ойнап жүріп тілдік қарым-қатынасқа түседі. Тәрбиеші ойын шартын түсіндіреді, қалыптасқан бала өздері жүргізуші болуға үйренеді. Тілдері дамиды. Осы орайда түрлі креативті ойындарды ойнатамын.

1. Ойын: «Көңілді піл»

Мақсаты: Қораптың ішіне қолын салып, ішіндегі заттың пішінін анықтау

2. Ойын: «Музыкалық қорап»

Мақсаты: Қорап ішіндегі жануарларды атап, олардың қандай дыбыс шығаратынын айту. Балалардың сөздік қорын дамыту.

3. Ойын: «Сыйқырлы кілемше».

Мақсаты: Сандарды тани білуге. Балалардың назарын дамыту, байқағыштықтарын арттыру, ұсақ қол маторикасын дамыту.

4. Ойын: Үстел үстіндегі футбол.

Мақсаты : Балалар қарапайым түтікше арқылы, ортадағы допты үрлейді. Бұл ойында тыныс алу жаттығуын, шапшаң қимылдауға ұжымдық сезімдерін дамыту.

5. Ойын: Клоунның мұрыны қайда?

Мақсаты: Балалардың достық қарым-қатынастарын, ұжымдық сезімдерін дамыту.Еңбекке деген сүйіспеншіліктерін арттыру

Қорыта келе балаларға ойын әдісін қолдану қызықты да, нәтижелі жұмыс екенін көз жеткіздім. Осы ойындардың нәтижесінде көптеген балалардың сөйлеу тілі дамығанын, дауыс ырғағын келтіруге, дыбыстарды дұрыс айтуға,өзін еркін ұстауға үйренгенін байқадым. Мектеп жасына дейінгі ерте жастағы балалардың сөздік қорларын дамыту ісіне тәрбиешінің балалардың сөздік қорларын дамыту, жаңа сөздерді меңгерту, үйренген сөздерін тиянақтап анықтап әрі байытып отыру басты міндет саналады.Осы ойындарды өткізу барысында балалардың тілдері біршама дамып, сөздік қорлары кеңейгенін байқалды.

Бала біздің болашағымыз. Балалардың саналы да тәрбиелі, жан-жақты болып өсуіне әлі де көптеген жұмыстар жүргізіп отыру біз үшін үлкен міндет.

Қолданылған әдебиеттер:

- 1.Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» ҚР МЖМБС 2001-2009ж;
- 2.Қаженбаева А.Е. « Бала танымын ойынмен дамыту», «Отбасы және балабақша» - 2002. - №1. - 9-10 б.
- 3.Қоянбекова С «Ойын мақсатын талдау және оның мәні»Қазақстан мектебі. -2002. - №1-2. - 45-49 б.
- 4.Бала тәрбиесі № 2 2006 ж, № 4 2008 ж
- 5.Молдагаринов Аскар «Казахские детские игры» Алматы-1987 8-12 б.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМГЕ – ЖАҢА КӨЗҚАРАС

ОМАРОВА ГАЛИЯ ТЕМИРБОЛАТОВНА

Павлодар облысы

Ақтоғай ауданы

«Ақтоғай ауданының

Естай атындағы жалпы білім беретін орта мектебі» КММ

бастауыш сынып мұғалімі

«Өмір бойы білім алу»әрбір қазақстандықтың жеке кредосына айналуы тиіс»

Н.Ә.Назарбаев

Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын құзыреттілікке және сапаға бағытталған тың бағдарлама. Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты - білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критерийлер арқылы бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Жаһандану заманында жас ұрпақтың

жаңаша ойлау қабілеті мен белсенділігін арттыру, білімге деген құштарлығын ояту, өмірде оны қолдана білуге бағыттау—ұстаздың басты міндеті болуымен қатар, оларға жүктелер жауапкершілік жүгін де еселейді [5].

Қазақстанда білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында Қазақстандық білім беру жүйесін жақсарту үшін, ең алдымен педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, біліктілігін дамыту бағытына үлкен мән берілген. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар, өзгерістер мен жаңалықтар мұғалімнің өткені мен бүгіні, келешегі мен болашақ жайлы ойланып, жаңа идеялармен жұмыс жасауға негіз болады [1, 4б.].

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде 2017-2018оқу жылынан бастап жаңартылған білім беру мазмұнына көшу сатысы басталып, оқушыларды кең ауқымды дағдыларға үйретуге, функционалдық сауаттылықтарын арттыруға, адами құндылықтарын дамытуға көңіл бөліне бастады.

Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады. Білім, дағды, іскерліктің қалыптасуының бастамасы—бастауыш саты. Келешекте арнаулы мамандықтарға талпынудың іргетасы да осы бастауыштан басталмақ. Жас бүлдіршіндердің ой-қиялын біліммен нұрландыратын, дүниетанымын кеңейтетін—ұстаз шеберлігі.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Оқушыларды заманауи әдіс - тәсілдермен оқытып, ой - өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Жаңартылған білім беру бағдарламасының мәні-баланың функционалды сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асыра білуі керек. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек [2,24б].

Қай кезеңде, қай қоғамда болсын жеке тұлғаның қалыптасуы ұстаздан басталады. Білім саласындағы түбегейлі өзгерістер ұстазға үлкен жауапкершілікті талап етеді. Өздігінен білім алатын, жан-жақты ізденетін, алдағы өмір жолын өзі болжай алатын тұлға тәрбиелеу—ұстаздың қолында. Жаңа бағдарлама мұғалімдерге қазіргі заманға оқыту әдістерін жеті модуль арқылы ұсынады.

1. Білім беру мен білім алуға жаңа тәсілдер.
2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету.
3. Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау.
4. Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану.
5. Талантты және дарынды балаларды оқыту.
6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай білім беру және оқыту.

7. Білім берудегі басқарушы және көшбасшылық.

Жаңа бағдарлама бойынша жаңаша көзқарас қалыптасып, білім деңгейі биікке көтеріліп келеді.

«Мұғалім көп әдістерді білуге тырысуы керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек»-, деп Ахмет Байтұрсынов айтып кеткендей, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы шарт.

Пәнаралық байланыс негізінде кіріктіре оқыту идеясы Я.А.Коменскийден басталады.Ұлы дидакт: «Бір-бірімен байланысы бар заттар, сол байланысты көрсетіле отырып оқытылуы қажет», - деген болатын. Қазіргі таңда кіріктірілген бағдарламалар оқу-тәрбие процесін технологияландырудың бірден-бір шарты болып табылады [5].

Бүгінгі күні дамыған елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының білім деңгейімен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі заман талабына сәйкес дамуы тиіс [3,216].

Оқушылардың бойында өмір бойы білім алу дағдыларын қалыптастыру мақсатында бастауыш сыныпқа арналған пәндердің аясында мұғалімдер әрбір оқу жылында нені оқыту керектігін және оқу сапасы қандай болу керектігін нақты білуі тиіс. Оқушылар әртүрлі пәндердің аясында қолдануға болатын білім алып, дағдылары мен мінез-құлқын қалыптастырады, бұл оқушыларға мектептен тыс өмірде қолдануға болатын дағдыларды меңгеруге көмектеседі. Осындай дағдыларға сауаттылық, математикалық ойлау қабілеті, сын тұрғысынан және шығармашылық ойлау кіреді, бірақ бұл тізім бұлармен шектелмейді. Жаңаша көзқарасты талап етеді. Ал жаңартылған бағдарлама аясында мұғалімнің кәсіптік жетілу қалыпты жағдай. Өйткені, балалар ХХІ ғасырда табысты болу үшін, оларды осы табыстылыққа жаңа тұрпатты, өзін-өзі реттеген педагог қана жетелей алады. Жаңа тұрпатты педагог алдымен кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық әлеуеті мол тұлға. Білімді тұлға шығару сабақ сапасынан.

Сабақ дегеніміз –оқытуды ұйымдастырудың басты формасы. Жаңаша оқытуда оқушы мұғалімнің түсіндіргенін меңгеріп қана қоймай мұғаліммен тікелей пікірталасқа көшеді, оқушы рөл атқарушы ғана емес, жетекші бағытта ұстайды. Мұғалім мен оқушы арасында тығыз байланыс қалыптасады, бірлік одақта қызмет істейді [5].

Жаңа заман мұғалімінен күнделікті оқушылармен қарым-қатынас барысында әрбір жағдаят үстінде ерекше білім деңгейін көрсетуді және шығармашыл шешім қабылдай алуын талап етіп отыр. Оны қанағаттандыру үшін қазіргі заманның мұғалімі жаңашыл, икемді, өзгерісті тез қабылдай алатын,жан-жақты,жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды меңгерген болуы керек. Сонда ғана біз жаңартылған білім аясында жетістіктерге жетеріміз хақ.

Оқушылардың өздігінен тапсырманы орындауға деген талпынысы пайда болады. Баланың шығармашылық қабілетін ашу, оны алға қарай дамыту үшін ең бастысы жағдайлар жасау керек. Оқушылар оқу әрекеті барысында жана әдістерге жақын болып, оны пайдалана білулері керек. Бастауыш сынып оқушыларының құлшынысы мен белсенділігі өте жоғары болғандықтан, пәндер арқылы баланың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету керек [4,86.].

Білім беру үрдісінің бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критерийлер арқылы бағалау жүйесі енгізілді. Критериалды бағалауды ерекшелігі оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенетіндігінде. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен яғни, қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау арқылы бағаланады.

-Қалыптастырушы бағалау шынайылыққа бағытталады.

-Оқушының өз беті мен жұмыс жасап, тұжырым жасауына ықпал етеді.

-Мұғалім үшін қай оқушының қандай деңгейде екендігін байқауға мүмкіндік береді.

-Оқушының өзара бір-бірін бағалауын қалыптастырады.

-Ата-ана өз баласының қай оқу мақсатынан төмендігіне көз жеткізіп, сол бойынша жұмыс жасауға мүмкіндік жасайды.

-Әр мұғалім қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын жасау арқылы өздерінің кәсіби бағытта дамуына қол жеткізеді [3,186].

Ұстаздың жан-жақтылығы, үнемі ізденіс пен шығармашылық жолындағы талабының болуы шәкірт жүрегіне бірден-бір жол салады. Ондай ұстаздан шығармашыл, күзиретті және жаңа үлгідегі мұғалім күтіледі. Ал жаңаша мұғалім тәжірибенің өзгеруіне, яғни білімнің өзгерісіне талпыныстағы ұстаз. Осы үлгідегі өзгеріске бағытталған ұстаз келбеті өзімен де табылу керек екенін түсіндім.

Баяндаманы Майя Аджелодудың «Барлық ұлы жетістіктер уақытты талап етеді» деген сөзімен қорытындылағым келеді.

Қолданылған әдебиеттер:

1.ҚР Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Астана, 2010.

2.ҚР Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Астана, 2011.

3.«Жаңартылған білім беру мазмұны аясында критериалды бағалауды жоспарлау және ұйымдастыру» 2017

4. Мұғалімге арналған нұсқаулық, 2016

5.Интернет.https://ust.kz/word/jangartylgan_bilimge__jangasa_kozqaras-9703.html

ТАРИХ САБАҒЫНДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ МАҢЫЗЫ

Өмірзақ Айнұр Нұрзаққызы

Шымкент қаласы

А.Байтұрсынов атындағы

№50 мектеп-гимназияның

тарих пәнінің мұғалімі

Бүгінгі таңда тәуелсіз еліміздің ертеңі-жастардың білімінің тереңдігімен өлшенеді. Ал ұлт сапасының негізгі көрсеткіштерінің бірі – білім екені баршамызға белгілі. Әрбір мемлекеттің болашағы мектебінде шындалады. Ертең осы елге ие болып, тізгінін ұстар азаматтар бүгінгі мектеп оқушысы болғандықтан қазақстандық барлық мектептердің бүгінгі жайы, дамуы, бағыты мемлекеттің назарында болып отыр.

Алапат соғыста да, небір нәубетте, зұлмат зауалда да қазақ тарихынан ажыраған емес. Іргесі сөгілерге шақ қалған замандарда да ұлтымыз ұлықтығынан айырылған емес. Тамыры терең тарихтан сыр таратар болсақ, бір нәрсеге анық көз жеткіземіз. Қазақтың тілі қазақ, ділі – Алаш, діні – ислам. Сондықтан жастарымыздың бойына біліммен бірге ұлттық құндылықтарымызды терең сіңіруіміз керек. «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» дегендей, жастарымызды заманның талабына сай білім беру мен ұлттық құндылықтарды бойына дарыту басты міндетіміз.

Ел мен елді, ұлт пен ұлтты, адам мен адамды теңестіретін ол – білім! деп ұлы тұлға Мұхтар Әуезов айтқандай, қазіргі орын алып отырған жағдайда да өз міндетімізді заман ағымына сай ұйымдастыра білуіміз шарт. Әр ұлттың салты мен дәстүрі сол ұлттың генетикалық коды саналады. Сондықтан оны баланың санасына жастай сіңіру ата–ананың, ұстаздардың құзырына берілген іс. Жастардың сапалы білім алып, ұлттық құндылықтарды бойларына сіңіріп өсуіне мектептегі ұстаздар ат салысуда.

Қазіргі таңда ақпаратты технологиялардың тез қарқын алып жатқаны соншалық, өскелең ұрпаққа білім беру де соншалықты өзгеріске ұшырауда. Бұрынғы дәстүрлі сабақпен оқушыны бәсекелестікке қабілетті жеке тұлға етіп қалыптастыра алмайсың. Сондықтан ұстаздар қауымы үнемі ізденісте жүретіні анық.

Әр сабақты жаңартылған бағытта, талапқа сай ұйымдастыру қажеттігі күн өткен сайын артып отыр. Осы мәселенің шешімін табу мақсатында бүкіл еліміздің білім беру орталықтары мен ұйымдары атсалысуда. Білім беруді жеке тұлғаны өзін-өзі жүзеге асыруға бағыттау, оқушылардың нақты мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне байланысты бейімделу мұғалімнен кәсіби маман ретінде үнемі жетілдіруді талап етеді. Осыған байланысты ұстаздарымызды арнайы курстарда оқытып, оқушыға заман талабына сай білім беру жолдары мен әдістеріне үйретіп, жаңа бағытта жұмыс жасауға бейімдеу ісі жүргізіліп жатыр.

Жаңартылған үлгіде тарих сабағын ұйымдастырудың маңызы зор. Бүгінде қашықтықтан өтіліп жатқан сабақтар интернет ресурстарының

қолжетімді барлық ресурстарын пайдалануға оқушыны да, оқытушыны тіпті ата-ананы да ұйымдастырып отыр. Қашықтықтан өткізілетін сабақтардың бұл өте тиімді тұсы дер едім. Дәстүрлі сабақта мұғалім уақыттың көп бөлігін түсіндірумен өткізіп, қалған уақытта оқушылардан үй тапсырмасын сұрайтын. Ал қашықтықтан оқыту платформасы оқушыны жан-жақты ізденуге, түсінбеген материалды бірнеше рет қарап шығуға, өз бетінше орындауға яғни мәселені өзі шешуге машықтандырады. Тарих сабағында қашықтықтан оқытуға арналған түрлі тапсырмаларды ұйымдастыруға болады. Оқушылар бейнероликтер, бейне сабақтар көру арқылы мұғаліммен байланыс орнатады. Мұғалім ноутбук, ұялы телефон, планшет арқылы оқушыға түрлі тапсырмаларды бере алады. Ол үшін әрине мұғалімнің шығармашыл болуы абзал. Шығармашыл мұғалім кез-келген оқушымен кері байланысты шебер ұйымдастырады. Осы тұста айта кету керек сабаққа қатыспай отырған, не ынтасы төмен оқушыны да жылдам аңғаруға болады.

Тарих сабағында «Сәйкестендіру», «Кесте толтыру», «Қатесін тап», «Ақиқат-Жалған», «Кім жылдам», «SWOT анализ», «Ойлан тап», «Интервью» т.с.с сияқты қолданылатын тәсілдерді қашықтықтан ұйымдастыру оқушылардың қызығушылығын арттырады деп ойлаймын. Әрі білім алушы өздігінен оқуға үйренеді.

Қазіргі білім жүйесінің ерекшелігі- тек біліммен қаруланып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру. Елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, оның мазмұнының түбегейлі өзгеруі, оның дүниежүзілік білім кеңістігіне енуі бүкіл оқу әдістемелік жүйеге, мұғалімдер алдына жаңа талаптар мен міндеттер қойып отыр. Бұдан шығатыны, ХХІ ғасырдың алғашқы жылдарының бірі - «Білім - бүкіл өміріңе» қағидасынан «Білім - бүкіл өмір бойына» қағидасына өте алатын білім жүйесінің ұйымдық құрылымдарын іздеу болып табылады. Қазіргі білім беру ісінің шарттарының бірі болып оқушының өзіне керекті мәліметті өзі іздеп табуына үйретіп, олардың өз оқу бағыттарын өзінің таңдай білуі деп есептеледі [3.1]

Жүсіпбек Аймауытов айтқандай: «Мұғалімнің айналысатыны - үнемі қозғалып, өзгеріп, өсіп-өркендейтін тірі адам болғандықтан біркелкі әдістен табан алмай шектеліп қалуға болмайды... Сабақ беру үйреншікті жай шеберлік емес, ол үнемі жаңадан жаңа табатын өнер», ауыл ұстаздарына әрқашан ізденіс жұмыстарын жиі жүргізіп отыру керек. Ізденіс үстіндегі мұғалімдер өз сабақтарының сәтсіз өткен сабақтарға өзіндік талдау жасап, өз кемшілігін түзетуге әрекет жасау керек. Білім мен тәрбие беруде педагогикалық, ынтымақтастық, ғылыми – әдістемелік, жаңа тың ізденістерге ілесе отырып, жаңашылдыққа талпынып отыру шарт. Әр сабаққа шығармашылықпен, ізденіспен дайындалу керектігі жылдан жылға дәлелденіп келеді. Яғни, оқушыны жалықтырмайтын, қабілетін арттыратын жағдай туғызуымыз керек.

Қазіргі білім беру саласында технологиялардың ең қажеттісін тандап, сабақтың әр кезеңінде тиімді қолдану – басты талап [4.1]. Сондықтан білім

беру жүйесінде компьютерлерді пайдаланудың маңызы зор. Өйткені компьютер адам қызметінің барлық саласында еңбек өнімділігін арттыру құралына айналды. Болашақ мамандардың ақпараттық мәдениеті негіздерін қалыптастыру оқушылардың компьютерде жұмыс жасауды игерумен тығыз байланысты.

Қорыта айтқанда ақпаратты технологиялардың қолжетімді ресурстарын қолданып, оқушылардың бойында жан-жақты білім қалыптастырып, ұлттық құндылықтарды дарыту бәрінен маңызды. Өзінің кім екенін, ата-бабасының салт-дәсүрін, елбасының Мәңгілік ел идеясын болашақ ұрпақ білу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. С.Әлкен. Жаңа технологиялар арқылы шығармашылыққа баулу.
2. Тұрлығұл Т.Т. Мектепте Қазақстан тарихын оқыту теориясы мен әдістемесі.- Алматы: Мектеп, 1984
3. <https://bilim-all.kz/jospar/972-Tarih-sabaqtarynda-zamanai-adis-tasilder-men-tiimdi-pedagogikalyq-tehnologiyalardy-qoldanu-arqyly-oqushylardyn-quzygushylyqtaryn-arttyru>
4. А.Е.Жаумбаева Ауыл мектептерінде тарих пәнін оқыту барысында ақпараттық технологияны тиімді қолдану.

ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚТЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУ

ПОЛЯЕВА ДИНАРА ТОМАСҚЫЗЫ

Ақтөбе облысы

Мұғалжар ауданы

*Қаз ССР 30 жылдығы атындағы негізгі мектептің
биология пәні мұғалім*

XXI ғасыр басындағы қазақ елінің алдындағы абыройлы мақсаттың үлкені – ұлттық құндылықтар арқылы қоғамымызды, Қазақстан мемлекетін ілгері жылжыту болып табылады. Қазіргі таңдағы әлемдік қауымдастықты шарпыған жаһандық мәселелер елімізге де ықпалын тигізеді. Осы орайда Елбасымыз Н. Назарбаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауында Еліміз бен өңіріміз үшін он негізгі сын-қатерді бөліп көрсетті. Елбасымыздың айтуынша, егер біз өз дамуымызда жаңа табыстарға одан әрі қол жеткізуді жоспарлайтын болсақ, олардың әрқайсысын міндетті түрде ескеруге тиіспіз.

Бірінші сын-қатер - тарихи уақыттың жеделдеуі.

Екінші сын-қатер - жаһандық демографиялық теңгерімсіздік.

Үшінші сын-қатер - жаһандық қауіпсіздігіне төнетін қатер.

Төртінші сын-қатер - судың тым тапшылығы.

Бесінші сын-қатер - жаһандық энергетикалық қауіпсіздік.

Алтыншы сын-қатер - табиғи ресурстардың сарқылуы.

Жетінші сын-қатер - Үшінші индустриялық революция.

Сегізінші сын-қатер - үдей түскен әлеуметтік тұрақсыздық.

Тоғызыншы сын-қатер - өркениетіміздің құндылықтар дағдарысы.

Оныншы сын-қатер - әлемдік жаңа тұрақсыздық қаупі [1].

Бұл қауіптердің алдын алып, келешегімізді кемел ету үшін жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу мәселесіне ерекше назар аударуымыз қажет. Педагог ғалым Ә.Меңжанова өз еңбегінде: «Еліміздің ертеңгі болашағы – жас ұрпақты азаматтық пен интернационализмге баулу тәрбиенің басты міндеттері»- деп атап, бұл салада патриоттық сезімге тәрбиелеуде алдымен «Отан – деген ұғым балаға дүние есігін ашқан үйі, ата-анасы, ағайын-туыстары, құрбы-құрдастары, туған жері, кең-байтақ гүлжазира даласы, тау-тасы, өзен-көлі, сылдырап аққан мөлдір бұлағы бейнесінде қабылданып ең қасиетті де құдіретті алтын бесігі ретінде танылуға тиіс [2].

Мағжан Жұмабаев тәрбиелеу бағыттары туралы: «Тәрбие төрт түрлі: дене, жан, ақыл тәрбиесі, сұлулық пен әдеп-құлық тәрбиесі. Егер де адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны. Бала мығым денелі, түзу ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы әуен, әдемі түрден ләззат алып, жан толқындырарлық болса, жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болса ғана адам баласының дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы... Балам адам болсын деген ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын» деген тұжырым қалдырған.

Қазіргі жағдайда тәрбиенің жалпы негізі құндылықтар болуы керек. Құндылықтар үлкен мен кішінің арасындағы шынайы қарым қатынас кезінде бала бойына дариды. Ал мұғалімнің басты мақсаты - өзіндік адамгершілік құндылықтарын оқушы бойына дарыта отырып, оның жүрек түкпіріндегі рухани қазынасын жарыққа шығару, әрбір баланы жеке тұлға ретінде жетілдіру үшін оның бойындағы бар құндылықтарды дамыту. Мектептегі, сабақтан тыс уақыттағы біздің ісімізді жалғастыратын жеке тұлға болып табылатын оқушыларды адамгершілікке, гуманистік жүйеге тоғыстыру. Мектеп қабырғасында жақсы тәрбиеленген, саналы білім алған шәкірт өмірде өз орнын табады. Ол үшін ең әуелі ұрпағымызды бала кезінен-ақ ұлттық тәлім тәрбиеге, адамгершілік әдетке, рухани мәдениетке баулу керек. Сонда жас ұрпақ елі үшін елең қағар азамат, имандылық қасиеттерді жақсы білетін азамат болып қалыптасады.

Оқушының өміріне ұлттық құндылықтарды енгізу үшін тұлға өзінің ойлау қабілетін өзгерту кезінде ол үшін ашылатын мүмкіндіктерге назар аударуы қажет. Тек қана жақсы ойлау арқылы ашылған мүмкіндіктер жасөспірімдер өмірінің шындығына айналады. Бұл мүмкіндіктер жағымды ойлау концепциясының жетекші атрибуты ретінде қарастырылады. Бұл жетекші міндеттер тұлғаның ойы мен іс-әрекеттерін бақылап, олардың жағымды ойлауға қабілетті екеніне негіз беріп, сол арқылы әлемді де басқарады. Ойын дұрыс басқара алған бала позитивті, сындарлы бағдармен сипатталады, проблемаларды өз бетінше шешуге ұмытылып, депрессия мен үрейге түспейді, өмірдің тек жағымды жақтарын іздейді.

Оқушы үлгісін қалыптастыру үшін—мәдени құндылықтарды үйрету, білім, білік дағдыларды бойына сіңіру, қоғамдық қарым-қатынас ережелерін, әлеуметтік өмір тәжірибелерін меңгерту, ұлттық өнермен, әдебиетпен, ғылыми жаңалықтармен айналысу, осылайша адами құндылықтар жүйесін ұғына білуге, жеке бастың тәрбиесін үздіксіз байытып, оны күнделікті өмірмен байланыстырып отыруды дағдыландыру қажет.

Бүгінгі Қазақстан жағдайындағы патриотизмнің басты көрінісі — қазақтың өз ана тілінде сөйлеуі, мемлекеттік тілге деген ерекше құрмет, ұлттық тәрбие, мінез, жүріс-тұрыс қалыптастыру, ізет, қайырым, мейірім, т.б. сезімдерді қалыптастыру. Ол тек қазақтардың ғана өз отанына сүйіспеншілігі емес, онда мекендеген ұлт пен ұлы өкілдерінің бәріне қатысты дүни және т.б. отандық ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған [3]. Жастардың қоғам үшін маңызды әлеуметтік қажеттіліктерді көздеуі, өздерінің «керектігін» жасөспірімдер мен жастардың сезінуі, жастар шығармашылығы мен белсенділігі үшін әлеуметтік тапсырыс патриотизм құндылықтарын меңгеру үшін зор шабыт береді, оның тиімділігін және қоғамдық санаға әсер етуді, өзін-өзі тәрбиелеу мен өзін-өзі жетілдіруді арттырады.

Мен шағын жинақты мектепте биология пәнінен сабақ беремін. Әрбір сабағымда балаларға тек білім беріп қана қоймай, олардың жаңа қалыптасып келе жатқан ой-санасының жоғары рухта байыта білуге, ойы алғыр, қиялы ұшқыр оқушы тәрбиелей білуге ерекше мән беріледі. Бұл өмір талабы. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін мұғалім ең алдымен өз пәнін, өзі сабақ беретін ғылымды, оның негізін, оның қазіргі жағдайдағы күйі мен дамуындағы басты кезеңдерін, басқа ғылыммен байланысын, өмірдегі орны мен байланысын жете меңгеруі керек. «Туған өлке» ұғымы пәнаралық болып саналады, мұнда биология, экология бойынша білім қажет.

Білім беру мазмұны жаңаша құрылған ұлттық мектептің кеңге жайып дамуы сол мектептің оқу-тәрбие жұмысын жандандыраар мұғалімдерге байланысты. Ойымды тұжырымдай келе, оқушылардың ұлттық құндылық қасиеттерін оқыту процесі мен сыныптан тыс тәрбиелік іс-шаралар арқылы қалыптастырып, ғылыми тұрғыда дәлелдеп дамыту біздің тікелей парызымыз. Бала бойына дарыған ұлттық құндылықтарымыз «Мәңгілік Ел» орнатуда басты қағида болады деп сенемін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Ә. Назарбаев. «Қазақстан - 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 14.12.2012.
2. Меңжанова А.К. Мектеп жасына дейінгі балалардың көркем әдебиет арқылы адамгершілікке тәрбиелеу. — Алматы, Мектеп, 1992 — 120 б.
3. Салғараұлы. Ұлы Дала мемлекеттер сабақтастығы. Қазақтану. // Халықаралық ғылыми журнал. 2007. №1(02). 712 -б.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ БІЛІМДІ ЖЕТІЛДІРУДЕГІ ЖАҢА БАҒЫТТАР

РАЕВА ЖАҢАГҮЛ ҚҰЛМҰХАНБЕТҚЫЗЫ

Ақтөбе қаласы

«№13 орта мектеп» КММ

информатика пәні мұғалімі

Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар.«Ана тіліміз Мәңгілік елімізбен бірге Мәңгілік тіл» болды. Қазақ тілін даудың тақырыбы емес, Ұлттың ұйытқысы ете білген жөн.

Н.Ә.Назарбаев

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық, саяси-идеологиялық даму барысында жеке тұлғаны отансүйгіштікке тәрбиелеу үкіметіміздің жаңа стратегиялық бағдарламасының басым бағыттарының бірі болып отыр.

Білім саласындағы жалпы ұлттық идея—Мәңгілік Елдің білімді ұрпағын, білікті мамандарын даярлаудағы, педагогтардың кәсіби шеберлігін арттырудағы инновациялық әдістемені жетілдіру арқылы жеке тұлғаның ұлттық және жаһандық ерекшеліктерді ескере отырып, жан-жақты мүмкіндіктерін арттыру және бәсекеге қабілеттілігін дамыту.

Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының да негізгі мақсаты-“Мәңгілік ел” идеясын орындауға бастайтын негіз жасау [1].

“Мәңгілік ел” идеясы білімі заман талабына сай, әлемдегі ғылым мен техниканың, жалпы әлем өркениетінің жаңалығын еркін біліп, еркін игере, қолдана алатын Қазақстанның мәңгілік қоғамын құруға арналған. Сонымен қатар, болашақта қоғамда баршаға бірдей сапалы білім алу мүмкіндігі камтамасыз етіліп, үш тілде сапалы дәріс беретін бір типті білім беру жүйесін құру көзделіп отыр, бұл әлем елдеріндегі озық үлгіге сай оқытуды жақсартуға мүмкіндік береді.

Қазақ ежелден «Ел боламын десең, бесігінді түзе» деген.Сонымен, «шекарасыз әлем»,қоғамдық-экономикалық және саяси өмірдегі өзгерістердің жедел динамикасы, қоғамның әлеуметтік құрылымының күрделілігі мен алуандығы білім беру саясатын шұғыл жаңартуды қажет етеді. Сол себепті еліміздің білім беру жүйесін жетілдіруде көзделіп отырған мақсаттардың ең негіздісі – әрбір жеке тұлғаға ұлттық тәрбие мен білім алудың өмірлік жолын еркін таңдауына мүмкіндік туғызу. Сындарлы ойлайтын, өз мүмкіндіктеріне сенімді, әр түрлі әлеуметтік және өндірістік проблемаларды өз бетінше шешуге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру үшін оқытудың сапасын жетілдіру аса маңызды мәселе болып табылады. Осы мақсатта оқушының білім негіздерін өз еркімен үйренетін, іс-әрекет мақсатын, міндетін, түрін, тәсілін және жағдайын өзінше түсініп, алған білімін өмірде қолдана алатындай жағдайға жеткізуіміз керек.

Аталған мақсатты жүзеге асыру барысында, оқушыларға берілетін тәлім-тәрбие үрдісін жетілдіру, жұмыс мәдениетін, адамдар арасындағы адамгершілік қарым-қатынастарды жаңарту, еңбек біліктілігін қалыптастыру арқылы еңбек өнімділігін арттыруға ынталандыру міндеттерін мұғалімге жүктейді. Жас ұрпақты қоғамдық өмірге, отбасындағы қызметке, кәсіпке даярлау, үнемі өзгеріп отыратын әлемде өмір сүретіні туралы түсінікті қалыптастыруды міндеттейді.

Осы орайда жалпы білім беру жүйесіне енгізіліп жатқан жаңартылған бағдарламалардан үлкен үміт күтеміз. Жаңартылған деп аты айтпақшы, аталған бағдарламаларды мүлдем жаңа деп қарауға болмайды. Бұрынғы оқыту тәжірибемізге сүйене отырып, жаңа идеялармен, тәсілдермен, педагогикалық амалдармен толықтырылған бағдарлама екендігіне курсқа қатысу барысында көзім жетті.

Жаңартылған оқу бағдарламаларының мазмұндық ерекшеліктері:

- пән мазмұнын жобалаудың күрделілік (спираль тәрізділік) ұстанымы;
- тану заңдылығы мен пәндік операциялардың неғұрлым маңызды түрлері бойынша жіктелімге негізделген Блум таксономиясы бойынша оқыту мақсаттарының иерархиясы;
- білім беру деңгейлері бойынша және тұтас оқыту курсы бойына педагогикалық мақсаттар қою ішкі пәндік байланыстарды барынша ескеруге мүмкіндік береді;
- пәндер арасында «ортақ тақырыптардың» бір білімдік сала ішіндегі тақырып ретіндегі болмысын танып, пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру;
- пәннің бөлім мазмұндары мен тақырыптарының уақыт талабына сәйкес болуы, әлеуметтік дағдылардың қалыптасуына назарды шоғырландыру;
- ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді жоспар түрінде оқу үдерісін технологияландыру.

XXI ғасырдың жан-жақты, зерделі, дарынды, талантты адамдарды қалыптастыруда білім беру мәселесі, оның оқыту жүйесін заман талабына сай үйлестіре алу міндеті туындап, жаңа талаптар қойылуда. Соған орай ұстаздардың алдында тұрған міндет: табысты және әрекетке дайын қабілетті, әлеуметтік рөлін сезінетін құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Жалпы құзіреттіліктің сипатына беделді пікір айтуға мүмкіндік беретін білімді игеру деген түсіндірме берілген. Тұлға құзіреттілігін дамыту – ұстаздың құзіретті тәсілдерді меңгертуі, білім беру мазмұнын жетілдіру. Ол үшін баланы субъект ретінде қарап, оқу ісіне өзінше қызықтыратын, оған қабілетін арттыратын жағдай туғызу керек. Оның бастысы – оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру, оқушының оқудағы іс-әрекеті арқылы ойлау дағдыларын жетілдіру, өз бетінше білім алу, әрекет ету. Мақсатқа жету оқушының өзі арқылы іске асады. Мұғалім – бағыт беруші, ұйымдастырушы.

Ол үшін мұғалім білім алушының бойына алған білімін практикалық жағдайда тиімді және әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалана алатындай негізгі құзіреттіліктерді сіңіруі керек. Олар: басқарушылық (проблеманы

шешу қабілеті); ақпараттық (өз бетінше ақпараттар көздері арқылы үнемі білімін көтеріп отыруы, сол арқылы танымдық қабілетін ұштау); коммуникативтік (үш тілде: қазақ, орыс, ағылшын (шет) ауызша, жазбаша қарым-қатынас жасау); әлеуметтік (қоғамда, өзі өмір сүрген ортада іс-әрекет жасай алу қабілеті); тұлғалық (өзін жеке тұлға ретінде қалыптастыруға қажетті білім, білік, дағдыларды игеру, болашақ өзі таңдаған кәсібін өзі анықтау, оның қиыншылығы мен күрделілігіне төзімді болу); азаматтық (қазақ халқының салт-дәстүрі, тарихы, мәдениеті, ділі, тілін терең меңгеріп, Қазақстанның өсіп-өркендеуі жолындағы азаматтық парызын түсінуі); технологиялық (әр азамат өз мамандығына қарай ақпараттық технологияларды, сандық технологияны, білім беру технологияларын сауатты пайдалануы). Білім алушы осы аталған негізгі құзыреттіліктермен қатар пәндік құзыреттіліктерді (әр пәннің мазмұны арқылы) меңгеруі тиіс.

Бұл тұрғыда да біз, алаш арыстарының бірі Ж.Аймауытовтың мына бір қағидасын басшылыққа алсақ, функциональдық сауаттылықтың төртінші механизмі жүзеге асқан болар еді. Ағартушы: «Балаға ең қымбат, ең жылы, жақын нәрсе – туған жері, туған жерінің құбылыстарын білу балаға өте қызық. Мұндай оқыту жүйесі жергілікті өмірге, табиғатқа терең мазмұн беріп, оларды баланың санасында жандандырып, оларға баланың махаббатын арттырады, бала әлеумет тұрмысына, төңіректегі әлемге терең көзбен қарап үйреніп, жолығатын қиын мәселелерді оңай шешетін болады, бұрынғыдай мектептен шыққан соң, бала үйренген білімін ұмытып қалмайды, қайта білгенімен өмір жүзінде пайдаланатын болады [2].

Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функциональдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады. Сондықтан теория мен практиканың байланыста болуын қамтамасыз ету үшін әрбір пән бойынша берілетін білімнің мазмұны мен көлемін анықтағанда теориялық қағидалардың, заңдылықтар мен ережелердің, яғни ұғымдық-ақпараттық материалдардың бала өмірінде кездесетін түрлі проблемалық мәселелерді шешуге көмегі тиетіндей, бала оны қолдана алатындай практикалық маңызы ескерілуі тиіс. Сондай-ақ оқушылардың оқу материалын тек жаттап қана алмай, оның мән-мағынасын терең түсінуін қамтамасыз ету міндетті болып саналады.

Елбасы өз сөзінде: «Мен барша халқымды жарқын болашаққа жол бастайтын адамзат баласының мәңгілік құндылықтары - ерік-жігер мен еңбек сүйгіштік, мақсаткерлік қасиеттерді бойға сіңіруге шақырамын. Мен ХХІ ғасыр Қазақстанның «алтын ғасыры» боларына сенемін. Бұл бейбітшіліктің, тұрақтылық пен гүлденудің ғасыры болады. Қазақстан халқы ұлы тарихтың иесі атануға лайық. Біз көздеген мақсатымызға міндетті түрде жетеміз»,—деп келешектің кемелдігіне нық сенімін білдірді. Өз тарихын терең ұғынып, ұлттық құндылықтарын шын бағалай білетін халықтың ғана болашағы мәңгі болмақ. Бүгінгі алпауыт жаһандану

дәуірінде кез-келген ұлтты сақтап қалатын дүниелер-сол ұлттың төл тарихы, мәдениеті мен тілі екені анық [3].

Бала бойына дарыған ұлттық құндылықтарымыз болашаққа бастау боларына сеніміміз мол.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан - 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы
2. Ш.Елеуқенов, Замандас парасаты. Әдеби сын. Алматы: Санат, 1977
3. https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/ulttyik-kundyilyik-el-bolashagy-294097/

«МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ІС-ӘРЕКЕТІНДЕГІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҮДЕРІСТІҢ ТӘРБИЕЛІК МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

САДЫРОВА ШЫНАР ФАЙЗУЛЛАЕВНА

Атырау қаласы

№34 «Нұрбөбек» бөбекжай

бақшасының әдіскері

Еліміздің дербес, толық қанды ел, егеменді мемлекет болуы, халқымыздың ертеден бергі еркіндік үшін, туған жері–Отаны үшін күресінің жемісі. Бүгінгі таңдағы еліміздің әлемдік өркениет шеңберінде өз орны мен статусын алуға ұмтылысы заңды құбылыс. Өйткені, әр елдің, халықтың өзіндік болмысына тән мақсат–мұраты бар. Мұрат–алға жетелейтін, болашақтан қол бұлғап шақыратын, халықтың арманы, мақсаты. Ал мақсат немесе мұрат– ол, болашақта қол жеткізуге жетелейтін қоғамдық-рухани сананың көрсеткіші - идеал.

Осы тұрғыдан, Қазақстан халқының мұраты: еркін халық болу; өзгелермен терезесі тең мемлекет болу; өз ішінде береке-бірлік пен ынтымақ орнаған халық болу. Бұл мұратты жүзеге асырудың негізгі шарты –әрбір Қазақстан азаматының қатардағы қоғам мүшесі деңгейінен мемлекеттің саналы әрі белсенді азаматы әрі өз Отанының, халқының нағыз патриоты дәрежесіне көтерілуі.

Отансүйгіштік және рухани – адамгершілік тәрбие мектепке дейінгі білім беру сапасын көтерудің кепілі-жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа Отансүйгіштік және адамгершілік – рухани тәрбие мектепке дейінгі білім беру сапасын көтерудің кепілі болып табылады.

Тәрбиенің негізгі мақсаты– дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар – ождан мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу.

Рухани адамгершілік тәрбие—бұл дұрыс дағдылар мен өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдағы қарым–қатынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырады. Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез – құлқымен іс – әрекетін анықтайды.

Қазіргі қоғам дамуы еліміздің жас өспірімдеріне білім беру мен тәрбиелеу ісін жақсарту мен нығайту мәселесіне баса назар аударуда. Жастар-біздің болашағымыз ретінде олардың білім деңгейі мен салауаттылығы, сондай-ақ олардың жеке тұлға ретінде жетілуі, қоғамымыздың әлеуметтік және экономикалық, техникалық жетістігіміздің негізгі шарты. Адам адам болып жаратылғаннан соң, оның өмір сүруінің негізгі тірегі мен қажеттілігі, сондай-ақ қалыпты өмір сүру жағдайы басқа адамдармен қарым-қатынас жасау болып табылады. Сондықтан балалардың қарым-қатынасындағы мәселе—бүкіл қоғам алдындағы негізгі міндеттер болып қала бермек.

Қоғамнан тыс адам өмір сүре алмайды. Адам психикасының дамуындағы қарым-қатынастың ролі ерекше. Сондықтан адам өзгелермен қатынасқа түсу арқылы ғана қалыпты өмір сүре алады. Қарым-қатынас бала өміріндегі іс-әрекетте жеке тұлға болып қалыптасуындағы ең маңызды жағдай. Баланы әлеуметтік ортада қарым-қатынас жасай білуге үйрету - отбасының, педагогтардың ең жауапты міндеті. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары балалар мен үлкендер өмірінің мәдени-әлеуметтік ортасы болып табылады. Бала айналадағы қоршаған ортамен қарым-қатынас жасау арқылы өзінің көңіл-күй сезімдерін бастан кешіре отырып дамиды. Қарым-қатынас – бала өміріндегі іс-әрекетте жеке тұлға болып қалыптасуының өзінің және өзгеде адамдардың әрекетін бағалай білудің ең маңызды жағдайы. «Мектеп жасына дейінгі балалардың іс-әрекетінде қарым-қатынасты қалыптастыру»бағдарламасының маңыздылығы баланың әлеуметтік ортада қарым-қатынас жасай отырып дамуын көздейді. Яғни, айналадағы қоршаған ортамен қарым-қатынас арқылы өзінің көңіл-күй сезімдерін бастан кешіре отырып дамиды.

Балаға ерте жастан адамның тартымдылығы, табиғи сұлулықтан да жоғары екендігін түсіндіру. Әдемі емес адамдардың өздері де тазалығы, жинақылығы, жақсы сөйлеу мәнері арқылы да тартымды бола алады. Бала айналадағы қоршаған ортамен байланыста, өз ата-аналарының қарым-қатынас жасауын қайталайды. Егер бала тәртіпті, қайырымды болып өсу үшін ата-ана балаға дос болып, бөгде адамдарға қиын жағдайда көмектесе білу қасиеттерімен көрінуі қажет. Балабақшаға баратын балалар топта қарым-қатынас жасаудың алғы шарттарын игереді. Ал, балабақшаға бармайтын балалар, тек жақын адамдарға ғана сенеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен білім саласының мақсаты өмірге тез бейімделе алатын ұрпақты дайындау. Балалардың 5-6 жастағы кезеңде қарым-қатынастың қалыптасып дамитын кезеңі. Осы жас кезеңінде әлеуметтік ортамен танысудың негізгі кезеңдері қалыптасады. Жас кезден бастап қалыптасқан тәртіп жеке тұлға болып қалыптасуына негіз

болады. Сонымен қатар, жеке тұлға болып қалыптасуына отбасы, көрші-көлем, мектепке дейінгі ұйым, үлкендер, ақпарат құралдарының да ықпалы өте зор.

Шығармашылық жұмыстың мақсаты: Қазіргі таңда мектепке дейінгі тәрбие саласында оқу тәрбие жұмысында мен өзім еңбек етіп еткен гимназия жұмысында «Мектеп жасына дейінгі балалардың іс-әрекетіндегі қарым-қатынасты қалыптастыруда» педагогикалық үдерістің тәрбиелік маңыздылығы» тақырыбындағы шығармашылық жұмысымды №34 «Нұрбөбек» балабақшасында жалғастырып, жүргізілген жұмыстарды жинақтадым.

Балаларды айналада қоршаған ортада кездесетін қауіпсіздік жағдайда өзіндік іс-әрекет дағдыларын қалыптастыру. Қоғамдық құрылымда жауапкершілік өзін және басқаларды түсіне білуін қалыптастыру. Түрлі жағдайларда, түрлі қоғамдық орындарында жүріп-тұру ережелерімен таныстыра бастау.

Шығармашылық жұмыстың міндеті:

1. Айналадағы адамдар мен олардың әрекетіне қызығушылығымен жанашырлық сезімге тәрбиелеу.
2. Әртүрлі жағдайларда балалардың қарым-қатынас дағдысын қалыптастыру /құрдастарымен, педагогтармен, ата-анамен т.б\
4. Айналадағы адамдар мен өз қылығы мен тәртібін талдап бағалай білу.
5. Қарым-қатынас кезінде эмоционалдық көңіл-күйін өзіндік бағалау қабілетін көтеру.
6. Балаларда қарым-қатынас кезінде жақсы мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға баулу.
7. Өмірде кездесетін келеңсіз жағдайларды ортақ шешімге келе отырып шешуге баулу.
8. Коммуникативтік іс-әрекетте белсенді, өзіндік, ұйымдастырушылық қабілеттерін дамыту.

Шығармашылық жұмысымды жетілдіру барысында алдымен мынадай жұмыс түрлерін белгілеп алдым:

- тақырыпты айқындауым
- Тақырыпқа байланысты материалдар жинақтау
- дидактикалық ойындар мен жағдаяттар таңдалып, талданды
- ата-анамен педагогтарға сауалнама жүргізілді
- "Балаларды қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауға үйретейік" тақырыбында ата-аналарға арналған жылжымалы папка дайындау
- тақырып бойынша семинар өткізу
- технологиялық карта құру
- ақпарат беттеріне жариялау
- "Мектеп жасына дейінгі балалардың іс-әрекетіндегі қарым-қатынасты қалыптастыру" бағдарламасын құрастыру.

Шығармашылық жұмыстың өзектілігі: Қазіргі жанашыл қоғам дамуындағы білім саласының мақсаты көпұлтты демократиялық мәдени-

қоғам дамуында өмірге бейім жас ұрпақты дайындау. Балалардың 5-6 жастағы кезеңі қарым-қатынастың ең қалыптасып дамиды кезеңі. Осы кезеңде әлеуметтік ортамен танысудың негізгі кезеңдері қалыптасады. Мектепке дейінгі білім беру бағдарламасында баланың қоғамдағы жалпы тәртіп дағдыларының қалыптасуына да баса назар аударған. Мектеп жасына дейінгі кезеңнің, әсіресе ересектер жас кезеңінде баланың алғашқы әлеуметтену дағдылары қалыптасады. Бала кезден қалыптасқан қоғамдық өлшем мен тәртіп жеке тұлға болып қалыптасуына негіз болып табылады. Сонымен қатар, баланың жеке тұлға болып қалыптасуына отбасы, көршілер, айналадағы орта, мектепке дейінгі ұйым, үлкендер, ақпарат құралдарының ықпалы зор.

Осы жұмыс бойынша күтілетін нәтиже:

Балалар төмендегідей дағды мен іскерлікті меңгереді:

1. Заттық-тәжірибелік дағдыларды меңгеруі:

- Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларына үйрету /салауатты өмір салтының негіздерін сақтау, жеке бас тазалығы мен күн тәртібінің орындалуы, жеке заттарын таза әрі ұқыпты ұстау, отбасына көмек, ас әзірлеуге, отбасы мүшелері және кішкентайлар мен үлкен кісілерді қамқорлауға т.б./
- әлеуметтік кеңістікте бала іс-әрекетін ұйымдастыру, ойын және ойыннан тыс мезгілде құрдастарымен және үлкендермен қарым-қатынаста басқаның пікірімен санаса отырып, өзінің пікірін айта білуге;
- техникалық құралдарды қолдана білу. /телефон, телевизор, магнитофон, компьютер\
- қоғамда жеке бас қауіпсіздігін сақтау /үйде жеке бас қауіпсіздігін, жол тәртібін сақтау, көліктегі және табиғаттағы тәртіп, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас т.б.\

2. Балалардың адамгершілік құндылық бағдарын қазақстандық қоғамда қалыптасқан халықтық салт-дәстүр үлгісінде қалыптастыру;

- Өз және басқада халықтардың мәдениетін танып білу /отанды сүйу түсінігі, тарихын, мәдениетін, елінің табиғаты\.
- отбасы мен қоршаған ортада рухани-адамгершілік дағды мен білімдердің қалыптасуы;
- Алған білім дағдыларды мектепте қолдана алуы;

Осы шығармашылық жұмысым нәтижесінде «Балалардың іс-әрекетінде қарым-қатынас негіздерін қалыптастыру» бағдарламасы жинақталды.

Бұл бағдарлама бойынша мынадай тақырыптық жүйеге бөлінді:

- тұрмыстық қауіпсіздік
- инфрақұрылым
- қауіпсіздік дағдылары
- мектептегі тәртіп дағдысы
- үлкендермен, құрдастарымен қарым-қатынасы

Атап айтар болсақ, тақырыптық жүйе мынадай тақырыпшаларға бөлінді: Телефон, компьютер, өрт ережесі, химиялық зат, балкон, ашық терезе қауіптері, базарда адасқан кездегі іс-әрекет, кинотеатр тәртібі,

көшеде танымайтын адаммен кездескен жағдайда, ересектер мен құрдастарымен қатынасы.

Бағдарлама оқу жүктемесінің вариативтік бөліміне, 18 сағатқа бөлінген.

«Мектеп жасына дейінгі балалардың іс-әрекетіндегі қарым-қатынасты қалыптастыруда» педагогикалық үдерістің тәрбиелік маңыздылығы» тақырыбындағы шығармашылық жұмыс Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сүйене сай, мектеп жасына дейінгі 5-6 жастағы балаларды қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауды үйренудің алғы шарттарымен таныстырады. Бұл адаптивтік бағдарлама ретінде білім саласы бойынша оқу жүктемесінің вариативтік бөліміне енгізіліп оқытылады. Мектепке дейінгі ұйымдар арасында вариативтік бағдарламаны ұйымдастыруда қиындыққа кездесіп жатады. Себебі, тәрбиешілер білім салаларының барлық тақырыптарын қамтуға тырысып, күрделендіріп алады. Ол балаға тиімсіз болып келетіндіктен біз әдіскерлер тарапынан әдістемелік кеңес ретінде және көмекші құрал ретінде жинақтап, тәрбие беру үдерісіне өз үлесімізді қосуымыз керек деп ойлаймын.

Мен баламен жұмыс бастамас бұрын жеке тұлғаға өзіндік «Менін» тереңірек таныту, қоршаған ортаны танып-білуге деген қызығушылығын ояту, өзінің адамгершілік мінез-құлықтарына баға беру, өзіне деген сенімдік қабілетін дамыту, ұжымдағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында педагогтармен кеңестер арқылы, әріптестік қарым-қатынас тренингтерін өткізіп келемін. Бұл әрине, ұжымда өзара жайлы қарым-қатынас пен тәрбиеленушілерді ата-аналарына, этномәдени құндылықтарға құрмет көрсетуге, қоршаған әлемге ұқыпты қарауға, жоғары адамгершілік тұрғыда тәрбиелеуге мүмкіндік жасайды. Сонымен қатар, тәрбиешілер жалпы адами құндылықтардың басымдылығын мойындай отырып, әрбір ұлт мәдениетін ерекшелігіне, құндылығына және қадір-қасиетіне құрметпен қарауға ықпалы зор.

Педагог ұлтаралық қатынастар мәдениетін тәрбиелейді, білім алушыларды жасына, жынысына, тіліне, ұлтына, діни көзқарасына, азаматтығына, шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкітік жағдайына немесе өзге де кез келген жағдайларға қарамастан барлық ұлттар мен барлық адамдардың құқығы мен қадір-қасиетін құрметтеуге үйрететіндіктен ата-аналар жиналыстарында ата-аналарға отбасындағы жағдайда - балаларды ашық қарым-қатынаста болуға, нәтижелі оқытуға, абай болуға және өзіне сенімділікке үйрету мақсатында: балалары қараусыз көшеде, дүкенде, жол бойында қалдырмау; көшеде, аулада танымайтын адамдармен қарым-қатынас жасау қауіпті екендігін айтып түсіндіру, бала көмегіне шапшаңдықпен назар аудару, үйдегі тұрмыстық заттармен қатынас жасауды балаға үйретіп отыру, үйде қауіпті заттарды көрінетін жерге (сіріңке, пышақ, дәрі) қоймау, баланы қорқытпай, көшедегі, үйдегі, ауладағы іс-әрекетін жайлы жағдайды бақылап талдауға кеңестер бердім.

Сонымен қатар, балаларды бақылау мақсатында білім дағдыларын тексеру үшін, педагогтарға, ата-аналарға сауалнама беріп отырдым.

Қарым-қатынас-жалпы адам өмір сүруінің негізгі жағдайы. Адам қалыпты өмір сүру үшін, өзінің психикалық қасиеттерін дамыту үшін, жеке тұлғалық ерекшеліктерін жетілдіру үшін, сондай-ақ білім меңгеріп тәжірибе жинақтау үшін адамдармен қарым-қатынас жасайды. Қарым-қатынас жасау дағдысын қалыптастыру арқасында ғана адам өзінің кім екенін танып, өзін өзгелерден ажырата алады, өзін басқалармен салыстыру арқылы басқа адамдағы қасиеттерді меңгереді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігі Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы
- 2.Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ».
- 3.«Отбасы және балабақша» журналдары
- 4.«Мектепке дейінгі ұйым әдіскерінің анықтамалығы» басылымы
- 5.«Өзін-өзі тану» журналдары
- 6.Интернет ресурсы

МЕКТЕПТЕГІ ӨЛКЕТАНУ МҰРАЖАЙЛАРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК БАҒЫТТАРЫ

САЛИБЕКОВА АЙГУЛ ОРЫНБАСАРОВНА

Шымкент қаласы

*А.Байтұрсынов атындағы №50 мектеп-гимназияның
тарих пәнінің мұғалімі*

Өлкетану мұражайы дегеніміз-жинақтары нақты әкімшілік –аумақтық аймақтың тарихы мен табиғатын құжаттайтын кешендік бейімдегі музейлер.Тарихи өлкетану ғылымының мақсаты–белгілі бір ауданды, аймақты,елді мекенді зерттеу объектісі ретінде сол елді мекеннің тарихының әлеуметтік –экологиялық, саяси, мәдени дамуын табиғатын алуға болады.

Республикамызда өлкетану жұмысының бірден-бір орталығы –мектеп. Сондықтан тарихи өлкетану жұмысының басты міндеті оқу мен тәрбиені өмірмен байланыстыру. Ең алдымен өлкетану жұмысы оқушыларға отан сүйгіштік, адамгершілік, эстетикалық, ұлтжандылық тәрбие беру құралы.

Тарихи өлкетану пәні арқылы үлкен қоғамдық міндеттерді шешуге болады. Жергілікті тарихи мәдени ескерткіштерді, ата-баба мұраларын салт-дәстүрлерін оқып үйренген баланың бойында ұлтжандылық сезім қалыптасып, ұлттық сана жандана түседі. Тарихи өлкетану жұмысы ұйымдастыру формасы жағынан –мемлекеттік, қоғамдық, мектептік болып бөлінеді. Мектептегі өлкетану географиялық, тарихи, әдеби, экономикалық

т.б. деп саналады.Тарихи–өлкетану –мектептегі жұмыстың бір саласы бола келе, археологиялық, этнографиялық, архитектуралық, өлкетану т.б. ғылыми салаларымен тығыз байланыста бола алады [1].

Мектептегі өлкетануда негізгі жұмысты мұғалім атқарады. Мұғалім оқу жоспарына сәйкес, тәрбие жұмысының мақсатына қарай зерттеу объектісімен өлкетанудың негізгі әдістерін белгілеп, оған басшылық етеді. Мектептегі тарихи-өлкетану жұмыстары оқу барысында және оқудан тыс кезде жүргізіледі.Мазмұнымен формасына қарай бұл екі жұмыс түрінің ерекшеліктерімен қатар ұқсастықтарыда бар.

Оқу барысында барлық оқушылар өлкетанушылық жұмысына тартылатын болса, өз еркімен келетін оқушылар көбейе түседі. Әр түрлі әдістерді пайдалану арқылы оқушыларды қызықтара білу керек. Сабақтан тыс кезде үйірме, кештер экскурсия, экспедиция, туристік саяхат сияқты өлкетанушылық жұмысты ұйымдастырудың әр түрлі формалары көптеп қолданады.

Жергілікті жердің тарихына байланысты материалдарды көптеп жинау,зерттеу арқылы ел экономикасының жалпы тарихи даму заңдылықтарын мысалмен, жергілікті жердің даму ерекшеліктерімен байланыстыра түсіндіру мүмкіншілігі туады. [2]

Тарихи өлкетану оқытудың мақсат: жас өлкетанушыларға зерттеу жұмысының әдістерін үйрету, өлкетанушылық жұмыстарын жүргізуге баулу.

Тарихи өлкетанудың дерек көздерінің үш тобы бар: заттық, жазбаша және ауызша. Тарихи өлкетану жұмысының ізденістік, зерттеулік сипаты болуы міндетті. Мектептегі тарихи-өлкетану жұмысына кіріспес бұрын мұғалім нені білу керек:

1.Нені іздейміз, яғни тарихи мәдени (архитектуралық, археологиялық, этнографиялық, ауыз әдебиеті, қол өнер т.б.) ескерткіштер дегеніміз не? Деген сұраққа толық жауап беру керек.

2.Қалай іздейміз? Тарихи мәдени ескерткіштерді зерттеудің жолдары, әдістері қандай? Қалай табу керек? Негізгі белгілері қандай?

3.Археологиялық, этнографиялық материалдадан басқа көптеген өнер туындылары, қол өнер бұйымдары кездесуі мүмкін. Оларды да терең талдай білу қажет. Оқушылар мұғалімнің басшылығымен бұл ескерткіштерді тауып, толық сипаттама беріп, мәдениет тарихының қай саласынан орын алатынын анық білу қажет.

4.Тарихи–мәдени ескерткіштерді қалай сипаттау керек?Тарихи ескерткіштер тозады, ескіреді, осын экспедиция мамандары келгенге дейін жан-жақты түсіндіре білетін болуы керек. [3]

Қазақстан аумағында сан алуан ескерткіштер бар.Олар мәдени құндылықтар. Ескерткіштер қазақ халқының құнды мұрасымен асыл қазынасы.

Мәдени ескерткіштерді қорғау, сақтап қалу әр адамның қасиетті борышы. Сонымен қатар ескерткіштер жастардың бойындағы ұлт

жандылық сезімді, біздің өткеніміз бен болашағымызды танып білуге тәрбиелейді, қазіргі және болашақ ұрпақтардың алдындағы жауапкершілікті арттыра түседі.

Отбасы тәрбиесінен басталатын Отанын, елін, жерін сүю, ардақтау арқылы т.б. қасиеттер әр бір жеткіншекпен азаматта өз жерінің, ауылының аудан облысының тарихын оның табиғатын байлық ресурстары мен шарушалық ерекшеліктерін, географиясын, жануарлар әлемін жетік білуден бастау алатын сөзсіз. Осы тұрғыда шарушылық пен ғылымға айтарлықтай үлес қосатын өлкетану жұмысының маңызы айрықша [4].

Өлкетану ісі мемлекеттік шаруашылықты жоспарлы түрде игеруіне бағыт бағдар бола алады. Мысалы: әрбір өлкенің жергілікті шикізат көздері, сумен қанымдау қайнарларының жай күйі мен жол тораптары және азық-түлік ресурстары қатарлы ерекшеліктерін жан-жақты зерттеп алмайынша жаңа өнер кәсіпін тиімді істеп кетуі мүмкін емес. Қандай да болмасын кез-келген кәсіп орын, ферма, шаруашылық ұжымдары (бұрынғы колхоз, совхоз) алқаптарды және оның топырақ қыртыстары мен климат ерекшеліктерін, су жылу ресурстарын орман, тоғайын атап айтқанда флорасын, географиясын табиғат ресурстарын зерттеп алмай іске кіріспейтіні белгілі.

Осындай мысалдардан –ақ қолданбалы ғылымның дамуы белгілі дәрежеде жоғарыда аталған зерттеулерде тығыз байланысты болып келеді. Сондықтанда өлкетану ісі мамандар мен ғалымдардың ісі ғана емес. Бұқара қалықта айналыса алатын жан –жақты білім саласы болып табылады.

Патшалық Ресейдің отаршылдық саясат қазақтарды қаншама сауатсыз, қараңғы ретінде танытсада Ш. Уәлиханов, Абай Құнанбаева, Ыбырай Алтынсарин, Мәшхур-Жүсіп Көкеев сынды ғалым, ағартушылармен қазақ мәдениеті әлемге әйгілі болды. [5]

Қазақ даласында сондай –ақ академик В.В. Радлов қазақ фольклоры мен этнографиясы жөнінде аса мол мұралар жинағы Г.Н. Потанин, Т.Г. Шевченко, геолог В.А. Обручев және Абайдың досы Е.П. Михаэлс, Орта Азия және Қазақстанды аралаған жихангез саяхатшылар – П.П. Семенов-Тянь-Шаньский, Н.М. Пржевальский, мың халық әндері мен күйлерін талмай жинап нотаға түсірген А.Затаевич, қазақ халқының этнографиясымен тарихын тұрмысын айшықты бейнелеген Н.Г. Хлудов сияқты т.б. талантты орыс ғалымдары да көп еңбектеніп мол мұра қалдырды. Олардың тамаша тарихи еңбектерінің өзі кейін баға жетпес мұраларға айналды.

Осындай жекеленген ғалымдармен қатар қазан төңкерісіне дейін Қазақстанда ғылыми қоғамдармен түрлі комиссиялар жемісті жұмыс жасады. Атап айтқанда, олардың қатарында еңбек еткен Семей статистикалық комитетінің негізінде құрылыған Орыс географиялық қоғамының Семей бөлімшесінің 1886 жылдың мүшесі болған ұлы ақын Абайда болған.

Географиялық қоғам Қазақстанның фольклоры, этнографиясы, тарихи мен географиясын зерттеу ісіне мол қызмет атқарады. Кейін «Қазақстанды

зерттеу орталығы» болып өзгертілген Орыс географиялық қоғамының Семей бөлімшесі еліміздің мәдениетмен экономикасының мәселелерін зерттеу ісіне үлкен үлес қосты. Құрамында көптеген өлкетанушылары мен ғалымдары бар бірнеше экспедициялар ұйымдастырылып, нәтижесінде Қазақстанның экономикасы мен мәдениетті мәселелерін қамтыған 40 томдық ғылыми еңбек басып шығарды. Жақсы ұйымдастырылған өлкетану жұмыстары ғылымның дамуы мен Отандық мәдениетке көп пайдасын тигізіп келген.

Өлкетанушылардың бірі табиғатты зерттеп, пайдалы қазба, емдік, техникалық және жемдік, өсімдік жақсы жайылым, су ресурстарын тауып жатса бірі түрлі саяси әлеуметтік оқиғалараға қатысты материалдар жинақтау жұмыстарымен айналысты. [6]

Археологиялық және тарихи –ескерткіштерді тіркеу, этнографиялық экспонаттар жинау, халық фольклорын жазып алу сияқты сан саналы, жан-жақты жұмыстар тындырды. Кеңес дәуірінде өлкетанушылық ісін басқару мен ұйымдастыру Қазақстан Министрлер Кеңесінің шешімімен Қазақ ғылым академиясына жергілікті музей мектеп және әр түрлі ауылшаруашылық пунктері мен ғылыми мекемелердегі өлкетанушылар арқылы жүргізілді.

Қазіргі кезде өлкетану жұмысының негізінен Қазақстан Республикасының мәдениет министірлігінде түрлі дәрежелердегі ұлттық, мемлекеттік облыстық, аудандық және ауылдық музейлерде ойластырылған. Жоғарыда айтылғандай өлкетану музейлерінің жұмыстарын кешенді ұйымдастыру шаралары әр кезеңде атқарылып келеді. Оларға мемлекет тарапынан көп көңіл бөлінуде. Себебі: онда ғылыми жинақтау, ғылыми қор, экспозиция, көрме, үгіт насихат бағыттыр жұмыс істеп, жас ұрпақты тәрбиелеу жұмыстарында маңызды рөл атқаруда. Музей қоғамдық институт ретінде атқаратын әлеуметтік функцияларын қоғамдық – экономикалық жағдайға сай жүргізеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1.Мустапаев Д.Ө.Қазақстандағы музей ісінің тарихы. Түркістан,2011.200 б;
- 2.Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі.Алматы,2009175 б.
- 3.Ибраева А.Ғ. Алғашқы музейлердің коллекциялық қорының қалыптасуы //Қарағанды университетінің Хабаршысы.Қарағанды,2007.№ 4(48)14-19 бб.

ОҚЫТУДАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА БАҒЫТТАЛҒАН ҰСТАНЫМ – ОЛ ОҚУ ӘРЕКЕТІН БЕЛГІЛІ БІР ҚҰНДЫЛЫҚТАР ТҰРҒЫСЫНАН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

САРСЕКЕНОВА АЙСҰЛУ БАҒЫТҚЫЗЫ

*«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы
Атырау облысы ПҚБАИ
«Білім беру процесін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу»
кафедрасының аға оқытушысы*

СТАМГАЗИЕВА ФАРИДА УМБЕТОВНА

*Атырау қаласы
№35 Х. Ерғалиев атындағы мектеп гимназия
мұғалімі*

Білім беру үрдісін жаңаша ұйымдастыру оның философиялық, психологиялық-педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді. Бүгінгі философтар мен педагог – ғалымдар білім беру саласында жаңа оқыту технологиялары мен әдістерін енгізумен шектелмей, білім берудегі дүниетанымдық ұстанымдарды қайта қарау, философиялық материализмнен руханилық, гуманистік ұстанымдарға бетбұрыс жасау қажеттігін дәлелдеуде.

XXI ғасырда әлемдік дамудағы шапшаңдықты ұлғайтқан уақыттың өзектілігі сезіледі. Құндылықтық-бағдарлы тәрбие жүйесін жасау үшін ең бірінші мақсатты нақтылап, тұлғаның жеке бастық қасиеттерін:

- әлеуметтік;
- адамгершілік;
- жауапкершілік;
- дербестік тәрізді қасиеттерін дамыту қажет. Жас ұрпақтың жеке

басының моральдық санасы мен құндылығы, ата-бабаларымыздан келе жатырған ұлттық сана сезім арқылы әдет ғұрып, дәстүрді сақтау мәселесі көзделуде. Дәстүрлердің ескісі де, жаңасы да бұрын болмаған өзгерістерге ұшырауда. Бірақ олардағы басты нәрсе—өтіп бара жатқан ұрпақ пен келер ұрпақ арасындағы жанды байланыстың сақталуы. Қазіргі тәрбиенің мәні халықтардың прогрессия ізгілікті дәстүрлерін қайта жандандыру арқылы ұрпақтардың саналы адамгершілігін нығайту болып табылады.

Көп жылдар ұстаздық еңбек ете жүріп, байқағаным бала тәрбиесінде моральдық ұлттық сана– адамның санасында адамгершілік принциптерінің болуы, адамдар арасындағы өзара қарым-қатынасты және қоғамға қатынасты реттейтін мінез-құлық нормасы отбасында қалыптасуы қажет.

Әлеуметтік құнды сапалық қасиеттерді тәрбиелеу білім беру және іскерлік дағдыны жетілдірумен қатар жүреді.

«Адамға өткен дәуір бәрі – сабақ» дегендей, бабалар тәжірибесінен сұрыпталған ой-пікірлер кейінгі ұрпаққа аса қымбат.

Бүгінгі ұрпақ бойындағы талай ғасырдан бергі тәлім-тәрбие мәйегінің жалғасып дамып келешекке жеткізу, жас жеткіншек қыз балалар бойында жалпы мәдени құндылықтарды қалыптастыру үшін, еліміздің әлеуметтік мәніне көз жібертіп, өнегелілік деңгейін көре біліп, нәр алу қажет. Қазақ елі этникалық, рухани жағынан сан ғасырлық мәдениет, салт-дәстүрі, философиялық ойлау жүйесі, даму тарихы бар ел.

Құндылық деген ұғым философиядағы, қоғамтанудағы және педагогикадағы негізгі құбылыстардың бірі болып табылады. Философияда құндылық қоршаған дүниедегі объектілердің әлеуметтік ерекшеліктерінің, олардың адам мен қоғам үшін, қоғамдық өмір мен табиғаттағы құбылыстардың дұрыс немесе бұрыс мәнін көрсететін (игілік жақсылық пен жаманшылық әсем және көріксіз) түсіндіру үшін қолданылады. Сондай-ақ құндылықты құбылысты қоғамдық сана түрінде (әдептілік немесе әдепсіздік) сипаттап қана қоймайды, сонымен бірге оларға баға береді, оларды мақұлдайды немесе айыптайды және олардың жүзеге асуын талап етеді, немесе кемшілікті жоюдың өлшемі болып табылады.

Жалпыадамзаттық құндылықтардың арасында философтар прогресшіл ойшылдар мен педагогтар әрқашан бірінші орынға адамның құқығын оның бостандығын оған сәйкес тәрбие мен білімді бөліп қарастырған. Кез келген халықтың өмірінде жалпыадамзаттық құндылықтардың орнығуы қоғамның тарихи дамуының заңды нәтижелері болып табылады. Адам құндылығының адамгершілік мүмкіндігі басқа жалпы адамзаттық құндылықтар сияқты мыңдаған жылдар бойы жинақталды және жаңа үлгінің негізі адамның мінез-құлқын реттеуші ретінде қызмет етеді.

Құндылық–тәрбие мен оқытудағы адамгершілікке бағытталған мұраттар. Егеменді еліміздің бүгінгі жаңаша сипаттағы даму үрдісіне сәйкес, тарих қойнауында қалып қойған тарихи тұлғалардың тәлім-тәрбие туралы ойларын тану мақсатында ХХ ғасыр басындағы қазақтың рухани ой-әлеміндегі көрнекті тұлғалардың психологиялық мұраларын арнайы қарастыру заман талабынан туындап отыр.

«Мәңгілік ел» идеясы, Қазақ хандығының негізгі жалғасы, болашағының бейнесі! Осындай тарихы кең қазыналы, рухани байлығы мол шежіремізді, болашақ ұрпақтардың бойына сіңіртеп, өз тарихын, ата-бабаларының есімдерімен байланысты екенін жеткізе отырып, қастерлеуге, құрметпен еске алып жүруге баулу әрбір ұстаздың міндеті деп ойлаймын.

XXI-ғасырда, жаһандану дәуірінде қазақ халқын тағы бір үлкен сын күтіп тұр. Ол-қазақ ұлтын ұлт ретінде сақтап қалу және Қазақстанды әлемдегі озық мемлекеттердің алдына шығару. Бұл-ұлы мақсат. Қазақстан мемлекеті мен қазақ ұлтын дамыту мен гүлдендіру мақсаты. Оған жетудің оңай емес екені де белгілі.

Өткен тарихымызға тағзым да, бүгінгі бақытымызға мақтаныш та, гүлденген келешекке сенім де «Мәңгілік ел» деген құдіретті ұғымға сыйып тұр. Отанды сүйу– бабалардан мирас болған ұлы мұраны қадірлеу, оны көздің қарашығындай сақтау, өз үлесінді қосып, дамыту және кейінгі ұрпаққа аманат етіп, табыстау деген сөз. Барша қазақстандықтардың жұмысының түпкі мәні – осы!

Педагогикалық сөздікте “Құндылық–адамның ішкі құқы, ізгілігі, адамдармен қарым-қатынасы, іс-әрекет кезіндегі көрсетілетін қайырымдылығы, тұрақтылығы, мейірімділік” – деп жазылған.

Педагогикада “Құндылық оқу мен тәрбие жұмысы арқылы жүзеге асады. Ал ұлттық құндылық – белгілі бір ұлтқа тән, адам байланысындағы, қарым-қатынасындағы адами құндылықтың, ұлылықтың жетілген бейнесі” – делінген.

Қазіргі ғылым мен техниканың ұшқыр заманындағы озық ойлы жаңашыл білім жүйесі, жан дүниесі, болмысы ұлттық құндылықтардан нәр алған, нәр алып қана қоймай ата-бабаның рухани аманатын ертеңгі күнмен жалғастырушы жеке тұлға болмысын қалыптастыру – бүгінгі білім жүйесіндегі алға басудың негізгі факторына айналып отыр

Оқытудағы құндылықтарға бағытталған ұстаным – ол оқу әрекетін белгілі бір құндылықтар тұрғысынан ұйымдастыру және жүзеге асыру, нәтижелерге қол жеткізу және пайдаланудың тәсілі. Құндылыққа бағытталған ұстаным оқушы тұлғасының бойында мақсатты түрде құндылықтар жүйесін қалыптастырады. Құндылықтарға бағытталу – ол тұлғаның өз әрекетінде жетекшілікке жекелеген құндылықтарды таңдап алу (құндылықтарда бағдарлану қабілеттілігі) қабілеттілігі (қасиеті), және оларды өзінің әлеуметтік маңызды құндылықтары ретінде сезіну және қабылдау қабілеттілігі. Құндылықтарды жүзеге асыру дегеніміз құндылықтардан шығатын талаптарға сай болу және күнделікті өмірді сол талаптарға бағындыру. Құндылықтардың мәні қоғамда сәтті әрекет ету үшін қажетті ережелерді, дағдыларды, өмір салтын, жүріс-тұрысты қалыптастыруда көрініс табады.

Құндылықтар–қоғам қолдайтын және адамдардың көпшілігі мойындайтын белгілі нысандардың және құбылыстардың, адамдық қасиеттер мен өзін өзі ұстау ережелерінің тұлғалық және әлеуметтік-мәдени маңыздылығы. Құндылықтар тұлғаны ынталанырудың өте маңызды факторы ретінде жүріс-тұрыс пен іс-әрекеттерді бағдарлайды. «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының құндылықтары орта білім беру құндылықтарының негізі болып табылады. Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық, еңбек пен шығармашылық, ашықтық және өмір бойы оқып-үйрену - орта білім берудің құндылықтары ретінде белгіленді.

Еліміздің білім беру жүйесін жетілдіруде көзделіп отырған мақсаттардың ең негізгісі-әрбір жеке тұлғаға ұлттық тәрбие мен білім алудың өмірлік жолын еркін таңдауына мүмкіндік туғызу. «Тәрбие дегеніміздің өзі, ең алдымен, баланың сезімін оятып, әсершілдігін дамыту.

Сындарлы ойлайтын, өз мүмкіндіктеріне сенімді, әр түрлі әлеуметтік және өндірістік проблемаларды өз бетінше шешуге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру үшін оқытудың сапасын жетілдіру аса маңызды мәселе болып табылады. Осы мақсатта оқушыны білім негіздерін өз еркімен үйренетін, іс-әрекет мақсатын, міндетін, түрін, тәсілін және жағдайын өзінше түсініп, алған білімін өмірде қолдана алатындай жағдайға жеткізуіміз керек.

Қазіргі заманауи ұлттық идеяны мектепке дейінгі білім беруде, балабақшаларда тәрбиеленіп жатқан бүлдіршіндерге, оқушыларға,

студенттерге, жастар санасына жеткізілуде біршама істер атқарылуда. Әрине қазіргі жас ұрпақтың санасына, өмір салтына сіңген құндылық «Мәңгілік Ел» орнатудың қозғаушы күші боларына сеніміміз мол.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. Ә. Тарих толқынында. — Алматы, «Жібек жолы», 2010.
- 2.3. Қабылдинов. Астана ақшамы, Тегі асыл ел тарихын түгендейді, 10.02.2014.
3. «АСЫЛ МҰРА» түркі антологиясы. — Астана: Сарыарқа, 2012. — 568 б.
4. Интернет дерек көзі <http://e-history.kz/kz/contents/view/2416>
© e-history.kz
5. Дүниетану Оқу бағдарламасы (орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында) Бастауыш білім беру (1-4 сыныптар) Наурыз 2016.

ВОСПИТАНИЕ ЦЕННОСТНО-ОРИЕНТИРОВАННОЙ ЛИЧНОСТИ НА УРОКАХ МАТЕМАТИКИ

САНКИБАЕВА САУЛЕ АМАНЖУЛОВНА

*Международная школа «Ақбөбек»
г.Актобе,
Актюбинская обл
Учитель математики*

«Педагогика должна быть духовна и воспитывать нравы.».

Я.А.Коменский

Огромные изменения происходят в последнее время в мире и в нашей стране— пандемия вносит свои коррективы. Это касается и духовно-нравственных ценностей. Ведь убеждения и моральные ценности у личности формируются под воздействием того, что он видит и слышит. Исчезают у подростков такие черты характера, как скромность, доброжелательность, отсутствует чувство патриотизма. Поэтому, именно сейчас возрастает значение нравственного воспитания подрастающего поколения, так как людям не достаёт нравственного компаса. По мнению Ш.А.Амонашвили, педагога-новатора, развитие духовности происходит через усвоение нравственных, интеллектуальных и эстетических потребностей в процессе активной деятельности человека.

Задача использования уроков математики для воспитания и укрепления у обучающихся нравственных ценностей, таких как - чувства гордости за свою Родину и любви к ней имеет в себе определенную трудность. Она кроется в причине, которая заложена в абстрактном характере математической науки. Однако, на уроках математики ученики встречаются с содержательным материалом "текстовых" задач, историческими сведениями и различного рода приложениями. Здесь воспитывающее влияние призвана оказывать не сама математика, не

теоремы, аксиомы, а привязанные к ней внешние данные – тексты практической направленности, условия задач с различными историческими фактами, статистические данные наших областей, районов, и, в целом, Казахстана. Обучение – это целостный процесс, в котором сливаются в логичном единстве два неоднозначных процесса – преподавание и учение, которые призваны “перерасти” в сотворчество учителя и ученика; это процесс духовно-нравственного, умственного, эмоционального сотрудничества, поиска, необходимых для реализации образовательных и воспитательных задач.

Математика является не просто областью знаний, но прежде всего существенным элементом общей культуры, языком научного восприятия мира. На своем опыте я поняла, что научить математике всех детей практически невозможно, но научить не бояться математики, научить любить её – это цель, которую можно реализовать. При этом необходимо воспринимать ребёнка как ценность, как носителя особого внутреннего мира; признавать неприкосновенность и исключительность личности; находить успехи и уметь их показать и всему классу, и ученику в том числе. На своих уроках я убедилась, что многие ученики с большим интересом решают задачи, в которых говорится об их родном крае, стране, ее достопримечательностях. Какими вырастут наши будущие граждане, сегодняшние школьники? Кем станут они в жизни? Эти вопросы не могут не волновать учителей, родителей. Следует помнить слова великого педагога–новатора Ш.А.Амонашвили о том, что «... нравственность передается от сердца к сердцу, при живом общении учителя и ученика. Личность наставника играет здесь первостепенную роль».

Таким образом, нравственное развитие нынешних школьников нуждается в пристальном внимании. Особую актуальность данной проблемы придаёт важность выбора старшеклассниками дальнейшего жизненного пути, выбора профессии с постижением ее особенности именно в контексте нравственности как ценности. Нравственное развитие старшеклассников подразумевает развитие психологической и нравственной культуры, углубление саморазвития. Большой эффект достигается при использовании примеров из жизни. На уроках математики исторические и биографические факты из жизни ученых — математиков могут внести существенную лепту в привитие школьникам правил поведения и их взаимоотношений. В процессе преподавания математики очень важно подбирать материал, содержание которого способствует воспитанию нравственности, трудолюбия. Этому может служить использование текста условия математических задач, построенного на живом материале. Нравственное воспитание у учащихся происходит под воздействием отношений и взаимоотношений людей, окружающих их, сверстников, людей старшего и предшествующих поколений. Огромное влияние на подростков оказывают люди,

совершившие подвиг. Используемый на уроках математики исторический материал, действует на сознание, на чувства и мысли детей, формирует их нравственные идеалы. Эмоциональность подачи исторического материала способствует лучшему его усвоению. Если учащиеся глубоко переживают события, которые изложены в тексте нового материала, то изучение такого материала сыграет положительную роль в их становлении. Этот материал лучше усваивается. Получение новой информации учащимися происходит в основном в результате общения, обсуждения новых проблем, интересующих их. Для них очень важно иметь достойный пример для подражания. Примером могут служить как наши современники, так и предшественники, способные своей жизнью вызвать отклик и переживания у учащихся. Жизнь ученых С. В. Ковалевской, Н. И. Лобачевского, М. В. Остроградского, П. Л. Чебышева являются ярким примером истинного служения Отечеству. Эти великие люди прославили русскую науку, и их имена навсегда вошли в историю математики. Для формирования нравственных качеств у школьников можно показать, как ради истины боролся Н. И. Лобачевский против «авторитетов» в науке. Показать его научную смелость и честность.

Поэтому, встречаясь с учениками, учитель понимает, что он готовит из них не математиков, а всесторонне развитых личностей. Воспитательная функция математики осуществляется за счет использования огромного материала, связанного с этим содержанием, который позволяет расширить жизненный опыт, помогает формировать мировоззрение и убеждения школьников. Обучение математике требует от учеников умственных и волевых усилий для развития внимания и логического мышления, воспитания активности, творческой инициативы, умения трудиться в коллективе. Содержание задач кроме прямого воздействия имеют и скрытое «подтекстуальное» воздействие на учащихся. Математическое образование в школе не сводится только к передаче учащимся определенной суммы знаний и навыков по предмету. Ученик, приступая к решению задачи, знакомится с формулировкой. Важно, чтобы содержание задачи вызывало живой интерес. Тексты задач должны быть обращены не только к уму, но и к эмоциям школьников, вызывая у них чувство причастности к решению современных задач, которые стоят перед нашим обществом. Воспитательное воздействие содержания задач идет не только через условие, но и через подтекст материала. Усваивая любую информацию, учащиеся формируют отношения к ней. Становится понятным важное значение содержания решаемой задачи. Используя процесс обучения математике в целях формирования всесторонне развитой личности и активизации нравственного воспитания, формируем мировоззрение школьников. В ходе решения задач учащиеся развивают в себе такие качества, как настойчивость, самостоятельное преодоление трудностей. Нахождение самостоятельных путей решения задач школьниками способствует

развитию творческого подхода и духа новаторства. Использование задач и элементов истории математики на уроках является эффективным средством развития интереса у учащихся к предмету, является одним из средств нравственного воспитания.

Учитель сегодня становится посредником между обществом и ребенком в усвоении основ общечеловеческой культуры. Перед учителями стоит важная задача - это реализация возможностей своего предмета в всестороннем развитии личности школьников, воспитание у них любви к своей стране, отзывчивости, милосердия, бережного отношения к природе, формированию умения различать в окружающем мире хорошее и плохое.

Для реализации данной идеи на практике, стараюсь проводить уроки разнообразные по своему типу, чередую нетрадиционные формы с традиционными, использую дифференцированные задания, что обеспечивает познавательную активность; сочетание различных форм коллективной и индивидуальной работы на уроке и максимальную самостоятельность учащихся. Также, важно использовать современные ИТ-технологии, сетевые ресурсы, иллюстрации, фотографии, презентации, слайд-фильмы. При разработке упражнений по математике необходимо подбирать материал, который будет интересен и понятен детям и подкреплён наглядностью.

С древнейших времен люди понимали, что труднее всего человечеству дается не добыча пищи, не технический прогресс, а нравственное совершенствование. Воспитание нравственных качеств личности основывается на понимании и освоении нравственных ценностей, составляющих современную общечеловеческую мораль. Ценности эти – свобода, демократизм, достоинство, честь, ответственность, совесть, стыд, любовь, доброта, истина, красота, экологическая культура, вера, свобода, добродетель. Но эти качества не падают как манна небесная, нужно приложить много усилий, чтобы наполнить ими себя. Отсюда вытекает важность педагогов, всей системы образования в формировании духовности.

Использованная литература:

1. А.В.Кириякова. Ориентация школьников на социально значимые ценности. – Л.: Изд – во РГПУ им. А. И. Герцена, 1991;
2. М. Н. Аплетаяев. Система воспитания нравственной личности в процессе обучения. – Омск, 1998;
3. Санкибаева С.А., учитель математики Международной школы «Ақбөбек»

ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚТЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕЛЕУ

САПАНОВА ГУЛЬНАРА СЕРИКОВНА

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы міндет - өзінің өмірін жалғастырушы саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі-ұлт болашағы, келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу кезек күттірмейтін іс екені сөзсіз. Халық даналығында: «Бір баланы адам етіп өсіргенше, бір шаһар апат болады» деген сөз бар. Осы салыстырудың өзі-ақ баланың шын мәніндегі адам болып қалыптасуы қыруар уақыт пен тер төгетін еңбекті қажет ететін аумағы кең, жауапкершілігі мол күрделі іс екенін ұқтырса керек.

Жас ұрпақты ұлттық мақтаныш пен ұлттық патриотизм рухына қалай тәрбиелесек, еліміздің халқымыздың болашағы, даналығы да солай айқын көрінеді. Даналық білімнен нәр алады. Даналыққа апаратын жол ұзақ әрі қиын.

Бүгінгі таңда оқушыларға әлемдік деңгейде өркениетті негізде білім мен тәрбие беру, ұлттық құндылықтарды олардың бойына сіңіру-ұстаз алдындағы үлкен міндет. Адамзат тарихында құндылықтар қалыптасуының негізгі ерте заманнан-ақ ойшылдар мен ғұламалардың назарында болды. Олардың тәрбиелік негіздері атадан балаға ұрпақтан-ұрпаққа ізгі қасиеттер мен сезім ниеттерден тұрады.

Ұлттық құндылық белгілі бір бағытты, мақсатты, жүйелі ұлттық көзқарасты, мінез-құлықтағы адамдық тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жүйе. Олай болса, ұрпақ тәрбиесіндегі құндылықтар негізгі ізгілікті, ақылды адамгершілік, парасаттылық, имандылық міндеттерін ажырата біліп өзіне таңдау жасауы. Халықта «Баланды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген мақал бар. Жас ұрпаққа тәрбие мен білім беру саласында халықтық педагогиканы енгізе отырып, қазақ халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, мінез-құлық мәдениетін меңгеруде оқушылардың бойына ұлттық имандылық, адамгершілік, сыпайылық қасиеттерін қалыптастыру.

Ұлттық тәрбие біздің ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін асыл қазынамыз. Ол болашақ ұрпақты өмір сүруге тәрбиелейтін үлкен тәрбие кітабы. Ал тәрбие тамыры тереңде-халық қазынасында, оның қадір қасиеті мен бітім - болмысында. Бұл қазына ұлттық құндылықтар арқылы бала бойына сіңетіні даусыз.

Ұлттық құндылықтар дегеніміз не? Қарапайым тілмен айтқанда, ұлттық құндылықтар белгілі бір ұлтқа ұлт азаматына тән зат, адами қадір-қасиет, яғни ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар. Ол-тәрбие мен оқытуға бағытталған мұрағаттар. Оларға меймандостық, кісілік, сыйластық, имандылық, кішіпейілділік, салауаттылық, қайырымдылық, ізгілік, еркіндік, өнерпаздық, сыпайылық, мәдениеттілік, шығармашылық, рухани байлық, махаббат сынды қасиеттер

жатады. Кез-келген ұлттың сипаты бес қағидаға келіп тіреледі. Біріншісі – тілі, екіншісі – діні, үшіншісі – дәстүрі, төртіншісі – тарихы, бесіншісі – атамекені.

Құндылықтар – шынайы ғана болады, ол адамға тәуелді емес, дей тұрғанмен ол ең алдымен адам санасында орын алады. Құндылықтарды сезім арқылы қабылдап, ал сана арқылы түсінуге болады, соның нәтижесінде тұлға құндылықты игереді, соған сай әрекет етеді. Сырым Датұлы: «Мен ағайынды екеумін: бірі – өзім, екіншісі – халқым» - дейді. Қазақ халқының осындай дәріптеуге, қастерлеуге, дамытуға тұрарлық ұлттық рухани материалдық құндылықтары туралы ұлағатты, құнды ойларын халық игілігіне келешек ұрпақты ел жұртқа ие болатын азаматтарды тәрбиелеуге неге қолданбасқа? Қазақ халқы баланы жамандықтан жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болуын, сұлу сөз, сыйқырлы үн, әдемі өң мен түрлі ләззат ала білетін, байсалды, шымыр болып өсуін ұлт тәрбиесінің негізгі қағидасы етіп ұстаған.

Ұрпақ тәрбиесіне кешігу дегеніміз мертігумен бірдей. Тәрбие бала тумап тұрып, дүниеге келмей тұрып берілуі тиіс. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев: «Болашақ ұрпағымызды тәрбиелегенде, оларға жастайынан имандылық пен ұлттық қасиеттерді сіңіре білсек, сонда ғана біз ұлттық рухы дамыған, Отанының гүлденуіне үлес қоса алатын азамат өсіре аламыз деген болатын», - деген болатын. Сондықтан баланы нағыз толық қанды тұлғаға айналдыру үшін ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие берудің маңызы зор.

Жеке тұлғаны ұлттық тәрбие арқылы дамыта отырып, нақты әрекет арқылы оқытуда төмендегі құндылықтардың болуы қажет:

- белсенді қарым-қатынас: оқушы мен мұғалімнің әрбір мәселеде өз көзқарастарын білдіріп отыруы;
- жеке тұлғалық: мұғалімнің әр жеке оқушының ерекшелігін дамыту, қоғам алдындағы жауапкершілігінің болуы;
- өзіндік тәртіп: өзіндік бақылау мен бағалауды шешім қабылдауды үйрену;
- шыдамдылық: әр түрлі пікірлерді қабылдай алу, бір-бірінің пікірлері мен ерекшеліктерін құрметтеу, қабылдау.

Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:

- оқушылардың сана-сезімін қалыптастыру;
- жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;
- ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеу;
- жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездері қалыптастыру сияқты міндеттерді орындағанда ғана біз мақсатқа жете аламыз.

Бала бойына ұлттық құндылықтарды дамытудағы негізгі құралдарға мыналарды жатқызуға болады:

- сыныптағы тәрбие сағаттары;
- баспасөз және қабырға газеттері;

- бұқаралық ақпарат құралдары;
- тәрбие шаралары (пікірталас, тәрбие сағаты, кеш, дәріс, таным-өнеге сағаттары, т.б.)
- кітап оқу;
- мектептен тыс және сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру;
- шығармашылық жобалар қорғау;
- қоғамдық ұйымдармен байланыс жасау;
- саяхат жасау;
- үйірмелерге қатысу.

Жас ұрпақ тәрбиесінде үйлесімділік заңы салтанат құруы шарт. Яғни ол өзінің өсу, есею кезінде ақ сүт беріп асыраған ата-анасымен де, көкірек көзін ашқан ұстаздарымен де үйлесім таба білуі тиіс. Сонда ғана тұлға бойында ұлттық рухани қасиеттер бірте-бірте қалыптасары сөзсіз. Тұлға бойындағы рухани құндылықтарды қалыптастырудың көзі, отбасы, әулет, әлеуметтік орта, мемлекет болса, ұлттық құндылық, ұлттық салт-сана, ұлт алдындағы міндет, парыз, намыс, ұлттық рух, ұлттық салт-дәстүр, тұлға бойындағы ұлттық құндылықтың жоғары көрсеткіші. Тәрбиенің негізі болып саналатын адамзаттық құндылықтардың бірі тәрбиенің басқа адамға деген қажеттілігі, басқа адамдарды сүйе білу қажеттілігі болып табылады.

Қорыта айтқанда, бүгінгі күнде жастарды әдепті де саналы етіп тәрбиелеу үшін ең алдымен тәрбие ережелеріне сүйене отырып, ұлттық дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды, дінімізді, ата-бабаларымыздан қалған насихат-мұраларды жастардың санасына сіңіре білуіміз қажет. Тәрбиенің көзі ата-бабамыздан қалған мұралар мен дана сөздер десек, біз соларды насихаттайтын ұстазбыз. Бүкіл қоғам болып қолға алып, мәдениетті, тәрбиелі болып жүруді әрқайсысымыз өзімізден бастасақ, жас ұрпақтың тәрбиесі де өз жемісін берері анық.

Әдебиет:

- 1.«Бастауыш мектеп журналдары» республикалық ғылыми-әдістемелік журнал.
- 2.«Сынып жетекшінің анықтамалығы» журналдары.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР - АЗАМАТТЫҚ САНАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗІ

САРБАСОВА АКТОТЫ ОНГАРБАЕВНА

«Бізге қажетті –жаны да, қаны да қазақы, халықтың тілі мен дінін, тарихы мен салт-дәстүрін бойына сіңірген, туған жерін түлетуді, егемен елінің еңсесін көтеруді азаматтық парызым деп ұғатын ұрпақ тәрбиелеу»

Н.Ә. Назарбаев

Қазіргі кезде қарым-қатынас адамзат қоғамының және жеке тұлғаның жарқын өмір сүруінің міндетті шарты десек те болады. Қарым-қатынас үлкен бір шоқтығы биік тұрған құндылық болып табылады. «Интеллектуалды ұлт – 2020» ұлттық жобада Елбасы Н.Ә. Назарбаев оныіске асырудың басты бағыттарының бірі ретінде жастардың руханиадамгершілік тәрбиесін, негізінде «еңбек сүйгіштік, намыс, парасаттылық, үнемі өзін-өзі жетілдіру мен оқуға ұмтылысы» сияқты қасиеттер жатқан құндылықтар жүйесін қалыптастыруды атап көрсетті [1].

Бүгінгі таңда білім саласында түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. Осы өзгерістерді жүзеге асыру, әсіресе, ұстаздарымыздың кәсіби шеберлігіне, біліміне тікелей байланысты. «Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз!»- деп Абай атамыз айтып кеткендей өмір бойы ізденісте келе жатқан, адами құндылықтарды терең сіңірген, рухани жаны таза ұстаздың қазіргі технологиялық дәуірге орай өскелең ұрпақты білімді, ұшқыр ойлы, халқының салт-дәстүрін дәстүрлей білетін, мәдениетті, Отанын жан-тәнімен сүйетін азамат тұлғасында тәрбиелеуі мен озық білімге жетелеуі - педагогикалық шеберліктен туындамақ. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық бағыттарына сәйкес білім беру жүйесін дамыта отырып, әлемдік білім кеңістігіне ықпалдастырудағы негізгі бағдар – адамды қоғамның ең маңызды құндылығы ретінде танып, оның рухани жан-дүниесінің дамуына,көзқарастары мен шығармашылық әлеуетінің, танымдық біліктілігі мен мәдени құндылықтарының жоғары деңгейде дамуына, жеке тұлғасының қалыптасуына жағдай жасау.

Мазмұны жаңартылған бағдарлама мұғалімнен тек өз пәнінің терең білгірі болу ғана емес, тарихи танымдық, педагогикалық, психологиялық және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Өйткені бүгінгі күнгі мектеп өз бетінше өмір сүруге мүмкіндік беретін заманауи білім, білік және сапаның қажетті жиынтығы бар түлекті дайындау мақсатында жұмыстануда. Осыған байланысты оқушылардың дамуы мен өзін-өзі жүзеге асыруы үшін жағдай жасау, өнімді білім мен іскерлікті меңгеру, өмір бойы өз білімін толықтыру қажеттілігін дамыту міндеттерін алдына қойып отыр. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқытудың жаңа технологиясын меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады. Еліміздің әлемнің дамыған отыз мемлекеттің қатарынан орын алуы үшін бәсекеге қабілетті,

жан-жақты дамыған жас ұрпақты қалыптастыру мәселесі алға шығып отыр. Өйткені, тек бәсекеге қабілетті азаматтар ғана Отанымыздың тұрақты дамуына, бәсекеге қабілеттілігіне өз үлесін қоса алады. Құндылыққа бағдарланған білім беру Қазақстан қоғамының әлеуметтік-экономикалық, рухани қалыптасуының жаңа міндеттерін іс жүзінде асыруға дайын жас ұрпақты тәрбиелеудің негізгі факторларының бірі болып табылады.

Бұл міндеттерді жүзеге асыру еліміздегі мектептерде оқыту процесінің мазмұндық болмысын жаңа әдіснамалық тұрғыдан негіздеуді талап етеді. Мұндай жаңа әдіснамалық жүйе дәстүрлі оқыту процесін түбегейлі өзгертудің қажеттігін көрсетіп, оқытудың шығармашылық қызметін дамытып, білім мазмұнының ұлттық негізде берілуін жаңа өркениеттік бағдар тұрғысынан жетілдіруді қарастырады.

Білім берудің жаңа бағыттарының басты ерекшелігі – оқытудың нәтижесін алдын-ала болжап, оқушылардың қызығушылықтары мен ізденімпаздығы негізінде білімі мен біліктерін жетілдіріп, оны сана «сүзгісінен» терең зерделей отырып, шығармашылық әлеуетін үнемі дамытуға және рухани толысуға ұмтылысын қалыптастыруды бағдар тұтады.

Білім – адамзат баласының қол жеткізген ұлы игіліктерінің бірі. «Білімді болуға–оқу, бай болуға–кәсіп, күшті болуға–бірлік керек» деп Ахмет Байтұрсынұлы айтып кеткендей, жас ұрпаққа саналы білім беріп, салауатты өмір салтын үйрету қазіргі қоғамның басты мәселесі. Тәуелсіз еліміздің тұғыры биік, іргесі берік болуына білім саласының сапасы ықпал етеді. Осы бағытта Елбасының бастамасымен білім саласында қажырлы еңбектер жалғасуда. «Бала – болашағымыз» дейтін дана халқымыз ұрпақ тәрбиесіне, өнегесіне ертеден үлкен мән берген. Әрбір тарихи кезеңде, қоғамда туындаған талаптарға сай келешек ұрпаққа берілетін білімнің мәніне жаңа сипат беріліп, жаңа ұстанымдар қарастырылуда.

ҚР «Білім туралы» Заңында айтылған «Білім беру жүйесінің басым міндеттерінің бірі–жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы интеллектісін дамыту» деген сөздерін басшылыққа ала отырып, бүгінгі білім беру саласының алдында жүйеленіп, дайындалып берген білімді, дағдыларды меңгеретін, қайталайтын ғана емес, шығармашылық бағытта жұмыс жасай алатын, тың жаңалықтар ашатын, біртума ойлау қабілеттерімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру міндеті тұр.

Жаңартылған білім мазмұны жағдайында оқыту мен тәрбиелеу процесі жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға сүйене отырып жүргізу керек. Білім беру ұйымы алған білімдерін адамзат игілігіне пайдалануға мүмкіндік беретін білім ғана емес, сонымен қатар ғасырлар бойы жинақталған жалпыадамзаттық және халық даналығын ұрпақтан ұрпаққа беруі тиіс.

Ұлттық құндылықтар—қандай да бір этникалық қауым өкілдерінің өзіндік тарихи көрінісі бар рухани мұраттарының жиынтығы.

Ұлттық құндылықтар бір этностық топқа тиесілі адамдардың мінезқұлқының әлеуметтік және нормативтік-мәдени аксиомасы рөлін атқарады [2]. Құқықтық тәртіп— заң және басқа құқықтық нормалардың сақталуы қамтамасыз етілетін қоғамдық қарым-қатынастар жағдайы, қоғамдық тәртіптің құрамдас бөліктерінің бірі. Бұл әлеуметтік байланыстардың шын мәнінде реттелген жағдайы, заңдылықтың сапалық көрінісі. Азаматтық сананы қалыптастыруда құқықтық тәртіпті түсіну мен қабылдаудың мәні жоғары.

Құқықтық тәртіптің сақталуы құқықтық нормалардан басқа әдет-ғұрыптармен, мораль және адамгершілік нормаларымен, ұйымның ішкі ережелерімен және т.б. қамтамасыз етіледі. Құқықтық тәртіп мемлекеттегі заңдылықтың сақталу деңгейімен және азаматтардың құқықтары және бостандықтарының іске асырылу көрсеткішімен, сол сияқты олардың және мемлекеттік органдардың заң артқан міндеттерді орындауымен сипатталады [3].

Бүгінгі таңда жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар мен педагогтердің жаңашыл тәсілдері негізінде еліміздің болашағы өскелең ұрпақтың патриоттық сана және азаматтық сәйкестік, Отанға адалдық, конституциялық міндеттерді орындау даярлығының, рухани-адамгершілік мәдениеті деңгейін арттыру аса маңызды. Оқушы жастарда толеранттылық, ұлтаралық және конфессияаралық қатынастар мәдениетін қалыптастыру да келелі мәселе [4].

Отбасы тәрбиесінің әлеуетін арттыру, отбасы тәрбиесіне халықтық педагогика дәстүрлерін енгізу қажет. Оқушылар арасында девиантты мінезқұлқы және нашакорлықтың алдын алу, салауатты өмір салты мәдениетін енгізу, дене дамуын жетілдіру бұдан әрі дамытуды қажет етеді. Ізденімпаз педагог осы бағыттағы жаңа тәсілдерді табады және қолданады немесе бұрынғыларды тиімді үйлестіре қолдана алады.

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтардың және жаңаша педагогикалық тәсілдер негізінде тәрбие жүйесін жаңғырту процесінде педагогтердің рөлі күннен күнге артуда.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Назарбаев, Н.Ә. Интеллектуалды ұлт – 2020 / Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» стипендиаттарының форумында сөйлеген сөзі //Астана: 2008.— 30 қаңтар. – Online Zakon KZ / document/.
2. Караковский, В. Общечеловеческие ценности - основа целостного учебно-воспитательного процесса // Воспитание школьников. 1993. №4. С.2-8.
3. Барлық білім беру ұйымдарында оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспары / Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 ж 29.06. № 873 Қаулысы // ресми мәтін. – Астана, 2012.
4. Общечеловеческие ценности // Электронный ресурс. – Режим доступа: <http://www.rae.ru/monographs/97-3260>

БАЛАНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫН ДАМУ – ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ МАҢЫЗДЫ КОМПОНЕНТІ

САТТЫКОВА АЙШАТ АКЫЛБЕКОВНА

Ақтөбе қаласы

№18 «Гаухар» МДҰ тәрбиешісі

Білім берудегі негізгі мақсат-тек білімді, кәсіби мамандандырылған маман дайындау ғана емес, рухани дүниесі бай және адамгершілігі зор, қоғамдық өмірдің барлық аясында ұлттық құндылықтарды бағалауға және дамытуға қабілетті тұлғаны қалыптастыру екендігіне ерекше тоқталған жөн [1].

Бала өзіндік әлеуетін байқауы, өзінің күш-жігеріне сеніп, іс-әрекетте табысқа жетуді үйренуі тиіс. Бұл оның балабақшадан мектепке көшуін анағұрлым жеңілдетіп, мектепте оқу барысында танымдық қызығушылығын арттыруға ықпал етеді (ББҒДМБ, 2016). Осыған орай қазіргі мектепке дейінгі білім беру жүйесі қалыптасып келе жатқан тұлғаның құқықтары мен мүдделерін түсінуді және құрметтеуді қажет ететін балаларға ізгілікті көзқарасқа бағдарлануы тиіс.

Әрбір тәрбиешінің білімін жетілдіруі өзін-өзі реттей алатын, өзінің оқуы төңірегінде ой жүгірте алатын, қоршаған орта мәнмәтінінде өзінің білім қорын сыни тұрғыдан ойластыруға қабілетті оқушы тұлғасын қалыптастыру арқылы тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Білім берудің басым мақсатары біліктілікті арттырудың жаңа жүйесінің жаңа моделі жағдайында педагог тұлғасын дамыту, қоршаған әлеммен өзара тиімді әрекеттестікке, өз бетінше білім алуға, өзін-өзі жетілдіруге, дербестікте даярлау болып табылады. Жаңарудың бірегей сапасы ретінде білім сапасын бағалаудың интегративті көрсеткіші болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі баланың ой-пікірін қалай білуге болады?

Бұл мынадай түрде болуы мүмкін:

- мұқият ойланып, содан кейін ғана жауап беруді қажет ететін сұрақтар арқылы;
- ересектер таптаурын болған сөздермен емес, мұқият ойластырылған жауап алу үшін әртүрлі түрлендіруге болатындай құрастырған сұрақтарға жауап беру арқылы,
- балалардың өз ой-түсініктерін сызбалар, сурет нобайлары түрінде бейнелеп, айналасындағы кеңістік туралы, белгілі бір проблема туралы өз идеяларын сипаттауға тырысатын суреттері арқылы. Бұл жерде ересектердің міндеті – суреттерге мұқият көңіл бөліп, баланың ой-пікірін тыңдау, ол өз ойын айту арқылы өзінің түсінігін немесе қалауын білдіреді;
- баланың жан-дүниесі туралы және қоршаған әлем туралы түсінігін бейнелейтін әңгімелер арқылы;

- баланың нені білетінін, қалай түсінетінін, көңіл күйі мен жетістіктерін бейнелеуге мүмкіндік беретін ойындар арқылы [2].

Адамдар армандауды қойса, ойлау кері кетіп, қарапайымдылық орын алады, осы тұрғыдан алып қарағанда шығармашылықпен өмір сүру жеке адамдар ғана қол жеткізе алатын биіктік емес екені бүгінде белгілі боп отыр. Ол қоғамның қалыпты дамуының бірден - бір жолы.

Абай жетінші қара сөзінде баланың ақыл – ой қабілеті жөнінде: Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп туады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үйі бола алмайды. Іәм өзі өспейді. Біреуі – білсем екен, не көрсе соған қызығып, аузына салып дәмін татып, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай керней болса дауысына ұмтылып, одан ержетінкірегенде ит үрсе, мал шуласа да тұра жүгіріп, «Ол немене?, бұл немене?», «Ол неге үйтеді, бұл неге бүйтеді?» деп көз көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Оның бәрі жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен дегені. Баланың осы ерекшелігін дұрыс бағыттап арнайы жаттықтыра отырып мақсатты түрде дамыту талапты шығармашыл адамдар санын көбейтіп, ұлттың ұлылары еселеуге үлес қосады [3].

Қойылған мақсатқа жетуде тәрбиешінің өз қызметіне даярлық деңгейі, өз әрекетін бақылау және бағалау, кездескен қиыншылықтарды жеңге білуге қабілетті болуы маңызды. «Жақсы ұстаз шәкіртіне талмас талап, қайыспас қанат сыйлайды» делінеді халық даналығында. Тәрбиеші әрбір оқушының жүрегіне жол табуда, әрбір баланың бойындағы қабілетті дамыту үшін жағдай жасауы тиісті деп ойлаймын. Осы тұрғыда құндылық баңдар беруде ойынның рөлі жоғары. Д. Элькониннің пікірінше, «Мектепке дейінгі жастағы бала үшін аффект белгілі бір заттан немесе көру арқылы алған әсерден адамға ауыстырылады, сондықтан ересек адам мен оның іс-әрекеттері бала үшін тек объективті ғана емес, субъективті үлгі болады» (Эльконин Д.Б. Ойын психологиясы. М., 1999). Д.Б. Элькониннің айтуынша, бұрынғы кезде балалар тек 5-6 жасқа дейін ғана ойнап, кейін үлкендермен жұмысқа кірісіп, материалдық игілікті өндіруге үлес қосады [4].

XXI ғасыр – адамның шығармашылығы дәуірлеген ғасыр болатынына даусыз. Өйткені адамзат баласы қол жеткізген жетістіктер негізінде жаңалық ашу өркениеттіліктің белгісі. Ал өркениеттілік – адамзат арманының жиынтығы.

Ерте сәбилік шаққа қарағанда баланың әлеуметтік орны өзгереді, енді оның жасына сай кейбір қарапайым өздігінен атқарылатын міндеттер пайда болып, үлкендерден тәуелділігі азаяды. Балабақшаға барса, белгілі бағдарлама бойынша баланы жүйелі оқыту мүмкіндігі туады.

Бала дамуының ерекшелігі оған тән іс-әрекет түрлерінен, әсіресе сюжеттік-ролдік ойындардан көрінеді. Бала өзімен қатар басқа балалармен қарым-қатынас жасай бастайды.

Бұл кездегі баланың жетекші іс-әрекеті – ойын. Ойынның арқасында балада сапалы психологиялық өзгерістер пайда болады, онда үйрену әрекетінің негіздері қаланады. Л. Выготскийдің оқу моделі бойынша бала диалогке қатысу нәтижесінде білім алады деген тұжырым жасалады. Сондықтан оқушының білім деңгейін дамытуға әлеуметтік қолдау көрсетуде педагогтің рөлі шешуші болып табылады.

Тәрбиешілердің басты мақсаты–ол балалардың танымдық қызығушылығымен қатар құндылық бағдардың алғашқы баспалдағын қалыптастыру. Яғни, ойлау қабілетінің ерекшеліктерін дамыту, таным белсенділіктерін арттыру, қызығушылығын дамыту: барлық оқушыларға берілетін тапсырмалардан ерекше, күрделі тапсырмаларды беру, көбірек ойландыру, танымдық, логикалық ойындар беру арқылы қызығушылығын үстемдеу, проблемалық сұрақтармен мәселелерді шешуді, өз бетімен жұмыс істеуге үйрету, зерттеуге баулу. Тәрбиеші өз жұмысында оқушының барлық мүмкіншілігін, белсенділігін көрсетуге жол ашып, алынған білімі мен біліктілігі дұрыс қолдана білуге үйрету, берген материалдың ең түйінді негізін, құндылығын табуға, өз бетінше қорытынды жасай білуге, зерттеушілікке, шығармашылыққа баулу үшін түрлі әдіс-тәсілдер қолдануы керек.

Идеяларды өндіру сапасы мәселесінің маңыздылығы балаларда өзін-өзі бағалау қабілеті дамыған сайын өрістей береді. Өзін-өзі бағалауға ерекше назар аудару қажет, сол үшін балалар өздерінің болжамдарын өндіру мен зерделеу, сондай-ақ осындай бағалау негізінде өз идеяларын қайта қарау мүмкіндіктерін зерттейді. Менің ойымша оқушыларға білім беру кезінде оқушылардың жас ерекшеліктерін ескерсе, оларға психологиялық жағынан да үлкен көмек болады. Шамадан тыс тапсырма да жақсы нәтиже бермейді деп ойлаймын. Оқушылардың креативтілігін дұрыс түсіну үшін, шығармашылық, зияткерлік қабілеттер мен дарын арасындағы айырмашылықты түсіну қажет.

Балабақшаның, ата-аналардың және тәрбиешілердің өздерінің кішкентай азаматтарынан күтетінен үміттері жоғары деңгейде екені баршаға мәлім. Сондықтан, қоғамдық ортада өз ойын еркін де толық жеткізе білетін, бәсекеге қабілетімен құзыретті, шығармашыл, кез келген іс-әрекетке жан-жақты көзқараспен қарайтын, білімді тұлғаны дамыту және қалыптастыру тәрбиешінің мақсаты деп ойлаймын.

Мектепке дейінгі білім беру мекемелері тәрбиеленушілерінің құндылық деңгейінің қалыптасуы кезең-кезеңмен мақсатты түрде жүзеге асырылуы тиіс. Осы тұрғыда ата-аналардың алар орны ерекше.

Ата-аналық міндетті жақсы атқарудың мән-маңызы мен әдіс-тәсілдерін түсіну тәсілдері этникалық, діни, әлеуметтік-экономикалық және тағы басқа факторларға негізделіп, тәрбие мақсаты мен құндылықтары, ата-аналар мен балалардың өзара қарым-қатынастары, отбасылық тәрбиенің әдіс-тәсілдері арқылы көрініс табады. Мектепке дейінгі ұйымдардың маңызды әрі дәстүрлі міндеттерінің бірі – жан-жақты үйлесімді дамыған тұлғаны

тәрбиелеу үшін отбасы мен балалар мекемесінің ынтымақтастығы шеңберінде отбасылық тәрбиеге психологиялық-педагогикалық тұрғыдан қолдау көрсету [5].

Жоғарыда айтылған ойларды қорыта келе, мектепке дейінгі мекеме тәрбиеленушілерінің негізгі қабілеттеріне:

- шығармашылық әрекет,
- проблеманы көре білу,
- өз ойын айта білуі,
- танымдық белсенділігі,
- жаңалыққа қызығушылық танытуы жатқызамыз.

Осындай тыңғылықты іс-шаралардың негізінде ынтымақтаса отырып, ата-ана мен мектепке дейінгі ұйым, бала мен тәрбиеші болып баланың саналы болып қалыптасуына ықпал етуіміз қажет.

Пайдаланған әдебиеттер

1. <http://www.cpm.kz>. А.А.Бизяева. Психология думающего учителя: педагогическая рефлексия. Псков, 2004
2. Имжарова З.У., Ахметова А.У., Имжарова Ж.Н. Критическое мышление в образовательном процессе. Ақтобе, 2010
3. «Мәңгілік Ел» патриоттық актісін түсіндіру бойынша әдістемелік құрал. Астана: И.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім беру академиясы, 2016. 70 б.
4. Эльконин Д. Б. Ойын психологиясы. М., 1999.
5. Тәрбиешіге арналған нұсқаулық. Нұр-Сұлтан, 2019.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ БІЛІМ БЕРУ ӘДІСНАМАСЫН ЖАҢАРТУ

САХБАЛИЕВА АЙНҰР

Атырау облысы

Атырау қаласы

*№34 «Нұрбөбек» бөбекжай-бақшасының
бейнелеу өнері пәнінің мұғалімі*

Отансүйгіштік және адамгершілік-рухани тәрбие мектепке дейінгі білім беру сапасын көтерудің кепілі болып табылады.

Халқымыз «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтпаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан мейірімділік пен қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар үлкен роль атқарады. Рухани адамгершілік тәрбие – екі жақты процесс.

Тәрбиенің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу болып табылады.

Біздің мақсатымыз – әр баланың өзіндік мүмкіндігіне қарай толық жан –жақты дамуы үшін оқу-тәрбие үдерісін жетілдіруге жағдай жасау.

Қазіргі заманның талабына мен сай мәселелердің бірі- адамгершілік тәрбие мәселесіне көңіл бөлу. Тәрбие дені сау, ұлттық сана- сезімі оянған, рухани дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар- ождан мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеуге негізделеді.

Қазақтың ұлы ғұламасы Ахмет Байтұрсынов: «Отан –өткенімізді танып, бағалай білу, ең әуелі өзімізді бағалай білу» дегендей Қазақстанда тұратын әрбір қазақстанның туған жерінің тарихын, әдебиеті мен мәдениетін, тілін, салт-дәстүрін, ең бастысы адамын қадірлеп, өткенін сыйлай, бүгінгісін сезіне, келешегін қорғай білгені дұрыс. Өзінің туған жерінің аты иесімен әйгілі, туған топырағынан атақты кімдер шыққанын білуі қажет деп ойлаймын.

Қазақ халқы о бастан бала тәрбиесін бәрінен бұрын жоғары қойған. Өскелең ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып, сапалы ақыл мен білім бере білген. «Адам ұрпағымен мәңгі жасайды» деген халқымыз бар ықыласын балаға бөліп, болашағын бағамдаған. Сол арқылы біздің заманымызға дейін жетіп, балаларымызға дәріптеудеміз. Тәрбиені қашанда құнды байлыққа балаған халқымыз бала тәрбиесіне ешқашан немқұрайлы қарамаған. Ал оған ұлттық сипат беру – ұлт болашағын ойлаудан туған даналық. Сондықтан да «Ұлт боламын десен, бесігіңді түзе», – деген ұлы Мұхтар Әуезов.

Ұлттық тәрбие қазір елімізде орын алып отырған көптеген мәселелерді: ана тілін, ата тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін жастар, тастанды жетім балалар, қиын балалар, қарттар үйлеріндегі әжелер мен аталар, нашақорлыққа салынған жастар, тағы басқаларды бірте-бірте жоюдың және олардың алдын алып, болдырмаудың негізгі жолы. Ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Сондықтан да ұлттық тәрбие–ел болашағы. Ұлттық тәрбиелік білім жас ұрпақты әсемдікті игеруге, сұлулықты сезініп, қастерлей білуге, оны өз бойына дарыта білуге, эстетикалық тәрбие бере білуге, рухани даму сипатына жетелейді. Ұлттық тәрбиелік білім беру арқылы, жас өскелең ұрпақты халықтың тұрмыс-салты, әдет-ғұрпымен таныстырып, адамның ішкі сезімін, жан дүниесін түсіне білуге бағыттауға ұмтыламыз. Халқымыздың сан ғасырлардан келе жатқан ұлттық мұрасын оқу-тәрбие ісімен сабақтастыра отырып тәрбиелеу, ұмыт қалған салт-дәстүр, ұлттық ерекшелігімізді насихаттап, олардың бойына ұлттық психологияны қалыптастыру– әрбір ұстаздың міндеті.

Қазақ халқымыз отбасында ұлттық тәрбиенің негізі–халықтық педагогика болғандықтан, баланы ұлттық салт-дәстүрлер аясында тәрбиелегенін кәрі тарих та дәлелдеп береді. Яғни, құрсақ тойы, шілдеhana, сүйінші, қырқынан шығару, бесік тойы, тұсау кесер, сүндетке отырғызу тағы басқа салт-жоралғылар қатаң ұсталып, басшылыққа алынып отырған.

Бұлардың ұлттық ерекшеліктері мен тәрбие негіздері бар. Халқымыздың тәлім-тәрбие беретін әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлері мәдени құндылықтарымыздың ажырамас бір бөлігі болып табылады.

Қазақстанда ұлттық мерекеміз Наурыздың өзінен жастардың алар өнегесі мол. Құяр сағасы ұрпағының тәрбиесін ұлттық тәліммен ұштастыра білу. Қазақ халқының ұлттық мейрамдарында айтылатын өлең-жырларға дейін адамға жақсылық, қайырым жасау, табиғатқа, жан-жануарларға сөз құдіретімен оң ықпал ету көзделгендігін көреміз. Батырлар жырлары мен лиро-эпостық жырларда, ертегінің түрлерінде де көзделетін мақсат келер ұрпақты батыр, қырағы, алғыр азамат етіп тәрбиелеу. Жастарға балбөбек кезінде ұлттық тәрбиені сіңіру тиімдірек. Бала шыбық тәрізді, қайдан жарып шықса, соған қарай бұрылып өседі. Оған қоса, балаға әсер ететін тартымды әуен екенін ескеріп, ұлттық аспаптармен орындалатын әндерді, күйлерді ақырын ғана қосып қойып, санасына әсер ететіндей, құлағын үйрете берген дұрыс. Әр түрлі ою-өрнектермен әшкейленген суретті кітапшаларды халықтық музыка әуенімен біртіндеп ашып, көзін жаттықтыра беру керек. Халық жырауларының термелерін, ертегілерді тыңдату—бала бойына патриоттық сезімін ұялататын бірден-бір тәсіл болмақ. Жас балаларға және ата-аналарға арнап республика көлемінде көп таралыммен халықтың ата-мұрасынан қалған құнды ертегілер, мақал-мәтелдер жалпы ауыз әдебиеті үлгілерін бала сана-сезіміне лайықтап, қалыптасқан шығармаларды сұрыптап шағын кітапшалар етіп шығару қажет. Бала тәрбиесіне жіті көңіл бөліп, әр жас ерекшелігіне қарай білім берумен сабақтастырған орынды деп ойлаймын. Ол дегеніміз бала дүниеге келгенде бесікке бөлеп, бесік жырымен сусындатудан басталғаны абзал. Өйткені, ананың әлдиіне жететін әдемі ән әлемде жоқ. Балаға жасына сай жұмбақ шешкізіп, батырлық жырларды жаттатқызып, жан-дүниесіне жақын мамандыққа қарай икемдеуге септігін тигізер болсақ, болашағынан үлкен үміт күттірер, өз елінің болашағын ойлар азамат тәрбиелеген болар едік. Халқымыздың тілін, тарихын, ұлттық дәстүрін, ата салтын ұмыта бастаған бүгінгі ұрпақты тәрбиелеуге ат салысу жалпы ұлтымыздың міндеті. Халқымыздың асыл қазынасын тиімді пайдалану, оның салт- дәстүрі мен мәдениетіне құрметпен қарауға үйретуі сөзсіз.

Жас ұрпаққа сапалы біліммен бірге саналы тәрбие беру қай кезде де өзектілігін жоғалтқан емес. Бабаларымыз жас өренді елін, жерін сүйеге үндеп, ұлттық салт - дәстүрмен сусындатуды мұрат тұтқан. Сол рухани үндеу бүгінгі күнге жеткізді.

Қарапайым тілмен айтқанда ұлттық мәдени құндылықтар – белгілі бір ұлтқа, ұлт азаматына тән зат, адами қадір-қасиет, яғни халық ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар. Адамдардың бойында қалыптасқан имандылық қадір-қасиеттер рухани құндылықтарға, ал адамдардың қолымен жасалған тұтыну заттары мен кәсібі материалды құндылықтарға жатады. Өзімізді өзіміз бағалай білуге бет бұру – ұлттық байлығымызды игеру, ұлттық санамызды дамыту. Ұлттық құндылықтарды

іріктеп, оқыту процесіне енгізу арқылы ұлттың тұнып тұрған асыл мұралық рухани байлығынан болашақта ел билейтін ұрпақтарды сусындатып, отбасында да, мектепте де ұлтжандалылық пен отаншылдыққа баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеп шығару. Тарихқа көз жүгіртсек ата бабаларымыз ғасырлар бойы жинақтаған өмір тәжірибесін, бай рухани қағидасын жас ұрпақта тәрбиелеуде пайдаланған. Бала тәрбиесіне ерекше мән беріп, үміт артып сергек қараған. Жас ұрпақтың алдына мақсат қойып, міндеттер жүктеген. Болашақ қамқоры, Отан қорғаушысы шаңырақ иесі, өмір гүлі деп есептеген. Ұлттық тәрбиені өмірлік тәжірибелері, ойға түйгендері, бастан кешкендері, ұстаған қағидалары, тұжырымдары, жинаған әдет ғұрыптары, салт дәстүрлері, ақыл-ойлары, тәрбие шежіресі халық педагогикасы болып саналады. Ұлттық тәрбиені халықтың ауыз әдебиетінде тәрбие дәстүрлерінде, шығармаларында, отбасы тәрбиесінде, ұлттық ойындарда, музыкалық шығармаларында және қолөнер туындыларында көрініс тауып ұрпаққа беріліп отырған. Халық дүниеге келген жас нәрестенің жолына бар жақсылықты бағыштаған. Ұлттық тәрбиені пайдалану ісі одан әрі дамытылып балалар бақшасында "Ертегілер әлемінде" бөлмесімен қатар, ұлттық-фольклорлық қойылымдар, музыкалық ойындар, тіл ширату дәрістері ұйымдастырылады. Бәріне де ертегілер, жұмбақтар, санамақтар, ұлттық ойындар пайдаланылады. Ертегілерден үзінді алынып, қызықты қойылымдарды даярлау кезінде, өрендер кейіпкерлердің бет - бейнесін, тірлік-тіршіліктегі орнын байқап, сол бейнені айнытпай көрсетуге тырысады. Тәрбиеші жұмбақ айтыс, санамақ айту, жаңылтпаш айта білу ойындарын ұйымдастырады. Ойын қызықты болу үшін ойынды әнмен, күймен безендіріп отырады. Әсіресе, қуыршақ ойындарына ұлттық тәрбиені қалыптастыра білудің тәрбиелік мәні зор. Қуыршақты "сөйлету" арқылы өзінің көп тақпақты жаттап, талай бейнені ойнап үлгергенін байқамай да қалады. Қуыршақ ойындарының тәрбиелік тиімділігі тәрбиешінің ұйымдастырушылық қабілетіне байланысты. Балалар бақшасында ұлттық тәрбие дәстүрлер мен салт-сананың алғашқы қарапайым, негіздерін өрендерге өнеге ретінде үйретіп, жаттықтырып, оны іс жүзінде олардан талап ету керек. Ол іс балабақша бағдарламасында кеңінен орын алуы тиіс. Баланың, әсіресе, кішкентай сәбилердің жан сезіміне жақсы әсер етіп көңілін марқайтатын сөздер, тілдік амал - тәсілдердің тағы бір алуаны қозым, ботам, құлыным, ботақаным, қоңыр қозым, ақботам, айым, күнім, жұлдызым, шырағым, сәулем, жарығым тәрізді тәуелдік жалғауымен айтылатын қаратпалар деуге болады. Олар-эмотивтік қызметі аса күшті этикеттік құралдар. Ана нәрестеге ақ сүтін бере отырып, қозым, ботам, деп еміреніп отырады.

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚҰНДЫЛЫҚҚА БАҒДАРЛАНҒАН ТЕХНОЛОГИЯЛАР

СЕЙІЛХАНҚЫЗЫ АЛТЫНЗЕР

Ақтөбе қаласы

«№13 орта мектеп» КММ

дене шынықтыру пәні мұғалімі

Ешкім де кейін қайта алмайды және өткенді жаңадан бастай алмайды, бірақ кез - келген адам бүгіннен бастай алады және жаңадан аяқтай алады.

Мария Робинсон

Ұлттық құндылықтар–халықтың қайнар бастауы, тағылымдық өзегі. Жаңартылған білім мазмұны бағдарламалары оқушыларды ұлттық құндылыққа баулуды мақсат етеді. Технологиялар болса–мұғалім қолындағы құрал болып табылады. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу–тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі [1].

Білім беру технологияларын оқу тәрбие үрдісіне енгізу, интерактивтік әдістерді кеңінен қолдану оқушылар білімін, біліктілігін арттыру және практикалық жұмыс жүргізу мүмкіндігін қалыптастырудың бірден - бір жолы. Ол арқылы білім сапасын арттыруға қол жеткізуге болады.

Дене тәрбиесі сабақтарында да қолданылатын технологиялар осы мақсаттарды көздейді. Қазіргі заманда мұғалімдер инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде. Мұғалімнің біліктілігін көтеру мен шығармашылық педагогикалық әрекетін ұйымдастыруда қазіргі педагогикалық технологияларды меңгеудің маңызы өте зор.

Инновация және технология ұғымдары жаңаша серпін әкеледі. Кейбір ғалымдардың еңбектерінде «жаңа», «жаңалық енгіз» деп көрсетілсе, кейбіреулер оны өзгеріс деген терминмен анықтайды.

Жаңа педагогикалық технологиялар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыруға өз үлесін қосады. Мектептердегі оқыту процесінің басты мақсаттарының бірі оқушыларға ғылыми негіздерін білім жиынтығын берумен қатар, білім жүйелерін жетілдіру болып табылады. Оқытудың жаңа технологияларын қолдану арқылы білім алу сапасын жақсартудың жолын тауып, жан-жақты дамыған шығармашыл, әлеуметтік бәсекеге қабілетті, ортаға бейімделген кәсіби біліктілігі жоғары тұлға тәрбиелеу мәселесін шешуге болады. Педагогикалық технологиялар мақсатқа талпыну, мақсатқа бағытталу сияқты сапаларымен сипатталады. Соның әсерінен олар белгілі бір мақсаттарға қызмет атқарады. Ал мақсатқа қол жеткізу әрекеттерінің көпнұсқалылығы оларды икемді ете түседі.

«Технология» дегеніміз – қандай да болсын істегі, шеберліктегі, өнердегі амалдардың, педагогикалық технология - педагогикалық мақсатқа қол жетудегі қолданылатын барлық қисынды ілім амалдары мен әдістемелік құралдардың жүйелі жиынтығы», - деп түсіндіреді В.Кларин [2]. Мұғалім

сабақта әдіс – тәсілдерді пайдалана отырып, балалардың ұсыныс - пікірлерін еркін айтқызып, ойларын ұштауға және өздеріне деген сенімін арттыруға мүмкіндік туғызып отыру қажет. Жаңа педагогикалық технологияларды қолдану оқытушының шеберлігі мен қабілетіне де сын. Сонымен қатар әрбір педагогикалық технологияның өзіндік әдіс-тәсілдері бар. Осы әдіс-тәсілдер мен ерекшеліктерді оқытушы өзінің ізденісі арқылы оқушылардың қабылдау деңгейі мен қабілетіне сәйкес іріктеп алады.

Дене тәрбиесі сабақтарындағы құндылыққа бағдарланған технологиялар дегеніміз – оқушылардың мүмкіндігі мен шамасына қарай мәселенің байыбына барып, керектісін алып, қажетті жолдарын қабылдау, оған сын көзбен қарай отырып, шығармашылық мүмкіндігі мен әлеуетін ашуға және жетілдіруге бағытталған алгоритмдер..

Сабақтарымызда қолданылатын технологиялар оқушылардың дене және іс-қимыл белсенділігін, техникаларды орындау қабілетін арттыру үшін қолданылады..

Бұл технологияда төмендегідей қағидаларды беріп ұстанамыз:

- оқушы мен оқытушы арасында тепе – теңдік жағдай
- оқытушы мен оқытушы арасында сыйластық, өзара көмектесу, түсінісу
- оқытушы пікірін құрметтеу, өз пікірін білдіруге жетелеу
- оқытушылардың ойлау, талдау, іздену қабілетінің арттыру т.б.

Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды болып табылатын мәселенің бірі оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдалану болып табылады.

Бүгінгі басты бағыттың бірі – білім беру үрдісін ақпараттандыру.

Адамдарға ақпараттар кеңістігінде дұрыс бағытты таңдауға мүмкіндік жасау. Қазіргі ақпараттанудың өзіне тән ерекшелігі білім беру кеңістігіне белсенді түрде кіру, ақпараттық өнімнің жаңа тәсілдерімен құралдарын оқу үрдісінің заңдылықтарына сәйкес қолдану. Көптеген оқу орындарында мультимедия орталық құрылған. Бұл орталықта электронды оқу құралдарын және басқада оқу құралдарын жасауда маңызы өте зор.

Білім беруді ақпараттандыруда техникалар көрсетілген бейнефрагменттер көп. Пән бойынша электронды оқулықтар, тірек – сызбалар, интернет жүйесі, видео сабақтар, интерактивті тақтаны пайдалану, слайдтар т.б. жинақтап, қолданамыз. Кейбір тақырыптар бойынша осындай көрсетілімдердің ықпалы жоғары, бейне материалды тоқтатып, техниканың сақталуына талдау жасаймыз немесе спорттық сайыстарға талдау жасап, құндылық мазмұнын анықтаймыз, жіберілген қателіктерді сипаттап, кері байланыс ұсынамыз..

Жаңа педагогикалық технологияны меңгерген әрбір мұғалім өз сабағын нәтижелі даму жағынан көрсете алады. Мұғалім алғаш жаңа технологияларын оқып үйренеді, екіншіден меңгереді, үшіншіден, жаңа педагогикалық технологияларды тәжірибеде қолданады, төртіншіден оны дамытып нәтижесін тексереді. Оқылатын пән мазмұны, мұғалім мен оқушының өзара байланыс іс-әрекеті, оқушының ішкі даму үрдісін негізінде

анықталатын нақты мақсат қана педагогикалық технология дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелейді, жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгертуде үлкен бетбұрыс жасалған.

Оқу–тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс–тәсілдерін қолданып оқушыны жеке тұлға тұрғысынан қарастыратын болсақ, оқытудың сапалы болатындығы, яғни, оқушылардың пәнге деген жауапкершілігі, қызығуы, өз бетімен жұмыс істеу ынтасы, оқушының ізденушілік–шығармашылық зерттеушілік қабілеттері артады. Демек, әрбір жаңашыл педагог оқу үрдісінде түрлі инновациялық және интерактивтік әдістемелерді пайдалана білсе, сабақ сапасының жақсаратындығы сөзсіз.

Еліміздің болашағы бүгінгі жас ұрпақтардың білім деңгейімен өлшенеді. Сондықтан жалпы білім беретін мектептерде инновацияның түрлі тәсілдерін, педагогикалық білімдерін үнемі жетілдіре отырып, дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу әрбір ұстаздың төл міндеті болуы керек. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше салауатты, жан-жақты, білікті маман болу мүмкін емес. Білімнің жаңа парадигмасы оқушының дайын білім, икем және дағдыларды меңгеруінен гөрі олардың тыңдау, жинақтау, логикалық ойлау қабілеттерін, өз бетімен танымдық іскерлікке ұмтылуын дамытуға бағыттауға негізделген [3].

Мазмұны жаңартылған мектептің ұстазы өскелең өмір талабына сәйкес зерттеу жұмысының тақырыбын таңдап, төмендегідей логикалық құрылымын айқындап алған жөн:

- Зерттеу проблемасы, өзекті мәселені табу, оның өзектілігін дәлелдеу;
- Зерттеу мақсаты мен міндеттерін айқындау;
- Тақырыпқа сәйкес арнайы әдістемелік-педагогикалық әдебиеттерді зерттеу және талдау, проблеманы ғылыми-теориялық мәнін ашу;
- Зерттеу әдіс-амалдарын құру;
- Гипотеза, яғни болжамдар ұсыну;
- Педагогикалық тәжірибе жасау;
- Тәжірибе нәтижелерін теориямен салыстыру;
- Нәтижелерді қорытындылау, баға беру, зерттеу міндеттеріне сай негізгі идея мен мақсаттың орындалғанын көрсету;
- Жүргізілген зерттеу нәтижелерін тәжірибеге енгізу.
- Педагогикалық ұсыныстар жасау, әдістемелік нұсқау әзірлеу [4].

Педагогикалық технологияларды қолдануда жаңа оқыту құралдарымен, қазіргі ақпараттармен, сапалы мамандар даярлаумен, жоғары-техникалық базамен байланыстырғанда ғана жоғары нәтижеге жетуге болады.

Мектеп қоғамдық өмірдің қайнар бұлағы десек, мұғалім - сол қайнар бұлақтың жанды жүрегі. Демек, басқа мамандықтағы қызметкерлерге қарағанда, мұғалімнің өз білімі мен жұмыс істеу әдістемесін жиі жаңартуына тура келеді. Сондықтан ол ұстаздық әрекетті орындаудың әдіс-тәсілдерімен ғана емес, әдістемесімен де толық қарулана білу тиіс.

Осы орайда мен қызмет атқаратын №13 орта мектепте балаларға тек білім беріп ғана қоймай, олардың жаңа қалыптасып келе жатқан ой санасының жоғары рухта байыта білуге, ойы алғыр, қиялы ұшқыр оқушы тәрбиелей білуге ерекше мән беріледі. Бұл өмір талабы. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін мұғалім ең алдымен өз пәнін, өзі сабақ беретін ғылымды, оның негізін, оның қазіргі жағдайдағы күйі мен дамуындағы басты кезеңдерін, басқа ғылыммен байланысын, өмірдегі орны мен байланысын жете меңгеруі керек.

Білім беру мазмұны жаңаша құрылған ұлттық мектептің кеңге жайып дамуы сол мектептің оқу-тәрбие жұмысын жандандырар мұғалімдерге байланысты [5].

Қорыта келгенде әлемнің білім беру деңгейінен орын алу үшін білім беру, оқыту, тәрбиелеу бағытын инновациялық технологиялармен жетілдіру, пәндердің материалдық базасын нығайту, өзіндік жұмыстың орындалуын қадағалау және бағалау, өзара тәжірибе алмасу маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». Ақорда. 12.04.2017 .
2. Еспенбетов.Б. Ұрпағымыз ұмытпасын. Бастауыш мектеп. № 1; 27-28 бет. Алматы 1990.
3. Қожахметова К. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика.- Алматы: «Ғылым», 1998.
4. Көшімбетова С. А. Оқу-тәрбие үдерісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін пайдаланудың педагогикалық шарттары. — Алматы, 2004.
5. Хуторский А.В. Развитие творческих способности. М., 2002.

ЖАС ҰРПАҚҚА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ БЕРУ

СУЙНАЛИНА АСИМА АБЫЛХАИРОВНА

Ақтөбе облысы

Хромтау қаласы

№ 4 орта мектебінің

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің жоғары санатты

Жас ұрпақ тәрбиесіндегі тәлімдік дәстүрлер тәжірибесін, бүгінгі педагогикалық тәрбие мазмұнымен жарасымды ұштастыру негізінде, Отаны, туған елінің өркениеті үшін қызмет ететін, жинақтаған білімі мен қабілетін адамзат құндылықтарын сақтауға, насихаттауға, өмір сүретін ортасы үшін пайдаланатын азаматты тәрбиелеу—бүгінгі күннің өзекті проблемасы саналады. Бұл міндеттерді жүзеге асыру — адамзат қоғамын, жеке тұлға болмысының рухани — мәдениетін ізгілендірудің алғышарттары саналады. Қазақ халқының ғасырлар тұңғығынан бері тарихымен біте қайнасып келе жатқан ұрпақ тәрбиелеудегі тәжірибелері, біздерге дейін, сол рухани мәдениет, этикалық, эстетикалық құндылықтарын құрайтын —

ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, әдеби, музыкалық, кәсіби, тұрмыстық фольклорлар мазмұны арқылы жетіп отыр. Сонымен бірге, ұрпақ тәрбиесіне, жалпы халықтың рухани дамуына байланысты педагогикалық ой-пікірлер мен идеяларды, ертедегі ғұламалардың мұраларынан, қазақ ауыз әдебиеті құндылықтарынан, ата-бабаларымыздың тәлімдік дәстүр-салтынан, билер мен шешендердің сөздерінен және дәстүрлі сәндік қолөнерінің айшықты туындыларынан халқымыздың көркем-эстетикалық талғампаздығын, дүниетанымын танып білеміз.

Дегенмен де, кеңестік қоғам құрылысы кезінде, әр халықтың өзіндік ұлттық ерекшеліктерін, ұрпақ тәрбиелеудегі сындарлы тәжірибелерін, біртұтас, жалпы кеңестік идеология нормаларымен айырбастағаны белгілі. Егемендік алған кезеңнен бастап, елімізде жалпы білім беретін мектептердегі оқу-тәрбие ісінің мазмұнын отандық және әлемдік өркениетті елдердегі психология, педагогика және физиология ғылымдарының жетістіктерін пайдалана отырып, жас ұрпақ тәлім-тәрбиесін, адами болмыстың қасиеттері «адамгершілік», «ізгілік», «әдептілік», «қайырымдылық», «жақсылық нышандар» мен рухани-мәдениет құндылықтары негізінде ізгілендірудің қажеттілігі туындады. Бұл мәселенің өзектілігі, тәрбие саласындағы мемлекеттік, педагогикалық құжаттар мен тұжырымдарда басты мәселелердің бірі ретінде атап көрсетілген. Туған халқының рухани мәдениет үлгілерін, адамгершілік сапаларын, этикалық-эстетикалық құндылықтарын және бүкіләлемдік мәдениеттің өнегелік нұсқаларын бір-біріне кіріктіре отырып, жас ұрпаққа игертуге бағытталған педагогикалық талаптар мен міндеттер, балалар тәрбиесінің мазмұнын және жүйелік нысандарын одан әрі жетілдірудің қажеттілігін туғызып отыр. Бұл мәселелердің шешімін табу, өсіп келе жатқан жеткіншек ұрпақты жан-жақты жетіліп, үйлесімді дамыған, адамгершілік қадірқасиеттері мол жеке тұлға етіп тәрбиелеуде берік тұғырлық негіз қалайды. Сондықтан да, жалпы білім беретін мектептің жеткіншек ұрпаққа білім беру сапасын, оқыту әдістемелерін жетілдірумен бірге, оқушыларға жан-жақты тәлім-тәрбие берудің мазмұнын, әдістемелік іс-шараларын қоғамның даму үрдісімен ұштасқан міндеттер мен талаптарға негіздеп, үнемі жаңартып отыруды талап етіледі. Бүгінгі таңда, еліміздің болашағы–жас ұрпаққа мектеп аясында адамгершілік, имандылық, ізгілік, парасаттылық, мәдениеттілік, т.б. қадір-қасиеттерге тәрбиелеуде шешімін күтетін өзекті мәселелер бар. Әлі де болса мектеп жасындағы балалардың бойында, қоғамның өркениетті дамуына кері әсер ететін келеңсіз жат мінез-құлықтардың, рухани өрістің таяздығынан халықтық мәдени құндылықтарға деген немқұрайлы көзқарастардың бой алуы жиі көрініс беруде. Олай болса, мектептік тәлім-тәрбие мазмұнын, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтардың өнегелі нұсқаларымен байыта отырып гуманизациялау, бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірінен саналады. Сондықтан, еліміздің болашағы жас ұрпақтың қалыптасуына ықпал ететін жаңа саяси, әлеуметтік, экономикалық құбылыстар аясында, олардың бойында, өркениетті ой-

сананың ең басты бағыты саналатын- адамзаттың рухани мәдениет құндылықтарын игерте отырып тұлғалық болмысын гуманизациялау қажеттігі туындайды. Халықтың барлық озық идеялары мен тәрбиелік тәжірибесі мол мәдениетімізде жинақталғандығын рухани мәдени құндылықтарын игерту арқылы білімгерлерге эстетикалық тәрбие берудің қажеттілігін дәлелдейді. Өйткені, құндылық адамды тұлға деңгейіне көтеретін негізгі құрал болып саналады. Сондықтан да болашақ мектептегі Бейнелеу өнері және сызу пәндерінен беретін мұғалімдерге қойылатын талап ұлттық рухани мәдениет құндылықтарын игерту негізінде берілген материалдарды пайдалану арқылы, оқушыларға эстетикалық тәрбие беру, әлеуметтендіру және шығармашылығын дамыту болып табылады. Бүгінгі таңда құндылық термині философия, эстетика, этика, өнертану, мәдениеттану, әлеуметтану, психология, педагогика ғылымдарында кеңінен қаралуда. Құндылық мәселесіне арналған еңбектерден өз зерттеуімізге байланысты «құндылық» ұғымының философиялық, эстетикалық педагогикалық мәніне баса назар аударып отырып, оларды өз зерттеулеріміздің алғышарттары ретінде жүйелі түрде талдау жасаймыз. Ұлттық, жалпы адамзаттық құндылықтар қарым-қатынастардан, қоғамдастықтан тыс жеке дара қалыптаспайды. Ұлттық сезім - ерекше әлеуметтік психологиялық құбылыс, ол сыртқы әсерлерге тез бой алдырып отырады деп дәлелдейді зерттеуші ғалымдар. Сондықтан да ол үнемі тәрбиелеуді және ақыл парасат тарапынан бақылауды қажет етеді. Сан ғасырлар бойы қалыптасқан өзіндік тарихы бар құндылықтар негізінде болашақ ұрпақты тәрбиелейтін мазмұнды ақпараттар өте көп. Ғұлама ойшылдардың педагогтар мен психологтардың еңбектерінде түрлі көзқарастарда баяндалып, атадан балаға ұласатын құндылық сезім ниеттер, ұмтылыстар, тұлғаның тәрбиелігін анықтайтын ізгі қасиеттерді қамтиды. Философиялық көзқарастарда құндылықтың әр түрлі көріністеріне жататын табиғи, қоғамдық құбылыстар, адамның іс - әрекетін бағалауда пайдаланылатын сұлулық, қайырымдылық, мейірімділік секілді этикалық және эстетикалық ұғымдар қолданылады. Құндылық объектісінің адам үшін қаншалықты маңызды екенін анықтайды. Құндылықтар өмірге, еңбекке, шығармашылыққа, адам өмірінің мәніне т.б. баға беру қатынасынан тұрады. Құндылықтар қоғам үшін ең маңызды деген әдет ғұрыптар, нормалар мен мән мағыналар қызметін өзіне бағындырады, ретке келтіреді. Рухани құндылықтарға білімді, ғылымды, өнерді, дінді жатқызады. Рухани құндылықтар арқылы адамдар өткен дәуірлердегі адамзат қолынан шыққан материалдық мұралар мен дүниетанымдық, эстетикалық, этикалық т.б. адами қасиеттерді дәріптейтін құндылықтар туралы тек біліп қана қоймай оның маңызды және қажетті деген элементтерін өзінің рухани мұратына, мақсатына айналдырып отырады. Осындай жағдайда ғана нағыз сабақтастық болуы мүмкін. Рухани дәстүр адамды қайта түлетуі қажет. Адам тек зерделі тіршілік иесі ғана емес, сонымен бірге оның бойында қасиетті рух бар. «Руханилық - бұл сыртқы болмыс әмбебаптығын тұлғаның

ішкі ғаламына этикалық негізде айналдыру қабілеті, сол ішкі әлемді құрау қабілеті арқылы үнемі өзгеріп отыратын жағдайдың алдында адамның өзіне сәйкестігімен мен оның еркіндігін жүзеге асыра білуі». Руханилық ақыр аяғында «өзіндік мағыналық космогонияға, әлем образының тұлғаның адамгершілік заңымен бірігуіне әкеледі» [4,213]. Халқымыздың бойынан табылатын жақсы моральдық қасиеттердің түп негізі ғасырлар қойнауында қалыптасқан құндылықтар әлемінде деп білеміз. Ол құндылықтар ұрпақтан ұрпаққа сәндік қолданбалы өнер арқылы, ауыз арқылы берілген эпостарда, фольклорда, аңыздарда, айтыс өнерінде, дәстүрлі, дүниетанымдық түсінікте сақталыпты. Сондықтан жас ұрпақты білімгерлерді тәрбиелеуде рухани даму бірінші орынға шыға отырып, тұлғаның рухани деңгейін көтеру арқылы бойындағы ақылдың терең қасиеттерін ашуға мүмкіндік береді. Өз ойынан ол білімгер бойындағы дарынды тиімді пайдалануға көмектеседі. Білімгер бойындағы рухани дүниені дамыту арқылы өмірге, айналасындағы қоршаған ортаға, әсемдікке үйлесімді қатынас орнатуға болады. Жастардың рухани ішкі жандүниесін тәрбиелеу арқылы сыртқы дүниеге, көріністерге, құбылыстарға жаңаша қатынас орнатып, жоғары деңгейге көтеруге деген болмысын қалыптастыруға болады. Руханилық құбылысы әлеуметтік бола адамсыз және адамнан тыс өмір сүре алмайды, сондықтан ол жеке, дүниетаныммен, іс-әрекетімен тікелей байланысты [5,192 б.]. Осы айтылғандар руханилықтың өнермен байланысын көрсетеді. Көре білген, сезе білген адам оны қоғамның рухани әлемін өзі толықтыра түседі. Сөйтіп, ол өз іс-әрекеті арқылы адамдар арасындағы сұлулықпен, үйлесімділікпен көмкерілген руханилықтың қалыптасуына, оның дамуына өз үлесін қоса алады. Өнерлік негіз руханилықтың әлеуметтік салада кең таралуына негіз орын алады. Әрбір өнер туындысы адам әлемін жаңа рухани күшке, рухани орынға айналдыруы шарт. Тарихи үдеріс өнерді уақыт таразысынан өткізе отырып, оның керектісін қалдырып сараптаушы, електен өткізетін сыншы болып табылады. Адамдар тарихи мұраларды, дүниелерді, көне жәдігерлерді сақтауға тырысады. Бұл барлық халықтардың ұлттық мәдениетіне тән құбылыс. Сондықтан да халық шығармашылығының, ұлы өнер туындыларының бүгінгі күнге жеткендерін рухани - мәдени құндылықтар ретінде қабылдаймыз. Бабалардан мирас болған қазақ жері, ана-тілі, діні, салт санасы, әдет-ғұрпы, дара тұлғалары, ұлттың атын жоймай келе жатқан ұлт өкілдері мен ұлт ұрпақтық мәдени құндылықтар: сәндік қолданбалы өнері, сөз өнері, саз, бейнелеу өнері т.б. Осы қарастырылған еңбектерге қарап, рухани мәдени құндылықтар деп бір ұлт өкілдерінің құнды деп есептейтін дүниелері мен бағалы дүниелерінің жиынтығын айтамыз. Осы мәселені Ж.Наурызбаев былайша сипаттайды: «Адамның рухани ұрпағымызға берер мәдени -этностық тәрбиеге орай жанданады. Мәдени құндылықтарды қалыптастырып, жүзеге асыруға ықпал ететін үздіксіздік пен иелендіру ұстанымдары білім беру жүйесін реформалаудың базалық принципі болып табылады», - деп халықтың төл өнері арқылы эстетикалық тәрбие қажеттілігіне мән береді [6, 10 б.]. Өнер туралы

айтқанда білімгер үшін жалған өнер мен нағыз руханилыққа қарай ұмтылдыратын адамның шынайы болмысына сәйкес келетін, оның – миының жадырауына үлесін қосатын нағыз өнердің айырмасын білуі керек. Туған халқымыздың, ежелден бері күнделікті тұрмыс-тіршілігімен біте қайнасқан, дәуірлер өткен сайын әр ұрпақтың дүниетанымдық сапасымен, эстетикалық талғам деңгейімен көркемдік-рухани құндылығы баи түскен өнерінің бірі – дәстүрлі сәндік-қолданбалы қолөнері. Эстетикалық әсерлі де, мәнерлі ұлттық қолөнеріміздің маңызы мен оның адамдардың дүниетанымдық көзқарасын, талғамын қалыптастырудағы мәні мен маңызы, ұлттық мәдениет құндылықтарын жасаудағы мүмкіндіктері туралы арнайы өнертану, этнографиялық, эстетикалық тәрбие туралы педагогикалық еңбектерде (Ө.Жәнібеков, М.Балтабаев, С.Ұзақбаева, Е.Асылханов, Б.Байжігітов, Ә.Қамақ т.б.) көп айтылған. Қазақтың дәстүрлі сәндік-қолданбалы өнерін оқып-үйрену барысында, біз, халқымыздың өткендегі тіршіліктұрмысына, шаруашылық түрлерін, эстетикалық салт-дәстүрлерін, қызықты мерекелерінің мазмұнын т.б. рухани мәдениетінің құндылықтарын танып білеміз. Көркемдік өнердің басқа түрлері мен жанрлары, әлемдік сипаттағы өнер түрлеріндей қалыптаспаған Қазақстан жерінде, халықтың қоршаған шындыққа, табиғатқа деген сезімдік, танымдық көзқарастары, талғамы тек дәстүрлі сәндік-қолданбалы қолөнер арқылы қалыптасып келді. Сан ғасырлар бойы, дәстүрлі сәндік қолданбалы қолөнер туындылары, қазақ халқына жайлауда, қыстауда, көш басында, мереке-тойларда, тіпті жаугершілік кездерде де үнемі қызмет көрсетіп келді. Бүгінге дейін жеткен қолөнер мұраларынан немесе сол өнердің дәстүрін жаңаша жандандырып жүрген халық шеберлерінің туындыларын көре отырып, қазақ халқы әсемдікті өзіне тән сезімталдықпен, талғамдық нормалармен қабылдай білгенін, сол сезім, таным талғам арқылы өзі өмір кешкен ортаға ұлттық дәстүрге сай сұлулық енгізуге үнемі құштарлықпен белсене қатысқанын танып білеміз. Күнделікті тұрмыста қолданылатын бұйымдарды ағаштан, теріден, киізден, металдан т.б. қолда бар материалдарды аса шеберлікпен өңдеп, оюлап, әсемдеп жасайтын асқан шеберлер шыққан халық - өзіндік дәстүрлі өнердің туындыларын, оның авторларын өте жоғары бағалап отырған. Ертедегі көшпенді қазақ жанұясының әр азаматы осы «мұражайда дүниеге келіп», сол мұражайдың «экспонаттарымен» өмір бойы араласып өседі, әсемдік пен көркем шығармашылықтың жасалуымен біте қайнасып, сол сұлулықты қадірлеуге, сүйіп өсуге тәрбиеленеді. Азамат болып, өз отауын тіккенде, сол сұлулықты өз қолымен жасауға деген қажеттілікті, қабілеттілікті бойына сіңіріп өседі. Қазақ халқының ерте заманнан атадан балаға мұра болып келе жатқан, көне дәуірлерден бері жете дамыған айшықты өнерінің бірі – зергерлік өнер. Археологиялық қазбалардан табылған зергерлік әшекей бұйымдардың қалдықтарынан, ертедегі көшпенділердің темір, мыс, алтын, күміс қалайы, қорғасын сияқты металдарды өңдеудің технологиясымен айналысқанын, олардың түрлі тәсілдерді пайдаланып еңбек құралдарын, тұрмыс бұйымдарын, әшекейлік

заттар жасағанын білеміз. Қазақ зергерлері металды әшекей бұйымға айналдыруда өте жоғары көркемдік талғаммен қарап, бұйымның қолданар орнына қарай айшықты нақыштар таба білді. Әйелдердің тағатын түрлі сақина, жүзік, алқа, білезік, сырға, шолпы т.б. толып жатқан сәндік бұйымдары мен қоса, қамар белдік, ат әбзелдері, төсек, сандық үй жиһаздарын да алтын, күміс, сүйекпен нақыштап безендірген. Талғамы биік зергерлер, күмістің қасиеті мен қадірін ескере отырып, өздері жасайтын бұйымның ерекшелігіне қарай пайдаланып отырған. Дегенмен де, зерттеуші ғалымдардың тұжырымдауынша, қазақ зергерлерінің бәріне тән қасиет – олардың сәндік-әшекей бұйымдарындағы қазақтың ұлттық дәстүрлерінің біртұтас бірлігі. Әйелдер тағатын сәндік әшекейлер: өңіржиек (ақық немесе басқа асыл тастар орнатып көркемдеген, күміс баулы, екі жақ өңірге тағатын әшекей), екі-үш асыл тастардан көз орнатылған немесе қарапайм пішінді өсімдік тектес ою-өрнектермен көркемделген түрлі формадағы білезіктер, қымбат тасты жүзіктер, сақиналар, салпыншақ қоза сырғалар, әдемі түймелер мен қапсырмалар, шолпылар, сәукелені әшекейлеуге арналған түрлі пішінде әшекей бұйымдар т.б. Қазақстанның барлық өңірінде біркелкі, ұлттық пішіндегі бірлік сақталған. Қазақ әйелінің ұлттық киімдері, зергерлік өнер бұйымдарымен бірге, киіз үй пішінімен, оның ішкі жиһаздарымен, қазақ даласының табиғатымен, ән-жыры, музыкасының үнімен, қазақ әйелдеріне тән мінезқұлықтылықпен кереметтей үйлесім табатын, сұлулық пен көркемдік мәдениетіміздің құндылығы деп санауға болады. Қазақ зергерлерінің дарыны тек сәнді бұйымдар жасаумен ғана шектеліп қойған жоқ. Халық қамын ойлаған зергерлер, ел сүйген ерлерді, еліне пана болған батыр, таңдайлы шешен, ұл-қыздарын зергерлікпен бейнелеп мұра етіп қалдыра білді. Атабабаларымыздың өнерін үзбеу, дамыту, келесі ұрпаққа жеткізу үшін талантты ұл-қыздардан шәкірттер дайындап, халықтың көркем мәдениетінің жібін үзбеуге күш қосты. Бұл өнер де, басқа дәстүрлі ұлттық өнерлер сияқты, жас ұрпақты көркемдікті, сұлулықты түйсіне, сезіне білуге баулитын, халқымыздың тарихы мен мәдениетін, салт-дәстүрлерін игеруге зор ықпал жасайтын эстетикалық тәрбие құралы. Қазақ халқы, жасөспірімдердің өмірі ересектер ықпалына тәуелді болса да, өзінше бір кіші әлем құрайтынын, өзін қоршаған әлемді, өмірлік құбылыстарды ересектерден мүлде басқаша қабылдайтынын, олардың өмір-әлемі – сол қарапайым да, нәзік, күрделі де, қызық әлемнің көркем дүниесі екенін халық үнемі ескеріп отырған. Сондықтан қазақ халқының балалар тәрбиесіне бағытталған тәлімдік дәстүрлері, өнерлері мен тәлімдік іс-шаралары – балалардың жасына, даму ерекшеліктеріне қарай танымдық, талғамдық, шығармашылық ізденіс мүмкіндіктеріне бейімделген - ұлттық, психологиялық, әлеуметтік болмысының бар мүмкіндіктерін толық пайдаланып отырған. Тұлғаның бойына, ата-бабалары ғасырлар бойы қалыптастырып, ұлттық тәрбие заңдылықтарына, мінез-құлық нормаларына айналған, өзіндік принципке негізделген қағидаларды сіңіруді мұрат тұтқан халқымыз «Сегіз қырлы, бір сырлы» қағидаға

бекітілген тәлімтәрбиенің барлық түрінің тәрбие құралдарын, әдіс-тәсілдерін дүниеге әкелген. Болашақ ұрпағын өнер арқылы сұлулыққа, әсемдікке баулуда, ата-ана, ата-әже, жалпы елдің мұраты болғаны сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Парсонс Т. *Общий обзор // Американская социология: перспективы, проблемы, методы.* - М., 1996. 368 с.
2. Крымский С.Б. *Контуры духовности: Новые контексты индивидуальности // Вопросы философии.* - №12. 1999. 213 с.
3. Байжігітов Б.К. *Бейнелеу өнерінің философиялық мәселелері: Кеңістік пен уақыт ырғағындағы тұрақты сурет үлгілері.* - Алматы, 1998. - 192 б.
4. Наурызбаев Ж. *Ұлттық мектептің ұлы мұраты (Оқушыларға мәдени-этникалық білім беру).* – Алматы: Ана тілі, 1995. 10 б

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ҮЙРЕТУДЕ ЭЙДЕТИКА ӘДІСІНІҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУ

ТАНАШЕВА МАРЖАНГУЛЬ АДІЛЬБЕКОВНА

Атырау қаласы

№1 «Сәби әлемі» бөбекжай-бақшасының

бірінші санатты қазақ тілі мұғалімі

Қазақ тілі – еліміздің рухани дамуының қайнар көзі. Мемлекеттік тіл мәртебесі қазақ тілінің өміршеңдігін білдіреді. Елімізде балабақшадан бастап қазақ тілін оқыту мәселесінің маңызы күннен күнге арып келеді. Өзімнің еңбек жолымда мектепке дейінгі ұйымдарда орыс тілді топтарға мемлекеттік тілді үйретуде түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып, жұмыс жасап келемін. Яғни балаға қазақ тілін тиімді үйретуде тиімді әдіс-тәсіл пайдалану арқыт етпейді.

Бұл педагогтардың мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуында педагогикалық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты. Жаңа технологиялар оқыту үрдісінің оңтайлы жолдарын жүзеге асыруға мүмкіндік беріп, күтілетін нәтижені алуды көздейді. Оның өзі кез келген пәнді әр түрлі технологиялар бойынша жобалауды қажет етеді. Жұмыстың өзектілігі мектеп жасына дейінгі балаларға қазақ тілін оқытумен, осыған орай әдістемелерді жетілдіру қажеттілігімен туындайды. Осының өзі ана тілімен қоса, екінші тілді меңгерген шығармашыл тұлға қалыптастыру мәселесіне ерекше назар аударылып отырғанын айқындайды. Қазақ тілін оқыту әдістемесінде жұмыс бағыттары көрсетілген, ал жұмыс бағытын жетілдіру үшін жаңартылған бағытта жаңа әдіс-тәсілдерді ұтымды тандап, тиімді қолдана білуіне байланысты. Қазіргі таңда барлық оқу орындары мен мектеп жасына дейінгі ұйымдарда жаңартылған бағытпен жұмыс жасай отырып, балаға білімді жеткізудің тиімді әдістерін қарастыруда.

Мектепке дейінгі ұйымдарда заманауи білім беруде 4К моделін орындалуын жүзеге асырады. Бұл баланың ойлау негіздері, ақыл-ой мен шығармашылық қабілеттер, жаңа дағдыларын қалыптастырады. Білім беру ісінде 4К моделіне: креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және командада жұмыс істей білу. Яғни жаңа әдіс-тәсіл арқылы мемлекеттік тілді үйретуде креативтілік бұл баланың жаңа идеяларды ойлап табуына, коммуникативтілік баланың тілдік, сөздік қорының жетілуіне, командалық жұмыс бұл баланың топпен топтаса отырып жұмыстануына көмектеседі, сыни ойлау баланың ойлау, қиындықтан шығу жолын табуға айрықша көмегін береді. Мектепке дейінгі ұйымдарда педагог ретінде өзім осы жаңартылған бағдарламаның бағыттарын пайдалана отырып, орыс тілді балаларға мемлекеттік тілді үйретуде тиімді әдіс-тәсілді қолдану арқылы меңгертудемін. Осы орайда мектеп жасына дейінгі балаларға оқу үрдісінде жаңартылған бағытты негізге ала отырып, мемлекеттік тілді үйретуде ЭЙДЕТИКА әдісінің элементтерін қолдану ұйымдастырылған оқу қызметтерімде тиімді болып табылады.

Мақсаты: Өзге ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілді үйренуге деген қызығушылығын арттыру, өз тілін құрметтеуге үйрету, қазақ тілін үйретуде түрлі әдістерді қолданып, есте сақтау қабілеттерін, сөздік қорларын дамыту.

Қазіргі таңда балалардың тілі қазақ тіліне қарағанда орыс тіліне бейім болып келеді. Сондықтан оларға бірден қазақ тілін меңгерту қиынға соғады. Себебі отбасында орыс тілде сөйлеуге бейімделген балаға қазақ тілін, ана тілімізді жетік меңгеріп кетуіне түрлі жолдармен жақсы нәтижеге қол жеткізу педагог үшін тиімді болмақ. Мен өз еңбек жолымда әр бала өз ана тілін, мемлекеттік тілдің тамырын біліп өсуін, кішкентай болсада қазақ тілінде сөйлегенін, сөздің мән-мағынасын білгенін қалаймын. Өйткені бұл әдістер баланың ойлау, есте сақтау және өзінің шығармашылық қабілетін ашып, жетілдіруіне көмектеседі.


Балалардың шығармашылық ойлау қабілетін қалыптастыру, басқаша айтқанда әртүрлі әрекеттер кезінде ерекше, күтілмеген оқиғаларды тиянақты шеше алатын, шығармашыл тұлғаны дайындау бұл педагогтың ең негізгі мақсаты.

Қазіргі таңда балалардың меңгеруі тиіс ақпарат ағыны зор. Баланың есте сақтауын жүктемей, берілген тапсырманы балабарлығын қалай есте сақтау керек? Бұндай есте сақтау методикасы Эйдетика деп аталады. Эйдетика грек тілінен аударғанда бейне деген мағынаны білдіреді. Яғни аты айтып тұрғандай бала барлығын бейне арқылы есте сақтайды. **Эйдетика бұл образдармен ойлау қабілетін дамытатын, ақпаратты есте сақтау әдісін үйрететін, қиялдың дамуына ықпал ететін оқыту әдістемесі.**

Эйдетика әдісінің негізін қалаушы ғалым **Сербиядан шыққан Виктор Урбанчич**. Ол 1907 жылы ол көру бейнелері арқылы ақпаратты есте сақтау феноменін ашты.). 1920 жылдары Бұл ғалымның идеясын неміс

психологі і філософі Эрик Йенш жалғастырған. П. П. Блонский, А. Р. Лурия, Л.С.Выготский. Бұл әдісті теориялық және практика жүзінде жұмыстанған. Қазіргі таңда бұл әдіспен Ресейде И.Ю.Матюгин ересектермен балаларға арналған үйірмелерде осы әдіспен жұмыс жасайды. 1936 жылы Кеңес одағы кезінде эйдетика әдісіне тыйым салынып, тек 90-жылдары ғана елге оралды. Көбі кейбір адамдарға бұл фотографиялық жадты көбісі табиғи жолмен беріледі деп ойлайды. Бұл болжам негізінде қате ұғым. Ғалымдар фотографиялық жад барлық адамда қалыптасқан, тек оны дамыту керектігін дәлелдеген. Ал балада қызығушылық ояту үшін 3-4 жастан бастау керек деп санаған. Осы жаста баланың бейне арқылы есте сақтау қабілеті жақсы дамиды.

Эйдетика әдісі арқылы балалар ақпаратты жақсы есте сақтау ғана емес, икол назар аударуға, қиялын дамытуға, басқа тілдерді меңгеруге, фантазияны құрастыруға көмектеседі, сондай ақ оқу ақпаратын беру тәсілі ретінде қолдануға болады. Эйдетика оқыту әдісі баланың бейнелі ой-өрісінің жақсы дамығандығына сүйенеді. Себебі ол табиғи заңдылықтарға сәйкес келеді. Эйдетика әдісі баланың есте сақтау жадының үйлесімді дамуына ықпал етеді. Эйдетика әдіспен ойлау бұл кез келген түрдегі ақпаратты өңдей отырып қолданылып, талдау жасап, салыстыру арқылы ұсақ бөлшектерге назар аударады және алған нәтижесін одан әрі белсенді қолдану үшін оларды жадқа сақтайды.



Балалар үшін бейнелі еркін ассоциациялары бар ойындар байланыстыруға болады. «Еркін ассоциациялар» атауынан-ақ ұйымдастырылған оқу қызметі барысында объектілік кескіндерді қолдануға болмайды. Себебі кішкентай балалар қоршаған әлем туралы ойлары әлі қалыптасқан жоқ, олардың ассоциативті байланыстарды өздігінен құру үшін өмірлік тәжірибелері аз. Сондықтан жұмыстың бірінші кезеңінде балаға ересек адамның көмегі қажет.

Бейнелер арқылы баланың есте сақтау, дамыту үшін эйдетикалық ойындар мен жаттығулар

Балаларға арналған эйдетикалық жаттығулар

Мектеп жасына дейінгі балаларға оқу процесінде есте сақтау қабілетін дамытуға арналған карточкалармен өте қызықты ойын бар Ойындар үшін құстардың, адамдардың, жануарлардың, үйлердің, ойыншықтардың жарқын суреттерін таңдаңыз. Бала 10 картаны шығарып, бейнеленген заттар мен тіршілік иелерімен әңгіме құрастыруы керек. Алдымен суреттерді қазақ тілінде атап, кейін бір сөйлем құруы тиіс. Эйдетика тұрғысынан ол

айтарлықтай ерекшеленеді. Алдыңғысы бейнелі жадболса, кейінгісі бала оны өзінің визуалды жадында дамытады.

Сандарды қалай есте сақтау керек:

Эйдетикалық жаттығулар мектеп жасына дейінгі балаларға сандарды тез және оңай үйренуге көмектеседі. Олардың санасында сандарды тудыратын бейнелер мен ассоциациялар негізінде құрылады. Ол әр санды белгілі бір тәсілмен байланыстырып, оның қалай көрінетінін, қандай түс пен дыбыспен байланысатынын ойластыруы керек. Болашақта, бала осы немесе басқа нөмірді есіне алғанда, басында оның өзі ойлап тапқан кескіндер пайда болады, бұл оларды өте тез және оңай көбейтуге көмектеседі.

Шығармашылық тапсырма

Балаларға арналған эйдетика қиялды дамытуға, оны дұрыс бағыттауға көмектеседі. Егер сіз балаға дұрыс көңіл аудармасаңыз, онда бала алдымен - күлкілі және көбінесе өзіне қызықты өтірік сюжет, әңгімелер құрастыра алады, Осындай жағымсыз сәттерді болдырмау үшін келесі шығармашылық эйдетикалық жаттығуды қолдануға болады.

Сіз өзіңіз балаға 7-8 сөз ойлап табыңызда, балаға айтып беріңіз, Ал бала болса, сол сөздерді еске түсіріп, қайтадан сізге айтып беруі тиіс. Біріншіден, бұл оның сөйлеу қабілетін дамытады. Екіншіден, бұл есте сақтауды жаттықтырады. Үшіншіден, мұндай жаттығу қиялдың пайдалы бағытын табуға көмектеседі. Осы тапсырманы орындау арқылы сіздің балаңыз қиялы, есте сақтау қабілеті қаншалықты жоғары екенін біле аласыз.

Эйдетика- бұл қазіргі заманғы балалар психологиясындағы жаңа бағыт, баланың қиялын ойлауды дамытуға бағытталған арнайы әдістеме. Ол бастауыш мектеп жасындағы балаларды оқыту үшін белсенді қолданылады, олар тіпті ұнайды, өйткені негіз ретінде қарапайым ойындар қолданылады. Ақпарат скучной крамингтің орнына ассоциациялар арқылы ассимиляцияланады екен.

Менің мектеп жасына дейінгі балаларға мемлекеттік тілді үйретудегі тиімді әдісім Эйдетика әдісі. Бұл баланың назарын, қиялын, есте сақтауын, кеңістікті бағдарлауына көп көмегін тигізеді. Мектеп жасына дейінгі балаларда эйдетика әдісін қолдану, меңгерту түрлі тиімді ойындар мен тапсырмаларды беру арқылы жүзеге асады. Эйдетика әдісі баланың үйлесімді дамуына ықпалын тигізеді. Бұл әдіс баланың көріп қана қоймай, сонымен қатар көруге, байқауға, түсінуге, берілген бейнелерге назар аударуына көмектеседі. Яғни бұл әдіспен баламен жеке жұмыс жасауда тиімді жолын береді. Эйдетика әдісінің өзі іштей түрлі әдістерге бөлінеді.

Қазіргі заманауи инновациялық технологиялардың дамуына байланысты балаға жағдай жасаудың көп мүмкіндігі бар. Эйдетика әдісі көбіне 3-4 жас аралығында меңгерту және дамыту өте тиімді. Себебі олар ол уақытта тез есте сақтағыш, байқағыш болып келеді. Осы тәсіл арқылы бала сандарды бір затпен байланыстыру арқылы, ұзақ өлең жолдарын бала өзінің әлеміне енгізу арқылы жақсы есте сақтайды. Осындай адамның есінде, яғни жадында сақталмайтын нәрселерді кезінде эйдетика әдісі

арқылы есте сақтау қабілеті арқылы ұзақ мерзімге сақталатынын дәлелдеген.

Баламен жеке жұмыстар кезінде эйдетика әдісінің кейбір элементтерін қолдануға болады. Мектеп жасына дейінгі бала берілген жаңа сөздердің бейнесін көру арқылы оңнан солға, жоғарыдан төменге көре отырып, қатарын сақтай алады. Қазіргі таңда мектепке дейінгі ұйым тәжірибесіне жаңа әдіс тәсілдер кеңінен енгізіліп келеді. Бұл әдісте мектеп жасына дейінгі бала үшін есте сақтау қабілетін жинақтауға, байқауға көп көмегін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. “Школы эйдетики” И.Ю.Матюгин әдебиеттері
2. Матюгин И.Ю. Чекаберия Е.И. Запоминание цифр, телефонов, исторических дат.-М.: Эйдос, 1995
3. Шебер-сыныптар «Мектеп жасына дейінгі балалардың интеллектасын эйдетика арқылы дамыту»
4. «Эйдетика құпиясы» Санк-Петербург 2013

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК НЕГІЗІ

ТАУЧАНОВА АЙГУЛЬ БУЛТАЕБАЕВНА

Ақтөбе қаласы

«№13 орта мектеп» КММ

информатика пәні мұғалімі

Еліміздің әлемнің дамыған мемлекеттер қатарынан орын алу үшін бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған жас ұрпақты қалыптастыру мәселесі алға шығып отыр.

Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында болашақ ұрпақты туған жерін қадірлеуге, тарихымызды, ұлттық құндылықтарымызды бағалауға, кейінгі ұрпаққа жеткізе алардай саналы болуына баршамызға атсалысуымыз керектігі айтылған [1].

Адамзатты өмірге, қоғамдық ортаға, уақытқа ақыл парасатымен, білімімен бейімдейтін ұлттық қасиеттер мен құндылықтар. Өркениет көшінің соңында қалуға болмайды. Көшке ілесіп, қанымызда бар қасиеттерді қайта түлетуіміз керек. Елбасының ұлттық кодымыз туралы ой өрбітуінде үлкен мән бар. Ұлттық код–ең алдымен тілде, сондай-ақ, дәстүріміз бен салтымызда, мінезімізді айқындайтын ділде, ұлттық мәдениетімізде екенін ұмытпағанымыз жөн. Атап айтқанда, ұлттық сана, тарихи туралы білу, білім, ұлттық тәрбие, имандылық, тектілік деген қасиеттерге бейжай қарамауға тиістіміз. Бұлар жеке адамды қоғаммен, бүтін бір ұрпақты ұлттық негізімен біріктіретіндігі айқын. Ұлттық құндылық – ұрпаққа мұра.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы міндет-өзінің өмірін жалғастырушы саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі-ұлт болашағы, келешек қоғам тәрбиесі. Адамзат тарихында құндылықтар қалыптасуының негізгі ерте заманнан-ақ ойшылдар мен ғұламалардың назарында болды. Олардың тәрбиелік негіздері атадан балаға ұрпақтан-ұрпаққа ізгі қасиеттер мен сезім ниеттерден тұрады. Ұлттық құндылық белгілі бір бағытты, мақсатты, жүйелі ұлттық көзқарасты, мінез-құлықтағы адамдық тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жүйе. Олай болса, ұрпақ тәрбиесіндегі құндылықтар негізгі ізгілікті, ақылды адамгершілік, парасаттылық, имандылық міндеттерін ажырата біліп өзіне таңдау жасауы. Кез-келген ұлттың сипаты бес қағидаға келіп тіреледі. Біріншісі –тілі, екіншісі –діні, үшіншісі-дәстүрі, төртіншісі –тарихы, бесінші-атамекені. Құндылықтар –шынайы ғана болады, ол адамға тәуелді емес, дей тұрғанмен ол ең алдымен адам санасында орын алады. Құндылықтарды сезім арқылы қабылдап, ал сана арқылы түсінуге болады, соның нәтижесінде тұлға құндылықты игереді, соған сай әрекет етеді.

Халықта «Балаңды өз тәрбиенмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген мақал бар. Жас ұрпаққа тәрбие мен білім беру саласында халықтық педагогиканы енгізе отырып, қазақ халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, мінез-құлық мәдениетін меңгеруде оқушылардың бойына ұлттық имандылық, адамгершілік, сыпайылық қасиеттерін қалыптастыру. Ұлттық тәрбие біздің ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін асыл қазынамыз. Ол болашақ болашақ ұрпақты өмір сүруге тәрбиелейтін үлкен тәрбие кітабы [2].

Қазіргі қоғамның сұранысын қанағаттандыру мұғалімнен жоғары мәдени –адами құндылықтар мен сенімдердің қалыптасқан жүйесін, кәсіби белсенділік пен өзін-өзі жүзеге асыруға деген ұмтылысты талап етеді. Осыған байланысты мұғалім тұлғасын үнемі шындап отыру қажет.

Қазақ ойшылдарының мұраларында отансүйгіштік идеяларын өскелең ұрпақтың бойында ізгілікті, адамгершілік, патриоттық құндылықтарын дамытуға қосар үлесі бар екендігін, оқыту үдерісінде, сыныпта, мектептен тыс тәрбиелік жұмыстарда ата-бабаларымыздың асыл құнды айтылған ой-пікірлерін қолданып, одан әрі дамыту қажет деп ойлаймыз. Еркін әрі белсенді ойлауға, оқу тәрбие үрдісін модельдеуге, жаңа идеяларды өзі туындатып, іске асыруға қабілетті мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің деңгейін көтеру проблемасы – қазіргі әлеуметтік- экономикалық жағдайда өзекті проблемалардың бірі болып табылады. Бір мақсат, бір мүдде үшін адамдардың бірлесіп өмір сүруі, яғни қоғам болып үйлесуі рухани және материалдық құндылықтарға негізделеді. Адамгершіліктің өлшемі саналатын рухани құндылықтарға отбасы, махаббат, достық, өзін өзі тану, дін, дәстүр жатады. Ал үй, жақсы жұмыс, қаржылық еркіндік сияқты материалдық игіліктер тұлғаның әлеуметтік мәртебесін қалыптастырады. Сондай-ақ бостандық, адамның қадір-қасиеті, теңдік және ынтымақтастық, демократия және заңның үстемдігі – қоғамның маңызды құндылықтары.

Патриоттыққа тәрбиелеу – күрделі педагогикалық процесс. Заман өзгерген сайын адамдардың қажеттілігіне қарай жалпы құндылықтар да ауысып жатыр. Осы тұрғыда ұстаздарға үлкен міндеттер жүктеледі. Жас жеткіншектерді Отанын сүйуге тәрбиелеу бір кезеңдік іс емес. Патриоттық тәрбиені қалыптастыру процесінің өз идеологиясы және айқын жүйесі бар. Мектептерде жас жеткіншектерді Отанын сүйуге тәрбиелеу қазақ халқының батырларының өмірі мен ерліктерін олардың жерін жауларынан қаймықпай қорғағандықтарын баяндау арқылы жүзеге асырылады.

Жас ұрпақты ұлттық бірлікке, Отанын, елін, жерін сүйуге, ұлттық тәуелсіз мемлекетті нығайтуға өз үлесін қосуға тәрбиелеуде көркем шығарманың маңызы зор. Патриотизм – жеке тұлғаның «табиғат-адам-қоғам» жүйесінде әлеуметтену үрдісін қамтамасыз ететін тұлғаның құнды сапалық қасиеті [3].

Патриотизм – отанға деген сүйіспеншілік, бойындағы күш-қуатын, білімін Отан игілігі мен мүддесіне жұмсау, туған жерін, ана тілін, елдің әдет-ғұрпы мен дәстүрін құрмет тұту [4]. Қоғамның игілікке ұмтылып, алға жылжуы үшін дәстүрлі құндылықтар мен жаңғырған құндылықтардың тепе-теңдігін сақтау қажет.

«Ту жанында қисық ағаш жатпайды» дегендей, сом тараулы тәрбие жолының тоғысар тұсы халықтың өзінде, ата –баба салт санасында, дәстүрінде. Жас ұрпақты ұлттық мақтаныш пен ұлттық патриотизм рухына қалай тәрбиелесек, еліміздің халқымыздың болашағы, даналығы да солай айқын көрінеді [5].

Мәселен, отбасы, ата-аналар мен балалар арасындағы байланыс, үлкенге құрмет, тағы басқа құндылықтар мен бәсекеге қабілеттілік, шет тілдерін меңгеру, инновациялық ойлау сияқты қасиеттерді қатар алып жүру керек. Жаһандану үдерістерінен қалыс қалмайтын Қазақстанда түрлі этномәдени бірлестіктер арасындағы өзара іс-қимыл күшейіп, қоғамға жаңа құндылықтар әкелді. Бұл жерде әртүрлі мәдениеттің қатар өмір сүруін, олардың өзара ықпал етуін, бір-бірін толықтыруын сақтау маңызды. Қоғам – бізді қоршаған орта. Ол ортаның жайлы өмір сүруіне, өсіп-өнуіне қолайлы болмағын кім қаламайды?! Сондықтан кез келген азамат қоғамның бір мүшесі ретінде айналасының аялы, жанға саялы болуына мүдделі.

Көпшіліктің бір-біріне ілтипат көрсетіп, ізетті, қайырымды болуы бірлігімізді бекітіп, берекемізді кіргізеді. Ізгілікті қоғам құру – ілгері жылжудың кепілі.

Ендеше, келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі болғандықтан болашақта іс-тәжірибемді түбегейлі білім мен мәдениеттің негіздерін беруші және олардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасалуы қажет. Сондықтан әр ұстаз ізденісте болу керек.

Өйткені, ұлттың болашағы – білімді, талантты, адамгершілік асыл қасиеттерді бойына сіңірген тәрбиелі ұрпақтың қолында. Ал сол тәрбиені

бала бойына нәр беріп сусындату мұғалім мен отбасының тәрбиесі болары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Садықов Т.С., Әбілқасымова А.Е. Жоғары мектепте білім берудің дидактикалық негіздері. - Алматы: Ғылым, 2003. - 168 б.
2. Толегенова, А. Б. Жеке тұлғаны ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу / Молодой ученый. — 2015. — № 7.2 (87.2). — С. 64-65.
3. Тәжібаев Т. Жалпы психология. Оқу құралы. - Алматы, 1993. - 240 б.
4. Мектептің тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі. Алматы-1999.
5. Алтынсарин атындағы қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті.
5. Ақылдың кені. Құрастырған Қ. Жарықбаев. Алматы 1991.

ВОСПИТАНИЕ ЦЕННОСТЕЙ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ

ТЛЕУЛИЕВА ГУЛЬАЙМ ШИНГИЗОВНА

Международная школа «Акбобек»

Актюбинская область

г. Актобе

Лишь знаньем жив человек,
Лишь знаньем движется век.
Лишь знанье – светоч сердец.

Абай Кунанбаев

Высоко оценивая роль воспитания в изменении нравов людей, Абай определяет нравственные цели воспитания и образования. Высшая цель воспитания в изменении нравов людей, как считал Абай, - сделать из ребёнка труженика и патриота, а цель обучения – познание вселенной, приобретение знаний, получение образования и профессии.

Из этого следует, что в современном образовании важнейшей целью и одной из задач общества и государства является воспитание, социально-педагогическая поддержка становления и развития высоконравственного, ответственного, инициативного, творческого, компетентного гражданина Казахстана. В настоящее время глубокие преобразования происходят во всех сферах жизни общества, поэтому очень актуальным стал вопрос формирования нравственных ценностей подрастающего поколения.

В связи с модернизацией системы образования произошёл резкий «рывок» в сторону интеллектуализации учебного процесса, на развитие лидерских качеств у каждого ребёнка и, к сожалению, уменьшился акцент на формирование нравственных ценностей личности. А мы знаем, что знания не ведут человека автоматически к пониманию смысла жизни, не делают его духовно развитой личностью. Несмотря на то, что работа ведётся в области нравственного воспитания на уроках обучения грамоте,

литературы, самопознания и других предметах, в данном случае направление учителя не систематизировано. Поэтому в настоящее время в школах стоит остро проблема разработки и внедрения целенаправленной системы по формированию нравственных ценностей. Для оптимизации этого процесса, по словам В. С. Леднёва, необходимо, во-первых, иметь отдельный общеобразовательный предмет и, во-вторых, «вкраплять» его во все другие предметы. во все сферы образования.

Если учитывать возрастные особенности и психологию детей, то мы знаем, что развитие основных черт духовного мира ребёнка, его нравственного облика, необходимо проводить уже в младшем школьном возрасте, когда закладываются основы личности и особенности характера человека. Нравственные понятия и категории, принятые ребёнком, становятся фактором и условием, обеспечивающим нравственную устойчивость личности, а сама устойчивость достигается через включение в процесс нравственного развития субъекта, когда он сам инициирует и организует процесс своего учения. Поэтому начальной школе отводится важная роль в этом процессе. Именно в этом возрасте закладываются основы нравственного облика, качеств личности школьника, согласно Л. С. Выготскому. Если эти свойства своевременно не сформированы, то это препятствует развитию личности, и ещё могут послужить причиной отклонения в развитии в подростковом возрасте, проявляющемся в асоциальном поведении.

То есть, формирование нравственных ценностей личности в младшем школьном возрасте представляет собой серьёзную научную проблему, требующую практического решения.

Изучение социологической, философской и психологической литературы свидетельствуют о наличии теоретической базы по комплексу указанных проблем.

Истоки становления основ теории нравственного воспитания школьников и молодёжи в истории педагогической мысли и науки нашей страны восходят к наследию казахских просветителей демократов Ч. Валиханова, Ы. Алтынсарина, А. Кунанбаева. А также дальнейшее развитие теории нравственного воспитания получает в трудах выдающихся казахских мыслителей, педагогов, поэтов Ш. Кудайбердиева, С. Торайгырова, Ж. Аймаутова, М. Жумабаева, М. Ауэзова, К. Сатпаева, Б. Момыш улы, М. Габдуллина и других.

Проблемы нравственного воспитания подрастающего поколения нашли своё отражение в трудах классиков отечественной и зарубежной педагогики и психологии, таких общественных деятелей, как В. Г. Белинский, Л. С. Выготский, Я. А. Коменский, К. Н. Вентцеля, Н. А. Добролюбова, А. С. Макаренко, В. А. Сухомлинского, И. Г. Пестолоцци, Н. И. Пирогова, Н. А. Добролюбова, Ж. Пиаже, Л. Кольберта, Л. Н. Толстого, Н. Г. Чернышевского, К. Д. Ушинского и других. Также на необходимость проведения специальной воспитательной работы в области формирования

нравственных ценностей указывают в своих трудах педагоги и психологи Ш. А. Амонашвили, Н. Д. Зотов, О. С. Богданова, Е. В. Бондаревская, А. А. Гусейнов, Б. Т. Лихачёв, Е. Н. Ильин, Н. Е. Щуркова, Э. И. Моносзон и другие исследователи.

Так в исследованиях психологов А. Н. Леонтьева, Б. Г. Ананьева, Л. С. Выготского, С. Л. Рубинштейна были заложены основы личностно-ориентированного подхода. В своих исследованиях они рассматривали личность как субъект, формирующийся в деятельности и общении с другими людьми и определяющий характер этой деятельности и общения. Такой подход в формировании нравственных ценностей проявляется в активном, деятельном участии в судьбе другого человека, в сочувствии, сострадании, сопереживании чужой беде, позволяет личности испытывать моральное удовлетворение от ценности своего поведения. В данном участии становление происходит в движении от простого выполнения нравственных норм к осознанию их и овладению нравственным поведением в обществе.

В современной психолого-педагогической литературе личностно-ориентированное образование представлено работами Е. В. Бондаревской, И.С.Якиманской, В.В.Давыдова, Д. А. Белухина, В.В.Серикова и других исследователей.

Для повышения эффективности, способствующие формирования нравственных ценностей, в исследованиях ряда учёных разработаны технологии, в которых определена роль гуманистических ценностей в духовно-нравственном воспитании подростков (Т. Н. Петракова), осуществлено педагогическое проектирование ситуаций выбора поступка младших школьников (О. В. Пантелеева), выявлены особенности процесса воспитания нравственных качеств личности младших школьников (В. Т. Чепиков), обоснованы педагогические условия актуализации нравственных поступков младших школьников (Е. В. Фадич).

Анализ работ последних лет, предметом которых является развитие у младших школьников нравственных представлений и понятий, даёт основание для утверждения, что исследование проблемы формирования нравственных ценностей личности в младшем школьном возрасте с учётом современных социокультурных условий представлено фрагментарно.

В выборе темы и формы занятий педагогу следует руководствоваться не только заранее составленным планом, но и конкретными ситуациями, которые сложились в классе. Учитель всегда является для учащихся примером нравственности и преданного отношения к труду. Сухомлинский считал, что «незыблемая основа нравственного убеждения закладывается в детстве и раннем отрочестве, когда добро и зло, честь и бесчестье, справедливость и несправедливость доступны пониманию ребёнка лишь при условии яркой наглядности, очевидности морального смысла»

Из этого следует, что «истинный показатель цивилизации не уровень богатства и образования, не обилие урожаев, не величина города, а облик человека, воспитываемого страной» Р. Эмерсон.

Используемая литература:

- 1.А. Э. Абдрахманов, Теоретические аспекты основ нравственного воспитания в Казахстане
- 2.А. Данилюк, А. Кондаков, В. Тишков, Концепция духовно-нравственного развития и воспитания личности

ТӘЛІМДІ СӨЗ – ТӘРБИЕ ҚҰРАЛЫ

ТОРЕБЕКОВА ЭЛЬМИРА АБСЕМАТОВНА

*«Өрлеу»БАҰО» АҚ филиалы Атырау облысы бойынша ПҚБАИ
«Білім беру процесін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу»
кафедрасының меңгерушісі,
қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының магистрі*

Ақын ағамыз М.Жұмабаев айтқандай «Тәрбие-адам баласын кәміл жасқа толып, өзіне-өзі қожа болғанша азық беріп өсіру»-деген екен. Сондықтан біз балаларымыздың болашағына, тәрбиесіне жауапты жандармыз.

Тәрбиелеу, оқыту білім беру бағытында ойшыл, ғұлама адамдардың өсиет еткен ұлағатты сөздерінің өзі баланың көңіл көзін ашып, көп жылдар бойына қалыптасқан қағидаларды терең ұғынуға жетелейді «Ұлы адамдардың ойларына бой ұру –өте бір қызықты ғылым» деген А.С.Пушкиннің сөзі де көп нәрсені аңғартады.

Хамит Ерғалиевтің «Баукеңнің телегей-теңіз тағылымы – болашақтың, таяу мыңжылдықтың әңгімесі» деуі тегіннен-тегін болмаса керек. Бауыржан Момышұлы– жалпы адам баласының, абзал қасиеттері бар азамат тәрбиесін отыз ойланып, тоқсан толғанған парасатты ойшыл кемеңгері. Ол, әсіресе, ұлттық тәрбиеге ерекше көңіл бөлген. Баукеңнің «Өзінің ұлтын сыйламаған – ұлтын мақтаныш тұта да алмайды, ол, сөз жоқ, арамза, тексіз әрі қаңғыбас» деуі жайдан-жай емес. Оның адами қасиеттер қатарына жатқызатын – ақыл, ар, ерік-жігер, намыс, сезім, парыз, ұлттық рух, ұлттық мінез-құлық, ұлттық патриотизм, ұлттық мақтаныш. Бұл ойлар арысы Абайдың «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады», берісі Мұстафа Шоқайдың «ұлттық рухсыз ұлт тәуелсіздігінің болуы мүмкін емес» деген қағидаларымен сабақтасып жатыр.Бойыңда болса ар-намыс,

Адамзат жинал жолға алыс.

Өмірдің мәні — өзгеріс,

Таланттың жаны — толғаныс

Әмзе Қалмырзаұлы, өмірдің мәні «АДАМ–дық» деген асыл қасиеттен тұратынын тұжырымдай келе жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде адамзатқа тәрбие беру тәрбиенің бір қырын көрсетері анық деп өз ойын білдіреді.

«Ас тасыса, қатығы төгілер, ашу тасыса, ақылы төгілер».

«Кейбір жоқшылық пен мұқтаждық сорына ұшыраған жандарды көргенде, өзіңнің амандығың мен бақытың үшін ұялғандай боласың» деген екен ұлы Мұхтар Әуезов.

Адам бойындағы барлық ең жақсы қасиеттер күннің нұрынан, ананың сүтінен таралған. Қазақ халқының ғұлама ғалымы әл-Фараби: «Адам мақсатына өзін-өзі жетілдіру арқылы жетеді және адамның басына қонған бақтың тұрақты болуы жақсы мінез-құлыққа байланысты» деген екен.

Ал өзінді алға қарай жетілдіру және бойында жақсы мінез-құлық қалыптастыру ең алдымен өзін-өзі танудан басталады. Өйткені, өзіңнің кім екенінді, қандай екенінді білмесең, жетілдіру тәрбиесінің қай бағытта жүретінін және қандай мінез-құлық қалыптастыру қажеттігін білу қиын. Адам-өз өмірінің суретшісі. Ол өмірді сырлап бояуға, оған ажар, түр беруге, оны әшекейлеп өрнектеуге еңбек етеді.

Өмір туралы ойланбайтын жұмыр басты пенде жоқ. Бірақ ешкімде сол ойының түбіне жеткен емес, бір пікірге келген емес. Әркім өмірді өзінше түсінеді, өзінше бағалайды, өзінше одан ғибрат алады. Біреу оған риза. Біреу одан түңілген. Біреу өмірді мәңгі күрес, айтыс, тартыс деп бағаласа, енді біреу сыры мол, мәні терең құбылыс деп сезінеді.

Дәл осы тұрғыда өзін-өзі тану пәні әлемдегі ең басты құндылық– адамның өмір сүру үшін, бақыт үшін, қуаныш үшін жаралғандығына негізделеді. Өмірдің осындай қарапайым ақиқатына – жақсы адам болуға тұлғаны жастайынан үйрету біздің басты міндетіміз. Бұл тұрғыда болашақ мұғалімнің рөлі аса зор.

Олай дейтініміз–ғалым Платонның айтуы бойынша, «Әлемнің жеті данагөйі» Дельфидағы Аполлонның сарайында бас қосып, ортақ бір ғана тұжырымға тоқталыпты. Латын тілі үлгісінде әрқайсысы «Өзіңді өзің таны» (*nosce te ipsam*) деп жазып қалдырған екен. Біз, кез- келген нәрсені өзімізден, өзімізді танудан бастауымыз керек. Яғни, өзімізді өзіміз танымасак, өзгені қалай танимыз?! Мағжан атамыздың «Өзіңді өзің танысаң істің басы» деген сөзінің мағынасы осында жатса керек. Өзін – өзі тану өмір бойы жалғасатын үрдіс. Өзін–өзі тану жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды меңгеріп, өмірдің мәнін түсінгенде ғана өзінің ішкі жан дүниесімен үйлесім табады. Өзін – өзі тану–өзі, өзінің жан дүниесін тануына көмектеседі. Менің түсінігім бойынша, әлемнің ең басты құндылығы – адам және адамның өмір сүруі үшін бақыт үшін, қуаныш үшін жаралғандығына негізделген. Өмірден түйгендеріммен көргендерімді сараптай келе «Өзін-өзі тану» пәнінің жас ұрпаққа рухани - адамгершілік тұрғысынан білім берудегі ұтымдылығына көз жеткіздім. Өзіммен өзім, тып-тыныш. Оңашада ішкі ойыңмен сырласу қандай ғанибет десеңші... Шешімі табылмаған мәселелердің басты себебін табасың.

«Өзін өзі тану» пәні-қазіргі қоғамда өте керекті пән. Атынан көрініп тұрғандай, адам өзгені тану үшін біріншіден өзін жақсы танып білу шарт. Біздің негізгі бағытымыз осы болмақ.

Мектепте өзін–өзі тану пәнін оқу барысында жасөспірім санасы мен танымы арқылы өзін–өзі білуді, өзінің жеке іскерліктері мен дағдыларын, білімдерін бағалауды үйренеді.

Біздің мектепте пәнді оқытқаннан бастап оқушылардың өздерін–өздері танып білуге деген құштарлық сезімі ояна бастады. Табиғатты қорғау, аялауда, ата–ананы, мұғалімді, жолдастарын құрметтеуде, адамгершілік қасиеттерін одан әрі дамытуда, адамдарды жақсы көруге, жақсылық жасауға, кешірімшіл болуға үйретуде «Өзін – өзі тану» пәнінің ықпалы зор.

Жеке тұлғаның өмірде Адам болып қалыптасуына «Өзін – өзі тану» пәнінің өрісі кең ықпалы, болашағы зор. «Балаларды бар жүрегіңмен жақсы көру керек, ал оларды осылай жақсы көру үшін, махабатты қалай көрсету керектігін олардан үйрену керек. Мектептегі әрбір күнді, әрбір сабақты педагог ол балаға сыйлық болатындай ұйымдастыруы тиіс. Баланың өз ұстазымен араласқан әрбір қарым – қатынасы оған қуаныш пен оптимизм сыйлауы керек». Өз еңбегінде ол балаларды жақсы оқуға үйрету жайында айта келе ол: «Егер сенің сыныбыңда балалардың көпшілігі оқығысы келмесе, онда сен жаман ұстаз болғаның, ал сыныпта балалардың көпшілігі оқығысы келсе, онда сен жақсы ұстазсың, ал егер сенің сыныбыңдағы балалардың барлығы оқығысы келсе, онда сен жақсы ұстаз ғана емессің, сонымен қатар жақсы тәрбиешісің»-деген екен.

Ш.Амонашвили. Өзін–өзі тану пәні болашақ ұрпақтың бойында рухани жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде адамгершілік қайнарын сіңіріп, мінез–кұлқын тәрбиелеуге, жалпыадамзаттық құндылықтарды, адамгершілік принциптері мен мұраттары ғұмыр бойы басшылыққа алатын тұлға қалыптастыруға негізделген. Ұлы ғұламалардың тұжырымдағанындай «Алдымен шын риясыз сүй, содан кейін үйрет» деген қағидатты әрбір тәрбиеші өз ұстаны етіп ұстанса, «АДАМ» тәрбиесі ата–баба салып кеткен сара жолға түсіп өз бастауларына қайта оралары сөзсіз. Осы үдерістер негізі:

1. Қоршаған ортаға, табиғатқа деген сүйіспеншілік пен жауапкершілікті қалыптастырады.
2. Шығармашылық жасампаз тұлға ретінде танылуға ықпал етеді.
3. Ортада өзін қалай ұстау керектігін үйренеді, адамдық өміріне бейімделеді.
4. Сабақ балалардың қызығушылығын оятты, оларды толғандыратын көптеген тақырыптарға ашық әңгіме қозғауға мүмкіндік алды.
5. Өмірлік даналықты өз жас ерекшеліктеріне сай дұрысы мен бұрысын ажыратуға үйрене бастады.
6. Өзін – өзі тануға, өзін – өзі тәрбиелеуге, өзін – өзі жетілдіруге талпынады.
7. Өмірді, өзін, айналасын, адамзатты сүюді үйренеді.
8. Өзінің тұлға ретінде өзгенің сыйластығын тудыратын шексіз мүмкіндіктері мен азын – аулақ кемшіліктерін сол қалпында қабылдайды.
9. Жалпыадамзаттық құндылықтар: ақиқат, дұрыс–әрекет, сүйіспеншілік, жан тыныштығы, қиянат жасамау бойында қалыптасады.
10. Рухани адамгершілік құндылықтары дамиды, қайырымдылыққа,

мейірімділікке, сүйіспеншілікке тәрбиелейді.

Адамның өзінің теріс қылықтарын жойып, жағымды қасиеттерін жетілдіру жөніндегі саналы, мақсатты іс-әрекеті өрбиді. Өзін-өзі тәрбиелеу элементтері мектеп жасына дейінгі балаларда кездеседі. Бұл кезде бала өзінің жеке тұлғалық қасиеттерін түсінбейді. Бірақ өзінің мінез-құлқының үлкендерге ұнайтын ұнамайтынын ұғынады. Өзін-өзі тану, өзін-өзі бағалау және өз қылықтарын талдау жеткіншек алты жаста байқала бастайды. Жеткілікті әлеуметтік тәжірибенің және психологиялық дайындықтың жоқтығына жасөспірімдер өз қылықтарының мотивтерін түсіне бермейді. Сондықтан үлкендердің көмегінсіз өзін-өзі тәрбиелей алмайды. Оларға міндетті түрде педагогикалық жетекшілік қажет. Жеке адамдық қасиеттер едәуір дәрежеде қалыптасқан жасөспірімдік жаста өзін-өзі тәрбиелеу жеткіншек алты жасқа қарағанда мақсатты және сапалы түрде болады. Өзін – өзі тәрбиелеу адамның моральдық қасиетінің бір түрі. Адам өзінің іс-әрекетін, ақыл-санасын іштей бақылап, бағыттап отыруы, өзін – өзі бақылау арқылы жаман әдеттерден тиылып, жақсы әдеттерін, жағымды мінез құлқын дамытып жетілдіреді. Өзін-өзі бақылау, тәрбиелеп жетілдіру үшін еркін берік ұстауы, ұстамдылығы, саналы әрекетте болуы керек. «Өзін-өзі тану-даналықтың белгісі, жеке тұлғаның рухын тану-адамгершіліктің белгісі» деген нақылды алға тартқым келеді.

Әдеп сөздерімен шығармашылық жұмыс жүргізу күнделікті өмірдеқарым – қатынаста өзін көріп байқай білсе, тани түссе деген ойға да жетелейді.

Сөз халық қазынасы, руханилықтың өнегелі өрісі. Халықтың астарлы даналық сөздері өмірдің шындығын, халықтың салт-дәстүрін, психологиясын айқындап береді, әр сөздің тәлімдік мәнін ашады.

Егер адам баласы бір-біріне зорлық жасамай, барлық адам бір-біріне бір бауырдай болып, өнер-білімімен, таза еңбекпен табиғаттың байлығынан пайдаланып отырса, дүние пейіш болуында сөз жоқ ойы биік даналарымыз.

Мейірім, ынсап, ақ пейіл, адал еңбек–осы төртеуі кімнің бойында болса, сол шын АДАМ болады деп өз тұжырымын жасаған Шәкәрім Құдайбердіұлы

Адамдық борышын
Халқыңа еңбек қыл,
Ақ жолдан айнымай,

Ар сақта, оны біл. Әр адам өз адамдақ парызын дұрыс түсініп пайымдаса, өмірде қателіктер аз болары сөзсіз.

Қай жерде саған қайшы келетіндей талас туындаса да, сен оған сүйіспеншілікпен жауап қайтар. Қиянат жасамау күші табиғи материалдық күшке қарағанда анағұрлым шексіз нәзік және ғажайып дүние деген екен даналарымыз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар мен педагогтердің жаңашыл тәсілдері негізінде тәрбие жүйесін жаңарту жолдары. Әдістемелік құрал. Астана. 2013
2. Назарбаев, Н.Ә. Интеллектуалды ұлт – 2020 / Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» стипендиаттарының форумында сөйлеген сөзі // Астана: 2008.– 30 қаңтар. – Online Zakon KZ / document/.
3. «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы / Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 ақпандағы № 191 Қаулысы // ресми мәтін. – Астана, 2013.
4. Мырзагелді Кемел «Абзалдық әліппесі»
5. Интернет ресурстары

ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ- МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ НЕГІЗДЕРІ

ТУЛЕГЕНОВА ШЫНАР ИБРАЕВНА

Атырау қаласы

№26 «Жұлдыз» бөбекжай-бақшасының
екінші санатты тәрбиешісі

Ұлттық салт дәстүрді мәдениетпен өнерді насихаттау – тәрбиенің төресі. Жас ұрпаққа жоғары деңгейдегі ұлттық сана сезімді, рухани мұраларға және ұлттық мәдениетке деген құндылықтарды қалыптастырып, рухани мұраға және ұлттық мәдениетке құндылық қатынастарын қалыптастыру отансүйгіштік, ұлттық намыс сезімдерін қалыптастырады. Балабақшадағы ұлттық тәрбие берудің мақсаты: Ұлтжандыққа отансүйгіштікке тарихын мәдениетін салт-дәстүрін терең меңгеруге ана тілін қадірлеуге үйрету. Балабақшадағы ұлттық тәрбиенің міндеті ата бабамыз қолданған үрдіс пен бүгінгі жаймен саралап, халықтық педагогиканың асыл мұралары негізінде саналы тәрбие беруді қиыстыру. Көкпар, бәйге, қыз қуу, теңге алу, аударыспақ, т.б ойындарымыз арқылы қазақи қайнардан тәлім алса ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп өседі. Балабақшадағы ұлттық тәрбиені өзектілігі тәрбиеленушілерді рухани ізгі қасиеттерге баулып, тәрбиенің көздері ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеуге халықтың салт – дәстүрлерін аялай білуге ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу болып табылады. Сәбилердің жас ерекшелігін ескере отырып елін жерін қорғауда атадан балаға мирас болып қалған тарихын салт дәстүрін, ана тілін қастерлеу үлкенге – құрмет кішіге ізет көрсетуін мұра етіп, тәуелсіз еліміздің парасатты адамгершілігі биік білімді азаматтарын тәрбиелеуде адами қасиеттерді қамтып білімді ұлттық қасиетті түсінетін тұлға тәрбиелеу. Қайырымдылықты – халықтан, пайымдылықты – қариядан үйрен деген ұлтымыздың тал бесіктен

жер бесікке дейінгі екі аралықтағы өмірінің мәні боларлық адами қасиеттермен әдет ғұрыпты оқу ісәректін ұйымдастыруда үйреніп, алдағы өмірлерінде арқау болатынын ұғындыру. Бүгінгі ғаламдану процесінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен өзінің бет-бейнесін, ізгі дәстүрлерін сақтау жолындағы күрес ұлттық сананы сақтау күресі екенін түсіну. Ұлттық тәрбие деп жеке тұлғаның ұлттық сана сезімі мен мінез-құлқының ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрлерді меңгеруі негізінде қалыптасуын айтамыз. Халқымыздың бай ауыз әдебиеті арқылы ата-бабаларымыз қалдырған мұраларға сүйеніп, балдырғандардың еңбекке, өнер-білімге деген құлшынысын арттырып, салт-дәстүр мен әдет-ғұрпын біліп өсуіне, рухани адамгершілік қасиеттерге баули аламыз. Ұлтымыздың ұлағатты дәстүрлерін бала тәрбиесіне арқау етіп, өнеге көрсетудің маңызы зор.

Жас ұрпақты тәрбиелеуде ауыз әдебиетіндегі өлең-жыр, тақпақ, жаңылтпаш, ертегі, мақал-мәтел, жұмбақтар, шешендік сөздер, тиым сөздер, санамақтар әр тәрбиешінің жұмысында негізгі орын алуы тиіс. Осы салаларды балалардың жас ерекшеліктеріне қарай және оларды жалықтырып алмайтындай етіп, бойларына сіңіру әрі олардың тілдерін дамыту үлкен жауапкершілікті талап етеді. Өйткені, сәби жастан бастап балаларға ертегі тыңдатып, халық ауыз әдебиетімен сусындату келешек ұрпақтың ойының ұшқырлығына, тілінің байлығына, сана – сезімінің өсіп дамуына көп әсерін тигізеді. Халықтық тәлім-тәрбиедегі санамақтар баланы тез санауға және де ауызша есептерді тез үйренуге тәрбиелейді. «Ойлайық та, ойнайық», «Шешендікке баулу», «Ойнай біл, ойлай біл», «Сергіту жаттығулары», «Әдемілік, әдептілік» атты кітапшалар 5-6 жастағы балалармен ойын түрінде өткізілетін сабақта қолдануға болады.

Санамақты халық негізінен жас балаға сан үйрету мақсатында шығарған. Санамақ балаға санды үйретеді, әрі дүние танытады, әрі баланың қисынды ойлауы мен математикалық ойлау қабілетін дамытады. Балаларды шешендікке баулуда билермен хандардың, ақындар мен шешендердің, данышпандардың өнегесін үнемі үйретіп отыру қажет. Халық ауыз әдебиетінің ішіндегі балалардың ең сүйіп тыңдайтыны ертегілер.

Халықтық шығармалар ішінде баланы дұрыс, анық сөйлеуге үйрететін, тілін жаттықтыруға бейімдейтін жанр жаңылтпаштар мен жұмбақтар. Жаңылтпаштар арқылы сөздерді дұрыс сөйлеуге жеке дыбыстарды алмастырмай дұрыс айтуға үйретеді, ал жұмбақтар баланы байқағыштыққа, тапқырлыққа баулып, ой-қиялын ұштауға әсер етеді.

Мектепке дейінгі балаларды өз ана тілінде сөйлеуге үйретуде, тәрбие мен білім беру жұмыстарын ұйымдастыруда олардың сөйлеу тілін дамытуға, сөз құрастырып сөйлеуіне, сөздік қорының молаюына баса көңіл бөлген жөн. Сәбилердің дүниетанымын кеңейтіп, ойын өрістетіп, тіл байлығын жетілдіруде көркем әдебиеттің алатын орны ерекше.

Балабақшада тіл дамыту жұмыстарын айнала қоршаған ортамен, сондай-ақ көркем әдебиетпен таныстыру арқылы жүзеге асыруға болады.

Балаға әңгімелеп айтуға, оқып тыңдауға, жаттауға арналған материал оның даму деңгейіне, жас шамасына лайықты болғаны жөн. Әдеби шығармалардың тілі жеңіл де, көркем, балаға түсінікті, олардың сөз қорын жаңа сөздермен байытатындай болуы керек.

Ертегі – адам даналығының қиял-ғажайып туындысы, ол адамды қуанышқа кенелтеді, өз күшіне, болашағына деген сенімін ұштап, батырлыққа, адамгершілікке, шынайылыққа тәрбиелейді. Халық ауыз әдебиетінің ішіндегі балалардың ең сүйіп тыңдайтыны ертегілер. Балаларға ертегіні әңгімелеп бергеннен кейін оны сахналап қойып, және қуыршақ, саусақ театрлары арқылы көрсетіп үйреткен тиімді. Қазақ ертегілері адамды сиқырлы күштермен таңғалдырады: самұрық құстың алыптығы, адамша сөйлейтін Шалқұйрық, жәндіктер де бар... Бұл ғажайып кейіпкерлер ертегіден ертегіге «көшіп» жүреді. Ертегі мен кейіпкерлердің аттары әртүрлі, сюжеттері ұқсас болып келеді. Балаға адамдық қасиеттің нәрі ертегі арқылы ана сүтімен қоса сіңіріледі. Өйткені, оның жаны күнәдан пәк, таза, көңілінде күдік жоқ. Бәріміз де жақсы, жанға жайлы, рахат табатын ертегіні тыңдап, сол ертегілерден адам бойына керектіні сіңіріп өстік. Бала жанын қоректендіретін рухани қор – айналадағы барлық табиғат болмысы, жанды мақұлықтың бәрімен табыстыратын, терең де таңғажайып сырларға толы ертегілер. Тәрбиенің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу. Ертегінің рухани тәрбиелік мәні зор. Ол – балаларға рухани ләззат беріп, қиялға қанат бітіретін, жас баланың өсіп жетілуіне қажетті нәрсенің мол қоры бар рухани азық. Руханилық – жеке тұлғаның негізгі сапалық көрсеткіші. Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, ар-ұят, өзін-өзі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Мұның өзі мейірімділікке, ізгілікке шақырады. Балалық шақтан балаларды қоршаған болмысқа дұрыс түсінікті тәрбиелеу қажет. Әрине, бала қоршаған ортамен өзі танысады. Дегенмен, отбасы, балабақша балада болмысқа деген белсенді танымдық қатынасты оятуға бағытталуы керек. Болмысқа танымдық қатынасты ояту мен тәрбиелеудің бір жолы – өмірді тікелей бақылаудан басқа танымдық әдебиеттерде жатыр. Бүгінгі күні оқытуға қойылып отырған талаптардың бірі – өмір шындығын балаларға халық ауызекі шығармашылығы арқылы көрсету, оның негізінде балалардың ой-өрісін, қиялын, эстетикалық және адамгершілік сезімдерін дамыта отырып, олардың халық шығармашылығына сүйіспеншілік, еңбексүйгіштікке деген көзқарасын арттыру болып табылады. Егер халық ертегілеріне педагогикалық-психологиялық тұрғыдан қарайтын болсақ, мұның жасөспірімдерге танымдық әсері жоғары. Халық ертегілерінің таңдаулы үлгілері ғасырлар бойы жасалған халық шығармашылығы болғандықтан оның ішінен көркем тіл де, терең ой да, тамаша үздік кейіпкерлер де табылады.

Балаларға кітаптан көлемдірек ертегі, әңгіме оқып беріп, оқылған шығарманы 15-20 минут тыныш тыңдай білуге, әңгімелеп беруге үйрету қажет. Сондай-ақ оқылған әңгіме, ертегі мазмұнына сай бір оқиға төңірегінде (демалыста, саяхатта) сурет бойынша әңгіме құрап айтуға мүмкіндік жасау керек. Мысалы. «Шалқан» ертегісіндегі кейіпкерлерді рет-ретімен қою арқылы бала ертегіні толықтай айтып шығуға талпынады.

Шығармаларды оқытқан кезде қоғамдық өмірге, іс-әрекеттерге байланысты жаңа сөздердің мән-мағынасын түсіндіріп отырған жөн. Көркем әдебиет арқылы бала тілін дамытуда тек қана ертегі, өлең, әңгімемен шектелмей жұмбақ, жаңылтпаш, санамақ, мақал-мәтел түрлерінің де мәні зор.

Бала тілін дамытуға көркем әдебиет түрлерін орынды пайдалана білген әрбір тәрбиеші баланың санасын арттыра отырып, түсінігін кеңейтіп, ұғымын байытады.

Балабақшадағы балаға берілетін бүгінгі тәрбиенің ең өзек алатын жері – ол ата-бабадан қалған асыл мұра. Біз болашақ ұрпақ тәрбиесімен айналысатын қазақ тілі мұғалімдері халқымыздың таусылмас бай асыл мұрасына жүгінсек, ұрпағымыз біздің іс-тәжірибемізге, ой-санамызға, парасатымызға жүгінуі тиіс. Біздің балабақшамыздағы жүргізіліп жатқан жұмыс бағыты балаларды ата-бабадан қалған салт-дәстүрлерге, адамгершілікке баули отырып, жаңа дәуір технологиясын табысты игеру. Алға қойған мақсатымызды жүзеге асу үшін біз ең алдымен өзіміздің ана тілімізді толық меңгеруіміз қажет. Бүгінгі таңда тіл туралы көп айтылады. Ана тілін қастерлеген адам өз халқының тарихын, тұрмыс жағдайын, тыныс тіршілігін жақсы біледі.

Сондықтан балабақшадан бастап өз ана тілімізде сөйлеп, өз халқымыздың қадір-қасиеті, рухани құндылығымызды біліп өссек, болашақ ұрпақта өз тілін қадір тұтады. Тіпті өмірде болып жатқан жаңалық та, басқа да өзгерістер біздің сана-сезімімізге өз деңгейінде келіп жетіп, жалғасын табады. Бала бойына Отанына деген сүйіспеншілік қасиет сәби шағынан бастап сіңеді. Тіліміздің құндылығы бала жүрегінде сақталады.

Біздің №26 «Жұлдыз» бөбекжай бақшасында тәрбиелеу, оқыту жұмысында балалардың тілін, сөздік қорларын дамыту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті іс-әрекет кезінде тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән беріледі. Балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр-түсін және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым-қатынас жасай білуге үйретеміз. Балалардың сөздік қорын дамытуда ойын тапсырма жаттығулардың орны ерекше. Отбасында, ұйымдастырылған оқу, іс әрекеттер де балаларға ертегі, әңгіме, өлеңдерді оқып беру – балалардың оқылған шығармалардың мазмұнынан қуанышқа бөленіп, оқиғаны талдауға қатысуға, оны сахналауға ынтасын оятады.

Ата-бабаларымыз өмірдегі бар асылын ұрпағына арнаған, оның келешегін әріден ойлап, нәрестенің дүниеге келген сәтінен-ақ шілдеhana, бесіктойы, тұсаукесу, тілашар рәсімдерін жасаған. Оны өлең жырмен кестелеп, баланың құлағына әуенмен жеткізе білген. Қазақ халқының бай салт –дәстүрі мен әдебиетінің келер ұрпаққа берер тәрбиесі көп. Соның ішінде халық ауыз әдебиетінің маңызы ерекше.Жазу сызу болмаған кезде халықтың ой арманынан шыққан әңгімелер жұмбақтап айтқан сырлары,тілдерін ұштаған жаңылтпаштар, өтірік өлеңдер ұшқыр ойдан шыққан мақал мәтелдер, қиял ғажайып ертегілер баланың тілін ойын дамытатын санамақтар ұлттық тәрбиені қалыптастыруда ерекше орын алады.халық ауыз әдебиетінің салалары өте көп.Олар жырлар,мақал-мәтелдер ,жұмбақ ,жаңылтпаш,санамақ өтірік олеңдер т.б.осы салаларды балалардың жас ерекшеліктеріне қарай оларды жалықтағырып алмайтындай сана-сезіміне әсер ету арқылы қызықтыра отырып,бойларына сіңіру,олардың тілдерін дамыту үлкен жауапкершілікті талап етері хақ. Халық ауыз әдебиетінің үлкен бір тармағы –тұрмыс салт жырлары.Оның ішінде бесік,тұсау кесер жырлары баланың тіліне жеңіл,жаттауға оңай әрі қызық болғандықтан сүйсіне жаттайды. Бесік жыры –бала өміріне бастау болатын арна –ана поэзиясы .ананың арман –тілектерге бай бесік жырлары сәби жүрегіне аналық махаббаттың сүйіспеншіліктің адамгершіліктің негіздерін ұялатады.баланың жан дүниесінде әлди жырлар арқылы тәрбие мен ұлттық сана қалыптасып,этномәдени нәр себеді . «Тәрбие тал бесіктен басталады» демекші тәрбие өзегін адамның сәбилік кезеңінен қолға алып,бесіктегі күнінен ұлттық рухани тәрбиемен сусындату қажет.бесік жырларының әуені әр балалы отбасында айтылуы –ұлтымызды сақтаудың бірден-бір тура жолы. Бесік жырын мазмұнына қарай бесікке бөлеу, жұбату, тілек айту деп топтауға болады. Жаңылтпаш Халық баланың тілін ширату үшін ,оған сөз үйретіп ,дүниетанымын дамыту мақсатында жаңылтпаштар ойлап шығарған.бөбектің тілі шығып,балдырған жасында сөздік қоры молая бастаған кезде ,кейбір дыбыстарды айта алмай немесе қинала айтады. Тілін мүкістендірмей мүдірмей сөйлеу үшін ,қиналып айтылатын дыбыстары бар сөздерді бала неғұрлым жиі-жиі дыбыстап,жаңылмай жаттықса сөйлегенде де мүдірмей өз ойын толық жеткізетін болады. Жаңылтпаштарды жаттап,жаттыға айту арқылы баланың ана тілін ардақтау сөз қадірін білу сезімі қалыптасып,ой-қиялы дамиды тәлім алады.

Жаңылтпаштар

Ай, ай, Айдарбай,

Иір мүйіз сиырды

Үйіңе айдай бар!

* * *

Есет ағам ет асатар,

Ет асатса, бес асатар.

Жұмбақ -нақты бір зат туралы тұспалдап ,ұқсатып,бейнелеп айту арқылы баланы ойлату ,танымдық білімдік ұғымдармен түсініктерді ой қиял

елегінен өткізіп,тұжырым жасап,шешімге келуде тапқырлық пен дүниетанымдық дәрежесін байқау үшін айтады. Заман өзгерген сайын ұлттық тәрбиеде жаңа мазмұнды жұмбақтармен толыса береді. Жұмбақтарды Аристотель «Жан-жақты жымдасқан метафора»дейді Яғни затты бейнелеп,баламалапсипаттау арқылы ұқсас заттардың қасиеттері мен түріне аумағына көлеміне зер салып,жұмбақты шешуші жұмбақты шешеді,әр заттарды салыстыра көз алдына елестететіпдүниетанымдық қабілетін дамытады. Жұмбақтар көбінесе үйлесімді ұйқасы әсем де ырғақты өлеңмен құрылады.қара сөзбен жасалған жұмбақтар бар.Жұмбақтарды жаттап айтумен қатар кез келген айтушы өз ойынан құрастырып та айта береді ,тек жұмбақтың сөздік қисыны ,өлеңдік үйлесімі болуға тиіс.Жұмбақ айтушы неғұрлым көбірек күрделірек жұмбақтарды тауыпайтып, шешушіні жеңіуге тырысады. Егер жұмбақ шешуші мүдірмей айтылған жұмбақтарды дұрыс және толық шеше алса ,оның өзі де жұмбақ айтыпжұмбақ айтыс жалғасып, айтушы мен шешуші өз білімін сараптайды.

Жұмбақтар

Таңмен көзін ашады,

Әлемге нұрын шашады. (Кун)

Қабат-қабат қаттама,

Ақылың болса, аттама, (Кітап)

Көзіңе көрінбейді,

Қаңғуға ерінбейді.

Шалғынды жапырады,

Жол бойын сыпырады. (Жел)

Қол созсаң, ақ күміс

Алақанға толады.

Ашып-жұмсаң,

із-түссіз

Лезде жоқ болады? (Қар)

Мақалдар- нақыл өсиет түрінде айтылатын ой түйіндері сөз мәйегі мақалдар көбінесе өлеңдік өрнекпен сабырлы салмақты ырғақпен айтылады. Қара сөзбен яғни шешендікпен айтылатын мақалдарда бар. Мақал негізінен екі бөлімнен құралады.Пайымдау-айтылған ойдың түп негізі.екінші ой қорытындысы айтылады. Мәтелдер –негізінен тұжырымы тұспалы өлеңде сыңар тармақты қара сөзде нұсқалы сөз ретінде пайдаланылады. Мәтелдер тура және ауыспалы мағынада айтылады. Мысалы «Қадіріңді білгенге жұмса.», «Тікен гүлін қорғайды.» қазақ халқы –сөз қадірін біліп,қасиетті сөзді қастерлеп,ауызынан тастамай өнеге ретінде данышпандығын өлең өрнектерімен өрнектеп,терең мағыналы сөздермен өрнектеп келе жатқан халықМақалсыз мағынасыз сөйлеген қарт адамның сөзінің қадірі болмайды.қазақтың мақал мәтелдерінің көбірек қамтитын тақырыптары Елдік,ынтымақ,бірлік туралы мақал мәтелдер.

Мақал-мәтелдер

Оқусыз білім жоқ,
Білімсіз күнің жоқ.

* * *

Ақыл — тозбайтын тон,
Білім — таусылмайтын кен.

* * *

Әдепті бала — арлы бала,
Әдепсіз бала — сорлы бала.

* * *

Санамақ –халық негізінен жас балаға сан үйрету мақсатында айтқызады. Санамақтар әрі сан үйретеді әрі дүниені танытады. Әр баланың қисынды ойлауы мен математикалық логикасын яғни ойлау қабілетін дамытады.Санамақтардың түрлері өте көп оның үстіне заманға сәйкес жаңадан қосыла береді. Атау ұйқастырып санау арқылы бала әрі сан үйренеді оның үстіне санға аты ұйқасқан заттарды танып біледі.Саусақ санау ойыны баланы сан үйретуге ынталандырады,көңілдендіреді,санамақ айтыста бала санға ұйқас сөз табу арқылы ақындық қабілеті байқалады.Егер ол ұйқас таба алмаса айтыста жеңілген болып табылады,балабақшада балаларға санамақтардың сан алуан түрлерін үйретіп оны айтқызу санамақ шешімдерін дұрыс шешкендердің білімін бағалап,оларды мадақтап отыру кажет.Кейбір санамақтарды әнге қосып айтуға болады.

Халықтық педагогика – ұлттық қазына, сондықтан да оқу-тәрбие жұмыстарына оны кеңінен қолданып, бала бойына ата-баба өсиеттерін, салт-дәстүрін сіңіріп, халық қамын ойлайтын тілін, дінін терең білетін, ұлтжанды, білімді жас ұрпақ тәрбиелеу баршамызға ортақ міндет. Олай болса, тәрбие саласындағы еңбегіміз қашанда жемісті болсын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық мәселелері және тарихы. – Алматы: “Білім” 2004.
- 2.Жарықбаев К.Б.,Қалиев С.Қазақ тәлімінің тарихы. Алматы: “Санат”1995.
- 3.Оразаев М., Смаилова М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. – Алматы: “Рауан” 1995.
- 4.Жұмабаев.М. “Педагогика” – Алматы: “Ана тілі” 1992.
5. Бала мен балабақша №1, №2,№3,№4 2011
6. Бала тәрбиесі №1, №2,№3,№4 №5 2011
- 7.Отбасы және балабақша №5 2009,№3 2010, №5 2010

ВОСПИТАНИЕ И ОБРАЗОВАНИЕ УЧАЩИХСЯ ЧЕРЕЗ НАЦИОНАЛЬНЫЕ ЦЕННОСТИ НА ОСНОВЕ ТВОРЧЕСТВА АБАЯ

УМАРОВА ГАНИЯ БОДАУБАЕВНА

*Преподаватель русского языка и литературы
Кульсаринский гуманитарно – технический колледж
им.Т.Байсырымова,
Жылыойский район
г. Кульсары*

Современное образование в настоящий момент требует высокой профессиональной компетентности путем поиска передовых педагогических идей, направленных на пропаганду национальной культуры и ценности народа Казахстана в соответствии с требованиями нового времени. Поэтому, главной целью современного образования являются – воспитание казахстанского патриотизма и гражданской ответственности, уважения к национальным обычаям и традициям казахского народа.

Данный аспект образования подразумевает обучение подрастающего поколения функциональным знаниям, социально – значимым способностям, обучение полезным формам деятельности, правильным способом общения, а также привитие правильных норм поведения.

Каждый учащийся в процессе обучения должен усвоить навыки функционального и творческого применения знаний, должен обладать критическим мышлением, должен обладать навыками проведения исследовательских работ с использованием информационно-коммуникативных технологий, применяя различные способы коммуникации, в том числе языковые навыки.

Одной из главных ценностей современного образования является нравственный и политический принцип, социальное чувство, содержанием которого является готовность служить интересам Казахстана и его граждан, признание прав, достижений, интересов и убеждений других людей в рамках общепринятых морально – этических норм, независимо от этнических, конфессиональных, гражданских и социальных признаков.

Духовно – нравственное развитие личности осуществляется в процессе социализации последовательного расширения и укрепления ценностно – смысловой сферы личности, формирования способности человека оценивать и сознательно выстраивать на основе традиционных моральных норм и нравственных идеалов отношения к себе, другим людям, обществу, государству, Родине.

Национальные ценности являются основным содержанием духовно – нравственного развития граждан Казахстана. Национальные ценности сохраняются в религиозных, культурных, социально – исторических, семейных традициях народов многонационального Казахстана, передаются от поколения к поколению, поддерживают эффективное развитие страны в современных условиях.

Важнейшая цель современного образования и одна из приоритетных задач общества и государства – воспитание нравственного, ответственного, инициативного и компетентного гражданина Казахстана. Процесс

образования—это процесс развития личности, принятие духовно – нравственных, социальных, семейных и других ценностей.

Основные направления развития личности определяются воспитание личностей культуры, социальной культуры, семейной культуры.

Это осознанное восприятие и принятие обучающимися ценности семейной жизни, культуры своего народа, духовного наследия выдающихся деятелей казахского народа батыров, жырау, поэтов и писателей, деятелей культуры и искусства.

У каждого народа есть своя история, своеобразная культура, традиции и обычаи. У каждого народа есть великие люди, которые своей жизнью и благими деяниями остались жить на века и являются символом нравственности и подражания.

У казахского народа богатая история, богатая культура, обычаи и традиции. Неоценимый вклад в развитие казахского общества внес великий Абай.

Абай Кунанбаев известен как классик казахской литературы, композитор, общественный деятель, просветитель—демократ, вложившим своим творчеством большой вклад в развитие литературы и культуры казахского народа.

Творчество Абая актуально во все времена, особенную ценность его наследия приобрело в современном мире, поэтому воспитание и обучение подрастающего поколения на богатом литературном наследии Абая является одним из эффективных методов образования.

Мухтар Омарханович Ауэзов классик казахской литературы, подчеркивал, что в произведениях Абая раскрывается ряд «принципов обучения и воспитания, взаимосвязь между трудовым, нравственным, умственным, эстетическим воспитанием; признание ведущей роли воспитания в формировании личности» [2].

Поэт призывал молодежь к учению, к овладению наукой, различными новыми ремеслами, советовал трудиться честно, на благо общества.

Абай неустанно призывал народ к знаниям, утверждая «Лишь знаньем движется век! Лишь знанье – светоч сердец! [1].

Он подчеркивал, что отсутствие знаний, невежество делают человека неполноценным. По его мнению, духовное совершенствование личности во многом зависит от приобретения знаний, просвещения.

«Знание человека,-писал он-это мерило человечности». Только обладая необходимой суммой знаний, человек может познавать мир, отличать добро от зла, полезное от вредного, и лишь тогда от него можно ждать пользы.

Чтобы успевать за растущими знаниями человеческого общества, необходимо учиться, пополнять свои знания каждый час.

Неоценимую роль в процессе воспитания не только подрастающего поколения, но и всего человечества играют «Слова назидания» Абая, которые включены в общеобразовательную учебную программу Казахстана.

В «Словах назиданиях» Абай пишет: «Без науки нет блага» ни на том, ни на этом свете[1]. «Сорок пятое» Абая заканчивается словами «Тот, у кого больше знаний... тот и обладает миром» [1]. Абай учил молодых людей находить свои знания направлять на то, чтобы помочь народу освободиться от невежества и несправедливости. Назидания Абая и сегодня имеют большое воспитательное значение.

Абай учит, что основой всего на земле, в том числе и для науки, является человечность, гуманность. Она, как и любовь, душевность, справедливость, составляет сущность человека. Великий просветитель и педагог раскрывает связь умственного воспитания с эстетическим развитием и нравственным становлением личности молодого человека.

«Качество духовные,-писал Абай–вот что главное в человеческой жизни». Самыми лучшими человеческими качествами поэт считал любовь к своей родине, к своему народу, любовь к человеку, постоянство в дружбе, любви, доброту, справедливость, любовь к труду, стремление к знаниям. [3]

По своей значимости «Слова назидания» Абая Кунанбаева можно сравнить с такими произведениями классической педагогики как «Эмиль или о воспитании» Ж.Ж.Руссо, «Воспитание джентльмена» Дж. Локка, «Великая дидактика Я.А. Каменского», «Педагогическая поэма» А.С.Макаренко, «Труд в его психическом и воспитательном значениях» К.Д.Ушинского,

Таким образом, творчество Абая наполнено глубоким нравственным смыслом. Еще более века назад он задумывался над общечеловеческими идеалами, такими как просвещение, труд, духовное единство народа. Поэтому образовательное и воспитательное значение его произведений представляет особую ценность.

Основой современной педагогики должно быть методологическое основание, определяющее систему педагогических взглядов, в основе которых лежит понимание и утверждение ценности человеческой жизни, воспитание и обучение, педагогической деятельности и образования в соответствии с требованиями нового времени.

Список литературы

- 1.М. Ауэзов. Абай Кунанбаев. Статьи и исследования Алма Ата «Гылым» 1967
- 2.Абай. Слова назидания. Алма – Ата «Жалын» 1961.
- 3.Кенжегалиев К.К. Психология «Слов назидания» Абая Кунанбаева – казахского просветителя конца и начало веков. Фундаментальные исследования 2019, часть 3

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРМЕН ЖАЛПЫ АДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР-РУХАНИ ДАМУДЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

УРКИМБАЕВА ГУЛЬМАЙРА ЕРИКОВНА

Атырау қаласы

Ұлттық құндылық психологияда ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын мінез-құлықпен психологиялық қарекет ерекшеліктер. Ұлттық психология –тіпті әр түрлі таптарға жататын адамдардағы мінез-құлықтың орнықты негіздерінің бірі. Алайда қоғамда болып жатқан өзгерістерге тәуелді ол да өзгеріп отырады. Ұлттық дамудың мақсаттарымен міндеттерін айқындаумен қатар, оның перспективаларын тұжырымдап нақты уақытта ұлтқа тән саяси идиологиялық эканомикалық, мәдени бағдарларды, қазіргі заманғы әлемге сәйкес ұлттық сана сезімді қалыптастыратынын көрсетеді. Ұлттық сана сезім ұлтпен адам ретінде, осы қауымдастықтың мүшесі ретінде сипатталатын маңызды фактор. Жеке тұлға өзін ұлттың ажырамас бөлшегі ретінде сезіне отырып ол халықтың тарихын, ұлттық құндылықтарды ұлттық менталитет, халықтың әлемдік мәдениет қазынасына қосқан үлесін бағалап, оның дамуына ықпал етеді. Ұлттық сана сезімнің дамуы индивидтің өз ырымдарын, дәстүрлерін, яғни этникалық тамырын білуімен байланысқан. Сонымен бірге осы үдерісте адамгершілік жалпыадамзаттық құндылықтарды тану маңызды. Жеке тұлғаның ұлттық сана сезіміне өзінің ұлттық қатыстылығы туралы субъектіні таныстыру, өзінің этникалығын позитивті қабылдау, ұлттың тарихи өткеніне, оның бүгінгі мен болашағына деген көзқарас, ана тілін меңгерудегі белсенділік, халық мәдениетін зерделеудегі белсенділік. Ұлттық құндылықтар –олардың тарихи өзіндік ерекшелігі Отан, тіл, тарих, өнер, әдебиет тағы басқалар сияқты көрініс тапқан қандайда бір этностық қауымдастық өкілдерінің рухани идеяларының жиынтығы, әр ұлттың дүниетанымы, ойлау түрі, темпераменті, ұлттық санасы бір жолмен үйлеседі. Жалпы адамзаттық құндылықтар ұлттық құндылықтарға тән орнықтылық және тұрақтылықпен сипатталады. Ұлтқа және жеке тұлғаға қатысты менталитет бастапқыда әдеттегі –эмоционалды түрге ие болды. Ұлттық менталитет адамның рухани және материалдық құндылықтарын тарихи іріктеу нәтижесінде қоршаған әлемге қарым-қатынас жүйесінде көрініс табады. Жалпы осы құндылыққа тәрбиелеу арқылы баланы мұқияттылыққа да тәрбиелейміз. «Жұлдыз» бөбекжай бақшамызда балалармен саусақ ойын жаттығуларын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиетімен сапасын түр түсін және пішінін ажырата білуге, өмірде қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым түсініктерін дамытамыз, белсенді түрде тілдік қарым –қатынас жасай білуге үйретеміз. Өз тәжірибемде саусақ ойындарын сергіту жаттығуында, ертеңгілік жаттығуда барлық ұйымдастырылған оқу қызметтері үстінде ұйымдастырамын. Нәтижесінде балалардың тілі, қимыл-қозғалысы, икемділігі, құнды қасиеттері бірге дамиды. Жұмыс жасау барысында әр баланың жеке ерекшелігі мен психофизиологиялық дамуында ерекше қасиеттерін ескеріп бақылауға алып отырамын. Саусақ ойыны арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы мен қабілеті дамып ынтасы артады.

Саусақ ойыны балабашада және үй жағдайында әсерлі көңілді түрде ұйымдастыруға болады. Баланың тілі негізінен мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Баланың сөйлеу ырғағының қалыптасуына тақпақтар, саусақ жаттығулары ырғаққа ілесіп қимылдауына көмектеседі. Сондықтан баланы ерте жастан бастап шынықтырған жөн. Саусақ ойындары сөйлеу лексикасының сөздің өзара байланысының шындануына себепші. Ұсақ қол маторикасын дамыту және қозғалысын үйрету мақсатында түрлі қабылдаулар мен әдіс тәсілдер қолдандым.

Саусақ ойын тренингісі

Қол мойынға массаж

Саусақ гемнастикасы, сергіту сәттері

Саусақ ойындары мен тақпақтар

Саусақ театр

Ермексаз және тұздалған ұннан, табиғи материалдардан жапсыру жұмыстарын мүсіндеу

Сызудың дәстүрлі емес техникасы: қылқалам, саусақ т/б

Құрлыс жасау, қағаздан ЛЕГО конструкторымен

Бастырмалардың түрлері

Графикалық маториканы дамыту

Трафареттермен сурет салу

Дидактикалық ойындар

Пазл мозайкаларды қолдану

Мен осы «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін және ұсақ маторикасын дамытуда ойын технологиясының алатын орны» шығармашылық жұмысым ретінде пайдаланамын. Бұл жоспарды құра отырып балалардың деңгейін, шығармашылығын, ізденімпаздылығын, білімдерін дамыту мақсатында, жобаны енгіздім және жобаға кірістірдім. Мен бұл жобада заманауи технологияларды енгізе отырып, ойындар технологиясы және сурет салудың көптеген дәстүрлі емес түрлерін қолданып, балалардың қызығушылығын тудырдым. Осы жоба кезінде балалардың еркін шығармашылығы артып әр баланың жеке іскерлік қабілеті ашылды. Жоба тақырыбымда «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін және ұсақ маторикасын дамытуда ойын ойын технологиясын пайдалау» жобамның мақсаты әр түрлі іс-әрекеттер арқылы мектепке дейінгі балалардың ұсақ маторикасымен қол үйлесімділігін дамыту. Саусақ ойындары мен жаттығуларын сабақтарда және бос уақыттарда баламен жұмыс жүргізу барысында озық пайдаланып, балалардың ойын, логикалық ойлау қабілеттерін тіл белсенділіктерін арттыру. Баланың саусақтарының қимылы немесе ұсақ маториканың жақсы жетіліп дамуы, ол мидың және тілдің жетілумен тікелей байланысты. Ойындар арқылы баламен қарым-қатынасы нығайтып, баланың өз-өзіне деген көзқарасын өзгертіп, ойынға, оқуға деген ынтасын арттыру. Ал жобадағы міндетім қолдың бұлшық еттері саусақтың ұсақ маторикасын дамыту. Саусақ ойындарының өлең

жолдарын тыңдап мазмұнын түсініп бейнелі сөздерді есте сақтау дағдыларын қалыптастыру. Жобамның тапсырмасы

Заттық дамытушылықорта құру

Жұмыс құралдарын жасау

Баламен жұмыс

Ата –анамен жұмыс өз тәжірибемде қолданатын балаларды диагностикалауға арналған тапсырмалар

Саусақ мұрын амандасады

Теңгелерді қорапқа жина

Саусақпен дөңгелектер суретте

Амандасайық

Халық даналығында «Ойнай білмеген ойлайда білмейді», «Ойында озған өмірдеде озады»- деген аталы сөздер сырына жүгінсек мектепке дейінгі жастағы баланың ойынға деген құлқы, қарым-қатынасы, мінез құлық көріністері олар өсіп есейгендеде жалғаса береді. Ойын барысында бала өзін қоршаған ортада өздерін үлкендер сияқты әңгімелерімен кейіпкерлері сияқты өмір сүреді. Ойынды қолданумен бірге ойлауға, тілді дамытуға, шығармашылық әрекетін байытуға бағыт алып отырады. Баланың ойын кезіндегі ойын қозғалысы, дене бітімін жетілдірсе, ал қарым – қатынастағы пайымдаулары өзіндік таным түсінік, мінез-құлық әдептерін бекітуге әсер етеді. Мектепке дейінгі тәрбиеленушіде педагогикалық процестер барысында баланың көңіл –күйін анықтау мақсатында психологиялық мотивтерді туындатып жағымды мінез- құлық дағдыларын қалыптастыру көзделді. Жалпы тәжірибеде психологиялық жаттығулар баланы үлкендермен, достарымен қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеп, өз пікірін айтып жеткізуіне көмектесті. Сонымен қатар психологиялық ойын жаттығулар баланың жан дүниесінің, рухани жай –күйінің үйлесімді дамуына ықпалын тигізуде. Ойын барысында баланың икемділігі, байқампаздығы, есте сақтауы, құрбыларымен қарым қатынасы бір-бірін құрметтеуге, өз ісінің дұрыстығын дәлелдеу қалыптары қалыптаса бастады. Бұл ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан үлкен мәні бар мәдени шығармашылық. Адам өзін-өзі тануға, жетілдіруге, дамытуға қабілетті жарқын даралық ретінде жасайды. Құндылық –бір заттың маңыздылығы, пайдалылығы. Сырттай құндылық зат не құбылыстың қасиеті болып анықталады. Құндылықтар жүйесі адамның күнделікті қоғамдық не жеке тұрмыстық бағдарында, оның айналасындағы заттар мен құбылыстарға қарым –қатынасының орындалуында орын алады. Жалпыадамзаттық құндылықтар жеке тұлғаның бойында өмірге келген сәттен бастап дамиды. Жасы ұлғайған сайын қоршаған ортасына сәйкес, бірге қалыптаса бастайды. Тәрбиемен оқытудағы адамгершілікке бағытталған идеялар құндылықтар деп қарастырылады. Құндылықтарға қайырымды болу, шыншыл болу, жеке тұлға, бостандық, махаббат, шығармашылық, адамгершілік тағы басқалар жатады. Құндылыққа идеяларды қабылдау немесе қабылдамау сезімі арқылы айқындалып, ақыл –ой сана арқылы

қабылданады. Айналасындағыларды құрметтеу, қошеметтеу, қабылдау тәрізді ұмтылысты білдіреді. Бұл сезімнен ақыл ойдың ұштасуын және сол арқылы адамның іс –әрекетін белгілейді. Құндылықтар сезім арқылы қабылданады, сана арқылы түсінуге болады. Соның нәтижесінде тұлға құндылықты игереді де іс –әрекет етеді. Осы аталмыш құндылықтың бастау көзі халықтың мол мұрасында. Ол мұра халық пайда болғалы онымен бірге жасасып, бірге дамып келе жатқан құнды дүниелер. Жалпыадамгершілік құндылықтардың мәні мен мазмұндары бұрынғы заманнан бүгінге дейін философия, әлеуметтану, этика, эстетика психология, педагогика ғалымдарында кеңінен қарастырылып, қоғам ерекшеліктерімен сұраныстарына орай таңдалып, жүйеленіп келеді.

Құндылықтар туралы алғашқы түсінік ежелгі грек ғалымы Сократтан бастау алады. Сократ үшін құндылық «Адамның өмірді бағалауы» екен. Ал Аристотель «жақсылық», «игілік» ұғымдарын жағымды мінез- құлықты рухани құндылықты, игілікті түсінуге негізделген. «Ізгілік» сөзі салыстырмалы мағынада белгілі бір жағдайдағы адам үшін жақсылық пайдалы нәрсе деп түсіндіріледі. Рухани адамгершілікке тәрбиеленетін ғылым ретінде этиканы белгілеген Аристотельдің пайдалануында «этиканың мақсаты –таным емес ізгілікке үйрету. Этикалық зерттеулер рухани адамгершілік дегеннің не екендігін білу үшін емес, осы рухани адамгершілікке жетудің жолдарын үйрету үшін қажет, олай болмағанда , бұл ғылымның пайдасы болмас еді»-дейді.

Философ Т.Қ. Ғабитов « құндылықтар- қасиеттер»дей отырып, бұл қасиеттердің бала кезден ана сүтімен бірге өзінің ана тілі арқылы мораль негіздері ретінде өз тарихын, мәдениетін, әдет ғұрыптарымен салт дәстүрлерін игеру нәтижесінде орнығатындығын ерекше бағалайды. Яғни философиялық тұрғыдан алсақ, құндылықтар-адам үшін пайдалы мәнге ие болатындардың барлығы адамзат қоғамының ілгері дамуы мен адамның жеке тұлғасын жетілдіруге тиімді ықпал, ететіндердің барлығы құндылық болып табылады. Біз психологтар құндылықтарды тұлға аралық қатынас тұрғысынан қараудың өзіндік мәні бар екенін айтамыз. Құндылық ұғымында қатынастың объектісі болып табылатын адамның психологиялық сапалары, құндылықтың жалпы мәнділігін көрсететін адамдардың өзара қарым –қатынасы ұштасады.

Педагогикалық сөздікте «құндылық –адамның ішкі құқығы, ізгілігі, адамдармен қарым –қатынасы, іс-әрекет кезіндегі көрсетілетін тұрақтылығы, қайырымдылығы, мейірімділік тәрбиесі» -делінген. Сондықтан біз «құндылық» ұғымын адамды тәрбиелеу үшін оның өмір сүруіне ең керекті, маңызды, қажетті, бағалы дүниелердің жиынтығын құрайтын педагогикалық категория деп қарастырамыз. Қазіргі күрделі аумалы төкпелі заманда құндылықтар жүйесінің алатын орыны ерекше. Құбылыстардың құндылықтарынсыз әлеуметтік жан иесі ретіндегі адамның іс-әрекетінің де өмірінің мәні де болмайды. Өмірдің мәнін түсіну жағымды эмоцияналдық жағдай ретінде мақсатқа ұмтылушылық пен қарым-

қатынастағы өз орнын сезінумен, басқа адамдарға деген қызығушылықпен олармен бірігу сезімімен белгілі ережелерді, ізгілік ережелері ретінде қабылдаумен болмысты өз орыны армен тілегін сезінумен қоса жүреді. Мәселен адам баласы материалдық және рухани өмірдің ортасында тіршілік етеді де, өзі өмір сүріп отырған қоғамның ұжымның, ұлттың рудың мүшесі ретінде өзіндік ақыл –ой, ерік-жігер, мінез-құлық ерекшеліктерімен көрінуге тырысады. Қоғам мүшелері бәріне ортақ біркелкі мінез-құлық қасиетінің болуы мүмкін емес. Бүгінгі таңда рухани адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруда маңызды тәрбиелік міндеттер бірінші рухани адамгершілік, руханилық, әсемдік, ақиқат, ізгілік, еркіндік, рахымшылық, кешірімділік, тәуелсіздік сияқты. Екінші жалпы адамзаттың құндылықтармен қатар ұлтының аз мәдениетін меңгере отырып, әлемдік рухани ынтымақтастықтың рухта басқа ұлттармен бейбітшілікті сақтау. Үшінші балалардың жан дүниесін адами құндылықтар арқылы рухани адамгершілікпен руханилықты берік орнықтыру. Осы айтылғандарды топшалай отырып, біз рухани адамгершілік құндылықты белгілі бір бағытты мақсатты жүйелі ұлттық көзқарасты мінез-құлықтағы адамдық тәртіппен рухани дағдыны қалыптастыратын жүйе деп түсіндіреміз. Яғни рухани адамгершілік құндылық –адамның ішкі жан дүниесі қасиетінің сенімі адамның жақсылыққа ұмтылуы, басқаларға жанашырлық білдіруі, айналадағы адамдарға қайырымдылығы, өмір сүруге талпынысы, өмірді дұрыс сүру мәселелері жайында ізденуі, өзін –өзі танып, өзін-өзі бағалау, дүниені тануы. Жалпы адамзаттық құндылықтар арқылы тәрбие беру рухани азғындықтан шығудың ең басты жолы. Қазіргі таңда жастарға жүргізілетін тәрбиенің өзінің басты мақсаты да осылай айқындалуы қажет. Сондықтан қазіргі тәуелсіз елімізде ғасырлар бойы халқымыздың ұлттық санасынан орын алған адамгершілік құндылықтарды яғни ізгілік, қайырымдылық, адалдық, әділдік, қарым –қатынас сияқты қасиеттерді қоғамда болып жатқан өзгерістерге байланыстырып жеткіншек ұрпақты тәрбиелеудің қайнар бастауы деп қарастыруға болады. Яғни «Тәрбиесіз қоғам, қоғамсыз тәрбие өмір сүрмейді» деген заңдылыққа сүйене келе өскелең ұрпақтың бойына, қоғам талабына сай адамгершілік құндылықты қалыптастыруды мақсат еткен тәрбие процесі ғана уақытпен үндесіп қоғаммен тәрбиенің өзара байланысын түзейді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қ Р Білім туралы заңы Егемен Қазақстан 2007. 15 тамыз
2. С.Қалиев, Ш.Майғанова, Г.Нысанбаева, А.Бейсенбаева. Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытудық педагогикалық негіздері. - Алматы, 2001.
3. Қызықты психология Республикалық ғылыми- практикалық, танымдылық- психологиялық журнал № 03/032018.
4. «Бала мен балабқша» Республикалық педагогикалық журнал-№9, 2015
5. «Отбасы және балабқша» Республикалық педагогикалық журнал- №3, 2019.
6. Жұмабекова Ф. Мектепке дейінгі педагогика.-Астана, 2012- 336б.

ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІГІН ДАМУДА ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ӘДІСТЕРДІ ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮРДІСІНДЕ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

УТЕКОВА ГУЛАЙМ НАСИХАТОВНА

Атырау қаласы

*№26 «Жұлдыз» бөбекжай-бақшасының
жоғары санатты әдіскері*

Үш -ақ нәрсе-адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.

Абай Құнанбайұлы

Ел Президенті өз Жолдауында «Барлық әлем сияқты Қазақстан да жаңа білім беру әдістеріне көшуі керек» атап көрсеткен болатын. Демек, біздің алдымызда педагогикалық әдістерді игеру және жетілдіру негізінде балалардың ерте дамуы бойынша педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту, білім беру үдерісінің тиімділігін арттыруда жаңа тәсілдерді қолдану өзге міндеттермен қатар маңызды. Педагогтардың жеке тұлғасын дамытып, бейнесін сомдауға үздіксіз білімнің алар орны ерекше. Ғылым жетістіктеріне негізделген, тәжірибемен толықтырылған педагогтардың нақты талап-мүдделеріне жауап беретін, жаңаша ұйымдастырылған әртүрлі деңгейдегі әдістемелік жұмыстар педагогтарды кәсіби дамуға, жаңаша ойлауға, өзін-өзі іске қосып, еңбегінен қанағат табуға ынталандырады. Бүгінгі таңдағы ең өзекті мәселе білім сапасы болып отыр. Демек білім-тәрбие сапасын көтерудің негізгі тетігі – ұстаз, сондай-ақ оның теориялық білімі мен кәсіби шеберлігі, шығармашылық қызметі. Сондықтан тәжірибеімізде педагог-мамандардың біліктілігін көтеруіне мән беріліп, олар шығармашылық жұмысқа бағытталған. Осы орайда, бүгінгі таңда балабақшамызда 37 педагог еңбек етуде. Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгенге дейінгі күндерде «Білім негізі – бастауышта» деген ұғымды ұстанған болсақ, қазіргі жаңарған заман талабына сәйкес «Білім негізі – мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда» деуге әбден болады. Балабақшаның басты мақсаты – егеменді еліміздің жас ұрпағын жан-жақты дамыған, рухани бай жеке тұлға ретінде қалыптастыру. Алғашқы отансүйгіштік, патриоттық сезімдерді отбасы мен балабақшадағы тәрбиеден бастау алады. Елбасымыз айтқандай, мәңгілік Ел болашағы – білімді ұрпақ, саналы жастар. Алдымызда ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, отансүйгіш елі мен жерінің қамын ойлаған, білімді, иманды, еңбекқор ұрпақ тәрбиелеу оларға бағыт беру міндеті тұрғанын әрдайым жанымыздан шығармауымыз шарт. Балабақшада оқу-тәрбие жұмыстары үлгілік бағдарлама мазмұнын іске асыру балаларды жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оларды жан-жақты дамытуға бағытталған: «Денсаулық», «Қатынас»,

«Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларын кіріктіру негізінде жүзеге асырылады. Мен өз ісімді шеберлікпен атқарып, балабақшадағы педагог-тәрбиешілердің заман талабына сай білімдерін жетілдіріп, шығармашылықпен жұмыс жасауына қол ұшымды тигізіп келемін. Қоғамымыздың іргетасын нығайту үшін бүгінгі жас ұрпаққа үлгілі, өнегелі тәрбие беру- қазіргі міндеттердің бірі. Біздің педагогтармен ынтымақтаса атқарып отырған жұмысымыз, мемлекет талабымен үндесе отырып, жүйелі де, нәтижелі болмақ. Қазіргі таңда балабақшада балалардың жас ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде заманауи технологиялар мен әдістердің бірнеше түрін пайдаланып келеміз: [1,28-бет] балалардың танымдық тәрбиелеудегі модульдық оқыту технологиясының әдістері (мнемокесте, пиктограмма, тірек-сызба әдісі); -сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы;-жобалық технологиясы; -ақпараттық коммуникациялық технология;-Монтессори технологиясы;-Триз технологиясы [1]; -Ой қозғау әдісі; -Миға шабуыл әдісі; «Әуенді кесте» технологиясының авторлары Ноғайбекова Б.Ж, Ноғайбекова Б.С. Мектепке дейінгі жастағы балалардың ересек топтарына сауат ашу және жазу негіздерінде қолданылады. Бұл жаңа технологияда электронды сөйлейтін «Аққонжық» есімді қаламша пайдалынады [4]. Ұлы Абай атамыз мақал-мәтелдерді жоғары бағалай келіп, «оны да талғап пайдалану керек»- дейді [3]. Оқыту процесінде мақал-мәтелдерді пайдалана отырып, біз біріншіден, балаларға тәрбие беруді жүзеге асырамыз, астарлы мағынасын түсінуді көздейміз, екіншіден, балалардың танымдық процестерін дамытуға қол жеткіземіз. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту және танымдық тәрбиелеудегі қолданылатын жаңа заманауи технологиялардың **тиімді жақтарын** айтатын болсам: -Әрбір бала өздігінен жұмыс істеуге дағдыланады. -Баланың жеке қабілеті айқындалады; -Логикалық ойлауы артады;-Танымдық белсенділіктері артады.

Артықшылығы: -Ойын-тапсырмаларға деген қызығушылығы;-Зейін, ойлау, есте сақтау қабілеттерінің дамуы; -Қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауға бейімдеуде мінез-құлық мәдениетіне тәрбиелей отырып, рухани-адамгершілік құндылықтарының негізі қаланады; -Өз ойы мен сезімін еркін білдіруге;

Болашақ ұрпақ бойына адами құндылықтарды сіңіріп, тәрбие өлшемдеріне сыйластық ниетпен қарауға, осы арқылы заманауи технологияларды игерген үйлесімді болашақ тұлғаны қалыптастыруға міндеттіміз.

2018 жылы Атырау облысы бойынша «Өрлеу» БАҰО «АҚ» филиалы ПҚБАИ институты жоспарына сай «Оқыту мен оқуда сын тұрғысынан ойлауды жүзеге асырудың жолдары» тақырыбындағы облыстық ғылыми-тәжірибелік конференцияға балабақша педагогтары қатысып тәжірибе алмасты, заман талабына сай жаңашыл оқыту барысында сын тұрғысынан ойлауды жүзеге асыру бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігі мен шеберліктері ұштасып, жас ұрпақты рухани биікке көтеретін тәжірибе,

пікір алмасу жұмыстары материалға жинақталды. Тәжірбие жинақталып, жұмыс жетістіктері қала, облыс көлемінде семинар-практикум болып таратылды. 2018 жылы «Өрлеу» БАҰО «АҚ» филиалы жоспарына сай балабақшада облыс көлемінде семинар ұйымдастырылды «Өнертапқыштық тапсырмаларды шешу теориясы технологиясының қолданылуы» тақырыбында өзімнің тәжірибелік жұмысым бойынша тәжірибе жинақталып, қала, облыс, республика көлемінде әдістемелік нұсқаулық мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының әдіскерлеріне, педагог-тәрбиешілерге көмекші құрал ретінде ұсынылды. 2019 жылы Атырау облысы бойынша «Өрлеу» Біліктілікті арттыру Ұлттық орталығы» АҚ филиалы «Әдістемелік жобалар-мектепке дейінгі білім берудегі инновациялық үдерістерді белсендіру және қамтамасыз етудің кілттік бөлігі» тақырыбындағы облыстық семинар жинағына тәжірибелік жұмысым шықты. 2019 жылы Атырау облысы Білім беру басқармасы Атырау инженерлік-гуманитарлық институтының колледжі базасында «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына жаңартылған бағдарламалар мен жаңа технологияларды енгізудің маңыздылығы» тақырыбында облыстық-семинар жұмысына жаңашыл іс-тәжірибеммен бөліскені үшін Алғыс хатпен марапатталдым. 2019 жылы қазанда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі А.Аймағамбетов атынан Құрмет грамотасына ие болдым. Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қоғамдық сананы қайта түлетудің маңыздылығы туралы айтты. Ұлттық сананы сақтау және оны заман талабына бейімдеу мемлекеттік маңызы бар мәселеге айналды. Ұлы ақын Абай Құнанбаевтың шығармалары бүгін де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Абайдың ой-тұжырымдары баршамызға қашанда рухани азық бола алады. 2019 жылы республикалық қашықтықтан өткізілген «Талапты, талантты жастар» интеллектуалды білім порталы ұйымдастырған шығармашылық байқауға Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай, «Жыр жауһары» балабақша бүлдіршіндері Қуанышқали Исламбек, Нұржанұлы Мейіржанның «Күзгі» табиғат құбылыстарын суреттеген өлеңін мәнерлеп оқуда бейнеролигі жіберіліп, бірінші дәрежелі дипломдармен марапатталды. «Өн салшы, балақай!» шығармашылық байқауда А. Құнанбаевтың «Желсіз түнде жарық-ай» әнін тәрбиеленуші Абатқызы Томирисің орындаған бейнеролигі жіберіліп бірінші дәрежелі дипломға ие болды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының қолдауымен «Абай Құнанбаевтың 175 жылдық мерей тойына» арналған жалпыхалықтық челлендж ұйымдастыру туралы айтылған болатын, осыған орай балабақша ішілік 2019 жылы қыркүйекте жоспардан тыс тәрбиелік шаралар жоспары құрылып, 2019 жылы қыркүйек айында балабақшааралық педагог-қызметкерлер арасында Абай жырларын үзінді оқу челлендж эстафетасы өткізілді. Бөбекжай-бақшамыздың жұмысының басты бағыттарының бірі – ата-анамен жұмыс. Жыл сайынғы ата-аналармен жүргізілетін біріккен іс-әрекеттеріміз әртүрлі бағытта жүзеге асты: дәстүрлі, ағартушылық, қоғамдық басқару,

интерактивті. Ата-аналармен кездесуде балаларды, ата-аналарды және педагогтарды жақындастыратын өзін-өзі танудың элементтері жиі қолданылады. Баланың тәрбиелі, білімді болып өсуі ата-анамен педагогтың қажырлы еңбегінің жемісі екендігін түсіндіру мақсатында 2020 жылы 7 ақпанда өткізген кешіміз талантты ақынымыз, аруақты әлем әдебиетінің жарық жұлдызы Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналып өткізілді. Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, ерінбе, -деп Сұлтанмахмұт ағамыз айтқандай, ата-аналар арасында өткізілген «Өлең-сөздің патшасы» сайысына қатысушы ата-аналардың өнеріне талдау жасалып, жеңімпаздар анықталып, жүлделі орындар берілді. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Біздің міндетіміз бәсекелестікке лайық ұрпақ тәрбиелеу,-деген пікірі жастарға Абайша білім алу, Абайша ойлау, Абайша өмір сүру» дегенді ұқтырады. Ендеше жұмыла көтерген жүк жеңіл –деген қазақ халқының қанатты сөздерінің мән-мағынасы бүгінде арта түсті. Бірақ мұның бәрі той тойлау үшін емес, ой-өрісімізді кеңейтіп, рухани тұрғыдан дамуымыз үшін өткізілмек. Бөбекжай-бақшамызда «Ата-аналарға арналған «Бақытты жанұя» атты кеңес беру орталығы жұмыс жасап келеді, әлеуметтік психологиялық-педагогикалық қолдау мақсатында мектепке дейінгі мекемелерге қатынаспайтын балалардың жан-жақты дамуына көптеген жұмыстар жүргізілді, 2020 жылы 7.01. Жұлдыз ықшам ауданының тұрғыны Гүлназия Асмағамбетова ризашылығын білдіріп Атырау облыстық баспа газетіне мақала шығарды. 2019 жылы 28 тамызда және 30 қазанда Атырау облысы бойынша «Өрлеу» БАҰО «АҚ» филиалы институтының жоспарына сай курс тыңдаушыларына көшпелі тәжірибелік сабақ ұйымдастырылды «STEAM-білім беру жағдайында мектепке дейінгі ұйымдарының білім беру қызметіндегі педагогтардың практикалық жұмысын ұйымдастыру» тақырыбында біздің балабақша педагогтары (ТРИЗ) өнертапқыш тапсырмаларды шешу теориясын технологиясын қолданылуы» –практикалық іс-тәжірибелерімен бөлісті, нәтижесінде 2019ж. №4,5 Республикалық ғылыми-әдістемелік «Хабаршы» журналына мақала шықты. 2019 жылы қазанда «Өрлеу» БАҰО «АҚ» филиалы Атырау облысы бойынша «Педагогикалық идеялар панорамасы» тақырыбындағы Республикалық конкурсының өңірлік кезеңінде «Мектепке дейінгі жастағы балалармен дене шынықтыру оқу қызметінде ТРИЗ әдісі бойынша ертегі терапиясы арқылы дәстүрден тыс құралдарды пайдалана отырып, баланың қимыл- қозғалыс белсенділігін арттыру» тәжірибелік жұмысымен қатысып жүлделі екінші орын алған дене шынықтыру нұсқаушысы Кушкинбаева Зинагуль. 2019 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Педагогикалық идеялар панорамасы» «Өрлеу» БАҰО басқарма төрағасы Г.Ахметованың атынан Республикалық байқауына қатысқаны үшін дене шынықтыру нұсқаушысы Кушкинбаева Зинагуль Алғыс хатпен марапатталды. Бүгінгі таңда педагогтардың басты мақсаты ең үздік білім ресурстары мен оқыту технологияларына қол жеткізу екені анық. Осы мақсатта білім саласындағы цифрландыру және басқа да

реформаларды жатсынбай қабылдап, түсінуге, үйренуге бар мүмкіндіктерін жұмсап келеді, оқыту мен тәрбиелеу үдерісінде заманауи технология мен әдістер, халықтық педагогика элементтерін тиімді қолданып келеді. Осы бағыттағы жұмыстарды жүргізу барысында балаларды адамгершілікке және отансүйгіштікке, өз еліне деген құрметке тәрбиелеу мақсатында 2020 жылы Қала күніне орай балабақашада «Атырау-құтты мекен» атты бүлдіршіндер арасында сурет сайысы ұйымдастырылып, фотогалерея жасақталып, туған жер бейнелеген жұмыстары әлеуметтік желілерге фейсбук парақшасына орналастырылды. 2020 жылы қазан айында балабақша жоспарына сай Жарқын болашақ иесі-бүгінгі жас маман» жас мамандармен «Адамгершілік құндылықтарды дамытуға арналған» «психологиялық тренинг өткізген педагог-психолог Уркимбаева Гульмайра. Тұлғаның адами көзқарасын анықтау мақсатында «Амандасу», «Құнды қасиеттер айту», «Өз жұбыңды тап» жаттығулармен жалғасты. «Тілек шамы»деп аталатын жаттығумен қатысушылар жанып тұрған шамды бір-біріне жалғастырып жақсы тілектер айтумен аяқтады.Өздеріңізге белгілі қазіргі жаһандану үрдісінде елімізде бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу басты назарда болып отыр. «Қарты бар үйдің-қазынасы бар» демекші, күздің сары алтынға оранған мезгілінде әлем бойынша аталып өтетін қарттар күніне орай бөбекжай-бақшамызда 2020 жылдың 1 қазан күні қашықтықтан онлайн форматта кеш өткізілді. Кештің мақсаты –көпті көрген данагөй қарияларымыздың өнегелі өмірін үлгі ете отырып, ата-баба аманатына адал, ұлттық тәлім-тәрбиені бойына сіңірген,еңбекқор, өнерлі тұлғаны тәрбиелеу. Атырау облыстық баспа газетіне «Қойылым көзге жас үйірді» тақырыбында мақала жарияланды. Бүгінгі жас ертеңгі қарт.Осы заңдылыққа бас иген қазақ қашаннан үлкенді сыйлауды басты назарда ұстап, осы жолдан жаңылмаған. Халқымыздың «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» деген ұлағатты сөзін жадымыздан шығармасақ дейміз. Қорыта келе,атап айтқанда осы қолданған заманауи технологиялар мен әдістердің көмегімен, жеке тұлға ретінде жан-жақты дамыған шығармашылық ойлау ретінде білімді меңгеріп келеді. Мектеп жасына дейінгі балалардың патриоттық, рухани-адамгершілік тәрбиесі бойынша педагогтардың кәсіби-құзіреттілік деңгейлерінің артқандығын және өз туған жерінің жетістіктеріне мақтаныш пен патриотизмді білдіретін,Отанына болашақта адал қызмет етуге дайын тұлғаны қалыптастыру мүмкіндігінің бар екендігін айтуға болады.Педагогтармен қызмет жүйесін диагностикалау педагог қауымның ой өрісінің дамуына, сана сезімінің өсуіне функционалдық сауаттылықтарының кеңеюіне зор ықпалын тиері сөзсіз. Педагогтарға жекеше әдістемелік көмек көрсету үшін педагогтардың кәсіби дайындығы мен біліктілігі деңгейінің, олардың педагогикалық қызметі жағдайының, үрдісінің және нәтижелерінің сыртқы мониторингін жүргізіп отырамын. Мониторинг бір құралы-педагогикалық диагностика [5] (Е.ВБондаревская бойынша).Тәрбиеленуші мен тәрбиешінің біріккен шығармашылық әрекеті әсіресе тәрбиелеу мен білім беру мазмұнын жүзеге асыруда өте маңызды.Өйткені балабақшада инновациялық

технологияларды пайдаланудың өзі бастан аяқ шығармашылық әрекеті талап етеді. Бұл біздің, яғни тәрбиеші тарапынан балабақшада инновациялық технологияларды пайдалану барысында қарым-қатынас жасаудың тиімді жолдарын таңда, зерттеу жүргізудің теориялық құрылымымен таныстырудағы тиімді әдістерді пайдалану, балаларды белсенді іс-әрекет етуге үйрету барысында көрініс табады, осында екі жақты іс-әрекет арқылы нәтижеге қол жеткізудеміз. Балалардың білім сапасы деңгейін арттыруымен ғана тоқталып қалмай, өмірге бейімделген, жан-жақты дамыған өзіндік көзқарасқа ие бола алатын жеке тұлға тәрбиелеп шығаруға үлкен әсер ететін тиімді әдіс-тәсіл екеніне нақты көзім жетті. Бүгінгі ұрпақ білімді болса, ел ертеңі жарқын болмақ, сонда ғана біз "Мәңгілік ел" боламыз. Болашақ ұрпақты Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу басты міндетіміз болғандықтан осы «кемеде» бірге жүзейік. Қазақстанның ең негізгі байлығы болып табылатын бейбіт күніміз Мәңгілік Елде, мәңгі болсын! әріптестер.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар-авторлар: Ф.Б Бөрібекова, Н.Ж. Жанатбекова. Алматы, 2014. (73-76 бет) [1]
2. Білім беру ұйымның әдіскері- Республикалық журнал -2014 .
3. Абай Құнанбаев. Таңдамалы даналық сөздері. [3]
4. «Әуенді кесте» технологиясының авторлары Ноғайбекова Б.Ж, Ноғайбекова Б.С [4] Шымкент 2012.
5. Мектепке дейінгі ұйымдарда мониторинг жүргізу әдістемесі [5] – А.С Амирова. Алматы 2013.
6. Игенбаева Б.К. «Жеке тұлғаның рухани-адамгершілігін дамыту бағытындағы авторлық бағдарламалар мен оқу-тәрбие іс-шараларының үгілері». [1,28-бет] Алматы – 2001.

БІЛІМ МАЗМҰНЫНЫҢ ЖАҢАРУЫ ЖАҒДАЙЫНДА ҚҰНДЫЛЫҚҚА БАҒДАРЛАНҒАН ОҚЫТУ

ҮКІБАЕВА ӘЙГЕРІМ ТӨРЕБАЙҚЫЗЫ

Ақтөбе қаласы

«№13 орта мектеп» КММ

математика пәні мұғалімі

«Тәрбиенің түпкі мақсаты – қоғамның нарықтық қарым-қатынасқа көшуі кезінде саяси-экономикалық және рухани дағдарыстарда жеңіп шыға алатын, ізгіленген ғасырды құрушы, іскер, өмірге икемделген, жан-жақты, мәдениетті жеке тұлғаны тәрбиелеп қалыптастыру»,

Н.Ә. Назарбаев

XXI ғасырдың басындағы қазақстандық білім заманауи өркениетке тән, «ақпараттық» немесе «постиндустриалдық қоғам» деген атау алған, жаңа парадигмалардың пайда болу кезеңінде тұр. Мектепті реформалау

процесінде білім берудің алдына ұлттық ағартудың жақсы сипатын жоғалтпастан, әлемдік, жаһандық білім беру жүйесіне ену міндеті қойылды. Реформа барысында білім беруді ізгілендіруге, оқытудың инновациялығына қол жеткізілді, баланың еркін, жауапты тұлға ретінде дамуына жағдай тудыруға күш салынуда.

Халық өзінің жас ұрпағын жан-жақты жетілген, ақыл парасаты мен мәдениеті мол, саналы ұрпақ тәрбиелеуде әр халықтың салт – дәстүрі, ел дамуындағы бағалы байлықтың нәрін біртіндеп сіңіру арқылы, адал, мейірімді, еңбекқор, ер-жүрек парасатты болып өссін деген үмітпен бұрынғы ата-баба тәлім-тәрбиесін әрқашан мұра етеді[1].Кәзіргі таңда, жас ұрпақ тәрбиесі сапасын арттыруда отбасының дәстүрлі педагогикалық мәдениетіндегі халық даналығының мүмкіндіктерін пайдалануға ерекше көңіл бөлу қажет етуде.и

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» - деп Әл-Фараби бабамыз айтқан қағиданы негізге алған ата-бабаларымыз бала тәрбиесіне аса мән бергенін байқаймыз.

Қазақ этнопедагогикасында патриоттық тәрбие берудің көкейкесті ізгі мақсатты іске асыру жолында мынадай тәрбиелік ұстанымдарды басшылыққа алу қажет.

1.Болашақ маманның елін, жерін сүйетін намысшыл азамат болуын ойластыру. Бұл алдымен, қадірлі қариялардың, көпке сыйлы үлкендердің бата-тілектерінде өзекті орын алады.

2.Оқушыларды еңбексүйгіш, елгезек азамат етіп тәрбиелеу. Бұл мақсаттағы ой-пікірлер қазақтың халық шығармашылығында мол кездеседі.

3. «Бірінші байлық - денсаулық» деген қағиданы пір тұтқан халқымыз тән сұлулығына ерекше мән берген.

4.Халқымыз этнопедагогиканың ықпалы арқылы ұрпақ бойындағы ізгі адамгершілік қасиеттерді орнықтыруға, парасат иесі етіп тәрбиелеуге ұмтылған.

5.Патриоттық сезімнен ажыратып алғысыз ізгіліктік - этнопедагогикалық тәрбиенің басты қағидаларының бірі. «Отан отбасынан басталады» деген даналық ұйыған халқымыз ұрпағын ата-ананы, үлкендер мен кішілерді құрметтеуге, елдің, халықтың қамқоршысы болуға үндеген.

6. «Білім - таусылмас кен, өнер - өлмес мұра», «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады», «Ақыл көпке жеткізер, өнер көкке жеткізер», «Оқу - білім бұлағы,білім-өмір шырағы»,т.б.көптеген мақал-мәтелдер тудырған халқымыз құндылықтарды тіршіліктің тұтқасы, өмір шамшырағы деп білген. Сондықтан халқымыздың өте бай ауыз әдебиеті нұсқауларындағы мақал-мәтелдердің мән-мағынасын өскелең ұрпаққа насихаттап, санасына сіңіріп отыру қажет.

7. Адам өмірі табиғат аясында өтетін болғандықтан, бабаларымыз ғұмыр бойы табиғатты аялауды мұрат тұтқан. Бүкіләлемдік тіршіліктің, құдіреттің төрт түрі бар. Олар: Күн-ана, Жер-ана, ауа мен су. Егер осы төрт

негіздің біреуі болмаса, тіршілік тоқтайды. Сол себепті де адамзат күнді, жерді анадай ардақтайды, жер мен судың әулиелігін қастерлеп, әрекет жасап, қызығын көреді [2].

Этнопедагогика білімдерін қолдану рухсыздыққа, ұлттық жоққа шығаруға, тарихи ессіздікке нақты тосқауыл қояды, балалар мен жасөспірімдерге халықтық құндылықтар мен дәстүрлер, ұлттық мәдениет мұрагерлері ретіндегі азаматтық борышын жете түсінуге, оларды өзінің ата-аналары, өткен ұрпақ, бүтін халық ісін жалғастыруға үйретуге кемектеседі.

Бала–ата-анасының игі істерінің жалғастырушысы, болашағы. Бала тәрбиесі– ата-ана үшін күрделі де, жауапты міндет. Жас шыбық иілгіш болса, жас адам да сондай жақсыға да жаманға да бірдей бейім болатыны баршымызға мәлім. Ата-ананың үйіндегі әрекеті балаларның көз алдында өтеді, сондықтан жақсы, жаман әдетіміздің бала тәрбиесіне ықпалы зор [3].

Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:

- оқушылардың сана-сезімін қалыптастыру;
- жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік мақтанш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;
- ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәден етін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеу;
- жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездері қалыптастыру сияқты міндеттерді орындағанда ғана біз мақсатқа жете аламыз.

Бала тәрбиесінде халықтық педагогиканы қолдану–жан-жақты дамытушы фактор болғандықтан, әлеуметтендіру процесі де жүзеге асады.

Мектептер пайда болғанға дейін тұлға қалыптастыруда ғасырлар бойы қалыптасқан тәрбиенің халықтық дәстүрлері шешуші роль атқарды. Халық ұрпақтан ұрпаққа өзінің қоғамдық және әлеуметтік тәжірибесін, рухани байлығын, үлкеннің кішіге құрметі ретінде мұра етіп келді, сол арқылы қоғамның материалдық және рухани мәдениетінің тарихын туғызды. Адам мәдениетінің екі саласы арасындағы сабақтастық байланыс дәл осы педагогикалық мәдениетпен қамтамасыз етіледі.

Құндылыққа баулу пәндік мазмұн арқылы немесе сабақтағы қолданылатын іс-әрекет арқылы жүзеге асырылады. Оқушының сезім мен санасына ықпал етудің кешендік шаралары оның өмірі мен әрекетін ұйымдастырудың саналуан түрлерімен сәйкес келеді.

Бала бойына ұлттық құндылықтарды дамытудағы негізгі құралдарға мыналарды жатқызуға болады:

- ✓ сыныптағы тәрбие сағаттары;
- ✓ баспасөз және қабырға газеттері;
- ✓ бұқаралық ақпарат құралдары;
- ✓ тәрбие шаралары(пікірталас,тәрбие сағаты,кеш, дәріс, таным-өнеге сағаттары, т.б.
- ✓ кітап оқу;

- ✓ мектептен тыс және сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру;
- ✓ шығармашылық жобалар қорғау;
- ✓ қоғамдық ұйымдармен байланыс жасау;
- ✓ саяхат жасау;
- ✓ үйірмелерге қатысу.

Оқушылардың өмірін ұйымдастырудың жиынтық түрлеріне көптеген салттар мен дәстүрлерді, әдет-ғұрыптар мен мерекелерді жатқызуға болады. Өзінің қызметінде міндетті түрде мерекелік сипатқа ие еңбек дәсүрлері барлық халықтарда алдыңғы орында. Күнделікті іске айналған ұжымдық көмек, өзара көмек көмек салтын қалыптастырады [4].

Құндылыққа баулу жұмысы сабақпен ғана шектелмей, сабақтан тыс жүргізілетін білімділік– тәрбиелік жұмыстарда да енгізіп отырамыз. Өйткені, бұл оқушылардың ұлттық рухта тәрбиелеуге мол мүмкіндік береді. Сыныптан тыс тәрбие жұмыстары сабақтың заңды жалғасы. Оқушыларға патриоттық, эстетикалық тәрбие беруде мектепте өтетін үлкен мерекелердің маңызы зор.

Қорыта келе, ұлттық құндылықтар халықтық тәлім - тәрбие жүйесін талдап, түсіндіретін, тұлға қалыптастырудағы педагогикалық тәжірибеде тиімді пайдалану бағыттарын іздестіретін анықтап, көрсететті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Ә.Табылдиев. Қазақ этнопедагогикасы – А.,2001.
- 2.Р.Қ.Дүйсембінова. Қазақ этнопедагогикасы материалдарын мектептің оқу-тәрбие үрдісіне ендіру.
- 3.Үрзімұлы Ф. Балаға тәрбие керек. \ «Қазақстан мұғалімі», 24.12. 1993.
- 4.Әбілова З. Ә. Этнопедагогика. – Алматы, 1997.

ЖАС ҰРПАҚТЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА БАУЛУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ МАҢЫЗЫ

ХАЙРУЛЛИН АСХАТ САЛАВАТОВИЧ

Батыс Қазақстан облысы

Жаңақала ауданы

С.Меңдешев атындағы ЖОББМ

тарих пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы

Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы, болашақ қоғам тәрбиесі. Сол болашақ қоғам иелерін жан-жақты жетілген, мәдени-ғылыми өрісі озық, ақыл-парасаты мол етіп тәрбиелеу кезек күттірмейтін іс екені сөзсіз. Қандай жағдай болмасын адамзат алдында тұратын басты міндет – өзінің жолын жалғастырушы саналы ұрпақ тәрбиелеу.

Халық даналығында: «Бір баланы адам етіп өсіргенше, бір шаһар апат болады» деген сөз бар. Осы теңеудің өзі-ақ баланың толыққанды Адам болып қалыптасуы көп уақыт пен тер төгетін еңбекті қажет ететін жауапкершілігі мол күрделі іс екенін білдіреді. Жас ұрпақты ұлттық

патриотизм рухына қалай тәрбиелесек, халқымыздың жарқын болашағы, даналығы да солай айқын көрінеді. [1]

Білім мазмұнын жаңарту – білім беру бағдарламасының құрылымы мен мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін қайта қарастыру болып табылады. Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, өмірдің кез-келген жағдайында функционалдық сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігін көрсете білетін тұлғаның қалыптасуына және дамуына қажетті білім беру ортасын тудыру – жаңартылған білім мазмұнын енгізудің нәтижесі болып табылады.[2]

Жас ұрпаққа білім мен тәрбие беруде мектеп пен ұлағатты ұстаздардың қосар үлесі мол екені сөзсіз. Заман талабына сай білім беру мазмұны жаңарып, оқыту процесіне белгілі бір өзгерістер еніп жатқанына карамастан, мұғалімнің оқушыға берер ақпараттары мен санасына сіңіретін құнды қасиеттері өзгеріссіз қалатыны анық. Қандай пән мұғалімі болмасын, алдына келген білім алушыға қазақ халқының ұлттық құндылықтарын, яғни, салт-дәстүрін, мәдениетін, әдет-ғұрпын насихаттай отырып, баланың бойына ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан қазақы қонақжайлықты, ұлттық имандылық пен адамгершілік қасиеттерін сіңіре білуі керек.

Жаңа бағдарлама бойынша жаңаша көзқарас қалыптасып, білім деңгейі биікке көтеріліп келеді. Қазіргі білім беру жүйесінде жаңа технологияларды енгізу күннен-күнге басты талапқа айналып, осы әдістерді жетілдіре түсу қажеттігі күшейіп келеді. Мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болса да, мұғалім оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді. Сондықтан, оқушының тұлға ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асатынын ескере отырып, жоғарыда аталып өткен ұлттық құндылықтар мен қадір-қасиеттерді оқушы бойынан табу үшін білім беру барысында қолданатын түрлі белсенді әдіс-тәсілдерді дұрыс таңдай және қолдана білу өте маңызды деп ойлаймын.

Заманауи тәсілдің басты ерекшелігі – білімді алып қана қоймай, оны орынды жерде қолдану. Қазіргі таңда талап етілетін дағдылардың мәні осында.«Мұғалім көп әдісті білуге тырысуы керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек», -деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы керек. Өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жетеді. [3]

Жаңартылған білім беруде қолданылатын топтық жұмыс барысында оқушының бойында сабақ үстінде ғана емес, кейін де пайдасын тигізетін әлеуметтік өзара әрекет ету дағдысы, қарым- қатынас дағдысы, проблемаларды шешу дағдысы қалыптасады, сыни тұрғыда еркін ойлау қабілеті кеңейе отырып, еркін сөйлеуге үйренеді. Ал сабақтың өн бойында диалогтық оқытуды қолдану оқушының білім деңгейін анықтау мен алдыңғы білімдерін есіне түсіруге ғана емес, оның тілдік барьерін азайтуға, мәдениетті сөйлеу нақышына назар аударуға мүмкіндік береді. Диалогтық оқытуды жұптық жұмыс кезінде қолдану да тиімді, себебі оқушы мен

оқушы арасындағы диалогтық оқыту қызықты болады, оқушы өз құрдастары арасында өз ойын ашық айтады, әрі түсінбеген сұрақтарын еркін қояды. Сол кезде сыныптастар арасында тұлғааралық байланыс орнайды, әрбір оқушының бойында белсенділік, қызығушылық, бәсекелестік сияқты қабілеттер көрініп, оқушылар бір-бірімен жақсы қарым-қатынас жасайды.

Мұғалім сабақта жаңа әдіс-тәсілдерді қолданып, топтастырып, формативті бағалау түрлерін қолданып, оқушыларды ашық сұрақтар қоюға дағдыландырса олардың қызығушылығы оянып, сыныптастарымен жаңа идеялармен бөлісуге дайын болады. Жұмыстарын қорғау кезінде, оқушыларға өмірде кездесетін қиындықтарды жеңе алу, кез-келген іс-әрекеттің белгілі бір жағдайға тигізетін әсері жөнінде ойларымен бөлісуге мүмкіндік беру мақсатында қосымша сұрақтар қоя отырып, оқушылардың мәселелерді шешудің тиімді жолдарын іздеп таба алатынын байқап, болашаққа болжам жасай және шешім қабылдай алу қасиетін қалыптастыруға болады. Бұл әдіс оқушыларды бір-бірінің ұстанымдары мен идеяларын жақсы танып білуге мүмкіндік бере отырып, жауапкершілікті, талапты болуға итермелеп, өз ойын дәлелді жеткізу қабілеттерін дамытып, оқушы бойында іскер адамға тән қасиеттерді оятады. [4]

Жаңартылған білім беру мазмұнының негізгі компоненттерінің бірі – мұғалімнің де, оқушының да өз іс-әрекетін сыни талдап, бағалап, рефлексия жасай білуі. Осындай дағдыларды бойына сіңірген жас ұрпақ әр қадамын жіті жоспарлап, үлкен жауапкершілік танытып, тәуелсіз, әділетті әрі адамгершілікті шешім қабылдайтыны анық. Білімді тұлға қайдан шығады? Жаңашыл мұғалімнің баланы дамыта оқытудағы жаңаша еңбегі, балаға ізденіс жолында білім берудегі жұмыс нәтижесінен шығады. Сондықтан қатардағы пендені нағыз толық қанды тұлғаға айналдыру үшін білім берудегі жаңашылдықты ұлттық құрдылықтармен ұштастыра отырып тәрбие берудің маңызы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ш.Елеуқенов, Замандас парасаты. Әдеби сын. Алматы: Санат, 1977 .
2. ҚР Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Астана, 2010.
3. ҚР орта білім мазмұнын жаңарту еңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. 2016
- 4.« Тәжірибедегі рефлексия» жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы Тренерге арналған нұсқаулық. 2016

ПЕДАГОГТИҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ХАЙРУЛЛИНА АЙГУЛЬ БОЛАТОВНА

*«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы
Батыс Қазақстан облысы ПҚБАИ,*

Спиральдік принципке сәйкес құрылған жаңартылған білім беру бағдарламасы негізінде білім мен дағдының кіріктірілуіне және оқушылардың сыни ойлау, бірлесіп жұмыс істеу, ақпарат іздеу дағдыларын дамытуға аса мән берілген. Жалпы педагогика тарихында пәндерді кіріктіру мәселесіне қоғам қайраткері Ж.Аймауытов аса мән берген болатын. Оның қазақ ұлттық мектебінде білім беру мазмұнын «Әдебиетті, тарихты, географияны біріктіріп, яғни интеграциялап «Біздің Отан» деген атпен оқыту қажет» деген озық ойының практикалық мәнін бүгінгі күн талабы дәлелдеп отыр. Оқушының жан-жақты кіріктіріліп қарастырылатын материалды тез әрі оңай меңгеретіні анық. Пән мұғалімдері өз тәжірибелерінде пәнаралық байланысты қолданғанымен, мәселені толығымен шеше алмайды. Пәндер арасындағы кедергілерді жою үшін білімді басты объектілердің немесе тақырыптардың аясында біріктіру қажет. Бұл пәнді немесе тақырыпты әр қырынан қарастыруға, мол материалды қамтуға, уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді. Осы жағдай бүгінде білім берудің жаңартылған мазмұнының спиральдік принципіне сәйкес мүмкін болып отыр.

Бұл өз кезегінде орта білім беру жүйесін модернизациялау жағдайында кәсіби қызметтің жаңа тәсілдерін, педагогикалық процеске қатысушылар арасындағы жаңа рөлдік қарым-қатынастар құрылымын, жаңа білім беру технологияларын меңгерген, жеткілікті дәрежеде әмбебап, жан-жақты даярлық деңгейіне ие маманға деген қажеттілікті арттыруда. Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру стандартына сәйкес жаңартылған мазмұнда жұмыс жасау кадрлық ресурстарға жаңа талаптар қоюда: білім беру процесін кіріктіру жағдайында жұмыс жасауға; сыни ойлай алатын, оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға икемді; АКТ құзыреттілігі жоғары; өмір бойы білім алуға дайын педагог. Яғни, әрбір педагог білім беру процесінің бағдарламалық және әдістемелік қамтылу өзгерістеріне, педагогикалық іс-әрекеттің мақсаты мен тәсілдерінің өзгерісіне дайын болуы қажет. Қазіргі педагогке қойылатын кәсіби талаптарды 2019 жылы күшіне енген «Педагог мәртебесі» туралы Заң нақтылап берді.

Педагог кадрлардың кәсіби құзыреттіліктерін арттыру бағытындағы курстық, курсаралық шаралар қазіргі мұғалімдердің жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұнына қойылған талаптарды жүзеге асыруға қажетті икемділіктерді қалыптастыруда. Біліктілікті арттыру курстарында оқушыларда пәндік білім, білік, дағдыны қалыптастыруда бірлесіп білім алу, сыни ойлау арқылы бір-бірінің пікірін назарға алу, ақпаратты өңдеу, проблеманың шешімін табу, ортақ шешімге келу, т.б. сияқты сыни әрекеттермен толықтыруға қажетті икемділіктерді педагогтердің өздерінің бойында қалыптастыруға бағытталған оқыту жүзеге асады. Өйткені, бүгінде мұғалім балаға білім берудің бірден-бір көзі болып есептелмейді, оның

негізгі міндеті оқушыға білімнің өзін емес, өз бетімен білім алудың жолдарын, алған білімін өз бетімен пайдалана білу әдістерін көрсетуші, өзіндік әрекеттерге бағыттаушы болып табылады. [1, 11б.]

Д.С. Нестеревтің пікірінше, педагог білімнің қайнар көзі емес, ол тек «ресурстық тұлға» мәртебесімен шектеліп, ақпарат көзінің бірі ғана болып табылады». [2] Баланың сәтті дамуы, оның жеке мүмкіндігі мен қоғамда қалыптасқан мәдениетке сәйкес педагогтардың өзара байланысты екі рөлді – бала дамуының сарапшысы (эксперт) мен фасилитаторы рөлдерін шеберлікпен ұштастыруы негізінде қамтамасыз етіледі.

Д.С. Нестерев шетелдік зерттеушілердің еңбектерін зерделей келе, білім беру саласындағы сарапшы мен фасилитатордың айырмашылығын түсіндіреді: «фасилитатор – тұлғаның дамуына әсер ететін, фасилитацияны қамтамасыз ететін адам, яғни «индивидтің санасында өзге адам бейнесін (қабылдау, елестету) өзектендіру арқылы, оның іс-әрекет өнімділігін немесе жылдамдығын арттыру. Фасилитатор рөліндегі педагог – белгілі бір жағдайдағы мәселе бойынша баланың құзыреттілігін қалыптастырушы адам». Педагогтің міндеті – баланың өзіндік тәжірибесінің мәнін түсінуге және меңгеруге бағытталған танымдық, әлеуметтік қарым-қатынас пен іс-әрекет тәжірибесіне негізделген жағдаяттарды тудыру. Сарапшы рөліндегі педагог – баланың даму мәселесі бойынша құзыреттіліктерді игерген маман. Сарапшы ретіндегі педагогтің басты мақсаты – баланың білім, білік, дағдыларды игеру үдерісін сүйемелдеу. Сонымен, белсенді, қабілеті, тәуелсіз, білімді өзбетінше меңгеріп қолданатын шығармашыл тұлғаны дамыту мақсатында білім берудегі даралық тұрғысын және әріптестік негіздегі педагог пен оқушының субъект-субъектілік қарым-қатынас жағдайын жүзеге асырудың ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары төмендегідей:

- баланың белсенділігін, өзіндік қызығушылығы мен қажеттілігін ынталандыратын, тұлғалық мәні мен өмірлік, практикалық бағдарын қамтамасыз ететін және негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыратын жағдайларды жүзеге асыратын дамытушылық ортаны құру;
- тәуелсіз тұрғыда іс-әрекет түрі мен мазмұнын, жұмыс істеу орны мен әріптесін таңдауға, нәтижені алып қолданудың іс-әрекеті мен тәсілін бағалауға, тұлғаның рухани-адамгершілік саласы мен қоғамдық-маңызды бағдарын қалыптастыруға құқылы болуы;
- баланың өзіндік іс-әрекет жоспарының мақсатын, мазмұнын, тәсілдерін, формасын, орнын таңдауға және сол іс-әрекеттегі нәтижесін, әріптесін, тұлғалық жетістігін, перспективасын, рефлексиясын бағалауға мүмкіндік беретін білім беру үдерісін ұйымдастыру;
- тұлғаның шығармашылық іс-әрекетін дамытатын және қоршаған ортада өзін-өзі анықтауы мен өзін-өзі тануын сүйемелдейтін ізденістік, өнімділік технологияларын қолдану;
- педагогтің фасилитатор ретінде оқушының қабілеті мен қызығушылығын дамытатын, көңіл-күйі мен қажеттілігін ескеретін, тәжірибесі мен болашағын

бағдарлайтын, проблемасын шешуге көмектесетін ресурстық тұлға рөлін жүзеге асыруы.

Жоғарыда айтылған кәсіби икемділіктер педагогтің жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқушының жан-жақты дамуын ұйымдастырып, жүзеге асыруына мүмкіндік береді. Өйткені жаңартылған білім берудің оқу бағдарламалары баланы жеке тұлға ретінде қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу әрекетіндегі оң уәжі мен икемділігін; материалды кеңінен меңгеру үшін оқудың, жазудың, тілдік қатынастың, шығармашылық тұрғыда өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған. Бұл, *біріншіден*, білім беруді жаңа мазмұнда заман талабына сай ұйымдастыру мәселесімен тікелей байланысты. *Екіншіден*, білім беруді жаңарту «Мәңгілік Ел» идеясына сәйкес оқу-тәрбие процесін оқушылардың адамгершілік нормаларын, ұлтаралық келісім мен төзімділігін, патриотизмін, физикалық және рухани дамуын, заңды құрметтеуін қалыптастыру міндетін алға қояды. *Үшіншіден*, білім беруді жаңарту оқушылардың білімін ғана емес, оларды қолдану дағдыларын, атап айтқанда, функционалдық сауаттылығын қалыптастырумен байланысты. Сондықтан да жалпы білім беру деңгейіндегі тіл және әдебиет, математика және жаратылыстану білім саласы пәндерін оқытуда мұғалімдер жаттығулар мен тапсырмалар орындатқанда және түрлі мәтіндер оқытқанда, оларды өмірмен байланыстыра отырып, оқушылардың оқудағы және жазудағы, математика мен жаратылыстану ғылымындағы сауаттылықтарын, шығармашылық тұрғыда ойлау дағдыларын қалыптастыруға баса көңіл бөлгені жөн. Өйткені, оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту қазіргі жаңартылған білім беру мазмұнының басым бағыттарының бірі ретінде айқындалды. Бұл ретте функционалдық сауаттылықты дамыту нәтижесі білім алушылардың алған білімдерін практикалық жағдайларда тиімді және әлеуметтік бейімделу процесінде сәтті пайдалануға мүмкіндік беретін негізгі құзыреттіліктер жүйесін меңгеруі болып табылады.

Негізгі құзыреттілік – бұл мемлекеттің орта мектепті бітіруші тұлғаның сапасына МЖББС-да және оқу бағдарламаларында көрсетілген білім беру нәтижелері түрінде қоятын талаптары. Орта мектепті бітірушінің мынадай негізгі құзыреттіліктері белгіленген: басқарушылық (проблеманы шешу қабілеті); ақпараттық (өзіндік танымдық қызметке қабілеті немесе өмір бойы білім алу); коммуникативтік (қазақ, орыс және ағылшын (шет) тілдерінде ауызша, жазбаша және нәтижелі қарым-қатынас жасауға қабілеті); әлеуметтік (әлеуметтік өзара іс-қимыл жасауға қабілеті); тұлғалық (өзіндік іске асыру, өзін-өзі жетілдіру, өмірлік және кәсіби өзін-өзі анықтау, төзімді болу қабілеті); азаматтық (қазақстандық сана-сезім мен мәдени ұқсастық негізінде өзінің отаны үшін жауапкершілікті сезіну қабілеті); технологиялық (технологияларды тиімді пайдалану, оның ішінде ғылыми, сандық технологияларды пайдалану қабілеті).

Негізгі құзыреттіліктен басқа жекелеген пәндік салалар шеңберінде *пәндік құзыреттілік*: оқу пәні шеңберінде меңгерілген ерекше білім,

іскерлік, дағды қарастырылады. Негізгі және пәндік құзыреттіліктің білім берудің нәтижесі ретінде нақты, өлшемді, қолжетімді, шынайы және уақыты анықталған болуы қажет. Сондықтанда жаңартылған оқу бағдарламасы, мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуда негізгі, пәндік құзыреттіліктерге қол жеткізуге бағдарланған. [3] Бұл өз кезегінде білім беру процесін ұйымдастыру тұрғыларының мәнді өзгерістеріне байланысты мұғалімнің білім алушыға «ынтымақтастық жағдайында тең құқылы әріптес» ретінде қарап, «дамушы баланың еркіндік деңгейін кеңейту» идеясын жетекші етіп алуын талап етеді. [4]

Сондықтанда, білім беруді жаңарту оқу-тәрбие процесіне заманауи әдістемелер мен технологияларды мұғалімдердің тиімді пайдалана білуімен байланысты. Яғни, ұстаздар үнемі ізденісте болып, жаңалықты үйреніп, «өмір бойы білім алу» ұстанымымен жұмыс жасауы тиіс. Бұл ретте мұғалімдерге толық еркіндік беріледі. [3]

Сонымен білім берудің жаңартылған мазмұны білім, білік, дағдыны мақсат ретінде қарастырмай, оны жан-жақты тұлға дамуының құралы ретінде қарастырады. Сондықтанда жаңартылған білім беру жүйесінде мұғалім бала үшін ЖАДА көмекшісі, қолдаушы болып табылады. Білім берудің жаңа жағдайында мұғалге оқу процесін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін тиімді оқыту мен оқуға сәйкес қалыптасқан кәсіби құзыреттіліктері білім алушыларда жас ерекшеліктері мен оқу пәнінің мазмұны бойынша негізгі, пәндік құзыреттіліктерді қалыптастыруға, оның нәтижесінде функционалдық сауаттылықтарын бағалауға қажетті икемділіктер бар. Ал мұндай құзыретті маман оқушылардан белгілі бір ситуацияларда жауапкершілікпен шешім қабылдауға, жаңа технологияларды сауатты қолдануға және меңгеруге, өзіндік білім алуға, қойылған міндеттерді шешу үшін қажетті білім мен іскерліктерді өзбетінше игеруге, әлеуметтік өзара әрекеттесуге дайындай алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектептері педагогтерінің біліктілігін арттыру курсының бағдарламасы. Тренерге арналған нұсқаулық.«Назарбаев Зияткерлік мектептері»ДББҰ.Педагогикалық шеберлік орталығы. Астана, 2016.
- 2.Нестеров Д.С.Развитие педагогической компетентности студентов в процессе открытого обучения. Н-Новгород, 2003.
- 3.Қазақстан Республикасының жалпыға міндетті орта білім берудің стандарты. Астана, 2012.
- 4.Асмолов А.Г. Движущие силы и условия развития личности / Психология личности – Т.2 Хрестоматия, Самара: «Бахрах», 1999.

ФОРМИРОВАНИЕ ОБЩЕЧЕЛОВЕЧЕСКИХ И НАЦИОНАЛЬНЫХ ЦЕННОСТЕЙ НА УРОКАХ ЛИТЕРАТУРЫ

ХАЛИКОВА ЖАНИЯ ЗИНУРОВНА

*учитель русского языка и литературы
общая средняя школа имени С.Н.Имашева
Курмангазинский район
Атырауская область*

Обеспечение духовно-нравственного развития и воспитания личности гражданина является приоритетной задачей современной государственной политики Казахстана. Именно образованию отводится ключевая роль в духовно-нравственной консолидации казахстанского общества. "Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2020-2025 годы" ставит перед нами задачу обеспечения интеллектуального, духовно-нравственного и физического развития обучающихся [1].

В 2020-2021 учебном году в организациях среднего образования страны одной из особенностей воспитательной работы является внедрение ценностноориентированного подхода в обучение через реализацию проекта «Құндылықтарға негізделген білім беру». Главная цель этого проекта - развитие общечеловеческих и национальных ценностей, повышение роли семьи в воспитании обучающихся. В этом проекте чётко сказано, что основу содержания воспитания составляют общечеловеческие ценности (человек, семья, труд, знания, культура, отечество, земля, мир) и национальные ценности (язык, история, искусство, фольклор, традиции и обычаи народа) [3]. В инструктивно - методическом письме в соответствии с проектом подчёркивается, что основу содержания системы воспитания составляют общечеловеческие ценности (вера, истина, прекрасное, свобода, милосердие, добро, любовь и др.) и национальные ценности (независимость, патриотизм, толерантность, родной язык, законопослушание, этническая культура, традиции и др.). В реализации проекта должны принимать участие все члены коллектива организации образования: администрация, каждый педагог, классные руководители, социальный педагог, педагог-психолог, технический персонал, а также представители родительской общественности. В формировании национальных ценностей немаловажная роль отводится учителю-предметнику. Учитель должен использовать ценность на каждом уроке, внеурочном мероприятии и проводить уроки в соответствии с заданными ценностями. И современная школа может и должна решать эту задачу средствами школьных предметов, и в первую очередь на уроках литературы.

Русская литература, как предмет, занимает важное место в системе образования Казахстана. Наряду с другими учебными предметами общественно-гуманитарного цикла литература раскрывает проблему человека и его места в мире. Через постижение произведений русской, казахской и мировой классики, содержащей в себе опыт духовного развития разных эпох, происходит становление внутреннего мира обучающегося, приобщение его к общечеловеческим и национальным ценностям. Этот

опыт способствует воспитанию гражданских и патриотических чувств личности, что является необходимым условием развития современного общества. Также этот предмет обладает огромным воспитательным потенциалом, дающим возможность не только развивать интеллектуальные способности обучающихся, но и формировать ценностные ориентиры, которые позволяют воспринимать проблематику произведений русской, казахской и мировой классики. Содержание предмета направлено на воспитание духовно развитой личности, испытывающей потребность в саморазвитии, расширении культурного кругозора; формирование гуманистического мировоззрения, базирующегося на понимании ценности человеческой личности; формирование основ гражданского самосознания, ответственности за происходящее в обществе и мире, активной жизненной позиции; воспитание уважения к истории и традициям разных народов [2].

Программы по литературе весьма разнообразны. Большинство из них предлагают к чтению и анализу произведения, связанные с духовно-нравственным воспитанием. Возьмём произведения, которые изучаются в 8 классе, В.Г.Распутин «Уроки французского», Ч.Т.Айтматов «Первый учитель», В.П.Астафьев «Фотография, на которой меня нет», У.Шекспир «Ромео и Джульетта», А.С.Пушкин «Капитанская дочка», А.Грин «Алые паруса», А.де Сент – Экзюпери «Маленький принц». Эти произведения просто золотой фонд для нравственного воспитания учащихся. На материале произведений этих писателей можно обсуждать вопросы о смысле человеческой жизни, духовности, милосердии, добре и зле, справедливости, о большой и малой родине, о душе и памяти. Остановимся на сказке А.де Сент – Экзюпери «Маленький принц». "Маленький принц" А. Де-Сент Экзюпери - одно из самых любимых произведений многих читателей. И я делаю всё возможное, чтобы эта сказка стала любимой для моих учеников. Поразительно трогательная и очень красивая сказка - о том, как важно иметь близкого человека рядом, как важно ценить дружбу, любовь, взаимоотношения. Эта история учит нас и сопереживанию, искренности, доброте, ответственности. Она обращает наше внимание на то, чего многим из нас так не хватает в нынешние времена - на истинные ценности, которые не купишь ни за какие деньги; на то, как важно "видеть сердцем". И в ней красной нитью проходит тема о дружбе и взаимовыручке, о доброте.

Чтобы это не было простым разговором о нравственности, процесс формирования ценностных ориентации учащихся на уроке литературы осуществляется через их деятельность. Выделяю основные виды этой деятельности:

-эстетический (формирование эстетического вкуса как ориентира самостоятельной читательской деятельности, формирование основных теоретико-художественных понятий для овладения анализом и оценкой литературно-художественных произведений);

- интеллектуальный (формирование и развитие умений грамотного и свободного владения устной и письменной речью, навыками логического мышления);
- познавательный (формирование системы гуманитарных и духовных понятий, составляющих основу научных знаний);
- творческий (создание творческих работ, проектов и т.п.);
- исследовательский (выполнение различных исследовательских работ).

При изучении того или художественного произведения немаловажную роль играют и правильно выбранные и поставленные перед учениками цели. Общечеловеческие и национальные ценности формируются у обучающихся и через анализ художественного произведения, где основными целями обучения являются:

5 -7 классы

2.4.1 анализировать эпизоды драматических и прозаических произведений, важные для характеристики главных героев;

2.5.1 характеризовать героев, используя план и цитаты из текста;

3.1.1 участвовать в обсуждении произведения, оценивая поступки главных героев

3.1.1 участвовать в обсуждении произведения, выражая мнение о героях и событиях.

8 - 9 классы:

2.5.1 характеризовать героев произведения, их поступки, мотивы поведения, значение имен и фамилий

4.1.1 участвовать в обсуждении произведения, отстаивая свою точку зрения, оценивая поведение, поступки героев, позицию автора

10 - 11 классы

2.2 определять тематику и проблематику произведения, выражая мнение об их актуальности и аргументируя свою позицию;

2.5 характеризовать героев произведения, определяя их роль и значение в системе персонажей;

2.7 определять способы выражения авторского отношения к героям, проблемам, поясняя позицию автора примерами из текста.

В "Программе воспитания "Құндылықтарға негізделген білім беру" написано, что "хорошие качества должны преподаваться с точки зрения «Делай, как я», нежели «Делай, как я говорю», а на уроках литературы, при анализе образов, поступков, мотивов поведений положительных героев, можно сказать "Делай, как герои".

Таким образом, в системе казахстанского образования литература занимает центральное место и является одним из средств формирования общечеловеческих и национальных ценностей. Как учитель с многолетним стажем, могу с уверенностью сказать, что уроки литературы обеспечат:

–формирование нравственного сознания(нравственный идеал, нравственные и этические ценности, нормы);

– развитие нравственных чувств и качеств: гуманизм, совесть, честь, долг, товарищество, доброта, стыд и т.д.;

– формирование нравственного поведения и нравственного опыта;

– воспитание гражданина и патриота своей Родины;

– формирование умения давать нравственную оценку происходящего в окружающем мире и предпринимать шаги для его позитивного изменения.

Ведь будущее нашей страны напрямую зависит от воспитания наших детей, от ценностей, которые мы им прививаем сегодня.

Литература:

1. "Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2020 - 2025 годы"

2. Инструктивно-методическое письмо "Об особенностях образовательного учебного процесса в организациях образования РК в 2020 - 2021 учебном году"

3. "Программа воспитания "Құндылықтарға негізделген білім беру"

К ПРОБЛЕМЕ ИНТЕРАКТИВНОСТИ И СПЕЦИФИКИ ЕЕ РЕАЛИЗАЦИИ С ТОЧКИ ЗРЕНИЯ СОЦИАЛЬНОГО КОНСТРУКТИВИЗМА

ЧИКОВА ИРИНА ВЯЧЕСЛАВОВНА

канд.психол.наук., доц., ведущий научный сотрудник

Орский гуманитарно-технологический институт (филиал) ОГУ

г. Орск

Изменения общеевропейского образовательного пространства актуализируют те изменения, которые происходят в образовании России в настоящее время. В этой связи характер этих изменений сопряжен не только с содержательной стороной образовательной системы, но и с процессуальными изменениями, технологическими [2; 7; 8].

Как показывают исследования в психолого-педагогической науке, развитие студентов на этапе вузовского образования находится в тесной связи с технологиями, средствами, которые инициируют их развитие, являются катализаторами качественно специфичного процесса становления профессионала [2; 6; 7-8].

Федеральные государственные образовательные стандарты высшего образования при реализации компетентностного подхода рекомендуют использование в учебном процессе активных и интерактивных форм проведения занятий в сочетании с внеаудиторной работой с целью формирования и развития профессиональных навыков обучающихся.

Удельный вес занятий, проводимых в интерактивных формах, определяется особенностью подготовки специалиста, контингента

обучающихся, содержанием конкретных дисциплин, и в целом в учебном процессе вуза они должны составлять не менее 30 % аудиторных занятий.

В связи с этим, одной из важнейших задач качественной подготовки бакалавра или специалиста в вузе является внедрение активных и интерактивных форм обучения [4].

Это обуславливает внедрение новых, инновационных технологий, приводит к пересмотру процесса обучения, его технологий и методов в соответствии с меняющейся парадигмой [5; 6].

Таким образом, технологические аспекты педагогической деятельности становятся интересны с позиции результативности, достижения качества обучения в образовательном пространстве вуза [1].

Инновационные технологии обозначаются таковыми с позиции влияния на качественную составляющую образовательного процесса, развития и воспитания личности обучающегося [1].

Образование на сегодняшнем этапе развития обладает широким арсеналом педагогических технологий, но важным становится позиция и обучающегося и обучающего – активность [2; 4].

Именно через активность этих субъектов и возможно достижение целей, становление личности, профессионала. Интерактивность, как взаимодействие обуславливает активный характер образования, способствует формированию новообразований личности [3].

Применительно к образовательному процессу интерактивность в большей связи ассоциируется:

- с общением,
- с обменом информацией,
- прямым взаимодействием [4].

На современном этапе развития образования все большую популярность получают интерактивные технологии опосредованного типа, т.е. использование в образовательном процессе электронных средств, интернет ресурсов, дистанционных технологий обучения.

Безусловно, эти технологии целесообразны, дают определенный результат, но все же, при формировании компетенций у студентов, обозначенных в образовательных стандартах необходима и подлинная интеракция как непосредственное взаимодействие с преподавателем [7].

Отсюда мы приходим к специфическому пониманию «интерактивности» как межличностному взаимодействию преподавателя и студента на продуктивном уровне [8]. Это взаимодействие является еще специфичным в виду того, что происходит обмен информацией, согласуются варианты решений, реализуется процесс моделирования ситуации, взаимооценка действий и др.

Важной особенностью и одновременно сущностной характеристикой интерактивного обучения в вузе выступает особая атмосфера, которая может быть обозначена:

- инициативностью,

- открытостью,
- доброжелательностью,
- обменом информацией, идеями, опытом познавательной деятельности,
- усвоением способов практических действий.

Выше перечисленное является значимым, поскольку современное образование исходит из концепции социального конструктивизма. Согласно последней образовательное пространство формируется, возникает под действием, конструируется людьми и соответственно здесь важны процессы перцепции, когнитивности.

Однако развитие социальных сетей, внедрение информационных технологий в жизнедеятельность общества обозначали подмену прямого взаимодействия на опосредованное.

И этот тезис является злободневной проблемой одновременно. В образовательный процесс проникли понятия:

- «онлайн-связь»,
- «скайп»,
- медиа-связь,
- дистанционные технологии, офф-лайн-связь и др.

Обозначенные выше типы взаимодействия все более проникает в систему образования и не только высшего, приобретает характер дистанционного обучения.

Безусловно, что отказаться от этих вариантов взаимодействия мы не можем, но и нивелировать сущность и значимость живого общения, совместной деятельности нельзя.

Следуя требованиям образовательных стандартов, мы выходим на понятие компетенций, но их формирование на качественно своеобразном уровне может быть достигнуто только в условиях непосредственного взаимодействия, а именно:

- в системе «преподаватель-студент»,
- в практике их совместной деятельности;
- сотворчестве.

Следовательно, интерактивность в образовательной деятельности специфицирована рядом условий и специфических обстоятельств, в числе которых обозначим следующие:

- диалогичностью процесса обучения,
- продуктивным взаимодействием,
- сотрудничеством преподавателя и студентов.

В рамках этого организованного взаимодействия происходит обмен значимой информацией, являющейся источником разного рода активности, поиск решения какой-либо проблемы, регулирование поведенческих особенностей и др.

Отдельно, важно подчеркнуть особенность интерактивного обучения сопряженную с обменом опытом, мнениями, информацией, с созданием условий для реализации инициативы, творчества.

Углубляя этот аспект рассмотрения проблемы мы, безусловно, приходим к тому, что в образовательном пространстве вуза задача преподавателя не только транслировать информацию, научные знания, но и структурировать эту информацию в пространстве и временном промежутке. Вот это требует сформированных навыков сотрудничества, интерактивного общения, как со стороны преподавателя, так и обучающихся.

В условиях такого рода интерактивности создается реальная возможность взаимовлияния, установления взаимоотношений, взаимопонимания, одновременно возможно моделирование ситуаций, погружение в задачу, совместное нахождение вариантов ее решения субъектами образовательного пространства вуза.

Несколько однобокая и закрепившаяся трактовка интерактивности как использования технических средств, приемов и методов обучения подменяет истинную её сущность. На самом же деле мы обозначаем качественно новое пространство взаимодействия, новый уровень взаимоотношений субъектов, иную направленность, мотивированность и целеположенность процесса.

Следовательно, особенности интерактивных технологий определяются в большей степени самой личностью преподавателя, тем каким образом он активизирует, инициирует ответную реакцию у студентов, как выводит их на новый уровень размышления и решения возникающих задач и проблем.

Опираясь на требования образовательных стандартов, мы выходим на понятие компетенций, но их формирование на качественно своеобразном уровне в условиях вуза может быть достигнуто только в условиях непосредственного взаимодействия в системе «преподаватель-студент», в практике их совместной деятельности.

Итак, интерактивность в образовательной деятельности выступает ее сущностью, она обуславливает диалогичность процесса обучения, продуктивность взаимодействия, сотрудничество преподавателя и студентов.

Следовательно, преподаватель вуза в своей деятельности руководствуется не только функцией передачи научных знаний, но и решает задачу использования современных образовательных технологий, обеспечивающих успешность и качественную составляющую процесса обучения. В этой связи акцент переносится на субъект-субъектные отношения, партнерство, сотрудничество и сотворчество.

Резюмируя отметим тот факт, что сущностью современного этапа развития высшего образования в России становится интерактивность, реализация субъект-субъектных отношений, сотрудничество и сотворчество преподавателя и студента в образовательном процессе с опорой на национальные ценности.

Список литературы

- [1]. Андреев, В.И. Педагогика высшей школы. Инновационно-прогностический курс: учеб. пособие / В.И. Андреев. - Казань: Центр инновационных технологий. - 2008. - 500 с.
- [2]. Ерофеева Н.Е. Мониторинг как инструмент регулирования взаимодействия педагога и студента в вузе / Н.Е. Ерофеева, Г.А. Мелекесов, И.В. Чикова // Успехи современной науки и образования, 2016. - №10. Том 4. - С.67 – 71.
- [3]. Ерофеева Н.Е. Мониторинг «Преподаватель глазами студентов» как инструмент регулирования профессиональной деятельности педагога и повышения качества обучения в вузе / Н.Е. Ерофеева, И.В. Чикова // Интернет-журнал Науковедение, 2015. - Т. 7. №5 (30). - С. 188.
- [4]. Ерофеева Н.Е. Опыт реализации тьюторского сопровождения образовательного процесса в вузе / Н.Е. Ерофеева, Г.А. Мелекесов, И.В. Чикова // Вестник Оренбургского государственного университета, 2015. - №7 (182). - С. 98 – 104.
- [5]. Мелекесов, Г.А. К проблеме интерактивного образовательного пространства вуза (по материалам мониторинга) / Г.А. Мелекесов, И.В. Чикова / В сборнике: [Университетский комплекс как региональный центр образования, науки и культуры](#) Материалы Всероссийской научно-методической конференции. 2016. С. 2271-2275.
- [6]. Педагогические технологии: учебное пособие / авт.-сост. Т.П. Сальникова. - М.: ТЦ «Сфера», 2007. - 128 с.
- [7]. Чикова И.В. К проблеме взаимодействия субъектов образовательного пространства вуза / И.В. Чикова, Г.П. Шолохова. В сборнике: Университетский комплекс как региональный центр образования, науки и культуры : Материалы всероссийской научно-методической конференции (с международным участием). - Оренбург, 2015. - С.2177 – 2179.
- [8]. Чикова И.В. К проблеме интерактивного диалога в системе «преподаватель-студент» / И.В. Чикова. Сборники конференций НИЦ Социосфера, 2015. - №29. - С.257 – 262.

ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТІМІЗДІ БАЛА ТӘРБИЕСІНЕ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ

ШАДИЯРОВА АҚГҮЛ СЕЙІЛХАНҚЫЗЫ

Атырау қаласы

№26 «Жұлдыз» бөбекжай-бақшасының

би маманы

Талаптан да білім мен өнер үйрен,

Білімсіз, өнерсіз болады ақыл тұл.

Шәкәрім Құдайбердіұлы

Ұлт болып қалыптасып, халық болып құрылғаннан кейін әрбәр ұлт өз құндылықтары және олардың маңызы туралы ойлана бастары сөзсіз. Себебі, кастерлісін қасиеттей алған ел ғана тарих жадында алтын әріппен қалары хақ. Аталар қалдырған асыл сөз, тұлпардың тұяғы, құстың қанаты талатын сайын дала, батыр туған кең өлке, ақын туған алқап, мәдениет пен өнер, ғылым мен мемлекет аса құнды байлығымыз. Әрбірі елдің кешегісі мен бүгінінен сыр шертіп, болашағына сара жолды саралай ашады. Тарихтың тарам – тарам жолдарын тізбектеп, болашақтың белестеріне баспалдақ салады. Осы мақсатты жүзеге асыратын құндылықтың бірі- ұлттық би өнері. Ұлттық би өнері–әр халықтың мәдениеті мен өмір сүру салты хақында сыр шертетін аса киелі құндылық. Әсем қимыл мен сырбаздықтың астарында үлкен бір оқиғаны бейнелейтін тарих жатыр. Би қимылына майысқан әрбір саусақ бір оқиғаны салалап баяндайтыны тағы бар. Қазақ халқы ән мен бидің қорына бай , өнер тұнған киелі мекен. Қазақтың аспанында қалықтаған құста, жерінде тіршілік ететін жан – жануары да, тіпті елеулі оқиғалар да би қимылына сыйып, әсем әдеби әрі мәдени үйлесімділік жасай білді [1]. Ұлттың ұлағаттылығы мен халықтың жасампаздығы осы тұстан айқын білінеріне кім таласпақ. Көптеген ғасырлар бойы халықтық өнер мәдениеті адам өмірінің ажырамас бөлігі болып табылады. Рухани мәдениеттің сабақтастығы адамгершілік пен сұлулық туралы ежелгі ұғымдар арқылы жүзеге асырылады. Бұл ұғымдарды жаңа ұрпаққа берудің өзіндік тәсілі, адамның эстетикалық көзқарастарын қалыптастырудың құралы-дәстүрлер, рәсімдер, әдет-ғұрыптар мен мерекелер және салт-жоралар әрқашан шартты символдық болып табылады.

Халықтық дәстүрлі мәдениет-бұл қазіргі заманғы адамның өз халқының тарихи және рухани мұрасымен, өткенімен байланысын сақтауды және қорғауды, қалпына келтіруді талап ететін байлық. Бүгінгі таңда салт-дәстүр-бұл жалпы ғасырлық процестің органикалық жалғасы, оның дамуының тағы бір кезеңі, білім беру құралы және адамның ең жақсы мұраттарының тасымалдаушысы. Халық мәдениетінің дәстүрлерінде ұлттық би әрдайым маңызды рөл ойнайды.

Халық-өзінің көркем-шығармашылық мұрасының, соның ішінде би мұрасының сақтаушысы [1]. Ал би, өз кезегінде, ұлттың, руханилықтың, менталитеттің және т.б. анықтамасын беретін халықтың жеке коды болып табылады. Халықта дәстүрлер, оның ішінде би дәстүрлері сақталғанға дейін, ол (халық) болашаққа, дамуға, яғни одан әрі дамуға құқылы. Қазақтың

ұлттық билері мен қимылдарына жеке – жеке тоқталып айтсақ қандай киелі халық екенімізді аңғарамыз. Осы құндылықты келер ұрпақ пен бүгінгі жастардың бойына сіңіру – біздің басты мақсатымыз. Ал, бұл мақсатты іске асырудың алғашқы сатысы – балабақшалар. Себебі, сензетивті дамуында ойын мен қозғалыс ерекше рөл ойнайтын бұл жастағы балаларға би туралы ақпарат беріп, қадір – қасиетін түсіндіру жеңіл әрі қол жетімді. Сондықтан да, әрбір балабақшада ұлттық сананы жандандыру мақсатында үйірмелер мен сабақтар жасақталуы тиіс және осы жерде би туралы сабақтар болуы міндетті шарт [2].

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында 2019 жылғы дерек бойынша мемлекеттік және жеке негізде қызмет ететін он мыңнан астам балабақша бар екендігі анықталды [3]. Яғни, осы он мың балабақшада елдің ертеңі болар ұл мен бесіктің егесі болар қыз тәрбиеленуде. Олардың білім алуы мен ұлттық құндылықты бойына сіңіруі ұлттық саясаттың да бір бөлігі. Олай болса, қазақ ұлттық билері тарихтан нені ұғындырады? Қандай би түрлері бар? Би қимылдарынан ұғарымыз не? Осы және өзге де сұрақтардың жауабын зерттей келе, өз бетімізше мына мәліметтерге қол жеткіздік.

Қазақ ұлттық билері сан алуандығымен, әртүрлілігімен ерекшеленеді. Баршаға таныс билердің мына түрлері бар: «Қамажай», «Қара жорға», «Аққу», «Көкпар», «Биші қайың», «Шолпы», «Асатаяқ», «Салтанат» және т.б. бидің астарынан бұрын атауында да сыр жатқан бұл билер кешегі және бүгінгі хореография өнерінің алтын қорына енген билер екені сөзсіз. Осы билердегі әрбір қимыл ұлттың өмірінен хабар беріп, салт – дәстүр жайында ақпарат береді. Халық билері-бұл көркемдік және эстетикалық іс-әрекеттің бір түрі, халықтық дәстүрдің синтезі, шығармашылық импровизация, көркемдік бейнелеу. Шынында да, қазақ халық шығармашылығының дамуы ел халқының тарихымен тығыз байланысты, ал халық билері образдар, өзіндік ерекшеліктер арқылы халықтың рухани өмірін, оның өмірін, талғамдарын, мұраттарын нақты түрде көрсетеді және ашады. Халық билерін зерделеу білім алушыларды біздің еліміздің және басқа елдердің бай хореографиялық фольклорымен, костюмдерімен және дәстүрлерімен таныстыруға ықпал етеді. Би мен музыка арқылы балалар халықтың рухын сезінеді, ұлттың бейнелерін, өзіндік ерекшелігі мен мәдениетін жеткізуді үйренеді [4]. Қазақ ұлттық билері дене бөліктерінің бәрін қимылға қосып, жандыны жандандыра, жансызға жан сыйлай отырып жүзеге асады. Атауларынан да аңғарар болсақ, билер терең философия мен тарихты бірлестіреді. Қос қолын сермеп, мың бұралып билеу, көз бен қасты ойнақшыта үйлестіру, аяқпен қимыл жасау сияқты бірнеше үрдіс бір ғана бидің өзінде бірнеше элементтерді біріктіре отырып қайталанатын. Осындай ірі маңызға ие мәдени құндылықты балабақша тәрбиеленушілерінің бойына сіңіру үлкен жетістіктерге алып келеді.

Қазақ ұлттық билерінде ұлттық сананың ұлы мұратын білдіретін бірнеше қимылдар түрлері бар: ат шабыс, ұршық иіру, киіз басу, табақ тарту, оймақ, иірім, жаулық, малдас құру және т.б. әрбір қимылға жеке –

жеке тоқталар болсақ: Ұлттық би өнеріндегі ат шабыс қимылы – аттың желдете шабуы қимылын биге қосумен ерекшеленетін қимыл. Би билеу барысында қазақтың қанында бар намысшылдық, алда болуға деген талпыныс пен кендік байқалады. Қазақтың жеті қазынасының бірі саналатын асыл жануарды биге қосу да үлкен мәнді білдірсе керек. Ұршық иіру – қазақи салт – дәстүрдің сипатын білдіретін би элементі. Бишілер ұршық иіргендей қолдарын қимылға қоса отырып, негізгі би элементін биге қосады. Ұршық дегенде көзімізге әже мен қолындағы үйлестіре иірген ұршығы, сонымен бірге ондағы кие мен қасиет қоса елестейді. Қолдарына осы киелі мұраны алып шығып, мың бұралған әсем қыздарды көргенде жүрек толқып, жан елжірейді. Киіз басу – қазақтың киіз басу қимылын биге қосу арқылы орындалатын би қимылдарының бірі. Киіздің өзі қазақтың ызғардағы панасы, суықтағы қорғанышы болған. Әжелеріміз бейқам отырып, шүйіркелесе басатын әсем киіздің сәні осы бидің мәніне айналған. Табақ тарту – қазақтың ас тарту мәдениетінің ажырамас бөлігі саналатын бұл үрдістің би қимылында орын алуы ұлттық сананы жандандырудың тағы бір мысалы болмақ. Қариясына бас беріп, малды жіліктеп тартатын мәдениеті ұлттың киесін ұғындырар аспап. Оймақ – тігін өнерінде шебердің алтын аспабына айналған оймақты биге қосып, онымен әсем би қимылын сипаттау. Тігін тігіп, жамау салған кешегі аналардың ізін жалғауға насихаттайтын бұл би кез- келген ұрпаққа қажет мұра. Малдас құру – қазақтың бітімге келер, сөзге тоқтаған халық екенін сипаттайтын би қимылы. Ерлер биіндегі көп кездесетін бұл элемент ауызбіршілік пен бейбітшілікті, зайырлық пен жасампаздықты сипаттап, әспеттейді[4]. Жоғарыда аталған қимылдар мен ұлттық билердегі өзге де қимыл элементтері ұлттық сананың құндылығы ғана емес баланың ой – өрісін жан – жақты дамытуға да себепші бола алады. Қазақ билерінің ішінде көптеген табиғат құбылыстарына, табиғат бөлшектеріне, заттар мен әрекеттерге, сонымен қатар оқиғаларға арналып құрастырылған түрлері өте көп. Мектеп жасына дейінгі кезең – бала дамуына негіз болар баспалдақ, осы жас кезеңіндегі бала бойында жеке құндылықтар мен ұлттық және жалпы құндылықтар туралы түсінік қалыптасып, оңтайлы тұлғалық даму іске асады. Осы маңызды үдерістерді бала бойына сіңірудің ерекше тәсілдерінің бірі – ұлттық би өнері. Ұлттық би өнерін балабақшаларда кіріктіру жұмыстарын тиімді ұйымдастыру және оны сабақтарда шебер пайдалана білу бала бойында мұраға деген құрмет, тарихқа деген тағзым сезімдерін және мәдениетке деген сыйластықты тудырады. Балабақшада ұлттық билерді балалардың бойына сіңіру мына мақсаттарды қанағаттандыра алуы тиіс:

1. Би қимылдары мәні бар, мағынаға толы, ұлттық би элементтерінен тұратын;
2. Баланың жас ерекшелігі мен таным ауқымын ескеретін;
3. Қолданылатын құралдар бала үшін қауіпсіз және қолжетімді болатын;
4. Би стилистикасы мен оған сай таңдалған әуеннің үйлесімділігі көрінетін.

Осы мақсаттар іске асқанда балабақша тәрбиеленушілері үшін билер мен би қимылдарын үйрену жеңілiрек болады. Сонымен қатар билердi тек қана хореографиялық өнер тұрғысынан ғана емес, түсiндiрме жұмыстары тұрғысынан да қарастыру қажет. Хореограф балабақша тәрбиеленушілерiне бидi ғана емес, оның мәні мен мағынасын ұғындыруды басты мiндетi деп қарауы тиiс. Балабақшада ұлттық билердi балалардың бойына сiңiруге бағытталған жұмыстарды мына уақыттарда пайдалануға және iске асыруға болады:

1. Күн сайынғы таңғы жаттығуларда;
2. Сергiту сәтi ретiнде;
3. Ойын барысында;
4. Қойылымдарда;
5. Сабақтарда;
6. Ертеңгiлiктер мен мерекелiк iс – шараларда.

Таңертеңгiлiк жаттығулар кезiнде балаларға кейбiр би қимылдарын ұсыну арқылы ұлттық би элементтерiн кiрiктiруге болады. Себебi, қазақ билерi бой жазуға және дене мен тәннiң саулығын шынықтыруға болатын таптырмас өнер. Осы орайда, ұлттық бидiң элементтерi «ат шабысты», «мың бұралмақты», «салпылдақты» тиiмдi пайдаланып iс-тәжiрибемде қолданып келемiн. Сергiту сәтi кезiнде биге қойылған әуендi қоса отырып, бiрнеше минут би қимылдарынан үзiндi көрсету де балаларға ұлттық би туралы түсiнiк беремiн. «Қара жорға», «оймақ» сияқты билер мен би қимылдары балаларға керемет көңiл – күй сыйлайды. Сонымен қатар, би қимылдарында қолданылатын қолжетiмдi заттарды ұстап көру, сезiну билер туралы кең түсiнiк берудiң таптырмас бiр жолы. Балабақшада көп уақыт ойындарға бөлiнетiн болғандықтан ұлттық би түрлерiнен мен киiз басу қимылын таңдап, балаларды екi топқа бөлiп жарыстыру, әр түрлi түстегi киiздi басып жарысу және т.б. ұйымдастырып келемiн. Тәрбиешiмен бiрлесе отырып, ойын барысын ұйымдастыруда қысқаша мәлiмет берiп отырамын. Осылайша маманның шеберлiгi мен ұшқыр қиялын қоса отырып, әртүрлi ойындар жасауға болады. Әрбiр мерекелiк кештер мен ертеңгiлiктер қойылымдарсыз өтпейтiнi белгiлi. Осы сәттi пайдалана отырып, қойылымдар ұйымдастыру да ұлттық бидiң мәнiн аша түседi. Бидiң шығу тарихын, маңызды бөлiктерiн қойылым ретiнде көрсетiп, арасында мың бұрала билеу балалар үшiн көңiлдi әрi қызықты болатынына кепiлдiк көп. Төменде «ұршық иiру» қимылын қоса отырып қойылым құрастырудың жалпы үрдiсi қалай жүретiнiн көрсетемiн.

1. Хореографиялық қойылымның мағынасын балабақша тәрбиеленушілерiне түсiндiру;
2. Қойылым барысында сүйемелдейтiн әуендi немесе аспапты дайындау;
3. Қойылым стилистикасын таңдау;
4. Композициялық жоспар құру;
5. Жоспар бойынша дайындықты бастау;

6.Дайын қойылым апробациясы;

7.Дайын қойылымды ұсыну[5].

Бірінші қадамға сай балабақша тобындағы тәрбиеленушілерге ұршықты және оның қызметін таныстыру, шағын әңгімелеу жұмысын жүргіземін. Ұршықтың өзін алып келіп көрсету және онымен жіпті иіру балалар үшін көрнекі–бейнелі жадының белсенді жұмыс істеуіне, нәтижесінде ақпаратты есте ұзақ сақтауына әсер етеді.

Келесі кезекте таныс затты биге қоса отырып, оны сүйемелдейтін әуенді таңдаймын.

Қазақ ұлттық билеріне көп жағдайда батыс күйшілер мектебінің күйлері кеңінен қолданылып жатады. Қойылым стилін таңдау да маңызды рөл атқарады. Қойылым заманауи немесе тарихи мәнді бола алады. Композициялық жоспар құру үшін жоғарыда аталған қадамдардың бәрі сақадай сай дайын болуы керек. Жоспарда қойылымның барысы мен қай тұста би қимылдары үйлесетіндігі, кім қай қимылды жасайтындығы толық баяндалады. Сайын дала төсінде қос киіз үй тігіп, самаурынын сарқылдатып, төрт түлігін жайлап қойған үйдің тыныс – тіршілігі біз таңдаған қимылдың мәнін аша түседі. Киіз үй алдында ұршығын шыр айналдыра иірген әжейдің бейнесі қойылымның көркіне көрік қосары сөзсіз [5]. Жоспар дайын болғаннан кейін балалар құрамын таңдап ала отырып, дайындықты бастаймыз. Дайындық барысында ұршықпен абай болуды және мұқият қаруды айта отырамыз. Дайындықтың апробациясы жасалып пысықталғаннан кейін дайын қойылымды көрерменге ұсынамыз.

Осы жоспарды сақтай отыра жасалған мұндай шығармашылық жоғары бағаланары сөзсіз. Сонымен қатар балабақша тәрбиеленушілері де ұршық туралы және «ұршық иіру» биі туралы мол мағұлмат алар еді. Ұсынылған жоспар мен қадамдар тек қана бір қимылдың мазмұнына сияды. Осы жерден қазақ биі үлкен, ауқымды жұмысқа да арқау бола алар мұра екеніне тағы да көз жеткізуге болады. Биді тек қана көңіл көтеру құралы деп қана танып қоймай, сонымен қатар оны ұлттың кешегісі мен бүгінін жалғар алтын көпір ретінде дәріптеуіміз керек. Балабақшада аптасына кем дегенде бір сағат уақыт би тарихы мен ұлттық биге арналуы тиіс. Осы бір сағат ішінде мамандар бидің тәрбиелік мәнін, терең ойлы астарын түсіндірсе балалардың да қызығушылығы артып, тарих пен өнерге қатар қарай алатын ұрпақ тәрбиеленбек. Ұлттық биді ұлағаттау мен ұрпақ жадына сіңіру мақсатында жасалуға болатын және жасалынуы тиіс әрекеттің бірі–би туралы мультфильм және диафильмдер түсіру. Заманауи, цифрлы Қазақстанның мүддесін қолдай отырып, осы жұмыстарды жүзеге асыру балабақша тәрбиеленушілері үшін қызығушылық тудыратын және таңдандыратын әдіс болмақ. Себебі, ұлттық билерге түсірілген мультфильм немесе диафильмдердің жоқтығын ескерсек, бұл жаңа бастама жаңалық алып келеріне күмән жоқ, бұл әдіс балалардың қайталап көруіне, қызығушылық танытуына, зейінін шоғырландыруына негіз бола алады. Кешегісін қастер тұтпаған, ертеңіне қол соза алмайтынын ескерсек,

ұлт мұратына айналған ұлы құндылықтарды кастерлеу–ұрпақтар сабақтастығының басты мақсаты. Тарихтың алтын айнасы күнде жаңарып, күн сайын бір күн мен түнді ұрлап, өзіне тартуда. Кешегі тарих ертең кешегінен де алыс болады. Сол үшін де қолда бар алтынның қадірін уақытында білу болашаққа батыл қадамдар жасауға кепілдігін береді. Ұлттық сананың зор мұраты ұлттық билерді жас ұрпақ санасына сіңіру – ел үшін жасалған елеулі әрекет. Өнердің шыңы – би өнерін тану арқылы ел тарихына үңілген бала келешегіне де құрметпен қарайды. Елінің еншісіндегі ардақтыны ұғынып өскен жастардан арыстандай айбатты болашақ шығары хақ...

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

- 1.Қазақ өнерінің антологиясы. 25 томдық т.8. Шешендік өнер / құраст.: М.Жолдасбеков, Р.Әлмұханова.- Астана: «Күлтегін». – 320 б.
- 2.Би өнері. XX ғасыр. «мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының кітап сериялары Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасы бойынша шығарылған жинақ
- 3.Stat.gov.kz сайты
- 4.Орынбасар Дөңқабақ. Қазақ биі өнері.
<https://www.zharar.com/kz/referat/7590-bi.html>
- 5.Коптелова, Е. Д. Игорь Моисеев – Академик и философ танца / Е. Д. Коптелова. – спб. : Лань : Планета музыки, 2012. – с. 107–175.

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҚТАРЫНДА АЗАМАТТЫҚ САНА-СЕЗІМДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

ШАЛАБАЕВ МАЙРАМБАЙ ЮЛДАШЕВИЧ

Ақтөбе қаласы

«№13 орта мектеп» КММ

дене шынықтыру пәні мұғалімі

Қазіргі кездегі азаматтық сана-сезімді тәрбиелеу түсінігі көп қырлы және толық анықтамасы жоқ. Егер бұрын соңды азаматтық сана-сезімді тәрбиелеу азаматтық және патриоттылықты тәрбиелеу шеңберінде қарастырылса, қазіргі таңда ең алдымен сана-сезімге әсер ете отырып, азаматтық сана-сезімді тәрбиелеу өткір мәселелердің біріне айналып отыр[1]. Сондықтан азаматтық сана-сезімді тәрбиелеу ұғымын түсіндірмес бұрын, патриоттылық пен патриоттылық тәрбиелеу ұғымдарына тоқталып кеткенді жөн көріп отырмыз.

Ең алғаш рет «патриот» сөзі 1789-1793 жж. Француз революциясы кезеңінде пайда болды. Ол кезде халықтық іске жанашыр, республиканы жақтаушы адамдар патриот деп өздерін атаған. «Патриот деп басқа сөздікте өзінің отанын сүйетін, өз халқына берілген, елі үшін жанын қиюға даяр адам деп көрсетілген». «Патриоттылық (гр.patris – отан) дегеніміз –

өнегелілік және адамгершілік қағидасы, әлеуметтік сезім, оның негізінде отанға деген сүйіспеншілік, жанқиярлық, оның өткені мен қазіргісі үшін мақтаныш сезімі, елінің мүддесін қорғауға деген ынталылық» [2].

Сонымен «патриоттылық» дегеніміз не және кімді «патриот» деп атай аламыз? Бұл сұраққа жауап беру қиын. Егер кеңестік энциклопедияда патриоттылықты «отанға деген сүйіспеншілік деп түсіндірсе, қазіргі таңда «патриотизм» түсінігін адамның санасымен, сыртқы ортаның әсерінен қалыптасатын эмоциямен, тәрбиесімен, тұлға ретінде қалыптасуымен түсіндіріледі. Сонымен, «патриоттылық» және «патриот» ұғымдарын тереңірек ашатын болсақ:

1. Өзінің туған жерін және тұрғылықты жерін өз Отаным деп есептеу, оған қамқор болу, жергілікті дәстүрлерді құрметтеу, өмір бойы өзінің территориялық ауданына берік болу. Жоғары патриоттылық сезімнің көрсеткіші Отан деп аталатын мемлекеттік құрылымның шекарасымен айқындалады.

2. Патриоттылық дегеніміз сонымен қатар азаматтылық, азаматтық сана-сезім, яғни адамның азаматтық позициясы. Адам заң белгілеген жасқа толған соң азаматтық құқықты толыққанды иеленеді, бұл дегеніміз оның мемлекеттік саясатқа тікелей қатыстылығын білдіреді. Азаматтық қоғамды қалыптастыру және дамыту азаматтардың патриоттық тәрбиесіне тікелей байланысты, бұл орайда азаматтарда легимтимділік қалыптастыру мен заң шығарушы және атқарушы органдарының саясатына заң белгілеген норма негізінде араласуына жағдай жасау қажет [3].

3. Патриоттылық ғасырлар мен мыңжылдықтар бойы беки түскен терең адами сезім. Ол адамның өз Отаны үшін мақтаныш пен жанқиярлық сезімінен туындаған қасиет [4].

Нағыз патриот өз елінің мүддесі үшін дамуына, қауіпсіздігіне үлесін қосатын азамат. Патриоттылық туралы адамның сөзі бойынша емес, ісі бойынша білуге болады. Өзін патриот деп санайтын адам патриот бола қоймайды, нағыз патриот деп өзгелер солай санаса ғана айтуға болады. Осыдан біз, мінсіз немесе нағыз патриот деп үнемі өзін физикалық және рухани жағынан жетілдіретін, тәрбиелі, білімді және көзі ашық, бабаларын қадір тұтатын, өмірі мен тұрмыстық жағдайын жақсартуға тырысатын, мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға белсенділік танытып, үлесін қосатын, өзі үшін емес қоғамдық игі жұмыстарға ат салысатын, отандастарына қол ұшын беріп көмек көрсететін азаматты айта аламыз [5].

Ал патриоттық тәрбиенің мәні өз елінің қорғаншысы функциясын атқаруға дайын азаматты тәрбиелеу. Өйткені патриоттық тәрбие жүйесінің құрылымы төмендегі бағыттарды қамтиды:

1. Әлеуметтік маңызы бар құндылықтарды қалыптастыру:
 - а) білім беру мекемелеріндегі білім беру процесінде;
 - ә) жалпы орта білім беретін мектептерде алғашқы әскери дайындық сабақтарында;
 - б) жоғарғы оқу орындарында әскери кафедралар қызметінде.

2. Мемлекеттік және қоғамдық органдар мен ұйымдар ұйымдастыратын патриоттық шаралар негізінде бұқаралық азаматтық-патриоттық сезім қалыптастыру:

- а) әскери-спорттық ойындар;
- ә) отан қорғаушыларын еске алу және жеңіс күндері;
- б) патриоттылық бағыттағы клубтар, ұйымдар, бірлестіктер және т.б. арқылы.

3. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы осы мәселені қамтитын шешу жолдарын айқындау, зерттеу, азамат тұлғасын қалыптастыру жолдарын бұқараға жеткізу

Патриоттық дәстүрде тәрбиеленген адам – ерекше бірегей тұлға, ал бұндай адамды сәтті тәрбиелеу шарттардың бірі: мектептің, жанұяның және мемлекеттік органдардың педагогикалық әсер етуін біріктіру болып табылады. Әсер етушінің бірі болмаса нәтиже қандай болатынын болжау қиын. Сондықтан патриоттық сезім туа біткен қасиет емес, ол адам өмірі сүруі негізінде қалыптасады.

Қазақстандық ғалым Ж.А.Макатова азаматтық тәрбие құрылымына төмендегідей порцестерді жатқызады:

- Ұлттық намыс пен азаматтық сана-сезімді қалыптастыру;
- Патриоттық тәрбие;
- Азаматтық-құқықтық тәрбие;
- Азаматтық-патриоттық тәрбиелеу;
- Тұлғааралық қарым-қатынас қалыптастыру мен интернационалдық тәрбие беру;
- Жеке мүлік пен еңбекке деген азаматтық қатынасты қалыптастыру» [6].

Бұдан біз азаматтық тәрбиенің нәтижесі тұлғаның азаматтық қасиеттерінің қалыптасқандығы деген қорытынды жасай аламыз.

М.Жұмабаев әдістер ішінде ұлттық ойындар мен азаматтық сезім мен қасиеттерді қалыптастыратын жарыстарға маңызы зор деп санады. Себебі оның ойынша жарыстар мен ойындар халықтың рухани және дене шынығуын дамытып, ұлттық мақтаныш сезімі мен жеке, ұлттық еркіндік сенімін туғызады.

Ел атағын шығарған спортшылардың есімін мадақтайтын, денені шынықтырып, жарыстар мен турнирлер арқылы ынтымақтастыққа, бірлесе қызмет атқаруға баулитын дене тәрбиесі сабақтары азаматтық тәрбие берудің айқын үлгісі бола алады.

Өйткені, дене тәрбиесі ұғымының ауқымы мен арнасы өте кең. Біз оны тек денешынықтыру сабағы деп түсінсек қателесеміз. Керісінше, бұл – сабақтан да, мектептен де тыс денсаулықты нығайтуға байланысты шаралар жүйесі. Еліміздегі білім беру саласына жүктелген қазіргі басты міндеттердің бірі – жеке тұлға тәрбиелеу десек, бұған дене тәрбиесі жүйесі зор үлес қоса алады. Әрі мұндағы оқыту тәсілі жас ұрпақтың денсаулығын нығайту ісімен қоса жүргізіледі. Осы арқылы болашақ тұлға бойындағы биологиялық-

психологиялық қажеттіліктерді жан-жақты жетілдіруге болады. Әрі мұның өзі белсенді азаматтық ұстаным мен ізгі қатынастарды дамытудың алғашқы баспалдағы іспеттес.

Дене тәрбиесіндегі жаңа технологиялар мен озық тәжірибе дегеніміз құрғақ, жалаң ұғым емес. Бұл ұлттық және жалпыадамзаттық құндылық қағидаларымен сабақтастырыла қаралмаса, күткендегідей нәтиже бере алмайды.

Жоғарыда айтылғанды қорытындылайтын болсақ, тұлғаны дамытуда дене шынықтыру сабақтарының рөлі де жоғары екендігін айтқым келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Федоренко А.В. Гражданственность и патриотизм на современном этапе развития России// Гражданственность и патриотизм: теория и практика: Материалы межвузовской городской научно-практической конференции./под ред. В.И.Голикова. – Томск: Изд-во Том.ун-та, 2008-188с.
2. Никитин А.Ф., Соколов Я.В. Граждановедение. М., 1991. 61 с
3. Ионов И.О. Цивилизация в истории человечества. Брянск, 1998. С77
4. Ермакова М.А. Кто мы – патриоты или «Затерянная» молодежь?// Воспитание гражданственности и патриотизма студенческой молодежи в условиях обновленной России: Сб.ст. регион. науч.- практ. конф./Под ред. О.В.Лешер, Л.В.Голиковой. Магнитогорск, 2005, с23
5. Концепция воспитания молодежи// Педагогика. 1993. №3-4. С.17
6. Макатова Ж.А. Развитие гражданского воспитания в школах Казахстана в 1917-1930 гг.: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.01. – Алматы, 1994. – 154

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

ШЕКЕЕВА РАЙГҮЛ ӘКІМГЕРЕЕВНА

Ақтөбе қаласы

№18 «Гаухар»

МДҰ тәрбиеші

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық бағыттарына сәйкес білім беру жүйесін дамыта отырып, әлемдік білім кеңістігіне ықпалдастырудағы негізгі бағдар–адамды қоғамның ең маңызды құндылығы ретінде танып, оның рухани жан-дүниесінің дамуына, көзқарастары мен шығармашылық әлеуетінің, танымдық біліктілігі мен мәдени құндылықтарының жоғары деңгейде дамуына, жеке тұлғасының қалыптасуына жағдай жасау.

Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын

инклюзивті білім беру. Осы жаһандық мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивтік білім беру дегеніміз - барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Қазақстандық білім беру мен ғылым жүйесін жаңғыртудың қазіргі заманғы кезеңі әрбір адамның сапалы мектепке дейінгі тәрбие мен мектептегі білімге қолжетімділігін, колледж бен университетте жаңа кәсіби дағдыларды алу, зерттеу және шығармашылық құзыреттерін дамыту мүмкіндіктерін көздейді [1].

Мектепке дейінгі ұйымда оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық-психологиялық аспектілерінің бірі – белсенді оқыту.

Белсенді оқудың білім беру саласында әртүрлі атаулары көп, дегенмен эмпирикалық оқу, тәжірибелік оқу немесе «оқыту» деп аталса да, ол үстелде отырып, жай ғана педагогті тыңдап отырған оқушыны емес, оқу үдерісіне белсенді қатысатын оқушыларды сипаттайды. Олар жалпы оқып-үйрену тәжірибесін қалыптастыру үшін көру, иіс сезу, дыбыстау және жанасу сияқты көптеген сезімдерді пайдаланады.

Қазіргі заманғы бірқатар зерттеулерде 3 жастағы балаларға мүмкіндік жасалған жағдайда, олар өзінің оқуына асқан жауапкершілікпен қарауға қабілетті екендігі анықталды (Whitebread, 2008). Олар өздерінің бөбек жасына қарамастан, өз оқуына саналы қарай бастайды, тапсырмаларды орындау үшін өзіндік әдіс-тәсілдерді қолданады, сондай-ақ өзін оқушы ретінде сезіне бастайды. Өзін-өзі реттеу мен метатанымдық дағдыларды дамыту бұл балалардың саналы оқушы болып қалыптасуында маңызды рөл атқаратыны айқындалды. Зерттеулер аталған қабілеттерді 3-5 жас аралығында тиімді дамытуға болатынын, сондай-ақ педагогтердің осы кезеңде жоғары деңгейлі педагогикалық тәсілдерді қолдану арқылы елеулі үлес қоса алатындығын көрсетті.

Оқытуды қызықты, шығармашылықпен және бірегей әрекеттермен оқыту тәсілін тапқан өз тобындағы балалардың тәртібі бойынша қиындықтар көрмейді, өйткені олардың мұқтаждықтарын қанағаттандыра алады.

Еліміздің алдағы ұзақ мерзімді дамудағы басым бағыттардың бірі – білім мен ғылымды дамыту болмақ. Өйткені, мемлекет басшысы алға қойып отырған басты талаптардың бірі – өркениеттің шалқар көшінде бәсекелестікке қол жеткізу үшін білім мен ғылымды жаңа өрістерге шығарып, интеллектуалдық серпіліс жасау.

Білім мен ғылым саласындағы бәсекелестікті және әлеуметтік – экономикалық өсімді қамтамасыз ететін мемлекеттік саясатты қалыптастыру және жүзеге асыру ұстаздар алдында тұрған басты міндет.

Бұл міндеттерді жүзеге асыру еліміздегі мектептерде оқыту процесінің мазмұндық болмысын жаңа әдіснамалық тұрғыдан негіздеуді талап етеді. Мұндай жаңа әдіснамалық жүйе дәстүрлі оқыту процесін түбегейлі өзгертудің қажеттігін көрсетіп, оқытудың шығармашылық қызметін дамытып, білім мазмұнының ұлттық негізде берілуін жаңа өркениеттік бағдар тұрғысынан жетілдіруді қарастырады.

Білім берудегі негізгі мақсат - тек білімді, кәсіби мамандандырылған маман дайындау ғана емес, рухани дүниесі бай және адамгершілігі зор, қоғамдық өмірдің барлық аясында ұлттық құндылықтарды бағалауға және дамытуға қабілетті тұлғаны қалыптастыру екендігіне ерекше тоқталған жөн. Тәрбиеші осы міндеттерге ойын түрлерін оңтайлы ұйымдастыру арқылы қол жеткізеді.

Ойын жағдайында балалар ересектердің іс-әрекетін және олардың арасындағы қарым-қатынастарды көрсетеді. Осылайша, ана, әке, ғарышкер, педагог, дәрігер сияқты бейнелерді таңдай отырып, бала олардың өмірдегі әрекеттерін қайталайды. Ойынның бейнелі сипаты аса маңызды болғандықтан, онсыз ойын болуы мүмкін емес. Ойында өмір эмоцияларға толы әртүрлі көрініс түрінде өтеді, бұл бала үшін шынайы өмірге айналмақ. Д. Элькониннің пікірінше, «Мектепке дейінгі жастағы бала үшін аффект белгілі бір заттан немесе көру арқылы алған әсерден адамға ауыстырылады, сондықтан ересек адам мен оның іс-әрекеттері бала үшін тек объективті ғана емес, субъективті үлгі болады» (Эльконин Д. Б. Ойын психологиясы. М., 1999) [2].

Балалар 2-3 жастан бастап аса белсенді бола бастайды. Олар өз белсенділігін тынымсыз іс-әрекеттері арқылы көрсетеді: ойыншықтарды алып бөлменің бір шетінен екінші шетіне жүгіреді, аласа орындықтарға, дивандарға өрмелеп мінеді және қайта түседі, әрі-бері жүреді немесе жүгіреді, автомашиналар мен басқа да дөңгелекті ойыншықтарды жүргізеді, допты лақтырады немесе тебеді, т.б.

Тәрбиеші әрбірбаланың жүрегіне жол табуда, әрбір баланың бойындағы қабілетті дамыту үшін жағдай жасауы тиісті деп ойлаймын. Қазіргі балабақшада отырған баланың ертеңгі күні толыққанды азамат болып шығуы үшін ұстаздар қауымына үлкен міндет жүктеледі.

Мұндағы тәрбиешілердің қызметінде кәсіби дайындықта біліктілікті арттыру жүйесінде базалық курстар, семинарлар, семинар-тренингтер өткізілуде. Мұндағы басты мақсат – білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты кәсіби тұрғыдан шешуде мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің құзырлылығын дамыту болып табылады.

Осы орайда мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің саралап оқыту мүмкіндіктерін жетілдіру де маңызды. Өйткені, зерттеу нәтижелері бойынша, саралап оқытудың тиімділігі бұл әдістің оқуда әртүрлі қиындықтары бар балалардың немесе қабілетті, дарынды балалардың оқуына пайдалы болуында.

Барлық балалардың оқып-үйрену деңгейі немесе қабілеттері бірдей емес. Саралап оқыту алдын ала ойластырылған үдеріс болып табылады. Егер әр баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуын ету қажет болса, онда баланың қабілетін түрлі әрекеттерде көрсету үшін зерттеуге дайындау қажет. Мектеп жасына дейінгі кезеңде (3-7 ж) бала организмнің дамуы қарқынды түрде өтеді. Бала организмнің жалпы өсумен қатар жекелеген мүшелерінің анатомиялық түрде дамуы, олардың функцияларының жетілуі де байқалады [3].

Ұйымдастырылған оқу қызметін жоспарлауда педагогтің барлық балаларға бірдей көзқарас мүмкіндігін жасау қабілеті маңызды. Өйткені, әрбір баланың өзіндік оқып-үйрену стилін ескергенде ғана нәтижеге қол жеткіземіз. Осы стильдерді дөп тауып жоспарлау арқылы бүлдіршіннің қажеттілігі ескеріледі, оған тәрбиеші тарапынан қолдау көрсетіледі.

Педагогтер баламалы мүмкіндіктердің заңдылығын мойындай отырып, адамдардың тәжірибесіне сүйене отырып, белгілі бір білімдер жиынтығын меңгертуге негізделген қазіргі оқыту мен қалыптасқан ойлау нормаларының арасындағы қарама-қайшы қатынастарды реттеу тәсілдерін қарастыруы керек [4].

Ерте сәбилік шаққа қарағанда баланың әлеуметтік орны өзгереді, енді оның жасына сай кейбір қарапайым өздігінен атқарылатын міндеттер пайда болып, үлкендерден тәуелділігі азаяды. Балабақшаға барса, белгілі бағдарлама бойынша баланы жүйелі оқыту мүмкіндігі туады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Философиялық сөздік «Қазақ энциклопедиясы» 1993. 356 б.
- 2.Мектепке дейінгі жастағы балалардың дағдылары мен біліктерін дамыту мониторингі бойынша әдістемелік нұсқаулық, Астана, 2018 - 115 б.
- 3.Мухина В.С. Жас ерекшелігі психологиясы. – М.: Академия, 2006
- 4.Кондратьева Н.Н., Маневцова Л.М. Ребенок открывает мир природы [Балалар табиғат әлемін ашады]».

БАЛАЛАРДЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХАЛЫҚ МУЗЫКАСЫ АРҚЫЛЫ РУХАНИ ТӘРБИЕЛЕУ

ШОКАМАНОВА ЖАНСАЯ БАЙМУРАТОВНА

Атырау қаласы

№26 « Жұлдыз» бөбекжай- бақшасының

Қазақ халқының ұлттық тәрбиесі- әлемде теңдесі жоқ тәрбие. Жалпы «ұлттық» деген сөздің астарында елге жерге, тілімізге, дінімізге деген құрмет жатыр. Балабақша, мектептерге ұлттық тәрбие енгізу арқылы біз ұлтжанды, парасатты ұрпақ өсіретініміз айдананық.

Оның мақсаты ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу. Олай болса, ұлттық тәрбие дегеніміз- дені сау, ұлттық сана- сезімі оянған, рухы биік, мәдениеті жоғары, ар- ождан мол, парасатты, еңбекқор, іскер, т.б. жағымды қасиеттері жеткілікті адамды тәрбиелеу. Қазіргі кезде ұлттық тәрбиенің көздері- фольклор, ауыз әдебиеті, ұлттық әдебиет, әдет-ғұрып, салт- дәстүр, ұлағатты қағидалар, шешендік сөздер, өнеге өсиеті бар мақал-мәтелдер, туған топырағымызда дүниеге келген ойшыл ғұламаларымыздың еңбектеріндегі тәрбие қағидалары элементтерін сабағымызда қолдану кеңінен артып келеді. Бұл жөнінде Абай атамыз: «Балаға мінез үш алуан адамнан жұғады: бірінші – ата-анасынан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі – құрбысынан», - деген екен. Бірінші ұлттық тәрбиенің ошағы- отбасында, екінші- білім ошағында болғандықтан, ата- ана мен балабақша, яғни тәрбиешілер мен жұртшылық тығыз байланыста болуы шартты нәрсе екені баршамызға аян. Бүгінгі күннің, қазіргі жаһандану дәуірінің, басты талабы – өркениетті қоғамға ілесе алатын ұрпақ тәрбиелеу. Ал, оған қол жеткізудің алғы шарттарының бірі – ұлттық тәрбиеге арқа сүйеу. Қазіргі жаһандану кезіндегі Батыс өркениетінен біздің алатынымыз да бар, ысырып тастайтын тұстарымыз да бар. Алатын тұстарымыз қатарына батыстың технологиялық жетістіктерін, экономикалық өндірісті ұйымдастыру тәжірибелері мен ғылыми-техникалық мәдениетін қабылдау сияқтыларды атауымызға болады. Батыстың білімі, ғылымы, техникасы, технологиясы, біздер үшін өте қажет десек те, Батыс өркениетіне шамадан тыс еліктеушілік-жақсылықтың нышаны емес. «Батыстың технологиялық жаңалығына ұмтылу, экономикалық өндірісті ұйымдастырудағы жетістіктерін игеру-қажеттілік, ал одан керісінше бүгінгі күнде рухани тапшылыққа айналып отырған ізгілік, кісілік, адамгершілік, бауырмалдық, әдептілік, тәрбиелік мазмұн іздеу-бос әурешілік. Дәстүрлі қазақ қоғамы мәдени құндылықтарды ешуақытта тауар деп қабылдамайды, негізгі ұстанымы бойынша қоғамның шаңырағын шайқалтпай ұстап тұруға өмірлік ұстаным ретінде қарастырады. Бізге дәл қазіргі заманда батыстың желімен домалай жөнелетін қаңбақ ұрпақ керек емес, пайдасын алып, зиянын бойына дарытпай, дауылына міз бақпай қасқайып қарап тұратын тамыры ұлт рухына терең бойлаған мәуелі бәйтерек керек. Қазіргі кезеңде әлемнің әр түкпірінде өткір қойыла бастаған ең өзекті жайдың бірі- осы ұлттық тәрбие мәселесі болып отыр. Ұлттық тәрбиенің ең маңызды тұсы- адамды ойлануға үйретуі. Бұлай дегенде әрбір жеке адам ең алдымен өзінің белгілі бір ұлттың мүшесі екенін

іштей терең сезініп, санада сілкініс жасауы керек екенін, содан кейін барып жалпыадамзаттық қоғамға лайық өз орны бар екенін сезіну. ХХІ-ғасыр білімділер ғасыры болғандықтан бүгінгі таңда заманымызға сай зерделі, ой-өрісі жоғары, жан-жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті болып тұр.

Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні – мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Соның бірі ұлттық ойындар. Қазақтың көне жыр- дастандарында ұлттық ойындар балаларды тәрбиелеуде ерекше орын алғандығы айқын көрінеді. Мәселен «Қобыланды», «Алпамыс», «Ер Тарғын» сияқты эпостық жырларда елін сүйген батырлардың, жұртшылық сүйіспеншілігіне бөленген ер жігіттердің ең алдымен ұлттық ойындарда сайысқа түсіп, одан кейін көп кісі қатысқан ойын-сауықтарда өздерінің мергендік, палуандық, шабандоздық шеберліктерін көрсеткендері айтылады. «Айтыс ойыны», «Жаңылтпаштар», «Санамақ», «Аңдардың айтысы» сияқты ойын балалардың тілге, импривизацияға, ақыл-ой әрекеттеріне қабілеттерін арттырады. Ал қазақтың ұлттық аспаптары: қоңырау, асатаяқ, үшбұрыш, тоқылдақ, тайтұяқ, шылдырмақты сабақта қолдана отырып, балаларға ұлттық аспап түрлерін танып білуге, жасалу және шығу тарихын түсіндіре отырып, өнерге деген құштарлығын арттырады. Музыка пәнінде жаңа әдістерді пайдалану арқылы м сабақтарды жаңаша ұйымдастыру, мұғалімнің рөлі мен қызметінің артуына жағдай жасау, теориялық, ғылыми – педагогикалық және психологиялық зерттеулерге сүйене отырып, балалардың құзыреттілігін қалыптастыру, ақпараттық технологиялар мен инновациялық оқыту әдістері арқылы ізгілікке, елжандылыққа, саналыққа, адамгершілікке, имандылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Инновациялық әдістерді баланың білім деңгейіне және жас ерекшелігіне қарай оқу үрдісінде пайдалану негізгі міндет болып табылады. Осындай жолмен қалыптасқан білім мен біліктіліктің танымдық маңызы да зор болады. Мен осы бағыттарда сын тұрғысынан ойлау технологиясын пайдалана отырып, сабақты жаңаша түрде ұйымдастыруды жүзеге асырып келемін. Сын тұрғысынан ойлау технологиясының бірнеше әдіс – тәсілдерін күнделікті сабақта қолданып жүрмін. Атап айтсам, ассоциация, екі түрлі түсіндірме күнделік, Венн диаграммасы, 5 жол өлең секілді әдістер. Осындай мақсатта құрылған сабағымның бірі «Қазақтың музыкалық аспаптары»

Музыка пәні бойынша ашық оқу іс әрекеті

Тақырыбы: « Қазақтың музыкалық аспаптары» Бекіту сабағы

Мақсаты : Мектепке дейінгі балаларды рухани тәрбиелеу. Көркемдік білім берумен қатар музыкалық тәрбиені халықтың ұлттық мәдени мұрасымен байланыстыра отырып жақсарту, олардың әсемдік сезімін дамыту, көркемдік талғамын қалыптастыру, қазақ ұлттық аспаптарымен таныстыру.

Музыка сабақтарының жаңа жүйелік бағдарламасын енгізу. Сын тұрғысынан ойлау стратегиялары арқылы баланың ізденісін, қызуғышылығын дамыту.

Куй атасы Құрманғазымен Дина Нұрпиева шығармашылығына тоқталып өту.

Қортынды нәтиже:

Біледі: қазақ халық аспаптарының аттарын ажыратып, Құрманғазы атамыз туралы мағлұмат алады

Игереді: домбыра аспабының үнін ажыратуды, күйді тыңдай білуді

Меңгереді: ойынға белсене қатысуды, музыка сипатын ажыратуды,

Мектеп жасына дейінгі балаларға қазақтың ұлттық аспаптарын ұстатып, халқымыздың ұлттық әндері мен күйлерін тартқызып үйретсе, нұр үстіне нұр емес пе?..

Ұлттық рух – халықтың өзін-өзі тануымен айқындалатын, өскелең арман-мұраттарымен сипатталады.. Оның негізі ана тілінде. Ал, осы асыл қазыналар билердің ұлағатты сөздерінен бастау алатынын көп жан түсіне бермейді. Ескіліктің көлеңкесіне айналып бара жатқан осындай ойлы сөздерді неге қайта жаңғыртып, ұрпақ санасынан ойып орын алатындай дәрежеге көтермеске Алайда, «заманына қарай адамы» деген түсінікпен өзімізді шектеп отырғанымыз өкінішті. Орайы келгенде айта кететін мәселе, осындай философиялық ойы терең шығармаларды неліктен қазіргі мәтіндермен жұмысқа, оқу сауаттылығы сынағына негіз етіп алмасқа. Сол сияқты «Балапан» телеарнасы бүлдіршіндердің сүйікті арнасына айналды. Балалардың тілі шығуына, жақсы мен жаманды айыруына көп көмегі тиюде. Тек ұлттық құндылықтарды насихаттайтын анимациялық мультфильмдердің аздығы қынжылтады. Ал бұл – ойлантарлық мәселе.

- Халқымыздың дәстүрлі әні мен күйін, қазіргі балалар күнделікті тыңдау үшін не істеуге болады?

- Күнделікті отбасында халық әнін, күйлерді тыңдауды қолға алуға, кім кедергі жасайды?

- Халық аспаптарында, әсіресе домбыра аспабында ойнап - үйренуге балалардың қызығушылығын қалай арттырамыз?- деген сұрақтарға жауап іздеп сол бойынша жұмыс жасаймын. Ата анамен тығыз байланыс орнатып « Балаға бесік жырының пайдасы» атты баяндама оқып, пікірталас, отбасы арасында өнер жарыстары, отбасы газет бетшелері , жеке кеңестер беріп отырамын.

Өз білімімді жетілдіруде қазіргі ғаламдық коммуникациялар желілерін қолдану арқылы, теориялық жағын меңгеру арқылы, әдістемелік нұсқаулар мен жаңалықтарды қолдану арқылы, және де озық тәжірибелерді меңгеру арқылы өзіміздің ұлттық құндылықтарымызды негізге ала отырып, басқа да ұлт өкілдерінің мәдениеті мен өнерін, ұштастыра үйретуді өзіме мақсат етемін. Бағдарламада берілген музыкалық шығармаларды әр түрлі нұсқада: пианиноның қостауында, қазіргі жаңа техникалық мүмкіндіктерді қолдана отырып, композиторлардың портреттерін, музыкалық аспаптардың түрлерін, музыка сауатына қатысты жаттығуларды электрондық тақталардан көрсету арқылы балалардың жеңіл әрі тез қабылдауына, есте сақтауына және де алған білімдерін күнделікті өмірде, балабақшада,

қалалық, облыстық, республикалық деңгейде өтілетін шараларда қолданып,шындай түсуіне мүмкіндік жасаймын. Балаға үйретіп жатырған ән болсын, әр үйретіп жатырған шығарма болсын қазақ халық музыкасының бір элементін қосып отырамын

Әрине осы орайда кішкентай балапандар алдымен балабақша ішінде өтетін түрлі шараларға, ертеңгілік т.б қатынасып қанаттарын бекітіп алады.

Қалалық білім бөлімінің жоспары бойынша «Өзін өзі тану» пәні бойынша «Махаббат пен шығармашылық педагогикасы» атты дәстүрлі онкүндікті өткізу іс шарасына орай «Алтын жүректі Ана» және «Ән көңілдің ажары атты шаралар өткізілді.

Міне осыдан кейін әбден шынығып сахнаға шығып үйреніп алған балалар Халықаралық «Бейбітшілік әлемі» жарысына қатынасып 1 орын иеленіп Туркия , Дубай қалаларына жолдама алды, және де осы жолдама арқылы осы 2017 жылдың қараша айында Республиканың әр түкпірінен келген ұстаздар, ата-аналар, мүгедек, зейнеткерлер, емші медиумдар, оқушы студенттер жиналып Біріккен Араб Әмірлігі Дубай қаласына барып келдік.

Бұл жолсапарды басқарып отырған генерал -майор ООН ұйымының Қазақстандағы өкілі , академик жазушы Абен Нұрманов ағамыз болды.

Араб елінде достық форумын өткізіп өнерлерімізбен бөлісіп , пікір алмасып, қаланы тамашаладық. Өзім «Музыка арқылы рухани тәрбиелеу» атты жобамды қорғап «Бейбітшілік әлемі» төсбелгісімен және 1 орын дипломымен марапатталдым.(жалғамда көрсетілген).Өз елімізге келген соң, осы фестиваль жөнінде естіген Атырау телеарнасы балабақша тәрбиеленушім Бағытжан Медея екеумізді арнайы шақырып осы фестиваль,жұмыс жоспарым туралы сұхбат беріп келдік және Астанада өткен

«Сәлем Астана» конкурсына қатынасып Бағытжан Медея атты қызымыз жүлделі бірінші орынды иеленді.Музыка адамның жан дүниесін тебіренге отырып, оның өмірге деген көзқарасын, әдет, мінез-құлқын қоғам мүддесіне сәйкес қалыптастыруға, әдемілік заңымен өмір сүруге тәрбиелейді. Негізі отбасынан басталған тәлім-тәрбие білім беру мекемелерінде жалғасын тауып, белгілі бір жүйеде өрістеледі. Осы орайда балабақша жоспарына сәйкес «Отбасы күніне» арнап «Отбасым бақыт мекенім» атты әдемі мерекелік кеш ұйымдастырылды,оған ата- аналар балаларымен қатынасып өз өнерлерін ортаға салды, әндер айтылып билер биленді, күй тартылып,қойылымдар қойылды викториналық сұрақтар қойылып, караокемен ән шырқалды. Осы кеште де қазақ халық өнерінен тыс қалған жоқпыз мысалы векториналық сұрақтар бөлімінде қазақ халық музыкасына байланысты сұрақтар дайындап қойылды.Кеш соңында ата -аналар марапатталып әдемі тілектер айтылды және де ата- аналар үйден жасаған қазақша қолөнер бұйымдарын табыстады

Жетістіктерім мен нәтижелерім: Ата аналарға кеңес « Бала тәрбиесіндегі бесік жырының пайдасы», Астана қаласында өткен «Сәлем

Астана» конкурсынан жүлдемен оралдық, сертификат, дипломдар табысталды.

2017ж. 5 мамырда шыққан Атырау облыстық баспа газет бетіне «Бес жасында байрақ иесі» атты мақалам, 2017ж. 30 маусымда шыққан Атырау облыстық баспа газет бетіне «Ұстазы жақсының-ұстамы жақсы» атты мақалам шықты. Отбасы күніне орай өткізілген шараға байланысты 2017ж.15 қыркүйекте Атырау облыстық баспа газет бетіне «Отбасы-Отанның бір бөлшегі» атты мақалам шықты.

Дубай қаласында өткен «Бейбітшілік әлемі» фестиваліне қатысуыма байланысты Атырау телеарнасына сұхбат, «Бейбітшілік әлемі» күміс медалі, «Ұлағатты ұстаз» төсбелгісімен марапатталдым. ТРИЗ технологиясы бойынша курс тыңдаушыларына балабақша мамандары арасында көшпелі тәжірибелік сабақ өткізіліп «Хабаршы» ғылыми әдістемелік журналына №5.2019 ж енгізілді. Республикалық «Ұлы дала ұрпақтары» атты байқауға үздік шәкірт дайындағаным үшін Алғыс хатпен марапатталдым және де аспапта ойнау жанры бойынша кішкентай балақайларым «Жұлдыз» ансамблі 1 орынды иеленді

«Өрлеу» Біліктілікті арттыру институты ұйымдастырған «Оқыту мен оқуда сын тұрғысынан ойлауды жүзеге асырудың жолдары» тақырыбындағы облыстық ғылыми тәжірибелік конференция жұмысында белсенділік көрсеткенім үшін Алғыс хатпен марапатталдым. III Республикалық «Алатау шыңы» балалар конкурсында оқушыларым үздік өнер көрсеткені үшін арнайы дипломмен мадақталды. 2020 жылы «OZATTAR» Қазақстан Білім саласы Үздіктерінің Энциклопедиясына ендім және Құрмет грамотасымен марапатталдым

Қорыта келгенде, педагог-музыкант өз кәсібін меңгеруде аспапта жақсы ойнай алуы, әнді таза, әдемі орындап, балалардың жас ерекшелігіне қарай дауыс диапазоның айыра алуы, халық композиторлары мен кәсіби композиторларының өмірі мен шығармашылығын біліп, түсіндіру барысында сөз саптау мәдениеттілігі басты талаптардың бірі. Ұлттық музыка халқымыздың баға жетпес құндылығы. Ежелден бері атадан балаға мұра болып, сан ғасырлық тарих қойнауынан өтіп, бүгінде жоғалмай, өлмей осы күнге жеткен асыл қазынамызды, біз де ары қарай өсіп келе жатқан ұрпаққа мұра ғып жеткізуіміз керек. Халық өз бойындағы ең жақсы қасиеттерін жеткіншек ұрпаққа күнделікті тұрмыста үйретіп, бала бойына сіңіріп отырған дана халық.

Осы ретте мұнтаздай таза баланың жанына музыка арқылы сұлулық инабаттылық, мейірімділік, қайырымдылық, жанашырлық, үлкенге құрмет кішіге ізет көрсетуді көздеп, отансүйгіш адамгершілігі мол, елім деп еміренген тұлға қалыптастыру үшін музыканы таптырмас құрал ретінде есептеймін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. С. Бәтбаева, Ф. Қоңыратбай, Э. Баталова «Ән-күй әдістемелік нұсқау» 2002.
2. Д. Б. Кабалевский, Музыка туралы әңгіме. Алматы, Өнер, 1989.

- 3.Әбиев Ж. Педагогика тарихы: Оқу құралы. Алматы: Дарын, - 2007. - 480б.
- 4.А.Жұбанов, «Ғасырлар пернесі». (Қазақтың халық композиторларының өмірі мен творчествосы туралы очерктер). Алматы: «Жазушы» баспасы, 19
5. «Бала тәрбиесі» журналы. №6 2007.
6. «Отбасы және балабақша» журналдары. №2,4,6.
- 7.Н.А.Ветлугина «Балалар бақшасында музыкалық тәрбие беру методикасы» Алматы,1981.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БОЙЫНА ҰЛТТЫҚ ҚАСИЕТТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

ІЗДЕНОВА ПЕРИЗАТ ЖАҚСЫҒАЛИҚЫЗЫ

Атырау облысы

Жылыой ауданы

Құлсары қаласы

*« №7 Е.Халықов атындағы жалпы орта білім беретін» КММ
бастауыш сынып мұғалімі*

«Туған тілін сүйуден басталатын махаббат,елжандылықтан адамзатты шексіз құрметтеуге дейін өседі. Жасынан туған халқының даналығымен сусындап, оның өсиетінен нәр алып, әдебиетті сүйіп, сол арқылы ұлтжанды азамат болып өсері хақ»

Әдебиеттанушы Ш. Елеукенов

«Отан-отбасыдан басталады» демекші, отаншылдықты бала кезінен бойға сіңіру аса маңызды істердің бірі. Жас ұрпақты тәрбиелеуде ата-бабаларымыздан келе жатқан ұлттық тәрбие үлгісін ұғындырып, мәдениетті, адамгершілігі мол, шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу- бұл қазіргі таңда өмір талабы және қоғам қажеттілігі. Бала тәрбиесі баршаға ортақ іс. Ол көп еңбек пен үлгілікті қажет ететін, көпшіліктің қоғам болып, жұмылып, парасаттылық пен байсалдылықты қажет ететін оңай емес іс.

Ұлттық құндылықтар—олардың тарихи өзіндік ерекшелігі Отан, тіл, тарих, өнер, әдебиет және тағы басқалар сияқты көрініс тапқан қандай да бір этностық қауымдастық өкілдерінің рухани идеалдарының жиынтығы. Сонымен қатар бала тәрбиесіне еліміздің салт-дәстүрлері де орасан зор әсерін тигізеді. Салт-дәстүр —әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмыс тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес, өмірдің өзі туғызған ғұрыптардың жиынтығы. Салт- дәстүр ұлт үшін өмір, қоғам заңы болып негізделіп, сана, тағылым, тәрбие, тіршілік ережесі ретінде ел зердесіне рухани байлық, өнеге тәжірбиесін құраған. Салт-дәстүрдің ел арасындағы тәлімдік, тәрбиелік мәні зор. Халықтың атадан балаға көшіп, дамып отыратын тарихи әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық, кәсіптік, салт-сана, мінез-

құлық, тәлім-тәрбие және рухани іс-әрекетінің көрінісі дәстүр арқылы танылады.

Салт-дәстүр байлығы-мәдениеттің байлығы. Мысалы ата-ананы, үлкенді құрметтеу, байғазы, көрімдік, сүйінші, кәде сұрау, сәлем беру, ат тергеу, құрдастық қалжың, т.б. салт-дәстүрге жатады. Қазақ халқы салт-дәстүрге бай.

Олай болса, қазіргі кезеңде мектеп табалдырығынан бастап білім беруде ел тарихын терең қозғап, тәрбие сағаттарыда қазақ зиялы қауымының еңбектерін, қоғам дамуына қосқан үлесін айтып түсіндіру арқылы оқушылардың адами құндылық қасиеттерін қалыптастыра аламыз. Сондай-ақ ұлттық салт-сананың өмірдегі қолданылмалы көріністері: рәсімдер, рәміздер, ырымдар, тыйымдар, жөн-жоралғылар, діни уағыздар, сенімдер, кісілік рәсімдері, перзенттік парыз, адамгершілік борыш, ұрпақтық міндет арқылы іске асырылып ұлттық қасиеттерге айналады.

Оқушының ұлттық қасиеттері меймандостық, кісілік, сыйласымдылық, имандылық, кішіпейілділік, кеңпейілділік, салауаттылық, тіршілікке бейімділігі, өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық, сыпайылығы, мәдениеттілігі т.б. қасиеттері арқылы ерекшеленеді. Бастауыш сынып оқушыларына кез-келген пәннен ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастыруға болады. «Мұғалімнің айналысатыны – үнемі қозғалып, өзгеріп, өсетін, өркендейтін тірі адам (тұлға) болғандықтан, біркелкі әдіске табан тіреп шектеліп қалуға болмайды...» деп Ж. Аймауытов айтқандай, мұғалім әр тақырыпты түсіндіру барысында тәлім-тәрбиеге, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға жұмыстану керек. Әсіресе, әдебиеттік оқу, дүниетану пәнінде оқушыларға жаңартылған бағдарлама бойынша әртүрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, оқушылардың бойына ұлтжандылық қасиеттерді сіңіруге болады.

Қазақтың шешендік сөздері тәрбие берудің аса қасиетті де құнарлы қаруы болып табылады. Себебі шешендік сөз өнері өмір шындығымен, әлеуметтік уақыттың қатал да құбылмалы мінезімен бетпе-бет келгенде, адамға рухани жәдігер болып, көзден алыс, көңілге жақын құбылыстарды түсінуге жетелейді. Мұның мәні қазақ даласында аузы дуалы, елге беделі бар адамның белгілі бір мәселеге қатысты айтқан ұтымды сөзі, пайымды пікірі ауыздан ауызға жылдам тарап, көпшілікке үлгі болған. Сондықтан шешендік сөз өнерін – қазақтың әдеп кодексі деп айтуға болады. Екінші сөзбен айтқанда қазақ би-шешендерінің ұлттық моральдық құндылықтарды қалыптастыру әдіснамасының өзіндік қалпын білдірмек.

Жеке тұлға өзін ұлттың ажырамас бөлшегі ретінде сезіне отырып, өз халқының тарихын, ұлттық құндылықтарды (жазу, ұлттық тіл, рухани мәдениет пен тағы басқа жетістіктері), ұлттық менталитет, халықтың әлемдік мәдениет қазынасына қосқан үлесін бағалап, оның дамуына ықпал етеді. Жеке тұлғаның ұлттық сана-сезіміне өзінің ұлттық қатыстылығы туралы субъектіні таныстыру, өзінің этникалығын позитивті қабылдау, ұлттың тарихи өткеніне, оның бүгіні мен болашағына деген көзқарас, ана

тілін меңгерудегі белсенділік, халық мәдениетін зерделеудегі белсенділік, ұлттық мүдделер мен құндылық бағдарларын ұғыну және қабылдау, басқа да этникалық қауымдастықтарға қарым-қатынасты қалыптастыру, оның аумақтық тұтастығын сақтауға дайындық, оның байлығын арттыруға ұмтылу кіреді.

XX ғасырдың 20 - 30 жылдары Қазақстанда этнопедагогикалық ой - пікірдің дамуына үлкен үлес қосқан қазақтың ағартушы - педагогтары А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, М. Дулатовтың еңбектерінде бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбие беру туралы ой-пікірлері, оларды жүзеге асыру жолдары нақты көрсетілген.

1. Ахмет Байтұрсыновтың бүкіл өмір жолындағы басты идеясы қазақ халқының ұлттық санасын ояту, тұрмыс - жағдайын жақсарту, ол үшін халықты жаппай сауаттандыру, оқыту керек екенін айтып, өзінің ұлттық идеясын насихаттайды.

А. Байтұрсынов қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашуына ерекше күш жұмсап, оларға арнап “Сауат ашқыш” атты оқу құралын жазып шығарды.

Ахмет Байтұрсыновтың “Әліпбиі” қазақтың алғашқы ұлттық сипаттағы әліппесі. Ол араб графикасымен жазылған нағыз ұлттық “Оқу құрал”. Бұл оқулықты жазудағы оның алға қойған мақсаты бастауыш сыныпта балалардың сауатын ашу. Кітапта автор әр әріпті жекелеп түсіндіріп, олардың жазылу және айтылу кезіндегі ерекшеліктеріне тоқталады.

Оқу құралының ерекшелігі әріпті тегіс үйретіп біткеннен кейін оқулық соңында сауат ашар оқушы қауым үшін тәрбиелік маңызы ерекше, идеясы құнды өлеңдер, тақпақтар, айтыс, ұсақ әңгімелер берілген. Оларды берудегі мақсат-оқушы әріптерді толық меңгерді ме, жоқ па, екіншіден, жаттығу үшін берілген әдеби нұсқалар оқушыларды адамгершілікке, адалдыққа, еңбекқорлыққа, мәдениеттілікке тәрбиелер деген ой болды.

Оқу құралындағы қазақ халқының даналығын көрсететін ауыз әдебиетінің тәрбиелік мазмұнды түрлі жанрларын пайдалануға ұсынылуы бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбие берудегі әсері мен ықпалы ерекше, оны қазіргі кезде әліппе жазуда басшылыққа алу қажет деп санаймыз.

А. Байтұрсынов өзінің “Бастауыш мектеп” деген мақаласында қазақ бастауыш мектептерінде қандай пәндер оқытылуы қажет деген мәселеге арнайы тоқтап, ол пәндерді “оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, шаруа - кәсіп, қолөнері, жағрафия, жаратылыстану болу керек” екендігін нақтылап көрсетеді. Сол мақаласында бастауыш мектепте оқыту тілі туралы: “...Қазақ балаларын ана тілінде, төте жолмен, қолайлы құралдармен оқыту керек” деп кесіп айтты. Сондай - ақ, мақаласында ол туған халқының ғылым - білімге ұмтылуын, әр қазақтың ең болмаса бастауыш білім алуын аңсады. “Адамға тіл, құлақ қандай керек болса, бастауыш мектепте үйренетін білім де сондай керек”, - деп жазды ол.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ұлттық мектептер ашылып, ондағы оқыту, тәрбиелеу бағдарламасына өзгерістер енгені бәрімізге белгілі. Сондықтан да халықтық педагогиканы сабақта, сабақтан тыс тәрбие жұмыстарында қолданып, оны оқушылардың бойына сіңіру - біздің басты міндетіміз. Ол үшін ұлттық білім беру жүйесінде негізгі мына екі бағытты ұстанғанымыз жөн.

1. Ұлттық педагогиканың негізінде оқушыларға білім мен өнеге берудің тиімділігін көтеру.
2. Халықтық тәрбиенің ықпалы мен пайдасын ұқтырып, ұлттық сана - сезім тұрғысынан жастарды тәрбиелеу.

Ұлттық білім берудің өзі - ұлттық қауіпсіздік пен мәдениеттің құрамдас бөлігі. Ал ұлттық білім берудің құндылығы толығымен әлеуметтік дамумен, оның түбегейлі өзгеруімен анықталған. Оны пайдалану жүйелері төмендегідей болуы тиіс. Ұлттық мектепте ғана ұлттық білім жүйесі жүзеге асырылады. Ұлттық білім деп білім мазмұнындағы ұлттық дүниетанымды, ал ұлттық дүниетаным - ұлттық болмыс көрінісінің жүйесі. Оқушыларға қазақ еліндегі тарихи құндылықтарды, ұлттық әдет-ғұрып пен салт-дәстүрді оқыта отырып, бойларына сіңіріп, ой - өрісінің жан - жақты болуына үлес қосуымыз керек.

Сондықтан шығармашылық ізденіс үстінде жүріп, «Ұлттық тәрбие беру арқылы бастауышсынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдары» атты баяндама жазу үшін мынадай жоспар жасадым.

1. Ұлттық білім беру жүйесінің бағыттарын үйрену.
2. Бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбие беру туралы ұсынған педагогтардың ой - пікірлерін оқу, танысу.
3. Ұлттық тәрбиені сабақпен байланыстыру.
4. Ұлттық тәрбие беру арқылы оқушының қызығушылығын арттыру.

Осы мақсатқа жету үшін мұғалім 45 минуттық сабағында оқушыларға ұлттық тәрбиені тақырыпқа сәйкес тиімді пайдалана алу керек деп ойлаймын.

Бала қиялы ғажап! Баланы қызықтыра білсең қызыға біледі. Барлығы дерлік өлең шығара алмас, әңгіме жазуға құмартпас. Бірақ әр бала әр нәрсеге қызығады, әр нәрсеге икемді болады. Сондықтан оның қай іске бейім екенін танып алып та жекелеме жұмыстар беру арқылы дамытуға болады. Мысалы, біреу сурет салғанды жаны сүйеді, оған осы сурет салу туралы әңгіме, не өлең жазуға тапсырма беруге болады. Сосын осы сала бойынша жұмбақ, мақал - мәтел жинақта деп тапсырма берсе тіптен жақсы.

Оқушылардың ойлау дәрежесіне қарай, біліміне қарай оларға берілетін тапсырмаларды деңгей бойынша бөліп те беруге болады.

Ұлттық әдет-ғұрыптар туралы мәліметтерді оқушылардың өздеріне жинауға да тапсырма беріп, әр элементін ойын түрінде сабақта қолданып отырса, оқушы үшін де қызықты болады.

Білім беру қашанда мәдени дәстүрлердің айрықша бөлігі. Сондықтан кез - келген қызметті қазіргі заман талабына сай етіп білім беру қажет. Ол - заман талабы. Білім беру жүйесін жобалау және іске қосудағы негізгі мәселелердің бірі технологияландыру және стандарттау. Мұны тұтас бір үрдіс түрінде қарастыруға, талдауға, жобалауға болмайды. Мәселен, мына төмендегі 5 бағытты жеке - жеке алуға болады.

1. Білім беру дегеніміз - мәдениеттің негіздерін және тұғырын оның уақытша жағдайына бейімдей қалау және ұрпақтың іс - әрекеті.
2. Мамандарды дамушы және жаңадан өндіру технологияларын оқып үйрену негізінде даярлау.
3. Оқу қызметінің технологиясы.
4. Тәрбие-елдің мәдени ерекшелігін, оның аймақтық өзгешелігін, шаруашылық құрылыс, үдемелі өзгеріс және экологиялар, ұлттық дәстүрлерді сақтау қызметі.
5. Сауаттылық-қоғамның барлық табында кәсібилікті қамтамасыз ету қызметі.

Осы қызметтерді басқарып ұйымдастыруды мақсат етіп, ұлттық білім үрдісін қалыптастыру негіздерін қалауға тиіспіз. Бір қуаныштысы сол, ұлтымыздың білім алуы жолында жан - жақты жағдайлар қарастырылып жатыр. Оған дәлел мектептерді заман талабына сай техникалық құралдармен қамтамасыз ету жағдайы, сыныптарды компьютерлендіру, интернет жүйесіне ену, т. б. Үкімет тарапынан қарастырылған. Олай деуге және бір негіз: білім жүйесі және оқулықтар қоры қазақ этнопедагогикасының негізі халықтық педагогикамен байланыстырыла құрылған..

Мектепте оқыту үрдісінің негізгі мақсаттары – баланың білім игеру кезінде ойлау қабілетін қалыптастыру, сол арқылы таным әрекетін белсендіріп, шығармашылық қабілеттерін ұлттық тәрбие беру арқылы дамыту болып табылады. Шығармашылық қабілетті тәрбиелеудің алғы шарттарына мына нәрселерді жатқызуға болады.

1. Шығармашылық қабілет деңгейін анықтау.
2. Қызығушылық және шығармашылық пен таным белсенділігін арттыру.
3. Шығармашылық қабілетті тәрбиелеу барысында кездесетін қиындықтар мен қарама - қайшылықтарды есепке алып зерттеу.
4. Оқушының шығармашылық қабілеттерін тәрбиелеуді кезең бойынша сатылап дамыту.
5. Мұғалім алдына қойған мақсатқа қол жеткізу үшін жасалатын жұмыстардың нәтижелілігі.

Осы мәселелер өз шешімін тапса, жан - жақты дамыған, ұлтжанды, шығармашыл жеке тұлғаны тәрбиелеу ісі өз мақсатына жетеді. Бастауыш сынып оқушыларының жаңа, өзі білмейтін іске деген қызығушылығы басым болады. Ондай істер баланың ақыл - ойын, ішкі күштерін жұмылдырады және ерекше қуат береді.

Бастауыш мектеп жасындағы балалардың қоғамдық құбылыстарды, қоғамдағы ересек адамдардың іс - әрекетін өз түсінігінше әрекеті арқылы бейнелеуі ойын болып саналады. Ойынның шығу тарихына шолу жасауда көңіл аударатынымыз ол еңбекпен, өнермен, қоршаған ортамен тығыз байланыста дамыған, яғни ойынды өмірден ажыратып қарай алмаймыз балалар тек ойнап қана қоймайды, сонымен бірге ойлайды аңғарады, көп нәрсені білуге, зерттеуге талпынады. Олар бірдеңе жасап қана қоймайды, сондай - ақ заман ағымына да белсене қатысады.

Ойын–баланың, бүкіл балалар коллективінің дамуында басты роль атқарады. Балаларға ұлттық ойындар арқылы халқымыздың тарихын, мәдениетін таныстыру қолға алынған. Ұлттық ойындардың тәрбиелік мәні зор.

Аса көрнекті үздік педагог Н. К. Крупская қимылды ойын жөнінде былай деп толғанады: «Ойын – өсіп келе жатқан бал организмнің қажеті. Ойында баланың дене күші артады, қолы қатайып, денесі шыңдала түседі, көзі қырағыланады, зеректілігі, тапқырлығы, ынтасы артып жетіле түседі. Ойында балалардың ұйымдастырушылық дағдылары қалыптасып шыңдалады». Ұлттық ойындарымыз балаларға тәрбиелік мәнімен, дене бітімінің әсем де сымбатты болып бітуге пайдасы зор. Бір - ақ мысал келтіріп кетейін: «Қуыр-қуыр, қуырмаш» ойыны балалардың саусақ моторикасын дамытуға, тіл байлығын жетілдіруге, көңілін көтеруге қолдануға болады. Балаларды қазақ халқының ұлттық ойындарымен, ойната отырып жан - жақты тәрбиелейміз.

Қорыта айтқанда, бүгінгі күнде оқушыларды әдепті де саналы етіп тәрбиелеу үшін ең алдымен тәрбие ережелеріне сүйене отырып, ұлттық дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды, дінімізді, ата-бабаларымыздан қалған насихат-мұраларды оқушылардың санасына сіңіре білуіміз қажет. Тәрбиенің көзі ата-бабамыздан қалған мұралар мен дана сөздер десек, біз соларды насихаттайтын жүргізушіміз. Бүкіл қоғам болып қолға алып, мәдениетті, тәрбиелі болып жүруді әрқайсысымыз өзімізден бастасақ, жас ұрпақтың тәрбиесі де өз жемісін берері анық.

**«Ұлттық құндылықтар негізінде білім беру әдіснамасын жаңарту»
тақырыбындағы республикалық ғылыми-тәжірибелік on-line конференция
ҰСЫНЫСТАРЫ**

- 1.Қазіргі әлем мәдениетінің ХХІ ғ. ұсынған құндылықтары: адам құқықтары, демократия, азаматтық қоғам, толеранттық, орнықты дамуды жүзеге асыру;
- 2.Қазақ халқының мыңжылдық көшіне қосатын мәдени құндылықтар жетістерін, ұлттық-мәдени құндылықтарды оқу-тәрбие жұмысына енгізу;
- 3.Ұлттық құндылықтарымызды сақтау арқылы еліміздің білім беру саясатының ұлттық-рухани дамуына, білім жүйесінің жетілуіне, қоғамда өзіне лайық орын алатын білімді болашақ тәрбиелеуге, озық қоғам құруға қол жеткізу;
- 4.Оқу процесінің тәрбиелік мәнін арттыру арқылы ғаламдану процесінде ұлттық құндылықтардың сақталуын заманауи жетілдіру;
- 5.Біліктілікті арттыруда тұлға қалыптастыруда ұлттық құндылықтар негізінде білім мен тәрбие берудің педагогикалық-психологиялық аспектілерін үнемі назарда ұстау;
- 6.Бүгінгі ББ жүйесінің Қазақстанда интеллектуалды ұлт қалыптастырудағы ролін негіздей отырып, ұлттық және әлемдік білім нәрімен сусындаған ғылыми-техникалық прогресс көшіне ілесе алатын тұлғаны қалыптастыру;
- 7.Оқу-тәрбие үрдісінде балабақша–мектеп–институт кезеңдерінде азаматтарға ұлттық құндылықтарды қалыптастыру мәселесін үздіксіз жүргізу;
- 8.Ұлттық құндылықтарды насихаттау арқылы салауатты өмір салтының нығаюына ықпал ету;
- 9.Мемлекеттік және өзге де тілдерді меңгеру арқылы оқушылардың ұлттық мәдениетті меңгеруіне, Қазақстанды мекендейтін халықтардың дәстүрлері мен мәдениетін зерделеуге жағдай жасау;
- 10.Оқушылардың бойында азаматтық, қазақстандық патриотизм сезімдерін ояту, мемлекеттік рәміздер мен ұлттық дәстүрлерді құрметтеуге тәрбиелеу;
- 11.Өз халқының мәдениеті мен дәстүрлерін мақтаныш тұтатын Қазақстан азаматын тәрбиелеуде мұғалімнің жаңа көзқарасын қалыптастыру;
- 12.Гумандық (адамгершілік), ұлттық және жалпыадамзаттық құндылық принциптерінің идеяларын іске асыру.

РЕКОМЕНДАЦИИ

республиканской научно-практической on-line конференции

«Актуализация методики обучения на основе национальных ценностей»

1. Ценности современной мировой культуры для XXI века: права человека, демократия, гражданское общество, толерантность, устойчивое развитие;
2. Внедрение достижений культурных ценностей, национальных и культурных ценностей казахского народа в воспитательную работу;
3. Достижение национального и духовного развития образовательной политики страны, совершенствование системы образования, будущее образование в сфере образования, построение прогрессивного общества через сохранение наших национальных ценностей;
4. Современное совершенствование сохранения национальных ценностей в процессе глобализации за счет повышения образовательной ценности образовательного процесса;
5. Регулярное внимание педагогическим и психологическим аспектам обучения и воспитания на основе национальных ценностей в формировании личности в процессе профессионального развития;
6. Формирование личности, способной идти в ногу с научно-техническим прогрессом, подпитываемого национальным и мировым образованием, обоснование роли современной системы образования в формировании интеллектуальной нации в Казахстане;
7. Непрерывная работа по формированию национальных ценностей у граждан в образовательном процессе на этапе детский сад-школа-институт;
8. Пропаганда здорового образа жизни через продвижение национальных ценностей;
9. Создание студентами условий для овладения национальной культурой, изучения традиций и культуры народов, проживающих в Казахстане, через овладение государственным и другими языками;
10. Пробуждение у учащихся гражданственности, казахстанского патриотизма, воспитание уважения к государственной символике и национальным традициям;
11. Формирование нового подхода педагога в воспитании гражданина Казахстана, гордящегося культурой и традициями своего народа;
12. Реализация идей принципов гуманитарных (нравственных), национальных и общечеловеческих ценностей.

Мазмұны

Ғалымжанова М.А.Алғысөз

3

Абдрахманова Г.Д. Отбасы тәрбиесі – ұлттық құндылықтар бастауы	5
Авельева Г. О. Воспитание ценностей на уроках русского языка и литературы	8
Ажигалиева Ж.Ж. Ұрпақ тәрбиесі-келешек қоғам тәрбиесі	10
Аманова Г. С. Оқушының жетістікке жету жолындағы мұғалімнің шығармашылық жұмысы	17
Аймбетов А. К. Функциональная грамотность как основа развития гармоничной личности	21
Айдынғали А.Қ. Мектепалды даярлық топ тәрбиеленушілерін ұлттық құндылықтар негізінде оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық-психологиялық аспектілері	23
Алдиярова А.Ә. Мектепке дейінгі ұйымда оқыту мен тәрбиелеудің әдістемелік негіздері	27
Алыпкашева А.Б. Жаңартылған білім болашақ кепілі	31
Амренова А.Т. Жаңарған білім беру аясында ұлттық құндылықтарды оқушы бойына дарыту	36
Аталыкова Р.М. Ұлттық ұрпақ тәрбиесі-ортақ іс !	38
Асанова М. Жауырыншылық – көшпенділер өнері	42
Аубекерова А.О. Бала бойына ұлттық құндылықтарды қалыптастыру	44
Ауелгазина Т.К. Ұлттық құндылықтар – заманауи білім негізі	48
Ахмадинова А.С. Ұлттық құндылықтар негізінде білім беру әдіснамасын жаңарту	54
Ахметов А.К., Ахметова Г.А. Проблемы экономического воспитания в педагогической науке. Системно-категориальный анализ	59
Аязбаева Ж. З. Физика сабақтарындағы қалыптастырушы бағалау мен кері байланыстың тұлғалық дамуға ықпалы	65
Әкімжанова Қ.Қ. Ұлттық мұраны ардақтайтын тұлға тәрбиелейміз	68
Әшім Н.Х. Рухани-адамгершілік құндылықтарының сапасын арттыру жолдары	71
Байдосова Г. М. Бақтығалиева М.Қ. Бала тілін дамытуда, ой-өрісін кеңейтуде халық-ауыз әдебиетінің маңыздылығы	76
Байтенова Г.А. Жалпыадамзаттық құндылықтардың бір бөлігі - ұлттық құндылықтар	81
Базарғалиева Ғ.Е. Ұлттық құндылықтар негізінде бастауыш класс оқушыларының шығармашылығын дамыту	85
Базарбаева Ж. Б., Базарбаева Ж. С. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында ұлттық құндылыққа баулу	88
Балапанова Ж.Т.,Сарсекенова А.Б. Ұлттық сана мен құндылықтарды дамыту мүмкіндіктері	91
Балгазиева Д.К. Географиялық компонент арқылы ұлттық құндылыққа баулу тәжірибемнен	96
Бахтыгереева Т.М. Ұлттық құндылықтар- ұлы дала мектебі мен заманауи білімнің алтын көпірі	100
Бекмуратова Л. А. Духовно-нравственное воспитание личности на уроках литературы	106
Бектемисова Н.Ж. Мектепке дейінгі жаста ұлттық құндылықтарымыз арқылы тәрбие берудің маңыздылығы	110
Бектұрғанқызы А. Ұлттық құндылықтар— тәрбие негізі	112
Берёзкина В.С., Чикова И.В. Воспитание культуры поведения у детей старшего дошкольного возраста: к проблематике вопроса	116
Бисенбина Д. М. Тарих пәні бойынша сабақтың құндылық бағдарын арттыру	120
Бралина Ф.И. Рухани-адамгершілік тәрбиенің өзектілігі	124
Валиева М. «Мәңгілік ел» құндылықтары аясында жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудің рөлі	128

Габбасова Б.Б.,Өтегүл Г.К. Қарым-қатынас – қоғамның өзегі	132
Габдуллина Ә.Қ. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі ұлттық құндылықтарды оқу үдерісінде ұйымдастырудың заманауи тәсілдері	136
Габдулліева Ш.А. Ұлттық құндылық – тәрбиенің негізі	141
Габдолліева А. А. Мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық сана –сезімге тәрбие берудің маңызы	144
Данченко Т. В. Применение компетентностного подхода в формировании национальных ценностей на уроках русского языка	148
Джаркинбаева Г.А. Тұлға қалыптастыруда ұлттық құндылықтар негізінде білім мен тәрбие беру	152
Джаксыбаева К.С. Дене тәрбиесі сабақтарында оқушы бойына ұлттық құндылықтарды дарыту	157
Досбенбетова А.Ш. ,Алдабергенов Н.А., Избасханов А.И. Волонтерское движение как фактор социализации молодежи	160
Дембергенова Ш.Б. Бала бойына рухани – адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру	166
Еримбетова Г.Н. Жаңартылған білім мазмұны арқылы мектеп оқушыларының білім алу құндылықтарын дамыту жолдары	169
Ермуханова А. Ж. Оқушы бойында ұлттық құндылықтарды қалыптасуда мектеп пен ата-ананың ролі	172
Еримова А.Қ. Ұлттық құндылықтар негізінде бәсекеге қабілетті тұлғаны дамыту	175
Есенбаева А. К. Бастауыш сынып оқушыларына рухани-адамгершілік тәрбие берудің мәні	178
Есбусинова Р. Е. Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында ұлттық мұра негізінде ұрпақ тәрбиелеу	181
Жанысбек Л.Қ.,Ибрагим И.Ә.І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясын оқыту арқылы мектеп оқушыларының бойына ұлттық құндылықтарымызды қалыптастырудың қайнар көзі	184
Жолдыбаева Ж.Ж. Қазақ тілі сабақтарында ұлттық құндылықтарды игеру арқылы жеке тұлғаны дамыту	191
Жолшибаева Ж.С. Жаңартылған мазмұн жағдайында мектепке дейінгі ұйымды басқару	194
Жиенбаева А.В. Формирование национальных ценностей средствами художественного труда	197
Жұмағалиева Г.Қ. Ұлттық құндылықтар - рухани - адамгершіліктің негізі	201
Ибраева А.У. Әдебиет сабағында отбасылық құндылықтарды қалыптастырудың тиімді жолдары	208
Иманғазиева Б.А. Применение новых технологий в развитии национальных ценностей в дошкольном воспитании	212
Исаева Ж.Н. Мектепке дейінгі ұйымда ұлттық құндылықтарды насихаттаудың мәні	217
Искакова А.К. Ұлттық құндылықтар құзыреттілігі аясында оқыту әдістері	221
Искендиров А.Н. Национальное достояние народа как средство воспитания учащихся на уроках физической культуры	224
Искендирова Ж. М. Бастауыш сынып оқушыларының отансүйгіштік сезімдерін педагогикалық тұрғыдан қалыптастыру	227
Исабекова К.М. Білім мазмұнын жаңарту аясында рухани құндылықтытарды оқушы бойына дарыту жолдары	230
Кабиева А.К. Балабақшада психологиялық қызметті ұйымдастыру	234
Кайрліева А. Т.М. Әуезовтің «Абай жолы» роман -эпопеясындағы ұлттық	238

құндылықтар	
Касанова А.Г. Воспитание молодежи в условиях модернизации образовательного пространства	242
Кагазғалиева Г. О. Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында ауылдық мектептерде ұлттық құндылықтар арқылы оқушыларды дамыту жолдары	247
Каменова А.Т. Ұлттық құндылық негізіндегі географиялық деректер базасы	249
Картбаева Р.К. Жаңа формация мұғалімі	253
Карымбаева С. М. Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ білім беру жүйесінің мамандарын даярлауда ескерілетін мәселелер жайында	257
Кереева А.Т. Ұлттық құндылықтар негізінде білім беру жүйесінің жаңашылдығы	262
Киюазова А.Ж. Шетел тілін оқытуда ұлттық құндылықтарды дәріптеу	267
Клауова Г.Қ. Ұлттық құндылықтар - тәрбиенің түп қазығы	271
Колбасина Л.В. Педагогические условия формирования базовых национальных ценностей в рамках обговления содержания образования	274
Конкаева Г.Б. Математика сабағында ұлттық құндылықтарды дәріптеу	279
Конкаева О.Б. Ұлттық құндылықтар - ұрпақ тәрбиесінің бастауы	283
Конысова Е.П. Құндылыққа баулу: сабақ мазмұны мен орындалатын әрекет арқылы қарым-қатынасты дамыту	286
Қаленова Г.С. Рухани-адамгершілік құндылықтардың тәрбиелік ерекшеліктері	290
Қаленова Г.С. Жас ұрпақты отбасылық құндылықтарға тәрбиелеу	293
Қалниязова Ж. Б. Ұлы даланың жеті қыры мақаласының батырлық жырлармен байланысы және ұлттық құндылықтарға тәрбиелеудегі рөлі	294
Қалымбет М.И. Кержикова Г.М. Бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылықтарын оқу үдерісінде қалыптастыру	299
Қоштанбекова А.У. Биология сабақтарында ұлттық құндылықтар арқылы оқушыларды дамыту	302
Крымбаева Л. К. Жаксығалиева А. Ж. Мектеп жасына дейінгі балаларды рухани адамгершілік бағытқа тәрбиелеу	305
Құрмашева Н. С. Тарихи сана мен білім – мазмұны жаңартылған бағдарламаның маңызды бөлігі	312
Қуанбаева А.А. Ұлттық құндылығымыз – оқыту мен тәрбиелеудегі тұғырлы негіз	315
Кушкинбаева З.Т. ТРИЗ технологиясын қолдану арқылы ертегі терапиясы мен ұлттық ойындар баланың қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру	318
Мажеденова Г.М. Жаңартылған білім беру мазмұны аясында оқушы бойына ұлттық құндылықты дарыту	323
Мансариева А. Т. Мектеп оқушыларының толеранттылық пен патриоттық сезімін тәрбиелеу	329
Мәдениет А. Оқушылардың бойына ұлттық құндылықтарды дарыту	332
Мәдір Г.С. Ұлттық тәрбие мен педагогиканың білім берудегі маңызы	336
Муканова М.Ж. Формирование национальных ценностей учащихся на уроках математики	339
Муканова А.Ж. Ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың педагогикалық мүмкіндіктері	343
Мукашева Ж.Т. Ценностно-ориентированный подход как один из приоритетов современного образования	346
Мынгышбаева А.А. Балалардың музыкалық-шығармашылық қабілетін дамытудың инновациялық әдістері	350
Натифуллина Б. Т. Жас ұрпақтың бойына рухани- адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру	355
Нурмаганбетова К.С. Қазақ әдебиеті: Ұлттық құндылықтарды дәріптеу арқылы	361

ұлттық сананы қалыптастыру	
Нугмарова А. К. ..Мемлекеттік тілді оқытуда ұлттық құндылықтардың өзектілігі	365
Нығыметова А. С. Ойын арқылы баланың тілін дамыту	374
Омарова Г.Т. Жаңартылған білімге – жаңа көзқарас	378
Өмірзақ А.Н. Тарих сабағында ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда ақпараттық технологияның маңызы	382
Поляева Д.Т. Өскелең ұрпақты ұлттық құндылықтар негізінде оқыту мен тәрбиелеу	384
Раева Ж. Қ. Ұлттық құндылықтар арқылы білімді жетілдірудегі жаңа бағыттар	387
Садырова Ш. Ф. «Мектеп жасына дейінгі балалардың іс-әрекетіндегі қарым-қатынасты қалыптастыру» бағдарламасы негізінде педагогикалық үдерістің тәрбиелік маңыздылығы	390
Салибекова А. О. Мектептегі өлкетану мұражайларының тәрбиелік бағыттары	395
Сарсекенова А. Б., Стамгазиева Ф. У. Оқытудағы құндылықтарға бағытталған ұстаным – ол оқу әрекетін белгілі бір құндылықтар тұрғысынан ұйымдастыру және жүзеге асыру	399
Санкибаева С. А. Воспитание ценностно-ориентированной личности на уроках математики	402
Сапанова Г.С. Өскелең ұрпақты ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу	406
Сарбасова А. О. Ұлттық құндылықтар - азаматтық сананы қалыптастыру негізі	409
Саттықова А. А. Баланың құндылық бағдарын дамыту – оқу іс-әрекетінің маңызды компоненті	412
Сахбалиева А. Ұлттық құндылықтар негізінде білім беру әдіснамасын жаңарту	415
Сейілханқызы А. Дене тәрбиесі сабақтарында қолданылатын құндылыққа бағдарланған технологиялар	419
Суйналина А. А. Жас ұрпаққа ұлттық құндылықтар негізінде тәлім-тәрбие беру	422
Танашева М.А. Мектеп жасына дейінгі балаларға мемлекеттік тілді үйретуде Эйдетика әдісінің элементтерін қолдану	428
Таучанова А.Б. Ұлттық құндылықтар – рухани-адамгершілік негізі	432
Тлеулиева Г. Ш. Воспитание ценностей в начальной школе	435
Торбекова Э.А. Тәлімді сөз – тәрбие құралы	438
Түлегенова Ш. И. Халық ауыз әдебиеті- мектеп жасына дейінгі балаларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің негіздері	442
Умарова Г.Б. Воспитание и образование учащихся через национальные ценности на основе творчества Абая	449
Уркимбаева Г. Е. Ұлттық құндылықтармен жалпы адамзаттық құндылықтар-рухани дамудың қайнар көзі	452
Утекова Г.Н. Жеке тұлғаның рухани-адамгершілігін дамытуда заманауи технологиялар мен әдістерді оқу-тәрбие үрдісінде қолданудың тиімділігі	457
Үкібаева Ә.Т. Білім мазмұнының жаңаруы жағдайында құндылыққа бағдарланған оқыту	462
Хайруллин А.С. Жас ұрпақты ұлттық құндылықтарға баулу арқылы білім берудің маңызы	465
Хайруллина А. Б. Педагогтің кәсіби құзыреттілігі негізінде оқушыларды дамыту ерекшеліктері	468
Халикова Ж.З. Формирование общечеловеческих и национальных ценностей на уроках литературы	472
Чикова И.В. К проблеме интерактивности и специфики ее реализации с точки зрения социального конструктивизма	475
Шадиярова А.С. Ұлттық мәдениетімізді бала тәрбиесіне эстетикалық тәрбие	480

арқылы дамыту	
Шалабаев М.Ю. Дене тәрбиесі сабақтарында азаматтық сана-сезімді қалыптастыру	485
Шекеева Р. Ә. Мектепке дейінгі ұйымда оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық-психологиялық аспектілері	488
Шокаманова Ж.Б. Балаларды қазақ ұлттық халық музыкасы арқылы рухани тәрбиелеу	492
Ізденова П.Ж. Бастауыш сынып оқушыларының бойына ұлттық қасиеттерді қалыптастыру	497
Конференция ұсыныстары	503

